ӘДЕБИЕТТАНУШЫ

Анықтамалық

1-кітап

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ

АНЫҚТАМАЛЫҚ

1-КІТАП

Алматы
2026

ӘОЖ821.512.122.0
КБЖ83.3(5Каз.)
М35

ҚР ҒЖБМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі басуға ұсынған
Хаттама №6, 17 маусым 2026 ж.

Редакциялық алқа:
Матыжанов К.І., Дәдебаев Ж., Қалиева А., Мәдібаева Қ.Қ., Пірәлі Г.Ж.

Мәдібаева Қ., Төлеу А.
Әдебиеттанушы. Анықтамалық, 1-кітап / Құраст. Мәдібаева Қ, Төлеу А. – Алматы: «ЛАНТАР BOOKS», 2026. – 613 бет.

ISBN 978-601-361-916-3

Анықтамалық отандық әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеу бағыттары бойынша түзілген. Өмірбаян; негізгі еңбектер; тұжырым-тоқтамдар сынды қатысты деректер мазмұндау еркіндігінде беріледі.

Анықтамалық әдебиеттанушы мамандарға, жоғары мектеп білімгерлеріне арналады.

ӘОЖ821.512.122.0
КБЖ83.3(5Каз.)

ISBN 978-601-361-916-3

© Мәдібаева Қ., Төлеу А., 2026
© «ЛАНТАР BOOKS», 2026

АҢДАТПА

Анықтамалық әдеби мұраны игерудің қалыптасқан тәжірибесі; осызаманғы өзектілігі; отандық әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеу бағыттары бойынша танымдық-ақпараттық мақсатта дайындалды.

Анықтамалықта тұлғатану; дерекнама нақтылығы сұраныстарында бірқатар толымды мазмұн түзу көзделді.

Анықтамалықты әзірлеуде жеке тұлғалардың өмірбаян деректері; еңбектер көрсеткіші; ғылыми мәселе ауқымындағы тұжырым-тоқтамдары пайдаланылды.

Анықтамалықты құрастыруға республика жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекеме, республикалық Абай музейіндегі білікті әдебиеттанушы мамандар, докторанттар, филология ғылымдарының кандидаттары Ж. Рақыш, Н. Қамарова, Е. Солтанаева, Б. Бегманова, Р. Елекенова, А. Асқарова, Т. Сұлтаниязова, Э. Сейсенбиева, Т. Омаров, А. Төлеуова, А. Төлебаева, А. Төлеу қатысты.

Анықтамалық қазіргі әдебиеттану салаларын зерттеудегі, білім беру үдерісіндегі теориялық, тәжірибелік, танымдық-ақпараттық сұраныстарда әзірленді.

Анықтамалық әліпбилік ретпен түзілді.

Ескертпе: 1. Анықтамалықта отандық әдебиеттанушы ғылымдарды тұтас қамту шешім таппауында жекетұлғалық себеп жоқ.

2. Материалдар әдебиеттанушы ғалымдар дайындаған жеке файлдар бойынша берілді.

Тұрсынай Рыстайқызы АБДЫҚАДЫРОВА,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Тұрсынай Рыстайқызы Әбдіқадырова 1959 жылғы 1 ақпанда Жамбыл облысы, Жамбыл қаласында дүниеге келген. Ұлты – қазақ, білімі жоғары. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша үздік тәмамдаған.

Еңбек жолын 1979 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған. 1981-1990 жылдары Жамбыл облысы, Тараз қаласында қазақ тілі пәнінің мұғалімі қызметін атқарды. 1990-1998 жылдары Қаратау тау-кен құрылыс техникумында оқытушы болды.

1998 жылдан бастап жоғары оқу орындарында қызмет атқарып келеді. Айталық, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде оқытушы, аға оқытушы, «Практикалық қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі» кафедраларының меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2004-2005 жылдары Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында филология факультетінің деканы, 2005-2007 жылдары Алматы гуманитарлық-техникалық университетінің деканы қызметтерін абыроймен атқарды.

2007-2010 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Қазақ әдебиеті» кафедрасының доценті, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2010-2013 жылдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасының доценті болып қызмет атқарды.

2013-2020 жылдары Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, 2020-2024 жылдары М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде аталған кафедраның меңгерушісі қызметтерін атқарып жүрді. 2024 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі қызметін жалғастыруда.

2002 жылы «Ж. Аймауытұлының педагогикалық-психологиялық мұраларын оқытуда тұлға қалыптастыру» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаса, ал 2010 жылы «Алаш мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады.

Ғалымның ғылыми-зерттеу бағыттары «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Алаштану», «Мәңгілік Ел – ұлттық идея», «Алаш ұранды әдебиет», Әдебиетті жоғары мектепте оқыту, Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселелерімен тығыз байланысты. Осы бағыттар бойынша көптеген ғылыми мақалалар, оқу құралдары, электронды оқулықтар мен монографиялар жарық көрген.

Т.Р. Әбдікадырова мақалалары SCOPUS, Web of Science, РИНЦ және ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған. Оның ішінде «Formation of the Future Teacher's Readiness to Professional Activity in the Dual-Oriented Education Conditions», «Problems of Humanism in M.Auezov's Stories», «Pedagogical foundations of teaching ethnocultural units in the education system», «Lecturer' and students' perspectives on digital technology use in organizing and writing projects», «Exploring new approaches to the development of career adaptability for future pedagogues and psychologists: testing a methodology based on group consultations» атты халықаралық деңгейдегі ғылыми мақалалары жоғары бағаланған.

Т.Р. Әбдікадырова қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, өңірдің ғылым, білім және қоғамдық өмірінің дамуына өзіндік үлес қосып келеді. 2014 жылдан іскер әйелдер қауымдастығының «Ғылым және білім» секциясының мүшесі. Сонымен қатар М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Ғылыми кеңесінің және факультеттің Ғылыми кеңесінің мүшесі. 2024 жылдан дейін облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде қоғамдық-әлеуметтік және тәрбиелік бағыттағы жұмыстарға белсенді атсалысып келеді.

Профессордың білім беру мен ғылым саласына қосқан үлесі мемлекет тарапынан жоғары бағаланған. 2012 жылы «Ыбырай Алтынсарин атындағы сыйлықтың лауреаты» атанса, 2017 жылы «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Ұлт-азаттық көтерілісіне 100 жыл» мерекелік медальдарының иегері. 2018 жылы «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» белгісімен, 2019 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хаттарымен марапатталып, «ЖОО үздік оқытушысы» атағын иеленді. 2022 жылы «Жаңа Қазақстанның 100 жаңа есімі» байқауының жеңімпазы атанды. 2025 жылы Ана тіліне сіңірген еңбегі төс белгісінің иегері.

Т.Р. Әбдікадырова университеттің дамуына, мамандықтың өсіп-өркендеуіне, жас ұрпаққа ұлттық, тағылымдық тәлім-тәрбие беріп жүрген және өзіндік үлесін қосып жүрген тұлға.

Т.Р. Әбдікадырова бірнеше соавторлық куәліктер мен патенттердің иегері. «Алаш және ұлт қайраткерлері» ғылыми туындысына Қазақстан

Республикасы Әділет министрлігінің №591 авторлық куәлігі берілген (05.04.2017). Сонымен қатар «Ұлы Даланың жеті қыры: рухани құндылықтарды әдебиет сабағында оқытудың өзекті мәселелері» еңбегі авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіліміне енгізіліп, №14594 куәлігімен тіркелген (21.01.2021). «Әдебиет пен жаратылыстану ғылымдарының (математика, физика) концептуалдық интеграциясының рухани құндылықтар ретінде интерпретациялануы» атты ғылыми туындысы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің №71222 авторлық куәлігімен тіркелген (29.04.2026). Сонымен қатар «Марат Қабанбаевтың «Бауыр» әңгімесінің тақырыптық-идеялық ерекшелігі» атты ғылыми еңбегі №71225 авторлық куәлігімен тіркеліп, авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген (29.04.2026).

Т.Р. Әбдікадырованың 100-ден аса ғылымми мақалары, бес монография, бірнеше оқу құралдары, оқу-әдістемелік еңбектері бар: «Алаш және ұлт қайраткерлері» Монография (Тараз, 2014.-341б); «Мәңгілік Ел» идеясы мен Алаш қайраткерлері мұраларының концептуалдық жүйесі. Монография. (Тараз, 2017. – 214 б), «Алаш және ұлттық тұлға» Монография (Тараз 2018.-144б); «Алаш және мәңгілік ел идеясы» Монография (Тараз, 2022.-124б), MANGILIK YEL AND NATIONAL IDEA (Monograph Taraz, 2019г).

«Алаш және ұлт әдебиеті» Оқу құралы. (Тараз. 2014.-309б), «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Оқу құралы. (Тараз, 2014. – 260). «Мәңгілік ел ұлттық идеясының ғылыми-теориялық негіздері» Оқу құралы. (Тараз. 2016.-224б), «Рухани жаңғыру: Мәңгілік ел идеясы құндылықтары» Оқу құралы. (Тараз. 2019.-177б), «Қазақ әдебиетін жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту» Оқу құралы (Тараз. 2021.-254б), «Аударматану (теориясы мен практикасы)» Оқу құралы (Тараз. 2022.-169б), XX ғасыр басындағы әдебиет Электронды контент 10.01.2017, Мәңгілік Ел-ұлттық идея Электронды контент 15.01.2016.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Бәсекелестікке төтеп беру бағытында елдер мен елдер арасында ғана емес, тілдер мен тілдер арасында да бәсекелестік байқалады. Бұл бүкіләлемдік үдеріске айналып отыр. Сол себепті қазақ тілінің де, әдебиетінің де осы бәсекелестікке төтеп беруі үшін аударматану мәселесінің мүмкіндігін, өміршеңдігін дәлелдеп отыруымыз керек. Бұл мәселеде көркем аударманың атқарар рөлі жоғары болмақ.

Аударманың халықтар арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіруде, мәдени байланыстарды дамытуда рөлі зор. Ол мәдени құндылықтардың көркеюіне, толығуына да елеулі әсер етеді. Аударманың атқарар

қызметі де маңызды: бір жағынан, ол өзге елдерге ұлттық мәдениетке тән төлтума ерекшеліктерді танытса, екінші жағынан, шет жұрттың тәжірибесінен тағылым алып, олардың мәдениетімен танысу арқылы өз мәдениетін байытуға мүмкіндік береді. Яғни кез келген дамыған елдің озық үлгілерін игеру мен үйрену үдерісі аударма арқылы да жүзеге асып отырғаны анық.

Бұл оқу құралында аударма табиғатына қатысты көзқарастар, аударма өнерінің тарихы мен тағылымы, аударма өнерінің даму жолдары, аударма әлемі, аударма тарихы қарастырылады. Зерттелуі мен көзқарастар түсіндіріліп, аударма өнерінің арғы-бергі тарихы, аударма жайлы ойлар мен көзқарастар сараланып, талданады. Аударма теориясы мен тәжірибесінің үлгі-өрнектері, аударманың әлемдік сипаты, аударма тарихының тағылымдары, аударма өнерінің зерттелу жайы, аударма туралы зерттеулер мен көзқарастар, қазіргі аударма мәселесі сөз болады. Қазақ аудармасының тарихы, теориясы мен тәжірибелері, оның көне кезеңдерден бермен қарайғы қалыптасу кезеңдері, яғни Әл-Фарабиден Абайға дейінгі аралықтағы қазақ оқымыстыларының еңбектері жан-жақты сараланып, талданады. Әрбір тақырып бойынша назар аударып, қамтуға тиісті негізгі мәселелер көрсетіліп, студенттердің өз бетімен жұмыс жасауына арналған сұрақтар мен тапсырмалар және өздік жұмыстарының тақырыптары, пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі жүйеленіп берілді. Сондай-ақ, пән бойынша арнайы білімді бақылауға арналған тестік тапсырмалардың үлгілері ұсынылды.

Т.Р. Әбдіқадырова Аударматану негіздері (теориясы мен практикасы).

Оқу құралы. – Тараз, Dulaty university, 2022.-170 б.

Тәуелсіз еліміз тарихындағы төртінші жаңғыру «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен байланысты. Еліміздің ғасырлар бойы қалыптасқан, түрлі тарихи жағдайларға байланысты көмескілене бастаған рухани құндылықтары қайта түлеп, заман талабына сай жаңғыру жолына түсті. Бұл ұлттық сананың жаңғырып, рухани дүниетанымымыздың жаңа сатыға көтерілуіне мол мүмкіндіктер туғызды. Сондай-ақ Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты ауқымды бағдарламалық мақаласын жүзеге асыруға негіз қалады.

Еліміз тәуелсіздігін алып, азат ел атанғалы біршама уақыт өтті. Осы кезеңде әлемдік өркениетте Қазақ Елінің алар орны мен бағындырған белестері айқын көрініп, мәңгілік мұраттарға қол жеткізіп келе жатқандығы белгілі. Ғылым мен білімнің алтын ғасыры атанған XXI ғасыр көкжиегінде халқымыз сан мың жылдан бері аңсаған асыл армандарын жүзеге асырып, ұлт тарихы мен мәдениетіне, әдебиеті мен тіліне, жалпы ұлттық руханиятымызға қатысты түп-тамыры тереңде

жатқан жасампаз идеяларды жан-жақты саралап, мемлекеттік идеологиямызды қалыптастырды. Оның негізі – ежелден еркіндікті, бостандықты аңсап, азаттыққа құштар болған Қазақ Елінің жаңа әлемдегі ұлы мақсат-мұраттарға жету жолындағы бағыт-бағдарын айқындайтын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы.

Бұл оқу құралында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде тәуелсіз Қазақстанның төл тарихында түркілік дәуірден қалыптасып, бүгінде елімізді мекендеген барлық ұлт пен ұлыстарды ұйыстырып, Ұлы Дала перзенттерінің жасампаз жетекші идеясы болған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының қамтыған құндылықтары жан-жақты баяндалады. «Рухани жаңғыру» мен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мәні мен маңызы, мақсаты мен мүддесі төңірегінде орамды ойлар айтылып, ғылыми-теориялық негіздері сараланып, түйін-тұжырымдар жасалады.

Т.Р. Әбдіқадырова, Рухани жаңғыру: Мәңгілік Ел идеясы құндылықтары. Оқу құралы. – Тараз, 2019. – 177 б.

Қазақ шешендік өнерін зерттеуде С. Сейфуллин билер дәуірінде туындаған әдебиет ретінде қарап, өз тарапынан бағалағаны белгілі. Қазақ халқына тән сөз өнерінің дамуында қазақ әдебиетінің тарихындағы ақындардың атқарған қызметі қаншалықты маңызды болса, қазақ әдебиетінің тарихына Ұлы даланың шешен-билерінің де қосқан үлесі соншалықты қажет. Қазақ шешендік өнерін меңгерген шығармашылық тұлғалардың қазақ қоғамындағы орны мен атқарған қызметінің айрықша маңызы болғаны анық. Осы мәселеге орай қазақ шешендік сөздерінің айтылу мақсаты мен туу жағдайы және қоғамдық-әлеуметтік қызметі өзінше ерекше, өз табиғатына қарай әсерлі және мақсатқа жету әрекеті нәтижелі болып келеді. Билер дәуірінде сөз өнерін меңгерген жыраулар мен ақындардың қай түрінің де қоғамдық-әлеуметтік қызметі қоғам қажеттілігіне сай болғандығы дау тудырмайды. Ал енді би-шешендер әдебиеті негізінде қазақ әдебиетінің тарихына енетін шешендік өнерді меңгерген қазақ шешендерінің шығармашылығы мен қоғамдық қызметінің маңызы заман талабына сай айрықша болғандығы тарихтан белгілі. Шешендік өнер туындылары көбінде дәлел мен негізге бейімделген бұлтартпас, әділ билік шешім түрінде қалыптасады. Онда қазақ сөз өнерінің мінсіз өрілген кестесі мен саралы ой мен көркем сөздің жүйесі, шешеннің танымы мен ойлау ерекшелігі, сөзбен сурет салудағы поэтикасы, талант табиғаты барынша көрініс тапты. Қазақ шешендік өнері қазақ әдебиетіндегі сөз өнерінің атасы ретіндегі болмысы қалыптасып, авторлы әдебиет негізінде кемелдік тапты. Сондықтан да қазақ шешендерінің талант табиғатын ашатын шешендік сөздерінің көркемдік ерекшелігін, шығармашылық тұлға ретіндегі шешендік даралығын поэтика арнасында оқытудың

әлеуметтік маңызы үлкен деп білеміз. Оқытудың қажеттілігі заман талабына сай дамуда өзекті болып табылады.

Еңбектің негізгі нәтижелерін, тұжырымдарын, материалдарын ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде пайдалануға болады. Жұмыс отандық әдебиеттану саласында қазақ шешендік өнерінің тарихы мен теориясы және қазақ шешендік сөздерінің поэтикасына қатысты жинақталған ғылыми ойларды тереңдетеді.

Т.Р. Әбдіқадырова. Қазақ шешендік сөздерінің поэтикасы. Оқу құралы. – Тараз, Dulaty university, 2023.-164б.

«Өз тарихын, өз философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай да мәдениеттің дамуы мүмкін емес», – дейді көрнекті түркітанушы ғалым Л. Н. Гумилев. Шындығында, өз елінің тарихын, философиясын білу, ұлттық құндылықтарын зерттеу, солар арқылы ұлттық идеологияны қалыптастыру, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу, оны ұрпақ санасына сіңіру – елдің ертеңін ойлаған әрбір елдің, ердің басты мұраты. Еліміздің сан ғасырлық дәстүрін, ата-баба салтын, тілін, діліп, дінін, мәдениеті мен тарихын, әдебиеті мен өнерін өзінің бар болмысымен сақтай отырып, оларды әлемдік өркениет өрісіне қарай дамыта отырып, бүгінгі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу талабына сай жаңарта дамыту мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр.

Бұл оқу-әдістемелік құралда XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихы мен даму үрдісіндегі өзіндік ерекшеліктері, сол кезендегі түрлі әдеби бағыттағы ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылықтары, ұлттық әдебиетіміздің сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттері жан-жақты сараланып, талданды. Әрбір тақырып бойынша назар аударып қамтуға тиісті негізгі мәселелер көрсетіліп, студенттердің өз бетімен жұмыс жасауына арналған сұрақтар мен тапсырмалар және өздік жұмыстарының тақырыптары, пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі жүйеленіп берілді. Сондай-ақ, пән бойынша арнайы білімді бақылауға арналған тесттік тапсырмалардың үлгілері ұсынылды.

Әбдіқадырова Т.Р. Алаш және ұлт әдебиеті.
Оқу-әдістемелік құрал. Тараз, 2014.-309б.

Еліміз тәуелсіздігін алып, азат ел атанғалы біршама уақыт өтті. Осы кезеңде әлемдік өркениетте Қазақ Елінің алар орны мен бағындырған белестері айқын көрініп, мәңгілік мұраттарға қол жеткізіп келе жатқаны белгілі. Ғылым мен білімнің алтын ғасыры атанған XXI ғасыр көкжиегінде халқымыз сан мың жылдан бері аңсаған асыл армандарын еселеп жүзеге асырып, ұлт тарихы мен мәдениетіне, әдебиеті мен тіліне,

жалпы ұлттық руханиятымызға қатысты түп-тамыры тереңде жатқан жасампаз идеяларды түбегейлі сараптап, мемлекеттік идеологиямызды қалыптастырдық. Ол – ежелден еркіндікті, бостандықты аңсап, азаттыққа құштар болған Қазақ Елінің жаңа әлемдегі ұлы мақсат-мұраттарға жету жолында жарқын болашаққа бастайтын бағыты болған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы.

Бұл оқу құралында тәуелсіз Қазақстанның төл тарихында түркілік дәуірден қалыптасып, бүгінде елімізді мекендеген барлық ұлт пен ұлыстарды ұйыстырып, Ұлы Дала перзенттерінің жасампаз жетекші идеясы болған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының тарихи тамырының бастаулары туралы жан-жақты баяндалып, оның мәні мен маңызы, мақсаты мен мүддесі төңірегінде орамды ойлар айтылып, ғылыми-теориялық негіздері сараланып, түйін-тұжырымдар жасалады.

Т.Р. Әбдіқадырова. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының ғылыми-теориялық негіздері. Оқу құралы. – Тараз, 2016.– 196 б.

Алмагуль Бектасовна АБДУЛИНА,
доктор филологических наук, профессор



Алмагуль Бектасовна АБДУЛИНА, доктор филологических наук, профессор

Казахского национального университета имени аль-Фараби, кафедра русской филологии и мировой литературы, академик Петровской Академии наук и искусств (Спб, Россия)

Родилась 9 августа 1950 года в г. Алма-Ате.

В 1967 году окончила среднюю школу в г. Алма-Ате, поступила на филологический факультет Казахского государственного университета им. Кирова, который окончила в 1973 году, получив квалификацию «Филолог, преподаватель русского языка и литературы».

С 1974 по 1979 гг. прошла стажировку и аспирантуру при кафедре русской и зарубежной литературы КазГУ и русского фольклора МГУ им. М. Ломоносова,

С 1980-1990 гг. там же окончила ФПК, стажировку и докторантуру.

В 1985 г. защитила кандидатскую диссертацию по фольклористике (10.01.09), в 1998г. – докторскую диссертацию по специальности 10.01.09-фольклористика на тему «Исторические судьбы народной лирики в региональном аспекте».

С 1980 г. по 1999 г. работала в Казахском государственном университете им. Кирова ассистентом, старшим преподавателем, доцентом, в 1999 г. прошла по конкурсу на должность профессора Казахского национального университета имени аль-Фараби, где работаю по настоящее время профессором кафедры русской филологии и мировой литературы.

В 2002 г. присвоено ученое звание профессора (10.01.00-литературоведение).

С 1990 года по 2000 гг. – организатор и ведущий научный сотрудник первой в СНГ фольклорной научно-исследовательской лаборатории, созданной по инициативе академика Багизбаевой М.М.

В 2004 г. избрана действительным членом Петровской Академии наук и искусств (Россия, Санкт-Петербург).

Читаю ведущие лекционные и специальные курсы по фольклору, истории русской, казахской и мировой литературы, методике преподавания русской литературы и дисциплин специализации в бакалавриате, магистратуре и докторантуре, руководитель дипломных работ и магистерских диссертаций, провожу организационно-методическую работу по линии НИРС.

Подготовлены типовые и основные учебные программы по базовым и элективным дисциплинам магистратуры и докторантуры, учебной и производственной практике, тесты ВОУД. Высоко оценены открытые лекции по проблемам мировой литературы и фольклористики, имею научные труды (более 200) и доклады на международных и республиканских конференциях, которые были опубликованы в Казахстане, России, Испании, Великобритании, Чехии, Словакии, Болгарии, Польше.

Входила в авторские группы разработчиков Госстандартов, квалификационных характеристик, типовых и учебных планов по специальностям бакалавриата, магистратуры и докторантуры: «Литературоведение», «Филология», «Казахский язык и литература», «Русский язык и литература», «Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения», экспериментальной программы для Института литературы и искусства им. Ауэзова.

Принимала участие в работе экспертной комиссии МОН РК по разработке и мониторингу тестовых заданий дисциплин базового компонента, в процедурах аттестации и международной аккредитации бакалавриата, магистратуры и докторантуры специальностей «Литературоведение», «Филология», «Переводческое дело», в процессе модернизации в качестве координатора и разработчика, в мероприятиях на факультете и в университете.

Входила в инициативную группу среднесрочной программы Правительства Республики Казахстан «Культурное наследие», состою членом Совета КАЗПРЯЛ и Казахстанского филиала Петровской академии наук и искусств. Являлась членом редколлегии журнала «Медный всадник» (Россия-Казахстан), в настоящее время состою членом редакции журналов «Поиск», «Высшая школа Казахстана».

Являюсь членом Казахстанского филиала Петровской Академии наук и искусств, Совета КАЗНРЯЛ.

Награждена Почетными грамотами Министра науки и образования РК, деканата филологического факультета КазНУ им. аль-Фараби и Российского университета дружбы народов (РУДН), юбилейной медалью к 80-летию КазНУ имени аль-Фараби, Медалью Казахского национального университета « EREN ENBEGI USHIN», Памятной медалью Международной организации Всемирного союза казачьих атаманов «В честь Победы в Великой отечественной войне 1941-1945гг. «За верность и единство» и орденом «Золотая Булава».



Ермек Сабырбайқызы АДАЕВА, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Ермек Сабырбайқызы Адаева 1974 жылы 24 тамызда дүниеге келген. 1991 жылы бұрынғы Талдықорған облысы М.Төлебаев атындағы ауылда орта мектепті алтын белгімен бітірген. 1991-1995 жылдары І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университетінің филология факультетін Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша үздік дипломмен аяқтады. 1996-1999 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасында оқыды. «Болашақ» Халықаралық стипендиясының иегері. 2022-2024 жылдары «Болашақ» бағдарламасы аясында АҚШ-тың Костал Каролина университетінде тағылымдамадан өтті. Еуропалық университеттер қауымдастығының Erasmus Mundus бағдарламасы бойынша Гумбольд университетінде тағылымдамадан өтті (Берлин, Германия, 2016).

2003 жылы «Б.Соқпақбаевтың жазушылық шеберлігі» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін кандидаттық диссертациясын қорғады. Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет және аударма; постотарлық әдебиет; гендерлік зерттеулер; пәнаралық зерттеу.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1995-1996 жылдары Талдықорған қаласындағы № 19 мектеп-гимназиясының мұғалімі, 1996-1999 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспиранты, 1999-2000 жылдары Алматы облыстық кадрларды кәсіби дамыту институтының әдіскері, 2000-2013 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, 2013 жылдан бері қарай Назарбаев Университеті, Қазақ тілі және түркітану департаментінің оқытушысы.

Е.Адаева – 100-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті бекіткен бірнеше ғылыми жобалардың орындаушысы болды.

Е.Сабырбайқызының ғылыми еңбектері ішінен жеке авторлығымен және авторлар ұжымымен бірге шығарған ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатындағы монографиялар мен оқу құралдарын атап көрсетуге болады.

1. Прозалық мәтінді талқылау тәсілдері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 115 б.

2. Прозалық мәтін және көркем аударма мәселелері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 80 б.

3. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың түрлері. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Ценные бумаги, 2011. – 20 б.

4. Аудармадағы деколониялық дискурс (А.Байтұрсынұлы аудармалары негізінде) //Ұжымдық монография. – Астана: «Focus», 2025. –/ 328 б.

3. Аударматану бойынша библиографиялық көрсеткіш. Т.Есембековпен бірге. Оқу құралы. – Алматы: Ценные бумаги, 2011. – 70 б.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қазіргі уақытта аударма әдебиетінің постотарлық контексте зерттелуі отарланған халықтың өзіндік әдеби кеңістігін қалай дамытқанын, қалыптастырғанын түсіндіруге мүмкіндік береді. А.Байтұрсынұлының жоғарыда келтірілген пікірін бүгінгі деколониялық көзқарас тұрғысынан қарастырсақ, оның патша отарлауына қарсылығы мен аударма ісіндегі тәжірибесінің ұлттық-мәдени миссиясы айқындалады. Әрине бұл пікіріміз А.Байтұрсынұлының шығармашылығындағы отарлау, отарсыздану мәселелері қарастырылмады деген сөз емес. Белгілі алаштанушылардың еңбектерінде бұл мәселе түрлі қырынан қарастырылып, мәні мен мазмұны отарсызануға бағытталған зерттеулерді жүзеге асырылғаны мәлім. Біз бұл тұста аударма мәселелерін постотарлық көзқарастар мен теориялар арқылы

зерттеу тәжірибесінің арнайы қолға алынбағанына назар аударып отырмыз.

Ахмет Байтұрсынұлы аудармалары тек шет тілінен жасалған көркем аударма немесе жай тілдік әрекет ретінде ғана емес, отарлық санадан арылуға ықпал ететін деколонизациялық құрал, мәдени және идеологиялық қарсылық ретінде қарастырылуы тиіс. Деколонизация – отарлық құрылымдар мен санаға сіңген үстем ықпалмен күресуді мақсат ететін ұғым. Қазақстан жағдайында бұл кеңестік идеологияның ықпалында қалыптасқан рухани-танымдық жүйеге қарсы тұруды білдіреді. Қазіргі кезеңде А. Байтұрсынұлының аудармаларын осы контексте зерттеу мен зерделеу де халық санасын отарсыздандырудың тиімді жолдарының бірі бола алады.

Адаева Е. Аудармадағы деколониялық дискурс (А.Байтұрсынұлы аудармалары негізінде) – Астана: «Focus», 2025. – 170 б.

Ақыл-ой, білім-парасат жағынан қатардағы жолдастарының қайсысынан болсын еңсесі биік Қожаның аңсайтыны да, асығатыны да ертеңгі болашағы. Ол сол үшін өмір сүреді. Сол үшін үздіксіз қимыл-әрекетте, қозғалыста жүреді. Шығарманың бас кейіпкері арқылы берілген жылы сезімдер, арманшыл толғаныстар жас оқырмандардың қай-қайсысын да ойға шомдырып, үміт дүниесіне қарай серпілістер жасауға бет бұрғызады. Шығарма күші осында. Шығарманың орталық кейіпкерінің бойында таза қазақ баласына тән ұлттық психология аясындағы қасиеттер бар. Сонымен қатар оның мінезіндегі, ой-киялындағы түрлі қасиет, көріністер барлық ұлт балаларында да кездесетіні сөзсіз. Сондықтан "Менің атым Қожа" әлемнің қай түкпіріндегі балаларға болса да түсінікті, әрі қызғылықты.

Адаева Е. Прозалық мәтінді талқылау тәсілдері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 39 б.

Қазақ әдебиетінің кеңестік кезеңдегі мұрасын бүгінгі тәуелсіздік дәуірінің көзқарасы тұрғысынан жаңаша зерделеу – бүгінгі әдебиеттанудағы өзекті арналардың бірі. Кеңес дәуірінде жазылған шығармалар ұлттық әдебиеттің дамуына өзіндік үлес қосқанымен, олар сол уақыттың саяси-идеологиялық талаптарына тәуелді болды. Мұндай шығармаларда отарлық дискурстың сипаты түрлі қырынан көрініс тауып, ұлттық болмыс кеңестік идеология тұрғысынан қайта пайымдалды. Сондықтан көркем мәтінге постотарлық, деколониялық(бейотарлық) тұрғыдан талдау жасау – қазіргі қазақ әдебиеттануындағы маңызды әдістемелік бағыт болып табылады. Бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты, алайда олардың арасында айырмашылық та бар. Бұл тақырыпта сөз қозғау – ұлттық тарихи

жадыны жаңғыртудың тиімді жолы, сондай-ақ посткеңестік контексте кеңестік комплекстерден ада, сыни ойлаудың сан түрлі мектебі мен бағытында пікірталасқа түсе алатын, еркін ойлы ұрпақ қалыптастыруда құнды болып табылады.

Адаева Е. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288, 2025. – 4-5-беттер.



Жанат Әскербекқызы
АЙМҰХАМБЕТ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Жанат Әскербекқызы Аймұхамбет 1966 жылы 1 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Қарасу ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. Құйған ауылындағы «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы орта мектепті 1982 жылы тәмамдаған.

1982-1987 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті), филология факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітіріп, филолог, қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы мамандығын алған.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1987-1995 жылдары Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Құйған ауылындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болған.

1995-2000 жылдары С.А. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарған.

2000 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында қызмет істеп келеді.

1999 жылы ҚР ҰҒА академигі С.А. Қасқабасовтың жетекшілігімен «Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған.

2010 жылы ҚР ҰҒА академигі Р. Нұрғалидың кеңесшілігімен «Мифтің поэтикадағы қызметі (қазіргі қазақ поэзиясы арқауында)» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған.

ҚР ҒЖБМ ҒЖЖБССҚК төрағасының 2019 жылғы 21 ақпандағы №178 бұйрығымен әдебиеттану мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент), 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 13 бұйрығымен Тіл және әдебиет ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алды.

2021-2022 жылдары Ұлттық ғылыми кеңес мүшесі (Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер секциясы) болды.

2024 жылдан – «8D017-Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау» («6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01717-Қазақ тілі мен әдебиеті») кадрларды даярлау бағытындағы диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары.

Негізгі ғылыми нәтижелері: Ғылым саласында көптеген зерттеулері жарық көріп, бірнеше ғылыми жобаларда жетекші, орындаушы қызметтерін атқарған. 2014 жылғы аккредитация және рейтинг Тәуелсіз Агенттігінің рейтинг қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы ЖОО оқытушыларының «ТОР-30» тізіміне кірді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім минирстрлігі қаржыландырған 2 (екі) гранттық жобаның жетекшісі, 1 (бір) жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған«Жас ғалым» жобасының ғылыми кеңесшісі. Сондай-ақ 3 (үш) мақсатты-бағдарламалық қаржыландырылатын, бірнеше гранттық қаржыландырылатын ғылыми жобалардың орындаушысы.

«Миф дүниесі және көркемдік әлем» (2003), «Даңғыл» (ғылыми-көпшілік басылым, 2007), «Көркемдік өріс» (ғылыми зерттеу, 2009), «Мифтің поэтикадағы қызметі» (монография, 2010), «Әдебиет әлемінде» (ғылыми зерттеулер, 2012), «Поэзия и миф» (монография, 2014), «Абай поэзиясын мифопоэтикалық аспектіде талдау (ғылыми зерттеу, 2022), «Сөз өнеріндегі мәтін мен шығарма кеңістігі (монография, 2023), «Абай поэзиясы: Көркем антропология. Мотив және актант» (ғылыми зерттеу, 2024), «Көркем мәтіндегі актанттық модель» (2026) атты ғылыми еңбектері, «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «Миф және қазіргі әдебиет», «Қазіргі қазақ әдебиеті» (авторлар ұжымымен бірге), «Әдебиет теориясы (авторлар ұжымымен бірге), «Структуралық әдебиеттану» ((авторлар ұжымымен бірге) атты жоғары оқу орнының докторнаттары, магистранттары мен студенттеріне арналған оқулықтары бар.. Жалпы алғанда 6 (алты) іргелі монографияның, 5 оқулықтың, 300-ден астам ғылыми мақалалардың

авторы. Scopus базасындағы журналдарда – 24, Web of Science базасындағы журналдарда – 11 мақаласы жарияланған. Scopus: Хирша индекс – 8, Web of Science: Хирша-индекс–2.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

1999 жылы Шығармашыл жастардың республикалық «Шабыт» фестивалінің Гран-при жүлдегері;

1999 жылы – Президенттік стипендия иегері;

2004 жылы – Қазақстан аграрлық партиясы тағайындаған Әбдіраштың Жарасқаны атындағы сыйлықтың лауреаты;

2011 жылы ҚР БҒжМ «ЖОО үздік оқытушысы – 2011» мемлекеттік грантының иегері;

2014 жылы – Қырғыз Республикасы Тоқтағұл Сатылғанов қорының «Тоқтағұл Сатылғановтың туғанына 150 жыл» медалінің иегері;

2015 жылы – Қазақстан Республикасының ғылым саласында жеткен еңбегі үшін «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері;

2016 жылы – Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты;

2016 жылы – Қазақстан Республикасының Президентінің мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясының иегері;

2019 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты;

2020 жыл – Халықаралық «Абай» атындағы мәдениет пен өнерді қолдау қорының «АБАЙ» мерекелік медалінің иегері;

2020 жылы – Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымының («ТҮРКСОЙ») Құрмет Грамотасы;

2021 жылы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісінің иегері;

2021 жылы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Күлтегін» медалінің иегері;

2022 жылы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегері;

2023 жылы – «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері;

2025 жылы – «Ана тілін дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісінің иегері;

2026 жылы – Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысы және «Алтын Барыс» төс белгісінің иегері;

2026 жылы – Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымының («ТҮРКСОЙ») «Түркі дүниесінің мәдениетіне сіңірген еңбегі үшін» төс белгісінің иегері.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қазіргі лирикада табиғаттың «адамдандырыла» суреттелуі ерекше назар аударады. Ақындар бұл тарапта тың ізденістермен жаңа тұрпатты бейнелеулер туғызды, табиғаттағы құбылыстар мен нысандарды жанды, саналы әрекетке көшіре отырып, поэзияның жаңа тынысын аша білді. Табиғаттың бұлайша «адамдандырылуының» негізінде мифтік таным, сол негіздегі анимистік сенім сілемі жатқаны белгілі. Табиғат аясындағы күллі нысандар мифтік дүниетанымдағы әңгімелерден тыс қалмаған. Солардың ішінде аспан және аспан шырақтары, яғни ғаламшарлар туралы мифтік, діни әңгімелер көптеген поэтикалық мәтіндерге кірігіп, жаңаша болмысты бейнелер қатарын туындатты.

Қазақ ақындары ұлттық мифологиялық дүниетаным материалдарын көркемдік мақсатта жаңғырта пайдалану арқылы мифопоэтиканың өрісін кеңейтті. Ел мен жер, жан мен тән, уақыт, өмір мен өлім, рухтың мәңгіліктігі туралы мифтік түсініктер поэтикалық жаңа «киім» киіп, өзекті ойларды айтуда маңызды қызмет атқарды.

Ж.Ә. Аймұхамбет Миф. Мифология. Мифопоэтика. Монография. Алматы: «Эпиграф». 2017. – 512 бет.

Адамзат санасының сәбилік дәуіріне тән деп саналатын мифологиялық ойлау уақыт өте келе көркемдік ойлауға негіз болды. Әдеби шығармадағы көркемдік шындықтың бейнеленуінде мифтік негізде туындаған образдар мен сюжеттер жүйесі маңызды қызмет атқарғаны белгілі.

Мифтік таным қабатында этнотарихи мазмұн да басым. Мифтік әңгімелердің астарында тарихи кезеңнің шынайы оқиғалары, қоғамның әлеуметтік-саяси қалпы жатыр. Белгілі бір халықтың басына кешірген тарихи оқиғалары миф түрінде әңгімеленіп, сол әңгіме мазмұнына жаңа мағына үстеді. Қазақ мифтерінің бір саласын түзетін туған жер, атамекен ұғымының мифтік қалыптары осы тақырыптағы поэзияның негізгі өзегіне айналды.

Ж.Ә. Аймұхамбет. Миф. Мифология. Мифопоэтика. Монография. Алматы: «Эпиграф». 2017. – 512 бет.

Фольклор үлгілері мен жыраулар поэзиясындағы ұлттық дүниетанымның қайнар көзін мифтік санамен байланыстыра қарастыру тиімді, қисынды тұжырымдарға қол жеткізді. Классикалық жазба әдебиетімізді бұл бағытта зерттеу де жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Осы тұрғыдан келгенде Абайдай ұлы суреткердің шығармашылық болмысын танытуда мифоологиялық ойлау мен көркемдік сананы сабақтастыра қарастырудың мәні зор.

Миф – әр ұлттың мәдени, рухани коды деп білсек, ұлт әдебиетінің ерекшелігін мифтен іздеу қажеттігін терең түйсіне түсеміз. Қазақ

әдебиетін жаңа биікке көтеріп, ұлттық поэзияның зор мүмкіндігін әлемге танытқан ұлы суреткер Абай өлеңдерін мифопоэтикалық аспектіде талдау – ақынның шығармашыл тұлға ретіндегі айрықша талантын, ұлт әдебиетінде қалыптастырған ұлы дәстүрін жаңа қырынан танытуға жол ашары сөзсіз.

Ж.Ә. Аймұхамбет. Абай поэзиясын мифопоэтикалық аспектіде. Монография. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022.

Құрылымдық поэтика тұрғысынан қарағанда, мәтіннің барлық ішкі элементтері өзара тығыз байланысты. Мотивті талдау принципі тұрғы сынан келсек, мәтін құрылымындағы элементтер байланысы қайтала нып, өзгермелі сипат иемденіп, мотив ретінде танылды.

Аналитикалық философия немесе тілдік акт теориясы тұрғысынан мәтін шындықты суреттемейді, бар болғаны сол шындықпен қарым-қатынас жүйесін құрайды. Семантикалық тұрғыдан келгенде, бір мәтіндегі ақиқат деп қабылданған ұғым басқа бір мәтінде жалған болуы мүмкін. Мәтінаралық байланыс мәселесі, метамәтіннің лингво-семиотикалық, әдеби аспектілердегі түсініктемесі туралы пайымдаулар, миф дүниесі мен көркемдік әлем арасындағы сабақтастық, жалпы, өнер туындылары құрылымындағы мифтік таным негіздері, көне эпостардағы сюжеттік құрылым, артефактілердің фольклорлық жәдігерлермен байланысы, қазіргі әдеби мәтіндердегі архаикалық таным іздері ұсы нылып отырған еңбектің негізгі мазмұнын құрайды.

Ж.Ә. Аймұхамбет. Сөз өнеріндегі мәтін мен шығарма кеңістігі. Монография. Алматы: «Дәуір», 2023. – 384 бет.

Поэтикалық антропология антропологияның басқа барлық саласын жоғары мәдениетпен, эстетикалық мәнмен және терең мағынамен нәрлендіреді. Себебі мұнда адам болмысы физикалық тұрғыда емес, рухани қалыпта танытылады. Сөз өнеріндегі адам болмысы арқылы әдеби-көркем антропология кеңістігі қалыптасса, оны ғылыми зерделеуде антропологиялық поэтика маңызды орын алады.

Ж.Ә. Аймұхамбет Абай поэзиясы: Көркем антропология. Мотив және актант. Ғылыми-танымдық еңбек. Семей: «Кудайбергенов», 2024. – 238 бет.

Көркем шығармашылықтың негізгі мәнін адам мен адамның, адам мен ғаламның қарым-қатынасынан іздейміз. Өзегінде адам тағдыры тұратын кез келген сөз өнерінің үлгісі бізге оны тануға мүмкіндік береді. Мәтін құрылымы мен жанр талаптары шеңберінде протагонист және

антогонист, ұнамды және ұнамсыз кейіпкер, бас қаһарман және екінші санаттағы кейіпкер, орталық кейіпкер, сатиралық, трагедиялық, т.б. болып жіктелетін адамдар болмысын айқындайтын әдіс-тәсілдер жазушының мұратына сәйкес болады. Кейбір туындыларда бас қаһарман ретінде жан-жануарлар немесе өсімдіктер, басқа да табиғи күштер әрекет етеді. Алайда олар адамға тән әрекеттерімен, сипаттарымен көрінеді, тіпті қабылдауының, көруінің өзі адамға тән болып келеді. Қазіргі әдебиеттануда көп қолданысқа енген рухани және магиялық реализмді еске алайық. Зерттеушілер бұл ұғымдарды адам рухы және жаратылыс тылсымы бейнеленетін туындыларға қатысты қарастырады.

Ж.Ә. Аймұхамбет. Абай поэзиясы: Көркем антропология. Мотив және актант. Ғылыми-танымдық еңбек. Семей: «Кудайбергенов», 2024. – 238 бет.

Көркем мәтінде актантты баяндаушы тұлғаның кешенді қызметі деп қарастырамыз. Актанттар шығармада белгілі бір кейіпте танылa отырып, бір-бірімен байланыс жасайды және белгіленген бір міндетті орындап, мәтіннің ішіндегі "тіршілікті" дамытады, әрекет жасайды. Осы қалыпта көркем мәтіндегі авторлық интенция арқылы актанттық құрылымда көрінеді. Көркем мәтіндегі кейіпкерді «актант» ұғымымен таңбалау мәтін құрылымындағы субъективтілікті «актанттық құрылым» түрінде қарастыруға жалғасады.

Ж.Ә. Аймұхамбет. Көркем мәтіндегі актанттық модель. Монография. Астана: «Фолиант», 2026. – 184 бет.



Мұратбек Кенжебайұлы
АЙТИМОВ,
қауымдастырылған профессор,
филология ғылымдарының докторы

Қазақстанның жаңа тарихнамасындағы қазіргі рухани жаңғыру аясында сеніңді еңбек етіп жатқан ұрпақтар – ата-бабаларымыздың бұған дейінгі мыңжылдықтар белестеріндегі ит дәстүрлерді жалғастырушылар. Қазақ өркениетінің тарихындағы материалдық және рухани мәдениет құндылықтарын қалыптастырған ата-бабалар ұлағатын берік ұстанып, жаңа толқын өкілдері дене және ой еңбегі жетістіктерін жүзеге асырып келеді. Уақыт пен кеңістік тұтастығындағы тіршілік қозғалысы жүйесінде жаңа буын ұрпақтар адамгершілік-имандылық қасиет орныққан болмыс-бітімдерімен өздерін қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортадағы өнегелі-үлгілі адамдар қатарын құрайды. Бұл орайда, қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихындағы белгілі ғалым-ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұратбек Кенжебайұлы Айтимовтың есімін де даралап бағалаймыз.

Ол қазақ халқының ежелгі ата қонысы Қызылқұм қойнауларын аралай ағатын Жаңадария атты көне өзен аңғарының жағалау атырабындағы елді мекенде дүниеге келді. 1960 жылы 21 қарашада қазіргі Қызылорда облысының Жалағаш ауданындағы (Ұламесек ауылдық округінде) қарапайым еңбек адамының отбасында дүниеге келіп, сол мекенде өсіп ержетті. Балалық шағында отбасындағы ата-анасының, бауырларының, ағайын-туыстарының ата-бабалық қарым-қатынас мәдениеті ықпалымен тәрбиеленді. Әкесі Кенжебай мен анасы Фарида өздері өмір сүрген XX ғасырдың екінші жартысындағы саяси-қоғамдық, әлеуметтік-тұрмыстық оқиғалары ортасында ауылдастарымен, ағайындарымен бірге еңбек майданындағы еңбексүйгіштік, адалдық, жомарттық қасиеттерімен құрметке ие болған кісілер еді.

Адам – өмірінің ең түйінді, ең басты көрсеткіші, «Жүгірің шығар төбе көп, асу бермес шын қиын, қартайған шал елде көп, ақсақал болу тым қиын» дегендей қадір – қасиетті жоғалтпау, елге, халыққа үлгі, өнеге болу, көпшілікті сыйлай да, өзіңді сыйлата, сөзіңді тыңдата білу

оңай шаруа емес. Дұрыс картаюдың өзі – қасиет. Сөз жоқ, бәрі де адамның тегіне, қанына байланысты, жоқтан пайда болмайды, тексіз, түпсіз ештеңе болмайды. Әкесі Әйтімұлы Кенжебай ешкімнің ала жібін аттамаған, ешкімге қиянат жасамаған, дүние қоңыздыққа, шен-шекпенге, іштарлыққа, жұртты бөле жару, ғайбат сөзге бой алдырмаған азамат. Сондықтан да болар өмірінің соңғы күніне дейін отбасына, әулетіне, Отанына әрдайым адалдық танытып өтті. Арам несібе таппай, қолынан келгенінше адамдарға тек жақсылық жасады.

Мұратбек Кенжебайұлы дүниеге келген, ержеткен, еңбек ету жолына қадам басқан туған жеріндегі географиялық мекендер (Жалағаш, Сырдария, Тереңөзек,) – ежелгі сақ, ғұн, түркі өркениеттері дәуірлерінен бергі қазақ халқының байырғы атамекендері – атақоныстары. Әмудария мен Сырдария өзендері аралығындағы Мауереннаһр өлкесі атанған бұрынғы Тұран империясы аумағы болып бағаланатын бұл өлкенің негізгі иелері – Ұлы Даладағы ата-бабаларымыз. Отырықшылық пен көшпелілік мәдениеті дәстүрлерін қалыптастырған, төрт түлік пен егін, бау-бақша өсіру негізгі тұрмыстық кәсібі болған бұл өлкенің суландырылу жағдайы Қызылорда обылысы бойынша қамтылатын ғылыми байыптау жүйесі аясында карастырылады:

«Сыр өңірі топырақ – өсімдік, шөл мен шөлитті аймаққа жатады. ...Онда үш оазис бар. Біріншісі, Жаңақорған мен Шиелі аудандарының суландырылған жерлері, екіншісі, Сырдария, Тереңөзек, Жалағаш, Қармақшы аудандарының суландырылған жерлерін біріктіреді, үшіншісі, Қазалы және Арал аудандарының суландырылған бөліктері. Табиғи қасиеттері бойынша бұл үш оазистің жалпылама ұқсастығы көп, айырмашылығы да баршылық» .

Мұратбектің ата-анасы да, ауылдастары да атамекендегі табиғат ерекшеліктері аясындағы еңбек үдерісінде жалпыхалықтық дамудың жетістіктерін жүзеге асырды.

XX ғасырдың 30-60-жылдарындағы саяси-идеологиялық, тұрмыстық-әлеуметтік жағдай аясында өмір сүрген қазақ ауылдарына ортақ халық тұрмысы ауқымында Мұратбектің ата-анасы да, ауылдастарыда уақыт талабына сәйкес еңбек етті. Балалық, жастық шағынан тұрмыс талаптарына лайықты ауыл тұрмысындағы еңбек түрлерімен (төрт түлікті бағу, өсіру, егін, бау-бақша егу, шөп ору, отын дайындау, т.б.) айналысып қалыптасқан Мұратбек білім, ғылым игеру жолындағы ұстанымын (мектептегі сабақтарын сапалы меңгеру, көп кітап оқу, т.б.) үнемі дамытуды ұмытпады. Ол балалалық шағынан тілалғаш елгезек, еңбексүйгіш болып, ата-анасын да, мектептегі ұстаздарының да сүйіспеншілігіне бөленіп қалыптасты.

Ауылындағы орта мектепті жақсы бағалармен бітіріп, 1978-1982 жылдары Қызылорданаың Н.В.Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институтындағы филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бөлімінде оқып, жоғары білім алды. Жоғары білім алған жылдары есімдері Қазақстанға танымал ғалым-ұстаздарының (Ә. Қоңыратбаев, Н. Нұржанов, Н. Жүнісов, Ә. Жақыпов, Ә. Байжолов, А. Шамшатова, М. Бимағамбетов, Ә. Әбілақов, т.б.) дәрістерінен, ғылыми кеңестерінен кең өрісті болашаққа бағдар алды. Ғылыми баяндамалар жазып, конференцияларда баяндамалар жасап дағдыланды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің ғылыми-теориялық негіздерін оқу-әдістемелік тұрғыда орта мектеп шәкірттеріне меңгертудің тәжірибелік әдіс-тәсілдерімен танысты .

Мұратбек Кенжебайұлы – еңбек өтілінің басталуынан қазіргі кезге дейін педагогикалық еңбек үдерісімен қалыптасқан ұстаз. Ол әуелі қазіргі Жалағаш ауданындағы №232 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі (1982-1986 жж.) болды. Өзі еңбек еткен пелагогикалық ұжымындағы сапалы жұмыс көрсеткіштерімен әріптестеріне де, аудандандағы басшыларға да танымал болған Мұратбек Айтимов 1986-1993 жылдары осы Жалағаш ауданындағы №203 орта мектеп ұжымының сайлауымен директор қызметі бойынша еңбек етті. Айтимов Мұратбектің педагогикалық еңбек сапарының алғашқы берік негізі болып саналатын Жалағаш ауданы, оның ғұмырнамасында айрықша орын алады. Жалағаш ауданының Аламесек ауылдық округының құрамындағы осы ауылдағы аталған мектептің ұжымы өздері қалап мектеп директорлығы қызметіне сайлағаны – жоғары білімді жас маман біліктілігінің шынайы бағалану көрсеткіші. Осы педагогикалық еңбек ұжымын басқарған жылдары Мұратбек жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық пәндердің орта білім беру жүйесіндегі бастауыш, орталау, жоғары кластарындағы (сынып-тарындағы) алғашқы негіздерін меңгертудің кешенді оқу-әдістемелік жүйесін үнемі жетілдірудің аса өзектілігін терең сезіммен түсінді. Өзіндік ізденістерімен мектептегі оқу үдерісінің, тәлім-тәрбие жұмыстарының жаңашыл бағыттарының дамытылуын, жүзеге асырылуын ұйымдастырды.

Орта мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудағы ізденгіш озат әдіскер мұғалім, педагогикалық еңбек ұжымын жаңашыл оқу-әдістемелік, тәлім-тәрбиелік бағыттар бойынша басқаруға қалыптасқан басшы Мұратбек Кенжебайұлының жоғары білім беру жүйесіне келуі де уақыт талабына сай шешуші қадам болды. Оның ғұмырнамасындағы Қоркыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, доценті (1993-1999 жж.), оқу-әдістемелік бөлімінің бас

әдіскері (1999-2002 жж.), қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі (2004-2006 жж.), үздіксіз білім беру және мамандар біліктілігін арттыру институты директорының орынбасары (2011-2015 жж.), қызметтері бойынша еңбек еткендігі Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіндегі оның өзіндік үлесін айқын танытады. Орта мектептегі педагогикалық еңбек жылдарында мұғалімнің теориялық білімі және тәжірибелік іскерлегі – шеберлігі тұтастығымен оқушылардың сапалы білімін қалыптастыруды Мұратбектің өзі де меңгерген-ді, педагогикалық ұжым да сол мұрат аясына жұмылдырғанды.

Орта білім беру жүйесінде мол тәжірибе жинақтаған Мұратбек Айтимов жоғары білімді, білікті мамандарды даярлау ісінде де үнемі жаңашылдық ізденістерін жалғастыра берді. Универсеттегі ұстаздық және басшылық қызметтерін атқара жүріп, Мұратбек іргелі ғылыми-зерттеу (аспиранттық-ізденушілік, 1994-1996 жж.), докторантура, (2006-2009 жж.) жұмыстарын белсенді жүргізіп, нақты нәтижелерді жүзеге асырды. Профессор Б.Майтановтың жетекшілігімен 1998 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы ғылыми кеңесте «Қазақ повесіндегі лиризм» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. 2006-2009 жж. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты болса, 2010 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Т.С. Тебегеновтің ғылыми кеңесшілігімен «Қазіргі қазақ романы: тарихи шындық пен көркемдік шешім (XX ғ. 90-жылдары мен XXI ғ. бас кезі)» тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

Ғалымның жарыққа шыққан ғылыми мақалаларының жалпы саны 300 – ден астам. Олардың ішінде 30 астам мақаласы шетелдерде (Чехия, Польша,Украина, Ресей, Түркия, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан) жарық көрген. ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (ВАК) тізіміндегі ғылыми журналдарға 40-дан астам мақалалары жарияланған. Сонымен қатар, 2 ғылыми монография мен 3 оқу құралдарының авторы: Қазіргі қазақ романы: тарихи шындық пен көркемдік шешім. Монография.-Қызылорда: Тұмар, 2008. – 246 б. Қазіргі қазақ прозасы. Монография. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2014.-183 б. Тәуелсіз жылдардағы қазақ романы. Оқу құралы. – Қызылорда: Тұмар, 2010 – 167 б. Тәуелсіз жылдар әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2011, ақпан. – 140 б. Жаңа дәуірдегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2025.-293 б.

Профессор Мұратбек Кенжебайұлының ғылыми жетекшілігімен 1 PhD докторлық диссертация дайындап, 50-ден астам магистрлік диссертацияларға жетекші жасап, сәтті қорғалуына еңбегі сіңген ғалым.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» ББВ-сының қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының докторы Айтимов Мұратбек Кенжебайұлының марапаттары:

- Қорқыт Ата атындағы Қызылода университетінің үздік оқытушысы төсбелгісінің иегері (2020, 2024).
- Қорқыт Ата атындағы Алтын медаль» иегері (2019).
- «Үздік түлек» төсбелгісі (2019)
- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ректорының құрмет грамотасы (2021).
- ҚР Ғылым және жоғары білім Министрінің құрмет граматосы (2021).
- Т.Ізтілеуовтің 130 жылдық медальының иегері (2020).
- Халықтар арасындағы достық пен ынытмақтастықты нығайтудағы, жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі жемісті еңбегі үшін БҰҰ Халықаралық Адамдар құқығын қорғау комитеті, «Бейбітшілік Әлемі» Халықаралық Қазақ шығармашылық Бірлестігінің «Лидер образования» халықаралық медаль иегері (2021).
- Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Қызылорда облысының әкімі мен облыстық мәслихаттың Құрмет грамотасымен марапатталған. (2024).
- Қазақстанның білім және ғылым жүйесінің дамуына қосқан айрықша үлесі және жоғары білікті мамандарды дайындаудағы ерен еңбегі үшін Ахмет Байтұрсынов атындағы Алтын медальмен марапатталған. 25-қаңтар, 2024 жыл.
- ҚР Ғылым және жоғары білім Министрінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған (2025).

Мұратбек Кенжебайұлы – Тәуелсіз Қазақстан жаңа тарихының әдеби үдерісіндегі прозалық туындылардың (повестердің, романдардың) поэтикасындағы лирикалық, психологиялық, тарихилық ерекшеліктерді ғылыми-теориялық тұрғыда кешенді талдауларымен жаңаша бағалаған зерттеуші-ғалым. Әсіресе, қазіргі Тәуелсіз Қазақстан әдебиетіндегі көрнекті жазушылар романдарының (І. Есенберлин «Мұхиттан өткен қайық», Ә.Нұрпейісов «Соңғы парыз» (роман-дилогия), Р. Тоқтаров «Абайдың жұмбағы» (роман-хамса), С. Елубай «Ақ боз үй» (роман-трилогия), Б. Тілегенов «Тұйық өмірдің құпиясы», С. Жұбатырұлы «Абыржы» (роман-трилогия), Т. Ахметжан «Ақиқат жолы», М. Шаханов «Желтоқсан эпопеясы» (роман-дилогия), Ғ. Құлахмет «Үйірі жоқ көкжал», Д. Досжанов «Алан», С. Досанов «Қылбұрау», «Ұйық», Қ. Жиенбай «Даңқ түрмесінің тұтқыны», т.б.) поэтикалық ерекшеліктерін кешенді талдауларымен саралап-сараптап бағалады.

Қазіргі қазақ романдарының поэтикасын осы заманғы әдебиеттану ғылымының заңдылықтары аясында талдаулар арқылы зерттеуші өзіндік жаңашылдық ұстанымдарын таныта білген. Қазіргі жаңа әдебиетіміздегі роман жанрының көркемдік негізі болып саналатын сақ, ғұн дәуірлеріндегі дастандарына, шежірелік туындыларға көркемдік сабақтастық заңдылығы тұрғысында бағалаулар жасады. Хакім Абай, Ш. Құдайбердіұлы, Ы. Алтынсарин, М. Дулатов прозасынын да қазіргі романистикаға көркемдік негіз болғандығы басты назарға алынған. Зерттеу нысанынына алынған романдардағы тарихи тұлғаларды мінездеу, даралау, шығарманы эпикалық баяндау, диалог, монолог, портрет, авторлық толғаныс, қосымша сюжеттердің егізделуі, т.б. поэтикалық ерекшеліктердің кешенді түрде қарастырылуы зерттеушінің жаңашылдық нәтижелерінің тиянақтылығын дәлелдеді. Атап айтқанда, жазушы Р. Тоқтаровтың «Абайдын жұмбағы» роман-хамсасындағы күрделі тарихи тұлға Құнанбайдың жаңаша сомдалуы, оның Кенесары ханмен, Шоқан Уәлихановпен және т.б. тарихи тұлғалармен қарым-қатынас деректерінің, өзіндік тұлғалауындағы психологиялық-философикалық сыршылдық, ойшылдық, даралығының бейнеленуінің, хакім Абай шәкірттерінің (Ақылбай, Әбдірахман, Шәкәрім, Көкбай, Мағауия), Алаш көсемі Ә. Бөкейханов тұлғалары бейнеленуінің поэтикалық ерекшеліктері жүйелене талданған. Табиғат пен адам және қоғамдық орта қарым-қатынастарының әлеуметтік-психологиялық сарынды сипатын танытатын қазіргі романдардағы (Ә.Нұрпейісов «Соңғы парыз» (роман-дилогия), С. Жұбатырұлы «Абыржы» (роман-трилогия), Қ. Жиенбай «Даңқ түрмесінің тұтқыны», т.б.) отаншылдық-азаматтық, пендешілік-ұсақтық, қайраткерлік пен тоғышарлық, т.б. қайшылықты мінез-құлық психологиясы шындығының бейнеленуі де зерттеушінің талдауларымен сараланған.

Тарихи шындық пен көркемдік шешім поэтикасы заңдылықтары аукымында көрнекті тұлғалар мінезделуінің, даралықтары бағалануының деректі романдардағы (Б.Тілегенов «Тұйық өмірдің құпиясы» (роман-толғау), Т. Ахметжан «Ақиқат жолы» (роман-диалог), М. Шаханов «Желтоқсан эпопеясы» (роман-дилогия) жазылу ерекшеліктері де жанр поэтикасы бойынша байыпталған. Тарихи шындық оқиғаларының көркемдік қиял қосындыларымен өрнектеле суреттелетін романдардағы (І. Есенберлин «Мұхиттан өткен қайық», Д. Досжанов «Алаң»), С. Елубай «Ақ боз үй» (роман-трилогия), Ғ.Құлахмет «Үйірі жоқ көкжал», т.б.) көркемдік шешім туралы да ғылыми тұжырымдалған. Қазіргі қазақ романдарындағы ұлттық-этнографиялық дәстүрлер мен адамдар психологиясының сипаты сабақтастығы да эпикалық проза поэтикасы заңдылығымен талданған.

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі рухани жаңғыру бағдарындағы даму желісіндегі ұлттық сөз өнері туралы зерттеушінің пікірі ұлттық көркемдік ойлау туындыларын жаңаша бағалау болып саналады: «Қазақ әдебиетінің ежелгі замандардағы эпикалық көлемдегі жазба ескерткіштерінде негізі қаланған тарихи шындық пен көркемдік шешім тұтастығымен өрілген шығармашылық үрдіс ғасырлар бойы жалғаса келе қазіргі әдеби дамуға ұласты.

XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы қазақ романдары Тәуелсіз Қазақстан әдебиетінің әлем өркениетіндегі *классикалық* үрдістер көрсеткіштерімен деңгейлес сипатымен бағалана алады. Қазақ әдебиеті шығармаларының ұлттық негізділігін сақтай отырып, әлем әдебиеті *арналарымен* бірге көркемдік дамудың жаңа жетістіктеріне жетуі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан мәдениетінің мәңгілік тұғырын нығайта түседі. Бұл – қазақ сөз өнері дамуының мәңгілік шығармашылық қозғалыстағы жолы» .

Мұратбек Кенжебайұлы – сексен бес жылдан асқан тарихы бар, Қазақстандағы байырғы жоғары оқу орындарының бірі Қоркыт Ата атындағы Қызылорда университетінде көп жылдар бойы еңбек етіп жүрген *көрнекті ғалым-ұстаз*. Ғылыми-педагогикалық ғұмырнамасында фольклор мұралары мен көркем әдебиет шығармаларының тарихи-танымдық, гуманистік – эстетикалық ұлағатын оқу үдерісінде ғылыми зерттеу, тәлім-тәрбие жұмыстары бойынша білімгерлердің (студенттердің, магистранттардың, докоранттардың) игеруі үшін өмір бойы аянбай еңбек етіп келеді. Әсіресе, мектеп бітіруші түлектердің педагогикалық мамандықты дұрыс таңдай білу үшін алыс, жақын ауылдардағы, қалалардағы ата-аналар арасындағы кәсіптік бағдар беру жұмыстарына айрықша мән беріп, жүйелі түрде насихаттық жұмыстар атқарады. Халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда үнемі ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік баяндамалар жасайды.

Мұратбек Айтимов – үлгілі отбасының өнегелі отағасы. Зайыбы Құрманкүл Әбілқасымқызы Тайжанова – орта мектептің бастауыш сыныптарында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен тәжірибелі ұстаз-зейнеткер, балалардың анасы, немерелердің әжесі. Исламның адамгершілік-имандылық қағидаларын ұстанатын осы өнегелі отбасындағы *перзенттер* (балалары: Бақытжан, Жандос, Жанболат, Назым, Самал; немерелері: Бейбарыс, Бекарыс, Мәриям, Ибраһим, Асия, Асылхан, Данияр, Аяна, Айлин, Нұрәли, Томирис, Әбубәкір, Хабибжан, Артимис, Мұстафа-Шах, Адия) – өнегелі әке мен ананың, текті әулеттің халықтық – педагогикалық ұстанымдағы тәлім-тәрбиесінің жемістері.

Қорыта айтқанда, ғылым, білім негіздерімен қалыптасқан, бұл күндері Отанымызға танымал ғалым – ұстаздар қатарындағы Мұратбек

Кенжебайұлы Айтимов және оның отбасы – Тәуелсіз Қазақстанның Мәңгілік Ел дамуы бағдары жолындағы жаңа тарихының ұрпақтарға үлгілі, өнегелі әулеті тұрғысында бағаланады. Бұл – Ұлы Дала Елінің ата-бабаларымыздан ұрпақтарға мәңгілік ұласа беретін ұлттық ұлағат.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасының кең көлемді эпопеялық желісінде тарихи тұлғалардың өзара дүниетанымдық үндестігі де, әркайсысының даралық өзгешеліктері де айқындалған. Қазақ тарихындағы әлемдік өркениет кеңістігіндегі озық көрсеткіштермен деңгейлес тұлғалардың өмір деректері тарихи-көркем шындық поэтикасымен жинақтала өрнектеліп, қазақтың рухани құндылықтары мұраларының мәңгілік ұлағаты анықталған. Қазіргі уақыт талабымен туындаған қазақ романы ұлт тарихының деректі кезеңдерін, көрнекті тұлғалар тағылымын эпикалық тыныспен бейнелеудің классикалық үрдісін жаңғырта жалғастыруымен ерекшеленеді. Бұл – қазақ сөз өнері дамуындағы тың серпілістің, өрлеудің көрсеткіші.

М.К. Айтимов. Жаңа дәуірдегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Қызылорда, «Қызылорда-Қанағат» баспасы, 2021. – 279 б.ISBN 978-601-307-185-5

Абайдың шығармашылығында өмір шындықтары, оларды тану мен бағалау, іштің сыры мен тыстық қыры қат-қабат көрініс табады. Ақын шындықты суреттеп, көрсетіп қана қоймайды, оның мәнісін түсіндіреді, оны бағалайды, оны насихат етеді. Сол қат-қабат, көп қырлы, күрделі шындық құбылыстарды жинақтап, саралау, парықтау мен бағалау белгілі бір ақындық ұстаным, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында белгілі бір ізгі, игілікті қағидалардың дараланауына алып келеді. Ол қағидалар ақынның дәстүрлі дүниетаным кеңістігінде қалыптасқан көзқарасының ерекшеліктерін ашады. Ол ерекшеліктер махаббат пен ғадауат, әділет пен әділетсіздік, жақсылық пен жамандық секілді ұстанымдарға қатысты анықталады. Бұл ұстанымдардың өзі дүние жаратылғалы бері әлем халықтары үшін бірдей игілікті болып есептелетін құндылықтарға негізделеді.

М.К. Айтимов. Қазіргі қазақ романы: тарихи шындық пен көркемдік шешім. Монография. – Қызылорда: Тұмар, 2008. – 246 б.

Қазақтың ұлттық-халықтық қалыптасу, даму жолы – ұрпақтар қаны тазалығының нәтижесі. Көркем шығармалардың реалистік сипатына негіз болған ұрпақтар жалғастығындағы қан тазалығының дәріптелуі –

ұлттық, ата-бабалық тектілік негізі сақталуының көрсеткіші. Ал, жазушы Қ. Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны» романындағы кейіпкер Қабылдың төс кемік майы арқылы қазақ халқы қанының дүниежүзі бойынша ең таза сапалы екендігінің жариялануы – шындық негізіндегі көркемдік қиялдың мәнді туындысы заңдылығымен өрнектелу көрсеткіші.

М.К. Айтимов. Тәуелсіз жылдар әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2016, ақпан. – 140 б.

Қазіргі қазақ романы – әлем әдебиеттері тарихындағы озық классикалық үрдістер жалғастығындағы жанр. XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың бас кезіндегі әдеби үдерістің көрнекі саласын құрап келе жатқан қазақ романдарындағы өмір шындығының тарихилықпен, суреткерлік көркемдік шешіммен жазылғаны ұлттық сөз өнері дәстүрінің өркениет кеңістігіндегі классикалық деңгейін танытады. Бұл орайда, әдебиеттанушы-ғалым Ж. Дәдебаевтың пікірімен біздің ойымыз сабақтас естіледі:

«Қазіргі қазақ романы тарих бетінде сақталған белгілі оқиғаның болған жағдайын, оның басты қозғаушы күштерін саралап талдай отырып, соның бәрінің логикалық және психологиялық дәлелін, жүйесін көркемдік заңдылықтарына орай анықтайды. ... Тарихи шындықтың дәлелдігін сақтай отырып, оған белгілі бір ой, мағына жарығын терең әрі шебер екшеп түсіру өмірлік құбылысты терең және жан-жақты ғана емес, сонымен бірге мүлде жаңа қырынан тануды қамтамасыз етті».

Демек, қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат дегеніміз – тарихилық негізділіктің көрсеткіші. Тарихилық негізіндегі эпикалық шығармада поэтикалық көркемдік қиял арқылы қосылған бейнелеулер адам санасындағы эстетикалық,адамгершілік дүниетанымының шынайылығын, тереңдіктерін көрсетеді. Көркемдік ойлау тереңдіктері мен кеңістіктерінің эпикалық шығармалардағы поэтикалық сипаты ұлттық және жалпыадамзаттық көзқарастардың ортақ бірлігін аңғартады.

М.К. Айтимов. Тәуелсіз жылдардағы қазақ романы. Оқу құралы. – Қызылорда: Тұмар, 2010 – 167 б.

Өмірлік шындық – тарихи шындықтың өзегі. Қазақ прозасындағы тарихи тақырыпқа жазылған көркем шығармаларда халықтың басынан өткен оқиғалар, көрнекті қайраткерлердің тұлғалары қаламгерлердің көркемдік шешімімен қамтылады. Қазіргі қазақ прозасындағы Р. Тоқтаровтың, Д. Досжановтың, С. Елубайдың, С. Досановтың, Б. Тілегеновтің және т.б. қаламгерлердің романдарында өмірлік

шындықты жаңаша тарихи таныммен байыптап бейнелеу жүзеге асырылуда.

Көрнекті жазушы, М. Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты Сәбит Досановтың «Қылбұрау» («Ұлы даланың ұлы қайғысы» (2003) атты романында Қазақ елінің бірнеше ғасыр бойы Ресейдің отары болған кезеңдерінің зардаптары тақырып нысанына алынған, идеясы – ұлттық-тәуелсіздік жолындағы күрескерлік іс-әрекеттері өрістеткен қайраткерлер тұлғаларын даралау.

Романда қазақ халқының ұлттық-тәуелсіздік алуы жолындағы күрес-керлер Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Нұрдәулет Бабахановтың тарихи тұлғалары әдеби-көркем бейне деңгейінде алынған.

М.К. Айтимов. Тәуелсіз жылдар әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2014, ақпан. – 140 б.

Қазақ тарихының әр түрлі кезеңдеріндегі тұрмыстық-әлеуметтік өмір шындығының нақты көрсеткіштері – халық тілі қолданыстары. Қазіргі қазақ романдарында жазушылар халық тілінің кезеңдердегі басым қолданылғандарын авторлық эпикалық баяндаулары мен бейнелеулерде, кейіпкерлердің монологтары мен диалогтарында поэтикалық үйлесіммен қолданады.

С. Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясында да шығарманың ұлттық-этнографиялық сипатын даралай түсетін лексикалық мағыналары көркемдік-эстетикалық қызмет атқарған байырғы сөздер мол қолданылған.

Қазіргі қазақ романдарының ұлттық-этнографиялық сипаты сөз өнері туындыларындағы поэтикалық ерекшеліктердің танымдық тағылымын тереңдете түсуде. Ұрпақтарды қазақы ұлттық рух қуатымен тәрбиелеуде мұндай көркем туындылардың маңызы мәңгілікке жалғасады.

М.К. Айтимов. Жаңа дәуірдегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Қызылорда, «Қызылорда-Қаңағат» баспасы, 2021. – 279 б. ISBN 978-601-307-185-5

Сөз өнерінің бір саласы – жыраулық поэзия. Жыраулық поэзияның алғашқы өкілдері Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуғандар болса, одан кейін сол жыраулық дәстүр Сыр өңірінде жалғасып, жаңғырды. Базар Оңдасұлы, Ерімбер Көлдейбекұлы, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Омар Шораяқұлы, Жүсіп Ешниязұлы және басқа шайырлар мен жыраулардың керуен көші әлі күнге үзілмей келеді. Аймағымызда жыраулық поэзиямен Сыр сүлейлерінің өзіндік мақам-сазы да қалыптасты. «Сырдың елі – жырдың елі» деген қанатты сөз

бекер айтылмаған. Қырдағы Қармақшы ауданының бір ғана ауылынан жүзге тарта жырау шыққан. Жыраулық өнердің арғы өкілдерін айтпағанда, өткен ғасырда Сыр өңірінде туған Әбдіжәміл Нұрпейісов, Нартай Бекежанов, Зейнулла Шүкіров, Манап Көкенов, Қалтай Мұхамеджанов сынды қаламгерлер қазақ әдебиетінің маңызды бір бөлшегіне айналып кетті. Олар қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосты, артында қалған әдеби мұралары әлі күнге маңызын жойған жоқ, кең тынысты әрбір көркем шығармалары ұлт тәрбиесінде күні бүгінге дейін қызмет етіп келеді.

Әрине, қазақ жерінің тарихы мен қазақ әдебиеті, мәдениеті бәрімізге ортақ, оны әсте бөліп – жаруға болмайды. Ұрпақтан – ұрпаққа жетіп, санамызға жарық сәуле түсіретін ұлтымыздың сан ғасырлық тарихын, дәуірлер мен заманалар тудырып, қалыптастырған әдебиетін, мәдениетін білуге тиіспіз. Ол бізге парыз.

М.К. Айтимов. Сыр әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2012.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі деректі романдар да тарихилық негізділікті мол қамтитындығымен бағаланады. Ал, нақтылы деректілікке негізделген шығармалар қатарында жазушылар Бекежан Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» (роман-толғау), Талаптан Ахметжанның «Ақиқат жолы» (роман-диалог), Мұхтар Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» (деректі роман) туындылары айрықша дараланып көрінеді. Бұл романдарда XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихының материалдық және рухани мәдениет салаларындағы даму оқиғалары, кеңестік кезеңнің жетістіктері мен кемшіліктері, көрнекті тарихи қайраткерлердің әрқайсысына тән даралық сипаттары, қоғамның, мемлекеттің, әртүрлі шығармашылық, шаруашылық ортаның қарым-қатынастарындағы қайшылықтар мен қақтығыстар – бәрі де нақтылы өмірлік деректер бойынша баяндалады.

М.К. Айтимов. Ақиқат-адамдардың шынайы келбетінің айғағы (Мұхтар Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» деректі роман негізінде) Абай атындағы ҚазҰПУдың «Хабаршы (Филологиялық ғылымдар сериясы)», №4 (70). – Алматы,2019. – 233-240 бб.



Айдарбек Ахметұлы
АҚБОЛАТОВ

Айдарбек Ахметұлы Ақболатов 1982 жылы 3 тамызда Батыс Қазақстан облысы, Қазталов ауданы, Әжібай ауылында дүниеге келген.

1999 жылы А.С. Пушкин атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университетіне оқуға түсіп, 2003 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін 0307 «Қазақ тілі мен әдебиеті, шет ел тілі» мамандығы бойынша толық курсын аяқтап, жоғары кәсіби білімді қазақ тілі мен әдебиеті, араб тілінің мұғалімі біліктілігін алған.

2007 жылы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік унивреситетін 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша магистратураны тамамдап, филология магистрі академиялық дәрежесін алып шыққан.

2014-2017 жылдар аралығында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіне түсіп, 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша докторантураның толық курсын аяқтайды. 2018 жылы «XXI ғасырдағы қазақ романдарын жоғары мектепте оқыту әдістемесі» тақырыбында философия докторы PhD дәрежесін алу үшін диссертациясын қорғады. Ғылыми дәрежесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі №385 бұйрығымен бекітіліп, 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесі (PhD) берілді.

2025 жылдың 27 қаңтардағы (№ 5 хаттама) М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғылыми кеңесінің шешімімен университеттің қауымдастырылған профессоры (доцент) академиялық атағы берілді.

40-тан астам ғылыми жарияланымның, оның ішінде импакт-факторы бар рейтингтік ғылыми басылымдардағы 3 мақаланың, 5 ғылыми монографияның және 1 оқу құралының авторы.

Еңбек жолын 2003 жылы Батыс Қазақстан облысы Казталовка ауданындағы Ғ.Қараш атындағы Қараоба мектеп-гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті, араб тілі пәнінің мұғалімі болып бастайды. 2004 жылы қыркүйек-қараша айлары арлағында Казталовка ауданы Әжібай ауылындағы Бірік орта мектебінде казак тілі мен әдебиеті пәнінің

мұғалімі қызметіне аусып, кейін сол жылдың желтоқсан айында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінінің филология факультетіне қызметке шақырылады.

Ол – М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде 2004 жылдан бері еңбек етеді. 2004 жылдан қазақ филологиясы кафедрасының ассистенті, оқытушы, аға оқытушы, философия докторы, университеттің қауымдастырылған профессоры қызмет сатыларынан өткен жоғары кәсіби білікті мамандардың бірі.

2017 жылдан бастап М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, философия докторы PhD (2019), қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі міндетін атқарушысы (2017-2018 жж), орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі болып қызмет еткен (2020). Қазіргі таңда филология факультетінің деканы қызметін атқарады.

Ол университет ғалымдарының гранттық қаржыландыру жобасына ғылыми қызметкер ретінде қатысып, «Әдеби өлкетану: рухани жаңғыру (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы)» (№AP05135443, 2018-2020), «Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық (Батыс Қазақстан аймағы ақын-жазушыларының шығармашылығы негізінде)» (№ AP05135443, 2020-2022), «Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» (№ AP19676441, 2023-2025 жж) тақырыптарындағы іргелі жобаларды орындауда бас ғылыми қызметкер ретінде ат салысты.

Оның негізгі ғылыми зерттеу бағыты қазіргі қазақ әдебиеті және өлке әдеби мұраларына арналады. Осы бағытта 40-тан астам ғылыми мақалалары жарияланған. «Қазіргі қазақ прозасындағы роман жанрының даму тенденциясы (XXI ғасыр)» оқу құралы (2020), «XXI ғасырдағы қазақ романдарын жоғары мектепте оқыту әдістемесі» (2021), «Қазіргі қазақ әдебиеті және әдеби өлкетану» (2024) монографиялары, сондай-ақ гранттық қаржыландыру бойынша жобаның ғылыми қызметкері ретінде «Қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы) (2020), «Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» (2024) сияқты ұжымдық монографиялары жарық көрген.

А.А.Акбулатовтың оқу-әдістемелік, ғылыми зерттеу жұмыстарының басты бағыты – «Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ әдебиеті», «Әдеби өлкетану», «Әдебиетті жоғары мектепте оқыту әдістемесі» курсын жасау және оны бакалавр, магистранттардың білім беру бағдарламаларына енгізіп, жаңалау, жасақтау.

А. Ақбулатов ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен жүзеге асқан Н.Назарбаев университетінде «Academic leadership Institute» (27.04 – 02.12.2023, 154 сағат) көшбасшыларға арналған курсында біліктілікті артырудан өтті.

А.Ақбулатов «Еуразия әлеуметтік-гуманитарлық зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінің, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша төрағасы ретінде ашық конкурстарға қатысып, «Батыс Қазақстан облысының топонимикалық картасы» зерттеу жобасы (№ 11872944-1, 2024 ж), «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын жүзеге асыру бойынша әлеуметтік мониторинг жүргізу» (№ 14133966-ОК1, 2025 ж), «Тәжірибе алаңы: тіл, әдістеме, нәтиже» кешенді іс-шарасын (№ 13808329-1, 2024, 2025 ж) бірнеше ғылыми зерттеу жобаларына жетекшілік етіп, жүзеге асырды.

Батыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты түрлі әлеуметтік жобалардың жетекшісі ретінде университеттің және облыстық деңгейдегі түрлі шараларға қатысып, қоғамдық өміріне белсене араласады. Ол – БҚО тілдіреді дамыту басқармасы жанынан құрылған терминологиялық комиссияның, БҚО ономастикалық комиссиясының мүшесі.

Оның ғылыми-пеадагогикалық кәсіби жетістіктері лайықты бағаланып ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасы (Астана, 2023), ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Тіл саясаты комитетінің мемлекеттік тіл саясатын дамытуға қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасы (Нұр-Сұлтан, 2022), ҚР Білім және ғылым министрлігі, Тіл саясаты комитеті, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосқан шәкірттерді тәрбиелегені үшін Алғыс хаты (Нұр-Сұлтан, 2021), БҚО әкімінің алғыс хаттарымен (2022, 2024 жж) марапатталған.



М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты «Қазіргі дәуір әдебиеті және көркем публицистика» бөлімінің бас ғылыми қызметкері
Нұрдәулет Бабиханұлы АҚЫШ,
филология ғылымдарының докторы

Нұрдәулет Бабиханұлы Ақыш 1950 жылдың 15-маусымында Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Покровка селосында (қазір Маңырақ ауылы) өмірге келген. Осы елді мекендегі оңжылдық мектепті бітіргеннен кейін, бір жыл осы аудандағы Жаңабозша ауылында кітапханашы болып қызмет істеген. 1969-1973 жылдары Абай атындағы Қаз ПИ-дің филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқиды. Бір жыл Кеңес армиясы қатарында қызмет етіп келіп, аудандық халыққа білім беру бөлімінде әдіскер болып жұмыс жасаған.

Одан кейін көп жылдар «Мектеп» баспасы, «Қазақ әдебиеті», «Заң» газеттерінің, «Жұлдыз» журналының редакцияларында әртүрлі деңгейдегі қызметтер атқарды. 1999-2001 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясында ғылыми қызметкер болып істесе, 2002 жылдан күні бүгінге дейін М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында еңбек етіп келеді. Бүгінгі таңда ол – осы институттың бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы.

Әдебиеттану мен әдеби сын саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан әдебиеттанушы ғалым, сыншы. Оның қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері туралы жазған талдау және сыни еңбектері баспасөз беттерінде өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап оқырман назарына ұсынылып келеді.

Қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің жай-күйі, көркемдік даму ерекшеліктері жөнінде тиянақты түрде зерттеулер жүргізіп жүргізіп келе жатқан ғалым. Оның әсіресе бүгінгі қазақ прозасының тақырыптық-көркемдік ерекшеліктері, әлеуметтік салмағы жайында жазылған мақалалары қазақ мерзімдік баспасөзі мен ғылыми басылымдарда үнемі жариялануда. Бүгінгі таңдағы қазақ прозасы мейлінше өркендеген, кемелденген проза екендігін айқындай отырып, сонымен бірге жекелеген кемшін тұстарын нақтылап дәлелдеп көрсетуді ұмытпайды. Жекелеген қаламгерлердің шығармашылықтарына үңіле отырып, оларды тек дара қалпында ғана талдап қоймай, жалпы әдеби үдерістер шеңберінде өзгелермен салыстыра зерттеуге бейім. Әр жазушының жанры игеру жолындағы ізденістері мен іркілістерін тап басып талдай отырып, заманауи тақырыптарды игеру жолындағы өзіндік ерекшеліктерді де назардан қағыс қалдырмайды.

Н.Б. Ақыш жекелеген туындыларды талдай отырып, ғалым ретінде көбінесе салыстырмалы-методологиялық әдістерге жүгінуді жөн көреді. Ол Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетіне тәуелсіздік биігі тұрғысынан жаңаша көзқарас қалыптастырушылардың алдыңғы сапында. Ол әдебиет тарихында қалған қомақты да айтулы туындыларды обьективті бағалау барысында еңбек ету үстінде. Бұл тұрғыдан оның қазақ романдары мен повестерін талдаған еңбектері ерекше атап өтуді қажет етеді.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған «Қазақ әдебиеті тарихының» академиялық онтомдығының 8, 9-томдарына «Қазақ романы: өткені мен бүгіні», «XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі», «Майдан жырлары», «Қазақ сөз өнерінің шеберлері», «Майдангер қаламгерлер» және тағы басқа да іргелі және қолданбалы ұжымдық монографияларға жазған ғылыми мақалалары едәуір көп.

Н.Б. Ақыш сонымен бірге Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиетінің де зерттеушісі. Бұл бағытта ол қазақ романдары мен повестері жайында жазған мақалалары арқылы бірнеше жаңа жобаға қатысты. Еліміздің рухани тәуелсіздігін көрсететін әдебиетіміздің соны қырлдарын ашып, ғылыми айналымға енгізуде тоқтаусыз еңбек етіп келе жатқан ғалым ұдайы ізденіс үстінде.

Оның жазған зерттеулері мен мақалалары республиканың мерзімді баспасөз беттерінде ұдайы жарияланып келеді. Шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрген мақалалары да бар. Ол көптеген республикалық және және халықаралық конференцияларда баяндамалар жасап жүр. Ол жаңа Жобаларға қатысып, өзінің ғылыми әлеуетінің тереңдігін, әдебиеттану ғылымының заманауи үрдістеріне ілесе алатындығын аңғартып келеді.

Ғалымның өзі шығарған жеке монографиялары «Зұлмат жылдары қазақ прозасында» (2005), «Қазақ мемуарлық романы» (2010) және «Замана рухы» әдеби атты ғылыми мақалалар жинағы – қазақ әдебиеттану ғылымына соны леп әкелген еңбектер. Бұл кітаптардағы талдаулардың айқындығы мен ұсынылған соны пікірлер басқа да зерттеушілердің назарын аударуда.

Марапаттары:

1.ҚР Білім және ғылым минстрлігі ғылым комитетінің стипендиясының иегері (2012);

2. «Құрмет» орденінің иегері (2013)

Әдебиеттану саласындағы ғылыми-зерттеу бағыттары:

1. Кеңес дәуірінде жазылған прозалық шығармалардағы тәуелсіздікті аңсау, ұлттық менталитетті сақтап қалу сарындары.

2. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде өмірге келген прозалық туындылардың көркемдік-эстетиткалық деңгейі; қол жеткен жетістіктері мен кемішін тұстары.

Кейбір тұжырымдары:

«Ғалымдар тоталитарлық жүйе ретінде анықтап жүрген Кеңес дәуірінде эстетикалық құндылықтардың барлығы да, соның ішінде көркем әдебиетіміз де саяси ұстанымға бағынып, соның бір қуатты да оңтайлы құралына айналып қалғаны белгілі. Қоғам өміріне еркін тыныс, соны леп енгелі жазушыларымыз өздерінің идеялық бағыттарын осы тәуелсіздік рухы тұрғысынан қайта құрып, адам қоғамына не толғантады деген мәселенің легіне ілесуге ұмтылыс жасап жатты».

«XXI ғасыр повестері» мақаласынан

«Әжептәуір әсерлі көрінетін көптеген шығармалардың шиін шығарып, шырайын солғындататын тіл мәселесі болып табылатыны бұрыннан айтылып келеді. Кейбір қаламгерлеріміз әдеби норманы белінен басып жазғанды былай қойып, ауызекі сөйлеу нормасына да мән беріп жатуға да ықылассыз. Оқыған кітаптарымызда салақ құрылған, мағыналарын түсініп алуы қиын сөйлемдердің кездесіп жатуы соның салдарынан демеске, амал жоқ. Тіпті халық аузында қалыптасып кеткен фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдерді бұзып жазу фактілері де кезігіп қалады екен».

«Ұлттық тәуелсіздіктің оңайшылықпен жүзеге асуы қиын нәрсе екендігін ең алдымен қазақтың зиялы қауымы аңғарғаны белгілі. Алаш қозғалысының түпкі мақсатының өзі осындай саяси тәуелсіздікке қол жеткізу болғандығы да рас. Сондықтан бұл идея ең алдымен сол алашшыл қаламгерлердің шығармаларынан көрініс тапты. Оған қоса жаңа орнаған Кеңес өкіметінің саясатын қолдаушы қаламгерлер де түрлі тәсілдермен азаттық, тәуелсіздік мәселесін ептеп айтып қалып отырғаны жоғарыдағы талдаулардан байқалды».

«Осы айтылған мысалдарды жинақтап, синтездеп келгенде, "Тар жол, тайғақ кешу" мемуарлық романына саяси тұрғыдан жаңаша баға берудің қажеттігі өзінен-өзі туындап отыр. Оны таза революциялық бағыттағы кітап деп біржақты бағалаудың заманы өткен. Оған кеңестік идеология мен таптық тұрғыдан емес, объективтік көзқарас тұрғысынан бажайлап қарай білген жағдайда қаны тамған өмір шындығының осындай ұшқындары көзге түседі, оқырманды басқаша ойлантып-толғануға жетелейді, шығарманың патриоттық рухын нығайта түседі».

«Қай заманда болсын, өмір сүріп отырған кезеңнің алдында өтіп кеткен дәуір жайында сөз қылмай, жылы жауып қоя салу уақыт деген қатал сыншының ұстанымына, сол кезеңге куә бола алмай қалған кейінгі ұрпақтың рухани сұранысына қайшы, өтіп кеткен кезеңде өмір сүрген адамдардың тағдырына қиянат. Кеңестік тақырыпты жазып жатқан авторлардың талабына ең болмаса осы тұрғыдан қарап, кедергі келтірмеуіміз, жазған шығармаларына, олардағы көркемдік-стильдік ізденістерге жүрдім-бардым қарамағанымыз жөн».



Нұргүл Әбдіразаққызы АЛДАБЕК,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор (доцент)

Нұргүл Әбдіразаққызы Алдабек 1974 жылы 28 шілдеде Алматы облысы, Жамбыл ауданының Үзынағаш ауылында дүниеге келген. 1980-1991 жылдары Үзынағаш ауылындағы Т. Рысқұлов атындағы орта мектепте (бұрынғы Н.К. Крупская атындағы орта мектеп) білім алды. 1991 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, 1996 жылы аталған оқу орнын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша үздік дипломмен тәмамдады. Сол жылы әдебиет теориясы мамандығы бойынша аспирантураға қабылданды.

2001 жылы «М. Әуезов шығармаларындағы ұлт-азаттық сарын» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 2011 жылы әдебиеттану мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын алды.

2000–2003 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіндегі Әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасында аға оқытушы, 2005–2009 жылдары осы кафедраның доценті қызметтерін атқарды. 2009-2013 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының доценті, 2013-2014 жылдары аталған кафедраның меңгерушісі болды.

2016-2019 жылдары «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы – ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институтының «Халықаралық білім беру бағдарламалары» кафедрасында доцент қызметін атқарды. 2019-2021 жылдары осы институттың «Жоғары мектепте оқыту әдістемесі және халықаралық білім беру бағдарламалары» кафедрасының меңгерушісі болды.

2021-2022 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші

ғылыми қызметкері, ал 2022-2025 жылдары осы институттың доценті әрі «Абай ілімі» пәнінің оқытушысы қызметтерін атқарды.

«TURK ELI» халықаралық ұйымының Қазақстандағы өкілі. Аталған ұйым аясында ұйымдастырылған халықаралық конференциялар мен симпозиум материалдарының жауапты редакторларының бірі.

Қазіргі таңда Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті Тілдер кафедрасының қауымдастырылған профессоры міндетін атқарады.

Әдеби-ғылыми бағыты: Н.Ә. Алдабектің ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы мен түркі халықтары әдебиетінің өзара байланысын, әдебиет теориясы мен әдеби байланыстар мәселелерін, тарихи проза поэтикасын, фольклортану мен мифопоэтиканы, көркем мәтіндегі психологизм мен дискурс табиғатын, сондай-ақ салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелерін зерттеуге арналған.

Ғалымның зерттеулерінде фольклорлық дәстүр мен жазба әдебиеттің сабақтастығы, тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасы, ұлттық таным мен рухани құндылықтардың әдеби мәтіндегі көрінісі, көркем шығарманың поэтикалық құрылымы қазіргі әдебиеттану әдіснамасы негізінде қарастырылады.

Негізгі ғылыми нәтижелері: 50-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік және танымдық еңбектің авторы. «М.О. Әуезов және ұлттық идея» (Алматы: «Қазақ университеті», 2006), «Жамбыл шығармаларының поэтикасы» (Алматы: «Қазақ университеті», 2009), «Қазақ әдебиеті» (жоғары оқу орындарына дейінгі дайындық факультеттерінің тыңдаушылары мен талапкерлерге арналған оқу құралы) (Алматы: «Қазақ университеті», 2020) атты еңбектері жарық көрген.

Халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейдегі ғылыми конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдер мен ғылыми сұхбаттарға тұрақты қатысып келеді. Түркі халықтарының әдеби-мәдени байланыстары мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелеріне арналған зерттеулері Қазақстанмен қатар Башқұртстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркияның ғылыми басылымдарында жарияланған.

Марапаттары:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Білім мазмұнын сараптау орталығы ұйымдастырған үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау жұмысына қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бірінші орынбасары М. Мелдебековаңың Алғыс хатымен (2025) марапатталған. Сондай-ақ Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының (2026), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясы ректорының (2019, 2022), Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы Р.Жақсылықовтың

(2014), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ректорының (2014), Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті ректорының (2018) Алғыс хаттарымен марапатталған. Гази университеті, Білім беру менеджерлері мен мамандары қауымдастығы (EYUDER) және Әзербайжан EYUDER ұйымы бірлесіп ұйымдастырған «Түркі мемлекеттері білім қызметкерлерін оқыту» бағдарламасы аясындағы «TÜRK GÜNÜ» іс-шарасына қатысқаны үшін Алғыс хат алған (2024). Сонымен қатар ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы ҚР ББЖБҒПҚБАРИ-дің Құрмет грамотасымен марапатталған (2017).

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қазіргі түркі жазушыларының шығармаларындағы экологиялық көзқарас дәстүрлі дүниетаныммен және ұлттық құндылықтарды жаңаша пайымдаумен сабақтасып дамуда. Әдебиет осы тұрғыдан табиғат пен адамның үйлесімін сақтау идеясының рухани өзегіне айналады. Көркем туындылар арқылы табиғатты қорғау, оның қадірі мен алдындағы жауапкершілікті сезіну ұғымы терең жеткізіліп, қоғамдық сананың экологиялық бағытын қалыптастыруға ықпал етеді. Қазіргі түркі әдебиетінде экологиялық тақырып әлеуметтік мәселе шеңберінен шығып, рухани-философиялық мазмұнға ие болды.

Н.Ә. Алдабек. «Қазіргі түркі жазушылары шығармаларындағы экологиялық ой және дәстүрлі философиялық сарын». – Philosophy, culture, and relations of turkic-speaking states: history, present, and future vi international symposium. Tashkent city, October 23, 2025.315-322беттер)

Өмірлік шындық пен көркемдік шешімнің қарым-қатынасы көп мәселеге байланысты екендігі белгілі. Тоталитарлық қоғамдық жүйе, қасаң идеологиялық саясат, әдеби күштердің теке-тіресі мен талас-тартысы, жеке тұлғалардың пенделік пиғылы талай көркем туындыны, қаншама талантты суреткерді сарсаңға, құғын-сүргінге түсіргеніне мысал жетерлік. Осы орайда қаламгердің азаматтық қызметі, шығармашылық қағидасы, дүниетанымы мен ой-өрісіне салмақ түсетіні аян. Мұндай қысым мен саяси ауыздықтау XX ғасырдың 20–30 жылдарында бірде ашық, кейде астыртын сипатта жүріп жатты. Қалыптасқан жағдайға көндігу, партиялық күшті мойындау, сырттай икемделу, өзіндік көзқарастарын қалыптастыру, оларды астарлы түрде жалғастыру немесе ашық қарсы шығу – сол кезең қойған таңдау еді. Ал сол тұстағы әдеби тұлғалардың қай жолды таңдағаны жөнінде біршама зерттеулер бар, бірақ әлі ғылыми тұрғыдан анықталмаған мәселелер де

жеткілікті. Соның бірі – кеңестік жүйенің алғашқы кезеңіндегі әдебиетіміздегі ұлт-азаттық идеясының көріністері мен оны бейнелеуде автор қолданған түрлі амал-тәсілдердің табиғатын зерделеу.

Н.Ә. Алдабек. М.О. Әуезов және ұлт-азаттық идея. Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 136б. 3 б.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті өзіне дейінгі әдебиеттің үлгілі дәстүрлерін дамыта отырып, жаңа заманға лайықты жаңа көркемдік мүмкіндіктерге жол ашты. Сонымен қатар осы кезеңнің ең басты ерекшелігі ретінде XIX ғасырдан басталған ағартушылық идеяның азаттық идеяға ұласуын айтуға болады. Бұл кездегі қазақ әдебиетінде әлем әдебиеті үлгілерінен үйрену байқалады. Қазақ әдебиетінің өкілдері орыс классикасы, шетел әдебиеті шығармаларын қазақ тіліне аудара жүріп, біркатар жанрларды қазақ арасына тереңірек сіңірді. Абай бастаған ақын-жазушыларымыз орыс мысалын қазақтың ұлттық топырағына, шындығына сәйкес жаңартты.

Н. Алдабек. Қазақ әдебиеті: оқу құралы.–Алматы: Қазақ университеті, 2013. –72 бет.

Көк бөрі архетипі – түркі дүниетанымының терең тарихи-мәдени қабаттарынан бастау алатын әмбебап символ. Көркем әдебиетте бұл образ дәстүрлі мифологиялық мағынасынан жаңаша көркемдік-эстетикалық сипатқа ауысып, ұлттық жады, мәдени код және рухани бірегейлік мәселелерімен сабақтасады. Архетиптік бейнелерді түсіну үшін олардың сыртқы көрінісін ғана емес, астарындағы тарихи-мифологиялық семантика мен мәдени мәнді саралау қажет.

М.О. Әуезовтің «Көксерек» және С.Раевтың «Көкжал» шығармаларын салыстыру көк бөрі архетипінің көркемдік трансформациясын айқын көрсетеді. Егер «Көксеректе» қасқыр образы табиғат пен адам арасындағы қайшылықты бейнелейтін реалистік-психологиялық сипатта көрінсе, «Көкжалда» ол ұлттық тағдырдың, тарихи жадтың және мәдени сабақтастықтың символдық көрінісіне айналған. Бұл архетиптің уақыт пен қоғамдық сана өзгерістеріне сәйкес жаңа мағыналық деңгейлерге көтерілгенін аңғартады.

Н. Алдабек. «Көк бөрі» архетипінің көркем трансформациясы: М.О.Әуезовтің «Көксерек» және С. Раевтың «Көкжал» шығармалары негізінде салыстырмалы талдау//«Тюркское культурное сотрудничество в эпоху инноваций:цифровые платформы и научные обмены» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. I-том. Өзбекстан Республикасы. Үргеніш қаласы. 24 наурыз 2026. – 171-176 беттер.

Ұлттық мінез – тарихи және әлеуметтік-мәдени үдерістермен сабақтас, көптеген қоғамдық ғылымдардың тоғысындағы күрделі зерттеу нысаны. Ол белгілі бір ұлтқа тән тұрақты этникалық ерекшеліктер мен рухани-адамгершілік құндылықтарды бейнелейтін психологиялық-мәдени құрылым ретінде ұлттық болмыстың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Н. Алдабек. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Хабаршысы Филология сериясы. №4 (188). – Алматы: «Қазақ университеті», 2022. – 21-33 беттер)



Светлана Викторовна АНАНЬЕВА, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Светлана Викторовна Ананьева 1959 жылы 1 қаңтарда Атырау облысы, Доссор кентінде дүниеге келген.

1980 жылы Украинада Черкасск мемлекеттік педагогикалық институтын «Орыс тілі, әдебиеті және педагогикасының оқытушысы» мамандығы бойынша үздік белгімен бітірген.

1980-1981 жылдары еңбек жолын Атырау облысы Доссор кентінде ВЛКСМ-нің 40 жылдығы атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған.

1985 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасының күндізгі оқу бөлімін аяқтайды.

1986 жылы Алматыда «Современный русский роман Казахстана (Вопросы поэтики)» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды.

1986 жылдан бері М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында жұмыс істеп келеді. Институтта ғылыми қызметкерден бастап Аспирантура мен Халықаралық байланыстар және әлем әдебиеті бөлімінің меңгерушісіне дейінгі жолдан өтті. Аспирантура бөлімінің меңгерушісі (1997-2010), доцент (2004), әлем әдебиеті және халықаралық байланыстар бөлімінің бас ғылыми қызметкері (2008), бөлімнің іргелі зерттеу бағдарламаларының жетекшісі (2009 жылдан бері), әлем әдебиеті және халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі (2010), сыртқы әдеби байланыстар және аналитика бөлімінің меңгерушісі (2012), халықаралық байланыстар және әлем әдебиеті бөлімінің меңгерушісі (2020 жылдан бері). Институттың Ғылыми кеңесінің мүшесі (2010).

Әдеби-ғылыми бағыты: қазіргі әлемдік әдеби үдеріс пен салыстырмалы әдебиеттану, қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті және елдегі этностар әдебиеті, А.С. Пушкин мен Ф.М. Достоевскийдің шығармашылығы, мәдениеттер диалогы контекстіндегі Абай Құнанбаев шығармашылығы, көркем аударма мәселелері және әдебиеттерді салыстырмалы түрде зерттеу. С.В. Ананьеваның ғылыми зерттеулерінің басымдығы – әлемдік әдебиеттану контексіндегі қазақ әдебиетінің

халықаралық байланыстары, тәуелсіздік кезеңіндегі интеграциялық үдерістер.

Қазақстан, Беларусь, Венгрия, Румыния елдерінде жарық көрген 350-ден астам ғылыми еңбектің, 15 монографияның авторы. Қазақстан, Болгария, Литва, Қырғызстан елдерінде басылып шыққан 40-тан астам ұжымдық ғылыми монографияның жауапты редакторы және бөлімдердің авторы, 2 оқу құралының, зияткерлік меншік объектілеріне авторлық құқықты мемлекеттік тіркеу туралы 5 куәліктің иегері.

Негізгі ғылыми нәтижелері:

WoS деректер базасының басылымдарында үш мақала және Scopus деректер базасының басылымдарында сегіз мақала жарияланған. «Новые исследования Тувы» (2024), «Вестник РУДН. Серия: Литературоведение. Журналистика» (2021, 2024), «Вестник РУДН. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика» (2024) және т.б.

С.В.Ананьева іргелі және қолданбалы зерттеулер саласында маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Оның филология ғылымының өзекті мәселелері бойынша дайындап жарыққа шығарған монографиялары: «Время – Пространство – Автор. Приём автобиографизма и пространственно-временная организация художественного текста» (2003), «Творчество Герольда Бельгера в контексте современного литературного процесса» (2004, қосалқы автормен), «Казахстанская Пушкиниана» (2009), «Русская проза Казахстана» (2010), «Морис Симашко. Опыт филологического прочтения» (2014), «Национальные литературы в диалоге (2017, қосалқы автормен, Яссы, Румыния), «Русская литература в мировом пространстве» (2017, қосалқы автормен, Печ, Венгрия), «Эрнст Боос: Через тернии судьбы» (2017), «Беларусь в творчестве и судьбе» (2018, қосалқы автормен, Минск, Беларусь), «Духовные ценности как основа фундамента культуры народов» (2020, қосалқы автормен, Минск, Беларусь), «Абай и межкультурный диалог XXI века» (2021), мақалалар жинағы – «Встречи, которые выбрали нас» (2004), «Международное сотрудничество Института литературы и искусства им.М.О.Ауэзова» (2006). Оның кітаптарына жазылған рецензиялар АҚШ, Словакия, Румынияның басылымдарында, «Наука и высшая школа Казахстана», «Вестник Московского университета», «Евразия», «Ақиқат» журналдарында, «Deutsche Allgemeine Zeitung», «Казахстанская правда», «Литературная газета» (Мәскеу), «Вечерняя Астана», «Республика.kz», «Голас Радзимы» (Минск), альманах «Літаратура і мастацтва» (Минск), «Голоса Сибири» (Кемерово), «Книголюб» газеттерінде, ТМД мен Балтық елдерінің Аудармашылар одағы сайтында http://www.twunion.org/ru/about.htm жарияланды. Мәскеудің Аудармашылар одағында (2010), Ғылым мен мәдениет саласындағы Ресей орталығында (Астана, 2011), Михайловскіде өткен

«Пушкин және 1812 жылғы соғыс» конференциясында (2012), Славян кітапханасында (Хельсинки, 2012), Беларусь Республикасының Ұлттық кітапханасында (2017), П. Лулумба ат. РХДУ (2024), Анадолы университетінде (Түркия) және т.б. жерлерде «Казахстанская Пушкиниана» кітабының тұсаукесері өтті.

ҚР ҒЖБМ ҒК гранттық қаржыландыру бойынша «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары», «Ең жаңа шетел әдебиеті», «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан халқының әдебиеті», «XXI ғасырдағы әлемдік әдеби үдеріс», «Ең жаңа дәуірдегі қазақ-американдық әдеби ынтымақтастық», «Қазақстан және әлемдік әдеби кеңістік: компаративті зерттеулер», «Қазақ әдебиеті халықаралық контексте: постнеклассикалық гносеология және плюрверсалдылық» деп аталатын жобалардың ғылыми жетекшісі. Осы жобалардың аясында шетелдік әдебиеттанушылармен, сыншылармен, ЖОО оқытушыларымен бірлесіп жазған ұжымдық ғылыми монографиялар, ғылыми жинақтар мен оқу құралдары жарық көрді. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру және Іргелі ғылыми зерттеулер шеңберінде С.В. Ананьеваның ғылыми редакциясымен «Қазақстан менің тағдырымда» хрестоматиясы (2 томдықта, 2019, 2020); шетелдік зерттеушілердің қатысуымен «Жаһандық әлемдегі мәдениет» ғылыми жинағы орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде (2020), «Орыс әдебиетіндегі қазақ тақырыбы: имагологиялық дискурс» (2024), «XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстан әдебиеті: тарихи ретроспекциядан салыстырмалы нарратологияға дейін» (2025), «Әлемдік әдебиеттану» (2025) ұжымдық монографиялары жарық көрді.

Жауапты редактор, редакциялық алқа мүшесі және 30-дан астам ғылыми жинақтар мен ұжымдық монографиялар бөлімдерінің авторы, олардың ішінде: «Творчество русских писателей Казахстана. Литературно-критические очерки» (1992), «Евразийский талисман» (1996), «Литература народов Казахстана» (2004), «Очерки зарубежной литературы XX-XXI столетий» (2008), «Литературно-художественный диалог» (2007), «Международные связи казахской литературы в период независимости» (2008), «Интеграционные процессы и казахская литература» (2011), «Новейшая зарубежная литература» (2011), «Классические исследования». Т.IV. Т. XIX. Т. XXVII. Т. XIII (2012-2013), «Литература народа Казахстана. Екінші толықт.басылым» (2014), «Современная литература народа Казахстана» (2014), «Мир Олжаса Сулейменова» (2015), «Казахско-американские литературные связи: современное состояние и перспективы» (2016), «Творчество Абая Кунанбаева в зарубежной рецепции» (2016), «Абай Кунанбаев в мировом литературоведении» (2017), «Мировой литературный процесс: контент, направления, тренды. Учебное пособие» (2017), «Мировой

литературный процесс XXI века» (2016), «Абай и Навои» (2018), «Культура в глобальном мире» (2020), «Казахстан в моей судьбе» (I, II т., 2019, 2020), «Литература Казахстана в зарубежных источниках» (2021), «Зарубежное восприятие литературы Казахстана» (2024) және т.б. «Литература корейской диаспоры Казахстана: анализ и интерпретации» әдістемелік құралының тарауларының авторы (ред. Л. Сафронова. Алматы, 2019).

Жарияланған ғылыми еңбектер Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласында сұранысқа ие және отандық әдебиеттанушылардың Қазақстанның әдебиеті мен мәдениеті туралы білімдерін кеңейтетін шетелдік жетекші ғылыми орталықтармен ғылыми ынтымақтастығын жандандыруға бағытталған. Авторлық ұжым «Қоғамдық ғылымдар» номинациясы бойынша «Ғылыми кітап» үздік ғылыми-зерттеу жобасы үшін ТМД Ғылым академиялары халықаралық қауымдастығының Халықаралық конкурсының, Кітап шығару кеңесінің дипломының лауреаты (Мәскеу, 2012), Беларусь Республикасы Министрлер Кеңесінің және «Звязда» баспа үйінің дипломдарымен (Минск, 2015; Минск, 2022), «Гуманитарлық саладағы үздік ғылыми кітап – 2016» халықаралық байқауының «Филология, өнертану, мәдениеттану» номинациясының жеңімпазы дипломымен (Киров, РФ) марапатталды.

Монографияларға жазылған рецензиялар Словакия, Румыния, Германия, Молдова басылымдарында, «The Russian Review» (АҚШ, Канзас), «Вестник Московского университета», «Литературная газета», «Новое литературное обозрение» басылымдарында, «Знамя» журналында, «Літаратура і мастацтва» (Минск), «Голоса Сибири» (Кемерово) басылымдарында, ТМД және Балтық елдері Аудармашылар одағының сайтында, «Қазақстан – Беларусь» әдеби альманахында және отандық басылымдарда («Мысль», «Ақиқат», «Казахстанская правда», «Простор» және т.б.) жарық көрді.

С.В. Ананьева сонымен қатар, халықаралық ірі ғылыми жобалардың қатысушысы:

- ТМД-ға мүше мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі халықаралық қорымен (ГЫХҚ) бірлесіп «ТМД әдебиетінің классикасы» сериясының «ТМД фольклоры мен әдеби ескерткіштері» (2009-2011) томдарын басып шығару жобасы («Льется песня под домбру», «Небосвод над моей головой», «Под парусом вечного неба», С.А. Қасқабасовтың «Золотая жила» монографиясы);

- РҒА М. Горький атындағы Әлем әдебиеті институтымен бірлесіп шығарылған «Әдеби-көркем диалог» (2007) ұжымдық монографиясы және «Ұлттық әдебиеттер тарихы: оқу және қайта пайымдау. V шығарылым» (Мәскеу, 2016);

- РҒА Орыс әдебиеті институты – Пушкин үйі дирекциясының шақыруымен «Достоевский. Материалдар мен зерттеулер» сериясының XX мерейтойлық томындағы «Достоевский Қазақстанда» бөлімінің авторы (Санкт-Петербург, РҒА Орыс әдебиеті институты, 2013);

- Корея Республикасының Мәдениет, спорт және туризм министрлігімен бірлесіп ғылыми семинарлар мен мәдени ресурстарды дамыту жөніндегі IV Корея-Орталық Азия кеңесін дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің мүшесі, оның қорытындысы бойынша Корея Республикасында ғылыми жинақтар мен кітаптар жарық көрді (2010-2011);

- «Der misstrauischen sonne entgegen… Навстречу недоверчивому солнцу…» XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы ресейлік немістердің әдебиеті антологиясының екі басылымының редколлегия мүшесі және Г. Бельгер, А. Дебольский мен Р. Жакмьеннің шығармашылығы туралы бөлімдердің авторы (Мәскеу, 2013; Мәскеу, 2016, ГФР Сыртқы істер министрлігінің қаржылай қолдауымен);

- Колумбия университетімен (АҚШ) бірлесіп, отандық және шетелдік басылымдарда оң пікірлерге ие болған және АҚШ-тың жоғары оқу орындары мен кітапханаларында сәтті таныстырылған қазақ прозасы мен поэзиясының «The Stories of the Great Steppe. First Edition» (New-York Columbia University: Cognella Academic Publishing, 2013) және «Summer Evening, Prairie Night, Land of Golden Wheat». The Outside World in Kazakh Literature. First Edition (New-York Columbia University: Cognella Academic Publishing, 2016) антологияларын басып шығару жобасы;

- Қазақстан мен Ресей Жазушылар одақтарының «Тәуелсіз Қазақстан: Қазіргі заман әдебиетінің антологиясы» халықаралық баспа жобасы (Мәскеу, 2014);

- «Қазақстан-Ресей» I-IV альманахтарының авторы және құрастырушысы (Мәскеу, 2015-2019);

- «Еуразия мәдениеті контексіндегі қазіргі Қырғызстан мен Қазақстанның сөз өнері» ұжымдық монографиясы бөлімінің авторы (Бішкек, ҚР ҰҒА Философия және саяси-құқықтық зерттеулер институты, 2017);

- «Әдеби трансшекаралық кеңістік: Ресей мен Қазақстандағы орыс сөз өнері» ұжымдық монографиясы бөлімінің авторы (Барнаул, Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2017);

- «Магиялық реализм» ұжымдық монографиясы бөлімінің авторы (София, Болгария ҒА Әдебиет институты, 2019);

- Қазақ прозасы мен поэзиясының антологияларын БҰҰ-ның 6 тіліне басып шығару жөніндегі «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасының қатысушысы (2020);

- «Қазақстан-Беларусь» алғашқы әдеби альманахының авторы және редактор-құрастырушысы (Алматы, 2020);

- «Русистика және қазіргі заман» ұжымдық монографиясы бөлімінің авторы (Рига, Балтық халықаралық академиясы, 2021);

- «ТМД елдерінің қазіргі әдебиеті: Проза» антологиясының редакциялық кеңес мүшесі және мақала авторы (Мәскеу, 2022).

С.В. Ананьеваның Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Беларусь, Венгрия, Германия, Грузия, Украина әдебиеттанушыларымен ғылыми байланыстарды орнатуға, нығайтуға және кеңейтуге қосқан жеке үлесі зор. ҚР филологтарының бірінші съезінің делегаты (Астана, 2013), «Отандастардың әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы» Дүниежүзілік конгрестің (Мәскеу, 2013) және славистердің XV халықаралық съезінің (Минск, 2013) қатысушысы.

ASEEES (Славян, Шығыс Еуропа және Еуразия зерттеулері қауымдастығы, АҚШ), CIES (Салыстырмалы және халықаралық білім беру қоғамы, АҚШ), Халықаралық Достоевский қоғамының мүшесі, ұйымдастыру комитеттерінің мүшесі және төмендегі халықаралық конференциялардың секция жетекшісі: «Орыс әдебиетіндегі қасиетті әкелер дәстүрі» (Омбы, 2005); «Ломидзе оқулары» (Мәскеу, РҒА М. Горький атындағы Әлем әдебиеті институты, 2005); «Славян әдебиеттерінің нарративті дәстүрлері (орта ғасырлар және жаңа заман)» (Новосибирск, РҒА Сібір бөлімшесі, 2006); «Қазіргі әлемдегі көркем аударма» (Баку, 2012); ТМД және Балтық елдері аудармашыларының «ТМД және Балтық елдері: біртұтас мәдениетаралық кеңістік» семинары (Мәскеу, 2010); ТМД елдері шығармашылық және ғылыми зиялыларының «ТМД-ға мүше мемлекеттердің тарихи-мәдени мұрасы: ортақ байлық және тұрақты даму ресурсы» VI форумы (Киев, 2011); «Жазушы және уақыт» I-VII халықаралық әдебиетшілер симпозиумдары (Минск, 2015-2021); Каспий маңы елдері мен аумақтары әдебиеттерінің «Каспий – достық теңізі» халықаралық форумы (Астрахан, 2015); «Франциск Скорина» халықаралық симпозиумы (Минск, 2018); О. Сүлейменовтің 85 жылдығына арналған «Біз басқадан өзімізді тани отырып, өзімізге қарай көшіп барамыз...» халықаралық ғылыми конференциясы (Алматы, ЮНЕСКО аясындағы ХМЖО, 2021); Еуразия мәдениеттерін жақындастыру жөніндегі «Ортақ этосты қалыптастыру: саналы өзара тәуелділік дәуіріне қарай» IV жаһандық кеңестер (Алматы, ЮНЕСКО аясындағы ХМЖО, 2021); «Мұхтар Әуезов мұрасы және әлемдік өркениет» (2022); «Створення нової наукової біографії Тараса Шевченка: концептуальні підходи та дослідницькі стратегії». Дев'ятие Міжнародние Шевченківські читання («Тарас Шевченконың жаңа ғылыми биографиясын жасау:

тұжырымдамалық тәсілдер мен зерттеу стратегиялары». Тоғызыншы халықаралық Шевченко оқулары, Канев, 23 қыркүйек 2022) және т.б.

«Карамазовтардың аналары» Онлайн Пресимпозиум. Халықаралық Достоевский қоғамы, Нагоя шетелдік зерттеулер университеті (Нагоя, Жапония, 2022); «Судандағы орыс әдебиеті» халықаралық онлайн «дөңгелек үстел» (Хартум университеті, Судан; РУДН, Мәскеу, 26.02.2022); «Жазушының оқырман алдындағы азаматтық және көркемдік жауапкершілігі». «Жазушы және уақыт» әдебиетшілердің VIII халықаралық онлайн-симпозиумы (Минск, 23 наурыз 2022); «Алаш және Ахмет Байтұрсынов» кітабының таныстырылымы мен халықаралық онлайн «дөңгелек үстел» (Прага, 5 сәуір 2022); «Цифрлық дәуірдегі орыс тілі мен орыс әдебиеті» халықаралық ғылыми конференция (Мәскеу, Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті. 22 сәуір 2022); «Мәдениеттер мен әдебиеттердің бірлігі: Беларусь – бейбітшілік алаңы». Онлайн халықаралық «дөңгелек үстел». Я.Карский атындағы Гродно облыстық ғылыми кітапханасы (Гродно, Беларусь, 3 маусым 2022); Бірінші халықаралық гуманитарлық форум (Мәскеу, РУДН, 20 қазан 2022); М.О. Әуезовтің 125 жылдығына арналған халықаралық ғылыми онлайн конференция. Қазан қаласындағы Қазақстан Республикасының Бас консулдығы (Казань, 17 қазан 2022); «КСРО: әлеуметтік тәжірибе және мәдени құндылықтар. КСРО-дағы әдебиет феномені: есімдер, құбылыстар, сабақтар». Әдебиет институтының негізі қалануының 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Мәскеу, желтоқсан 2022); «Әлемдік әдеби кеңістікте М.О. Әуезов шығармашылығын қазіргі заманғы қабылдау» халықаралық симпозиумы (Лейден университеті, Лейден, Нидерланды, қазан 2022); «Би-, поли-, транслингвизм және лингвистік білім беру» (Мәскеу, 2 желтоқсан 2023); «Айтматов оқулары» (Бішкек, 11 желтоқсан 2023); «Ш. Айтматов. "Біз бір кемедеміз...". Орыс тіліндегі шығармашылық» (Бішкек, 12-15 желтоқсан 2023); «Ағартушылық және мәдениетаралық диалог. Қайым Насыри мұрасы қазіргі зерттеулер контексінде» (Казань, 19-20 маусым 2025); «Learning and Making: Weaving Climate, Water, Land, and Communities» халықаралық конференциясы (Оксфорд, қараша 2025); «Өз жерінің елшісі» VII халықаралық форумы (Алматы, 26 мамыр 2026) және т.б. халықаралық симпозиумдар мен «дөңгелек үстелдерде» ғылыми баяндамалар жасады.

С.В. Ананьева отандық әдебиеттану саласын таныту мақсатында, халықаралық симпозиумдар мен конференцияларда ғылыми баяндамалар жасады: ASN World Convention (4-6 мамыр 2017 ж., Колумбия университеті, Гарриман институты); 4-th Oxford Desert Conference (Оксфорд университеті, География және қоршаған орта

мектебі, 8-9 маусым 2017 ж.); «Қазіргі орыс тілі: қызмет етуі және оқыту мәселелері» (Лоранд Этвеш атындағы университет, Будапешт, 2018) және т.б. Белгілі шетелдік журналдарда көптеген ғылыми мақалалары жарық көрді: «Journal of Overseas Korean Culture» (Сеул, 2018), «Przeglad rusycystyczny» (Катовице, 2017), «Беларуская думка» және «Полымя» (Минск, Беларусь ЖАК), «Мир науки, культуры и образования. Филологические науки» (Горно-Алтайск, РФ ЖАК), «Филология и человек» (Барнаул, РФ ЖАК), «Полилингвальность и транскультурные практики» (Мәскеу, РФ ЖАК), «Вестник Российского Университета Дружбы народов. Филология, журналистика» (Мәскеу, РФ ЖАК, 2021), «Лингвориторическая парадигма: теоретические и прикладные аспекты» (Сочи, РҒДИ (РИНЦ), 2017-2022), «Нёман» (Минск, РҒДИ (РИНЦ)), «Звязда» (Минск), «Голас Радзімы» (Минск), сондай-ақ Шевченко оқуларының қорытындысы бойынша шыққан ғылыми жинақтарда (Черкассы, Канев, Украина) және т.б.

С.В. Ананьева – қазақстандық жетекші журналдар мен газеттердің беттеріндегі 500-ден аса жарияланымдардың авторы. С.В. Ананьеваның ғылыми зерттеулері жақын шетел (Ресей, Беларусь, Грузия, Украина, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Молдова) және алыс шетел (Ұлыбритания, Венгрия, Вьетнам, Болгария, Нидерланды, Корея Республикасы, Румыния, Польша, Чехия, АҚШ, Түркия) басылымдарында жарық көрді. Көркем сөз өнерін бағалайтын танымал әдебиеттанушының монографиялары мен еңбектері айқын, көркем стильді және жоғары кәсіби деңгейлі, тереңнен зерттелуімен дараланып тұрады.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының, Халықаралық Қазақ ПЕН-клубы атқарушы комитетінің, Қазақстан Жазушылар одағының Орыс әдебиеті және әдеби байланыстар жөніндегі кеңесінің, Беларусь Жазушылар одағының (Минск) мүшесі. Халықаралық ақпараттандыру академиясының (ХАА/МАИН) толық мүшесі, КазПРЯЛ және республикалық ОӘБ РОӘК (УМО РУМС) мүшесі, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры.

Редакциялық алқа мүшесі: «Светлые знаки Китая» альманахы (Минск); «Созвучие» альманахы (Минск); «KERUEN» журналы (М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, ҒЖБССҚҚ (КОКСОН), РҒДИ (РИНЦ)); «Халықаралық Шевченко оқулары» (Канев, Украина); «История книги. Гісторыя кнігі» сериясының халықаралық редакциялық кеңесі (Минск: «Звязда» баспа үйі); «Rustaveli conference» (Тбилиси, Грузия, Ш. Руставели атындағы Грузин әдебиеті институты); Тарас Шевченконың азат етілуіне 185 жыл толуына арналған «Тарасова Гора: люди и события» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Канев, Украина).

С.В. Ананьева ғылыми кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыруда да жоғары жетістіктерге ие. Қазақстан мен Ресейдің жоғары оқу орындары үшін «қазақ әдебиеті», «салыстырмалы әдебиеттану», «таяу шетел елдерінің әдебиеті және Қазақстан халықтарының әдебиеті» мамандықтары бойынша 4 филология ғылымдарының кандидатын, 8D01704 – «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 2 PhD докторын, 8D02304 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша 1 PhD докторын, сондай-ақ 7M01702 – «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 30-дан астам магистр дайындады.

Марапаттары:

Қазақстан Республикасының ғылымы мен техникасының дамуына аса көрнекті үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері (2011-2012); «Ерен еңбегі үшін» (2021) мемлекеттік наградасымен, Пушкин медалімен (Мәскеу, 2013), «За вялікі уклад у літаратуру» (Минск, 2014), «За общественное служение Союзному государству» (Мәскеу-Минск, 2019), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2020), «Алтын барыс» (2023) төсбелгілерімен, Халықаралық ТҮРКСОЙ (TÜRKSOY) ұйымының «Мұхтар Әуезов» алтын медалімен (2022), ҚХА-ның «Бірлік» үлкен алтын медалімен (2018) марапатталған. Сондай-ақ «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» (2015), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» (2016), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (2017), «Астана 20 жыл» (2018), «Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл» (2020), «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» (2020), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» (2021), «Сәкен Сейфуллинге 125 жыл» (2019), «Сәкен Сейфуллинге 130 жыл» (2024) мерейтойлық медальдарымен, «М. Дудин» медалімен (2021), «Ю. Казаков» медалімен (2024), «Олжас Сүлейменов» алтын медалімен (2024), Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдық мерейтойлық төсбелгісімен (2025) марапатталған.

ҚР Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың Алғыс хаттары (2022, 2023), ҚР БҒМ министрі Б. Әйтімованың «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолындағы үлесі мен жетістіктері үшін» құрмет грамотасы (2006), ҚР БҒМ министрі Е. Сағадиевтің «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін» құрмет грамотасы (2018), ҚР ҒЖБМ министрі С. Нұрбекұлының «Ғылым үздігі» құрмет дипломы (2025) және т.б.

Беларусь Ақпарат министрі Л.С. Ананичтің «Әдебиет аралық байланыстарды дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін» «Падзяка» («Алғыс хаты») (2016), «Звязда» баспа үйінің «Беларусь әдебиетін

әлемде қолдауға қосқан зор үлесі үшін» дипломы (Минск, 2016) және т.б.

С.В. Ананьеваның ғылыми қызметі туралы мәліметтер «Казахстанская русистика в лицах» (2009), «РҒА М. Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының еңбектері» библиографиялық көрсеткішіне (Мәскеу, 2012), «Қазақстан халқы» энциклопедиясына (2016) және «ҚР Жазушылар одағы» анықтамалығына (2020) енгізілген.

С.В. Ананьеваның), ҚХА ҒСК (Ғылыми-сарапшылық кеңес) мүшесі Алматы қаласының ҚХА ҒСТ (Ғылыми-сараптамалық топ) төрағасының орынбасары, «Мирас» қоғамдық кеңесінің (Аманат, Алматы) мүшесі, Қоғамдық келісім кеңесінің мүшесі, «Беларусь мәдени орталығы» Аймақтық қоғамдық бірлестігі басқармасының мүшесі ретіндегі ғылыми, сараптамалық және жобалық бағыттардағы белсенді қоғамдық жұмысы игілік пен рухани келісімнің гуманистік идеалдарына жоғары қызмет етуге, достық пен этносаралық бірлікті нығайтуға бағытталған.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

С. Ананьеваның «Уақыт – кеңістік – автор. Автобиографиялылық тәсілі және мәтіннің кеңістіктік-уақыттық ұйымдастырылуы» («Время – пространство – автор. Приём автобиографизма и пространственно-временная организация текста») монографиясы (Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2003), редакторлар М. Кушникова мен В. Тогулевтің ұсынысы бойынша «Голоса Сибири» әдеби альманахының беттерінде (№4-6 2008, Кемерово, РФ) жарияланды. Кітап филология ғылымдарының докторы, профессор О.П. Пресняковты еске алуға арналған. Автор Ф.М. Достоевскийдің «Нақұрыс», «Қылмыс пен жаза» («Преступление и наказание»), «Ағайынды Карамазовтар» («Братья Карамазовы») және А.С. Пушкиннің «Қарғалы ханым» («Пиковая дама») шығармаларындағы көркемдік уақыт пен кеңістікті, өткен шақ, осы шақ және келешек шақтың өзара байланысын қарастырады. Орыс классигінің прозасындағы хронотопты талдау жазушының дүниетанымындағы ерекшеліктерді ашуға мүмкіндік береді, ол қатаң эпикалық уақыттан «аттап өтіп», оқиғаны дағдарыс, бетбұрыс және апат нүктелеріне шоғырландырады, мұндайда қас-қағым сәт өзінің уақыттық шектеулігінен айырылады. Кейіпкерлердің іс-әрекеттері көбіне олардың өткен өмірімен айқындалады және болашағына тәуелді болады.

С. Ананьеваның зерттеуі «таңдалған тақырып пен проблеманың өзектілігімен де, оқу-әдістемелік маңыздылығымен де, авторлық

логиканың айқындылығымен де ерекшеленеді. Пушкин туралы мемуарлық әдебиет материалдары негізінде автор және автобиографиялылық мәселесі көтерілетін бөлім эвристикалық сипатқа ие. Монография қазіргі авторлардың стильдік мәнерлерінің алуан түрлілігі, кеңістіктік-уақыттық конструкциялардың күрделі өрілуі туралы түсінік береді. «Ф.М. Достоевскийдің «Жын-перілер» («Бесы») және Пауло Коэльоның «Рио-Пьедра өзенінің жағасында отырып жыладым» («На берегу Рио-Пьедра села я и заплакала») романдарындағы баяндау құрылымының ерекшеліктері" деген қорытынды тарауда екі әлемде: өткен шақ пен осы шақта өмір сүретін кейіпкерлерді бейнелеудегі ортақ белгілер анықталған, бұл шығармалардың баяндау құрылымынан, хронотоп ерекшеліктерінен және т.б. көрініс табады» (В. Бадиков).

Монография Ресейде, Молдовада және Румынияда үлкен ғылыми қызығушылық тудырды. Қазақстандық баспасөзде («Еуразия»), ресейлік («Новый мир», «Голоса Сибири», «Наша газета», Кемерово) және еуропалық («Светлана Ананьева, Қазақстандық танымал достоевскийтанушы, Достоевскийге мазмұнды және тартымды әдеби зерттеулерін арнады» (Ливия Которча, «Kitej-grad», Румыния) баспасөздерде рецензиялар мен пікірлер жарық көрді.

С. Ананьеваның «Бізді таңдаған кездесулер» («Встречи, которые выбрали нас») ғылыми мақалалар жинағы (Алматы: XXI ғасыр мектебі, 2004) Абай, А.С. Пушкин, Жамбыл, М.О. Әуезов, Г. Гребенщиков, С. Мұқанов, Ш. Айтматов және т.б. шығармашылығы бойынша мерейтойлық халықаралық конференциялардың материалдары, ақпараттар, шолулар, сұхбаттар XX-XXI ғасырлар тоғысындағы Қазақстан әдебиеті мен өнерінің даму үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Кітапта Ресей, Түркия, Франция, АҚШ университеттерімен және ғылыми орталықтарымен халықаралық ғылыми байланыстар жинақталған. Жинаққа автордың М. Симашко, Н. Гринкевич, Г. Бельгер, Ф.П. Де ла Парте, С. Колчигинаның кітаптарына және З. Ахметов, У. Субханбердина, В. Бадиков, Ө. Күмісбаев, Б. Толмачев, Ш. Ибраев, Б. Мамраев, М. Хасанов және Ж. Қаракөзова, А. Жақсылықов, Т. Есенбеков, В. Савельева, А. Ісімақова, А. Түсіпова, Қ. Нұрғали, Г. Елеукенова, С. Барлыбаева, А. Темірболат, Е. Зейферт, Р. Батырбекова және т.б. ғылыми монографияларына жазған рецензиялары енгізілген. Материал: Сұхбат; Конференциялар; Мақалалар, Ақпарат, Хабарламалар; Рецензиялар; Мемогу деген тарауларға бөлінген. Қазақстан ғылымының дамуына баға жетпес үлес қосқан көрнекті ғалымдар И. Ғабдиров, М. Базарбаев, Н. Ровенский, Ш. Сәтпаева, Л. Әуезова, О. Нұрмағамбетова, Е. Лизунова, Х.Сыдиықов, А. Маловичко туралы «Мемогу» тарауы басылымды аяқтайды.

С. Ананьева мен Л. Бабкинаның «Қазіргі әдеби үдеріс контекстіндегі Герольд Бельгердің шығармашылығы» («Творчество Герольда Бельгера в контексте современного литературного процесса») ғылыми монографиясында (Алматы: XXI ғасыр мектебі, 2004), Қазақстанның белгілі көркем сөз шеберінің аудармашылық және жазушылық қызметі туралы алғашқы ғылыми зерттеулердің бірінде, оның шығармашылық даралығының бастауларын ашуға, қазақстандық болмыстың прозада бейнеленуіне және Г. Бельгердің әңгімелері, очерктері, повестері мен романдарын М. Симашко, Л. Вайдман, А. Дебольский, Ш. Айтматов, А. Ким шығармаларымен салыстырмалы аспектіде пайымдауға басты назар аударылған. Г. Бельгердің көркемдік әлемі – үй – ауыл, үй – дала, үй – жады архетиптерін және жол, Отан, жады концептілерін қамтиды. Автобиографиялық бастау өте мықты. Аудармашылық қызмет, публицистика және проза бірін-бірі сәтті толықтырып тұр. Г. Бельгердің неміс отбасының үш ұрпағының тағдыры туралы, репрессиялар, соғыс, еңбек армиясы, соғыстан кейінгі кезең мен қазіргі заман көрініс тапқан «Кезбенің үйі» («Дом скитальца») және «Тұйық су» («Туюк су») романдары А. Дебольскийдің «Қарапайым адамдар» («Простые смертные») және Л. Вайдманның «Тыйым салынған халық» панорамалық туындыларымен салыстырмалы аспектіде талданған. Уақыт байланысы, депортацияланғандардың тағдыры, XX ғасырдың қасіретті жаңғырығы Қазақстанның неміс жазушыларының шығармаларында көрініс табады. С. Ананьева мен Л. Бабкинаның кітабының тұсаукесері Алматы қаласындағы Неміс үйінде өтті. Кітапқа жазылған рецензия мен тұсаукесер туралы ақпарат «Вестник Московского университета» журналында, «Книголюб» альманахында және т.б. басылымдарда жарық көрді.

С. Ананьеваның «М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының халықаралық ынтымақтастығы» («Международное сотрудничество Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова») ғылыми басылымы (Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2006) үшінші мыңжылдықтың басындағы Институттың жетекші ғылыми қызметкерлерінің Башқұртстан, Германия, Мажарстан, Мысыр, Үндістан, Испания, Италия, Корея, Қырғызстан, Литва, Ресей, АҚШ, Түркия, Өзбекстан, Украина, Францияның белгілі әдебиеттанушыларымен, жазушыларымен, әдеби сыншыларымен, аудармашыларымен, баспагерлерімен, өнер кайраткерлерімен жан-жақты ғылыми және шығармашылық байланыстарын көрсетеді. Кітап екі бөлімнен тұрады: «М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы кездесулер» және «Бірлескен конференциялар мен басылымдар». Басылымның басты

лейтмотиві – отандық әдебиеттанушылардың үнемі кеңейіп, тереңдеп келе жатқан диалогқа дайындығы болып табылады.

С. Ананьева, Қ. Нұрғали, А. Бейсенбаеваның **«Николай Ровенский: сыншы, әдебиеттанушы»** («Николай Ровенский: критик, литературовед») деп аталатын монографиясында (Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық-баспа бөлімі, 2012) Н. Ровенскийдің жанры жағынан алуан түрлі, тақырыбы мен проблемасы жағынан бай әдеби-сын мұрасы зерттелген. Сын интерпретация өнері ретінде оның кітаптарында, мақалалары мен рецензияларында жетекші рөлге ие. Әдеби сынның басты сипаттары: мазмұндылық, азаматтық ұстаным, шынайылық, объективтілік, шеберлік. Н. Ровенскийдің әдеби және сын мұрасы XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан әдебиеті мен сыны тарихындағы заңды буын болып табылады. Әдеби қызығушылықтарының аясы кең әрі алуан түрлі: XIX ғасырдағы орыс әдебиетінен бастап Қазақстанның қазақ, орыс, ұйғыр, неміс жазушыларының шығармашылығына дейін, көркем шығармалардың стилі мен поэтикасы мәселелері, оқырман қауымның эстетикалық талғамын тәрбиелеу. Н.С. Ровенский алғаш рет – ұлттық республикадағы орыс жазушысы, этнографиялық шекараның түйісуі, қос тілділік сияқты мәселелерді жарыққа шығарды. Славян-түркі дуализмінің еуразиялық негізі туралы өзіндік идеяны дамытты. Н. Ровенскийдің пікірінше, «сыншы үшін өзі жақсы көретін, терең түсінетін және көркемдік тұрғыдан мінсіз шығарма туралы жазу – нағыз бақыт». Кітап авторлары мынадай басты тұжырымға келеді: «Н. Ровенский өзінің бүкіл өмірлік және шығармашылық жолында қазақ және орыс әдебиеттерінің көркемдік тамырларының тұтасу құпиясын ашуға ұмтылды және өзінің "Еуразиялық бойтұмар" («Евразийский талисман») жинағына енген соңғы мақалаларында орыс әдебиетінің көптеген шығармаларына өзіндік пайымдау жасап, "оның гуманизмі мен бүкіләлемдік үнқатысуын" (Е. Зейферт) нәрлендірген қосымша тамырларды анықтайды».

«Қазақ әдебиетінің тарихы» он томдығының «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің тарихы» атты оныншы томы үшін (Жауапты редакторы Ш.Р. Елеукенов, Алматы: ҚазАқпарат, 2006) С.В. Ананьева (Б.Б. Мамраевпен бірге) «Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан халықтарының әдебиеті» («Литература народов Казахстана периода Независимости») бөлімін жазды. Республиканың сөз зергерлерінің шығармашылық даралығы мен болмысты бейнелеудегі түрлі ұстанымдары Қазақстанның орыс, ұйғыр, корей, неміс әдебиеттеріндегі көркемдік шешімдердің алуан түрлілігін айқындады. Бұл әдебиеттер терең ұлттық сипатқа ие бола отырып, қазақ мәдениетінің дәстүрлері

мен элементтерін: тұрмыс детальдарын, ән мәдениетін, жарқын бейнелілік пен қайталанбас колоритті өз бойына үйлесімді сіңірді. Қазақстан жазушыларының шығармашылық мұрасын зерттеу әлемнің ұлттық бейнесін тануда жаңа қырларды ашуға мүмкіндік береді.

С. Ананьеваның «Қазақстанның орыс прозасы» («Русская проза Казахстана») монографиясы (Алматы: «Жібек жолы» БҰ, 2010) республикадағы орыс прозасын мультимәдени ортаның жалпыәдеби үдерісінің бір бөлігі, сонымен бірге Қазақстанның рухани атмосферасына айтарлықтай әсер ететін дербес шығармашылық феномен ретінде зерттеуге арналған. Қазақстанның қазіргі әдеби үдерісінде орыс прозасы тарихи тұрғыдан маңызды орын алып, стильдік формалардың қозғалысы мен дамуы тұрғысынан талданады. Қазақстандағы орыс әдебиетінің дамуына дүниежүзілік әдеби үдерістің жалпы заңдылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, орыс және қазақ әдебиеттерінің өзара ықпалдасуы тұрғысынан оның кейбір ірі кезеңдерін бөліп көрсете отырып, біртұтас процесс ретінде қарау ұсынылған. Әртүрлі жанрдағы әдеби материалды зерттеуге кешенді көзқарас Қазақстанның орыс прозасындағы жанрлық жүйенің өзгерістерін қадағалауға, оның дамуының кейбір негізгі үрдістерін, қайта құрудан кейінгі дәуір әдебиетінің тақырыптары мен проблемаларының жаңалығын анықтауға, ғасырлар тоғысындағы және XXI ғасырдың алғашқы онжылдығындағы Қазақстан орыс әдебиетінің айырмашылықтарын көрсетуге мүмкіндік береді. Автор романның жанрлық формаларын (тарихи, автобиографиялық және т.б.) зерттейді, қазіргі прозадағы поэтика мен типологиялық сипаттарды, саяси репрессиялар тақырыбын, еуразиялық сарындарды, отан және жады концептілерін ашады. Қоғамның тарихи даму үдерісінде, тәуелсіздік кезеңінде прозаиктердің эстетикалық көзқарастарының эволюциясы, Қазақстанның орыс әдебиетіндегі баяндау жанрларының тарихи-революциялық повестер мен роман-дилогиялардан (Дм. Снегин, И. Щеголихин және т.б.) философиялық және интеллектуалдық эссеге дейінгі эволюциясы қарастырылған. Орыс әдебиеті дамуының бейнесі туралы түсініктер тереңдеп, кеңейе түседі, әдеби дамудың терең заңдылықтары айқындалады, жазушылық шеберліктің өзіндік ерекшелігі ашылады. Әдеби үдеріс неғұрлым ірілендіріліп көрсетілген, бұл алдыңғы контекстердегі құбылыстардың оқшаулануын болдырмауға мүмкіндік береді. Монография туралы Б. Майтанов, В. Савельева, Н. Курпякова және т.б. жазған.

ТМД елдерінің ешбірінде Пушкиниана Қазақстандағыдай өте қарқынды дамыған жоқ. С.В. Ананьева «Қазақстандық Пушкиниана. XX ғасырдың соңғы ширегі – XXI ғасырдың бірінші онжылдығы» («Казахстанская Пушкиниана. Последняя четверть XX века – первое

десятилетие века XXI») монографиясында (Алматы: «Жібек жолы» БҮ, 2009) қазақстандық пушкинтанушылардың әлемдік Пушкинианаға қосқан үлесін жинақтайды. Алғысөзбен және «Мәтін құрылымындағы авторлық элемент», «Диалогтық өзара іс-қимыл: Қазақстан әдебиетіндегі Пушкин», «Заманауи зерттеулер: гипотезалар мен жаңалықтар» деген алғашқы үш тарауда ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы маңызды зерттеулер (Н. Раевский, Г. Бельгер, С. Әбдірахманов, Н. Щербанов, Е. Гусляров, О. Видова және т.б.), Пушкин поэзиясының қазақ тіліне аударылуы (Абай, І. Жансүгіров, Т. Жароков, С. Тайжанов, Ә. Тәжібаев, Қ. Салықов және т.б.) және Қазақстан Пушкинианасының туындылары (Дм. Снегин, К. Кешин, К. Гайворонский, Г. Доронин, М. Кузин және т.б.) туралы сөз болады. Кітаптың екінші бөлімі А.С. Пушкин шығармашылығына, соңғы он жылдағы қазақстандық-ресейлік мәдени ынтымақтастыққа арналған Халықаралық ғылыми конференциялар туралы мақалалар мен автордың отандық, ресейлік және шетелдік басылымдардағы мақалаларының библиографиясын қамтиды. Отандық әдебиеттанушылардың кітаптары ғылыми айналымға енгізілді, оларды әлемнің көптеген елдеріндегі ақын шығармашылығын зерттеушілер цитата ретінде келтіреді. Ресейлік және әлемдік контекстегі көпқырлы әрі алуан жанрлы Қазақстан Пушкинианасы жаңа жаңалықтар сыйлайды, оқырманға Пушкин дәуіріне жақындауға, данышпанның жұмбағы мен дуэльдің құпиясын шешуге тырысуға мүмкіндік береді.

Кітаптың тұсаукесері «ТМД және Балтық елдері: біртұтас мәдени тараалық кеңістік» атты семинар аясында (Мәскеу, Ресей аудармашылар одағы, 2010), Ресей ғылым және мәдениет орталығында (Астана, 2011), РФ Алматы қаласындағы Бас консулдығында (2012) өтті. Тұсаукесерлер туралы ақпарат «Казахстанская правда», «Республика.kz», «Вечерняя Астана» газеттерінің беттерінде, ал «Казахстанская Пушкиниана» кітабына жазылған рецензиялар – «Ақиқат» және «Studii de Slavistica» (Яссы, Румыния) журналдарында, «Казахстанская правда» газетінде, «Голоса Сибири» альманахында, ТМД және Балтық елдері аудармашылар одағының сайтында және т.б. басылымдарда жарық көрді. Кітап туралы ҚР ҰҒА академигі С.А. Қасқабасов, М. Кушникова мен В. Тогулев (Кемерово), К. Кешин, Е. Зейферт, Р. Кесслер (Мәскеу) жазды. «Н. Раевскийдің кітаптарында, – деп жазады С. Ананьева: көзқарас ауысып, автор өзінің оқырманына, ал оқырман – жазылған дүниені әр кез жаңадан жасаушы қосалқы авторға айналады. Мәтін оқырманды өзіне тартып, тереңдікке бойлай береді».

Қазақстанның халық жазушысы, қайталанбас сөз зергері, жазушы, аудармашы, публицист М. Симашконың интеллектуалдық тұрғыдан

бай, философиялық-сырласу сипатындағы прозасы С. Ананьеваның «Морис Симашко. Филологиялық оқу тәжірибесі» («Морис Симашко. Опыт филологического прочтения») монографиясында (Қарағанды: ЖК, 2014) XX ғасырдағы негізгі тарихи-әдеби үдерістің жарқын құрамдас бөлігі ретінде талданады. Мәдени дистанция және мәдени трансфер идеялары жазушыға тілдер, мәдени жүйелер, дәстүрлер мен дүниежүзілік өркениеттер арасындағы шекараларды еркін еңсеруге мүмкіндік берді. Прозаиктің шығармашылығы ғасырлар, дәуірлер, өркениеттер мен мәдениеттер полилогы мәнмәтінінде, автобиографиялық жады, Отан және Ұлы Жібек жолы жадысы, ғасырлар мен өркениеттер арқылы өтетін жол концептілері қырынан қарастырылады. Оның Шығыс мәдениеті мен өркениеттеріне, Орталық Азия тарихына арналған туындыларында көркем бейнеленген рухани және моральдық құндылықтардың, дүниежүзілік этиканың, диалог пен ынтымақтастықтың мәңгілік мәселелері бүгінгі күні де сұранысқа ие әрі өзекті. Ол өзі куәгер және қатысушы болған алыс өткен шақтан XX ғасырдың қаһармандық әрі қасіретті оқиғаларына еркін ауысып отырды. Ұлттық бірегейлік пен ұлттық сана-сезімді іздеу мәселесін көркемдік тұрғыдан шешті. М. Симашконың айқын тәрбиелік және дамытушылық бағыты бар тартымды прозасы әлемдік ғылымда байырғы дәстүрі бар филологиялық қырынан пайымдалған. Монография туралы М.М. Әуезов, Л. Гирш, Л. Кошут, К. Султанов, А. Карлюкевич, А. Арцишевский, Ф. Оразбекова, Р. Артемьева және т.б. жазды. «Жазушы шығармашылығының көптеген ерекшеліктері туралы біз оның туындыларын, соның ішінде, бәлкім, ең "оқылмаған әрі лайықты бағаланбаған" – өткен ғасырдың соңында Қазақстандық ПЕН-клуб Нобель сыйлығына ұсынған "Семирамида" романын филологиялық пайымдау тәжірибесінен білеміз» (Л. Шашкова).

С. Ананьеваның «Эрнст Боос: тағдырдың қиыншылықтары арқылы» («Эрнст Боос: Через тернии судьбы») кітабында (Алматы: «Возрождение Қазақстан немістерінің бірлестігі» қоғамдық қоры, 2017) белгілі ядролық физик, Қазақстан ҰҒА академигі, педагог, Германиядағы неміс физикалық қоғамының шетелдік мүшесі, Қазақстан немістерінің ғылыми қоғамының (ҚНҒҚ) негізін қалаушы Э.Г. Боостың өмірлік және көпқырлы ғылыми жолы ашып көрсетілген. ҚНҒҚ-ға еліміздегі көптеген этностардың өкілдері, жетекші мамандар мен түрлі мамандықтағы жас ғалымдар енді. Белсенді өмірлік ұстанымы бар тұлға Э.Г. Боос өзі өсіп-өнген, өмірге жолдама алған және әлемдік деңгейдегі ғалым ретінде қалыптасқан қазақ жері алдындағы перзенттік парызын толық өтеді. Отандық ядролық физиктің ғылыми зерттеулері әлемдік ғылымның жетекші трендімен: жоғары энергиялы бөлшектер физикасы мен ғарыш сәулелері бойынша ғылыми зерттеулердің тығыз

астарласуымен ұштасып жатыр. Өзінің ғылыми зерттеулерінде Э.Г. Боос микроәлем мәселелерінен макроәлем мәселелеріне ауысып, жоғары энергиялар микрофизикасы мен алып массалар және қашықтықтар астрофизикасы мәселелерінің тұтасуы туралы жазады. Оның халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайтуға және Қазақстан мен Германия университеттері арасындағы білім беру байланыстарын орнатуға қосқан жеке үлесі ерекше маңызды. Ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметке көп күш-жігерін жұмсаған Э. Боостың өмірінде ғылыми *тәжірибені* жас ғалымдар буынына табыстау – ең маңызды құрамдас бөлік. Кітап «Ғылымға арналған өмір жолы…» («Путь в науку длинною в жизнь…»), «*Көшбасшы*, ұйымдастырушы, зерттеуші» («Лидер, организатор, исследователь»), «Эрнст Боостың жұлдызы» («Звезда Эрнста Бооса») атты үш тараудан тұрады.

С.В. Ананьева мен А.Н. Карлюкевичтің «Беларусь шығармашылық пен тағдырда: кеңістік пен уақыттағы әдеби диалог» («Беларусь в творчестве и судьбе: литературный диалог в пространстве и времени») атты монографиясы (Минск: Звязда, 2018) Қазақстан мен Беларусь арасындағы қазіргі заманғы әдеби ынтымақтастыққа арналған. Көпқырлы мәдени байланыстардың дәстүрлері XXI ғасырда жаңа деңгейге көтерілуде. Жаңа дәуірдегі мәдениеттер диалогы тек бір-бірін түсінуге ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі тануға да бағытталған. Кеңейіп келе жатқан диалог кеңістігінің мәнмәтініне әдебиеттанушылар, баспагерлер, аудармашылар, көркем сөз өнерін сүйетіндер мен жоғары бағалайтындар тартылуда. Отан концептісі мен өмір концептісінің ассоциативті байланыстары Ә. Шәріпов шығармашылығында басымдыққа ие, ол үшін Отан тек Қазақстан мен Беларусь қана емес, сонымен бірге бүкіл Кеңес Одағы болып табылады. Монографияның бірінші тарауы Ә. Шәріпов, С. Сейітов, Л. Шашкованың *шығармашылығына* арналған. *Екінші* тарауда – «Мәдени ерекше жады қазақ-беларусь және қазақ-америка әдеби ынтымақтастығының мәнмәтіні ретінде» («Культурная сверхпамять как контекст казахско-белорусского и казахско-американского литературного сотрудничества») – қазақ-беларусь әдеби байланыстары дамуының тарихы қорытылып, халықтардың өзара қабылдауы мәселесі тұрғысынан В. Кинг, Д.-Г. Барр және Л. Шашкова шығармашылығының компаративті аспектілері зерттелген. Аталған авторлар туындыларындағы тақырыптардың, басты кейіпкер бейнесінің үндестігі, шығармашылық тақырыбының ашылуы айқындалған. Жетекші тақырыптар: өмірдің мәнін іздеу, шығармашылық, қиял мен естеліктер әлеміне ену. «Беларусь-қазақстандық әдеби байланыстар дамуының жаңа кезеңіне Алматыда тұратын және жұмыс істейтін

әдебиеттанушы әрі сыншы, филология ғылымдарының кандидаты С. Ананьева зор серпін беріп отыр» (А. Карлюкевич).

С. Ананьева мен А. Карлюкевичтің «Шығармашылық – бұл ерік-жігер» («Творчество есть воля») атты монографиясы (Минск: «Звязда» БҰ, 2019) авторларының пікірінше, Қазақстан мен Беларусьтің поэзиялық үндестігі, Н. Келімбетов кітаптарының өзге ұлттық әлеммен, тілі басқа көркем сөз өнерімен таныстыру ретінде белорус тілінде жарық көруі жаңа көкжиектер ашып, жаңа мазмұн әкеледі. Бейбітсүйгіштік пен тату көршілік қарым-қатынастарды нығайту алаңы ретінде 2007 жылдың қыркүйегінен бастап Белорус жазушылары күні аясында өткізіліп келе жатқан «дөңгелек үстелдерден» бастау алған «Жазушы және уақыт» халықаралық әдебиетшілер симпозиумы қатысушыларының материалдары мен баяндамалары талданған. Көркем әдебиет гуманитарлық ынтымақтастықтың маңызды факторына айналуда. Гуманитарлық ғылымдар, халықаралық ынтымақтастық, Қазақстан мен Беларусьтің аударма және баспа саясаты саласындағы іс-тәжірибесі мен ынтымақтастық перспективалары барлық ТМД елдеріне таратылуы мүмкін, өйткені кітап авторларының пайымдауынша, бұл әдеби және шығармашылық байланыстарды қалпына келтіру мен нығайтудың, классикалық және қазіргі заманғы әдебиетті, элитарлық және бұқаралық беллетристиканы кеңінен дәріптеудің сәтті динамикасын көрсетеді.

С. Ананьева мен Қ. Нұрғалидің «Ұлттық әдебиеттер диалогы» («Национальные литературы в диалоге») атты монографияы (Яссы, Румыния, 2017) қазақ сөз өнерінің ТМД мен Еуропа елдерінің ұлттық әдебиеттерімен әдеби байланыстарын қорытындылайды. Алғысөз авторы, филология ғылымдарының докторы, профессор Л. Берженару (А.И. Куза атындағы Яссы университеті) жүргізілген зерттеудің өзектілігі мен сұранысқа ие екендігін баса айтып, бұдан былайғы салыстырмалы-салғастырмалы пайымдаулардың перспективаларын белгілейді. Қазақстан Республикасының ұсынысы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясы жариялаған Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру онжылдығы (2013 – 2022) мәдениаралық диалог бойынша көптеген іс-шаралар мен жобаларға бастамашы болды. Әлемдік әдебиеттанудың, компаративистика мен герменевтиканың жетекші трендтері мәнмәтінінде Қазақстан ақындары мен жазушылары дүниежүзілік әдебиеттер диалогының белсенді қатысушылары болып табылады. Монография авторлары трансшекаралық аумақтардағы қазақ әдебиетінің басқа ұлттық әдебиеттермен мәдени өзара ықпалдастығының формаларын қорытындылайды, ұлттық әдебиеттер арасындағы диалогтық қарым-қатынастардың әртүрлі типтерін, тақырыптар мен проблемалардың ортақтығын айқындайды.

Мәдениеттер диалогы түбегейлі ашық және үнемі дамып отырады. Қазақ әдебиеті әлемдік әдеби үдеріске өз әсерін тигізуде.

Қазақстандағы орыс әдебиетінің дамуы С. Ананьева мен В. Вегваридің «Әлемдік кеңістіктегі орыс әдебиеті» («Русская литература в мировом пространстве») атты монографиясында (Печ, Мажарстан, 2017) қазіргі *дүниежүзілік әдеби үдеріс мәнмәтінінде және* Ресей сөз өнерінің, Беларусь, Молдова, Украина орыс әдебиетінің жетекші трендтері аясында зерттеледі. XXI мыңжылдықтың басындағы сөз зергерлерінің шығармашылығы әртүрлі көркемдік жүйелердің үрдістерін мұра етіп келеді. Ірі сөз суретшілері үрдістер мен әдеби бағыттардың нақты белгіленген шекараларына сыймайды. Қазақстанның орыс жазушылары дәуірді жеке тұлғаның тағдырымен байланыстыра отырып, философиялық тұрғыдан пайымдауға ұмтылады (Дм. Снегин, М. Симашко, Н. Раевский, И. Щеголихин және т.б.). Тарихи тұрғыдан орыс прозасы маңызды орын алатын Қазақстанның қазіргі әдеби үдерісін кітап авторлары стильдік формалардың қозғалысы мен дамуы, біртұтас әдеби-мәдени кеңістік ретінде талдайды. Композициялық жағынан монографияда «Орыс әдебиеті *мультимәдениеттілік жағдайында*» («*Русская литература в условиях* мультикультурализма»), «Көркем аударма және дербес стратегиялар» («Художественный перевод и персональные стратегии»), «Үзілген ішектердің қайта жалғануы» («Воссоединение оборванных струн»), «Тарих пен қазіргі заман» («История и современность») атты тараулар бөліп көрсетілген. Қазіргі дискурс теорияларында көркем мәтін күрделі лингвистикалық объект ретінде талданады. Интеграцияның мәдени қабаттары мәнмәтінінде кітаптың синтетикалық сипаты ашылады. Қазіргі зерттеушілер әдебиеттанудың өзінің дәстүрлі мамандығын сақтап қалуына шақырады. Көркем аударма ұлттық әдебиеттерді бір-бірімен таныстырып, әлемнің бейнесін байыта түседі. Мәдениеттер диалогындағы *өзінікі* мен *өзгенің* арақатынасы, өткен шақ пен қазіргі заман М. Симашконың еуразиялық, славяндар мен тұрандықтардың рухани туыстығы тақырыбы көрініс тапқан «Семирамида» романын мұқият пайымдау мысалында ашылады. Қазақстанның орыс прозасы мен поэзиясы Ресей, Беларусь, алыс және жақын шетел басылымдарында кеңінен ұсынылған.

К. Мирзоев, С. Ананьева, А. Карлюкевич және К. Абдрахмановаңың «Рухани құндылықтар – халықтар мәдениеті іргетасының негізі» («Духовные ценности как основа фундамента культуры народов») атты монографиясы (Минск: «Белпринт» ЖШҚ, 2000) қазақстандық қоғамның рухани құндылықтарын дәріптеу мәнмәтініндегі қазіргі заманғы мәдени өзара байланыстарды зерттеуге арналған. Қазақ мәдениеті мен өнері, еліміздегі этностардың ұлттық

әдебиеттері Шығыс елдерінде және бүкіл әлемде өз орнын дамытып, нығайтып келеді. Монография авторлары рухани жаңғыру тәжірибесін, Қазақстан халқының мәдени кодын зерттейді. Халықтардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін бейнелейтін әдеби туынды мәдениеттердің көпғасырлық өзара ықпалдасуының нәтижесі ретінде қарастырылады. Мәдени және әдеби диалог елдер мен халықтардың рухани жақындығының ғана көрнекі мысалы емес, сонымен бірге өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың жоғары деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

С. Ананьеваның «Абай және XXI ғасырдың мәдениаралық диалогы» («Абай и межкультурный диалог XXI века») атты монографиясында (Нұр-Сұлтан: БиКа, 2021) әдеби құндылықтардың ең жаңа жүйесі мәнмәтінінде Абай Құнанбаевтың классикалық мәтінінің маңызы ашылады. Көркем аударманың эволюциясы мен генезисіне ерекше назар аударылған. Ұлы Абайдың корей, орыс, словак, серб, армян, әзербайжан, араб, испан, украин, француз, жапон тілдеріндегі жаңа аудармаларда үн қатқан XXI ғасырында әдеби диалог мәнмәтініндегі классиканы эстетикалық бағалау, қазіргі заманғы қабылдау және жаңаша пайымдау өзекті әрі маңызды болып табылады. Монографияда әдебиеттегі жазушы мен оқырман өзара ықпалдастығының және оқырманның қарқынды қатысуының жаңа типі (тірі сөз, интернет-коммуникация және желілік резонанс) қарастырылады, бұл Абай Құнанбаев шығармалары аударылған мәтінін сол аударылған ұлттық әдебиеттердің бір бөлігі ретінде белсенді пайымдауға ықпал етеді. Аударылған мәтіннің әлемнің әртүрлі елдерінде жаңа оқырмандары көбейіп келеді. Ұлттық бірлікке, тұлғаның жетілуіне шақырған Абай феноменін Шығыс пен Батыстың әртүрлі мектептері мен поэзиялық бағыттарының өкілдері пайымдайды. Абай жаңа бейнелер мен идеялар әлеміне ұмтылды. Ол өзінің ерекше поэзиялық әлемін құрды, ондағы еркін тұлға өмір сүруі, әрекет етуі және шығармашылықпен айналысуы керек. XXI ғасырдағы классика қазіргі сөз өнерінің дамуы үшін бағдар болып қала береді, ал мәдениеттер диалогы гуманитарлық ғылымның интеграциялық үдерістерінде ерекше рөл атқарады. Абай сөзі түрлі халықтардың көптеген тілдерінде Қазақстанды әлемдік мәдени кеңістікте танытады. Монографияның тұсаукесері онлайн форматта ұлттық кітапханаларда және шетелдік университеттердегі Абай атындағы қазақ мәдениеті мен әдебиеті орталықтарында өтті.



Жұманазар АСАН,
филология ғылымдарының докторы

Жұманазар Асан 11.01.1950 жылы Ақтөбе облысындағы Шалқар ауданында дүниеге келген. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің физика-математика, қазақ филологиясы факультеттерін бітірген. Шалқар ауданындағы мектептерде әр жылдары мұғалім, мектеп директоры болып жұмыс атқарған.

1980-84 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясына қарасты Ядролық физика институтында, 1984-1990 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ғылыми қызметкер болған. 2002 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне «Ырғыз, Шалқар өңірі ақындарының әдеби мұрасы», 2010 жылы «Едіге» жыры – тарихи-қаһармандық эпос» деген тақырыпқа докторлық диссертация қорғаған. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. 300-дің үстінде ғылыми, көпшілікке арналған ғылыми-танымдық еңбектің авторы. Ақтөбе облысынан шыққан тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге елеулі үлес қосқан. Нұрпейіс Байғаниннің, Мөңке би Тілеуұлы, Қызыл Тұрдалыұлы, Ашубай Жарымбетұлы, Әзберген Мұнайтпасұлы, Мырзағұл Шыманұлы, Сарышолақ Боранбайұлы, Ақпан Әйтбекұлы, Сары Батақұлы, Таразы Қаленқызы, Ақтан Керейұлы т.б. XYIII-XX ғасыр басында өмір сүрген әйгілі адамдарды зерттеуде белсенді еңбек атқарды. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша «Шекті Мөңке би Тілеуұлы» атты еңбегі 2001 жылы Астанадағы «Елорда» баспасынан кітап түрінде шықты. 2011 жылы мемлекеттік бағдарлама бойынша халық ақыны Сарышолақ Боранбайұлының (1858-1927) өлеңдер жинағын жеке кітап түрінде қайыра бастырды. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына үлес қосу мақсатында Ақтөбе өңірі ақындарының 5 томдығын шығарды. Ақтөбе ақын, жазушыларының «Ақтөбе кітапханасы» сериясымен шыққан 50 томдығының алғашқы екі томын дайындады. 50 томның 26-томы түгелдей Ж. Асанның көркем шығармаларына арналды.

2006 жылы Қарақалпақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері драматург Айладыр Уталиевпен бірлестікте жазған «Мөңке би» атты екі бөлімді тарихи трагедиясы «Жұлдыз» журналының №7 санында жарияланды.

Әңгімелері мен повесті республикалық белді басылымдарда, «Жұлдыз» журналында, «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш» газеттерінде, «Таң-Шолпан», «Жалын» журналдарында жарық көрді. Облыстық «Ақтөбе» газетінде жиырманың үстінде көркем әңгімелері басылды.

Мөңке би Тілеуұлы шығармашылығына байланысты түрік тілінде Түркияның «TEDEV» баспасынан 2022 жылы 142 беттік «Bozkirda Bir Evliya MONKE BIY» деген көпшілікке арналған ғылыми-танымдық кітап шығарды. Бұл кітапты жоғары бағалаған баспа мол таралыммен басып, түркі елдеріне тегін таратты.

Ер Едіге мен Мөңке би туралы көпшілік оқырманға арналған ғылыми-танымдық бірнеше жинағы Астанадағы, Алматыдағы танымал баспалардан кітап түрінде басылып шықты. Ақтөбе өңірінде XIX-XX ғасыр басында ғұмыр кешкен ақын, жыраулардың тұңғыш антологиясын дайындап, ол 2001 жылы «Асыл қазына» деген атпен Ақтөбеден кітап түрінде жарық көрді.

Наградалары мен құрметті атақтары

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, Шалқар ауданының құрметті азаматы. «Үздік өлкетанушы», «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері.

Ер Едіге мен Мөңке биді зерттеуге қосқан елеулі еңбегі үшін 2025 жылы Халықаралық TURKSOY ұйымының алтын медалімен наградталды.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Едіге бізді екі рет құрып кетуден сақтады.

Біріншіден, Алтын Орда басындағы қиын жағдайды пайдаланып қалмақ болған, әскербасылығы жер жүзіне мәшһүр Литваның ұлы князі Витовт үлкен дайындықтан соң, 1399 жылы Литва, Польша әскерін, Батыс орыс княздарының әскерін, Тевтон орденді рыцарларын, Тоқтамыстың тобын бастап келіп, басып кірді. Жасанған жауды Едіге өзінің дарынды қолбасылығы арқасында Борсықты түбінде 12 тамыз күні талқандайды. Сөйтіп, күллі түркі халқын көрініп келген апаттан сақтап қалады. «Мұндай жеңісті Шыңғыс та, Бату да көрген емес»,– деп жазады орыстың атақты тарихшысы Н.М. Карамзин өзінің «История государства Российского» деген әлемге әйгілі тарих кітабында.

Екіншіден, Едігенің ең басты еңбегі бізді Ақсақ Темірден сақтап қалды. Едіге болмағанда біздің жер бетінен жоқ болып кетуіміз кәдік еді. Сол заман тарихшыларының жазуынша, Едіге билік басына келген соң, Ордада Темірге қарсы 200 мың атты әскерді тұрақты түрде ұстаған. Әлденеше оқталғанымен Темір батпаған.

Ж. Асанұлы. Ер Едігенің тарихы. Монография – Алматы: Нұрсәт, 2016. – 3-бет.

Алпыс нұсқалы «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосы – бүгінгі таңда орыс, неміс, ағылшын тілдеріне аударылып, дүние жүзіне тегіс мағұлым болған түркі халқының ортақ асыл қазынасы. Ал оның басты қаһарманы Едіге – есімі ел есінде сақталып, ақылдылық пен қайрымдылықтың үлгісі есебінде жырларға қосылып, түркі халықтарының әулие адамына айналған тұлға.

Ж. Асан. Едіге эпосы – түркі халықтарына ортақ мұра. Монография. – Ақтөбе, 2020. – 2-бет.

Ақсақ Темірдің Алтын Орда мен Түркияны талқандауы – күллі түркі қауымының бағын байлады.

Ж. Асан. Едіге эпосы – түркі халықтарына ортақ мұра. Монография. – Ақтөбе, 2020. – 198-бет.

Нұржан Наушабаев «Шекті Мөңкеби сөзі» атты толғауында: «Садақа-қайыр байлардан, қол тартылыр деп еді. Дүниенің жүзіне, өременен темірден, жол тартылар деп еді. Осы айтқанның бәрін де, Мөңке би айтқан деп еді», - дейді. Би ғұмыр кешкен 1675-1756 жыл аралығында темір жол салынбақ түгілі, әлі паравоз шықпаған еді. Алғашқы темір жол Великобританияда 1825 жылы 25 қыркүйекте Стоктон мен Дарлигтон аралығына тартылды. Ықтималдық теориясына сүйенсеңіз, Мөңке мұны кемі 100жыл бұрын болжаған. Мөңкенің әулиелігін осы мысалдан-ақ біле беруге болады.

Ж. Асан. Дала данагөйі Мөңке би. Жинақ. – Шымкент: «Жебе» баспа үйі. – 2025 ж. – 7-8 беттер.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ақындарының ең көрнектілерінің бірі Сарышолақ Боранбайұлы еді. Ол отарлық езгіге, құлдық бұғауға қарсы Мырзағұл Шыманұлы бастаған көтерілістің ұйымдастырушысы, жауынгері, насихатшысы болды. Мөңке болжаған отар ел болуды ғана емес, ойшылдың айтқанындай ұлттық сананың көмескі тартуын өз көзімен көріп:

Әулие Мөңке айтқаны,
Бұлжымай келді алдыма.
Бағымның неге қайтқаны,
Тәңірдің көңілі қалды ма?
Елімді билеп кете ме,
Кешегі келген қаңғыма?! – деген ақын, «ақырып теңдік сұрап атқа мінді. Халқының болашағы үшін жан аямай қызмет етті.

Ж. Асан. Сарышолақ Боранбайұлы. Жинақ. – Алматы: Ел-шежіре, 2011ж. – 42-бет.

Алтынай Шәуәлқызы АСҚАРОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент

Асқарова Алтынай Шәуәлқызы 1974 жылы 24 қарашада қазіргі Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Елтай ауылында дүниеге келген. 1990 жылы Даниловка (қазіргі Т. Кәкішұлы атындағы) орта мектебін үздік аттестатпен тәмамдады.

1995 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филология факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша үздік бітірді. 1996 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» кафедрасына ізденуші ретінде қабылданды.

1997 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасына түсіп, 2002 жылы «Қазақ әдебиеті сынының тарихын жасау мәселелері және Т.Кәкішұлының ғылыми ізденістері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Еңбек жолын 1995 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінде оқытушы болып бастады.

1996-1997 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де стажер-зерттеуші қызметін атқарды. 2001-2002 жылдары осы университетте оқытушы болды.

2002-2021 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында доцент қызметін атқарды. 2016-2017 жылдары М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде тағылымдамадан өтті.

2021 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтында бөлім бастығы қызметін атқаруда. 2024 жылдан бастап М.В. Ломоносов атындағы ММУ Қазақстан филиалында қосымша профессорлық қызмет атқарады.

Ғылыми бағыты – әдебиеттану, тілді оқыту әдістемесі, тіл және коммуникация, әлем әдебиеті, цифрлық әдебиет.

Негізгі ғылыми нәтижелері: 150-ден астам ғылыми-танымдық жарияланымның авторы. Оның ішінде монографиялар, оқу құралдары, ғылыми мақалалар бар. Негізгі еңбектері: «Әдеби сын тарихы» (2008), «Шетел әдебиетінің тарихы» (2014), «Қазақ әдеби сыны: теория, тарихи мәселелері және оқыту методикасы» (2019), «Абай және қазақтану» (2022), «Қазақ прозасындағы мистика» (2023) және т.б. Халықаралық және республикалық ғылыми журналдарда, Scopus базасындағы басылымдарда мақалалары жарияланған.

Марапаттары:

Қазақстан Республикасы Президенттік орталығы ұйымдастырған дәстүрлі «VIII Абай оқулары» әдеби байқауының марапаттау рәсіміне қосқан жоғары үлесі үшін. Қазақстан Республикасы Президенттік орталығының Алғыс хаты.

Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен республикалық «XXV Абай оқулары» байқауына қазылар алқасының мүшесі ретінде қатысқаны үшін. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хаты.

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің *Құрмет грамотасы.*

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

...Қазақ әдебиеті сыны тарихын жүйелеу, дәуірлеу, белгілі арнаға түсіру мәселесін ғылыми тұрғыда сараптаған көлемді де салмақты еңбектер жарық көрді. Қазақстанда сынтану ілімі еленерлік деңгейге жетіп отыр. Бұл орайда, әлбетте, танымал ғалым, көрнекті әдебиет сыншысы Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми ізденістері мен еңбектерін алдымен атаған ләзім. Олай болуы заңды да. Өйткені ол қазақ әдебиеті сыны тарихы туралы алғашқылардың бірі болып қалам жебеп, сыншыл ойдың туу арналары мен бастау-бұлақтарын ауыз әдебиеті үлгілерінен тартса, оны жәй ғана айтып қоймай ғылыми негізде дәлел дәйектермен негіздесе, көне заман ғұламаларының ой ұшқындарын, қазақтың ұлы ағартушы-демократ жазушыларының сүбелі пікірлерін, эстетикалық танымдарын пайымдап, сынның одан әрі қалыптасу, даму, толығу, кемелдену сатыларын көрсетіп, ол жайындағы қисынсыз да кереғар пікірлердің жалғандығын ашып, әділ де салиқалы бағасын берсе, онда қазақ әдебиеті сыны тарихын жасау мәселесі көтерілгенде Т.Кәкішұлының есімі аталуы ешқандай да кездейсоқтыққа жатпайды.

А.Ш. Асқарова (Жүсіпова). Әдеби сын тарихы. Алматы, [оқу құралы] – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2008. 12-бетте.

Сын сонымен қатар қоғам өмірінің қозғаушысы да. Сыншылдық ойлау тоқтаған жерде саналы түрде даму атаулы да өз өсуін тежейтіндігі дәлелденген ақиқат. Осы тұрғыдан келгенде, сынның туу, қалыптасу, даму тарихы бүкіл адамзаттың даму тарихымен бірге өріле, сабақтасып жатыр. Әр халықтың өзіндік таным, көзқарас ерекшеліктеріне орай сынның да даму дәрежесі мен қалыптасу сипаты әр алуан. Қай халықтың болмасын дүниетанымының, өзін қоршаған дүниеге көзқарасының қалыптасуына табиғи-географиялық, шаруашылық, нәсілдік-биологиялық факторлардың елеулі түрде ықпал жасайтыны сөзсіз. Бұл

ықпалдардың бәрі де ұлттың материалдық және рухани мәдениетінде көрініс табады. Мәдениеттің генотипін діни-руханилық және экономикалық архетиптердің тоғысқан біртұтастығы ретінде айқындаған жөн. Бұл айтылғандарды Қазақстан жағдайында алып қарағанда, отырықшылық, жартылай отырықшылық және көшпенділік өмір салтын ұстанған, аңшылық, егіншілік және негізінен мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ халқының да ғасырлар бойы қалыптасу, шыңдалу сатыларынан өткен өзіндік дүниетанымы бар екендігіне куә боламыз. Өмірді көркемдік тұрғыдан игерудің, эстетикалық талап-талғамның дәстүрлі үлгілерін қалыптастырған. Мұндағы сөз етілгендердің бәрі де сынның ұлттық та сипаты болатындығы туралы ойға жетелейді.

А.Ш. Асқарова. Қазақ әдеби сыны. Теория, тарихи мәселелері және оқыту методикасы: [оқу құралы] / – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2019. – 17-18- беттер).

Сындағы ұлттық ерекшелік, ең алдымен белгілі бір халықтың ғасырлар бойғы ұстанған кәсібі, шаруашылық тіні, тіршілік салты, қоршаған ортасы, табиғатпен қарым-қатынасы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрып төл өнері, материалдық және рухани мәдениеті, бір сөзбен айтқанда, ұлттық дүниетанымы аясына тікелей байланысты. Әдемілікті сезінуі, сұлулықты бағалауы, көркемдікті тануы да ұлттық дүниетаным шеңберінен шығып жатады. Өзге халықтармен аралас-құраластықтың нәтижесінде ауыс-түйіс, тәжірибе алмасулар болуы мүмкін. Мұндай жағдайда форма, шеберлік, әдіс-тәсілдер, яғни сыртқыӘзібаеваӘзібаева қалыптар ортақ болғанымен, ішкі қалып, — мазмұны ұлттық сипат иеленеді. Қаншалықты аймақсыздану, глобальдану, еліктеу, космополиттік санаға икемделу процесі жүргенімен өнердегі, рухани дүниедегі, сыни ойпікірлердегі ұлттық бояулар мен нақыштар, бедерлі өрнектер өз бейнесін жоғалтпайды. Ұлттық мәдени дәстүрдің тамырынан үзілген туындының ғұмыры ұзаққа бармайды. Бұл әлемдік тәжірибеде сан рет дәлелденген құбылыс.

А.Ш. Асқарова. Қазақ әдеби сыны. Теория, тарихи мәселелері және оқыту методикасы: [оқу құралы] / – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2019. – 18 - бетте.

Т. Кәкішұлы – қазақ әдеби сынының туу желісін сонау ауыз әдебиеті үлгілері мен көне дәуірінен тартып, даму, қалыптасу барысындағы қилы кезеңдерді бүгінгі сексенінші жылдарға дейін зерттеп, сын тарихын тұтас қамтып, пән ретінде қалыптастырған тұңғыш зерттеуші. Сын тарихына бару жолы "Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары" деген докторлық диссертациясынан

басталып, "Сын сапары", оның жалғасы "Оңаша отау" монографиялары негізінде "Қазақ әдебиеті сынының тарихы" жасалып, жоғары мектеп оқулығына айналуы Т. Кәкішұлының ғалымдығы мен сыншылдығының әбден қалыптасқанын байқатады. Көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан еңбегі бүгінгі күн мүддесіне толық қызмет етеді. Әдебиетімізге бар ғұмырын сарп етіп келе жатқан ғалымның еңбегі орны ерекше. Әдебиеттің бар саласын жан-жақты зерттеу барысында, соның ішінде қазақ әдебиет сынының тарихын жасауда Т. Кәкішұлының ғылыми еңбектері өзіндік мынадай ерекшеліктермен дараланады:

-архивтік деректерді, соны, тың материалдарды іздеп тауып, соны ұтымды, тиімді пайдаланады;

-өз пікірін жасқанбай батыл айтып, дәйек-дәлелдермен тұжырымдайды;

-ғылыми-эстетикалық танымының биік, теориялық білімінің молдығымен ерекшеленіп, сол таным-түсінігін ғылыми зерттеу барысында сәтті пайдалана білуімен дараланады;

- ғылыми-публицистикалық стильді жетілдіруге тигізген септігі де бар;

- материалдарға классификация жасаудағы шеберлігі бір төбе.

Т. Кәкішұлының қазақ әдебиеті сынын зерттеу саласындағы еңбектерін мәні мен маңызын айқындау үшін орыс әдебиеттанудағы осы мәселенің шешілу жайына көз салайық. "Орыс сынының тарихы" атты екі томдық еңбекті жазуға қырықтай ғалымдар қатысқан. Т. Кәкішұлы қазақ әдеби сынының тарихын тіпті әріден, ауыз әдебиетінен бері қарай тартып, әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы саналатын әдеби сынның тарихын бір өзі зерттеп, жазып шықты. Т.Кәкішұлының бұл еңбегін ғылыми ерлік деседе болғандай.

А.Ш. Асқарова. Қазақ әдеби сыны. Теория, тарихи мәселелері және оқыту методикасы: [оқу құралы] / – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2019 108-109 беттер.

Қазақ ұлты – адамзат қауымдастығының бір бөлшегі. Адам баласына тән қасиеттер қазаққа да тән. Сонымен бірге өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Қазақты қазақ етіп тұрған қасиеттері – ділі мен тілі. Сөйте тұрса да, адамзаттың, жалпы адамның болмысын қазақ ұлты арқылы да пайымдауға болады.

«Теңіздің дәмі тамшысынан білінеді» дегендей, жалпы адамзат туралы жекелеген ұлт арқылы да ой түюге болады. Бұған Абай мұрасы арқылы көз жеткіземіз.

Біздіңше, Абай үшін қазақ, қазақтың дәстүрлі өмірі – адамтану мен адамзат қоғамын түсіну құралы. Қазақ Абай үшін адамтанудың фоны болған.

Абай дәуіріне дейін қазақтану мен адам мәселесі арнайы ой толғау, пайымдау мәселесі ретінде қойылмаған болатын.

Ортағасыр ойшылдарының мұрасында да, қазақтың хандық дәуірдегі әдебиетінде де, жыраулар мирасы мен билердің үлгілі сөздерінде де адам мәселесі, қазақтану жайы арнайы сөз болмаған.

Ол көбінесе кісілік, мәрттік секілді адамның кемел сипаттарын аңсау түрінде кездеседі. Жақсы мен жаманды айыру деген сипатта көрініс береді.

Мұны философиялық деңгейге көтерген – Абай.

Абайдың қазақтану бағытындағы ойларының түпкі көздегені, сарқып құяр сағасы – адамтану. Ал қазақтану – бұған мотив, желеу, себеп, астар, фон.

Асқарова А.Ш. «Абайдың шығармашылық мұрасының тарихи-этнографиялық контексті». – Т.3. Абай және қазақтану: зерттеу еңбегі. Астана: 2022. – 332 б. 10 - бетте).

Қашанда, тариx – тағылым мен тағзым мектебі. Әсіресе, қазақтың тарихқа деген танымы мен талғамы бөлек. Тарихи санасы тұнық та терең, шежірешіл ұлт. Ал Абай – осынау ұлы мектептің түлегі, қазақтың сан ғасырлық тарихы мен танымының квинтэссенциясы болғандықтан, жалпы адамтану бағытындағы ізденісінде туған ұлтының тарихына, тарихи танымына, этнографиялық қабаттарына бойламай өткен жоқ. Осылайша, ұлтының салт-дәстүрін, жол-жоралғысын, тарихын, тарихи даму заңдылықтарын пайымдау арқылы адамды, жалпы адамзаттың ортақ қасиеттері мен мақсат-мұратын, өмір сүру мәнін аңғаруға ден қойды.

А.Ш. Асқарова. «Абайдың шығармашылық мұрасының тарихи-этнографиялық контексті». – Т.3. Абай және қазақтану: зерттеу еңбегі. Астана: 2022. – 332 б. 11 - бетте).

Абайдың пайымдауынша, «толық адам» болу – адам өмірінің мәні мен мақсұты. Бұған «ақыл, қайрат, жүректі бірдей» ұстау арқылы қол жетпек. Адам баласы әуелден тән, жан және рухтан тұрады. Оны өзге өсімдіктер, мақлұқаттар әлемінен айырып тұрған да осы рухани қасиеті. Оны Абсолютпен тікелей жалғастырып тұрған да рухы. Тек жан мен тәннің жетегінде кету, яғни ақыл мен қайратқа ғана ден қою біржақтылыққа ұшыратады. Мұны қазіргі адамзат өркениетінен көріп отырмыз. Сол секілді тек рухтың қажетін өтеумен ғана шұғылдану да сыңаржақтыққа соқтырады. Мәселен, бірқатар Шығыс елдерінің

тұрмыс-тіршілігі, өркениеттік даму тұрғысында мешеу қалуы осыған дәлел. Жоғарыда аталған үштіктің бірлігі мен балансын ұстау ғана адамды мұратына жеткізіп, кемелдендірмек. Абай ойының түпкі ойы да, ағартушылының түйіні де, осы.

Ұлы Абайдың ағартушылық көзқарастарын қарастыру барысында келесі тұжырымдар жасауға болады:

1. Абайдың ағартушылық көзқарастарының арқауы төрт арнада тоғысады. Олар: надандықтан арылу, оқу-білімге үндеу; жасампаздық; сапалы қазақ болу; «толық адам» ілімі.

2. Абай – рухани реформатор. Абайдың кемеңгерлік ойлары – қазақтың сан ғасырлық дүниетанымдық көзқарасының жемісі.

2. Абай – көкірек көзі ашылған кемеңгер. Ол өркениеттен шеттеу аймақта өмір сүріп-ақ ғажайып рухани идеялар тудырды. Осы арқылы «Толық адам» ілімін тұжырымдап шықты.

3. Абайдың ағартушылық арналары төлтумалық сипатқа ие. Ол қазақтың болмысын бүкіл адамзатқа тән қасиеттермен салыстырып, қазақтың мінін түзеу жолын ұсынып, *оны өркениет өріне шығаруды* мақсат тұтты.

4. Абай ілімі – қазақтану мен адамтануды қамтып, кемел адам қалыптастырудың жолын нұсқай білген рухани жүйе.

5. Ағартушылықтың бастауы адамның жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, адамдықтың ақ жолымен жүруін көздеуден басталады.

6. Абай – адамзаттың ақыл-ой алыптары Конфуций, Лао-Цзы, Гете, Будда секілді ғұламалармен иық тірестіріп, ой өргізіп, пікір таластарған кемеңгер.

А.Ш. Асқарова. «Абайдың шығармашылық мұрасының тарихи-этнографиялық контексті». – Т.3. Абай және қазақтану: зерттеу еңбегі. Астана: 2022. – 332 б. 225- бетте.

«Абай – өзінің дара рух иесі екенін тани білген жан. Өзінің рухын тани алған адам ғана өз болмысымен бетпе-бет келіп, ақиқатқа жақындай алады. Дүниенің көмескі және көрнекі сырларын, жаратылыстың хикметтерін сезіп білуге қабілетті болады. Санасы нұрланып, көкрегіне сәуле құйылған жан ғана пендеуи дүние, күйкі тіршіліктен жоғары тұрып, биік идеалдар, ұлы мақсаттар жайлы ой толғауға қабілетті болмақ.

А.Ш. Асқарова «Абайдың шығармашылық мұрасының тарихи-этнографиялық контексті». – Т.3. Абай және қазақтану: зерттеу еңбегі. Астана: 2022. – 332 б. 205- бетте.

Абай адамзат баласына ортақ ақиқатты қазақы мазмұнға орап бере білген. Сонымен, Абай ағартушылығының ерекшелігі сан ғасырлардан

бері Ұлы Далада қалыптасқан шалқар дүниетанымның алуан түрлі мәдени жүйелермен тоғыса келе толғатып туған рухани синтезінде, көкірек көзінің ашылып, тылсымға жалғана білуінде жатыр. Бұған Абай өлеңдері мен қара сөздеріндегі сыр сөздер куә.

А.Ш. Асқарова. «Абайдың шығармашылық мұрасының тарихи-этнографиялық контексті». – Т.3. Абай және қазақтану: зерттеу еңбегі. Астана: 2022. – 332 б. .

Мистиканың әдебиетпен байланысын зерделей отырып, оның көркемдік қызметін қазіргі қазақ прозасының төңірегінде қарастыру бүгінгі әдебиеттану үшін маңызды. Көркем туындыда қазіргі өмір реализмі – апаттар, қылмыс, жағымсыз жаңалықтар мен нарықтық қатынастардың шындығы бейнеленеді. Алайда, әр автор көркем мәтінде қазіргі заманның белгілерін әртүрлі қолданады. Бір жазушы оқырманның қауіпті және белгісіз нәрсеге деген барлық құштарлығын оятса және өз шығармаларының беттеріне қорқынышты шындықтың атмосферасын жеткізсе, ал енді біреуі біздің заманымыздың пародиялық бейнесін жасайды, осылайша әлемнің аномалдылығын баса көрсетеді. Мистикалық реализм – сиқырлы элементтердің әлемнің шынайы бейнесіне енетін көркемдік әдіс.

А.Ш. Асқарова. Қазақ прозасындағы мистика. Монография. – Алматы: 2022. – 332 б. 8 - бетте).

Аңыздардың зерттелу тарихы екі ғасырды қамтитын ұзақ мерзімді ғылыми зерттеу үрдісін қамтиды. Әдебиетші-ғалымдардың зерттеу әдістеріне негізделе отырып, аңыздардың зерттелуін төрт негізгі кезеңге бөлуге болады. Бұл кезеңдер аңыздардың әртүрлі қырларының ашылуы мен олардың түрлі теориялық бағыттар бойынша қарастырылуына негізделген:

1. XVIII-XIX ғасырларда аңыздарға қатысты алғашқы ғылыми тұжырымдар.
2. XX ғасырдың басында аңыздардың әдебиет тарихы аясында зерттелуі.
3. XX ғасырдың екінші жартысында аңыздардың тақырыптық жүйелі зерттелуі.
4. XXI ғасырдағы қазақ әдебиет тарихындағы аңыздардың ролі.

А.Ш. Асқарова. Аңыздарға қатысты ғылыми тұжырымдар мен зерттеу бағыттарының хронологиялық дамуы. Монография. – Алматы: 2026. – 332 б. 12 - бетте.

Нұрлан Әуезханұлы АСҚАРОВ,
филология ғылымдарының кандидаты

Нұрлан Әуезханұлы Аскаров – қазақ әдебиеті мен баспасөз тарихын зерттеуші ғалым, медиажүйе және институционалды коммуникация жөніндегі сарапшы.

Ол 1973 жылы 13 қазанда Түркістан облысы, Келес ауданында дүниеге келген.

1990-1995 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде білім алды. Филология ғылымдарының кандидаты (1999).

2015-2019 жылдары М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде докторантурада оқыды. Медиакоммуникация және журналистика бойынша филология ғылымдарының кандидаты (Ресей Федерациясы ЖАК, 2023).

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары. Әдебиет және тарих, терминология және аударматану, БАҚ теориясы мен тарихы, цифрлық қоғам, медиасистема, медиаэкономика және коммуникация, Қазақстан БАҚ жүйесінің постсоветтік трансформациясы.

Еңбек жолының басты кезеңдері. 1995-1996 жылдары «Қазақ тілі мен әдебиеті» республикалық ғылыми-көпшілік журналда редактор болып қызмет етті.

1997-1998 жылдары Алматы жоғары тергеу мектебінде оқытушы; 1998-2000 жж. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында редактор; 2000-2001 жж. Халықаралық мамандықтар институты халықаралық журналистика кафедарасында аға оқытушы болды.

2000-2003 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасында маман, жетекші маман, бас маман; 2003-2004 жж. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдар қызметін қадағалау және реттеу агенттігінде Құжаттамалық қамтамасыз ету және аударма басқармасының басшысы; «Қазақстан құрылыс жинақ банкі АҚ-да баспасөз хатшысы қызметтерін атқарды.

Содан кейінгі жылдары Алматы қаласы әкімдігінде, «БТАБанк» АҚ-да, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ғылым ордасы» кәсіпорнында жауапты лауазымдарды атқарды.

Сүлеймен Демирел атындағы университетте оқытушы, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жауапты хатшысы болды.

«Nur Otan», «AMANAT» партиясының Орталық аппаратында жұртшылықпен байланыс департаментінде еңбек етті.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің «Отандастар қоры» ұйымында Жобалар үйлестірушісі болды.

2025 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратында Сараптама-талдау бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарады.

Ғылыми еңбектері. Н. Асқаров – 100-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. 10 томдық «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясын әзірлеуге қатысқан. Осы Энциклопедияға енген 30-дай мақаланың авторы.

«Іс қағаздарын жүргізу негіздері». – Алматы, 2007.

«Елбасы және мемлекеттік тіл». – Алматы, 2011.

«Қанатты сөздер». – Алматы, 2011.

«Төребек Османов – қазақтың тұңғыш банкирі». – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 256 б.

«Стилистика және редакциялау: ресми-іскерлік стиль: оқу құралы». – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 178 б.

Газетный мир постсоветского Казахстана: основные факторы и тенденции. – Германия: Lambert Academic Publishing, 2019.

«Айқап» журналы және қазақ кәсіби журналистикасы: Монография. – Алматы: Дарын, 2024. – 190 б.

Журнал «Айқап» и казахская профессиональная журналистика: монография. – Алматы: Дарын, 2024. – 201 с.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1. «Ерен еңбегі үшін» медалі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығымен берілген. Куәлік № 14427.

2. «Қазақстан Республикасының Парламентіне 30 жыл» мерекелі медалі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы 26 маусымдағы Жарлығымен берілген. Куәлік № 0854.

3. «Мейірім» медалі. Қазақстан халқы Асамблеясы Төрағасының орынбасары Жансейіт Түймебаевтың бұйрығымен берілген.

4. «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісі. «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошановтың 2024 жылғы 23 қазандағы бұйрығымен берілген. Куәлік № 3358.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

«Айқап» журналы – қазақтың тұңғыш журналы және ұлттық кәсіпқой журналистиканың бастауы. Оған дейін жарық көрген «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», т.б.

барлығы патшалық Ресейдің қол астындағы бұратана халыққа арналған ресми баспасөзі болса, «Айқап» журналы – қазақ оқығандарының өз күштерімен, өз қаражатымен, өз дүниетанымына сай ұйымдастырған алғашқы ұлттық басылымы.

1911-1915 жылдар арадлығында шығып, 88 саны жарық көрген «Айқап» журналы ағартушылық-демократтық бағыттағы басылым болды. Өз бетінде уақыт алға тартқан ірі-ірі күрделі мәселелерді көтеріп, олардың оң шешімін табуына ықпал етті.

Қазақтың ұлттық ақпараттық күн тәртібін қалыптастыру арқылы баспасөз бетіне қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді тұрақты шығарды. Журналдың бағдарламалық концепциясы мынадай төрт идея төңірегінде шоғырланды: *саяси-экономикалық* – көшпенділік өмір салттан отырықшылық тұрмысқа көшіп, қалалық мәдениетті өркендету, Мемлекеттік Дума жұмысына белсенді араласу; *ағартушылық* – білімғылымы дамыған елге айналу; *мәдениет* – баспасөз бен жазба әдебиетті дамыту; *дін* – жеке өз мүфтиятын құру.

«Айқап» қазақ кәсіпқой журналистикасының қалыптасуына негіз қалады. Басылым арқылы журналистиканың негізгі жанрлары қалыптасты. Редакциялық басқарудың, жарнама, жазылым, демеушілік арқылы басылымды қарджыландырудың жүйесін орнықтырып, жаңа бұқаралық коммуникация мәдениетін қалыптастырды. Сол арқылы ұлттық біртұтас аудитория түзуге жол салды.

Кейіннен жарық көрген «Қазақстан» газеті, «Қазақ» газеті секілді басылымдар «Айқап» қалыптастырған журналистік дәстүр аясында пайда болып, жетілді деуге негіз бар».

Н.Ә. Асқаров. *«Айқап» журналы және қазақ кәсіби журналистикасы: Монография. – Алматы: Дарын, 2024. – 18-19 беттер.*



Серік АСЫЛБЕКҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

С. Асылбекұлы 1951 жылы 18 қыркүйекте Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы Ленин ауылдық советіне қарасты Қарақ деген жерде дүниеге келген. 1968 жылы Қазалы ауданының Қазалы ауылындағы №100 «Кентүп» қазақ орта мектебін, 1973 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1984), филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері (2021).

1973-2001 жылдары орта мектепте мұғалім, мектеп директорының оқу істері жөніндегі орынбасары, республикалық әдеби баспалар мен журналдарда редактор, бас редактор, Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде жетекші маман болып қызмет атқарды.

2001-2008 жылдары Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясының профессоры, 2009-2013 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, 2008 жылдан Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында қызмет етеді.

С. Асылбекұлы 1984 жылы Москва қаласында өткен Жас жазушылардың VII Бүкілодақтық кеңесінің қатысушысы, Қазақстан Жазушылар одағының Б.Майлин атындағы сыйлығының лауреаты (1987 ж.), қазақ және орыс тілдеріндегі 12 прозалық кітаптың, шет елдердің, атап айтқанда, Ресей Федерациясының, Украинаның, Моңғолияның, Қырғызстанның, Қытай Халық Республикасының ғылыми басылымдарында жарық көрген бірнеше әдеби-зерттеу мақалаларының, бір монографияның авторы. Л.Толстой, Ги де Мопассан, М. Пришвин, А. Грин, А. Васильевич, В. Железников, Г. Далидович, т.б. кейбір новеллалары мен әңгімелерін, Ш.Айтматовтың «Жаңғырық» («Плаха») атты романының бір тарауын орыс тілінен қазақшаға аударған.

С. Асылбекұлы сондай-ақ драматург ретінде де танымал. Оның «Желтоқсан желі» («Бір түнгі оқиға») пьесасы бойынша қойылған спектакльге осы заман шындығын шынайы бейнелегені үшін 1998 жылы Тараз қаласында өткен VI Республикалық театр фестивалінің, «Империядағы кеш» пьесасы бойынша қойылған спектакльге 2013 жылы Ақтөбе қаласында өткен XXI Республикалық театр фестивалінің, ал «Күзгі романс» пьесасына 2005 жылы Қазақстан ұлттық кітапханасы мен «Самсунг электроникс» корпорациясының үздік драмалық шығармаларды анықтау мақсатында өткізген республикалық әдеби конкурсының бас жүлделері берілді. Қазіргі күндері аталған пьесалар бойынша қойылған спектакльдер Қазақ және Қырғыз академиялық, ұлттық драма театрларының сахналарында табыспен жүруде. Сондай-ақ С. Асылбекұлының «Қазақша ашылып сайрау» атты пьесасы 2017 жылы «Рух» халықаралық әдеби конкурсында «Үздік драматургиялық шығарма» аталымында бас жүлдеге ие болды.

Серік Асылбекұлының «Бөтеннің тойы» атты әңгімесі 2016 жылдың 25-28 қараша аралығында Ұлыбритания астанасы Лондон қаласында өткен, әлемнің 43 елінен 1400 шығарма келіп түскен «Open Eurazian literature Festival book Forum - 2016» халықаралық әдебиет фестивалінде «Көркем шығарма» номинациясы бойынша лауреат атанды. Бұл конкурсты Еуразиялық шығармашылық одақ (Лондон) пен британдық Hertfordshire Press баспа орталығы өткізген болатын.

Ал 2023 жылы оның "Концерт" атты повесі Қазақстан Республикасының "Айбоз" ұлттық әдеби конкурсында "Балалар көркем әдебиеті" номинациясы бойынша бас жүлдеге ие болды.

Әдеби-ғылыми бағыты: қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы, көркем проза поэтикасы, қазіргі қазақ әдебиеті.

С. Асылбекұлы ғылыми еңбектерінде қазақ повестерінің ұлттық әдебетімізде алатын орны мен маңызы сөз болады. Сондай-ақ қазіргі әдебиеттанудың теориялық мәселелері мен ағым-бағыттары, қазіргі қазақ әдебиетінің идеялық, әлеуметтік және эстетикалық мәселелерін, поэтикасын зерделейді.

Негізгі ғылыми нәтижелері: ғылыми және ғылыми-көпшілік, танымдық бағыттағы жарияланымдардың авторы, оның ішінде ғылыми монография – 1, оқу құралы – 3, ұжымдық монография – 1, Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда – 3.

Филология ғылымдарының докторы, профессор С.Асылбекұлының жарық көрген ғылыми еңбектері:

1. Қазақ мәдениеті – қазақ мемлекеттілігінің жүрегі. –Алматы: «Өнер» баспасы, 2003 жыл. -240 бет.

2. Қазақ повесі (Генезисі, эволюциясы, поэтикасы). --Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2015 жыл. -288 бет.

3. Қазіргі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. -Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2021 жыл. -92 бет

4. Қазіргі қазақ повестері. Оқу құралы. -Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2021 жыл. -182 бет

5. Қазақ көшпелілерінің өміріндегі жылқының рөлі және оның ұлттық әдебиеттегі көркем репрезентацияларуы. Ұжымдық монография. -Алматы: Қазақ университеті, 2023жыл. -426 бет.

6. Қазақ әдебиетіндегі жылқы образының менталдық мәні. Оқу құралы. -Алматы: Қазақ университеті, 2024 жыл. -178 бет.

Шығармалары:

1. Асылбекұлы С. Шығармалары. Әңгімелер, повестер. 1-том. Астана: Фолиант, 2008. - 400 б.

2. Асылбекұлы С. Шығармалары. Повесть, әңгімелер, пьесалар, 2-том. Астана: Фолиант, 2008.-416 б.

3. Асылбекұлы С. Рабиғаның махаббаты. Әңгімелер, повестер, пьесалар.- Алматы, Қазргеss,2015-320 б.

4. Асылбекулы С. Осенний романс. Рассказы, повести, пьесы. Алматы: Нұрлыргеss.kz, 2018; - 560 стр.

Марапаттары:

Қазақстан Жазушылар одағының Бейімбет Майлин атындағы сыйлығының лауреаты (1987), «Open Eurazian literature Festival book Forum - 2016» халықаралық әдебиет фестивалінің «Көркем шығарма» номинациясы бойынша лауреаты (Ұлыбритания, Лондон, 2016), «Рух» халықаралық әдеби конкурсының «Драматургия» номинациясы бойынша гран-при иегері (2017), Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері (2021ж.) Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Үздік ұстаз» төсбелгісі (2021ж.), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасы (2023), Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Айрықша еңбегі үшін» төсбелгісі (2025)

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Мәселенки, дәстүрлі реалистік прозаның туындыларын оқып отырған кезде біз – оқырман қауым осы әдеби шедеврлерді табиғатынан сезімтал, нәзік болып жаратылған жан дүниенің сан қилы толқынысы мен тебіренісін басынан кешіре отырып жарық дүниеге алып келген оның аяулы авторларының бұл жалғанда болған немесе болмағаны туралы мүлде бас қатырмайды емеспіз бе, әдетте. Сол сәттерде біздің миымыз бен жүрегімізді тек әлгі суреткерлердің ақ қағаздың бетіне ерекше бір құдіреттің күшімен жаратып берген әдеби персонаждары, олардың іс-әрекеттері мен сүйіспеншілігі немесе жек көрушілігі, басқа да бастан кешірген алағай да бұлағай сезімдері, толғаныстары мен

жаулап алатын еді ғой. Ал постмодернистер болса, классиктердің мұндай көркемдік принциптерімен барлық жерде бірдей келісе бермейді. Сондықтан да олар кей-кейде автор екеніне қарамастан көркем мәтінге ойда-жоқта килігіп, оған өзінің көзқарасын, алай-дүлей сезімін, толғанысын араластырып отыруды артық санамайды. Сонысы арқылы олар көркем мәтінге жаңа бір тың мазмұн үстеп, оның эмоциялық, экспрессивтік бояуын түрлендіре түсуге тырысады. Тағы бір қызығы, постмодерндік прозаның авторлары, сондай-ақ қаласа, шығармасының сюжетін кенет жер ортадан үзіп тастап, мұның алдында өтіп кеткен тарихи оқиғаларға қысқаша экскурс жасап кетеді және сол экскурстар көбінесе прозаның қалыбынан бөлегірек, тарихи очерк сипатында болып келеді. Дегенмен әйтеуір, бір жақсысы, бұл оқырманның жүйкесіне тимейді, көбінесе керісінше әдеби туындыға арқау болатын болмыстың шындығын, ақиқатын жаңа бір қырынан толықтыра түсуге қызмет етеді. Мұның бәрін тәптіштеп отырған себебіміз, міне, осы тектес постмодерндік көркемдік әдістер, элементтер біз бөгенайы бөлекше бір баян деп эспеттеп отырған Мақсаттың «Интернат, монша һәм басқа өрлеген бала бит» атты су жаңа хикаясында әр жерден бір шаң беріп отыратын болып шықты.

С. Асылбекұлы. Бөгенайы бөлек бір баян // «Қазақ әдебиеті» газеті, №8, 2024 жыл).

Еуропадағы модернистік ағымның басында еуропалық әдебиеттің өкілдері Франц Кафка мен Марсел Пруст, американдық философ-идеалист У.Джемстер тұрды. Негізі, қоғам экономикалық дағдарысқа ұшыраған кезде суреткерлер де белгілі бір дәрежеде тығырыққа тірелмей қоймайды. Әдебиеттегі модернизм мен постмодернизм осы тығырықтан шығуға деген талпыныстан туды. Тағы бір айта кететін жай, модернистер мен постмодернистер «өмірде мағына жоқ, тіршілік дегеніміз – хаос, бақытқа жетемін деп тыраштану – әурешілік, бәрі маңдайға жазылған тағдырға байланысты» деген идеалистік көзқарасты басшылыққа алады. Сондықтан да олар объективті өмірдің реалистік заңдылықтарын жоққа шығарады және көбіне-көп өздерінің ішкі интуициясының дегенін күйттеп кетеді, ақылдан сезімді жоғары қояды, мистикаға бейім тұрады.

Ал, қазақ әдебиетіндегі модернизмге келсек, ол біздің көркемсөз өнерімізде XXI ғасырда, бүгін ғана пайда болған жоқ. Қазақтың ең алғашқы модернистері – прозада Ж.Аймауытов пен М.Әуезов, поэзияда М.Жұмабаев пен Бернияз Күлеев болатын.

С. Асылбекұлы. Коркем әдебиет адамзаттың жан дүниесін изгілендіру үшін жаралған// «Қазақ әдебиеті» газеті, №46, 2018жыл.

Жалпы, гуманитарлық проблемалар дегеннен шығады, егер адамзат, оны басқарып отырған қазіргі ат төбеліндей азғантай элита негізінен ең алдымен біз өмір сүріп отырған заманның ең көкейкесті рухани мәселелерін шешіп алмай, тек қоғамның технологиялық дамуын күйіттеп кете беретін болса, бұл түптің түбінде бәрімізді тығырыққа апарып тіремей қоймайды, тіпті мұндай біржақты дамудың ақыры бізді планетарлық деңгейдегі апатқа әкелуі мүмкін. Демек, тұмсығына атомдық бомбалар орналастырылған, жүздеген, тіпті мыңдаған километр қашықтыққа жарыққа тән жылдамдықпен әп-сәтте жетіп барып, діттеген нысаналарының күлін көкке бір-ақ ұшыратын жойқын баллистикалық ракеталарды ойлап тапқан зор техникалық сана иелерінің бір күні жер атты планетамыздың ойпан-тойпанын шығармасына ешкім кепілдік бере алмаса керек. Сондықтан да, асылы, енді алдағы уақыттарда, күннен-күнге әлемдік деңгейдегі осындай қауіп-қатерлер ушығып тұрған мына заманда – сайлаушылардың мемлекеттер мен халықаралық қауіпсіздік ұйымдарының тізгінін гуманитарийлерге бергені дұрыс болар еді.

Қазіргі мынау біз өмір сүріп отырған кезеңде адамзатты алдан күтіп тұрған осындай дағдарыстарды күні бұрын сезіп, оларды көркемдік әрі философиялық тұрғыдан барынша жетемізге жеткізіп бейнелеп бере алатын Айтматов секілді алып суреткерлердің болмауы немесе болса да тапшы болуы біздің өркениетіміздің дұрыс жолмен дамуына үлкен кедергі болып тұрғаны сөзсіз. Естеріңізде болар, XX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген Айтматов шығармаларында бейнеленген табиғи тепе-теңдіктің бұзылуынан пайда болған экологиялық апаттар мен мәңгүрттік деп аталатын саяси-әлеуметтік феноменнің сол кездегі Кеңес Одағының оқырмандарына ашық күндегі найзағайдай әсер етіп, жаппай тоғышарлануға бет алған социалистік реализм үрдісінде тәрбие алған кеңестік, коммунистік сана иелерін үлкен рухани катарсиске түсіргені. Сондықтан да Шыңғыстың «Боранды бекет», «Жаңғырық» (жаңғырық деген сөз – омоним, оның бірінші мағынасы орысша эхо болса, екінші мағынасы ағаш жаратын немесе өлімге кесілген қылмыскерлердің басын шабатын дөңбек, кеспелтек бөрене ағаш дегенді білдіреді) романдары кезінде Кеңес қоғамында бұрын-соңды болмаған резонанс тудырған болатын.

С. Асылбекұлы. Айтматов феномені: адам мен адамзат арасы...// «Егемен Қазақстан» газеті, 17.01.2020 жыл.

Сөз жоқ, ұлттық тарихтың бастауын сонау есте жоқ, ескі замандарда дүниеге келген қазақ ертегілері мен аңыздарынан алатын, профессионалдық шебересін күні кешегі XIX ғасырдың соңғы ширегінде өмірге келген Ы.Алтынсариннің балаларға арналған көлемі

жағынан шағын, ал мазмұны жағынан өте естияр әңгімелерінен бастайтын бар-жоғы бір-ақ ғасырлық тәжірибесі бар ұлттық прозамыздың ең алдымен орыс әдебиеті атты түпсіз, терең мұхиттың, қала берді классикалық батыс, шығыс көркем әдебиеті үлгілерінің зор ықпалы болды. Дегенмен мынаны да мықтап еске түйгеніміз артықтық етпес: ұлт әдебиетін жасайтын – сол ұлттың өзі, соның озық ойлы өкілдерінің өмір мен әлем жұмбақтарын шешуге бой ұрған өршіл рухы мен еркі, санасы. Ұлттық рухани қадір-қасиеттерді сол халықтың өзі ғана жасайды, өзі ғана салт-сана бесігінде тербетіп, тәрбиелеп шығарады, ақ бас қарт тарихбір ұлттық мәдениетті екінші бір ұлт өкілдерінің мәпелеп өсіріп, әлібұлыққа жеткізгенінің мысалын білмейді.

С. Асылбекұлы. Қазақ повесі (Генезисі, эволюциясы, поэтикасы) – Алматы: «Үш қиян» баспасы», 2008. – 193-194 бб.



Мамай Қаниұлы АХЕТОВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
философия докторы (PhD)

Мамай Қаниұлы Ахетов 1967 жылдың 26 қыркүйегінде Қызылорда облысы, Шиелі ауданында туған.

1984 жылы №241 Қ. Әбдікадыров атындағы қазақ орта мектебін бітіріп, еңбек жолын Қарғалы совхозында жұмысшылықтан бастаған.

1986-88 жылдары Жаңа Жер аралында әскери борышын өтеп, 1988-1994 жылдары ҚазМУ-нің филология факультетінде оқиды.

Еңбек жолының басты кезеңдері:

1994-1999 ж. Алматыдағы Қазақ мемлекеттік Заң институтында оқытушы,

1999-2005 ж. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер. 2003 ж. «М.Әуезов драматургиясындағы шешендік дәстүр» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды.

2005-2007ж. Алматы қаласы Мәдениет департаменті директорының орынбасары.

2007ж. Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары. 2007-2009 ж. Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы,

2009-2010 ж. «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының директоры,

2010-2017ж. Тілдерді дамыту, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы міндетін атқардым.

2017 ж. бері Алматы қаласы Әкімінің кеңесшісі, Әдеп жөніндегі уәкіл міндетін атқарып келеді.

Филология ғылымдарының кандидаты, Ph/D.

«Қазақстан», «Хабар» телеарналарындағы «Ұмытпаңдар мені», «Тіл тірегі» хабарларының жүргізуші-редакторы міндеттерін атқарған. Көптеген деректі фильмдердің, әуезовтану және шешендік өнер бойынша 100-ден аса ғылыми-танымдық мақалалардың, «Қазақтың шешендік өнері. Генезис. Типология. Поэтика» атты үш томдық монографияның авторы.

М.О. Әуезовтің 50 томдық академиялық басылымын, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы таңдамалы шығармаларын дайындаушылардың бірі.

Ахетов М. «Қазақтың шешендік өнері. Генезис. Типология. Поэтика» үш томдық. – Алматы: 2025.

Марапаттары:

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1. «Ерен еңбегі үшін» медалі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 5 желтоқсандағы Жарлығы. Куәлік № 8081

2. «Құрмет» ордені. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2024 жылғы 16 қазандағы Жарлығы. Орден № 8715.

3. «Мұхтар Әуезов» алтын медалі. «Түріксой» халықаралық ұйымының Бас Хатшысы С.Раевтың Жарлығы. Куәлік №2020-МА-011 және басқа да көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қазақтың шешендік сөздерін XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында жинау мен зерделеуде екі түрлі мақсат пен мүдденің болғандығы айқын аңғарылады. Біріншіден, қазақ даласында отарлау саясатын жүзеге асыруды жан-жақты қолға алған патшалық Ресей болашақта бағынышты елге айналатын қауымда жасалуға тиісті жұмыстарды бағдарлау, айқындау мақсатында өз миссионерлерін, ғалымдарын, саяхатшыларын, әскери және мемлекеттік қызметкерлерін халықтың тарихымен, тыныс-тіршілігімен танысуға, жергілікті жердегі мәдени-рухани және материалдық құндылықтар жайлы ақпараттарды жинауға, қоғамдық-саяси құрылымды, құқықтық жүйені зерттеуге, жергілікті халықтың қыр-сырын танып-білуге жұмылдырды. Бұл жұмыстарға әскери мамандармен қатар географ-картографтар, жер қойнауын зерттеуші геологтар, биолог-жаратылыстанушылар, заңгерлер мен ориенталистер де қатар тартылды.

М. Ахетов. «Қазақтың шешендік өнері. Генезис. Типология. Поэтика.» үш томдық. I том, – Алматы, 2025. – 456 бет. – 36 бет.

Әсілі, «шешен» сөзі орал-алтай тобына жататын тілдердің өзара ыдырамаған тұтас кезеңінен, тайпалардың бірге тіршілік кешіп, жекеменшік түсінігі әлі қалыптаспаған дәуірлерден бері келе жатқан өте көне сөздердің бірі екендігі белгілі болып отыр. Бұл атаудың осы тілдердегі алғаш тылсым күштер мен адамдар арасындағы қарым-қатынасты ретке келтіретін «жоралғылық делдалдардың» (ритуальные посредники) қызметіне байланысты пайда болғаны аңғарылады және тым көне замандарға меңзейді. Алғаш пайда болған тұсынан бастап, әр кезеңде жамалған мағыналық қабаттардан, шешендер кездесетін діни аңыз-әпсаналардан, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерден соны

байқауға болады. Алтай тобына жататын тілдердің ілкі бастауы саналып, сол атауды иеленуіне ықпал еткен алтайлықтардың өте ертедегі бір аңызында Дьяра атты чечен туралы айтылады. Ол адамдар мен жан-жануарлардың жер бетінде шектен тыс көбейіп кетпеуін қадағалап, әрқайсысына өмір сүру мерзімін анықтап жүретін Жаратушының арнайы өкілі ретінде көрінеді.

М. Ахетов. «Қазақтың шешендік өнері. Генезис. Типология. Поэтика.» үш томдық. II том, - Алматы, 2025. – 384 бет. – 35 бет.

Соттағы шешен сөздің тақырыбы қаралып отырған істің жай-жапсарына, мазмұнына, желісіне қарай мейілінше айқын, заңдық тұрғыдан шектеулі, нақты болып келеді. Ең алдымен, атауы айтып тұрғандай, бұл сот процесінде айтылатын сөз. Басты әрі міндетті түрде орындалуы тиіс шарттарының бірі – сот үстінде айтылатын әрбір сөз шындыққа сәйкес келуі қажет, яғни, онда айтылған деректердің, дәлел пікірлер пен келтірілетін дәйектердің боямасыз айқын және дәл болуы міндетті. Сот үстінде болған оқиғаны шектен тыс әсірелеуге, ойдан шығаруға, өз жадынан қосып, шығармашылық еркіндікке баруға жол берілмейді. Тергеу барысында анықталған, куәлар арқылы көз жеткізілген, жан-жақты дәлелденген, іске тікелей немесе жанама қатысты жайттар ғана сот процесінде ақтау немесе айыптау мақсатында шешеннің әлеуетіне, көздеген мақсатына сай қолданылады. Соттағы шешен сөздер полемикаға, тартысқа, сендіруге құрылады. Полемика (гректің «әскери өнер», «жауынгерлік» деген сөзінен шыққан) – қарсылас екі жақтың бір-бірімен ымырасыз тартысы, оппонент пікірін жоққа шығару арқылы өз көзқарасын дәлелдеу.

М. Ахетов. «Қазақтың шешендік өнері. Генезис. Типология. Поэтика.» үш томдық. III том, - Алматы, 2025. – 432 бет. – 262-263 бет.



Күләш Садыққызы АХМЕТ,
филология ғылымдарының докторы

Күләш Садыққызы Ахмет 1958 жылы 23 қарашада Қызылорда облысының Жаңақорған ауданындағы Жаңақорған посьелкесінде дүниеге келген. 1976 жылы орта мектепті бітіріп, 1980 жылға дейін аудандық комсомол комитетінде статист қызметін атқарған. 1980 жылы С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеттің дайындық бөліміне қабылданып 1981 жылы филология факультетіне түскен. 1988 жылы университетті тәмәмдап Қызылорда қаласындағы политехникумда Қазақ әдебиетінен дәріс берген.

1989 жылдан 1995 жылға шейін Қоркыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтында оқытушылық қызметте болды.

1989 жылы С.М. Киров атындағы университеттің филология факультетінің ғылыми кеңесінде «Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романындағы тарихи шындық (1927 жылғы басылым бойынша)» деген тақырыпта ғылыми зерттеу еңбегін бекітіп 1995 жылы кандидаттық диссертация қорғаған.

1995 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде оқытушы. 2000 жылы факультет ғылыми кеңесінің шешімімен «Сәбит Мұқанов – қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші» деген докторлық диссертацияның тақырыбын бекітіп, 2010 жылы қорғаған.

2013 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орнының Үздік оқытушысы грантын иеленді.

Оның қаламынан 100-ден аса ғылыми-зерттеу мақалалар жарияланған. Республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларға қатысқан. «Әдебиетші әлемі», «Сәбит Мұқанов – алаш әдебиетін зерттеуші» атты оқу құралының авторы. «Сәбит Мұқанов. Әдеби-ғылыми ұмырнама» (профессор Тұрсынбек Кәкішұлымен телавторлықта) және «Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры» атты монографиялары жарық көрді.

Күләш Садыққызы Ахметованың тұлғатану бағытында Алаш қайраткерлерінің ұмыр деректерін идеологиялық таным және тарихи

ақиқат бойынша саралаған өзекті, өткір мақалалары қазіргі алаштану, сәбиттану, сәкентанудың зерттеу міндеттерінде елеулі сұранысқа ие.

Сәкентанушы, сәбиттанушы ғалым Күләш Садыққызы Ахметова өзінің ғылыми еңбек жолында жеке тұлға тағдыры, алыпқашпа дақпырттар ауқымында дерек пен дәйек сөйлеген ондаған архивтік құжаттарды айналымға шығарды.

К.С. Ахметованың әдеби мұраны жинау, зерттеу, насихаттау бағытындағы еңбектерінен:

1) Сәкен және «Алаш» азаматтары [С. Сейфуллиннің туғанына 100 жыл толуына орай] Халық кеңесі. – 1994 ж. 22 қыркүйек, №138, 4 б.

2) Сәкен мен Ахаң: [Қазақ тілінің мәртебесін көтеруге зор еңбек сіңірген А. Байтұрсынов пен С. Сейфуллин туралы] Халық кеңесі. – 1994 ж. 1 шілде

3) «Алаш» партиясы туралы бірер сөз // Ақиқат. – 1995 ж. №9, 64-66 бб.

4) Сәкен және «Тар жол тайғақ кешу» // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1995 ж. 5 мамыр, №5, 48-50 бб.

5) Көркем шығармадағы тарихи шындық (Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» негізінде) филология ғылымдарының кандидаттық диссертация / әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті; ғылыми жетекші Т.К. Кәкішев. – Алматы, 1995. – 163 б.

6) Т. Кәкішұлы, К.С. Ахмет «Сәкен және Мұхтар» // Егемен Қазақстан. – 1997 ж. 27 қыркүйек, 2-3 бб.

7) Құжаттар сыр шертеді: [С. Мұқановтың өмірі мен қызметіне қатысты обл. мұрағаттағы құжаттар туралы] Солтүстік Қазақстан. – 2000 ж. 21 сәуір, 2 б.

8) Сәбит Мұқановтың Кенесары туралы көзқарасындағы эволюция // Кенесары Қасымұлы туғанына 200 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 100-104 бб.

9) Көтеріліс поэмасы: М. Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына орай // Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдік рухы және қазіргі дәуір: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (27-28 ақпан, 2003 жыл). – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 433-436 бб.

10) Бақытты болу үшін қанағаттан артық еш нәрсенің қажеті жоқ // Айқын – 2012 ж. 14 маусым №108, 26 б.

11) Сәкеннің қара шаңырағы // ARQA AJARY (Арқа ажары). – 2018 ж. 9 маусым, № 67, 4 б.

12) Сәкен туралы аңыз бен ақиқат // Тұлға және ұлттық тарих мәселелері = Личности и проблемы национальной истории: респуб. ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2019 ж. – 29-36 бб.

13) Аласын дүниенің танып-білмей, Сәкен және Алаш арыстары // Ortalyq Qazaqstan (Орталық Қазақстан) газеті, 2019 ж. 12 қыркүйек, №100, 4 б.

14) Сәбитті де сатқан, абақтыға жаппағаны болмаса... тобығынан да қаққан, атпағаны болмаса... // Қазақ әдебиеті, №36 (3774), 3 қыркүйек, 2021 ж. 1, 6-7 бб.

15) Әшірбекова Г., Ахмет К., Бегайдарова Ж. Тұрсынбек Кәкішев публицистикасындағы алаштану мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, журналистика сериясы, №4 (141), Астана, 2022 ж. 66-73 бб.

16) Кәкішев және Қаз МУ // Egemen Qazaqstan (Егемен Қазақстан). – 2023 ж. 17 тамыз, № 155, 11 б.

17) Сәкен – түрік патриоты // Қазіргі әдебиеттану, өнертану және фольклортанудың өзекті мәселелері: С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлиннің 130 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары (27 маусым 2024 ж.). – Алматы, 2024. – 37-42 бб.

18) Сәбит Мұқанов сатқын ба? Ғалым даулы мәселенің нүктесін қойды. *https:tengrinews.kz/books/sabit-mukanov-satkyin-ba-galyim-daulyi-maselenn-nuktesn-474615/*

19) Мағжанды ұстатқан Сәбит Мұқанов па? Egemen QazaqStan. Руханият 29 сәуір.2020 ж. egemen.kz

20) Сәбит Мұқанов сатқын ба? Күләш Ахметовамен сұхбат. *04.08.22. massaget.kz*

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

С. Мұқановтың абайтанудағы ілгеріндi-кейiндi ойларына байланысты ақиқатынан көрі «аңызы» басымдау. Алаш азаматтары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев ақталғаннан кейін Сәбит Мұқановтың алаш қайраткерлерін танып-білудегі кейінгі көзқарасынан гөрі ілгерінді пікірлер, солақай саясаттың екпіні мен асығыс айтылған ойлары негізге алынып жүр. Бұл, әсіресе, тарихшылардың арасында жиі кездесетіндігі өкінішті. Соны айтып жүрген ғалымдардың Сәбит Мұқанов сол алғашқы пікірде қалды ма, әлде уақыт өте келе сол тақырыптарға қайта оралды ма деген сұрақтың болмауы, оған жауап іздемеуі ойландырады. Мұндай келеңсіздіктер Кеңестік жүйе құлап, коммунистік партия тарағаннан кейін күшейе түспесе, еш толастаған жоқ.

К.С. Ахмет. Абай туралы алғашқы пікірлер // Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 141-144 бб.

Көркем әдебиетті социологиялық тұрғыдан қарап бағалау машығы, әсіресе 20-жылдардың аяғымен 30-жылдардың басында айрықша күшейді. Осының нақты үлгісі – алдыңғы тарауларда сөз етілген Сәбит Мұқановтың XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1 бөлім (ұлтшылдық, байшылдық дәуірі) деп аталатын 1932 жылы шыққан еңбегі. Сәбит Мұқановтың бұл еңбегі деректемелік тұрғыдан айрықша құнды. Мәселен, «Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың аяғын ала шыққан ақын» дегенде, әдебиеттің ұлы өткелі Абай деген ой аңғарылмай ма? Немесе Мағжанды бағалауына зер салсақ, «Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түр енгізу ретінде Мағжанның еңбегі өте көп. Абайдан кейінгі өнегесінде Мағжаннан асқан ақын жоқ» деуі, ең алдымен Абайың ұлылығын, оны құдірет тұтқан зерттеушінің келбетін аңғартпай ма? «Абайдан асқан ақын жоқ, қазақтың ұлы данышпаны Абай» деген қанатты сөздер Сәбит санасындағы таптық түсініктердің бәрін жоққа шығармай ма? Бір қызығы, Сәбит Мұқанов 1937 жылға шейін Абайдың өзіне тікелей бағыштаған бірде-бір мақала жазбай, тек сөз арасында Абайды көркемдік шеберліктің қол жетпес биік шыңы деп мойындамағанымен, байдан шыққандығын еске салып отыратын кездері аз емес.

К.С. Ахмет. Абай туралы алғашқы пікірлер // Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 141-144 бб.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Сәкентанудың зерттелуін, өзінің өлшеусіз еңбегімен Абайтанудан кейінгі деңгейге көтеріп берген сәкентанушы, қазақтың көрнекті әдебиеттанушы ғалымы Тұрсынбек Кәкішұлы.

Сәкеннің ұлтжандылығының негізі түрікшілдігінен бастау алғанын да алғаш айтқан сол Тұрсынбек Кәкішұлы.

К. Ахметова. Сәкен – түрік патриоты // Қазіргі әдебиеттану, өнертану және фольклортанудың өзекті мәселелері: С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлиннің 130 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары (27 маусым 2024 ж.). – Алматы, 2024. – 38 б.

Ұлы адамдардың ең үлкен қасиеті – ең шешуші кезеңде жеке бастың ұсақ-түйек әңгімелерін ел мүддесі, халық пайдасы үшін шешілетін мәселелерге араластырмаған. Ұлылық пен ұсақтықтың жолайрығы да осы тұстан басталғандай.

Т. Кәкішұлы, К.С. Ахмет. «Сәкен және Мұхтар» // Егемен Қазақстан. – 1997 ж. 27 қыркүйек, 2-3 бб.



Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Қансейіт Әбдезұлы 1953 жылдың 6 маусымында Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы, Қасқасу ауылында дүниеге келген.

Қ. Әбдезұлы 1975 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, сонан соң осы университеттің аспирантурасын, докторантурасын аяқтаған.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жоғары мектебі Ғылым академиясының академигі, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар Одағы Басқармасының хатшысы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Халықаралық Жамбыл атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Түркістан облысы, Төле би ауданының құрметті азаматы.

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет теориясы мен сыны; әдеби тұлғатану; абайтану; пәнаралық зерттеу.

Еңбек жолының басты кезеңдері: Қ. Әбдезұлы ұстаздық еңбек жолын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушылық қызметтен бастады. Кейін ҚР Ғылым және білім министрлігінің жоғары білім беру басқармасында бөлім бастығы, Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінде доцент, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология факультетінің деканы қызметтерін, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры қызметін атқарды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2002-2014 жылдар аралығында филология факультетінің деканы және қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры болып еңбек етті. Қазіргі таңда ҚазҰУ-дың профессоры, университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері.

Қ. Әбдезұлының жетекшілігімен 3 ғылым докторлығы, 20 ғылым кандидаттығы, сонымен қатар 9 PhD докторлығы қорғалды.

Қ. Әбдезұлы қазақ әдебиетінің тарихына арналған бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының, монографиялардың авторы. 1995 жылы «Рауан» баспасынан «Кейіпкер және тартыс», 2000 жылы «Санат» баспасынан «Т. Әлімқұлов және қазақ прозасы», 2001 жылы «Ғылым» баспасынан «Т. Әлімқұлов және 60-80 жж. қазақ әдебиеті» атты кітаптары, 2002-2003 жж. «Қазақ университеті» баспасынан «Әдебиет және өнер» атты зерттеуі, «Жазушы және заман шындығы» атты сын мақалалар жинағы жарық көрді. 2005 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Қазақ прозасы және ұлттық идея», 2006 жылы «Арыс» баспасынан «Тәкен Әлімқұлов және қазақ прозасы», 2009 жылы «Арыс» баспасынан «Таным көкжиегі», 2012 жылы «Семсер» сын мақалалар кітабы және «Қазақ университеті» баспасынан «Тәуелсіздік және қазақ әдебиеті» атты зерттеуі, 2023 жылы «Атамұра» баспасынан «Ақиқаттың алдаспаны» атты әдеби сын кітабы жарық көрген.

М. Әуезов атындағы Әдебиет институтының 2005-2008 жж. шығарған он томдық академиялық басылымының авторларының бірі. 2012 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Тәуелсіздік кезеңі және қазақ әдебиеті», сонымен қатар жалпы білім беретін мектептің 7-8 сыныптарына арналған, орыс тілінде білім беретін мектептердің 7-8 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулықтарының авторы.

Қ. Әбдезұлының мерзімді баспасөз беттерінде («Егемен Қазақстан», «Айқын», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Түркістан», «Жас қазақ» және т.б. газеттерінде) жоғары білім беру мәселесі, жастарға тәрбие беру, қазақтың тарихы мен жері туралы өзекті мақалалары да жиі жарық көріп, қоғамдық пікір туғызып отырады. 2001 жылдан бастап бірнеше халықаралық, республикалық ғылыми-әдістемелік және ғылыми-теориялық симпозиумдар мен конференцияларда баяндама жасады.

Абайдың 175 жылдығына, А. Байтұрсыновтың 150 жылдығына және М. Әуезовтың 125 жылдығына, Ш. Мұртазаның 90 жылдығына арнап республикалық газеттерде ірі-ірі ғылыми-танымдық мақалалар жариялады.

Қ. Әбдезұлының жеке авторлығымен және авторлар бірлестігінде жарық көрген 10 (он) іргелі еңбегі (ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатындағы монографиялар мен оқулықтар, оқу құралдары, зерттеу еңбектері) ұсынылды:

1) Таным көкжиегі. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.;

2) Семсер (зерттеу). – Алматы: Арыс, 2012. – 264 б.;

3) Семсер (Сын мақалалар және әдеби портреттер). – Алматы, 2022. – 262 б.;

4) Ақиқаттың алдаспаны. Сын мақалалар және әдеби портреттер. – Алматы: Атамұра, 2024. – 296 б.;

5) Алаш перзенті. – Алматы: Атамұра, 2024. – 295 б.;

6) Абай және Тәкен: әдеби-сын мақалалар және портреттер. – Алматы: Атамұра, 2025. – 287 б.

7) Қазақ әдебиеті. Орыс тілінде білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Әбдезұлы Қ., Тұрсынғалиева С.Ч. – Астана: Арман-ПВ, 2012. – 208 б;

8) Қазақ әдебиеті. Орыс тілінде білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық / Әбдезұлы Қ., Тұрсынғалиева С.Ч. – Астана: Арман-ПВ, 2012. – 208 б.;

9) Қазақ әдебиеті. Орыс тілінде білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық / Әбдезұлы Қ., Рыскелдиева Г.Д., Тұрсынғалиева С.Ч. – Астана: Арман-ПВ, 2011. – 344 б.;

10)Абай және Тәкен // Қазақ әдебиеті. – 2025. – 1 тамыз. – URL: https://qazaqadebieti.kz/54999/abaj-zh-ne-t-ken

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

1. Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін. Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін төсбелгісімен марапатталды.

2. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 20 қазанындағы Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Куәлік № 5129.

3. Қазақстанның құрметті жазушысы. Қазақстан Жазушылар одағы. 28 сәуір 2025 жыл.

4. «Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері» төсбелгісі. 2012 ж.

5. «Ахмет Байтұрсынұлы» күміс медалі.

6. Президенттің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалі берілді. 2009 ж.

7. ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері. 2008 ж.

8. Ресей Ғылым академиясының әдебиеттану ғылымы саласындағы
М. Шолохов атындағы Алтын медалінің иегері. 2006 ж.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қазақ елінің, қазақ жұртының тағдыры сынға түскен тарихи белестерге, алмағайып замандарда әсіресе қазақ оқығандары, ұлт зиялылары жанқиярлық еңбек көрсетті. Ұлт болашағын ойлап қам жеген, халқы үшін от пен суға түскен, азап шеккен, керек болса осы мақсатта басын бәйгеге тігіп, жан қиған да осы Алаш арыстары болды.

Әсіресе, ұлттық тәуелсіздік үшін күресте олардың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тізе біріктіріп, ел санасын оятудағы қыруар еңбегін ешуақытта ұмытуға болмайды. Елдік мұраттардың жарқырап көрінген тұсы да осы жылдар болды десек қателеспейміз.

Қ. Әбдезұлы. Семсер (зерттеу). – Алматы: Арыс, 2012. – 36-бет.

Ұлы Мұхаң, Мұхтар Әуезов көзі тірісінде, әсіресе өмірінің соңғы кезеңінде қазақ әдебиетінің болашағына байланысты көптеген маңызды ой-пікірлер, пікір-байламдар айтқан. Әсіресе, қазақ прозасының сол 60-жылдар ішінде көзге түсіп, оқырмандар назарына іліге бастаған бірнеше қаламгердің аяқ алысына қуанып, олардың шығармаларының суреткерлік, көркемдік деңгейіне баға беріп, болашақтарына сәт-сапар тілеген. Өзі де ұлы суреткерге тән қасиеттің қазақ әдебиетіндегі көрінуін дәлелдеп кеткен Мұхаң, өзінің өкшесін басып келе жатқан біраз қаламдас інілерінің талантын мойындап, оларға оқырман назарын аударткан. Сол санаулы, Мұхаң есімдерін ілтипаттаған Тахауи Ахтанов, Тәкен Әлімқұлов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Сафуан Шаймерденов сынды қаламгерлердің ішінде Зейнолла Қабдоловтың да шығармашылығы айрықша аталады.

Қ. Әбдезұлы. Семсер (зерттеу). – Алматы: Арыс, 2012. – 54-55-беттер.

Өткен жылы бірнеше елеулі әдеби-сын және әдеби-танымдық кітаптар жарық көріпті. Соның бірі – абайтанушы, әдебиет сыншысы Ғарифолла Есімнің «Мұң» деп аталатын кітабы. Бұл жинаққа автордың көркемдік фәлсапалық толғаулары, әдебиет туралы көркем эсселері және әдеби портреттері еніпті.

Мұң – дүниетанымдық, фәлсапалық, мазмұндық және көркемдік, метафоралық тұрғыдан талдауға болатын күрделі ұғым. Мұң – әлем, жаратылыс, адамның тағдыры, ғұмыры. Мұң – жанды құбылыс. Осынау метакатегорияны автор көркем туындының бітім, болмысын тануға, таразылауға ұтымды пайдаланыпты. Ғарифолла Есімнің соңғы жылдардағы пассионарлық ізденістердің бірі десем қателеспеймін.

Қ. Әбдезұлы. Семсер (Сын мақалалар және әдеби портреттер). – Алматы, 2022. – 119-бет.

Ұлы дала төсіндегі Еуразия көшпелілерінің уақыт пен кеңістік, халық пен көшпелілердің уақыт пен кеңістік, халық пен тарих туралы таным түсінігі кемел болған. Осы концепцияны терең ұққан, таныңандықтан ғалым таңдап алған ұлы бағытынан айнымады. Профессор Алма Мүтәліпқызының ежелгі әдебиетіміздің қайнарларын ажыратып, олардың өркендеу кезеңдеріне баға беріп, қыруар дерек

көздерін алдыға тартып, бір жүйеге түсіріп, түсіндіретін зерттеу кітаптарын тұтастай шолып қарағанда бір артықшылықты аңғарамыз. Ол – зерттеушінің зердесі, ұғламалығы, дерексіз сөйлемейтіндігі. Өз тақырыбына деген шексіз сүйіспеншілігі, көркем мәтінді, тарихи жәдігерлерді ылғи бірінші қатарда ұстап, тарихи-салыстырмалы әдіске табан тіреп отыратындығы.

Қ. Әбдезұлы. Семсер (Сын мақалалар және әдеби портреттер). – Алматы, 2022. – 140-бет.

Мырза Мұхаммед Хайдар әлем руханиятының тарихында ғылыми құндылығы өте жоғары «Тарихи-и Рашиди» атты еңбек қалдырған ірі шығармашылық тұлға. Бұл еңбекте Орталық Азия халықтарының тарихы, этнографиясы мен географиясы, тілі мен әдебиеті, мәдениеті терең тарихи арнада қарастырылады. Нақты тарихи деректер мен нақты тарихи тұлғалар тағдырынан жазылған бұл тарихи шежіре әлем тарихының алтын қазынасының төрінен орын алды десек қателеспейміз.

Қ. Әбдезұлы. Ақиқаттың алдаспаны. Сын мақалалар және әдеби портреттер. – Алматы: Атамұра, 2024. – 194-бет.

Қара шаңырақ – Қазақ ұлттық университетінде әр жылдары ұлтымыздың алыптары қызмет атқарды...

Ұлттық саясаттың қайнар бұлағы да осы университет болды. Ұлттық ғылым мен білімнің іргетасы осы шаңырақта қаланды. Әлемдік деңгейдегі ғылымның үздік жаңалықтары да осы университетте бастау алып жатты. Бір ғана ұлтымыздың кемеңгер қаламгері, әлем таныған саңлақ жазушы Мұхтар Әуезов отыз жылға жуық табан аудармай университетте сабақ бере жүріп, әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясын жазды. Қазақ фольклорының тарихынан қайталанбас лекциялар оқыды, «Манастану», «Әлем әдебиетінің тарихы», «Алаштану» атты жаңа ғылыми курстың негізін қалады. Университетте 1950-60 жылдары оқыған, Әуезовтің алдын көрген, дәрісін тыңдаған, тағылым-тәрбиесін алған қаншама буын қазақ жастары кейін қазақтың қабырғалы қаламгерлері атанды. Олардың ішінде мемлекет және қоғам қайраткерлері қаншама...

Қ. Әбдезұлы. Ақиқаттың алдаспаны. Сын мақалалар және әдеби портреттер. – Алматы: Атамұра, 2024. – 282-283-беттер.

Қазақ әдебиеті тарихында құбылыс болған, қазақ әдебиетінің қазынасына толғанысты да кең тынысты, шынайы олжа салған қаламгерлерімізге арағідік ат басын бұрып отырсақ артық болмайды.

Астары қалың, айтары терең дүниелер жазған сөз зергері, стилист қаламгер Тәкен Әлімқұлов шығармашылығында қазақ күй өнерінің дүлдүлдері – атақты күйшілер туралы туындылар айрықша орын алады. Бұл шығармаларда әр ғасырда әртүрлі тағдыр кешіп, бірақ ұлтына өшпес, өлмес туындыларын қалдырған тарихи тұлғаларымыз жайлы ой толғайтын қаламгер әсіресе өнерпаздарымыздың кесек тұлғасын көркем бейнелеуде үлкен табыстарға қол жеткізді.

Қ. Әбдезұлы. Ақиқаттың алдаспаны. Сын мақалалар және әдеби портреттер. – Алматы: Атамұра, 2024. – 21-бет.



Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Өмірхан Әбдиманұлы 1953 жылы 3 наурызда Жамбыл облысының қазіргі Тұрар Рысқұлов ауданы, Жақсылық ауылында (бұрынғы Луговой ауданы, Тельман селосы) дүниеге келген. 1960 жылы туған ауылындағы 8 жылдық мектепке барып, 1970 жылы Калинин атындағы (қазір Ахмет Байтұрсынов атында) 10 жылдық мектепті бітірген. Орта мектептегі жылдарда ұстаздарының үміт күткен шәкірттері қатарында зеректігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, әсіресе, сөз өнеріне деген құштарлығымен, шығармашылық қабілетімен айрықша танылған.

Еңбек өтілінің алғашқы жылдары туған өніріндегі Ленин атындағы ұжымшардың Тельман бөлімшесінде жұмысшы болудан бастаған. Одан кейін аудандық мәдениет бөлімінде қызмет атқарып, аудан мәдениетінің дамуына өзіндік үлкен үлес қосады. Жамбыл облысы Құлан өңірінің мәдени өміріндегі жаңаша құбылыс болып табылған атақты «Сұлутор» ансамблін құруға (1971), осы өнер ұжымының республика жұртшылығына танымал болуына ұйымдастырушылардың бірі ретінде айрықша еңбек сіңірді.

1972-1974 жылдар аралығында әскери борышын өтеп келген соң, туған ауылында мәдениет үйінің меңгерушісі, бастауыш комсомол ұйымының хатшысы сынды түрлі қоғамдық қызметтер атқарды. 1976 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түседі. 1978 жылы студенттердің Республикалық, 1979 жылы Одақтық ғылыми конференцияларында бірінші орынды иеленіп, бірнеше дүркін Республикалық, Одақтық студенттер ғылыми олимпиадасының жеңімпазы болғандықтан және университеттегі оқу жылдарында үздік оқитын және ғылыми жұмыста биік көрсеткіштерге жеткен студент ретінде Кеңестер Одағы Министрлер кеңесінің арнайы қаулысына сәйкес М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне ауыстырылып, оны 1982 жылы бітіреді.

Студент шағынан ғылыми жұмыспен айналысып, студенттердің Республикалық (1978), Одақтық (1979) ғылыми конференцияларында бірінші орынды иеленіп, бірнеше дүркін Республикалық, Одақтық

студенттер ғылыми олимпиадасының жеңімпазы атанды. Қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті ғалымдары профессор Алма Қыраубаева, академиктер Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішұлы сынды ұстаздары сол тұстардан зерттеушілік еңбекке бейімдеп, ізденушілікті мұрат тұтқан еңбек жолының түрлі кезеңдерінде бағыт-бағдар беріп, жөн-жоба көрсетіп, ғылыми жетекші, кеңесші болды.

1982-1983 ж. жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі мемлекеттік жолдамамен Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінде әдеби қызметкер болып істеген.

1983-90 ж.ж. Қазақ телевизиясының «Алатау» телеарнасының редакторы. «Алатау» арнасында ұлттық ғылымның көрнекті қайраткерлері, академик-ғалымдар М. Қаратаев, Р. Бердібаев, З. Қабдолов, Ш. Сарыбаев, П. Тәжібаев,М.Шығаева, т.б. туралы тәлім-тағылымдық мәні зор «Ұлағат» атты хабарлар сериясын дайындап, телевизияның «Алтын қорына» қосты.

1988-91ж.ж. «Жерұйық» атты Алматы қалалық қоғамдық бірлестіктің төрағасы қызметін атақарып, 1989-90 ж.ж. Республика "Наурыз" мерекесін мерекелеу салтанатын ұйымдастырды. 1989 ж. Республика сарайында Алматы қалалалық «Алатау аруы» атты астаналық, 1990 Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайында алғашқы Республикалық «Қыз сыны» конкурстарын өткізді. Ұлттық салт-дәстүрді жаңғыртудағы мәні зор осынау іс-шараларды Республикалық телевидение арқылы кеңінен насихаттап, жаңа сападағы конкурстық хабарлар жасау жүйесін орнықтырды.

Ө. Әбдиманұлының ғылыми-педагогикалық еңбек жолы 1983 ж. қыркүйек айынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық универсиетінде оқытушылық қызметтен басталады. 1983-1988 жж. журналистика факультеті теле-радио журналистика кафедрасының оқытушысы болса, 1988-1991 жж. ҚазҰУ-дің филология факультетінің аспирантурасында оқыған.

1992 ж. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы бойынша «А. Байтұрсыновтың әдеби-публицистикалық мұрасы» атты кандидаттық диссертация қорғады. Сол уақыттан бері ҚазҰУ-дің филология факультетінде еңбек етіп келеді. 2007 ж. «Ұлт-азаттық идеяның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады

Өмірхан Әбдиманұлы – белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Айтматов академиясының (2003), Қазақстан Журналистика академиясының академигі (2012), Қазақстан Журналистер Одағының (1990), Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі (2014), ҚХР Пекин Орталық Ұлттар университетінің (Минзу университеті), ҚХР Іле педагогикалық

университетінің құрметті профессоры. ҚР Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы(1915). .

Өмірхан Әбдиманұлы 1993-1995 жж., 2001-2003 жж. филология факультеті деканының орынбасары қызметтерін атқарған. 2007-2009 жж. ҚазҰУ-дің филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, 2009-2011жж. қазақ әдебиеті, 2011-2012 жж. қазақ әдебиетінің тарихы және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі. 2012-1914 жж. ҚазҰУ-дің журналистика факультетінің деканы қызметін атқарды. 2014-2021жж. Филология және әлем тілдері факультетінің деканы. 2020-2021 ҚазҰУ-дің «Жамбыл атындағы қазақ әдебиеті мен тілін зерттеу орталығының» директоры. 2022 жылдан қазақ әдебиетінің тарихы және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры.

Өмірхан Әбдиманұлы – қазақ әдебиеті тарихының «ақтаңдақтарын» ашуға елеулі үлес қосып, «Алаш» тарихын, алаш арыстары шығармашылығын терең зертеп, бірнеше іргелі еңбектер жазған әдебиет зерттеушісі. Ғалымның қаламынан шыққан «Қазақ газеті» (Алматы: Қазақстан, 1993. – 198 б.), «Ахмет Байтұрсынұлы» (Алматы: Арда, 2007. – 296 б.), «Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея» (Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 325 б.), «Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух (Алматы:Қазақ университеті. – 192 б.), «Менің Ұстаздарым» (Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013 – 216 б.), «Азаттшыл рух Айнасы» (Алматы– 2017. – 203 б.), «Алаштың азаттшыл әдебиеті» (Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 438 б.) атты монографиялық зерттеулер – уақыт үдерісіндегі әдебиеттану ғылымының алдына қойылған талаптарына сай жазылған, замана сұранысына толық жауап беретін жаңашыл сипатымен әдеби-ғылыми ортада лайықты бағасын алған ғылыми еңбектер.

Ғалым ұстаз «Қазақ» газеті» атты монографиялық еңбегінде қазақтың тұңғыш бейресми басылымы, ұлтымыздың энциклопедиялық мұрасы болып табылатын ұлттың ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газетін алғашқы болып зерттеп, оны шығару жолындағы қазақ зиялыларының тарихи еңбегін айқындап, онда жарияланған материалдардың мән-маңызын жан-жақты ашты. Бұл «Қазақ» газеті ғана емес, жалпы алаш тарихы, алаш қозғалысы, алаш әдебиеті туралы қоғамдық ғылымдар саласындағы тұңғыш зерттеу еді. Мұнда «Алаш» қайраткерлерінің азаттық жолындағы күресі алғаш ғылыми негізде сөз болып, олардың баспа бетін көрген еңбектері ғылыми сараптаудан өтіп, тарихи бағасы берілді. «Қазақ» газетіндегі мақалалар жүйеленіп, олар тарихи-публицистикалық, әдеби-мәдени үрдісте қаралып, жан жақты талдаудан өтті.

«Ахмет Байтұрсынұлы» атты зерттеу еңбекке алаштың ардағы атанған Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығырмашылығы, күрес

жолы мен қайраткерлік істері арқау болған. Кітапта қазақ халқының руханиятына өлшеусіз еңбек сіңірген аса көрнекті тарихи тұлға, ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тағдыр-талайы, қоғамдық-мәдени қайраткерлігі шығармашылық даналық-даралығымен тығыз байланыста зерделенеді. Ахаңның ғұмырбаянына қатысты бұрын ғылыми айналымға түсе қоймаған тың дереккөздері де тұңғыш рет жүйелі түрде бір арнада тоғысып, алаш ардағының азаматтық болмысын ашуға қызмет етеді.

«Алаштың азатшылы әдебиеті» атты монография XX ғасыр басындағы әдебиетті негізге ала отырып, қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяның әдебиет дамуы үдерісіндегі орнын тұтас алып қарастыруға бағытталған зерттеу болып табылады. Еңбекте түрлі саяси таным ықпалдың әсерінен «ескерусіз» қалған, кезінде «керітартпа» әдебиет деп айыпталған діни-ағартушы бағыттың да, әлеуметтік теңдікті айрықша әспеттеген ағартушы демократтық бағыттың да және бір кезде ұлтшыл-буржуазияшыл бағыт деп айыпталып, ғылыми айналымнан аластатылған бүгінде ұлт-азатшыл бағыт деп танылып, ұлт-азаттық идеяны әдебиетте көрініс табуының басты бағытына айналған әдеби бағыттың да болмысы ғылыми негізде жан-жақты ашылады. Мұнда осы бағыттардағы жаңаша сипат өз деңгейінде пайымдалып, олардағы ұл-азатшыл идеяның көрініс табуының XX ғасыр әдебиетінің дамуындағы қозғаушы күшке айналғаны нақтыланған. Зертеуші ұлт-азатшыл идеяның қазақ әдебиетіндегі көрінісін дәстүр, тарихи негіз, даму бағыттары, көркемдік мәні мен қызметі, жаңашылдық сипаты тұрғысынан сабақтастықта қарастырады. Монографияның теориялық және практикалық құндылығы – қазақ әдебиеттану ғылымын дамытуға XX ғасыр басындағы ұлт-азатшыл әдебиетті терең зерттеу арқылы жаңа бағыт алып келуі. Ғалымның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін ұлт-азаттық идея арқылы тұтас көркемдік жүйеде қарастыруға байланысты жасалған негізгі, түйінді тұжырымдары қазіргі кезеңдегі XX ғасыр әдебиетін игерудің негізгі бағытына айналған.

Ұлағатты ұстаздың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен орыс тілінде жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттарының 11-сыныбына арналған азақ әдебиеті оқулығы «Қазақ әдебиеті» (Алматы: «Мектеп», 2003. – 288 б.), Қазақ мектептерінің 11-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» (Алматы:Мектеп», 2013 – 304 б.) бірнеше рет қайта басылған оқулықтар замана талабына сай жазылған жаңа сипаттағы бейіндік оқулықтар болылып табылады.

Жоғары оқу орындарының филология, журналистика факультеттеріне арналған арналған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (Алматы, 2012. – 408 б.), «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ

әдебиеті» (Алматы: Қазақ университеті, 2019 – 340 б.) оқулықтары мен «XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (1900-1940)» (Алматы: қазақ университеті, 2010. – 156 б.), «Ахметтану» (Алматы: Қазақ университеті, 2015 – 273 б) оқу құралдары қазақ әдебиеті тарихын жаңаша оқытуды шарт тұтқан, Алаш әдебиетін негізге ала отырып жазылған алғашқы ұлттық жаңа буын оқулықтары болып табылады.

Бұл оқулықтардың ішінде ҚР БжҒМ бекітіп, министрліктің «Оқулық» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы жоғары оқу орындарының филология, журналистика факультеттеріне арналған «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (Алматы, 2019. – 359 б.) оқулығының орны ерекше. Бұл аса көрнекті ғалым-ұстаз Бейсембай Кенжебаев 1976 жылы шығарған оқулықтың кейінгі заман талабына сай жазылған тұңғыш оқулық. Бұл кітапта әдебиетіміздің «алтын ғасыры» танылған – XX ғасыр басындағы әдебиет алғаш рет толыққанды түрде жүйеленіп, ұсынылған. Аталмыш кезеңнің қазақ әдебиеті тарихындағы өзіндік орны,түрлі бағыттардың жазба әдебиеттітің өркендеуіне қосқан үлесі қазақ қоғамының тарихи дамуымен бірлікте алынып қарастырылады. Сол тұстағы әдебиеттің өзекті мәселелрі жаңаша көзқарас тұрғысынан байытылады. Оқулықта қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы аса көрнекті өкілдері: Ш Құдайбердиев, М-Ж. Көпеев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, т.б. шығармашылықтары алғаш рет жоғары мектеп бағдарламасына енгізіліп, оларға жеке-жеке монографиялық тараулар берілді.

Өмірхан Әбдиманұлы 2007 жылдан ҚР Жоғарғы білім және ғылым министрлігі Ғылм комитеті жариялаған ғылыми конкурстарда ғылыми жобаларды жеңіп алып, ғылыми жетекшілік етіп келді. Атап айтқанда, "Ұлттық идея және оның қазақ-әдебиетіндегі ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі аралықта көркем бейнеленуі» (2007-2009), «XX-XXI ғасыр басындағы қазақ романдарындарындағы тәуелсіздік идеясы және тұлғаның зиятқерлік-инновациялық әлеуеті» (2010-2012), Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея және «Мәңгілік Ел» идеясының көрініс табуының көркемдік мәні мен жаңашыл сипаты» (2015-2017), «Тәуелсіздік идеясын XX-XXI ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінде көркем бейнелеудегі ұлттық рух ұстанымы мен жаңашыл таным табиғаты» (2025-2027) атты жобалар іргелі ғылыми ізденістер нәтижесінде жүзеге асты. Осы ғылыми жобалардың негізінде «XX ғасыр бас кезіндегіқазақ романдарындағы Тәуелсіздік идеясы» (2013), «XX-XXI ғасыр тоғысындағы Қазақ романы және тәуелсіздік ижеясы» (2015), «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының XIX ғасыр әдебиетіндегі көрінісі» «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» және ұлттық идея тоғысуы» (2017) атты ұжымдық монографиялар мен «XIII -XIX

ғасырлар әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының көрінісі» (2017) атты оқу құралы жарық көрді.

Өмірхан Әбдиманұлының жалпы шетелдік, республикалық басылымдарда 500 жүзге таяу әдеби-сыни, ғылыми-танымдық мақаласы жарық көрген. Бұлардың 60 пайызы Алаш әдебиетінің тарихына, Алаштық әдеби ой-танымға, алаш әдебиетінің аса көрнекті шығармашылық тұлғаларына арналған.

Ұстаз-ғалым отыздан астам оқу құралдары мен көмекші әдістемелік құралдар жазған. Сонымен қатар – 2 томдық Қазақ әдебиеті қысқаша тарихының, 10 томдық Қазақ әдебиеті тарихының авторларының бірі. Өмірхан Әбдиманұлы 2020-2021 ҚазҰУ-дің «Жамбыл атындағы қазақ әдебиеті мен тілін зерттеу орталығының» директоры ретінде 10 томдық «Жамбыл шығармалар жинағын» құрастырып, шығарылымның Жалпы редакциясын басқарды.

Өмірхан Әбдиманұлы Қазақстан Журналистер Одағының Мұхамеджан Сералин атындағы сыйлығының иегері (1994). Республиканың білім жүйесіндегі шығармашылығы және Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің Құрмет Грамотасымен (1996) және «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» белгісімен (1997), Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының А. Байтұрсынов атындағы алтын медальмен (2012), ТУРКСОЙ-дың Тоқтағұл Сатылғанов атындағы медалімен (2014), Аймақтық менджмент Академиясының Ф. Тейлор атындағы Алтын медалімен (2015), Алашорда үкіметі мен Алашорда автономиясының 100 жылдығы құрметіне ҚР ҰҒА «Алаш» медалімен (2017), ҚР БҒМ Ыбырай Алтынсарин медалімен (1918) марапатталған. Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім министрлігінің «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен (2022), Халықаралық Қонаев қорының «Мерей» орденімен (2023) марапатталған .

Басты еңбектері:

1. «Қазақ» газеті: Монография. –Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 б.
2. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 б.
3. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 325 б.
4. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. – Алматы: «Арда», 2007. – 296 б.
5. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (1900-1940): Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 156 б.

6. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 192 б.
7. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық. – Алматы, 2012. – 408 б.
8. Менің ұстаздарым. Эсселер. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 216 б.
9. Ахметтану: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 273 б.
10. Азатшыл рух Айнасы: монография. Алматы:– 2017. – 203 б.
11. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2019 – 340 б.
12. Алаштың азатшыл әдебиеті: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 438 б.



Балтабай ӘБДІҒАЗИҰЛЫ
филология ғылымдарының докторы, профессор

Балтабай Әбдіғазиұлы 1952 жылы 30 тамызда Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Әкесі Жәпібеков Әбдіғази (1929-2017) қарапайым еңбек адамы, есеп саласының маманы. Анасы Бәденқызы Дәмежан үй шаруасындағы көп балалы ана.

Балтабай Әбдіғазиұлы алғашқы еңбек жолын 1974 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға лаборанты болып бастады. 1969-1974 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алды. Филология ғылымдарының докторы (2001), профессор (2002), Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының академигі (МАПІО, 2009), Халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының академигі (2014), Ресей Жаратылыстану академиясының корреспондент-мүшесі (2015). Қазақстан Жазушылары одағының мүшесі (2015), Құлжа қаласындағы (ҚХР) Іле педагогикалық университетінің құрметті профессоры (2017). Әдебиеттанушы ғалым.

Ғылыми және педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебисті; әдебиет тарихы; XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті; абайтану; шәкәрімтану; әдебиетті оқыту; пәнаралық зерттеу проблемалары.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1974-1978 жылдары Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебист және өнер институтында ғылыми қызметкер; 1978-1986 жылдары республикалық «Жас алаш», «Егемен Қазақстан» газеттері редакциясында тілші, бөлім меңгерушісі; 1986-1987 жылдары «Жалын» журналының жауапты хатшысы; 1987-1990 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде аспирант; 1990-1993 жылдары университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының доценті; 1993-1997 жылдары университеттің Қазақ филологиясы факультетінің деканы; 1997-2008 жылдары Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі; 2008-2013 жылдары Филология факультетінің деканы; 2013-2014 жылдары Халықаралық Түркі академиясының ғалым хатшысы; 2014-2020 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Филология және көптілді білім беру институтының

директоры; 2020 жылдан бері қарай унисерситеттің Академик С. Қирабаев атындағы Қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры.

Оның жетекшілігімен 2013-2014 жылдары Халықаралық түркі академиясы мен ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен «Қазіргі түркі әдебиеттануының даму үрдісі (XX ғасырдың 80-жылдарынан бүгінге дейін)» деген тақырыпта әзірбайжан, өзбек, қырғыз, қазақ ғалымдарының қатысуымен халықаралық жоба орындалды. Жоба нәтижелері түркі тілдес елдердің ғылыми айналымында қолданысқа енді.

Б.Әбдіғазиұлының ғылыми жетекшілігімен ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандар даярлау бағытында 1 ғылым докторы, 11 ғылым кандидаты, 4 философия (PhD) докторы дәрежесіндегі диссертация қорғалды.

Балтабай Әбдіғазиұлы – әртүрлі сипаттағы 500-ге тарта ғылыми және ғылыми-педагогикалық еңбектері: монографиялары мен оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген көрнекті ғалым. Оның ғылыми еңбектері қатарында жеке авторлығымен жарық көрген 8 кітап, 3 монографиялық тарау, 12 оқу құралы және авторлар ұжымының құрамында жариялаған 2 монография, 14 оқулық бар. Негізгі еңбектері:

1. Әбдіғазиұлы Б. Абайдың көркемдік әлемі және Шәкәрім шығармашылығы. -Астана: «Алгорифм» баспасы, 2022. -254 б.

2. Abdigaziuly B. Sakarim Kudaiberdiuli. - Istanbul: KCSIT, 2022. - 256 б

3. Әбдіғазиұлы Б. Абай және Шәкәрім әлемі. Монография. - Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2017. -365 б.

4. Шәкәрім әлемі. Монография. -Алматы:Раритет,2008. 408 бет

5. Шәкәрім: дәстүр және көркемдік. Монография. -Семей: «Хан-Тәңірі» баспасы, 2007.

6. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Монографиялық тарау// Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6 том. –Алматы: ҚАЗақпарат, 2006. - Б.184-214

7. Нарманбет Орманбетұлы. Монографиялық тарау// Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6 том. –Алматы: ҚАЗақпарат, 2006. - Б.505-514

8. Ақиқат айнасы. Оқу құралы. –Семей: «Хан тәңірі» баспасы, 2006. 108 бет

9. Шәкәрім поэзиясының көркемдік қайнары. Оқу құралы. - Қарағанды: Болашақ- Баспа, 2003. 144 бет

10.Талант тұғыры. Монография. -Алматы: Ақбота-ш, 2002. 120 бет

11. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Монографиялық тарау //Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-кітап.-Алматы: «Қазақ университеті», 2002. -Б.127-149

12.Шәкәрім шығармаларының дәстүрлік және көркемдік негіздері. Монография. -Алматы: «Кенже-Пресс» баспасы, 2000. 216 бет

13. Шәкәрімнің лирикалық шығармалары. Оқу құралы. -Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1994. 72 бет

14. Асыл арна. Оқу құралы. -Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 1992. 128 бет.

Мемлекеттік марапаттары және құрметті атақтары:

1. «Құрмет» ордені. Қазақстан Республикасының Президентінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы Жарлығы. Орден № 4771.

2.«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі (2011).

3.«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл» медалі (2021).

4.«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері»(2009).

5.«Қазақстанның жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік гранты (2006).

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Ойшыл Шәкәрімнің ежелгі шығыс дүниесіндегі Ләйлә мен Мәжнүн хикаясына назар аударуының, оны поэмаға айналдыра жырлауының түпкі себептерін айқындайтын тағы бір сыр осы арада қылаң беретін секілді. Ақынның тағдыры да кей сәтте Мәжнүндікіне ұқсап кеткендей болады. Екеуінің де бар ғұмыры адалдық, әділет, шындық іздеумен, рухани бостандыққа, ой-сезім еркіндігіне ұмтылумен өтеді. Ойланған, киналған сәттерде туған табиғатының кең де мейірімді қолтығын сағалау, далаға, Шақпақтағы саятқораға оралу, ел ішінен алшақтау арқылы жан толғанысына таяныш іздеу психологиясы Шәкәрімнің басында да болды. "Мен сорлы жоққа ғашық болып өттім" дегенде ақын өз басындағы осындай ахуалды мегзесе керек.

Б. Әбдіғазиұлы. Шәкәрім әлемі. Монография. – Алматы: Раритет. 2008. Б.353-354

Шәкәрім халық шежіресін жинау мен жазуда ұлы ұстазының шығармашылық мәнерін, материалдарды жүйелеп беру, тізбектей баяндау тәсілдерін толық меңгеріп, шеберлікпен қолданып отырған. Оның Абайдың шежіресінің әрбір сөзіне мұқият көзбен қарап, ой жібергені, ұстаз сөзінің астарында жатқан тарихтың бетін ашып беруді

басты мақсат тұтқаны анық. Данышпан Абайдың шежіре еңбегінде халықтың тұрмыс салтына, этнографиясы мен мәдениетіне байланысты берілген қысқа деректерді Шәкәрім жан-жақты толық ашып көрсетуге ұмтылады.

Б. Әбдіғазиұлы. Абайдың көркемдік әлемі және Шәкәрім шығармашылығы. Монография.-Алматы: «Алгорифм», 2022.- Б.243

Көркем әдебиеттің негізгі предметі - адам. Күнделікті тіршіліктегі алуан түрлі оқиғалар мен құбылыстардан бастап оның әдебиеттегі көркем шындыққа айналуына дейінгі аралықтағы шығармашылық процестің өне бойында адамның мінез-құлқы, психологиясы мен философиясы, іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы, түрлі характерлер қақтығысы, т.б. өріліп жатады. Сол себепті де біз кез-келген көркем шығармадан жан-жақты, тұтас құбылыс ретіндегі адамның бейнесін іздейміз. Бір қарағанда, прозадағы, драматургиядағы, дастандардағы сияқты типтік образдар көріне бермейтін лирикаға да осы қасиет тән екенін көреміз.

Б. Әбдіғазиұлы. Ақиқат айнасы. Оқу құралы. – Семей, «Хан тәңірі», 2006. -Б.59-60

Türk halklarının atayurdu olarak kabul edilen Kazak topraklarında on dokuzuncu yüzyılın son çeyreğiyle yirminci yüzyılın ilk yirmi-otuzuncu yıllllarında cereyan eden bilgi hareketlerinin arasında Kazak Edebiyatı'nin özel yeri vardır. Bu dönem aynı anda Kazak Edebiyatının canlanma deviridir.

Abay'ın mirası - tüm Türk halklarının ortak manevi hazinesidir. Abay'ın yaratıcılık ve edebi ortamı, O'nun edebi geleneğini devam ettiren başarılı öğrencilerinin kayda değer çalışmaları içerik ve yapı bakımından son derece zengin ve ciddi etken olmuştur.

Abay'dan sonraki Kazak Edebiyatı döneminde bilhassa Abay'ın kendisi desteklenen Akılbay, Magauia, Turagul, Kakitay, Muha, Şakarim, Uayis, Arip, Aset, Narmanbetler gibi başarılı öğrencilerini sayabiliriz.

Abdigaziuli B. Sakarim Kudaiberdiuli. –Istanbul, KCSIT, 2022, – Б.21

Абайдың әдеби мектебінен тәлім алған ол ұлы ақынның және басқа ағартушылардың қазақ даласын әлемдік мәдениет үлгілерімен таныстыру, Шығыс пен Батыстың әйгілі перзенттерін өз халқына жақындата түсу бағытындағы қызметін жемісті түрде жалғастырып әкетті. Бұл сол кезеңдегі қазақ даласындағы тарихи қажеттіліктен туған заңды құбылыс еді. Өйткені бұл әлем елдерінің өмір-тіршілігінен хабардар, рухани дәрежесімен таныс, озық дүниенің оқу-білімін меңгерген, энциклопедиялық білімі бар Абай, Шәкәрім сынды парасат иелері ғана арқалай алатын жүк болатын.

Б. Әбдіғазиұлы. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. Монография.-Алматы: Кенже-Пресс,2000. – 94 б.

Қазақ ұғымында сұлулық пен жарық сәуленің, әлдеқандай бір қасиетті құбылыстың символына баланған Ай мен Күн тәрізді ғарыштық дене мен Шыңғыстау секілді географиялық ұғымға тіл бітіру, сырластыру арқылы Шәкәрім екі жастың махаббатына тән пәктіктің қадірін арттырып, роман сюжетіне арқау болған оқиға бояуын қалыңдата түседі. Әділ мен Марияның басындағы ғашықтық халдың жай-жапсарын жазушы қарт куәгер Шыңғыстаудың «ауызымен» баяндайды.

Тұтастай алғанда, романның басынан аяғына дейін адам мен табиғат тынысы қатар өріліп отырады. Кейіпкердің ішкі сезімін, психологиялық күйін, күйініш-сүйінішін жеткізуде де Шәкәрімге Шыңғыстау көмекке келеді. Жалғыз Шыңғыстау емес, романда жанды кейіпке көшіп, өзара "сырласып" жататын басқа да кеңістік нүктелері жоқ емес. Көктемнің масатыдай жайнаған жайлауынан ірге көтерген елдің артында қалып бара жатқан "Көксеңгір, Шақпақ, Ақшатаулар өкпелеп, наз қылған әйел пішінденіп, мұнартып, мұңайып: "Қап! Бізді тастап барғандығыңды да көрерміз" дегені немесе "Терең асуда келе жатқан көшке екі жақтағы қабағын түйген қара жартасың "бәлем, үстіңе құлап, талқаныңды шығарайын ба?" деп тұрғандай" болуы осындай детальдар қатарында.

Б. Әбдіғазиұлы. Абай және Шәкәрім әлемі. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.-Б.206-207

Дәстүр ұғымының ауқымы аса кең. Ол сырт пішіні жағынан оңтайлы көрініп, орнығып қалатын қарапайым құбылыс емес. Әдебиеттегі дәстүр бүкіл әдеби туындының жанын да, тәнін де айқындап береді. Әрбір шығармаға обьект, материал болатын зат немесе құбылыс, оқиға әр халықтың мәдени даму дәрежесіне, көркемдік-эстетикалық ой-танымының жағдайына, ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес дәстүрлі көркемдеу құралдары мен тәсілдері арқылы ұтымды өрнектелгенде ғана көркемдік тұтастыққа ие бола алады.

Б. Әбдіғазиұлы Шәкәрім: Дәстүр және көркемдік. Монография.– Семей:«Үш биік»,2007. -Б.61

Раушан Мәмиқызы ӘБДІҚҰЛОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Раушан Мәмиқызы Әбдіқұлова 1959 жылы 2 қаңтарда Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақсу ауылында туған. 1976-1981 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқып, үздік белгімен бітірді. Филология ғылымдарының кандидаты (2001), қауымдастырылған профессор (2005). Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі (1993), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (2025).

Әдеби-ғылыми бағыты: Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиетінің тарихы, шешендік өнер және риторика, әдебиет теориясы, көркем мәтін теориясы, нарратология.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1981-1994 жылдары Алматы қаласындағы Еңбек Қызыл Ту орденді «Жазушы» баспасында корректор, кіші редактор, редактор, «Жалын» альманағында әдеби қызметкер (1994), 1994-2006 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті филология факультетінің практикалық қазақ тілі кафедрасында ассисент, аға оқытушы, доцент. Осы сала бойынша 50-ге тарта жеке авторлық мақалалар, авторлық бірлікте оқулық (1), анықтамалық (1) жазды. 2006 жылдан бері қарай әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті филология факультетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында қауымдастырылған профессор.

Р. Әбдіқұлова – 200-ге жуық ғылыми, әдеби-публицистикалық мақалалар авторы. М. Әбдіқұлова «Абай-Шәкәрім поэзиясын зерттеудің жаңа ғылыми бағыттарын негіздеу мәселелері» (01.01.2014-31.12.2014.), «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» (2020-2022) атты ғылыми жобаларға қатысты. Ол ұжымдық монографиялардың авторларының бірі.

Негізгі ғылыми нәтижелері: Р. Әбдіқұлованың жеке авторлығымен жарық көрген еңбектері мыналар:

1) Бөлтірік Әлменұлының шығармашылығы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.-195б.

2) Жанр және шығарма: Зерттеулер, әңгімелер / Р.М. Әбдіқұлова.- Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016.-288б.

3) Бөлтірік Әлменұлының поэтикасы: монография/ – Алматы: Қазақ университеті, 2018.-158б.

4) Шешендік сөздердің көркемдік жүйесі: монография / Р. Әбдіқұлова. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. –96 б.

5) Сөз сәулесі: әдеби талдаулар, естелік-эсселер / Раушан Әбдіқұлова. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2025.-240 бет.

Марапаттары:

1. 2008 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің мемлекеттік тілді оқытудың инновациялық әдістемесіне жариялаған конкурсында («Қазақ тілі: Оқулық», 2011) II дәрежелі дипломды иеленді.

2. 2017 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің дамуына қосқан зор үлесі үшін «Қазақ Ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

3. 2019 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

4. 2019 жылы жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы. Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды.

5. 2025 жылы Фараби университеті жанындағы Абай Ғылыми Зерттеу Институтының «Абай ілімін дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін» медалімен марапатталады.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Бөлтірік Әлменұлының әдеби мұрасы күні бүгінге дейін зерттелмей келді. Бұның себебі – кеңестік өктем саясаттың қазақ шешендік өнерінің зерттелуіне тежеу салып келгендігі. Өйткені, шешендік сөздерде халықтың ұлттық тарихы мен дүниетанымы ғана емес, азаттық пен тәуелсіздікті, егемендікті аңсаған күрескерлік рухы жатты. Сондықтан, кеңестік тоталитарлық тәртіп тұрғысында шешендік сөздерді жинап-жариялау, зерттеу ісіне шек қойылып отырды. Тіпті, шешендік сөздерді шығарушы халқымыздың данагөй би-шешендерінің есімдерін ауызға алуға да тайсақтап келгеніміз белгілі. Шешендік сөздердің көпшілігінің мүлде жоғалуы немесе авторларының естен шығып, ұстарып, қысқарып қалғандығы ауызша таралғандығынан ғана емес, кеңестік дәуірдің сұрыптауынан өткендігінен де екені мәлім. Сондай-ақ, әдебиет зерттеушілерінің шешендік сөздерді фольклор (халық шығармасы) қатарына қосуына олардың фольклор мен әдебиеттің ара жігін ажырата алмауы емес, көбіне кеңестік саясаттың қыспағы мұрындық болды.

Р.М. Әбдіқұлова. Бөлтірік Әлменұлының шығармашылығы: Оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2003.-3бет.

Көш бойындағы Жібекке дейінгі он бір қыздың сұлулығын салыстыра сипаттау амалы градацияға ұласады. Қыз Жібекті махаббаттың піріне балап асқақтата, табына бейнелеген жыр ырғағында романтикалық, патетикалық леп, сұлулар портретін бейнелеудегі күрделі теңеулер арқылы жасалған градация мен метафоризм фольклорлық дәстүрді айқындайды. Алайда,бірінші қыз бен үшінші

қызды суреттеудегі «толықсып», «бұлықсып», «бұралып» деген бірыңғай қимыл-сын пысықтауыштардың «кетіп барады» деген күрделі нақ осы шақтағы етістікпен тіркесуі ашық та, жасырын да тіркесуі қозғалыс үстіндегі сырт сымбат, кескін-келбетті анғартатын, Қыз Жібектің шешесін мүсіндеудегі градацияның қимыл-сын пысықтауыштан жасалуы да оның бет-пішін, дене бітіміне сай әсем грация – қимыл-қозғалыс сапаларының жанды құбылыстарын бедерлейтін динамизм нышандары ғана деуге болады. Сондай-ақ, «танадай көзі жалтырап» деген портреттік сегменттегі «көзге» қатысты теңеудің белгісі «жалтырап» деген бейнелеуіш сөзден жасалған көсемше тұлғалы етістік қана емес, «бейіштен жанған шамшыраққа» баланған көздің «ойнап жанып тұр» деп нақ осы шақтағы күрделі етістік арқылы сипатталуы экспрессивті-эмоционалды мағына бергенмен, сұлу жар, асыл ана образы жырдың баяндау ағымындағы экспрессивті, биік теңеулер арқылы жасалғанмен, ауыз әдебиетіне тән сипаттама портрет екенін аңғартады.

Р.М. Әбдіқұлова. Жанр және шығарма: Зерттеулер, әңгімелер./Р. М. Әбдіқұлова.-Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016.- 43-44 бет.

Ежелгі сөз майталмандары қандай да бір мәселе төңірегінде айтылған тұжырымның бұлтартпас дәлелділігіне сөз болып отырған құбылыстың мән-жайын бүге-шігесіне дейін толық зерттеп, жазбаша түрде еңбектену нәтижесінде қол жеткізген. Өйткені, алдын-ала жазбаша жаттығу жұмысын жүргізу сөздің дәлелділігін ғана емес, оның ырғақ жүйесі мен мағыналық құрылымының тұтастығын қалыптастырып, өрнек өлшемін де қамтамасыз еткен. Әр сөзіне алтынға баланардай қасиет, сын мен сымбат дарытып, орнын тауып орналастыруға дағдыланған шешен сөйлер кезі келгенде жазбаша да, ауызша да емін-еркін көсіле сөйлеген. Дегенмен, мұндай жаттығу жұмыстарын жүргізбей-ақ, тиісті мәселе төңірегінде бірден сөйлеп кету тәжірибесі де болған. Бірақ, алдын-ала жазбаша түрде дайындалған сөздер дәлелділігі, бейнелілігі, жүйелілігі жағынан одан гөрі қуатты, құнарлы саналған. Сондықтан, әлемдік шешендік өнер тарихында көне дәуір өнерпаздары айтылар сөзін ойда сан мәрте жұптап, жүйе-жүйесімен қаттап, қағазға түсіруді мақсат етуі - шиеленісті сөз сайысында қарсыласының пайдасына шешілер селкеу сөз, орашолақ ой айтып қалудан сақтану. Сондықтан олар көпшілік алдында айтылар әрбір пікірді ойда әбден пісіріп, жетілдіріп, көңіл көрігімен үрлеп, тіл кестесін келістіріп айтуға бейіл тұрған.

Р.М. Әбдіқұлова. Бөлтірік Әлменұлының поэтикасы: монография/ – Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 7-8 бет.

Қазақтың шешендік сөздерінің баяндау және бейнелеу жүйесінде мол орын алатын диалогтық құрылымдарды сол көне суырып салма дәстүрдегі тілдесулердің эволюциясы ретінде тануға болады. Солардың бір тобы сұрақ-жауапқа құрылған шешендік сөздер. Әдетте, сұрақ-жауап қарама-қарсы құбылыс болғанмен, бірін-бірі ұштап, тірілтіп, жандандырып отырады. Оның бұл сипаты шешендік сөздердің көркемдік жүйесінде ерекше айқын көрінеді. Сұрақ-жауап құрылымынан шешендік сөздің идеясы, шешеннің рухани дүниетанымдық қасиеттері арқылы адам өмірінің сыр-сипаты ашылып, моральдық-этикалық тұжырымдар жасалып, қоғам, дүние, жаратылыс жайының сырлары танылады.

Ашық сөздің сұрақ-жауап формасында сұрақ қарапайым тыңдаушы атынан да, есімі көпке белгілі би-шешен атынан да берілуі мүмкін. Алдыңғының сұрақ берудегі мақсаты танымдық қана болса, кейінгісі шешендік сын, түптеп келгенде сөз сайысына шақыру екенін аңғаруға болады.

Р.М. Әбдіқұлова. Шешендік сөздердің көркемдік жүйесі: монография/Р.Әбдіқұлова. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. –13 б.

Заман Төлеуовтің «Қарақұыс» романында елдің азаттығы, ұлттың дамуы, қоғамның жаңғыруы, ділдің беріктігі, адамның бақыты мен тыныштығы адамның еркіндігінде екені көркемдік-эстетикалық тұжырымдама деңгейінде танылады. Сондықтан романда тәуелсіздік идеясы, «еркіндік» архетипі өркен жаяды. Романда кешегі және қазіргі ұлт өміріне куә өнер адамының өзінің дарынына ғана емес, қоғамның мәдени-экономикалық дамуына тұсау болған әділетсіздік, көзбояушылық, жемқорлық, ұлттық ділдің солқылдақтығы, тарихи тамырынан ажырау, қоғамда адамның рухани азғындауы секілді қайшылықтарға наразылығы, қалам қуатымен күресі көркем образ аукымында эпистемаға айналады. Алыс ауылда күн кешкен қарапайым еңбек адамының арының кіршіксіздігі, адамгершілік тұлғасы, биік азаматтық парасаты, адам баласына деген сүйіспеншілігі оның өнеріне жол ашады. Оның өмірлік аңсары да жазушылық өнері арқылы адам жанын изгілендіру, адамның өз өмірінде еркіндік пен бақыттың шынайы дәмін татуына қолқабыс ету еді.

Р.М. Әбдіқұлова. Сөз сәулесі: әдеби талдаулар, естелік-эсселер / Раушан Әбдіқұлова.- Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2025.- 18 бет.



Мұхаммадғали Ілиясұлы ӘБДУОВ,
филология ғылымдарының докторы

Мұхаммадғали Ілиясұлы 1958 жылы 9 мамырда өмірге келген. Филология ғылымдарының докторы (2007), "Bolashaq" академиясының профессоры. Жалпы еңбек өтілі 47 жыл, оның ішінде ғылыми-педагогикалық сала бойынша 37 жыл. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде (қазіргі ұлттық зерттеу университеті) оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, филология факультетінің деканының орынбасары, факультет деканы болып қызмет атқарды (1989-2024). Академик Е.А. Бөкетов университетіне еңбегі сіңген қызметкер (2019ж.).

Ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі бағыттары: қазақ әдебиетінің тарихы, фольклортану, қазақ халқының ауыз әдебиеті, әдебиеттегі абзац мәселесі.

Екі жүзге жуық ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. Студент кезінен бастап қазақ халқының рухани құндылықтарын жинаумен айналысып келеді. Атап айтқанда, Абылайханның «Дүние қалды» күйін (А.Сейдімбек «Күй-шежіре» монографиясында (196 б.) айтып өткен), «Қаңтайым-Наурызбай» дастанының мақамын, Шөженің, Қақпанның айтыстағы әуені мен әндерін, Жидебай Жаңқұтты тәрізді елуден астам би-шешендердің сөздерін, Ақтентек сал, Зейнеп ақындай оннан астам халық ақындарының шығармаларын, қуғын-сүргіннің құрбаны болған Сәрінжін, Бабас сияқты бір топ өнерпазардың мұраларын жинақтап, бүгінгі күнге жеткізген.

Төмендегідей маңызды еңбектерін атап айтуға болады:

1. Әбдуов М.І. Өлең әдебиеті. -- Астана: Фолиант, 2004. -- 272б. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігімен ұсынылды. 7,8,9 сыныптарға арналған оқу құралы.

2. Әбдуов М.І. Қазақтың діни эпосы: діни эпостың поэтикалық және типологиялық мәселелері: монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006. – 254б.

3. Әбдуов М.І. Халық ақындары және фольклор: монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2014. – 146б.

4. Әбдуов М.І. Сәрінжіп және оның тұстастары: ғылыми-шығармашылық жинақ. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. – 184б.

5. Әбдуов М.І. Абай және әбжад(Г.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған), - Алматы: «Алгорифм», 2022. – 318б.

6. Әбдуов М.І. Қаракессек Қарамеңде би: тарихи-танымдық ғылыми зерттеу. Қарағанды: ҚарУ баспасы, 2024. – 248б.

7. Әбдуов М.І. Ақтентек сал: ғылыми зерттеу. – Қарағанды: ҚарУ баспасы, 2024. – 71б.

8. Әбдуов М.І. Шешеннің сөзі ортақ: ғылыми жинақ. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2024. – 320б.

Мемлекеттік наградалары:

КСРО Композиторлар одағының дипломы (1983), Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланның екінші дәрежелі «Қайсар» төсбелгісі (2011), академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-ға 40 жыл мерекелік медальы (2012), Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының А. Байтұрсынов атындағы алтын медальы (2015).

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Діни дастандардың барлығын дерлік авторлы туындылар десек, қателесеміз. Олардың халықтық нұсқасы да жеткілікті. Дамуына, өсуіне айрықша арқау болған нәзира дәстүрінің негізінде бәсекелес ақындардың арасында бір шығарманы жарыса жырлаудың етек алағанын да жасыруға болмайды. Бұл, әсіресе, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы кітаби-жазба ақындардың туындыларында көп көрінді. Жарияланған мұралардың халықтық нұсқасын анықтауға, айқындауға біз жан-жақты зерттеудің нәтижесінде көз жеткіземіз. Ал, оны ашудың, ажыратудың маңызы зор. Себепсіз салдар жоқ. Кез келген дүниенің өшуіне, жоғалуына қандай да бір жағдайдың әсер етері хақ. Діни эпостардың ғасырдан-ғасырға жетуіне себепкер болған жыршылар. Олар өмір тәжірибесінен өткен, ысылған өнерпаздар. Эпикалық жырларды жырлайтын жыршылар, мұндай дүниені көпшілікке жария ету үшін, үлкен дайындықпен келеді. Ондай өнер адамдары жас кезінен бастап, тәжірибелі үлкендерден үлгі алған, қасында жүрген, жыршылықтың мектебінен өткен.

М.І. Әбдуов. Қазақтың діни эпосы: Діни эпостың поэтикалық және типологиялық мәселелері: монорафия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006. – 7 бет.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жазба әдебиеті ерекше қарқынмен дамығандығы белгілі. Оның кең қанат жайып өріс

алуына айрықша назар аударылды. Зерттеу барысында төкпе ақындардың творчествосына да, жазба әдебиетке де көңіл бөлінді. Дегенмен, кейбір халық ақындарының шығармашылығына жан-жақты мән берілмей үстірт айтылған болса, енді бірі тасада ескерусіз қалды. XX ғасырдың алғашқы жартысында ақындық құрған өнер иелерінің көпшілігінің сауатты болғандығы мәлім. Солай бола тұрса да олар өз өлеңдерінің басым көпшілігін ауызша шығарған. Оның өзіндік мәні бар. Ол кезде жаңадан құлашын жазған жазба әдебиеттен гөрі, қалыпқа түсіп, елге етене жақын болып кеткен, халықпен сан ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан суырыпсалмалық дәстүр көптің көңіліне қонымды, жүрегіне жылы болатын. Сондықтан, жазба шығармаларға қарағанда, ауызша шыққан туындылар ел ішіне тез тарайтын және халық ақындары да осы жағына баса назар аударған болса керек.

М.І. Әбдуов. Халық ақындары және фольклор: монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2014. – 3 бет.

Күмісбек Ханбатырұлы. Құғын-сүргіннің зардаптары барша халыққа адам төзгісіз ауыртпалықтарды әкелуімен қоса, елдің бас көтерер азаматтарының түрлі сылтауларды қолдана отырып, көзін жоюымен тарихта қалды. «Халық жауы» деп танылғандардың еңбегі елеусіз қалды, кейінгіге аманат етіп қалдырған мұрасы түбірімен жойылды. Ел мүддесі үшін жан аямай күресіп, басын оққа байлағандардың бірі Күмісбек Ханбатырұлы еді.

Өткен ғасырдың 70-жылдарында, Қамажан Омаров деген қарияның берген мәліметі бойынша, 1916 жылы күз айында Күмісбектің өз сөзімен айтсақ, «орда бұзатын жаста» екен. Яғни, отызда, мүмкін, отыздардың ішінде болған тәрізді. Сонда 1916-дан отыз жасты алып тастасақ, 1886 жыл шығады. Сонымен, ақын 1886 жылы Қарқаралы уезінің екінші ауылына қарасты Ұста деген жерде өмірге келген. Үш ұлдың ішіндегі ең кенжесі Күмісбек төрт жасында әкесінен, тоғыз жасында шешесінен жетім қалып, жақын ағайындарының қолында тәрбиеленеді. Садық деген молдадан сауатын ашқан Күмісбекті білімге құштарлығын аңғарған бір туысқаны саудамен айналысатын таныс сартына тапсырып, Ташкентке жібереді. Әрі ширақтығымен, әрі талабымен танылған озат шәкірт атанған Күмісбек екі жылдық медресені тәмамдаған соң, ұстаздарының айтуы бойынша, Бұқараға жол тартады. Мұнда үш жыл оқып, білімімен молдаларды таңырқата отырып, көзге түскен соң солардың айтуымен алдымен Орынборға, соңынан Уфаға келеді. Медреседе оқи жүріп, орыс тілін де үйренеді. Сол жерден Петербургке барып қайтқан деген әңгімелер де бар. Сөйтіп, жиырма тоғыз жасында Арқаға қайтып оралады. Көзге түскен білімді жасты қазіргі Жаңаарқа ауданына қарасты Иманақ тауының күншығыс

жақ бетінде жайлауда отырған есімі елге мәлім жеті мыңға жуық жылқы біткен Тоқа руынан шыққан Мырзамбет - Досхана Омар байдың баласы Байменде өз қарауына алғызып, мектеп ашып беріп алыс-жақын жердегі балаларды оқытады. Күмісбектің жағдайының түзелуіне, шаңырақ көтеріп отбасын құруына осы Омардың Құлменде, Байменде, Тата, Қамажан деген төрт баласы себеп болып, қамқорлық көрсетеді.

М.І. Әбдуов. Сәрінжіп және оның тұстастары: ғылыми-шығармашылық жинақ. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. – 33 бет.

«Бір» ең алдымен «Бар» деген ұғымның алғашқы бастауы. Яғни, «Бір» болғаннан кейін өзге сандар бар, ол жоқ болса, ешқандай сан жоқ. Қандай да заттың, нәрсенің бар болуы «Бірден» басталады. Өзге мөлшірі «Бірден» кейін жалғасады. «Бардың» алғашқы ұғымы - «Бір». Осы орайда туындайтын сұрақ «Бірдің» алдында «Нөл» бар емес пе? деген мәселе. «Нөл» - «Жоқ» деген ұғымды береді. Сондықтан «Барға» қатысты сандық ұғымды жүзеге асыруға қабілетсіз. «Нөлдің» өзі «Бірдің» арқасында бар болып тұр. Яғни, «Бір» болмаса «Нөл» де жоқ. Нөлге қатысты ұғымда да басшылық «Бірде» екендігі айқын.Ұлы Абайдың:

Единица кеткенде,
Не болады өңкей «нөл»

деген тұжырымында осындай ғылыми-танымдық түйін мен тұжырым жатыр.

«Бірге» тән келесі бір керемет сипат – даралық қасиеті. Ол мазмұндық, мағыналық, ұғымдық, қолданымдық жағынан ешқандай санға ұқсамайды. Осыған байланысты өзге сандар «Бірге» ұқсай алмайды. Оның себебі, жалғыздығы. Егер ұқсасы табылса ол «Бір» болмайды, «Екі», немесе онан да көп болуы мүмкін. «Екі» не басқа сандар «Бір» бола алмағандықтан, оның орнына қолдануға келмейді. «Бір» - жеке, оқшау, дара. Біз «Бір» санын түсінгенімізбен, қабылдағанымызбен жаратылыстан, өмірден дара «Бірді» таба алмаймыз. Мәселен, әркім өзіне жеке біреу болғанымен, адам баласы көп. Басқа затты, істі әрекетті алып қарағанымызбен дүниеде дара нәрсе жоқ. Десек те «Бардың» бастауында «Бірдің» тұрғандығына ешкім шүбә келтіре алмайды. Осында пікірден туындайтын ой «Бірдің» жаратылыс әлемінен тысқары екендігі.

Үшіншіден «Бір» басқа сандарға ұқсамайды, таңбалануы да танымы да өзгеше. Санада «Бір» ұғымын кескіндеу мүмкін емес.

Төртіншіден «Бірге» барлық сан тәуелді, «Бір» ешқандай санға мұқтаж емес. Себебі, барлық сандарды жасаушы - «Бір». Мәселен, бүтін

сандар - он, жиырма т.т., бөлшек сандар 0,5, 0,05 т.т. «Бірдің» негізінде туындап тұр. Ал өзге сандар өз өлшемін ғана береді, «Бірдің» мәнін де, есебін де бере алмайды.

Бесіншіден, «Бірде» басталу мен аяқталу жоқ. Өйткені ол жалғыз. Өзге сандарда басталу, аяқталу бар. Мәселен, «Бес» деген «Бірден» басталып «Беспен» аяқталады. «Отыз» десек «Бірден» басталып «Отызбен» аяқталады. Аңдаған адамға арасы алшақ, екі жақта. Ал, «Бірде» барлығы өзіне ғана тән, сондықтан ол өздігінен бар демекпіз.

Алтыншыдан, қандай зат, жағдай, әрекет «Бірден» кете алмайды. Басқаша айтқанда «Бар» «Бірден» бөліне алмайды. Жалпы өмірде тұтастану және ұсақтану құбылыстары бар. Адам баласы көп болғанымен адамзат әлемі біреу. Жанды, жансыз әлем тұтастанып тіршілік ортаны құрап тұр. Қаншалықты көп болғанымен жинақтағанда біреу болып шығады. Сол сияқты қолдың жеке саусағы біреу, саусақтың жеке буыны біреу тағысын тағылар. Осыдан шығатын қорытынды жинақтау мен бөлшектену, көбею мен азаю, «Бардың» қай түрі болмасын тірелер тұсы «Бір».

Құранның «Ыхылас» сүресінде: «Мекеде түскен, Төрт аят». Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын (Мұхаммад Ғ.С. оларға) айт:

Ол Алла біреу-ақ (1)
Алла мұңсыз (Әр нәрсе оған мұқтаж) (2)
Ол тумады да туылмады (3)
Әрі оған ешкім тең емес (4), –

деп айтылады. Осы сүренің аяттарындағы баяндалған сипат, біз айтқан «Бірдің» бойындағы қасиеттермен үндесіп келген.

М.І. Әбдуов. Абай және әбжад, - Алматы: «Алгорифм», 2022. – 74, 75, 76 бет.

Сандаған ғасырға созылған көшпенділік қоғамда рулық қауымдастықтың ел бірлігі мен тірлігіне орасан зор ықпал еткендігі белгілі. Танымай табысқан жолаушылар да «қай туған боласыз?» немесе «Сүйегің кім?» деген сұрақтар арқылы тез шүйіркелесіп бірден біліскен. Содан қазақта «Жылқы кісінескенше, адам амандасқанша» деген мағыналы да, мәнді тіркес қалыптасқан. Сондағы сұралатын басты мәселе руы,соңынан есімі. Руын білу арқылы жолаушының жай-жапсарын бірден аңғарады. Осы орайда айта кететін бір мәселе ру сөзінің мағынасы. Пікір алмасу барысында бұл сөздің шығу төркінін ұр, ұру деген ұғымнан туған дейтіндер де кездесті. Бірақ, бұл пікір қисынға қайшы. Өйткені, ру - кез-келген адамның шығу төркінін аңғартатын

қауымның аты. Ал, оның ұруға қандай қатысы бар? Біздің пайымдауымызша ру сөзі арабтың рух деген сөзінен шыққан болса керек. Қазақ тіліне аударғандағы мағынасы - жан, адамның жаны, ол мәңгі өлмейді, тірі. Әруақ деген сөз осы рухтың көпше түрі. Яғни, алғашқы қолданысқа түскен кезінде «рухың кім?», «Қай рухтан боласың?» дегенде жауап, мысал үшін «Арғын рухынанмын» деп өзінің қай атаның ұрпағы екендігін аңғартатын болған. Бірте-бірте, уақыт өте келе х дыбысы айтылу икемдігіне орай жойылып, ру деген сөз қалыптасқан. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «Ру - бір әулеттен тараған туыстық, қандастық топ, үлкен тайпаның бір тармағы» деп анықтама берген. Бұл тұжырым біздің айтқан пікірімізді айғақтай түседі.

М.І. Әбдуов. Қаракесек Қараменде би: тарихи-танымдық ғылыми зерттеу. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2024. – 72 бет.

Көнеден бүгінге дейін өзінің жалғастылығын тауып келе жатқан шешендік өнер, халықтың тыныс-тіршілігімен біте қайнасып, жалпы адамзаттық қажеттілікке айналу арқылы өзінің өміршеңдігін айқындап отыр. Мұндай маңыздылықтың қорына енуіне бірнеше негіз бар. Біріншіден - оның өзегі - шындық. Шешендікке ақиқаттан алшақтау жат қылық. Басқаны былай қойғанда, жеңіл қалжың, әзілге құрылған шешендік әңгімелердің астарында да турашылдық, түзулік көрініс беріп тұрады. Екіншіден, оның қалыбы - сұлулық. Әсемдік әлемі әркімді еліктірмей қоймайды. Ал, сөз сұлулығы сықырлы сағым. Елес берсе, ере берерің хақ. Үшіншіден, оның азығы - дарындылық. Бірақ, өкінішке орай бұл қасиет екінің бірінде кездесе бермейді. Төртіншіден, оның қазығы - ақыл. Яғни, ақылы асқан дарын, кеменгер адам ғана оны ұстап тұра алады. Бесіншіден, оның өрісі - халық. «Көрусіз қалса көз жетім, тыңдалмаған сөз жетім» деген қанатты нақыл да осыған орай айтылса керек. Біз сөздің қадір-қасиетін түсіне білген елміз. Сондықтан да болар тізгінді ханға ұстатқанымен, басқару, бағыттау, байыптау, байлау билердің еркінде болды. «Сөз білмеген тілін көрсетеді» дейді халық. Бұл шешендік өнерге қорған болудың, жақтаудың көрінісі емес пе? Шешендік туралы айтылған ой, жазылған пікірлер аз емес. Сөзтану тарихына тереңдей енген адам талай таңқаларлық тамаша толғаныстардың куәсі бола алады.

М.І. Әбдуов. Шешеннің сөзі ортақ: ғылыми жинақ. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2024. – 6 бет.



Алмасбек Ахметұлы
ӘБСАДЫҚ

Алмасбек Ахметұлы Әбсадық 1966 жылы 2 шілдеде Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тасбөгет қыстағында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. 1984 жылы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, оны 1991 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша үздік тәмамдайды. Сол жылы Оқу министрлігінің жолдамасымен Қостанай педагогикалық институтына оқытушылық қызметке орналасады. 1992-1993 жылдары Қостанай педагогикалық институтында алғаш ашылған Қазақ филологиясы факультетінің декан орынбасары қызметін атқарады. 1994-1997 жылдары ҚР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының ғылыми тағылымдама курсынан өтеді. 1998 жылы Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетінде филология ғылымдарының докторы, академик С. Қасқабасовтың ғылыми жетекшілігімен «Абылай туралы аңыздар» атты тақырыпта кандидаттық диссертация, 2009 жылы ҚР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында «XY-XYIII ғасырлардағы тарихи аңыздар: мотив пен сюжеттер типологиясы, тұтастану құбылысы» тақырыбында докторлық диссертация қорғайды.

2004-2017 жылдар аралығында А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде кафедра меңгерушісінен бастап Оқу және тәрбие проректоры қызметін атқарады. «ЖЖО-ның үздік оқытушысы» (2007), «Күлтегін» сыйлығының иегері (2022 ж.),«Үздік ғылыми қызметкер» (2023) байқауының жеңімпазы.

Фольклортанудың саласының тарихи аңыздар саласы бойынша монографиялық зерттеулердің, 100-ден астам ғылыми мақалалардың авторы. Ғалымның қаламынан Қазақ хандығы тұсындағы тарихи оқиғалар мен тұлғалар (хандар мен батырлар, би-шешендер) туралы ғылыми ортаның назарын аударған күрделі зерттеулер жарық көрді. Атап айтқанда, «Абылай хан: аңыз және ақиқат» (Қостанай, 1999), «Абылай хан ғұмырнамасы: миф пен шындық» (Астана, 2005), «Хан Абылай: таным және тағылым» (Астана, 2013), «Қазақ хандығы және тарихи аңыздар» (Алматы, 2017), «Ұлы Дала аңыздары (XIII-XYIII ғғ.):

Жошы ұлысы және Қазақ хандығы кезеңі. Фольклорлық, тарихи-филологиялық талдау» (2024), «Жошы ұлысы және қазақ аңыздары» (Қостанай, 2026) атты монографиялық зерттеулер фольклортану ғылымына қосылған сүбелі еңбектер болып табылады.

А. Әбсадық Алаштану бағытында да жемісті жұмыс жасап келеді. Ғалым тарапынан Ахмет Байтұрсынұлына қатысты архивтік құжаттарға, тарихи деректерге негізделген бірнеше тың еңбектер жарияланып, ғылыми айналымға жаңа танымдардың қосылуына жол ашты. А. Әбсадықтың ұлт ұстазының ғұмырнамасы мен шығармашылығына қатысты «Серт: Ахмет Байтұрсынұлының ұстаздық қызметі мен шығармашылығының беймәлім деректері» (Алматы, 2022), Ұстаз жолы. Путь учителя. Teachers path (Қостанай, 2022) атты монографиялары, «Алаш жолы және Ахмет Байтұрсынұлы» (Алматы, 2024), «Тауқымет: Ақымет Байтұрсынұлы қызметінің бел-белестері» (2024) зерттеу еңбектері жарияланды.

А. Әбсадықтың зерттеулері жоғары рейтингке ие шетелдік ғылыми журналдарда тұрақты жарияланады. Оның қаламынан А.Байтұрсынұлына қатысты бірінеше мақала шетелдік журналдарда жарық көрді:

1. Путь учителя А. Байтурсынова: от Бестамака до Каркаралинск (1895-1910) // Bylye Gody 2022. 17 (2): DOI: 10.13187/bg.2022.2.890

2. Газета «Казакъ» и его оппоненты в казахском обществе // Bylye Gody2022. 17 (3): DOI: 10.13187/bg.2022.3.1470

3. Омско-каркаралинский период: истоки просветительской и политической деятельности А. Байтурсынова // Bylye Gody 2023. 18 (3): DOI: 10.13187/bg.2023.3.1455

4. Просветительская деятельность А.Байтурсынова в аульных школах Кустанайского уезда Тургайской области // Bylye Gody 2025. 20 (2): DOI: 10.13187/bg.2025.2.991

Ғалымның жетекшілігімен өлкетанушылық мазмұндағы «Тобыл экспедициясы: Иоган Фальк ізімен» (2016 ж), «Ұлы Дала тұлғалары: Кейкі батыр ізімен (2017)», «Ахмет Байтұрсынұлы ізімен: Орынбор кезеңі» (2019 ж.), «Ұстаз жолы: Орынбаев мектебі және Қостанай педагогикалық сыныбы» (2022 ж.) атты ғылыми экспедициялар жүзеге асырылды.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Абылай туралы көп мәліметтер сақталған қазына – ол қазақ халқының фольклорлық мұрасы. Онда атақты ханның өмір жолын бейнелейтін фольклорлық шығармалар-сан-алуан аңыздар, жырлар, толғаулар мен дастандар, күйлер, мәтел сөздер көп. Олардың біразы біздің бүгінгі дәуірімізге жетіп отыр. Солардың ішінде халық жадында

молынан сақталғаны – аңыздар мен жырлар, жекелеген ақын-жыраулардың мадақ өлеңдері, толғаулары мен дастандары. Басқаша айтқанда, Абылай есіміне қатысты халықтық рухани қазынаның көрікті көші түзелген. Ол рухани қазынадан қазақтың талай ұрпағы нәр алды: намысын қайрады, ерік-жігерін, ақыл-ойын шыңдады, таным мен тағылым түйді. (Абылай хан және фольклор)

Рухани болмысымыздың, ұлттық фольклордың көркемдік ерекшелігі, тағылымы терең салаларының бірі – тарихи аңыздар. Олар - сан ғасырлар бойы халықтың өткенін білуге, тануға деген сұранысы мен қызығушылығын өтеп келген бай рухани қазына. Аңыздарда қазақ руханиятына қатысты көркемдік танымдармен қатар ұлт пен мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы тарихында болған оқиғалар мен айтулы тұлғалар туралы хабар-деректер де сақталған. Басқаша айтсақ, аңыздар ел естелігінің өзіндік құпия белгілермен сақталған жады, халықтың өз аузымен баяндаған тарихы (Қазақ хандығы және тарихи аңыздар).

Аңыздар – қай халықтың да болмасын елеулі оқиғалар мен айтулы тұлғалар жайында, белгілі бір мекен-жайдың атауы жайында айтатын ауызекі тарихы. Онда халықтың түрлі тарихи даму кезеңдері мен әр тұста орын алған оқиғалардан алған түйіні, шығарған қорытындысы, көрнекті тұлғалардың іс-әрекетіне берілген бағалары сақталып жеткен. Ол фольклордың жеке жанры ретінде қоғам дамуының белгілі бір тарихи шындығы мен өмірде орын алған тарихи фактілердің негізінде қалыптасады (Қазақ хандығы және тарихи аңыздар).

Алдажар Әбдірасуллеұлы ӘБІЛОВ,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Алдажар Әбдірасуллеұлы Әбілов 1957 жылы 15 қарашада Қызылорда облысы, Арал ауданы, Октябрь ауылдық кеңесінде өмірге келген. 1974 жылы №57 Октябрь орта мектебін бітірген. 1974 жылдың шілдесінен 1977 жылдың 28 тамызына дейін «Арал» кеңшарында жұмысшы болып еңбек етіп, 1977 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түскен. 1982 жылы аталған жоғары оқу орнынан филолог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандығын алып шығып, 1982 жылдың шілде – қазан айлары аралығында Кеңес әскері қатарында болып, әскери жиыннан өткен.

1982 жылдың желтоқсаны мен 1983 жылдың мамыры аралығында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері, 1983 жылдың мамыры мен 1985 жылдың қарашасы аралығында Қазақстан ЛКСМ Арал ауданы Арал совхозы комсомол комитетінің секретары, 1985 жылдың қарашасы мен 1988 жылдың қаңтары аралығында салауаттылық үшін күрес қоғамы Арал аудандық кеңесінің жауапты хатшысы, 1988 жылдың қаңтары мен 1991 жылдың желтоқсаны аралығында Арал қалалық №13 мектеп директорының орынбасары, әрі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметтерін атқарған. 1991 жылдың желтоқсанынан қазірге дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде қызмет атқарады. Оқытушылықпен қоса оқу орны кадр бөлімінің аудармашысы (1992-1994), «Сыр түлегі» газетінің редакторы (1993-1996), «Филология және өнер» факультеті деканының орынбасары (1998-1999), қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі (1999-2004), ҚР ІІМ Қызылорда училищесінің оқытушысы (2000-2015), Қызылорда ІІД редакторы (2010-2014), Қызылорда «Сейхун» академиясының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры (2005-2012) қызметтерін қоса атқарған. Оның 266 ғылыми, ғылыми-танымдық, ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көрген. Оның 7-і оқу құралы, 4-і электронды оқу құралы, 5-і ғылыми-танымдық зерттеу еңбек, 4-і монография, 3-і сөздік, 2- і әдістемелік құрал, 4- і ғылыми-танымдық зерттеу, көптеген мақалалары алыс және жақын шетел ғылыми басылымдарында жарияланған. Оның 28 ғылыми мақаласы ҚР БҒМ ЖАК бекіткен ғылыми журналдарда жарияланған, 20-ға жуық мақаласы Прага, Анкара, Ресейдің Москва, Невинномысск қалаларында, Кореяда жарық көрген. Оның ғылыми еңбектері оқу үдерісінде пайдаланылуда.

Әбілов Алдажар – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері.

Қызылорда облыстық әкімдігі Тілдерді дамыту өңірлік орталығы ғылыми-әдістемелік кеңесінің төрағасы.

Ол-іс жүргізу құжаттарын мемлекеттік тілге көшіру, мемлекеттік тілде іс жүргізу ісіне облыста алғашқылардың бірі болып атсалысушы. Оның 1969 жылдан бері публицистика жанрындағы көптеген мақала, суреттеме, репортаждары, 7 очеркі, 5 сұхбаты республикалық, облыстық газет-журналдарда, радиода жарияланған. «Зауал», «Алаяқ» атты детектив жанрында жазылған екі повесі «Зауал» деген атпен 2005 жылы, 2006 жылы баспадан шыққан. 60 тан аса әңгімелері түрлі басылымдарда жарияланған, оның 7 –і детектив жанрында. «Әнсатбай хикаялары» атты әңгімелер жинағы 2016 жылы, «Жүзік» атты әңгімелер жинағы 2017 жылы, «Жылдарым-жырларым» атты өлеңдер жинағы 2017 жылы, «Қарағаш түбіндегі оқиға» атты детектив повесі 2020 жылы жарық көрді. «Алдаспан» атты деректі – көркем прозалық туындысы және «Дегдар» атты деректі-көркем повесі 1924 жылы баспадан шықты. Ол К. Тоқаев атындағы Республикалық детектившілер конкурсының 2022 жылғы I –орын, 2025 жылғы II-орын иегері.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары:

1.Көркем аударма теориясы, 2. Аударма тарихы, 3. Аударма ісі мен тәжірибесі, 4.Әдебиет теориясы, 5.Қазақ әдебиетінің тарихы, 6. Қазақ тіл білімінің мәселелері, 7.Тарих, 8:Әдеби сын, 9.Халық ауыз әдебиеті.

Негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары:

I. Көркем аударма теориясының, аударма ісі тәжірибесінің мәселелері.

Бұл бағытта көптеген мақалалары, сөздіктері, монографиялары шыққан.

1.Көркем аударма шеберлігі Монгорфия. Алматы, Қазақ университеті баспасы, - 157 бет.

2. Мемлекеттік тілдегі ас мәзірі мен тағам түрлері: қазіргі жағдайы мен проблемалары. Монография. (Абасилов А, Боранбай Б, Бекіш Е, Кахарманова Ә). Қызылорда, Жиенай, 2023. – 236 бет.

3.Қазақ аудармасының кейбір мәселелері. Мақала Конферен. матер.жинағы. Қызылорда, 1992. - 3 бет

4. Аударма және мақал-мәтелдер қолданылысы. Мақала Конферен. матер.жинағы. Қызылорда, 1993. - 3 бет

5. Спорт терминдерінің орысша -қазақша сөздігі (Сәдуахасов Ж, Шиндин Н) Қызылорда, 1993. - 64 бет.

6. Ә.Жұмабаевтың алғашқы аудармалары. Мақала. Қазақ тілі мен әдебиетінің кейбір мәселелері, №3 жинақ. Шымкент, 1993. - 8 бет

7. Көркем аударма шеберлігі. Мақала. Қазақ тілі мен әдебиеті және оны оқыту методикасының кейбір мәселелері, №3 жинақ. Шымкент, 1993. - 8 бет

8. Аударма шеберлігі-ізденісте Мақала. ҚазМУ Хабаршысы, №11. Алматы,1997 - 8 бет

9. Аударма сыны мен тәржімашының тәжірибе жинақтауы-аудармашы даралығының арналары. Мақала. ҚазМУ Хабаршысы, №11. Алматы, 1997. -5 бет

10. М.Әуезов – қазақ көркем аудармасы теориясының негізін салушы. Мақала «Ақмешіт атпалығы» газеті 24.04.1998 ж. Қызылорда, 1998 ж – 3 бет

11. Мәдениеттану пәнінің сөздігі (Абасилов А,Боранбай Б, Егізбаева Г) Қызылорда, ҚМУ баспасы, 2004. – 128 бет.

12. Көркем проза тәржімасы және ырғақ. Мақала. «Қазақ әдебиеті» газеті. 30.03.2007 ж. №13 Алматы, 2007. – 5 бет

13. Көркем проза аудармасы және ырғақ. Мақала. «Қазіргі әдебиеттану мен фолькло-ристиканың теориялық және методологиялық мәселелері. Халықаралық конфер. матер..23-24 мамыр ҚазҰУ. Алматы, 2007. – 6 бет.

14. Көркем проза аудармасы және ырғақ. Мақала. «Әлем әдебиеті» журналы 2009 №6. Астана, 2009 – 5 бет

15. The rhythm of artistic composition and multilingualism in translation. Мақала. «Современные проблемы гуманитар-ных и естественных наук». Материалы IX международ. научн. практ. конф. Москва, 2011. – 5 бет

16. М.Қаназ және аудармашы шығармашылық даралығы. Мақала. «Әлемдік әдеби дамудағы жаңа бағыттар». Халықаралық ғыл-теор. конф. материалдары. 11.12.2013 ж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Алматы, 2013. – 12 бет

17. Көркем аударма және ырғақ Мақала. Қазақстан-2050» стратегиясына орай дәстүрлі «Қазақ тілі – рухани негізіміз» -2014 бағытында ҚР Президенті- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауын насихаттауға және филол. ғ.д. проф. Т. Әбдіғазиеваның 70 жасқа толуына арналған респуб.ғыл.-теор. ңонф. матер. Л.Гумилеватындағы ЕҰУ. Астана, 2014. – 4 бет

18. Көркем аударма өнеріндегі шығармашылық даралық және еркіндік. Мақала. «Қазақстан-2050» стратегиясына орай дәстүрлі «Қазақ тілі – рухани негізіміз» -2014 бағытында ҚР Президенті- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауын насихаттауға және филол.ғ.д.проф.Т.Әбдіғазиеваның 70 жасқа толуына арналған респуб.ғыл.-теор. ңонф. матер. Л.Гумилеватындағы ЕҰУ. Астана, 2014. – 6 бет

19. Көркемдік бастауы – аудармашы шығармашылық даралығы. Мақала. (Г.Әбілова) «Білім мен ғылым дамуының бүгіні мен келешегі» Халықаралық ғыл-тәж.конф. материал.жинағы. 1.04.2015. Шымкент, 2015.- 8 бет.

20. Көркем проза ырғағы және аударма өнеріндегі көптілділік. Мақала. (Г.Әбілова) «Қазақ руханияты: әдебиет,тарих және өнер» респ.ғыл-тәж. конферен. матер. жин. 05.2016. Қызылорда, 2016 – 7 бет

21. Аударма және ырғақ. Мақала. (Ибрагимова Э, Хегай Н) Көкшетау МУ Хабаршысы, филология сериясы 2018 №2. Көкшетау, 2018. - 7 бет.

22. Әбен Сатыбалдиев – аудармашы, жазушы, ғалым. Мақала. Н.Жүнісовтің 90 жылдығына арналған респуб. ғыл.-тәж. конф. матер. жинағы, 10. 2018. Қызылорда, 2018 – 4 бет

23. Көркем аудармадағы Қалжан Нұрмаханов қолтаңбасы. Мақала. Филол.ғ.д., проф. Ж.Дадебайұлының 70 жасқа толуына арналған «XXI ғасырдағы қазақ филологиясы және көркемдік таным». Халық. ғыл.әдіс. конф. матер. 23.11.2018.ҚазҰУ. Алматы,2018. – 9 бет

24. Әбен Сатыбалдиев және өзбек әдебиеті. Мақала. (З.Алтаева) «Тағлым» респ. ғыл.-әдіс., журнал. 2019, № 3 (63) Қызылорда, 2019 - 7 бет.

25. Әбен Сатыбалдиевтің тәржімашылық шеберлігі және И.Гончаровтың «Жар» романы. Мақала. (З.Алтаева) Республикалық «Ізденіс жолы» журналы № 77(13) мамыр 2019. Қызылорда, 2019. -5 бет

26. Қалжан Нұрмаханов аудармаларының ерекшелігі. Мақала. «Қазақ білімі» респ. ғыл.-әдіс., педагогикалық журнал 2019, № 10 (25). Қызылорда, 2019. – 9 бет.

27. Тәржімашы Қалжан Нұрмаханов және түпнұсқа стилінің сақталуы. Мақала. (Ш.Құдайберген) Білім беру қызметін жетілдіру мәселелері және шешу жолдары. Респуб. ғыл-тәж. конф. материалдары жинағы. 04.12.2019 ж. Қзылорда, 2019. – 5 бет

28. Қазақ көркем аудармасының зерттелуі және сатылы аударма ерекшелігі. Мақала. «Мектептегі кәсіптік бағдар:тұлғаның кәсіби құндылығы және педагогика мамандығы». Респуб.ғыл-тәж, онлайн конф. матер. мамыр,2020. Қызылорда, 2020. – 8 бет

29. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі еркіндік концепті. Мақала. (Ибрагимова Э,.Хегай Н) «Қазіргі ғылым мен білім: Өзара әрекеттестік стратегиясы мен тактикасы». І-халықаралық ғылыми-практикалық конф. матер.жинағы. Алматы, 2021. 5 қаңтар. Алматы, 2021. – 6 бет

30. Social orientation of media texts containing professional vocabulary, their adaptation and functioning. Мақала (Ибрагимова Э,.Хегай Н) Көкшетау МУ Хабаршысы, филология сериясы 2021 №1. Көкшетау, 2021. 7 бет.

31. Көркем аударма өнеріндегі еркіндік. Мақала. INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL «GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2023: CENTRAL ASIA» ASTANA, KAZAKHSTAN, APRIL 2023.Халықаралық ғылыми конф. матер. 10-15. 03.2023. Астана, 2023.- 5 бет.

32. Тағам атауларының сөздігі . (Абасилов А, Боранбай Б, Бекіш Е, Кахарманова Ә). Қызылорда, Жиенай, 2023. – 242 бет.

33. Көркем аударма өнері және сын мен пікір. Мақала. «Сыр сүлейлеріне классикалық шығыс әдебиетінің әсері». Халықаралық ғыл.-тәж. конферен. матери. жинағы. Қызылорда,2024.05. қызылорда, 2024. – 7 бет

34. Көркем аудармадағы түпнұсқа ырғағын сақтау. Мақала. «Аманат KZ» республикалық ғылыми-танымдық журналы. Қазан, 2024. № 10 (07 - кітап) Қызылорда, 2024 – 6 бет

35. Тағам атауларының сөздігі II- басылым. (Абасилов А, Боранбай Б,Бекіш Е,Кахарманова Ә). Қызылорда, Жиенай, 2023. – 245 бет.

II. Әдебиет теориясы мен әдебиеттану мәселелері.

Бұл бағытта көптеген мақалалары, зерттеулері шыққан.

1.Үлкен дарын. Мақала ҚазҰУ хабаршысы, №12. Алматы, 1998 . – 3 бет

2. Көркем проза ырғағы. Мақала. ҚМУ хабаршысы, қызылорда, №4. 1999. – 3 бет

3.Ақын және туған жер. Мақала. «Ұлт тағылымы» журналы №3.2000ж. Алматы, 2000. – 4 бет

4. Ақиық ақын. Мақала. «Ұлт тағалымы» 2001 ж. №4-5. Алматы, 2001. – 5 бет

5. Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі және ырғақ. Мақала. «IY Мәшһүр Жүсіп оқулары» рес.конф. материалдарының жинағы. 2 том. Павлодар мем. универ.баспасы. Павлодар, 2004. – 5 бет.

6. Қазақ повестеріндегі ырғақ. Мақала. «Қазақ тілі мен әдебиеті»журналы №7.2006. Алматы, 2006. -4 бет.

7. Көркем проза тәржімасы және ырғақ. Мақала. «Қазақ әдебиеті» газеті. 30.03.2007 ж. №13. Алматы, 2007. – 5бет.

8.Көркем прозадағы ырғақ. Мақала. СДУ Хабаршысы №4,2007. Алматы, 2007. 6 бет

9.Көркем проза аудармасы және ырғақ. Мақала. «Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері. Халықаралық конфер. матер..23-24 мамыр ҚазҰУ. Алматы, 2007. – 6 бет.

10. М.Әуезов әңгімелеріндегі ырғақ. Мақала . Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері.

Халықаралық конфер. матер..23-24 мамыр ҚазҰУ. Алматы, 2007. – 5 бет.

11. Қазақ көркем прозасындағы ырғақ мәселесі. Мақала. «Білім беру ісі мен ғылым жаңа кезеңде» Облыстық конф. матер-ы. «Сейхун» академиясы.2008 ж. Қызылорда,2008. - 6 бет

12. Ырғақ және аударма. Мақала. ҚазҰУ хабаршысы №3 2008. Алматы, 2008 – 4 бет

13. Ғ.Мүсірепов повестеріндегі ырғақ. Мақала. ҚазҰУ хабаршысы №4 2008. Алматы, 2008. - 4 бет

14. Көркем проза ырғағының ойды бастаушылық және қорытындылаушылық қызметі. Мақала. «Қазақстанның ғылыми әлемі» журналы 2008, №3. Алматы, 2008. – 4 бет.

15. Нұрмағанбет Қосжанұлы Зерттеу. (Г.Әбілова) Алматы, «LEM» баспасы, 2008. – 296 бет

16.Көркем шығарма ырғағы және уақыт. Мақала. «Жалын» журналы №1 2009. Алматы, 2009 – 4 бет

17. Көркем прозадағы ырғақ және жанр. Мақала. «Ұлт тағылымы» ҚР БҒМ журналы №1 2009. Алматы, 2009. – 4 бет

18. О.Бөкейдің «Жылымық» әңгімесіндегі ырғақтар. Мақала. «Ұлт тағылымы» журналы №1,2009. Алматы, 2009. – 4 бет

19. Ырғақ және О.Бөкейдің «Кербұғы» әңгімесіндегі көркемдік. Мақала. «Ізденіс» ҚР БҒМ ғылыми журналы №1. 2009ж. Алматы, 2009. – 5 бет

20. Көркем проза ырғағының ойды бастаушылық және қорытындылаушылық қызметі. Мақала. «Ізденіс» ҚР БҒМ ғылыми журналы №1. 2009. Алматы, 2009. – 5 бет.

21. Ритм прозы – актуальная проблема литературоведения. Мақала. «AKTUALIN VYMOZENOSTY VEDY - 2009» Y халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдарының жинағы 27-29. 09. 2009. Прага, 2009. – 6 бет

22. Ж.Аймауытов повестеріндегі ырғақ. Мақала. Конференция материалдарының жинағы. Қызылорда Гум.Унив. 25-26. 04. 2009. Қызылорда, 2009. – 6 бет

23. Қазақ көркем прозасының ырғағы және мәтін астары. Мақала. Конференция материалдарының жинағы. Қызылорда Гум.Унив. 25-26. 04. 2009. Қызылорда, 2009. – 7 бет.

24. Проза ырғағы – әдебиеттанудың өзекті мәселесі. Мақала. Конференция материалдарының жинағы. Қызылорда Қаз-Қыт.институты ақпан.2009. қызылорда, 2009. – 7 бет.

25. «Күнікейдің жазығындағы» ырғақ мәселесі. Мақала. Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №11. 2009. Алматы, 2009. – 3 бет

26. О.Бөкейдің «Қамшыгер» әңгімесіндегі композиция және ырғақ. Мақала. Қазақ мемлекеттік қыздар пед. университетінің Хабаршысы №5.2009. Алматы,2009. – 5 бет

27. Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романы және ырғақ. Мақала. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы №5. 2009. Алматы, 2009. – 5 бет

28. З.Шүкіров прозасындағы ырғақтар ерекшелігі. Мақала. «Еуразия тарихы мен мәдениетіндегі Арал – Сырдария өңірінің орны Халықаралық ғылыми конф. материал. жинағы 25.10.2009. Алматы, 2009. – 6 бет.

29. Н.Қосжанұлы шығармашылығы және ырғақ. Мақала. «Қазақ әдебиетіндегі кітаби ақындар дәстүрі» атты Халықаралық ғылыми–теориялық конференция матер. жинағы. 26-27 қараша 2009ж. Түркістан, 2009. – 7 бет.

30. Көркем проза аудармасы және ырғақ. Мақала. «Әлем әдебиеті» журналы 2009.№6. Астана,2009. – 5 бет.

31. Уақыт және қаламгер (Жазушы Д.Досжан шығармашылығы хақында). Мақала. «Зерттеулер, ойлар, көзқарастар, тәжірибелер» атты облыстық ғылыми–теориялық конференция материал. жинағы. Қызылорда қазақ-қытай институты.25-26.02.2010. Қызылорда, 2010. – 5 бет.

32. Көркем проза ырғағы және кезең. Мақала. «Зерттеулер, ойлар, көзқарастар, тәжірибелер» атты облыстық ғылыми–теориялық конференция материал. жинағы. Қызылорда қазақ-қытай институты.25-26.02.2010. Қызылорда, 2010. – 6 бет.

33. С.Мұқанов прозасындағы ырғақтар ерекшелігі. Мақала. «Аса көрнекті жазушы,ғалым, мемлекет жәнеқоғам қайраткері С.Мұқановтың шығармашылығы және қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеу мәселелері». Халықаралық ғыл.тәж. конфер. ҚазҰПУ 30 науыз 2010ж. Алматы, 2010. – 9 бет

34. М.Әуезов және әңгіме ырғағы. Мақала. «Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті: даму деңгейі және болашағы» IY респуб. ғыл – тәжіриб. конф. мат. ҚГУ. 15-16.IY.2010. Қызылорда, 2010. – 5 бет.

35. Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі уақыт шындығы, мінез, әрекет, жағдай мәселелері. Мақала. (М.Доспенбетова) «Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті: даму деңгейі және болашағы» IY респуб. ғыл – тәжіриб. конф. мат. ҚГУ. 15-16.IY.2010. Қызылорда, 2010. – 11 бет.

36. Многогранность ритма казахской художественной прозы. Мақала. «PREDNI VEDECKE NOVINKY - 2010 » YI халықаралық ғылыми – практикалық конференция материал-дарының жинағы 27.08.-05.09.2010. Прага, 2010. – 9 бет.

37. О.Бөкей әңгімелеріндегі ырғақтар. Мақала. ПМУ Хабаршысы 2010 № 3. Палодар қаласы, 2010. – 9 бет.

38. The rhythm of artistic composition and multilingualism in translation. Мақала. «Современные проблемы гуманитар-ных и естественных наук». Материалы IX международ. научн. практ. конф. Москва, 2011. – 5 бет

39. З.Қабдолов және проза ырғағы. Мақала. Әл-Фараби аты. ҚазҰУ хабаршысы, №12. Алматы,2012. – 5 бет.

40. Қазақ әдебиеттануындағы ырғақ мәселесі және академик З.Қабдолов. Мақала. «V Қабдолов оқулары». Жинақ Алматы, Қаз.унив., 2012. Алматы, 2012. – 5 бет

41. Ә. Қоңыратбаев және халық өлеңінің зерттелуіне қатысты пікірлер. Мақала. ПМУ Хабаршысы 2013 № 1. Павлодар, 2013. – 5 бет

42. М. Әуезов және әңгіме ырғағы. Мақала. «Әлемдік әдеби дамудағы жаңа бағыттар». Халықаралық ғыл-теор. конф. материалдары. 11.12.2013 ж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Алматы, 2013. – 5 бет

43. М.Қаназ және аудармашы шығармашылық даралығы. Мақала. «Әлемдік әдеби дамудағы жаңа бағыттар». Халықаралық ғыл-теор. конф. материалдары. 11.12.2013 ж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Алматы, 2013. – 12 бет

44. Көркем аударма және ырғақ Мақала. «Қазақстан-2050» стратегиясына орай дәстүрлі «Қазақ тілі – рухани негізіміз» -2014 бағытында ҚР Президенті- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауын насихаттауға және филол.ғ.д.проф.Т.Әбдіғазиеваның 70 жасқа толуына арналған респуб.ғыл.-теор. қонф. матер. Л.Гумилеватындағы ЕҰУ. Астана, 2014. – 4 бет

45. Көркем аударма өнеріндегі шығармашылық даралық және еркіндік. Мақала. «Қазақстан-2050» стратегиясына орай дәстүрлі «Қазақ тілі – рухани негізіміз» -2014 бағытында ҚР Президенті- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауын насихаттауға және филол.ғ.д.проф. Т.Әбдіғазиеваның 70 жасқа толуына арналған респуб.ғыл.-теор. қонф. матер. Л.Гумилеватындағы ЕҰУ. Астана, 2014. – 6 бет

46. С.Мақпырұлы шығармашылығы және балалар әдебиеті. Мақала. «Қазақ әдебиетін орта мектепте, жоғары оқу орнында оқытудың өзекті мәселелері». Респуб. ғыл-тәж. конф. материалдары. 14.01.2014 ж. ҚазҰПУ. Алматы, 2014. – 6 бет.

47. Turki Haliktari Adebiyeti Korkem Prozasinin Irgagi Cane Metin Astari. Мақала. ULUSLARARSI TURK DUNYASI ARASTIRMALARI SEMPOZYUMU 18-21 Mart 2014, Nigde Universitesi (Turkiye). Анкара, 2014. – 10 бет

48. С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы және ырғақ. Мақала. ПМУ Хабаршысы 2014. № 1-2. Павлодар, 2014. – 5 бет.

49. Қазіргі Арал-Сыр өңірі айтысындағы көркемдік ізденістер. Мақала. ПМУ Хабаршысы 2014 № 1-2. Павлодар, 2014. – 7 бет.

50. Н.Қосжанұлының «Сартай батыр» жырындағы отаншылдық рух. Мақала. Ш.Уәлихановтың 180 жылдығына арналған дәстүрлі «Шоқан оқулары-19» Халықаралық ғыл-практ.конференция матер. жин.24-26.04.2015. Көкшетау, 2015. – 7 бет.

51. Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» романы және тарихи шындық. Мақала. «Қазақ руханияты: әдебиет,тарих және өнер» респ.ғыл-тәж. конфе.матер. жин 05.2016. Қызылорда, 2016. – 7 бет.

52. Сұлтанәлі Балғабаев прозасындағы көркемдік. Мақала. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Хабаршысы № 1(46). Қызылорда, 2016. – 7 бет

53. Тоғыстағы тағдырлар толғамы. Мақала. (С.Жұбатырұлының «Абыржы» романы хақында) «Ана тілі» газеті.14-20 маусым 2018. №24 (1438). Алматы, 2018. – 8 бет.

54. Адам Мекебаев прозасындағы кезең шындығы. Мақала. (Б.арысбай) «Тағлым» респ. ғыл.-әдіс., журнал 2021, № 02 (85) қызылорда, 2021. - 6 бет

55. Тіршілік тауқыметі. Мақала. Жинақ. Алаштың Айжарығы. Қызылорда,Тұмар,2021 – 7 бет

56. Әйел құдыреті. Мақала. Жинақ. Алаштың Айжарығы. Қызылорда, Тұмар, 2021. – 10 бет

57. Тағдырлар туралы толғау. Мақала. Жинақ. Алаштың Айжарығы. Қызылорда, Тұмар, 2021. –17 бет

58. Жұтынып жұпар шашса өрден шынар. Мақала. Республикалық «Қазақ әдебиеті» газеті. №11-12 (3801-3802)18.03.2022. Алматы, 2022. – 5 бет

59. Жолтай Жұмат-Әлмашұлы шығармашылығындағы көркемдік ізденістер (Н.Орынтай) Республикалық «Ізденіс жолы» ақпараттық-танымдық-педагогикалық журналы № 23(1) қаңтар 2023. Қызылорда,2023. – 5 бет.

60. Ырғақ және О. Бөкейдің «Кербұғы» әңгімесіндегі көркемдік. Мақала. «I Международное книжное издание стран Содружества Независимых Государств «ЛУЧШИЙ НАУЧНЫЙ СОТРУДНИК - 2023» Халықаралық ғыл. конф. матер. Y том. Астана,2023 – 5 бет

61. Ә.Қоңыратбаев шығармашылығындағы деректі проза. Мақала. Республикалық педагогикалық ғылыми- әдістемелік «Білім кені» журналы №10 (70), қазан, 2025. Астана, 2025. – 4 бет

Көркем проза ырғағы қазақ прозасына да тән. Проза ырғағының жасалуында: сөздер, сөз тіркестері, синтагмалар, парцелляция, пауза-

кідірістер, инверсия, интонация, ой екпіні, аллитерация, ассонанстар – үлкен рөл атқарады.

Аударма жағдайында проза ырғағының сақталуы – маңызды шарттардың бірі. Проза ырғағындағы нәзіктің пен күрделілік, маңыздылық пен сан қырлылық тұтаса келіп ой өзегі – идеяға тіреледі. Проза ырғағы шығарманы тілдік-көркемдік құрылымының үндестігі, оның тыныс-тіршілігі, өмір бейнесінің көркем шындыққа айналуындағы ерекшеліктердің түп қазығы, көркем шығарма эстетикалық сапасының өзегі.

Көркемөнер туындыларын жасауда өмір шындығы әрбір суреткерге тән дүниеге дара көзқарастан, оның творчестволық мәнерінен, оның образды ойлау ерекшелігінен тыс бола алмайды. Олай болса, тәржімашы еркіндігі де – көркемөнер заңдылығы, яғни тәржімашының аударма әдебиеттегі өзіндік үні деген сөз. Егер тәржімашы еркіндігі болмаса, одан қандай стиль, қандай шығармашылық даралық күтуге болады?! Бұл, тәржімашының аударма әдебиеттегі өзіндік үні деп отырғанымыз – түпнұсқадағы көркем шындықтың мазмұн мен пішін бірлігінде тәржімашы талантына сай қайта бейнеленуінде автор сезімі мен аудармашы сезімінің, түпнұсқадағы автор стиль, мәнері мен аударма нұсқадағы тәржімашы стиль, мәнерінің үндесе қорытылуы деген әңгіме. Міне, осыдан барып аударма әдебиеттегі тәржімашы даралығының ерекшеліктері де байқала бастайды, ал ол тәржімашы талантты болған сайын айқындала, ашыла түседі.



Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты

Меңдібай Әбілұлы 1958 жылы 3-қаңтарда Өзбекстан республикасы құрамындағы Қарақалпақстан республикасының Тақтакөпір ауданында туылған. Ұлты қазақ.

Білімі жоғары, 1992 жылы Нөкіс қаласындағы Бердақ атындағы қарақалпақ мемлекеттік университетінің филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітірген.

2001 жылы Қазақстан республикасы Ғылым Академиясы М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында "Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы діни-ағартушылық ағым *(XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басы)"* атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған.

Филология ғылымдарының кандидаты (2001), Қазақстан журналистер одағының мүшесі (2003), Менеджмент академиясының (Павлодар) профессоры (2000), Қазақстан жазушылар одағының мүшесі (2023), Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессоры (2021), Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі (2023).

М. Әбілұлы 1975-1979 жылдары Тақтакөпір ауданы "Тақтакөпір" совхозында жастар бригадасында еңбек етті, Кеңес Армиясында әскери борышын өтеді.

1980-1990 жылдары Тақтакөпір аудандық "Ленин байрағы" газетінде әдеби қызметкер, 1990-1993 жылдары жергілікті радиоесіттіру редакциясында редактор, мектепте мұғалім, 1994-1995-жылдары Қожа Ахмет Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы "Қазақстан халықтарының тарихы және этнофилологиясы" ғылыми-зерттеу орталығында кіші ғылыми қызметкер болып еңбек етті. Сонымен бірге Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті филология факультетінде аға оқытушы, 2002-жылы Қожа Ахмет Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институты филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында еңбек етті. 2010-жылдан бастап Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті филология факультетінде студенттерге дәріс оқиды,

ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Екі монография, бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

Меңдібай Әбілұлы-прозашы. "Сұр жебе" (2023), "Айбалта" (2023), "Семсердің жүзі" (2024), "Егеулі найза" (2024) романдарының авторы. Ол қазақ әдебиетінде қисса жанрын жаңғыртты, қырықтан астам қиссалар жазды. Оның "Бесқалада туған ойлар", "Таразда туған ойлар" атты ғылыми мақалалары кітап болып басылып шықты.

Бірнеше медалдармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

Өмірлік жолдасы Айбаршынмен, бес ұл-қыз тәрбилеп өсірді. Он бес немерелері бар.

М. Әбілұлы 300 ден астам ғылыми мақалалар жазды. Халықаралық "Түркі әлемі", "Аймақ", республикалық "Түркістан" (Алматы), "Ұлт мұраты" (Алматы), "Жеті жұрт" (Алматы), "Нұрлы жол" (Ташкент), "Достық үні" (Нөкіс), Жамбыл облыстық "Ақ жол", "Ар-стан","Арай", Тараз қалалық "Жамбыл-Тараз", "Вестник-Хабаршы" (ҚазМҰУ-Алматы), "ТИГУ Жаршысы" (Тараз), "Қазақ тілі мен әдебиеті" (Алматы), "Ұлағат" (Алматы), "Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде" (Алматы), "Ғылым жолы" (Тараз), "Қарахан" (Тараз), "Өркен" (Нөкіс), "Педагог және қоғам" (Тараз) журналдарында жарияланды.

М. Әбілұлы "Құдалау құрбаны", "Аңсатбай ахұн", "Әбдіғаппар ахұн", "Насұрла ахұн", "Әйімбет ишан" атты ғылыми-танымдық кітаптары жарық көрді. 2000-жылы "Бұқарбай ахұн" атты ғылыми-танымдық кітабы Алматыдағы "Глобус" баспасынан, "Дәуқара өнірінің діни ағартушы қазақ ақын-жыраулары" атты кітабы Алматыдағы "Қазақ университеті" баспасынан, "Діни ағартушы ақын" атты ғылыми-танымдық мақалалар жинағы Алматыдағы "Комплекс" баспасынан жарық көрді.

2003-жылы Тараз қаласындағы "Қайнар" университетінің баспасынан "Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия" атты монографиясы жарық көрді.

М.Әбілұлы бірнеше рет облыстық, республикалық, Халықаралық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады. 2008-жылы Тараз мемлекеттік педагогикалық институты ұйымдастырған "Білім беруді реформалау: Ұлттық басымдылықтар және олардың шешімін табу жолдары" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда "Неміс поэзиясындағы діни-исламдық сарын және Орталық Азия, Қазақстан түркілерінің діни қисса-дастандары" атты баяндама жасады. 2011-жылы Жамбыл облыстық Ш. Уәлиханов атындағы әмбебап кітапханада Жамбыл Жабайұлының туылғанына 165 жыл толуына байланысты өткізілген кітап оқырмандарының конференциясында "Жамбыл-әлем түркілері поэзиясының алыбы" атты баяндама жасады.

Осы тақырыптағы баяндаманы 2011-жылы Тараз педагогикалық институтында, 2011 жылы 11-12 сәуір аралығында Алматы облысының әкімшілігі, Т. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы мен ТҮРІКСОЙ түркі мәдениетінің Халықаралық ұйымы, Қазақстан Республикасының кітап мұражайы ұйымдастырған "Жамбыл және түркі халықтарының эпикалық мұрасы" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жасады.

М. Әбілұлы қазақ әдебиеті мен қазақ әдебиеттану ғылымында келелі мәселелерді көтеріп, көптеген ғылыми-танымдық мақалалар, оқу құралдарын, оқулықтар жазды.

М. Әбілұлы 2013 жылы "Ежелгі дәуірдегі балаларға арналған көне эпостар", "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті" атты хрестоматиялық оқу құралдарын құрастырды.

2014 жылы "Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті" атты оқу құралы Тараз қаласындағы "Формат-Принт" баспасынан жарық көрді.

2015 жылы 11-наурызда Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы "Тілдерді дамыту" басқармасы ұйымдастырған "Ұлытау төрінде айтылған ұлы сөз" атты конференцияда "Ұлытау толғауынан туындаған ой" атты баяндама жасады. 2016 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті ұйымдастырған Жамбыл Жабайұлының туылғанына 170 жыл толу мерекесіне орай өткізілген дөңгелек үстелде "Жамбыл-әлем түркілері поэзиясының алыбы" атты баяндама жасады.

2015 жылдан бастап Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі "Т. Рысқұлов орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, қазақ тілі пәні мұғалімі С. Шошабаева М. Әбіловтің "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" атты оқу құралына сүйеніп "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" атты 5-сынып оқушыларына арналған оқу бағдарламасын жасады. Осы бағдарлама негізінде ауданның бірнеше мектептерінде 5-сынып оқушыларына "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" атты таңдау пәні жүргізілуде.

2016 жылы "Қазақ хандығы дәуіріндегі балалар әдебиеті (XV-XVIII ғасырлар)" атты хрестоматиялық оқу құралы, 2017-жылы "Күміс тостағандағы жазу", 2018-жылы "Бесқалада туған ойлар", 2019-жылы "Билер поэзиясы" атты ғылыми-танымдық мақалалар жинағы Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті жанындағы баспадан жарық көрді. 2025-жылы "Бесқалада туған ойлар" (екінші рет басылуы), 2026-жылы "Таразда туған ойлар" атты жеті томдық ғылыми мақалалар жинағының бірінші томы жарық көрді.

* * *

Меңдібай Әбілұлы Әбілов – республикамызға һәм шет елдерге танымал ғалым, ақын, жазушы-журналист.

Поэзиялық туындылары. Халықаралық «Түркі әлемі», «Отандастар», «Аймақ», республикалық "Ұлт мұраты", «Ұлан» («Қазақстан пионері»), «Нұрлы жол» (Ташкент), «Достық үні» (Нөкіс), Алматы облыстық «Жетісу», Жамбыл облыстық «Ақ жол», «Ар – стан», «Кәсіподақ жаршысы», Тараз қалалық «Жамбыл – Тараз» газеттері мен республикалық «Ара», «Балдырған», «Өркен» т.б. журналдарында жарияланған.

"Таразым-тарихтың бесігі" (2008, Тараз), "Меңдібайдың қиссалары (Қиссас-и -Меңдібай)" (2008, Алматы), "Таразым-тарихтың бесігі" (Тараз, 2009), "Аруы гүл жайнаған Боралдайдың" (2009, Алматы), "Қазақ жыры туралы аңыз" (2013, Тараз) атты өлеңдер жинағы жарық көрді.

Өлең – жырлары бірнеше жыр жинақтарына енгізілген: «Албырт жырлар, асқақ сезімдер» (2003, Алматы), «Мөлдір сезім армандарға бастайды» (2004, Алматы), «Жастығым – поэзия» (2008, Алматы), «Таулар мен төбешіктер» (2009, Алматы), «Өлең – жыр менің шаттығым» (2009, Алматы), «Отан. Тәуелсіздік. Ерлік»(2010, Алматы, бірінші кітап), «Отан. Тәуелсіздік. Ерлік» (2012, Алматы, екінші кітап).

2008 жылы Алматыдағы «Полиграфия сервис және К» атты баспадан «Меңдібайдың қиссалары (Қиссас – и – Меңдібай)» атты кітабы жарық көрген.

Бірнеше қиссалары баспадан басылып шыққан: "Жауғашар ишан туралы қисса" (2002 жыл),"Алып Бауыржан туралы қисса" (2005 жыл), "Тұмар патшайым туралы қисса" (2006-жыл), "Есен Бисұлтанұлы туралы қисса" (2006-жыл), "Аңсатбай ахұн туралы қисса" (2008 жыл), "Әулие Мағзаман туралы қисса" (2009 жыл), "Алып Сәмен туралы қисса" (2009 жыл), "Қайбұлла Ерниязұлы туралы қисса" (2009 жыл), "Алып Тарғытай туралы қисса" (2012 жыл), "Анарыс Қоңырұлы туралы қисса" (2012 жыл), "Мөде батыр туралы қисса" (2012 жыл), "Сәден батыр туралы қисса" (2013 жыл), "Қуантай Құлманұлы туралы қисса" (2015 жыл), "Байбосын батыр туралы қисса" (2015 жыл), "Батырбек датқа туралы қисса" (2015 жыл), "Бала Жауғаштың ерлігі туралы қисса" (2015), "Қызыл қамзол" (2015), "Спортшы Мұхаммед туралы қисса" (2016) т.б.

2014 жылы Тараз қаласындағы «Формат – Принт» баспасынан «Меңдібай Әбілұлы» атты 5 томдық шығармалар жинағының І-томы, 2015 жылы 2- томы, 2016-жылы 3-томы басылды.

1920-жылы "Спортшы Мұхаммед Мұсаұлы туралы қисса" (Шымкент) атты қиссалар жинағы жарық көрді.

Прозалық туындылары. Республикалық "Қазақ әдебиеті", «Ұлан» («Қазақстан пионері»), Жамбыл облыстық «Ақ жол», Тараз қалалық «Жамбыл – Тараз» газеттері мен республикалық "Ақ желкен" журналдарында жарияланған.

Меңдібай Әбілұлы – сатирик жазушы. 1992 жылы «Арақтың жүз грамм қалдығы» (Нөкіс) атты сатиралық кітабы жарық көрді. "Арақтың жүз грамм қалдығы" атты сықақ әңгімесі Халықаралық «Азия» газетіне жарияланды.

Меңдібай Әбілұлы – балалар жазушысы. Балаларға арналған әңгімелері республикалық «Ақ желкен» («Тау басындағы оқиға») жұрналдарында, республикалық балалар мен жасөспірімдер газеті – «Ұланға» («Аңға оқ атпайды», «Ақ бантик», «Қоңыр қаз» т.б.) жарияланды.

Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінде «Талшын әженің соңғы ертегісі» атты әңгімесі жарық көрді.

Меңдібай Әбілұлы «Драматург Есен Бисұлтанұлы» атты деректі повесть жазды (2008 жыл).

2018 жылы балаларға арналған "Ақ бантик" атты (әңгімелер, жаңылтпаштар, өлеңдер жинағы) кітабы (Тараз) жарық көрді.

2020 жылы "Тебеген сөз" атты әзіл-сықақ әңгімелер жинағы (Шымкент, "Алтын алқа" баспасы), "Қотыр ешкінің күші" атты әзіл, сықақ әңгімелер жинағы Тараз қаласынан жарық көрді.

Ғылыми еңбектері. Халықаралық «Түркі әлемі», «Аймақ», республикалық "Ұлт мұраты" (Алматы), "Жеті жұрт", "Ақиқат арнасы", «Нұрлы жол» (Ташкент), «Достық үні» (Нөкіс), Жамбыл облыстық «Ақ жол», «Ар – стан», "Ғұмырдария", Тараз қалалық «Жамбыл – Тараз» газеттері мен "Вестник-Хабаршы" (ҚазМҰУ-Алматы), "ТИГУ Жаршысы" (Тараз), "Қазақ тілі мен әдебиеті" (Алматы), "Ұлағат" (Алматы), "Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде" (Алматы), "Ғылым жолы" (Тараз), "Қарахан" (Тараз), "Өркен" (Нөкіс) т.б. журналдарда жарияланған.

М. Әбілұлының "Құдалау құрбаны", "Аңсатбай ахұн", "Әбдіғаппар ахұн", "Насұрла ахұн", "Әйімбет ишан" атты ғылыми-танымдық кітаптары жарық көрді.

2000 жылы "Бұқарбай ахұн" атты ғылыми-танымдық кітабы Алматыдағы "Глобус" баспасынан жарық көрді.

2001 жылы Алматыдағы "Принт" баспасынан "Жауырбай бақсы" атты ғылыми-танымдық кітабы 1000 данамен, "Шеріп ишан" атты ғылыми-танымдық кітабы Алматыдағы "Принт" баспасынан; "Әбдіғаппар ахұн" атты ғылыми-танымдық кітабы Алматыдағы

"Комплекс" баспасынан 1000 данамен; "Ешмұхаммед ахұн" атты ғылыми-танымдық кітабы Алматыдағы "Комплекс" баспасынан; "Насұрла ахұн" атты ғылыми-танымдық кітабы Алматыдағы "Принт" баспасынан; "Құрбан қожа-халық емшісі" атты ғылыми-танымдық кітабы Алматыдағы "Комплекс" баспасынан басылып шықты.

2003 жылы Тараз қаласындағы "Қайнар" университетінің баспасынан "Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия" атты монографиясы, "Шеріп Қайдауылұлы-ақын әрі ишан" атты ғылыми-танымдық кітабы Алматыдағы "Полиграфия-сервис және К" баспасынан жарық көрді.

2004 жылы "Аңсатбай ахұн" атты ғылыми-танымдық кітабы Алматыдағы "Полиграфия сервис және К" атты баспадан; "Імәм ишан және оның ұрпақтары" атты ғылыми-танымдық кітабы Алматыдағы "Полиграфия сервис және К" атты баспадан жарық көрді.

М. Әбілұлы бірнеше рет облыстық, республикалық, Халықаралық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады. 2008 жылы Тараз мемлекеттік педагогикалық институты ұйымдастырған "Білім беруді реформалау: Ұлттық басымдылықтар және олардың шешімін табу жолдары" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда "Неміс поэзиясындағы діни-исламдық сарын және Орталық Азия, Қазақстан түркілерінің діни қисса-дастандары" атты баяндама жасады. 2011 жылы Жамбыл облыстық Ш.Уәлиханов атындағы әмбебап кітапханада Жамбыл Жабайұлының туылғанына 165 жыл толуына байланысты өткерілген кітап оқырмандарының конференциясында "Жамбыл-әлем түркілері поэзиясының алыбы" атты баяндама жасады. 2011 жылы Тараз педагогикалық институтында "Жамбыл – әлем түркілері поэзиясының алыбы" атты баяндама жасады. 2011 жылы 11-12 сәуір аралығында Алматы облысының әкімшілігі, Т. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы мен ТҮРІКСОЙ түркі мәдениетінің Халықаралық ұйымы, Қазақстан Республикасының кітап мұражайы ұйымдастырған "Жамбыл және түркі халықтарының эпикалық мұрасы" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда "Жамбыл-әлем түркілері поэзиясының алыбы" атты баяндама жасады.

М. Әбілұлы қазақ әдебиеті мен қазақ әдебиеттану ғылымында келелі мәселелерді көтеріп, көптеген ғылыми-танымдық мақалалар жазды: "Бірінші тілек тіленіз бір Аллаға жазбасқа... (Бұқардың діни көзқарастары)" (Республикалық "Әдебиет айдыны" газеті, №40, 2006-жыл); "Еуроцентризм әдіснамасының күйреуі"; "XX ғасырдың Күлтегіні" (Жамбыл облыстық "Ар-стан" газеті, №2, 11-қаңтар, 2008-жыл); "Бауыржан- түркі біткеннің қолбасшысы немесе түркі дәуірі мен Бауыржан арасындағы рухани байланыс" (Жамбыл облыстық "Ар-Ай"

газеті, №26, 2006 жыл); "Шерхан Мұртазаның Бесқалаға келуі" (Ш. Мұртаза, шығармалар жинағы, 6-том, 2013 жыл, Тараз); "Толғаудан түйген тың ойлар" (Республикалық "Ұлт мұраты" газеті, №10, 18-наурыз, 2015-жыл); "Шапқыншылық жылдар шындығы" (Республикалық "Ұлт мұраты" газеті, №3, 31-қаңтар, 2015-жыл); "Ежелгі ғұндар" (Республикалық "Ұлт мұраты" газеті, №7, 25-ақпан, 2015 жыл) т.б.

2012 жылы "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" (Тараз) атты оқу құралы; 2012 жылы "Ежелгі түркі дәуіріндегі балалар әдебиеті" (Тараз) атты оқу құралы; 2012 жылы "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" (Тараз) атты оқулығы; 2012 жылы "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" (Тараз) атты оқу құралы; 2012 жылы "Жыраулар мен ақындар поэзиясындағы діни ағартушылық сарын (XIII-XVIII ғасырлар)" атты хрестоматиялық оқу құралы жарық көрді.

2013 жылы "Ежелгі дәуірдегі балаларға арналған көне эпостар", "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиет" атты хрестоматиялық оқу құралдарын құрастырды.

2014 жылы "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты оқу құралы жарыққа шықты, "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" деп аталатын хрестоматиялық оқу құралын құрастырды.

2014 жылы "Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті" атты оқу құралы Тараз қаласындағы "Формат-Принт" баспасынан жарық көрді.

2014 жылы "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" (Тараз) атты оқу құралы, 2014 жылы "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" (Тараз) атты хрестоматиялық оқу құралы жарық көрді.

2015 жылы 11-наурызда Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы "Тілдерді дамыту" басқармасы ұйымдастырған "Ұлытау төрінде айтылған ұлы сөз" атты конференцияда "Ұлытау толғауынан туындаған ой" атты баяндама жасады. 2016 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті ұйымдастырған Жамбыл Жабайұлының туылғанына 170 жыл толу мерекесіне орай өткізілген дөңгелек үстелде "Жамбыл – әлем түркілері поэзиясының алыбы" атты баяндама жасады.

2016 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде өткізілген Жамбыл Жабайұлының 170 жылдық мерейтойына арнап өткізілген дөңгелек үстелде "Жамбыл-әлем түркілері поэзиясының алыбы" атты баяндама жасады.

2016 жылы "Қазақ хандығы дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты хрестоматиялық оқу құралы Тараз қаласындағы Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті жанындағы баспадан жарық көрді.

Меңдібай Әбілұлы – прозашы. "Сұр жебе" (2023), "Айбалта" (2023), "Семсердің жүзі" (2024), "Егеулі найза" (2024) романдарының авторы. Ол қазақ әдебиетінде қисса жанрын жаңғыртты, қырықтан

астам қиссалар жазды. Оның "Бескалада туған ойлар", "Таразда туған ойлар" атты ғылыми мақалалары кітап болып басылып шықты.

* * *

"Діни өлеңдері белгісіз болып, халық алдындағы қызметі ескерусіз келе жатқан Әйімбет ишанның тарих сахнасында жарқ ете қалуы әрине, қазақ әдебиетінде, соның ішінде қаралақпақ еліндегі қазақ әдебиеті тарихында тосын, күтпеген құбылыс болды. Күтпеген құбылыс деп отырғанымыздың жөні бар. Әйімбеттің поэзиялық шығармаларының дені діни танымдық бағытта жазылған болатын. Кеңес өкіметі орнаған кезеңге дейін діни өлеңдері елге танымал болған, айырым нұсқалары әртүрлі басылымдарға жарияланған Әйімбет поэзиясы зерттелмей, ғалымдардың назарынан тыс қалып келді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында "Дәуқара" өңірінде өмір сүрген діни-ағартушы ақын Өтім Балтуғанұлы Әйімбет ишан туралы былай деп жырлайды:

Ардақты ағам Әйімбет,
Сұрасаң менен жәйін кеп.
Жиенейден шыққан ғұлама,
Әруақты ақын бұл аға...
Хиуаның даңқты жерінде,
Өзбек ағамның елінде,
Ілімнің жолын біліп ап,
Қанатын көкке самғаған...

Белгілі әдебиетші-ғалым Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты М. Мырзахметұлы: "Иасауи хикметтерін Қарақалпастан қазақтары арасында да кеңінен таралып, жатқа айту салты енгенін XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Тақтакөпірде ғұмыр кешкен Әйімбет ишан Қаймақбайұлының (1855-1937):

Хикеметтерді жаттап ап,
Тарқат көңіл бұлтыны.
Ертең тыңда, кеш болар,
Жассың, гүлсің бұл күні, -

деген өзіндік мақамы бар өлең өрнегі де айғақтап тұр"-деп жазды (Мырзахметұлы М. "Түркістанда туған ойлар", Алматы, "Санат" баспасы, 1998-15-б).

Діни-танымдық өлеңдері мол әсерге бөлейтін Әйімбет поэзиясы өз заманында сопылық әдебиет әлемінде жарқ етіп, күллі мұсылман момындарының көңілінен орын алғаны мәлім...".

М. Әбілұлы. "Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия", монография, Тараз: 2003. "Қайнар" университетінің баспасы.23,26-беттер.

"Өтім Балтуғанұлы "Дәукара", "Нұрым түбек"елді мекендері мен Қазалы, Шымбай өңірлеріне белгілі діни-ағартушы ақын һәм жырау болған. Ол XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген.

Белгілі ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Қ. Мәдібаева Өтім жырау туралы былай деп жазады: "Діни-ағартушы ақын-жыраулар Өтім Балтуғанұлы мен Ұлжан Бекенқұлқызы өлеңдері жастарды діни бағытта тәрбиелейтін, айтар ойы адамгершілік пен изгілікке жетелейтін, қазақ әдебиетіне қосылған асыл мұралар болып есептеледі.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген діни-ағартушы ақын-жыраулар өз шығармаларында адамилықтың асыл нұрларын, изгіліктің шапағатын халыққа танытуда сүбелі еңбек еткен. Қоғам мен заманның адам игілігіне сай болуы - адамның изгі қасиеттерімен байланысты десек, Өтім де, Ұлжан да адамгершілікті жырлаған. Адамгершіліктің асыл нұры болған Мұхаммед пайғамбардың өсиеттерін поэзиялық туындыларымен жеткізе білген..."-деп жазды. (Қ. Мәдібаева, "Ұғымын Алла біледі", Алматы: 2001. 18-б).

Өтім жырау эпостық жырларды да жатқа біліп, жыршылық өнерді қадірлеп өткен. Оның репертуарында "Бозғұлан", "Едіге", "Қобыланды батыр" т.б. қисса-дастандар болған".

М. Әбілұлы."Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия", монография, Тараз: 2003. "Қайнар" университетінің баспасы. 32,33-беттер.

Біз Кеңес дәуірінде қазақ әдебиеті тарихының көне дәуірін кезеңдерге дұрыс бөле алмай Мәскеуге жалтақтап келдік. Әдебиетіміздің тарихын ежелгі сақ дәуірінен бастау қажеттігін мұнан отыз жыл бұрын, яғни 1984 жылы Ә. Оспанұлы айтқан болатын. *(Ә. Оспанұлы, "Ертедегі қазақ әдебиетінің оқулығы қандай болу керек?", республикалық "Қазақ әдебиеті газеті", 1984-жыл, 22-қараша).* Бұл жөнінде ғалымдар Ә. Қоңыратбаев пен Т. Қоңыратбаев "Көне мәдениет жазбалары" деп аталатын" кітабында былай деп атап көрсетеді: "Соңғы жылдары ертедегі қазақ әдебиетінің тарихын сақ заманынан бастап біздің дәуіріміздің IV ғасырымен аяқтаса болады

деген пікір жиі айтылып жүр..." *(Ә. Қоңыратбаев, Т. Қоңыратбаев, "Көне мәдениет жазбалары", Алматы, "Қазақ университеті" баспасы, 1991-жыл, 14-бет).*

Қазақ әдебиетінің тарихын, соның ішінде балалар әдебиетінің тарихын осы сақ дәуірінен бастау қажеттігі туындады. Олай дейтініміз - ежелгі сақ, ғұн, қаңлы, үйсін дәуіріне дейін және осы дәуірлерде ауыз әдебиеті үлгілері, сонымен бірге балалар ауыз әдебиеті үлгілері пайда бола бастады. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттейтін болсақ, ең әуелі ауыз әдебиетін, онан соң жазба әдебиетін зерделеу қажет екені белгілі жәйт. Сақтар дәуірінде жазу, әліпби болғаны рас. Ендеше сонау көне дәуір мұралары *(ауыз әдебиетін)* сақ дәуіріндегі жазба әдебиетінен бұрын пайда болды деп айта аламыз".

М. Әбілұлы. "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті", "Таразда туған ойлар", бірінші кітап, ғылыми мақалалар жинағы, Тараз: "Формат-принт" баспасы, 2026-. 40,41-беттер.

"Күллі әдебиеттің бастау көзі-балалар әдебиеті", себебі балалар әдебиеті сәби дүниеге шыр етіп келген күннен басталады. Көне дәуірдегі ауыз әдебиеті болсын, Орхон-Енесай жазба ескерткіштері болсын, исламдық түркі дәуіріндегі әдебиет болсын, Алтын Орда *(Қыпшақ)* дәуіріндегі әдебиет болсын, қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет *(XV-XVIII ғасырлар)* болсын, XIX ғасыр әдебиеті болсын, XX ғасыр әдебиеті мен тәуелсіздік жылдар әдебиеті болсын бәрі де балалар ауыз әдебиетінен тамыр тартады. Тіпті сақ дәуіріне жататын Алтын адамның жанындағы күміс тостағандағы "Аға, бұл ошақ" деген бір сөйлемнің өзінде балалар әдебиетінің буы бұрқырап тұр.

Қазақтың ерлік эпостары "Алып Ер Тоңа", "Шу батыр", "Оғыз қаған", "Атилла", "Көк бөрі", "Ергенекон" дастандары балалар әдебиетіне, соның ішінде қазақ балалар ауыз әдебиетінің асыл мұраларына жатады. Бұл дастандар балаларды ерлікке, өрлікке, қаһармандыққа баулып отырған.

"Қазақ әдебиетінің тарихын ежелгі сақ, ғұн дәуірлерінен бастау туралы Ә. Оспанұлының, Ә. Қоңыратбаевтың, Ә. Марғұланның, М. Жолдасбековтің, М. Мырзахметұлының, ежелгі дәуір әдебиетін Тәңірлік дәуір әдебиеті деп атауды ұсынған Н. Келімбетовтің тұжырымы қазақ балалар әдебиетінің тарихын да осы дәуірден бастау туралы пікірдің қалыптасуына алып келді. Ауыз әдебиеті үлгілерінің алғашқы қауымдық құрылыс кезінде басталғанына ой түсірсек, ең алғашқы әдебиет, күллі әдебиеттің бастау көзі балалар ауыз әдебиетінде жатқанына көз жеткізуге болады".

М. Әбілұлы. "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті", "Таразда туған ойлар", бірінші кітап, ғылыми мақалалар жинағы, Тараз: "Формат-принт" баспасы, 2026-. 46-бет.

Әрине, бұл дәуірде ғалымдардың балалардың жан-жақты білімді болуына, исламдық шариғаттарды терең білуге, имандылық, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерді бойларына сіңіріп өсуіне көңіл бөлгендігі айқын аңғарылады. Оған дәлел – исламдық түркі дәуірінде өмір сүрген ойшыл-ғұламалардың, ақындардың, көркем сөз шеберлерінің дидактикалық туындыларында балаларға арналған ақыл, өсиеттердің көптеп жазылуы. Ол шығармалардың дені жастардың адал, еңбеккер, білім мен ақылды терең игеруге, адамилық болмыстың құндылығын молайтуға арналғаны белгілі болып тұр.

Исламдық түркі дәуіріндегі балалар әдебиеті - *балалар ауыз әдебиеті* және *балалар жазба әдебиеті* болып екі тарауға бөлінеді. Исламдық түркі дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті өте бай. Оларға құстар туралы, ағаштар туралы,су иесі, жел иесі туралы мифтік әңгімелер, пайғамбарлар туралы әңгімелер, пайғамбарлар туралы қиссалар, дастандар мен өлең-жырлар, сол дәуірде өмір сүрген батырлар мен ойшыл-данышпандар туралы әңгімелер, мысал әңгімелер, ертегілер, аңыз әңгімелер, жұмбақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер т.б. жататыны белгілі.

Исламдық түркі дәуіріндегі балалар ауыз әдебиетіне құстар туралы мифтік әңгімелер: "Құстар", "Пайғамбардың келіні", "Байұлы" *(бірінші түрі)*, "Сұтақ", "Байұлы" *(екінші түрі)*, "Бөдененің құйрығы неге қысқа?", "Қарлығаштың құйрығы неге айыр?", "Кісі һәм ит", "Иттің "еншісі", "Жарқанат неге түнде ұшады?" т.б. жатқызуға болады. Ал ағаштар туралы "Қарағай мен сексеуіл туралы", "Тобылғы, баялыш, арша" туралы сондай-ақ көптеген ертегілер, аңыз әңгімелер, тақпақтар, өлең-жырлар, қиссалар мен дастандар жататыны белгілі. Солардың бірі - "Сүлеймен мен құмырсқа" атты мысал әңгіме".

М. Әбілұлы. "Исламдық түркі дәуіріндегі балалар әдебиеті", "Таразда туған ойлар", бірінші кітап, ғылыми мақалалар жинағы, Тараз: "Формат-принт" баспасы, 2026-. 90-бет.

"Араб халифатына бағынған түркілер X ғасырда араб әскерлерін талқандап, тәуелсіздікке шықты. Түркілердің Қарахан мемлекеті пайда болды. Профессор Н. Келімбетовтың зерттеп-зерделеуі бойынша Сатұқ Бағра-хан Қарахан мемлекетін басқарып, таққа отырды. "Кейінірек Қарахан мемлекетінің жері кеңейіп, Жетісу, Шығыс Түркістан, Шу, Талас, Сырдария алқаптарымен қоса Мауараннахрдың едәуір бөлігін қамтыды" *(Н. Келімбетов)*.

Қарахан мемлекеті мен Қыпшақ мемлекеттік бірлестігі дәуірлеп тұрған кезде, атап айтқанда X-XII ғасырларда түркі халықтарында ғылым мен мәдениет, әдебиет біршама дамыды. Ауыз әдебиеті, соның ішінде балалар ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті, зергерлік, сәулетшілік өнері қалыптасып, өркен жая бастады. Ежелгі сақтар мен ғұндардың дәуірінен жалғасып келе жатқан қазақ түркілерінің салт-дәстүрлеріне байланысты өлең-жырлар халықтың рухани байлығына айналды.

Біз осы дәуірлерде түркілердің мәдениетінде *(жазба әдебиетінен басқа)* балаларға арналған ауыз әдебиеті үлгілеріне назар аударуға тырыстық. Демек, біздің көтеріп отырған мәселеміз қазақ әдебиеттану ғылымындағы бұрын зерттелмеген өзекті мәселе, тың тақырып екеніне әдебиетші ғалымдардың назарын аударғымыз келеді.

Ежелгі түркі дәуіріндегі балалар ауыз әдебиетінің балалардың рухани дүниесін кеңейтуге ықпал еткені даусыз. Балалар мен жасөспірімдерді ерлік пен қаһармандыққа баулитын ертегілер, аңыз әңгімелер жастарды сыртқы жауларға қарсы күресуге тәрбиеледі. Бұл дәстүр ежелгі сақтар мен ғұндардан келе жатқан үрдіс еді.

Балалар ауыз әдебиетіне жататын «Ашын бөрі», «Көкбөрі аңыздары», «Ердәулет пен көкбөрі», «Бөртешін ұста мен көк бөрілер», «Бөрі ханының сұлу қызы», "Алтын білезік", "Ақылды Ақбоз ат", «Ұшатын көкжал», «Бөрі кейпіндегі сұлу қыз», «Ұмай ана», «Дикан баба» сияқты ертегілер мен аңыздар, «Шу батыр», «Оғыз қаған», «Көк бөрі», «Ергенекон», «Күлтегін», «Тоныкөк» дастандарының балалар әдебиетіндегі орыны салмақты.

«Ердәулет пен көк бөрі», «Ұшатын көкжал», «Көк бөрілер» атты ертегілерде бөрі балалармен дос болып, жаумен бірігіп шайқасады, ерлік істері баяндалады.

«Ұшатын көкжал» деп аталатын ертегіде бала Ерболған мен оның досы- ұшатын көкжалдың достығы сипатталады. Жас батыр Ерболған жаумен шайқасып жатқанда ауыр жараланады, сол кезде ұшатын көкжал Ерболғанды жау ортасынан аман-есен алып шығады..."

М. Әбілұлы. "Ежелгі түркі дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті". "Таразда туған ойлар", бірінші кітап, ғылыми мақалалар жинағы. Тараз: "Формат-принт" баспасы, 2026- 120 -бет.

Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор А. Қыраубаева өсіп келе жатқан балалар мен жасөспірімдерге "Сіз-қазақ дейтін ұлы халықтың ұрпағысыз! Қазақ мәдениеті біздің дәуіріміздің арғы жағындағы скиф-сақ тарихынан басталып, түркілер тарихына жалғасады... Қазақтың кең даласында еркін жортқан ата-бабаларымыз бізден екі жарым-үш мың жыл бұрын-ақ ақыл-айламен, қылыш-найзамен елін, жерін сақтай білді. Дәстүріне берік болды. Алыс-жақын елдермен байланыс жасады.

Қазақта "Ұлың Үрімге, қызың Қырымға" деген мәтел бар. Одан ұғатынымыз: аталарымыздың атының тұяғы Рим мен Қырымға дейін жеткендігі. Қазақтар-ежелден өнерлі, шешен, дана халық.

Балалар мен жеткіншектерді, жасөспірімдерді ерлікке баулиды, "Жас бұтақ қалауына қарай иіледі..." деп жеткіншектердің өмірге деген көзқарасының тереңдігіне үңіледі. Адамның жан сүйсінтер жақсы ісін ағаштағы өсіп тұрған жеміске теңейді. Ер адамның кек сақтамайтынын, елге изгілік жасамаған ерлердің ізінің белгісіз болып кететінін қадап айтады.

"Балалар мен жасөспірімдерге толғау-жырлардың тәрбиелік мәнін ұғындыра отырып, "әділетсіз хан", "бейкүнә өлген жан", "жанжалкеш ел", "жұрт арасы қан болар", "ұрысты онша көксеме", "етек тарылып жең болар", "Алла тағала бөліп берген ырыс", "Бейнеткордың малы өсер" сияқты сөз тіркестірінің мағынасын түсіндіп отыру қажет. Себебі балалар мен жасөспірімдер толғау-жырдың әрбір жолына сыни көзбен қарайды, оқыған толғау туралы ой қорыту қабілеті артады, өленде, жырда жазылған өсиеттер мен даналық пікірлер ой-өрісінің ұлғаюына әсер етеді. Олар оқыған шығармаларындағы батырларға, шешендерге, ғұлама адамдарға еліктегісі келеді. Өмірдің мәні мен маңызына үңілуге тырысады.

Сыпыра жыраудың екі толғауы балалар мен жасөспірімдердің өмірге деген құштарлығын арттырады, өзіндік көзқарасы қалыптасады.

Қотан *(Құтан)* жырау толғауларының балалар мен жасөспірімдерге әсер етер мәні туралы айтар болсақ - бұл негізінен балалар әдебиетінің ұрпақ тәрбиесіне негізделе қалыптасқанына көз жеткізуге болады.

Қотан *(Құтан)* жыраудың "Ханда мейірім бола ма?" атты толғауының руханиятымызда, соның ішінде балалар руханиятында алатын орыны ерекше. Олай дейтініміз - балалар руханияты ертеңгі ел басқаратын жігіттің, ел ағасының, елдің ақылшысы болған ақсақалдың бойындағы асыл қасиеттердің діңгегі. Бүкіл дүйім жұртты аузына қаратқан шешендер мен билер шешендік сөздерді, ақындар ширатпа шумақтар мен назым сөздердің бастау бұлағын бала кезінен бойына сіңіріп өскен. Мысалы Төле бидің жас кезінде атақты абыз билерден бата алу үшін бармақ болады, әкесімен ақылдасу үшін әкесіне келіп, өз ойын айтады. Елдің бірлігі туралы әңгіме айтып отырған әкесі баласы Төлеге: "Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?" деп сұрақ қояды. Әкесі өз сұрағына өзі жауап береді. Ол Төлеге бір бума солқылдақ шыбық алдырып: "Балам, мынаны сындырып көрші" деп бір бума шыбықты береді. Төле бір бума шыбықты сындыра алмайды. Ал біртіндеп сындырып еді, сына бастайды. Сонда бала Төле әкесіне: "Түсіндім әке, бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды" дегеніңіз ғой" дейді. Бала Әйтеке би туралы,

бала Қазыбек би туралы мұндай аңыз әңгімелер ауыз әдебиетінде көптеп кездеседі. Мұның бәрі де балалар мен жасөспірімдерді тапқырлыққа, шешендікке баулитыны белгілі...

Қазақ хандары аузы дуалы шешендер мен билердің, айтқан сөзі атылған жебедей ой салатын жыраулардың сөздеріне бас иіп, олардың айтқандарын тыңдаған, қысылғанда ақыл-кеңес сұраған. Оған мысал Асан қайғының Жәнібек ханға айтқан толғауы, Бұқардың Абылай ханға айтқаны, Абылай ханның Бұқар жыраумен ақылдасуы. Шалкиіздің Би Темірге айтқаны, Жиембет жыраудың Есім ханға айтқаны; Марғаска жыраудың Ташкенттің ханы Тұрсын ханға айтқаны; Үмбетей жыраудың Бекболат биге айтқаны; Көтеш ақынның Абылай ханға айтқаны; Жанақ ақынның Рүстем төреге айтқаны; Абыл ақынның Баймағамбетке айтқаны; Жанкісі бидің Қоқан ханына айтқаны; Махамбеттің Жәңгір ханға айтқаны, Баймағамбет сұлтанға айтқаны; Дулаттың Сүлеймен төреге айтқаны; Сүйінбай Аронұлының Тезек төреге айтқаны; Шортанбай Қанайұлының Шорманға айтқаны.

Қотан жырау бұл толғауды белгілі бір ханға арнап айтқан сияқты, бірақ ханның есімі айтылмайды. Жалпы елді билейтін, халқын сырт жаулардан қорғап пана болатын, елі үшін отқа да, суға да түсіп, етігімен су кешіп, халқы үшін шыбын жанын шүберекке түйетін хандарға арнап айтқаны белгілі.

Балалар мен жасөспірімдердің о бастан нәр алып, ақылына ақыл қосатын, ойын толықтыратын, ақылдылық пен ойшылдыққа, еңбек пен білімге, өнерге баулитын үлкен арнасы-балалар ауыз әдебиеті. Ертегілер, аңыз әңгімелерде, батырлар жырында ел басқаратын хандар жайлы оқып, хандардың ел алдындағы беделі мен тұлғасына еліктейді. "Мен де Қобыландыдай, Алпамыстай батыр болсам, Жәнібек пен Керей хандай, Қасым хан мен Тәуке хандай, Абылай хандай хан болсам екен деп армандайды. Сол хандар қандай хан болды, халқын қорғады ма әлде қорлады ма, елге бейбіт өмір орнатты ма, әлде, көрші мемлекеттермен соғысып халықты қайғыға ұшыратты ма, деген сұрақ көлденеңдеп алдынан шығуы мүмкін.

Қотан жыраудың жүрегінен жарып шыққан толғауының бірі - "Жылау, жылау, жылау күй" атты толғауы. Толғау шағын болса да адам басындағы қайғы мен мұңлы сәт жыр жолдарымен шебер өріледі. Жырау толғауды домбырамен қайғылы күйді шертіп отырғанда шығарған сияқты. Жыр жолдарында халық басына түскен қайғының тұманы сезіледі. Мұнда да сол ноғай - қазақ ұлыстарының быт - шыт болып, ноғай қазақтардан айырылғанда шыққан зарлы үнінің жалғасы іспеттес:

Жылау, жылау, жылау күй,
Жылаған зарлы мынау күй.
Мынау күйді тыңдасаң,
Ойымды тіліп тұр-ау, күй.
Ойымды тіліп тұрған соң,
Толғандырды мынау күй.
Ноғай-қазақ ұлысын,
Ойға алдырды мынау күй.
Албыратты мынау күй,
Зар жылатты мынау күй.
Қазақ пен ноғай айрылды,
Қазақ артқа қайырылды.
Қазақ артқа кеткен соң,
Ноғайлыдай қалың ел,
Күңіреніп, қайғырды.
Күңіренген, қайғырған,
Ерлер кетті айбынды...

Жалпы, XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда-Қыпшақ дәуіріндегі балалар әдебиеті қазақ балалар әдебиетінің тарихына мол мұра болып қосылғаны анық. Ендігі міндет – осы мұраны балалар мен жасөспірімдердің, жеткіншектердің, жастардың санасына құю..."

М. Әбілұлы. "Алтын Орда (Қыпшақ) дәуіріндегі балалар әдебиеті", *"Таразда туған ойлар", бірінші кітап, ғылыми мақалалар жинағы, Тараз: "Формат-принт" баспасы, 2026-.130,132 -беттер.*

Жыраулар поэзиясының балалар әдебиетіндегі орыны да ерекше болмақ. Ең бастысы- балалар мен жасөспірімдерді өз елінің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрін үйрете алатын жыраулар поэзиясының тылсым күшін өз бойына сіңіре алатын қуатын, ерекшелігін сезіндіру.

Әрине, көне дәуірде балаларға арналған ертегілер, аңыздар, мифтік әңгімелер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, ежелгі сақ дәуірінде болсын, ғұн дәуірінде болсын, үйсін-қаңлы дәуірінде болсын, орхон ескерткіштері дәуірінде болсын, исламдық түркі дәуіріндегі, Алтын Орда-Қыпшақ дәуірі әдебиетінде болсын ол дәуірлерде "балалар әдебиетін дамытайық" деп балаларға ресми назар аударарлық мекеме болмағаны белгілі. Бірақ ауыз әдебиеті арқылы балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу әдісі халықтың ауыз әдебиетінде, ауызша тарихында болғаны рас.

... Енді Сыпыра жыраудың қазақ балалар әдебиетіндегі орыны жайлы там-тұмдап сөз қозғайық. Жыраудың "Уа, хан ием, хан ием...",

"Мен жыраумын, жыраумын..." атты толғау жырларында ел басқарған ханға соғыз зардабынан қашық болуды өсиет етеді. "Уа, хан ием, хан ием..." атты жырында: "Қанды көрсе қалтырар // Қырғи құстың баласы...", "Жемтік болды дұшпанға // Көп ноғайдың баласы..." дейді. Соғыстың кесірінен ноғай-қазақ түркілерінің тоз-тоз болғаны, соғыстан әбден әлсіреген халықтың ендігі жерде бейбіт өмірде жасау қажеттігін алға тартады. "Өзгенің жеріне көз алартпай, өз жірімізді өзгелерден қорғайық" деген пікір айтады:

...Жер жетпесе еш саған,
Жерің тұр ғой алдыңда.
Көл жетпесе еш саған,
Көлің тұр ғой алдыңда.
Ел жетпесе еш саған,
Елің тұр ғой алдыңда.
Қырғи болып құтырып,
Қызыл етті аңсама.
Қаршыға болып құтырып,
Қасқыр етін аңсама.
Тұйғын болып құтырып,
Түлкі етін аңсама.
Қанқұмар болса билерің
Қаралы заман бұзылар.
Қызыға берме ұрысқа,
Зияны тиер ырысқа...

Сыпыра жыраудың осы өсиетін XV ғасырда Асан қайғы Жәнібек ханға айтады:

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа.
...Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа...

Бұл толғау балалар мен жасөспірімдердің санасында жыраулар поэзиясының тылсым күшінің, жеткіншектер санасына әсер етер қуатының күшті екенін аңғартады. Бала санасында "Кім мен кім ұрысу керек? Не үшін ұрысу керек? Ұрыстың зияны қандай? Қаралы заман деген не?" деген сұрақтар пайда болады. Оған толғаудан жауап іздейді. Ал, Сыпыра мен Асан қайғының ұрыс туралы өз заманының хандарына

айтқан өсиетін балалардың санасына аса білімділікпен жеткізу-ұстаздың міндеті.

Балалар мен жасөспірімдерге толғау-жырлардың тәрбиелік мәнін ұғындыра отырып, "әділетсіз хан", "бейкүнә өлген жан", "жанжалкеш ел", "жұрт арасы қан болар", "ұрысты онша көксеме", "етек тарылып жең болар", "Алла тағала бөліп берген ырыс", "Бейнеткордың малы өсер" сияқты сөз тіркестірінің мағынасын түсіндіп отыру қажет. Себебі балалар мен жасөспірімдер толғау-жырдың әрбір жолына сыни көзбен қарайды, оқыған толғау туралы ой қорыту қабілеті артады, өлеңде, жырда жазылған өсиеттер мен даналық пікірлер ой-өрісінің ұлғаюына әсер етеді. Олар оқыған шығармаларындағы батырларға, шешендерге, ғұлама адамдарға еліктегісі келеді. Өмірдің мәні мен маңызына үңілуге тырысады.

Сыпыра жыраудың екі толғауы балалар мен жасөспірімдердің өмірге деген құштарлығын арттырады, өзіндік көзқарасы қалыптасады.

Қотан *(Құтан)* жырау толғауларының балалар мен жасөспірімдерге әсер етер мәні туралы айтар болсақ - бұл негізінен балалар әдебиетінің ұрпақ тәрбиесіне негізделе қалыптасқанына көз жеткізуге болады.

Қотан *(Құтан)* жыраудың "Ханда мейірім бола ма?" атты толғауының руханиятымызда, соның ішінде балалар руханиятында алатын орыны ерекше. Олай дейтініміз - балалар руханияты ертеңгі ел басқаратын жігіттің, ел ағасының, елдің ақылшысы болған ақсақалдың бойындағы асыл қасиеттердің діңгегі. Бүкіл дүйім жұртты аузына қаратқан шешендер мен билер шешендік сөздерді, ақындар ширатпа шумақтар мен назым сөздердің бастау бұлағын бала кезінен бойына сіңіріп өскен. Мысалы Төле бидің жас кезінде атақты абыз билерден бата алу үшін бармақ болады, әкесімен ақылдасу үшін әкесіне келіп, өз ойын айтады. Елдің бірлігі туралы әңгіме айтып отырған әкесі баласы Төлеге: "Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?" деп сұрақ қояды. Әкесі өз сұрағына өзі жауап береді. Ол Төлеге бір бума солқылдақ шыбық алдырып: "Балам, мынаны сындырып көрші" деп бір бума шыбықты береді. Төле бір бума шыбықты сындыра алмайды. Ал біртіндеп сындырып еді, сына бастайды. Сонда бала Төле әкесіне: "Түсіндім әке, бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды" дегеніңіз ғой" дейді. Бала Әйтеке би туралы, бала Қазыбек би туралы мұндай аңыз әңгімелер ауыз әдебиетінде көптеп кездеседі. Мұның бәрі де балалар мен жасөспірімдерді тапқырлыққа, шешендікке баулитыны белгілі.

Қотан жыраудың "Ханда мейірім бола ма?" атты толғауы былай басталады:


Ханда мейірім бола ма,
Ханда мейірім бола ма?
Ханда мейірім болса егер,
Айтқан сөзден тана ма?
Айтқан сөзден хан тайса,
Ханда бедел бола ма?
Ханда бедел болмаса,
Халқы оның оңа ма?

Қазақ хандары аузы дуалы шешендер мен билердің, айтқан сөзі атылған жебедей ой салатын жыраулардың сөздеріне бас иіп, олардың айтқандарын тыңдаған, қысылғанда ақыл-кеңес сұраған. Оған мысал Асан қайғының Жәнібек ханға айтқан толғауы, Бұқардың Абылай ханға айтқаны, Абылай ханның Бұқар жыраумен ақылдасуы. Шалкиіздің Би Темірге айтқаны, Жиембет жыраудың Есім ханға айтқаны; Марғасқа жыраудың Ташкенттің ханы Тұрсын ханға айтқаны; Үмбетей жыраудың Бекболат биге айтқаны; Көтеш ақынның Абылай ханға айтқаны; Жанақ ақынның Рүстем төреге айтқаны; Абыл ақынның Баймағамбетке айтқаны; Жанкісі бидің Қоқан ханына айтқаны; Махамбеттің Жәңгір ханға айтқаны, Баймағамбет сұлтанға айтқаны; Дулаттың Сүлеймен төреге айтқаны; Сүйінбай Аронұлының Тезек төреге айтқаны; Шортанбай Қанайұлының Шорманға айтқаны.

Қотан жырау бұл толғауды белгілі бір ханға арнап айтқан сияқты, бірақ ханның есімі айтылмайды. Жалпы елді билейтін, халқын сырт жаулардан қорғап пана болатын, елі үшін отқа да, суға да түсіп, етігімен су кешіп, халқы үшін шыбын жанын шүберекке түйетін хандарға арнап айтқаны белгілі.

Балалар мен жасөспірімдердің о бастан нәр алып, ақылына ақыл қосатын, ойын толықтыратын, ақылдылық пен ойшылдыққа, еңбек пен білімге, өнерге баулитын үлкен арнасы-балалар ауыз әдебиеті. Ертегілер, аңыз әңгімелерде, батырлар жырында ел басқаратын хандар жайлы оқып, хандардың ел алдындағы беделі мен тұлғасына еліктейді. "Мен де Қобыландыдай, Алпамыстай батыр болсам, Жәнібек пен Керей хандай, Қасым хан мен Тәуке хандай, Абылай хандай хан болсам екен деп армандайды. Сол хандар қандай хан болды, халқын қорғады ма әлде қорлады ма, елге бейбіт өмір орнатты ма, әлде, көрші мемлкеттермен соғысып халықты қайғыға ұшыратты ма, деген сұрақ көлденеңдеп алдынан шығуы мүмкін".

М. Әбілұлы. "Қазақ хандығы дәуіріндегі балалар әдебиеті (XV-XVIII ғ.ғ)", Таразда туған ойлар", бірінші кітап, ғылыми мақалалар жинағы, Тараз: "Формат-принт" баспасы, 2026-.141,142 -беттер.



Шарапат ӘБІШЕВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент

Шарапат Сәбитқызы Әбішева – педагог, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты (2005), доцент (2025). Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры.

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі бағыттары: фольклортану, қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы.

Ш.С. Әбішева 1965 жылы, 10-қазанда Маңғыстау облысы, Таушық елдімекенінде қызметкерлер отбасында дүниеге келген.

1982 жылы С.М. Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, 1987 жылы «Филолог. Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқытушысы біліктілігі бойынша бітірген.

1987-1999 жж. Ақтау қаласындағы мамандандырылған № 11 физика-математика мектебінде Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 1999 жылдан Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, қауымдастырылған профессор, 2013-2021 жж. «Педагогика» факультеті деканының оқу-ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытқа дейін Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасында доцент, профессор.

Ш.С. Әбішева «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет», «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «Фольклортану», «Қазақ фольклорының тарихы» пәндерінен студенттер мен магистранттарға дәріс оқып, практикалық сабақтар жүргізеді.

Жоғары оқу орнындағы қызметімен қатар ғылыми жұмыстармен де үнемі айналысып келеді. 2003-2004 оқу жылында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасында (1 жыл) тағылымдамадан өтіп, 2005 жылы аталған университетте «Қазақ әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, филол.ғ.д., профессор З. Бисенғалидың жетекшілігімен «10.01.02-Қазақ әдебиеті» мамандығы

бойынша «Жүсіпбек Аймауытов прозасында диалогті қолдану шеберлігі» атты кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Ш.С. Әбішева – отандық және шетелдік ғылыми басылымдар мен жинақтарда жарияланған 100-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. Оның Ш. Есенов атындағы КТИУ-дың Ғылыми кеңесі ұсынған 4 монографиясы, бірнеше оқу және оқу-әдістемелік құралдары, атап айтқанда, «Көркем прозадағы диалог» (2008), «Әдеби шығарма және кейіпкер әлемі» (2011), «Диалог табиғаты» (2020), «Тарихқа тағзым» (2024) монографиялары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің ұсынуымен «Кәсіби қазақ тілі» (2013), «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» (2016), университеттің Ғылыми және Академиялық кеңесінің шешімдерімен «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (2017), «Қазақ тілі» (мұнай-газ, экология мамандықтары студенттеріне арналған оқу құралы) (2019), «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (2020), «Қазақ тілінің стилистикасы» (2021), «Халық әдебиеті» (2022), «Стилистика және тіл мәдениеті» (2024) оқу құралдары мен «Хандық дәуір әдебиеті», «Қазақ тілі стилистикасының негіздері» (2025) атты электронды оқулықтары жарық көрді.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылатын 2024-2026 жылдарға арналған BR24993043 «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» атты нысаналы бағдарламалық жобасының ғылыми қызметкері.

Маңғыстау облыстық әкімшілігі ұйымдастырған қоғамдық жұмыстарға да өз үлесін қосып келеді. 2009 жылы жарық көрген «Маңғыстау» энциклопедиясының жауапты хатшысы, 2015 жылы шыққан «Маңғыстаудың Ауыл шаруашылығы» энциклопедиясының жауапты редакторы қызметтерін абыроймен атқарды.

2024-2025 о.ж. Республикалық Оқу-әдістемелік бірлестігінің «023-Тілдер және әдебиет» секциясы бойынша, Ш.Есенов атындағы КТИУ ішкі нормативтік құжаттарының нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін тексеретін сараптама тобының, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаулар жүргізу тобының белді мүшесі.

Ш.С. Әбішева еңбектегі жетістіктері үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хаты (2005), ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен (2022), «Yessenov university – 45 жыл» (2021), «Академик Шахмардан Есенов» (2023), «Әбіш Кекілбайұлының туғанына 85 жыл» төсбелгілерімен (2024) және де университет басшылығының атынан Алғыс хаттарымен марапатталған.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Ж. Аймауытов адамның жан дүниесіндегі түрлі жағдайлар арқылы болып жатқан тосын өзгерістерді әрдайым жетілдіре, дамыта, өрістете бейнелеп, дүниетаным эволюциясына табиғи көркемдік жолмен келеді. Қаламгер мақсаты – ел-тіршілігі мен өмір-тұрмысын, кезең сипаттарын көркем де шынайы суреттеуі ел тілегімен үндесіп жатады.

Кейіпкерінің ішкі әлемінде бүркеулі жатқан сырларына бойлау, жандүниесіне терең ену, санасы мен сезімінің ағысын тамыршыдай дәл басып тану, сол арқылы заман шындығы мен кезең көрінісін, адам мен қоғамның қарым-қатынасын сәтті диалогтерде ашық көрсету – Жүсіпбек Аймауытов шеберлігінің үздік үлгісі. Аймауытовтың қай туындысын алсақ та диалогті көркем шығарма жүйесінде шебер қолдануда сөз зергерінің дара қолтаңбасы анық танылады.

Ш. Әбішева. «Көркем прозадағы диалог» Монография. Ақтау, 2008

Сөз зергері Ж. Аймауытов қай шығарамасын алсақ та, негізінен өмірде болған ақиқат деректерге, құжаттық, дәйекті материалдарға құрылғандықтан мұндағы кеңістік пен уақыт байланысы шынайы тығыз бірлікте алынған. Жазушы оқиғаны тарихи хронологиялық ретпен көлбеу кеңістікте өрбітеді. Географиялық кеңістігі де өте айқын. Автордың көркемдік уақыт пен шынайы уақыт арасын жақындатуы, динамикалы және қозғалыстан тыс оқиғалардың ара жігінің саралауы, өткеннің, қазіргінің және болашақтың қарым-қатынасының орныгуын шебер жинақтауы мекеншақтың күрделі байланысы мейлінше шынайы көрсетеді.

Жүргізілген әдеби талдаулар негізінде қаламгер шығармаларында көркем уақыттың бейнелері: өмірбаяндық, тарихи, ғарыштық, күнтізбелік, тәуліктік т.б. түрлері түгелге дерлік қамтылған.

Суреткердің көркемдік палитрасындағы көркем уақыт пен кеңістік категориясының бедерленуі, оның кейіпкер болмысын сомдау мен тарихи оқиғаларды суреттеудегі орны, өмірлік шындықтан көркем шешім түзудегі қолданыстары – жалпы жазушының көркемдік әлемін пайымдаудағы маңызды мәселелердің бірі.

Ш. Әбішева. «Әдеби шығарма және кейіпкер әлемі» Монография. Ақтау, 2011

Қазақ тарихының ақтаңдақ беттерін айқара ашып, жетпіс жыл бойы үстемдік еткен Ресей үкіметінің солақай саясатын тілге тиек етіп, сонау ызғарлы желтоқсандағы ел тәуелсіздігі жолында қыршын кеткен боздақтар тағдырын тақырып арқауы еткен Б. Мұқайдың «Өмірзая», Т.Сәукетаевтың «Айқараңғысы», Н.Қуантайұлының «Қараөзек»

романдары 1986 жыл оқиғасының бар шындығын көркем бейнелеген шығармалар. Романдардың негізгі жетістігі – Желтоқсан оқиғасына қатысты көкейде жүрген көп сауалдың бетін нақты деректермен ашып, әшкерелеуі. Олай болса, шындықты бүркемелемей шынайы бейнелеген шығарманың да ғұмыры ұзақ болары даусыз.

Ш. Әбішева. «Тарихқа тағзым». Монография / Ақтау, Baspahana «Caspi Service», 2024.



Бақытжан Уәлиқызы ӘЗІБАЕВА,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.

Әзібаева Бақытжан Уәлиқызы 1945 жылы туылған, 1968 жылы В.И. Ленин атындағы Тәшкен мемлекеттік университетінің Шығыстану факультетін бітіріп, 1968 жылдан бері М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Қолжазба және текстология орталығында» кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, «Қолжазба және текстология орталығының», «Мәтінтану және деректану» бөлімінің, «Фольклортану» бөлімінің меңгерушісі, қазіргі уақытта фольклортану бөлімінің бас ғылыми қызметкері қызметін атқарады. 1984 жылы «Казахские народные романические дастаны» атты тақырыпта кандидаттық, 1998 жылы «Казахский дастанный эпос» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

Әзібаева Б.У. – белгілі фольклортанушы ғалым. Оның ғылыми қызметінің басты бағыттары: қазақ эпосының теориясы мен практикасы; эдиция мен фольклор текстологиясының теориялық мәселелері; фольклортану тарихы, шетелдік қазақ фольклоры, Қазақстандағы қазіргі заманғы фольклорлық процесс, қазақ эпосының ғылыми-көркем аудармасы, Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру, эпостағы мифтік сюжет пен сарындардың статусы, т.б.

Ғалымның қазақ эпосына арналған монографиялық сөбектерінде қазақ эпосының көне қабаттарынан бастап, күні бүгінге дейінгі даму кезеңдері айқындалып, дастандық эпостың қазақ эпосының көнеден күні бүгінге дейін жеткен ұзақ тарихи даму жолының ең соңғы сатысы екендігі ғылыми тұрғыдан тұңғыш рет тиянақталды. Ғалым зерттеулерінің нәтижесінде бүгінгі таңда халқымыздың эпостық қазынасын шығу тегі мен генезисі, даму жолдары, эволюциясы, жанрлық белгілері мен өзіндік ерекшеліктеріне орай 1. Көне эпос; 2. Қаһармандық эпос; 3. Ғашықтық /романдық/ эпос; 4. Тарихи эпос; 5. Дастандық эпос – деп 5 түрге бөліп жіктеу тұжырымдамасы фольклортану ғылымында орнығып, бекіді. Қазақ эпосының дамуына қатысты өзіндік концепциясының мәні: дастандық эпос – қазақ эпосының кезекті және соңғы тарихи-типологиялық формасы / түрі, оның сатылық түйіндеуші кезеңі. Дастандық эпостың жанрлық

тұрғыдан анықталып, зерттелуінің нәтижесінде ұлттық эпостың даму жолының, қызметінің тұтас болмысы қалыпқа келді, дәстүрлі эпостың дастандық эпосқа ұласу заңдылықтары айқындалды.

Б.У. Әзібаева 6 ғылыми монографияның авторы:

«Казахские народные романические дастаны» (1990) атты монография – қазақ дастандарының жанрлық табиғатын алғаш рет жүйелі түрде зерттеген еңбектердің бірі болып табылады. Автор романдық дастандардың қалыптасу тарихын, сюжеттік-композициялық ерекшеліктерін, кейіпкерлер жүйесін және көркемдік-образдық құралдарын жан-жақты талдайды. Сонымен қатар, қазақ дастандарының шығыстық әдеби дәстүрмен байланысы мен ұлттық фольклорлық ерекшеліктері сараланып, олардың қазақ эпосындағы орны алғаш айқындалады. Еңбек қазақ фольклортану ғылымында романдық дастандарды дербес жанр ретінде ғылыми негізде қарастыруымен құнды.

«Казахский дастанный эпос» (1998) монографиясында қазақ дастандық эпосы тұтас эпикалық жүйе ретінде қарастырылып, оның жанрлық құрамы мен даму заңдылықтары кешенді түрде зерттеледі. Автор дастан жанрының қалыптасу кезеңдерін, жыршы-ақындардың шығармашылық қызметін, дәстүрлі батырлық эпостан дастандық эпосқа ауысу үрдісін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Сондай-ақ діни, ғашықтық және хикаялық дастандардың жанрлық белгілері, тақырыптық ерекшеліктері мен поэтикасы салыстырмалы түрде талданады. Бұл еңбек те қазақ дастантануының теориялық негіздерін қалыптастырған іргелі зерттеу саналады.

«Шеризат – Гүлшат». Фольклортанулық зерттеу, мәтінтанулық талдаулар, мәтін үлгілері (2001). Бұл монографияда ғылыми басылымда қазақ арасына кең тараған «Шеризат – Гүлшат» дастанының мәтіні ғылыми тұрғыдан жарияланып, оның шығу тегі, сюжеттік құрылымы, идеялық-көркемдік ерекшеліктері мен шығыстық сюжеттермен байланысы қарастырылады. Автор шығарманың бірнеше нұсқасын салыстырып, оның қазақ фольклорындағы орны мен көркемдік құндылығын анықтайды. Сонымен бірге дастандағы махаббат, адалдық, ерлік және адамгершілік идеяларының халықтық дүниетанаммен сабақтастығы көрсетіледі. Бұл еңбек қазақ ғашықтық дастандарын текстологиялық және тарихи-поэтикалық тұрғыдан зерттеуге маңызды үлес қосады.

«Қазақ дастандары» (2009). Зерттеушінің 2009 жылғы «Қазақ дастандары» атты монографиясы эпосты зерттеуге арналған көп жылғы еңбектің өзіндік қорытындысы болып табылады. Онда теориялық зерттеулермен қатар 70-ке жуық дастан мәтініне тарихи-фольклортанулық талдаулар жасалған. Автор қолжазба қорларында

сақтаулы тұрған, көбіне соңғы уақыттарға дейін ғылыми айналымға түспеген материалдарды жүйелеп зерттеу нәтижесінде дастандық эпостың құрамында бірнеше ішкі жанрлық түрлері бар екенін анықтап, оларды төмендегідей жіктейді: 1) ғашықтық дастандар; 2) діни дастандар; 3) хикаялық (новеллалық) дастандар; 4) әскери дастандар.

Монографияда дастандық эпостың барлық жиынтығы тұңғыш рет кешенді түрде, жүйе ретінде қарастырылып, тарихи-салыстырмалы және типологиялық тұрғыдан зерттеу нысанасына алынған. «Қазақ дастандары» атты монографияның ғылыми маңыздылығы: автор қазақ сөз өнерінің қалың жұртшылыққа бейтаныс болып келген ақтаңдақтарын ғылыми айналымға алғаш рет енгізіп, рухани мұрамыздың көкжиегін кеңітті. Бақытжан Уәлиқызы Әзібаева дастандық эпосты тарихи кезеңнің объективті қисындары дүниеге әкелгенін, ол ел өміріндегі саяси-әлеуметтік жағдайларға орай туындағанын, шығыс фольклоры мен әдебиетінің мол тәжірибесін пайдалана отырып қазақтың бай, күшті, қуатты эпикалық дәстүр аясында туып дамыған фольклорлық жанр екенін, ұлттық фольклорымыздың құрамдас һәм ажырамас бөлігі екенін сенімді дәлелдермен көрсетеді. Сондай-ақ, халықтың эстетикалық, этикалық, парасаттылық, дүниетанымдық, әлеуметтік арман-аңсарына ден қоя отырып, қазақтың дәстүрлі эпосының дастандық эпоска ұласу заңдылықтарын сөз етеді. Яғни, фольклорлық мұра аясындағы соны құбылыстарды халықтың рухани әлеміндегі сабақтастықтың айғағы ретінде қарастырады. Ол ұсынған «дастандық эпос», «романдық дастан», «хикаялық дастан» деген термин-атаулар ғалымдардың қолдауына ие болып, фольклортану ғылымында кеңінен қолданыс тауып, пайдаланылуда.

«Қазақ эпосының сюжеттері» (2014); «Қазақ эпосының сюжеттері». Эпостану ғылымына елеулі үлес болып қосылған Б.У.Әзібаеваның «Қазақ эпосының сюжеттері» атты зерттеуінде тұңғыш рет сюжеттер мен мотивтердің константтық параметрлерінің панорамдық картинасы ұсынылды. Автор қазақ эпосының сюжеттері мен мотивтерін әлемдік эпос аясында қарастыра отырып, қазақ эпосының ұлттық эпикалық дәстүрдегі өзіндік болмысы мен ерекшелігін ашты.

Казахский эпос: Доминанты и константы сюжетно-мотивного фонда. – LAP LAMBERT Academic Publishinq (Германия, 2016).

Б.У. Әзібаева 2004-2006 жж. «Мәдени мұра» Мемлекеттік жоба аясында дайындалып жарияланған 100-томдық ғылыми фольклорлық «Бабалар сөзі» сериясының: 1, 2, 3, 4, 5, 17- томдарын жүйелеп, құрастырып, ғылыми түсініктерін жазды (2004); 2004-2006, 2008 жылдары Б.Әзібаева «Бабалар сөзі» жүз томдық ғылыми серияны дайындауға белсене қатысты. Ол Серияның барлық томдарына ортақ

макетін жасап, томдарды әзірлеу қағидаларын анықтады. Сериянын 2004-2006 ж.ж. жарық көрген алғашқы 24 томының, 2008 ж. баспа бетін көрген 48, 52 томдардың ғылыми жетекшісі һәм жауапты редакторы қызметін атқарды. Олардың алты томын Б.У.Әзібаева жеке өзі құрастырды, он жеті томға басқалармен бірге құрастырушы болды, бірнеше томдарға кіріспе мақала және 270 бет көлемінде ғылыми түсінік жазды.

Б.У.Әзібаеваның жетекшілігімен 8 ұжымдық монография жарық көрді: ғалымның жауапты шығарушылық қызметін атқарып, алғы сөз бен негізгі ғылыми тарауларын жазған ұжымдық еңбектер мыналар:

«Фольклор мәтінтануы: Өткені мен бүгіні» (2009); ұл еңбек фольклор мәтіндерін зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін қарастырады. Авторларфольклорды жинау, жүйелеу және мәтіндік талдау үдерістерінің тарихи дамуын саралап, қазіргі мәтінтанудағы жаңа бағыттарды көрсетеді.

«Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған көркем шығармалардың текстологиясы» (2012); Кітап тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдеби шығармаларының мәтіндік нұсқаларын зерттеуге арналған. Онда шығармалардың түпнұсқалық ерекшеліктері, редакциялық өзгерістер мен текстологиялық мәселелер талданады.

«Классикалық зерттеулер. Том 12: Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов және Г.Н. Потаниннің фольклор туралы еңбектері» (2013); Бұл томда қазақ фольклорын зерттеген классик ғалымдардың еңбектері жинақталған. Шоқан Уәлиханов, Вильгельм Радлов және Григорий Потаниннің ғылыми мұрасы фольклортанудың қалыптасу тарихын түсінуге мүмкіндік береді.

«Классикалық зерттеулер. Том 24: М.Ғабдуллиннің фольклор туралы еңбектері» (2014); Еңбекте М. Ғабдуллиннің қазақ фольклоры туралы зерттеулері жүйеленген. Батырлар жыры, ауыз әдебиеті жанрлары және олардың тәрбиелік мәні ғылыми тұрғыда қарастырылады.

«Қазақстандағы қазіргі заман фольклоры» (2014); л кітап қазіргі кезеңдегі қазақ фольклорының даму ерекшеліктерін зерттейді. Қалалық аңыздар, заманауи мифтер және жаңа фольклорлық формалар талданады.

«Шетелдегі қазақ фольклоры» (2014); Еңбек шетелде тұратын қазақ диаспорасының фольклорлық мұрасын қарастырады. Онда ауыз әдебиетінің сақталуы, трансформациясы және мәдени әйкестік мәселелері зерттеледі.

«Қазақ фольклортануының тарихы: Бұл зерттеу қазақ фольклортану ғылымының қалыптасу және даму кезеңдерін қамтиды. Еңбекте фольклорды зерттеген ғалымдар, негізгі мектептер мен ғылыми

бағыттардың эволюциясы талданып, тұңғыш рет Алашорда қайраткерлерінің фольклортанушылық еңбектері қарастырылып, олардың фольклор туралы ғылымың негізін салудағы еңбектері айқындалды. Аталған ұжымдық еңбекте Б.Әзібаева фольклортану ғылымының қалыптасу кезеңдерінің әрбір тарихи белестеріне тән ерекшеліктерін аша отырып, көрнекті фольклортанушы ғалымдардың ғылыми концепцияларына аналиктикалық талдаулар жасай отырып, ұлттық фольклортанудың жалпы даму тарихын зерделеді.

Ал «Қазақ эпосы әлемдік эпостық мұра аясында» (2017)- атты еңбекте қазақ батырлық жырларының сюжеттік, поэтикалық және көркемдік ерекшеліктері басқа халықтардың эпостық мұраларымен салыстырыла талданады. Сонымен қатар эпостың типологиясы, образдар жүйесі және көркемдік тәсілдердің жалпыадамзаттық фольклорлық модельдермен байланысы зерттеледі.

Б. Әзібаеваның соңғы жылдары М.О. Әуезов атындағы ӘӨИ дайындаған ұжымдық монографияларға жазған тараулары:

«Қазақ фольклорының қастерлі әлемі» (Алматы, 2020) еңбекке екі тарау жазылды: а) Қазақ эпосының қастерлі бейнелері; ә) Константы этнической концептосферы: *«Концепт Мировое Древо в традиционной культуре», «Образ Тенгри в казахском фольклоре», «Феномен сказительского искусства.*

«Рухани жаңғыру аясындағы рухани мәдениет» (Алматы, 2022) атты ұжымдық монографияға: «Қазіргі проза мәтіндеріндегі мәдени код: онтологиясы, семантикасы және функциясы» атты тарау жазылды.

3) «Алаш қайраткерлері және фольклор» (2024) ұжымдық монографияға:

а) «М.О. Әуезов – отандық кәсіби фольклортану ғылымының көшбасшысы»;

ә) «Халел Досмұхамедұлының фольклортанулық мұрасы жайында» – тақырыбында тараулар жазды.

2025 жылы жарық көрген «Қазақ фольклорындағы мифтік мотивтер мен сюжеттер» атты ұжымдық монографияға: «Үш қабатты Ғалам концепті», «Ғаламдық ағаш. Бәйтерек мифологемасы», «Мифтік ойлау және бақсылық феномені» атты тараулар жазды.

Ғалымның фольклор теориясымен қоса текстология саласының өзекті мәселелерін ғылыми негіздеген тұжырымдары да аса құнды. Оның тікелей жетекшілігімен 2009 жылы «Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні», 2012 жылы «Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған көркем шығармалардың текстологиясы» атты екі ұжымдық монография жарық көрді.

Аталған монографиялық еңбектермен қатар зерттеуші ғылыми журналдарда жарық көрген көптеген мақалалардың авторы, мысалы:

«Восточная словесность и казахский дастанный эпос», «Текстология – актуальная задача отечественной фольклористики на современном этапе развития», «Иранское культурное наследие и современность», «О поэме Шакарима «Калкаман – Мамыр», «Доминанты казахского эпоса», «Көроғлы – қазақ дастандарының қаһарманы», «Айман, Шолпан: ескі эпосқа жаңа көзқарас», «Бақтиярдың қырық бұтағы» – аңыз ба, шындық па?», «Концепция любви в казахском эпосе», «Образы пророков авраамических религий в казахском эпосе», «Қазақ эпосы біртұтас көркем жүйе», «Фольклорный Свод как составная часть духовной культуры современного общества», «Новые герои казахского эпоса», «Казахский эпос: итоги исследований периода независимости», «Героико-патриотический концепт казахского эпоса»т.б.

Б.У. Әзібаеваның жетекшілігімен мынадай ғылыми басылымдар жарық көрді:

«Казахский эпос» (2009);

«Жүз томдық «Бабалар сөзі»: 1,2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 48, 52-і томдар (жүйелеу, ғылыми түсініктер, авторлық бірлестікте – 2004, 2005, 2006, 2008 жылдары).

Сондай-ақ, Б.У.Әзібаеваның ғылыми еңбектері шетелдерде де жарық көрген.

Оның Германияның «LAP LAMBERT Academic Publishinq» баспасынан шыққан «Казахский эпос: Доминанты и константы сюжетно-мотивного фонда» атты еңбегі алыс шетелде танымалдыққа ие болды. Сондай-ақ Б.У.Әзібаеваның мәтінтанудың теориялық мәселелеріне арналған зерттеулері мәтінтанудың ғылыми негізін қалыптастырды. Ғалым еңбектерінде алғаш рет осы саланың өзекті мәселелеріне ғылыми талдаулар жасап, бұған дейінгі олқылықтар мен жетістіктерін саралап, саланың негізгі ғылыми бағыттарын анықтады.

Марапаттары:

«Астанаға 10 жыл» мерейтойлық төсбелгісі (2008 ж.), Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты (2010), «10 жыл Астана», «Еңбек ардагері» (2019), «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» медалінің (2021) иегері, Қазақстан Республикасының ғылым мен техниканы дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия иегері (2017-2018). «Қазақ тілінің мәртебесін көтеруде шығармашылық белсенділік танытқаны, гуманитарлық салада ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен марапатталған (2024).

Нәйла Базанова атындағы марапат (06.03.2025, №20).

Б.У. Әзібаева 200 тарта ғылыми мақалаларын республикалық беделді басылымдарда жариялап, халықаралық конференцияларда

ғылыми баяндамалар жасады. Сондай-ак ол исследование «Корейских и центральноазиатских мифов, сказок, эпосов и цифровое архивирование, «Современная культура и культурное наследие» (2011)» атты ғылыми бағдарламаның жүзеге асуына белсене қатысып, Азия халықтарының ертегілері мен эпостарыны бойынша сценарии дайындаудың Халықаралық конкурсының ұйымдастыру комитетінде мүше болды (Сеул, 2014).

Бақытжан Уәлиқызы ғылыми кадрларды дайындау процесінде де жемісті еңбек сіңірді, оның жетекшілігімен 5 кандидаттық, 1 докторлық, 2 PhD диссертация қорғалды.

Б.У. Әзібаеваның қазақ ұлттық фольклортану ғылымына елеулі үлес болып қосылған зерттеулері ұлттық фольклортану ғылымының ең өзекті мәселелерін көтеріп, ғылыми тұрғыдан алғаш негіздеуімен, теориялық тұжырымдарының тереңдігімен және кешенді, жүйелі зерттеу әдістерінің жаңашылдығымен ерекшеленеді.



Дина Ақбергенқызы ӘЛКЕБАЕВА,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Дина Ақбергенқызы Әлкебаева Алматы облысы, Шелек ауданы, Қаратұрық селосында 02.06.1960 туылған.

С.М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің түлегі,1984 жылы «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

1990-93 жылдары осы университеттің аспирантурасының күндізгі бөлімінде оқыған. 1993 жылы (мамандық шифры)_

1993 жылы «М. Жұмабаев поэзиясының тілдік ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертация қорғаған.

2006 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 10.02.02 – «қазақ тілі» мамандығының «Қазақ тілінің стилистикасының прагматикасы» атты тақырыбы бойынша докторлық диссертация қорғады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2009 жылғы 30 қарашадағы шешімімен (№5 хаттама) тіл білімі мамандығы бойынша профессор атағы берілді.

Қазіргі таңда осы университеттің А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры.

Ғылыми бағыты: қазақ тілінің стилистикасы, сөз мәдениеті, қазақ тілінің прагматикасы, поэтика, лингвоэкология, сөзтану ғылымы, рухани экология, қазақ тілінің функционалды грамматикасы, әдеби аударма, қазақ тіл ғылымының жаңа бағыттары. Қазіргі қазақ ұлттық әдеби тілінің дамуындағы өзгерістер функционалдық стильдердің қоғамдық қызметінің жандануы кейбір стилистикалық нормалардан ауытқу қазіргі қазақ тілі стилистикасына жаңаша ғылыми тұрғыдан қаралуға тиісті көзқарас пен қамқорлықты талап етеді. Қазіргі жаңа қоғам адамының сойлеу коммуникациясының мәнінің артуы стилистикалық сана мен прагматикалық талапты күшейтіп отыр. Қазіргі стилистика когнитивті психология, логика, философиядағы прагматика т.б. сияқты пәндермен тығыз байланысқа түсіп отыр. Қазақ тілі білімінде стилистика бойынша азды-көпті сңбектер жазылғанымен, қазіргі стилистиканың теориялық, прагматикалық негізін айқындайтын сңбектер қазақ тіл білімі үшін өте қажет. Осы сала бойынша

Д. Әлкебаева докторлық диссертациясы қорғағаннан бергі уақыт ішінде қазақ тіл ғылымының кеңжелеп қалған саласы қазақ тілінің стилистикасы, тіл мәдениеті, сөз экологиясы, функционалды грамматика, сөзтану ғылымының өзекті мәселелері, рухани экология, қазақ тілі ғылымының жаңа бағыттары пәндерінің жаңа ғылыми ізденіске толы беттерін ашты.

Негізгі ғылыми нәтижелері: 1 монография, 2 оқулық, 2 ғылыми жинақ, 9 оқу құралы, ұжымдық монография – 1, оқу-әдістемелік құрал – 10, ғылыми Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда – 5, 350-ден астам ғылыми мақалалары жарық көрген. Д.А. Әлкебааева Мағжанның ойлау стилі оқу құралы Түркияның Анкара қаласындағы халықаралық баспада 2025 жылы жарық көрді (https://www.akcag.com.tr/). Ғылыми жетістіктері «Мағжан поэзиясының тілі», «Поэтика лингвистикасы», «Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы», «Қазақ тілінің прагмастилистикасы», «Сөз мәдениеті», «Мағжанның ойлау стилі», «Қазақ тілінің функционалды грамматикасының өзекті мәселелері» атты ғылыми жинақтың жауапты редакторы, «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» оқу құралы, «Қазақ тілі функционалды грамматикасы» атты оқулығында көрініс тапты. 13 55 ГҚ2 «Қазақ тілінің функционалды грамматикасының басымдықтары: теориядан тәжірибеге дейін » ғылыми жоба жетекшісі.

Халықаралық, республикалық, аймақтық деңгейдегі конференция, форум, дөңгелек үстел, сұхбаттарға қатысты. Ғылыми мақалалары алыс-жақын шетелдерде (Ресей, Башқұртстан, Өзбекстан, ҚХР, Түркия, т.т.) жарияланды

Қазақстан Республикасы Әділет Минстрлігінің зияткерлік меншік құқығы комитеті тізілімде 2013 жығы 30 шілдеде № 1078 тіркелген вторлық куәлік алынды. 2) Д.А. Әлкебаева. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. Типтік бағдарлама. Алматы: Қазақ университеті. - 2013. -24 б. 1,5 баспа табақ. Қазақстан Республикасы Әділет Минстрлігінің зияткерлік меншік құқығы комитетіне өтініш ұсынылды (20.05.2013ж. 3). Авторлық куәлік «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» оқулық №7313 (27.12.2019) алынды. Д.А. Әлкебаева ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Ұлттық біріңғай тестілеу (ҰБТ) кезінде қазақ тілі пәні бойынша өткізілетін аппеляцияның мүшесі (10 жыл бойы).

0.02.02 – қазақ тілі және 10.02.06 – түркі тілдері мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14А. 01.23 диссертациялық кеңес мүшесі. Көптеген жылдар бойы ҚазҰУ-дың Хабаршы филология сериясында редколлегия мүшесі. ҚазҰУ-дың Хабаршы филология сериясы бойынша ғылыми мақалаларды сараптау бойынша сарапшы. Ғылым кандидатын-1 дайындаған, бірнеше PhD докторант қорғатты. 2015 жылы Дина

Әлкебаева ҚР Білім және Ғылым министрлігінің тарапынан Халықаралық тәуелсіз сарапшылардың ҚР ЖОО арсындағы профессорлар арсында ғылыми еңбектерінің зерттеушілік ұстанымдары арасында рейтинг жүргізілген болатын. Сонда ҚР ЖОО 30 профессорлар рейтингісі жоғары атаққа ие болды. Солардың ішінде қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Дина Ақбергенқызы Алкебаеваның есімі аталынды.

Дина Ақбергенқызы Әлкебаеваның жарық көрген ғылыми еңбектері:

1. Әлкебаева Д. Мағжан поэзиясының тілі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 101 б.6.00 б.т.

2. Әлкебаева Д. Поэтика лингвистикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 89 б 6,66.т.

3. Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы: Монография. – Алматы: «Принт» баспасы, 2005, - 266 б. 16,6 б.т.

4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 258 б. 12,26 б.т.

5. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. ҚР БжҒМ мемлекеттік грифімен жазылған оқулық. Алматы: Қазақ университеті. - 2013. -270 б. 16,8 баспа табақ.

6. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің функционал Берікды грамматикасының өзекті мәселелері. Ғылыми ред. Д.Әлкебаева ғылыми жинақ Алматы: Қазақ университеті. - 2013. -137 б. - 8,6 б.т.

7. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. Типтік оқу бағдарлама. «Қазақ университеті». Алматы, 2013ж. 1,5 б.т.

8. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. Оқу-әдістемелік нұсқау. Алматы: Қазақ университеті. - 2013. -24 б. -1,5 б.т.

9. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: оқу құралы. / жалпы редакциясын басқарған Д.А. Әлкебаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 178 б.11,00 б.т.

10. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. ҚР БжҒМ мемлекеттік грифімен жазылған оқулық. Алматы: Қазақ университеті. - 2013. -270 б. 18,8 б.т..

11. Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті. Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы ҚР БжҒМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары Секциясы мәжілісі шешімімен ұсынылған (№4 хаттама, 27 мамыр 2011 ж.) Алматы: Қазақ университеті. - 2014. -212 б. 13,25 б.т.

12. Әлкебаева Д. Мағжанның ойлау стилі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері

факультетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған. Алматы: Қазақ университеті. - 2014. - 170 б. 9,93 б.т.

13. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: оқулық.- Алматы:Қазақ университеті, 2019. 200 б.12,37 б.т.

14. Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы: Монография. – Алматы: « Қазақ университеті » баспасы, 2021, - 372 б. 23, 376 б.т.

15. Әлкебаева Д. Ғылымның қия шыңында: оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті » баспасы, 2026, - 280 б. 23, 376 б.т.

Марапаттары:

Дина Ақбергенқызы Әлкебаеваның мемлекеттік марапаттары, құрметті атағы бар. ҚазҰУ-дың үздік оқытушысы 2009 ж, Қазақстан Республикасы БжҒМ- нің тағайындауымен 2012 жылы «2012 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері атанды. 2014 ж.ҚазҰУ- дың 80 жылдығына орай Алтын белгі медалымен марапатталды. 2020 жылы ҚазҰУ-дың Ерен еңбегі үшін медальмен марапатталды. 2024 жылы Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін « Ғылымға дамытуға сіңірген еңбегі үшін » төсбелгісімен марапатталды.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Мағжан шығармашылығының керемет ерекшеліктерінің бірі – оның талантының алуан түрлілігі және түркі тектес халықтар әдебиетіне үлкен бетбұрыс әкелген ақын. Ол – сыршыл лирик, көркем сөздің нәзік те талғампаз шебері. Ол батыс және шығыс әдебиетінің үндестігін бір-бірімен байланыстырып адамзат жаратылысының барлық параметрлерін поэзиясына арқау еткен ақын. Ол сөз өнерінің әр түрлі жанрларын байытты, поэмаларында фольклор үлгілері мен сарындарын, эпикалық жанр әуендерін, лирика жанрында адамның сан алуан сезімдерін түрлі драмалық қақтығыстарын суреттеуі түркі тектес халықтар әдебиетіне үлкен жаңалық екені баршаға мәлім. «Батыр Баян», «Қойлыбайдың қобызы», «Жүсіп хан», «Өтірік ертегі», «Қорқыт» поэмаларымен қатар алуан тақырыпқа арналған поэзиялары, көркем аудармалары осының айғағы. В.Г. Белинский Пушкин шығармашылығының барлық маңызы мен қасиетін атап көрсете отырып, «Пушкиннің таланты бір ғана поэзияның аясымен шектелген жоқ» деп атап көрсеткен екен. Мағжан да осындай бағалау мен мадақтауға лайықты.

Д. Әлкебаева. Мағжан поэзиясының тілі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 101 б. 12 бет.

Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы рухани экология тұрғысынан талдап оқытудың да арасында сабақтастық бар. Сөз экологиясының мәселелері, іргелі ұғымдары мен категориялары Мағжан шығармаларының негізінде таңдап алынады. Сондықтан Мағжан шығармаларының сөз экологиясы тұрғысынан белгілі ғылыми жүйеге түсіп, ғылыми айналымға толық енуіне мүмкіндік туады. Атап айтқанда, сөз экологиясы, тілдік нигилизм, тіл бас-қыншылығы, тілдік сана, тілдік тұлға, аударма мәселелері, мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері, тіл саясаты, тіл тазалығы, т.б. кеңінен қарастырылуды қажет етеді. Өкінішке орай, Мағжанның сөз мәдениеті, рухани экология, балалар тілі туралы, тілдік концепт, педагогикалық терминдер, аударма мәселесі, тілдік тұлға, тілдік жағдаят, тіл экологиясы сияқты іргелі атауларға қатысты мәселелері қарастырылған жоқ.

(Д. Әлкебаева. Мағжанның ойлау стилі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология. әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 15 бет.

Қазіргі қазақ ұлттық әдеби тілінің дамуындағы өзгерістер функционалдық стильдердің қоғамдық қызметінің жандануы кейбір стилистикалық нормалардан ауытқу қазіргі қазақ тілі стилистикасына жаңаша ғылыми тұрғыдан қаралуға тиісті көзқарас пен қамқорлықты талап етеді. Қазіргі жаңа қоғам адамының сөйлеу коммуникациясының мәнінің артуы стилистикалық сапа мен прагматикалық талапты күшейтіп отыр. Қазіргі стилистика когнитивті психология, логика, философиядағы прагматика т.б. сияқты пәндермен тығыз байланысқа түсіп отыр.

Д. Әлкебаева. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. ҚР БжҒМ мемлекеттік грифімен жазылған оқулық. Алматы: Қазақ университеті. – 2013. 15-бет.).

Преобразования в развитии современного казахского национального литературного языка, возрождение социальной активности функциональных стилей, отклонение от некоторых стилистических норм требуют соответствующего подхода и особого внимания к стилистике современного казахского языка с позиции новой научной парадигмы. Повышение значимости речевого общения современного человека требует улучшения стилистических качеств речи и усиливает ее прагматическую потребность. Современная стилистика тесно связана с такими областями знаний, как когнитивная психология, логика, прагматика в философии и др.

Д. Әлкебаева. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. ҚР БжҒМ мемлекеттік грифімен жазылған оқулық. Алматы: Қазақ университеті. – 2013 . 15-бет.

Жалпы функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының бастауы осы онтология ғылымымен байланысты. Онтология – болмыс туралы ғылым. Жалпы болмыстың сипаты қандай, ол туралы түсінік пен критерийлердің қағидаларын тану жалпы адамзаттың болмыс туралы ұғым-түсініктерін дамытып, ұтымды қолданыстардың ең үздік дамушы нәтижелерін анықтап берді. Тіпті адамзаттық абстрактілі ұғым-түсініктердің барлығы атап айтқанда, адам қиялы, сана ағындарындағы құбылыстардың барлығы, ертегі, рухани құндылықтар, уақыт, мұң сияқты таным-түсініктердің барлығы да болмысқа жатады. Онтологиялық категориялар – мүмкіндік пен шындық. Мүмкіндік дегеніміз – әлеуетті болмыс, шындық – көкейкесті деп бөлінгенмен, болмыс көкейкесті әлеуетті формамен тіршілік етеді.

Д. Әлкебаева Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. 4 бет.

Сөзтану ғылымының ғылыми-теориялық мақсат-міндеттерінен басқа оның практикалық, қолданбалы сипаты тұрғысынан алатын орны айрықша күрделі сала болып келеді. Абай сөздің философиялық интеллектуалды мәнінің сипатына, көп функционалды табиғатының қызметіне осы саланың ғылым-білім нысанына айналатынын анық аңғарған. Абайдың сөз мәніне ерекше көңіл аударып, осы ғылым саласының әлеуметтік әрі эстетикалық сондай-ақ көп функционалды табиғатының қыр-сырын жеткізуге ерекше мән берген. Абайдың құнды пікірлерінің бірі -- «сөз» табиғатының әлеумет өміріндегі ең маңызды, мәнді құбылыс екенін өз шығармаларына арқау етуі. Абай сөз табиғатының әлеуметтік маңызын айрықша назарға алғаны белгілі. Айта кететін нәрсе, Абай мұрасы, тілі, философиялық көзқарастары әдебиетші және тілші ғалымдар тұрғысынан аз зерттелінген жоқ. Бірақ ұлы Абайдың сөз, сөз мәні мен сапасы, әлеуметтік ролі туралы терең тұжырымдары мен ойлары сөзтану ғылымына тікелей қатысты болып келеді. Мысалы, Абайдың сөз мәні туралы: «Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ, ондай жерде сөз айтып болма мазақ» дегендегі «сөз танырлық» дегені сөзтану ғылымымен синонимдес екені айтпаса да түсінікті. Абай әлеуметтік аласапыранды, арқыраған азулы билік пен жуас, момын күйлі өмірдің әуре сарсаңға толы күндерін бастан кешірді. Өз халқымен сырласты, өз поэзиясы еліне қаратып айтқан «сөзі» болды, оған «сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз» деп ойын ашық айтуы толық дәлел бола алады.

Д. Әлкебаева. Сөз мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті. – 2014. –212 б. – 25 б.

Қазақ халқының отбасы құндықтарынан бастап, естіген сөзі мен көрген айналасындағы құбылыстарды сөздің құдіретті күші арқылы бағамдауы жеке адамның тұлға болып қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Туған халқының отбасылық құндықтарды қара көзді қарашығынан мұлт жібермей, өз санасы мен бақылауында ұстап отырған бала Бауыржан елінің салт-санасын, әдет-ғұрпын жетік білетін алғыр ойлы тұлға, Отанын шын сүйген тұлға, өз елінің батыр тұлғасына айналды. Ол өзі дүниеге келген, ұшқан ұясы, тілдік кеңістігінде өмір сүрген адамдар арқылы, арман-тілегін, өмірлік құндылықтарын жеріне жеткізе, түйіндей айтып береді. Бұл елге танымал тілдік тұлға дәрежесіне көтерілуіне бірден бір себеп болады. Сондықтан Бауыржан Момышұлы тілдік тұлғасын адамзат тезаурусындағы интеграцияланған шығармашылық мұрасы арқылы ғылыми тұрғыдан жан – жақты бағалауға толық лайықты.

Д. Әлкебаева. Бауыржан Момышұлының тұлғалық болмысы туралы. Тіл. Тұлға. Таным: лингвистикалық және рухани сабақтастық. Халық қахарманы Б. Момышұлының туғанына 115 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалы конф. Материалдары, 2026 ж.24 сәуір.

М. Қашқаридің еңбегінде азаматтық, имандылық, батырлық, жомарттық, тектілік пен білім нәріне сусындатар философиялық мәні мен мазмұны бүкіл түркі халқының білім-болмысынан танылатынын жарқыратып ашып береді.

Білім туралы айтқан ойлары бүгінгі күннің талабы мен таңдауы екені сөзсіз. Білім – адам баласын биік мұрат пен мақсаттың қылбұрауына салатын асыл қазына. Осы еңселі де өзекті мәселені М. Қашқари аса мән беріп, оның (білімнің) көне заманда адам баласына аса мәнді мұра екенін айта білген.

М. Қашқари сонау тасқа қашалып жазылған Күлтегін жырларынан бастап білім мен біліктілікті арман тұтқан түркі халқын білімге шақырған ең мықты құрал екенін өзгеше үміт пен мақсатын жырлаған. Түркі халқының елдік, ұлттық іргелі ел болуы үшін білімнің қайнар бұлағынан сусындауды басты бағыт, бағдар етіп ұстауды ұрпағына тапсырады. Бұл –бағыт пен бағдар түркі халқының асыл мұраларының өн бойында шамшырақ ретінде жалғасын табуда.

Д. Әлкебаева. Ғылымның қия шыңында: оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2026. – 28 б.



Жандос Мағазбекұлы ӘУБӘКІР,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент

Жандос Мағазбекұлы Әубәкір 1975 жылы 3 қазанда Семей қаласында дүниеге келген. 1992 жылы Абай ауданындағы Көкбай атындағы орта мектепті алтын медальмен бітіреді. 1992-1996 жылдары «Семей» мемлекеттік университетінде оқып, оны үздік дипломмен аяқтайды. 1996 жылдың бірінші қыркүйегінен қазақ әдебиеті кафедрасына оқытушы болып қабылданады. 1996 жылдың желтоқсан айында осы университетінің аспирантурасына түсіп, 1999 жылы ҚРҒҰА жанындағы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында «Көкбай Жанатайұлының әдеби мұрасы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын қорғады. 2000-2001 жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде оқытушы, 2002-2003 жылдары М.О. Әуезов атындағы Семей университеті күндізгі оқу бөлімі деканының орынбасары, 2003-2006 жылдары осы университетінің әлеуметтік-экономикалық жұмыстар жөніндегі проректоры, 2006-2007 жылдары Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметін атқарады. 2007-2008 жылдары филология факультетінің деканы, 2008-2009 жылдары Инновациялар және ЖОО-нан кейінгі оқыту Орталығының директоры болады. 2009 жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу Орталығының директоры болады. 2008-2010 жж. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша екінші жоғары білім алды. 2010-2015 жылдары Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының директоры, 2015 - 2017 жылдары «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы директоры қызметін атқарады. 2017 - 2018 жылдары «Қазқайтажаңарту» РМК-ның бас директоры, 2019 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абайтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, 2019-2020 жылдары Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби - мемориалдық қорық-мұражайының директоры, 2020-2021 жылдары Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті «Абай» институтының директоры болады. 2021 жылдың

13 қаңтарынан Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының директоры.

2008 жылғы Қазақстан Республикасы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері. 2009 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталған. 2014 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

2011 жылы – Семей қаласы әкімінің алғыс хатымен, 2012 жылы Семей қаласы әкімінің грамотасымен марапатталған. 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғысымен» марапатталды. 2015 жылы – «Нұр Отан» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының «Алғыс хатымен» марапатталды. 2015 жылы «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен наградталды. 2015 жылы «Құрмет» орденімен наградталды. 2016 жылдың «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл», 2018 жылы «Астана 20 жыл» мерекелік медальдарымен наградталған. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғысымен», 2021 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғысымен» марапатталған.

2022 жылы Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі болып сайланып, академик атағы берілді.

2022 жылы «Абай ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Қазіргі таңға дейін жарық көрген 53 (елу үш) монографиялар мен жинақтардың, оқулықтар мен ғылыми-танымдық кітаптардың авторы, құрастырушысы, бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылыми журналдар мен конференция материалдарында 325 мақаласы жарияланған. Көкбай Жанатайұлының тұңғыш шығармалар жинағын шығарушы. 6-11 сыныптарға арналған «Абайтану» оқулығының авторы. Ғалымның редакторлығымен 107 еңбек жарыққа шыққан.

Монографиялар мен жинақтар, оқулықтар мен кітаптар

1. Көкбай Жанатайұлы. Шығармалары: өлеңдер, айтыс-қағыстар, қисса-дастандар // Құрастырған, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Ж.Әубәкір. – Алматы: Информ-Арна, 2001. – 200 б.

2. Шындықтан басқа жолға түсе алмаймын /Көкбай мұрасы хақында. – Алматы: Информ-Арна, 2002. – 204 б.

3. Абылай туралы тарихи жырлар (Оқу құралы) Семей: «Тенгри», 2004, –55 б.

4. Наурыз мерекесін тойлаудың сценариі (Әдістемелік құрал) Б.Нұрғалимен бірге Семей: М.О.Әуезов атындағы Семей университеті, 2004, – 15б.

5. Мәдени мұра қазіргі ғылым контексінде: Профессор Арап Еспенбетовтің 60 жылдығына арналған жинақ. (Құрастырушылар Т.Шаңбай, Б.Ердембеков, Ж.Әубәкір). Семей: «Семей полиграфия» баспасы, 2005. – 615 б.

6. XIX ғасыр әдебиеті (Оқу құралы). – Семей: «Тенгри», 2006, – 132 б.

7. Балалар әдебиеті (Оқу құралы). – Семей: «Тенгри», 2006, – 82 б.

8. «Мұтылғанның» тағдыры // (Құрастырған Ж.Әубәкір). – Семей. – Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2010. – 267 б.

9. Жанатайұлы Көкбай. Шығармалары: өлеңдер, айтыс-қағыстар, кисса-дастандар (Құрастырған Ж.Әубәкір). – Астана, Фолиант, 2011. – 256 б.

10. «Мұтылғанның» тағдыры // (Құрастырған Ж.Әубәкір). – Семей. – Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2011. – 267 б.

11. Көкбай Жанатайұлы шығармалары: өлеңдер, айтыс-қағыстар, поэмалар. (Құрастырған Ж.Әубәкір). – «Семей Печать» ӨК, 2011. – 220 б.

12. Әубәкір Ж.М., Кунафина Г.А. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарына арналған оқу құралы. – Астана: ӘлНаир, 2013. – 400 б.

13. Әубәкір Ж.М., Кунафина Г.А. Абайтану. Әдістемелік құрал, 8-9 сынып. – Астана: ӘлНаир, 2013. – 42 б.

14. «Мұтылғанның» тағдыры (Құрастырған. Ж.Әубәкір). – Семей. – Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2013, – 267 б.

15. Әубәкір Ж.М., Кунафина Г.А. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 8-10 сыныптарына арналған оқу құралы. – Астана: ӘлНаир, 2014. – 360 б.

16. «Мұтылғанның» тағдыры (Құрастырған Ж.Әубәкір). – Семей. – Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2015. – 256 б.

17. Әубәкір Ж.М., Кунафина Г.А. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 5-7 сынып оқушыларына арналған оқулық. / – Астана: «ӘлНаир» баспасы, 2016. – 304 б.

18. Әубәкір Ж.М., Кунафина Г.А.,Нұрлыбаева Ж.Н. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 5-7 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. – Астана: «ӘлНаир» баспасы, 2016. – 104 б.

19. Әубәкір Ж.М., Кунафина Г.А. Ұлылық өнегесі (Деректі әңгімелер, зерттеулер, суреттер). Жалпы білім беретін мектептің жоғары сынып оқушыларына, көпшілік оқырман қауымға арналған көмекші оқу құралы. – Астана: «ӘлНаир» баспасы, 2016. – 296 б.

20. Әубәкір Ж.М., Кунафина Г.А. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық. – Нұр-Сұлтан: «ӘлНаир баспасы», 2019. – 240 б.

21. Әубәкір Ж., Смағұлова А. Жоғары оқу орындарына арналған «Абайтану» оқу құралы. Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021. – 351 б.

22. Калиева А., Смағұлова А., Әубәкір Ж. Жоғары оқу орындарына арналған «Абайтану» оқу құралының хрестоматиясы. Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021. – 319 б.

23. Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 5 сыныбына арналған. / Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 92 бет, суретті.

24. Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған. / Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 90 бет, суретті

25. Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған. / Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 100 бет, суретті

26. Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған. / Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 103 бет, суретті

27. Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық. / Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 152 бет, суретті

28. Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 10 сыныбына арналған. / Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Е.Есенова, Р.К.Жумабекова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 167 бет, суретті

29. Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 11 сыныбына арналған. / Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 223 бет, суретті

30. Абайтану. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 5 сыныбына арналған. // Құрастырушылар: Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 70 бет.

31. Абайтану. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған. // Құрастырушылар: Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 72 бет.

32. Абайтану. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған оқу құралы. // Құрастырушылар: Ж.М.Әубәкір,

Г.А.Кунафина, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 72 бет.

33. Абайтану. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған оқу құралы. // Құрастырушылар: Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 72 бет.

34. Абайтану. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған. Құрастырушылар: Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 80 бет.

35. Абайтану. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 10 сыныбына арналған оқу құралы. // Құрастырушылар: Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 96 бет.

36. Абайтану. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 11 сыныбына арналған оқу құралы. Құрастырушылар: Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 201 бет.

37. Абайтану. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық. 5 сынып. // Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 58 бет.

38. Абайтану. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық. 6 сынып. // Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 63 бет.

39. Абайтану. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық. 7 сынып. // Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 66 бет.

40. Абайтану. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық. 8 сынып. // Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 87 бет.

41. Абайтану. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық. 9 сынып. // Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 78 бет.

42. Абайтану. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық. 10 сынып. // Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Е.Есенова, Р.К.Жумабекова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 90 бет.

43. Абайтану. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық. 11 сынып. // Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 86 бет.

44. Шежірелі Шыңғыстау. Тарихи-деректі жинақ. – Нұр-Сұлтан: «Абай-Жидебай» баспасы», 2022. – 80 б.

45. «Абай ұлағаты» // «Абай мұрасы және қазақстандық қоғамның мәдени құндылықтары». – Т.8. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Алгорифм», 2022. – 254 б.

46. Абай және Ахмет Байтұрсынұлы. Сыдықов Е.Б., Әубәкір Ж.М. // «Абай мұрасы және қазақстандық қоғамның мәдени құндылықтары». – Т.6. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Алгорифм», 2022. – 206 б.

47. Абай және ұлттық болмыс. // «Абай Құнанбайұлы және қазақстандық қоғамның басымдықтары». – Т.3. Ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: «Алгорифм», 2023. – 222 б.

48. Әубәкір Ж.М. Абай ғибраты. 1 – бөлім. Жалпы білім беретін мектептердің және желілік «Абай мектептерінің» 5-11 сыныптарына арналған оқу құралы. –Астана: «Әл-Найр баспасы», 2023. – 158 бет, суретті.

49. Әубәкір Ж.М. Абай ғибраты. 2 – бөлім. Жалпы білім беретін мектептердің және желілік «Абай мектептерінің» 5-11 сыныптарына арналған оқу құралы. – Астана: «Әл-Найр баспасы», 2023. – 144 бет, суретті.

50. Әубәкір Ж.М. Абай мұрасы және тарихи өлке сыры // Ғылыми-танымдық еңбек. –Семей: «Кудайбергенов». 2024.-318 б.

51. Жанатайұлы, Көкбай. Шығармалары: өлеңдер, айтыс-қағыстар, поэмалар және қиссалар (Құрастырған Ж.Әубәкір). – Астана, Фолиант, 2025. – 312 б. – («Абай жолы» кітапханасы).

52. Жанатайұлы, Көкбай. Шығармалары: өлеңдер, айтыс-қағыстар, поэмалар және ақын естелігі (Құрастырып, алғы сөзін және түсініктемелерін Ж.Әубәкір). – Алматы, 2026. – 312 б.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Көкбай – Абай мектебінің адал ұлы. Өйткені ол – Абайдың ұлағатты принципін мықты ұстанған ақиқатшыл, шыншыл тұлға. Ол құдай берген табиғи дарынының, жаратылыс болмыс бітімінің арқасында Абай салған даңғыл жолдан таймаған ақын.

Ж. Әубәкір. Жанатайұлы Көкбай. Шығармалары: өлеңдер, айтыс-қағыстар, қисса-дастандар (Құрастырған Ж.Әубәкір). – Астана. Фолиант, 2011. – 12 бет.

К. Жанатайұлының ақындық талантының ұшталуына, дүниетанымдық көзқарасының кеңеюіне Абайдың, Абай мектебінің зор ықпалы болғаны белгілі. 1880 жылдары екі ақын арасында түзілген алтын көпір елге үлгі боларлықтай, тамсанып мақтанышпен айтып отырғандай, бағыт көрсететіндей шығармашалық, достық жолы еді. Риясыз пәк көңілмен табысып, ұлы достықтың негізін қалаған бірі ұстаз,

бірі шәкірт ақынның осыдан бастап бір бағыттағы шығармашылық жолы басталады. Абайдың өзі жазған өлеңдерін алғаш Көкбай атымен шығаруы біріншіден, оның өз айналасындағы бар ақынның ішіндегі жақын тартар адам екендігінде болса, екіншіден, Көкбайдың суырып салма, импровизацияға ең жүйрік талантты ақындығында еді. Көкбайдың осы бір қасиеттерін Абайдың өзі де өлеңдерінде бірнеше рет атап бағалап, аңғартып кеткен. Абайдың өз тәрбиесінде болған және оның ақылы мен сыны бойынша тақырыптар таңдап, көлемді шығармалар жазған «анық шәкірт ақындар» ішінде ұлы ұстазының өлеңдеріне аты кірген де жалғыз ақын Көкбай болатын. Абайдың «Сорлы Көкбай жылайды», «Бұралып тұрып» сияқты өлеңдері мен «Қыз сөзіндегі» бір шумақ жоғарыдағы сөздердің айқын көрінісі.

Ж. Әубәкір. Шындықтан басқа жолға түсе алмаймын. Монография. – Алматы: Информ-Арна, 2002. – 85 бет.

Көкбай шығармаларына зер салсақ, түрлі адамдар мінезін-құлқын көрсетуге өте шебер екенін, ойын шындыққа, парасатқа сүйеніп айтқандығын байқаймыз. Ақын өз заманындағы әділетсіздіктерді, ұлықтар мен бұзықтарды, өсімқор, мейірімсіз байларды ашы сынға алып, марғау өмірдің сұрықсыз өкілдерін мықтап шенейді. Бірде ол елге сараңдығымен әйгілі болған Алдырахметті («Сараң байға»), билік үшін ырылдасқан шен құмарлықты («Күлембай мен Дүтбайға»), үй ішіне қарамай таң атқаннан ел кезіп жүретін қыдырымпаздықты, еңбексіз ат мініп, ас ішкіш, пәлекұмар, ашқарақ, қомағай, мешкейлікті («Тоғыз көк»), сауда үшін ар-иманын сатып күн көретін алыпсатарлықты («Ұсақ байларға») сынаса, енді бірде өсек десе ішкен асын жерге қоятын, кесел іздеп жүретін ұрыншақтықты («Мұсажанға»), оқу мен өнер-білімде жұмысы жоқ, сергелдең серілікті («Салдарға») тілге тиек етеді. Осы өлеңдердің барлығында да Көкбай аузынан шыққан сөздің қай-қайсысы да нысанаға дәл тиетін шындығымен, тиген жерін осып түсетін өткірлігімен әсерлі естіледі.

Ж. Әубәкір. Шындықтан басқа жолға түсе алмаймын. Монография. – Алматы: Информ-Арна, 2002. – 91 бет.

Күллі адамзатқа ортақ, дара ой алыбы Абай Құнанбайұлының мұрасы – мәңгілік. Ақынның тағылымы мол ғибратты сөздері, даналық ойлары уақыт көші қанша өтсе да маңызын жоймақ емес. Абай сөздерінің құндылығы ешқашан мәнін жоймайды, ұрпақтан – ұрпаққа жетіп, жаңашылыққа жетелеп, қазақтың мәңгілік ел болуына үлкен септігін тигізері хақ! Күн санап сан өзгерген ғаламдық даму барысында, жылдам түрлі өзгерістерге ұшырап дамып келе жатқан заманда руханияттың асқар шыңында Хакім сөзі темірқазық болып жарқырай

берері сөзсіз. Осы бір алмағайып дәуірде өркениеттің дамуына қалай ілесе аламын, ұлттың дамуына қандай үлес қосқаным абзал, кісілік қасиеттің маңыздылығы неде деген сауалдарға Абай өлеңдері мен қарасөзіне жүгініп жауап таба аламыз.

Ж. Әубәкір. «Абай Құнанбайұлы және қазіргі қазақстандық қоғамның басымдықтары». – Т.3. Әубәкір Ж. «Абай және ұлттық болмыс». Ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: «Алгорифм», 2023. – 10 бет.

Абай шығармаларының басты идеологиялық қазығы – «қалың елі, қайран жұрты қазағының» бойындағы кемшіліктерді жойып, ғылым-білімді меңгерген, «ақыл, қайрат, жүректі» бірдей ұстанған, «бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық» болған, береке-бірлігі жарасқан, ой-өрісі дамыған халқының болашағы, тәлім-тәрбиесі, ғылым-білімі.

Ж. Әубәкір. Абай және білімді ұрпақ // Абай мұрасы: Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 49 бет.

Біз бүкіл әлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Заман талабына сай білім алу интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады. Ғылым-білімді терең меңгеру – болашағы мәңгілік елдің маңызды бағытының бірі. Рухани кемелділік те, ұлттық таным мен тәрбие де біліммен молая түсері хақ. Сол білімге бастар, келешек ұрпаққа да, бүгінгі замандастарымыз баршамызға да «өшпес өмір, таусылмас мал берелік» темірқазықтай жол көрсетер «білімді данышпанымыз» тұр емес пе?! Ендеше Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқанындай «ақылын тегінге сатқан» Абай мұрасына үнемі сүңгі берсек, тереңге бойлай түсеріміз анық. Рухани байлық та, кемелділік те сол тереңдікте.

Ж. Әубәкір. Абай мұрасы және қазақстандық қоғамның мәдени құндылықтары – Т.8. Әубәкір Ж. Абай ұлағаты. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Алгорифм» 2022. –75-76 беттер.

Кәрілік тақырыбы қазақ әдебиетінде Шәкәрімге дейін де көтерілді, одан кейін талай рет жырланып келеді. Бірақ Ш.Құдайбердіұлының ерекшелігі адам ғұмырының әр кезеңін көріп, кәрілікке жетіп барып оны жырға қосуы емес, жас бозбала шағында өмір туралы пайымдаулар жасауы, жастық өмір мен кәрілік сипаттарын салыстыра бере білуі болмақ. Әркайсысының өзіне тән белгілерін, табиғи ерекшеліктерін дәл айқындап, дөп баса суреттеуі.

Ж. Әубәкір. Шәкәрім Құдайбердіұлы: библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: 2009. – 17 бет

Абай Құнанбайұлы ұлтының болашағы үшін, рухани құндылықтарға толы өмір кешулері мақсатында өз ілімін мәуе қылып шашты. Абай тағылымы бір түп қаламшадан ұялы бәйтерекке айналды. Ол тағылым – қазақ бар жерде өмір бойы зерттеле беретін түбіне жеткізбес кеніш. Рухы биік, арманы асқақ, халқын сүйер азаматтың бойындағы ұлтжандылығы мен біліктілігіне дейінгі қасиеттер Абай жолының сарқыты. Алаштың дүниетанымына, ұстанымына, идеясына Абайдың белгілі деңгейде көзқарасы сіңгені анық. Абайдың жолы – адамгер, ізгі тағылымның жолы. Бұл жол өлмес құндылықты ту еткен қай заманда да жүзіне шаң жуытпақ емес.

Ж. Әубәкір. «Абай Құнанбайұлы және қазіргі қазақстандық қоғамның басымдықтары». – Т.3. Әубәкір Ж. «Абай және ұлттық болмыс». Ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: «Алгорифм», 2023. – 53-54 беттер.

Абай ілімі – «ыстық қайраты» бар, «нұрлы ақылды», «жылы жүректі» толық адамды қалыптастырудың жолын нұсқай білген рухани жүйе. Тәлім-тәрбиенің, үлгі-өнегенің негізі де жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, адамдықтың ақ жолымен жүруін көздеуден басталады. Абай сөзі – жалпы адамзат үшін мәңгі жарқырап тұрар рухани құндылық, бағдардан шатастырмайтын, тура жолдан адастырмайтын темірқазық. Абай мұрасы – саналы жас ұрпақтың әрдайым қасынан табылар алтын байлығы болаға керек. Абайдың мақсаты да асыл сөзінің құнары жолын жалғар болашақтың жүрегіне жетуі, ақылымен ұғуы.

Ж. Әубәкір. «Абай Құнанбайұлы және қазіргі қазақстандық қоғамның басымдықтары». – Т.3. Әубәкір Ж. «Абай және ұлттық болмыс». Ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: «Алгорифм», 2023. – 88 бет.

Абай өскен соқтықпалы, соқпақсыз жер – қазақ қоғамы. Оның жалғыз болуы, жұмбақ болуы қоғамынан озып туғаны. Ерте ілім іздеп, көкірек көзін ашқаны. Хақтықтың сәулесі жүрегінен түскен күні жалғыз екенін сезінді. «Адам үшін ең жоғары кемелділік – өз болмысындағы Жаратушыдан қуат алып өзін-өзі таныған Ақыл», – деген түсінік бар философияда. Абай өзін шын таныған адам. Сондықтан ол мыңмен жалғыз алысуы да, жұмбақ қалпында қалуы да заңдылық еді.

Ж. Әубәкір. «Абай Құнанбайұлы және қазіргі қазақстандық қоғамның басымдықтары». – Т.3. Әубәкір Ж. «Абай және ұлттық болмыс». Ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: «Алгорифм», 2023. – 153 бет.

Шәкәрім және Алашорда тақырыбы ақын өмір жолын желілей тартқанда алынатын қомақты бір уақытты қамтиды. Ұлт болашағы үшін еңбек ету, келешектің жарқын болуы Шәкәрімнің ұстанған басты азаматтық бағыты екендігі ақиқат. Сол себептен де ақын алашшыл азаматтардың ел қамы үшін атқарып жатқан еңбектерін зор ілтипатпен қарсы алады. Олармен бір байланыста болып, алғашқы Алаш жиналысына өз батасын беріп, ақ жол тілейді.

Ж. Әубәкір. Шәкәрім Құдайбердіұлы: библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: 2009. – 23 бет

Көкбайдың ақынның Абайдың мінез көріністері туралы айтқан естелік-әңгімесі – абайтануға қосылған құнды деректің бірі. Мұхтар Әуезов жазған Абай өмірбаянына бұл еңбектің тигізген үлесі ерекше мол.

Абай шығармаларының жинағы толық болып шығуына да Көкбайдың еңбегі зор болғанын атап айтуымыз керек. Яғни Көкбайдың қазақ әдебиетіне қосқан үлкен үлесі – Абайдың асыл мұрасын аман сақтап, оны кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Ж. Әубәкір. Жанатайұлы Көкбай. Шығармалары: өлеңдер, айтыс-қағыстар, поэмалар және қиссалар (Құрастырған Ж.Әубәкір). – Астана, Фолиант, 2025. – 21 бет

Адамзаттың барлығын «бауырым» деп сүй деген Абай өзінің гуманистік, даналық тағылымы арқылы әлемдік деңгейдегі ойшылдар қатарынан табыла отырып, адам бойындағы кереғарлықтарды жою мақсатында ұлағатты терең ойларын қалдырып кетті. Абайтанудың тұғырнамалық негізі де осы болуға тиіс.

Ж. Әубәкір. Абай мұрасы және қазақстандық қоғамның мәдени құндылықтары – Т.8. Әубәкір Ж. Абай ұлағаты. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Алгориф.м» 2022. – 11 бет.

Бес асыл нәрсеге асық емес, керісінше қашық болу керек бес дұшпанға әуестік Абай сынаған надандыққа алып келері анық. Арамдық пен араздық белең алғанда ел ішіне енген надандық та қанатын кеңге жая бастайды. Надандық көзін де, көкірегін де тұмшалаған соң, оның сана-сезімі, қоршаған ортаны сезінуі де жоғалады. «Ақылға сәуле қонбаса, хайуанша жүріп күнелтпек» дейтін жандар қатары да көбейе берері хақ. Өмірдің негізгі мәніне үңіліп, жаратушыны сүйюі, хақ жолымен жүруі, рухани кемелденуі түгілі өз басын алып жүре алмайтын, басқаның жетегіне еріп, тобырдың қатарына енетін де осы надандар. Ақын поэмасында айтылатын көппен бірге жынды су ішіп еліретін де осылар. «Малда да бар жан мен тән, Ақыл, сезім болмаса», –

дегендей тереңдік былай тұрсын, іс-әрекеті мен таным-түйсігі саналы адам қатарынан да көрінбей жататын надандық сау ақылдың жоқтығынан, қараңғылықтан. Арзан күлкі мен бас даурықпаға әуестіктік те көңіл көзінің тұжшалануынан. Ал бойында ыстық қайраты, нұрлы ақылы, жылы жүрегі болмаса, саналы көзқарасы, азды-көпті білімі, өмірлік ұстанымы жоқ адамды қалаған жаққа жетектеп әкетіп, айттақтатқанға пайдалану жеңіл болмақ. Надан адамның қоғамға зияндығы да осында.

Ж. Әубәкір. Абай мұрасы және қазақстандық қоғамның мәдени құндылықтары – Т.8. Әубәкір Ж. Абай ұлағаты. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Алгорифм» 2022. – 57 бет.

Көкбай ақын өмірінің ең мағыналы кезеңі Абаймен бірге өткізген жылдары болды. Ұстазынан тәлім алып, ақындық қаламын шыңдаған ол кейін ағартушылық жолға түсіп, шәкірт тәрбиелеуге күш салды. Абайдан алған рухани мұраны кейінгі буынға жеткізіп, қазақ әдебиеті тарихында өзіндік із қалдырды. Сонымен қатар, Көкбай ұстазы Абай Құнанбайұлының ақындық дәстүрін жалғастырып, шәкірт тәрбиелеу арқылы өзіндік ақындық мектебін қалыптастырды.

Ж. Әубәкір. Көкбайдың ақындық мектебі және шәкірттері // Қазақ әдебиеті, 12 маусым, 2026



Пәкизат Теңізбайқызы ӘУЕСБАЕВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент

1962 жылы 9 қаңтарда Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласында дүниеге келген.

1977 жылы Қарағанды облысы Саран қаласы Абай атындағы педагогикалық училищесінің бастауыш класс мұғалімдерін даярлау бөліміне оқуға түсіп, 1981 жылы үздік бітірді.

1981 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті) филология факультеті араб тілі бөліміне оқуға түсіп, 1986 жылы үздік бітірді.

1986-1990 жылдары Алматы қаласы Әуезов ауданындағы № 62 қазақ орта мектебінде араб тілі пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады.

1990 жылы ҚР ҰҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына ауысып келіп, сол жылдан бері институтта қызмет атқарып келеді.

1999 жылы филология ғылымдарының кандидаты, 2005 жылы доцент дәрежесін иеленді.

2006-2013 жылдары Алматы қаласы Мемлекеттік Орталық музейінде жетекші ғылыми қызметкер болып еңбек етті.

2014 жылдан бастап М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында «Қолжазба және текстология» орталығының жетекші ғылыми қызметкер болып еңбек етеді.

Әдеби-ғылыми бағыты: фольклортану, қолжазбатану, мәтіптану, деректану

Ғылыми еңбектерінде қазақ фольклорындағы әңгіме, миф, хикая, ертегі, аңыз, әпсана, эпостық шығармаларды (батырлар жыры, ғашықтық дастан, діни дастан) жанрлық табиғаты мен мәтінтанулық тұрғысынан қарастырады.

Университеттегі көп жылғы оқытушылық қызметінде дәріс беру, оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу, білім беру бағдарламаларын жетілдіру жұмыстарымен қатар, студенттер мен жас зерттеушілердің ғылыми ізденісіне бағдар беріп, олардың әдебиеттанулық талдау мәдениетін қалыптастыруға үлес қосып келеді.

Негізгі ғылыми нәтижелері: 2001 жылдан бастап институттың, бөлімнің іргелі зерттеу бағыты бойынша жоспарланған барлығы 15 ғылыми жоба жұмыстарына белсене қатысып, әрі үш ғылыми-зерттеу жұмыстарына (гранттық және Мемлекеттік тапсырыс бойынша) жетекшілік жасады. Қазіргі уақытта 2025-2027 жылдарға арналған «AP26100495 Түркі дүниетанымындағы наным-сенімдер: этнофольклорлық аспект» атты ғылыми-зерттеу жобасына қатысуда. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған «Бабалар сөзі» жүзтомдығының (2003-2013) ғылыми басылымын әзірлеуге араласып, жүзтомдық сериясының он томын (алғы сөз) баспаға дайындауда жауапты шығарушы және құрастырушы ретінде қатысып, алғы сөзі, ғылыми түсініктемелері жазылды. 2017 жылдан бері Ресей Федерациясы Қалмақ Республикасы Элиста қаласындағы Б.Б. Городовиков атындағы Қалмақ Мемлекеттік университеті жанынан ашылған «Монғол халықтарының мәдени мұрасы» атты халықаралық ғылыми орталық ұйымдастырып отырған «Еуразия халықтарының ертегілері» атты жоба жұмыстарына үнемі қатысып келеді. Нәтижесінде төрт жинақ жарияланды. 140-тан астам ғылыми бағыттағы мақалалары бар, оқу-әдістемелік құрал – 11, институт тарапынан дайындалып, жарияланған 37 жинақтың авторларының бірі, жеке монография – 1, ұжымдық монография – 11, Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда – 9, Халықаралық, республикалық, аймақтық деңгейдегі конференция, конгрес, форум, дөңгелек үстел, сұхбаттарға қатысты. Ғылыми мақалалары алыс-жақын шетелдерде (Ресей, Татарстан, Өзбекстан, Ұлыбритания, Испания т.т.) жарияланды.

Марапаттары:

«Мұхтар Әуезов» медалімен марапатталды. Turk Dunyasi kultur ve sanatina yapmis oldugunuz katkilar anisina (Түрік дүниесінің мәдениеті мен өнеріне қосқан үлестеріңізді еске алу СЕРТИФИКАТЫ). – Халықаралық түрік мәдениеті ұйымы TYRKSOI – SERTIFIKA. – Seri №: 2020 – MA – 083.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Астана, 2023; «Ғылым үздігі» құрмет дипломымен марапатталды. Астана, 2024; Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін «ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУҒА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» төсбелгісімен марапатталды. ҚР ҒЖБМ. 21 қазан 2024 жыл. – Куәлік № 00850

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Ш. Ибраевтың эпостың болмыс-бітімін кең ауқымда, ғылыми тұрғыдан қарастырған «Эпос әлемі» атты монографиясы – алғаш

рет эпостық жанрдың поэтикалық болмысын, сюжеттік түзілісін, пайда болу, даму жолдарын стадиялық тұрғыдан тереңдей қарастыратын құнды еңбек. Ғалымның эпостанудағы өзіндік концепциялық ұстанымы: эпостың тақырыптық, сюжеттік құрамының тарихи дамудың қажеттілігіне орай белгілі бір құрылымдық жүйеге түсуі болып табылады. Зерттеушінің тұжырымынша: «көпқабатты, көпсатылы эпостың ішіндегі поэтикалық ұғымдардың арақатысы, өзара жүйеге түсуінің заңдылығы қоғамдық процестерге байланысты тың сапаға ауысып, өзгерген тұсы да жаңа жанрлық түрге қадам басуымен ағайындас. Автор еңбегінде «көне эпос» деген терминді қолданып, батырлық ертегі мен көне эпос арасындағы айырымдық ерекшеліктерді нақтылы мәтіндік мысалдар негізінде талдаған. Ғалым эпосқа тән көпқабаттылық пен көпсатылықтың эпос дәстүрі үшін заңдылық екенін айта отырып, оның әр түрлі дәрежеде болатындығын тұжырымдаған. Яғни монументалды үлкен жырлардың көне эпостың дәстүріне сүйену арқылы дамығандығының бес түрлі сипатын жинақтап көрсетеді.

Ш. Ибраев қаһармандық эпоска дейінгі эпикалық жанрлық дамудың жолдарын терең, әрі жан-жақты ғылыми тұрғыдан тексере келе ертегілік сипаты болғанымен, жыр түріндегі ертегі үлгілерінің батырлық жырға тән белгілері айқын екендігін және көне миф қаңқасының баяндалатын оқиғаға шынайылық дарыту заңдылығының сақталу жағдайлары эпос заңдылығының көпқабатты сипатын танытатындығын, ертегі жанрының негізінен қиялға бағындырылатынын нақтылы талдаулар арқылы тұжырымдайды. Қаһармандық эпостың құрылымдық қабаттарында мифтің, ертегінің, көне эпос жанрының элементтері мен мотивтері бар. Олардың өз алдына атқаратын жанрлық қызметі қаһармандық эпостан ерекшеленеді. Жеке жанрлық қасиеттері қаһармандық эпос мазмұнында жаңаша мән иеленеді. Ғалымның пікіріне сүйенсек, қаһармандық эпос та өзіне дейінгі көне жанрлардың замандар бойына дамуының нәтижесі.

Қаһармандық эпостың құрылымындағы сюжеттік қабаттарды айқындауда эпикалық дәстүрдің маңызыдылық иеленген тұсындағы дәуірін еске алудың маңызы зор. Өйкені түрлі көркемдік эпостың құрамдас бөлігіне айналған өзге эпикалық жанрлар мен сюжеттердің өзі де түрлі өзгеру, даму жолынан өткен.

П.Т. Әуесбаева. Эпос құрылымындағы ертегілік сюжеттер мәні. XI халықаралық Түркология конгресі «Түркология және түркі дүниесі» 1-3 қазан. 2025 жыл. – Түркістан, 2025. – 1760 б. Б. 561-571.

Фольклортанушы С.А.Қасқабасов – қазақтың қара сөзге дес бермеген ділмарлық қасиетінің бастау алған бұлақтарының көзін ашып,

ата-бабаларымыздың тіршілік тынысын тамыршыдай тап басып, прозалық жанрлардың адам өмірі сияқты жаңарып, жаңғырып, түлеп отыратындығын ғылыми түрде дәйектеген алғашқы зерттеуші. Тым көне замандардан бастау алған жанрлардың ұзақ даму жолындағы көмескіленген ізін тауып, басқа соқпақтармен тоғысуын тап басып тани білген кемел ғалым көптеген прозалық жанр түрлерінің кайта жаңғырып, түлеуінің де сырын алғаш сараптаушы болды. Соның нәтижесінде қазақтың наным-сенімдерімен, түсінік-талғамдарына катысты бұл күнде ұмытылған көптеген прозалық түрлері халықтың рухани игілігіне айналды.

С.Қасқабасовтың ғалымдық жолына ой көзін салсақ, бір ғана объектінің төңірегінде үздіксіз ізденіп, жан-жақты зерттеу арқылы өрнекті ой, терең пікір түюдің ғылыми үрдісін қалыптастырғандығын айта кеткеніміз орынды. Оның ұзақ жылғы ізденуінің нәтижесінде жазылған «Казахская волшебная сказка» (1972), «Қазақтың халық прозасы» (1984), «Казахская несказочная проза» кітаптары осының жарқын мысалдары. Ғалым қиял-ғажайып ертегілерінің жанрлық әр түрлілігін, оның сюжеті мен поэтикасына, құрылысына тигізген батырлық жырлардың әсерін жүйелі түрде саралап, ертегінің эстетикалық мұраты – халық идеалы екенін дәлелдеген. Зерттеуші халық прозасының ертегіден басқа жанрларының тек көркемдік қызмет атқарып қана қоймай дүниенің мән-маңызын, табиғат сырын, жан-жануарлардың тіршілігін, аспан денелерінің, тау-тас, өзен-көлдердің пайда болу себептерін түсіндіретін танымдық жүкті арқалайтындығын көне фольклорлық жанрлар негізінде дәлелдеу арқылы бүгінгі таным-түсінікке дейінгі ұлттық ой-танымымыздың даму жолын көрсетті.

Ғалымның «Казахская несказочная проза» еңбегінің құндылығы басқа зерттеулерге мүлде ұқсамайтындығы, бұл тақырыпқа ешкім монографиялық деңгейде арнайы қалам тартпағандығымен байланысты. С.Қасқабасов ертегіге жатпайтын прозасын тұңғыш рет бір жүйеде зерттеп, сөз еткен зерттеуінде бұл проза үлгілері жанрлық қызметі тұрғысынан, шындыққа қатысы жөнінен, көркемдік сипаты жағынан, айтушы мен тыңдаушыға қатысына қарай, шығу, дүниеге келу мерзіміне байланысты кең ауқымды ғылыми тақырыпты нысана еткен. Өзіне дейінгі зерттеулердегі қиял-ғажайып ертегі, хайуанат жайлы ертегі, тұрмыс-салт ертегі, аңыз деп қолданылып келе жатқан жанрлық бөліністі ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерделей зерттеу нәтижесінде ғалым бұл жүйені жаңа жанрлық атаулармен байытады. Яғни, халықтық прозаны ертегілік проза және ертегіден тыс проза деп үлкен екі топқа бөліп, олардың әркайсысын тағы да ішкі жанрлық түрлерге жіктейді.

Қазақ фольклортануындағы өте күрделі тақырыпқа арналған іргелі еңбек «Казахская несказочная проза» атты монографиясы негізінде

С.Қасқабасов Мәскеуде дүние жүзіне аты белгілі ғалымдар арасында докторлық диссертация қорғап, халық прозасының ертегіден басқа жанрларын алғаш рет ғылыми классификациялап, қазақ мифтерінің, аңыздарының, хикаяттарының жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасап, олардың поэтикалық құрылысын айқындап берді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың дүние жүзіне қазақ қара сөзін танытуда, ұлттың рухани байлығын көрсетуде жазған зерттеулерімен қатар, абыз ақылман, салиқалы маман ретіндегі әрбір сұхбаты ғылыми-мәдени қауымның ойына – ой, пікіріне – пікір қосты.

П.Т. Әуесбаева. Қазақ қара сөзінің қасиетін әлемге танытқан ғалым // С.Қасқабасов және қазақ фольклористикасы. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2015. – 384 б. 161-170 бб.

Академик Сейіт Асқарұлы – қазақ руханиятында елеулі із қалдырған ұлама ғалым. Әсіресе зерттеу барысында ауызша поэзияға басты мән беріліп, қара сөз түріндегі халық прозаның қағыс қалатындығын, шындығына келгенде прозалық фольклор үлгілерінің мол байлығы мен сан-салалы екендігіне алғаш назар аудартқан ғалым. Мен көрнекті ғалымның бұл саладағы барлық көзқарас, ұстанымдарын өзімнің «Қазақ фольклорындағы ауызша әңгіме» дәстүрі атты кандидаттық диссертацияма ғылыми жетекшілік жасаған кезде жан-жақты, терең танылдым. Ең алдымен, Сейіт Асқарұлы маған тақырыптың күрделілігінің себебі, көшпелі дала өміріндегі ауызекі әңгіменің мәні жоғары болғандығы, тіпті өмірінің бір бөлшегі ретінде маңызға айналғандығын түсіндіруі болды. Яғни ол әрбір ауызша айтылған қысқа немесе көлемді әңгіме болсын олардағы қазақы таным мен далалық мінезді табу, оның тұрмыс өзгешелігіне сай өзгеру жағдайларына дейін есте ұстауды қадағалап отырды. Бұрын ауызша әңгімелерге тән оперативтілік пен көлемі жағынан шағындығы басқа прозалық жанрларға қарағанда өзіндік ерекшелігінің басты белгілері болатын. Зерттеу барысында бұл ұғымдарды әрі қарай тереңдету міндеті қойылды. Сондықтан да мен қолжазба қорларындағы әңгіме мәтіндерін ғана емес, кез-келген әңгіме барысын қадағалауға, жазып алуға мән бердім. Маған ауызша әңгіме жанрының зерттелуінің одақтық, ұлттық фольклортанудағы тарихнамасын түгендеу, қазақтың ауызша әңгімесінің ұлттық ерекшелік көрініс табатын өзіне тән жанрлық анықтамасын беру мақсаты қойылды. Қазақ өмірінде ауызша әңгіме маңызды рөл атқарғанымен, әңгімеші тұлғасы жайында пікір

айтылмады. Ең алдымен әңгіме айтушы, әңгімеші тұлғасын терең карастыру жұмыстары жүрді. Сейіт Асқаруллы ауызша әңгіменің даму барысындағы кейіпкерлер жүйесін ажырата білудің қағидаларын түсіндіруі арқылы ел ішіндегі Төле, Қазыбек, Едіге, Тайкелтір, Кәдір, Айдабол, т.б. билер мен Абай, Балуан шолақ, Ақан сері, Қажымұқан, Бауыржан т,б. тарихи тұлғалар жайлы әртүрлі прозалық үлгілердің ішінен ауызша әңгіменің үлгісін саралау, тарихи шындық пен фольклорлық көркемдік шындықтың ауыша әңгімедегі аражігі сараланды. Қазақтың ертегілік және ертегіден тыс прозалық мұрасын ғана емес, қазақ фольклорының өзге де эпикалық түрлері туралы ғылыми сараптаулар жасаған ғалым фольклортану ғылымында шәкірт тәрбиелеу ісінде де өзіндік мектебін қалыптастырған. Сол ғылыми мектептің бір түлегі ретінде ұлама ғалымның ұлағаты, өнеге үлгісі алдағы ғылыми істерімде басты бағдар болады деп ойлаймын. Бұл – менің Ұстаз алдындағы шәкірттік парызым.

П.Т. Әуесбаева. Халық қара сөзінің білгірі // Академик Қасқабасов феномені: ғылыми мектептер, теориялар және тәжірибелер. ҚР ҰҒА академигі С.А. Қасқабасовтың 85 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2025. – 371 б. Б.119-127.

Ертегілердің ішкі жанрлық түрлеріндегі мифтік ойлаудың сілемдері кеңістікті өзімдікі және өзгенікі деп бөліп, бір-біріне қарама-қарсы қоюдан көрінеді. Әсіресе қиял-ғажайып ертегілерінде адамзаттық ұғымдарға қарама-қарсы адамзаттық емес образдардың (дию, албасты, марту, жезтырнақ, шойынқұлақ, жалғыз көзді дәу) мекенінің жіктелісі айқындалады. Бас кейіпкердің қарсыласы көбіне жеті қабат жер астында, я болмаса, мұхиттың жағасында мекен етеді. Ал аспан әлеміне қатысты ұғымдар Алып Бәйтерек, Алып қара құс секілді символдық мәні бар ұғымдармен байланысты мазмұндалады да кейіпкердің жер үстіне шығуының себептері ретінде алынады.

Ертегілердегі кеңістік концепциясында ерте дәуірлердегі өлілер мен тірілер мекені туралы көне түсініктер кеңінен орын алады. Археолог ғалымдар дәлелдеуінше, адамзатты екіге бөліп қарау жоғары полеолитте пайда болған. Көне танымдар бойынша о дүниенің сипаты ғана емес, оның өкілдерінің сипаты бұл дүниеге мүлде кереғар сипатта түсінілген. Бұл – дүние жүзі халықтарының көпшілігіне ортақ түсінік.

П.Т. Әуесбаева. Ертегі поэтикасына тән кейбір заңдылықтар жөнінде. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. № 3 (47). 2007. 62 б.

Шаман-әйел образының жанр табиғатындағы сипаты қазақтың қиял-ғажайып, батырлық ертегілерінде өзгерген күйде көрініс табады. Жалмауыз кемпір кейде мыстан кемпір делінеді, бірақ екеуі мағыналық, қызметтік айырмашылығы бар образдар. Рудың салты мен дәстүрлерін жастарға үйретететін, ауырған балаларды емдейтін, анаеркі кезіндегі әйел әрі рубасы, әрі ақылшы, әрі шешен, әрі балгер, әрі ұстаз болатын. Осының әсерінен ру басындағы әйелдерге әр түрлі қасиеттер таңылған. Тіпті олардың зиянды жын-шайтан, дүлей құбылыстармен күресетін белгісіз бір көмекшілері бар деп сенген, оларға табынған. Осы сенімнің іздері кейінгі көркем фольклорға да ауысқан. Бұл образ бен оған қатысты мотивтердің өзі түрлі даму жолынан өткен.

П.Т. Әуесбаева. Ертегі сюжетіндегі негізгі мотив мәні. Ақиқат №9, 2009. 61-62-б.).



Әлібек Уәлиханұлы БАЙБОЛ,
PhD

Әлібек Уәлиханұлы Байбол – жазушы, әдебисттанушы-ғалым, алаштанушы, сыншы, драматург, аудармашы, эссеист, университет лекторы-ұстазы, республикалық және халықаралық әдеби байқаулардың лауреаты, ғылыми жобалардың жетекшісі, постдокторант, әдеби редактор.

Ол 1987 жылы 3 қарашада Алматы облысы, Кеген ауданы, Жалағаш (бұрынғы Жалаңаш) ауылында туған.

Еңбек жолының негізгі кезеңдері:

2005 жылы Алматы қаласындағы №147 мектеп-гимназиясын тамамдаған соң, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетіне оқуға түседі. 2009 жылы дипломдық жұмысын филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Зейнолла Қабдоловтың публицистикасы бойынша қорғайды. Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ғалия Тілеубергенқызы Майкотова. 2009-2018 жылдары аралығында Қазақстан Жазушылар одағына қарасты республикалық «Қазақ әдебиеті» әдеби, мәдени апталығында тілші боп, кейін сол Басылымның «Мәдениет және сын» бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Сол кездері Қазақстан Жазушылар одағының Төрағасы, драматург, ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұрлан Оразалин, жазушы-драматург, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Сұлтанәлі Балғабаев, жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Жұмабай Шаштайұлы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағына қарасты «Жұлдыз», «Простор», «Сын» журналдары мен «Қазақ әдебиеті» газеттерін біріктірген «Қаламгер-Медиа» орталығының директоры, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары болған Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Парламентінің депутаты Жанарбек Әшімжан, ақын, драматург, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Бақыт Беделханның әдеби мектебінен өтеді.

2016-2018 жылдары аралығында М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының магистратурасында оқып, ойдағыдай қорғап шығады. Диссертация тақырыбы – «Қазіргі қазақ прозасы: жанр және стиль мәселелері». Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор, алаштанушы, әдебиет теоретигі Айгүл Серіккызы Ісімақова. Сонымен қатар, 2017-2018 жылдар аралығында аталмыш Институтта ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. 2018-2021 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Филология және көптілді білім беру институты Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының докторантурасында оқиды. Диссертация тақырыбы – «Современная литература Казахстана и методика его изучения». Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор, әдебиеттанушы-ғалым, поэтолог, мұқағалитанушы Сәуле Жүнісқызы Әбішева. 2022-2023 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері боп еңбек етеді. 2021 жылдан к.к.д. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Филология факультеті Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы қызметінде.

Әлібек Байболға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Кәкен Қамзин, Нұрдәулет Ақыш, Айгүл Ісімақова, Гүлзия Пірәлі, Сағатбек Медеубекұлы, Аманқос Мектеп-тегі, Өмірхан Әбдиманұлы, Ольга Әбішева, Құдайберген Тұрсын, Раушан Әбдіқұлова, Қайрат Сақ, Сағымбай Қозыбаев, Клара Қабылғазина, Айгүл Рамазан, Әлімжан Хамраев, Гүлмира Сұлтанбаева, Жолдасбек Мәмбетов, Гүлжаһан Орда, Жұмашай Рақыш, Шоқан Шортанбай, Нұржан Қуантайұлы, Ғалия Майкотова, Гүлмира Сәулембек, т.б., ал Абай атындағы ҚазҰПУ-да Сәуле Әбішева, Манаткүл Шаяхметова, Зинаида Поляк, Гүлмира Қажығалиева, Людмила Сафронова, Айымгүл Қазкенова, т.б. белгілі ғалымдар, білікті мамандар дәріс оқыған, ұстаздық қылған. 2025 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетіне қарасты «Жас ғалым» жобасын ұтып, постдокторантураға түседі (2025-2027 ж.). Ғылыми кеңесшісі – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, PhD, қауымдастырылған профессор, әдебиеттанушы-ғалым, Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты (Калифорния университеті, Дэвис қ., АҚШ) Жаңагүл Шыңғысханқызы Сәмет. Тақырыбы – AP25793927 «Орта Азия әдебиетіндегі түркілік таным және ұлттық код».

Әлібек Байбол «Ай-Кітап» электронды кітапханасының 2016 жылғы қорытындысы бойынша «Ең көп оқылған жас жазушы» (20.000 оқырман) атанды. 2017 жылы «ТҮРКСОЙ» ұйымының ұйымдастыруымен өткен Халықаралық Түркітектес халықтары жас ақын-жазушыларының форумына (Түркия, Ыстамбұл қ.), 2018 жылдың мамыр айында өткен «Жетісу көктемі» атты I жас ақын-жазушылардың

форумына, сол жылдың маусым айында Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Балалар әлемі: кітаптан өмірлік мұратқа» атты Балалар жазушыларының Халықаралық форумына, 2019 жылы Түркістанда өткен Халықаралық балалар әдебиетінің марафонына қатысты. Ал, 2019 жылы Қазақстан Республикасының Президенті – Қ. К. Тоқаевтың қызметіне ресми түрде кірісуіне арналған салтанатты іс-шараға шақыртылды (инаугурация).

Ол білімін жетілдіру мақсатында Өзбекстан (Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті, Ташкент қ., 2016 ж.), Қырғызстан («Манас» Қырғыз-Түрік университеті, Бішкек, 2017 ж.), Ресей (М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу, 2017 ж., Патрис Лумумба атындағы РХДУ, Мәскеу, 2021 ж., Псков мемлекеттік университеті, Псков қ., 2023 ж., Санкт-Петербург мемлекеттік экономикалық университеті, 2023 ж.), Түркия (Эгей университеті, Измир қ., 2023 ж.), Польша (Лодьз университеті, 2023 ж.), Малайзия (Малай ұлттық университеті, Куала-Лумпур қ., 2024) университеттерінде тағылымдамадан өткен.

Әлібек Байболдың жетекшілігімен «Біз – Тәуелсіз Қазақстанның жастары» атты республикалық студенттер форумы аясында өткен «AtamekenStarTUP: Ұлы дала рухының жаңғырығы» тақырыбындағы бизнес-жобалар байқауына қатысып, жүлделі III-орын алғаны үшін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Тұран» ұжымы марапатталды (Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы ректоры м.а. Ш. А. Амирбеков мөрімен, 22 қазан, 2021 ж.).

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары:

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті; әдебиет теориясы, әдебиет сыны, әдебиет тарихы, драматургия, проза генезисі, әдебиеттегі отарсыздандыру мәселелері, ұлттық код, түркілік мотивтер, мифология, әлем әдебиеті, алаштану, желілік әдебиет (сетература), т.б. Жалпы жұмыс өтілі – 17 ж., ғылыми-педагогикалық өтілі – 7 ж.

ҚР ҒЖБМ ҒК аясында атқарған жобалары:

1) «Жас ғалым», 2025-2027 ж., AP25793927 – «Орта Азия әдебиетіндегі түркілік таным және ұлттық код» (Саметова Ж.Ш.);

2) Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының гранты, 2019-2020 ж., «Қазіргі Қазақстан әдебиетіндегі интермедиалды кеңістік» (Сабирова Д.А., Серикова С.К.);

3) AP05132868 – «Терминологический словарь казахской фольклористики: инновационные подходы и новые направления», 2018-2020 г., Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова;

4) AP13067661 – «Интернет-литература Казахстана: основные художественные тенденции», 2022-2024 г., (Абишева, С.Д., Сабирова Д.А., Саметова Ж. Ш., Молдағали М.Б., Нурбаева А.М., Умарова А.Б.);

5) AP13067896 – «Орта Азия әдебиеті: постколониалды эстетика және әдеби байланыстар», 2022-2024 ж., М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты;

6) AP23489915 – «Трансмедиальная и художественная репрезентация образа Казахстана в современной мировой культуре», 2024-2026 г., (Абишева С.Д., Хавайдарова М.М., Сабирова Д.А., Серикова С.К., Атембаева Г.А., Молдағали М. Б.).

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі аясында атқарған жобалары:

1) «Тарихи-әдеби өлкетануды дамыту», 2019-2020 ж.;

2) «Алматы қаласының тарихи жады. Бабаларға тағзым», 2021-2023 ж.;

3) «ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зерттеу жұмыстары»: «Қазақстан мен Грузия арасындағы 1930-1938 жылдар аралығындағы әдеби-мәдени байланыстар», 2024-2025 ж.

Ғылыми еңбектері: Әлібек Байбол – 80-ге тарта ғылыми, ғылыми-танымдық, публицистикалық материалдардың, зерттеулердің авторы. Соның бірнешеуін атап өтсек:

1. Abisheva, S. D., Sabirova, D. A., Serikova, S. K., Baishukurova, G. Z., Baibolov, A.U. (2020). Reception «Requiem» VA Mozart in the poem by M. Makatayev «Mozart. Requiem». Процентиль 45. Q3. Talent Development & Excellence, 12(1), 14-25.

2. Aigul Onalbayeva, Gulnur Baishukurova, Akerke Irgebayeva, Asel Kozhakhmetova, Aizhan Nussupbekova, Baibolov Alibek. Процентиль 40. Q3. Research Article Verbalization of the Concept Family in the Content of School Textbooks on Russian Language and Literature. REVIEW OF INTERNATIONAL GEOGRAPHICAL EDUCATION. ISSN: 2146-0353 © RIGEO 11(5), SPRING, 2021. – P. 4450-4456. https://rigeo.org/menu-script/index.php/rigeo/article/view/1516

3. Aida. N., Samal. S., Lelya. B., Feruza. S., Gulnara. A., Alibek. B. Процентиль 45. Q2. (2022). Teachers' views on the methodology of teaching Internet literature. Cypriot Journal of Educational Science. 17 (8), 2946-2959. https://doi.org/10.18844/cjes.v17i8.7911

4. Baibolov Alibek, Aliyeva Zhanat, Seisenbiyeva Eleonora, Sadykova Roza. Процентиль 50. Q3. VALUABLE STUDY OF THE NATIONAL WORLD PICTURE 0F NARRATIVES IN MODERN LITERATURE. AD ALTA. Journal of interdisciplinary research, 2024. https://doi.org/10.26577/ejph.2022.v187.i3.016 1-4 p.

5. Sabirova D. A., Nurbaeva A. M., Sametova Zh. Sh., Baibolov A. U., Moldagali M. B. Процентиль 60. Q2. Artistic features of Lydia Kossutskaya's prose for children (based on the material of the Kazakh literary online magazine Daktil) / Journal of Ecohumanism, 2024 3(3), 1511-1516. https://doi.org/10.62754/joe.v3i3.3616

6. S. Serikova, G. Atembayeva, A. Baibolov. Процентиль 50. Q3. Study of Transmedial and Artistic Representation of the Image of Kazakhstan in Modern Scientific Literature. SEEJPH Volume XXVI, S2, 2025, ISBN 2197-5248, Posted 03-02-2025. https://doi.org/10.70135/seejph.vi.4292

7. Серикова С. К., Сабирова Д. А. Байболов А. У. Литература как фактор воспитания личности. Международный научный журнал. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Наука и жизнь Казахстана. Science and life of Kazakhstan №10/1 2019. – Алматы. – 153-160 с. https://auezov.edu.kz/um/media/attachments/2024/12/21/10_1-20191.pdf

8. Baybolov A., Sabirova D., Serikova S. READING PROBLEMS AND INTERNET. №33, 2019 Slovak international scientific journal VOL.2. – 36. READING AS A SOCIAL AND PSYCHOLOGICAL PHENOMENON. VOL 1, No 35, (2019) Scientific discussion (Praha, Czech Republic) ISSN 3041-4245. – 18.

9. Alibek Baibolov, Saule Abisheva, Akhlima Saparova, Zhanakul Sametova, Dina Sabirova, Yeldos Toktarbay. Процентиль 79. Q1. National Code in the Literature of Kazakhstan and Central Asia. QUBAHAN ACADEMIC JOURNAL. VOL 5, NO. 3, September 2025. С. 547-558. https://doi.org/10.48161/qaj.v5n3a2103

10. Сабирова Д. А., Байболов А. У. Интермедиальность как предмет научных исследований. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки». – №3 (69), 2019 г. – Алматы. – 224-229 с. https://bulletin-philology.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/26/40

11. Сабирова Д. А., Байболов А. У. Интертекстуальность и ее функции в художественном тексте. Вестник КазНПУ им Абая. Серия филологическая. – Алматы, 2019. – № 4 (50). С. 70-72. https://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20200121011257.pdf

12. Байболов А. У. Вопросы национального кода в рассказах Бахытжана Канапьянова. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филология». №1(75), 2021 г. – С. 209-214. https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.35

13. Байболов А. У. Сұлтан Раев драмаларындағы постколониалды эстетика. Ясауи хабаршысы. Филология сериясы. – Түркістан, 2023. – № 4 (76). 204-207 б. https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.10

14. Серикова С. К., Байболов А. У. Қазақстан бейнесінің трансмедиалды және көркемдік көрінісін зерттеудің теориялық негіздері. Margulan university. Тіл және әдебиет: Теориясы мен

тәжірибесі. – Павлодар, 2025. – Том 4, № 3. 96-107 б. DOI: https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-3-96-107

15. Sabirova D., Serikova S., Baibolov A. Reading as a social and psychological phenomenon. VOL 1, No 35, (2019) Scientific discussion (Praha, Czech Republic) ISSN 3041-4245. – P. 18-20.

16. Sabirova D, Baibolov. The specificity of the chronotope in modern prose in Kazakhstan. MINISTRY OF FOREIGN AFFAIRS OF TURKMENISTAN. MINISTRY OF EDUCATION OF TURKMENISTAN. ACADEMY OF SCIENCES OF TURKMENISTAN. MUHAMMET BAYRAM HAN-THE-TURKMEN AND TRADITIONS OF HUMANISM, PATRIOTISM AND COURAGE OF THE TURKMEN PEOPLE. International Forum. – Ashgabat, 2021. – 155-164 c.

17. Байболов А. У. Национальные образы мира в прозе Бахытжана Канапьянова. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего образования «РОССИЙСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ДРУЖБЫ НАРОДОВ». НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОБРАЗЫ МИРА В ЗЕРКАЛЕ РУССКОГО ЯЗЫКА. Сборник статей молодых исследователей. – Москва, 2021. Российский университет дружбы народов. – С. 26-34.

18. Байболов А. У. Национально-культурный код и литература Казахстана. – Министерство просвещения Российской Федерации Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Уральский государственный педагогический университет» Институт филологии и межкультурной коммуникации. Актуальные проблемы филологии. Материалы международной научно-практической конференции молодых ученых. – Екатеринбург, 2021. – Выпуск 22. – С. 28-37.

19. Байболов А. У. Национальный код в произведениях Абая. Международная научно-практическая онлайн конференция. «Духовное наследие аль-Фараби и Абая: место и актуальность в современной цивилизации». – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – С. 21-29.

20. Байболов А. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби әлемі. «Торайгыроведение и проблемы современной филологии»: материалы республиканской научно-практической конференции, посвященной 130-летию со дня рождения Султанмахмута Торайгырова. – Алматы: Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, 2023. – С. 102-108.

21. Байболов А. Кемел Тоқаев шығармаларының көркемдік ерекшеліктері. Кемел Тоқаев және ұлттық әдебиеттегі детектив жанры: республикалық, ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: 2023. – 116-124 б.

22. Байболов А. У. Национальный код в рассказах Б. Канапиянова. X Международная научно-теоретическая конференция «Проблемы

поэтики и стиховедения», посвященная 100-летию со дня рождения ветерана Великой Отечественной войны, писателя, ученого, педагога Адибаева Хасена Адибаевича. – 23-25 мая, 2024 г.

Монографиялары және зерттеулері:

1. Байбол Ә., Тоқтарбай Е. Қазіргі қазақ прозасы: жанр мен стиль мәселелері. Монография. – «Асыл мұра» баспасы, Алматы, 2022 ж. – 200 б. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ә. Бөкейхан Алаш ғылыми-зерттеу институты Ғылыми кеңесінің шешімімен шыққан (№7 – ҒК, 21.05.2022 ж.).

2. Байбол А., Тоқтарбай Е. «Алтайский текст» в русской и казахской литературах. Монография. – Алматы: Издательство «Qyr balasy», 2023 г. – 120 с. Рекомендовано Ученым советом НИИ Абая при КазНУ им. аль-Фараби.

3. Интернет-литература Казахстана: основные художественные тенденции. Коллективная монография. Сабирова Д. А., Молдағали М. Б., Адибаева Ш. Т., Нурбаева А. М., Саметова Ж. Ш., Байболов А. У., Умарова А. Б., Сабирова Р. С., Сусузова А. А. – Алматы: «AQQALAM», 2024. – 256 с. Рекомендовано советом филологического факультета КазНПУ им. Абая. Протокол №1 от 25.09.2024 г.

4. Тоқтарбай Е., Байбол Ә. Ұлттық әдебиет мұраты. Әдеби зерттеулер. – Алматы: «ATA Creative Hub» баспасы, 2024 жыл. – 268 бет.

5. Орталық Азия әдебиеті: постотарлық эстетика және әдеби байланыстар (ұжымдық монография) / жауапты редактор А.М. Ахметова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2024. – 600 бет. ҚР ҒЖБМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі басуға ұсынған.

6. І. Жансүгіруұлы. Жаңадан табылған шығармалар / Құраст.: Е. Тоқтарбай, Ә. Байбол. – Алматы: «ATA Creative Hub» баспасы, 2024. – 308 бет. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты Ғылыми кеңесінің шешімімен шыққан. Хаттама №21, 30.05.2024 ж.

7. Қаныш Сәтбаев феномені. Өмірі, қызметі туралы беймәлім деректер. Ұжымдық монография. Байбол Ә., Біләл Е., Абайхан Ж. – Алматы: «Qyr balasy» ҚҚ, 2024 ж. – 216 бет.

8. Бөкен Г., Байбол Ә. Мұхамедсәлім Кәшімұлы шығармашылығы және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ағартушылық идея. Монография. – Алматы: «ЛАНТАР BOOKS», 2025 ж. – 160 бет. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ҒЗИ Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған (№12 хаттама, 10.05.2025 ж.).

9. Ә-С. Әліәкбар, Е. Тоқтарбай, Ә. Байбол, Е. Омарғалиев. Web аудармашы курсы (Freelancer тәржімашы). – 2024 ж. – 264 б.

10. Дәркембайұлы А., Байбол Ә. Алашқа аты мәшһүр Дәркембай ұста. – «БалаусаPrint» баспасы, 2026. – 248 б.

Аудармалары:

1. Әділ қазы. Әлем халықтарының ертегілері және аңыз-әпсаналары. Аударған: Әлібек БАЙБОЛ. – Алматы: КІТАР баспасы, 2025. – 56 б.

2. Әлібек БАЙБОЛ. Құбыжық. Әлем драматургиясы – I. – Алматы: КІТАР баспасы, 2025. – 242 б. Мариус фон МАЙЕНБУРГ. Құбыжық; Валентин КРАСНОГОРОВ. Мінсіз отбасы; Гарольд ПИНТЕР. Әліптеме; Кобо АБЭ. Таяқ; Нил САЙМОН. Әумесерлер; Родион БЕЛЕЦКИЙ. Жалындаған жастық шақ.

3. Әлібек БАЙБОЛ. Туған күн. Әлем драматургиясы – II. – Алматы: КІТАР баспасы, 2025. – 225 б. Рэй КУНИ. Туған күн; Сэмюэл БЕККЕТ. Огайо стиліндегі экспромт; Славомир МРОЖЕК. Теңізде; Сомерсет МОЭМ. Сұлу мен отбасы; Теннесси УИЛЬЯМС. Айтулы ойын; Василий ШУКШИН. Адамның өмірі.

Құрастырған кітаптар:

1. Дала перзенттері. Балаларға арналған танымдық әдебиет. Құрастырған: Ә. Байбол. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2021. Нұрмолда Алдабергенов. Зылиха Тамшыбаева. Кітап Алматы облысы әкімдігі және Облыстық Ішкі саясат басқармасы қолдауымен өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің бастамасымен жарық көрді. Жоба жетекшісі: ақын, жазушы, баспагер, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Арасанбай Естенов. – 24 бет.

2. Қос өнердің шеберлері. Балаларға арналған танымдық әдебиет. Құрастырған: Ә. Байбол. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2021. Есенқұл Жақыпбек. Дәулет Шоқпаров. Кітап Алматы облысы әкімдігі және Облыстық Ішкі саясат басқармасы қолдауымен өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің бастамасымен жарық көрді. Жоба жетекшісі: ақын, жазушы, баспагер, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Арасанбай Естенов. – 24 бет.

3. Қоғам қайраткерлері. Балаларға арналған танымдық әдебиет. Құрастырған: Ә. Байбол. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2021. Дінмұхамед Қонаев. Әнуар Әлімжанов. Кітап Алматы облысы әкімдігі және Облыстық Ішкі саясат басқармасы қолдауымен өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің бастамасымен жарық көрді. Жоба жетекшісі: ақын, жазушы, баспагер, Халықаралық «Алаш» әдеби

сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Арасанбай Естенов. – 24 бет.

4. Өлең сөздің патшасы. Балаларға арналған танымдық әдебиет. Құрастырған: Ә. Байбол. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2021. Мұқағали Мақатаев. Тұманбай Молдағалиев. Кітап Алматы облысы әкімдігі және Облыстық Ішкі саясат басқармасы қолдауымен өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің бастамасымен жарық көрді. Жоба жетекшісі: ақын, жазушы, баспагер, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Арасанбай Естенов. – 24 бет.

5. Орбұлақ. Үйгентас. Балаларға арналған танымдық әдебиет. Құрастырған: Ә. Байбол. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2021. Кітап Алматы облысы әкімдігі және Облыстық Ішкі саясат басқармасы қолдауымен өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің бастамасымен жарық көрді. Жоба жетекшісі: ақын, жазушы, баспагер, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Арасанбай Естенов. – 24 бет.

6. Құлыншақ. Антология. I том. Құрастырғандар: З. Кәрімхан, Ұ. Сәйдірахманұлы. – Нұр-Сұлтан: Dosmedia, 2021. – 200 б. Идея авторы, жоба жетекшісі: Елдос Тоқтарбай, балалар жазушысы, ҚР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты. Шығармашылық топ: А. Сырғабай, Ә. Байбол, Д. Ихсан, Е. Нұрахмет. Кітап Алматы облысының әкімі А. Ғ. Баталовтың қолдауымен «Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» аясында арнайы шығарылды.

7. Құлыншақ. Антология. II том. Құрастырғандар: З. Кәрімхан, Ұ. Сәйдірахманұлы. – Нұр-Сұлтан: Dosmedia, 2021. – 248 б. Идея авторы, жоба жетекшісі: Елдос Тоқтарбай, балалар жазушысы, ҚР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты. Шығармашылық топ: А. Сырғабай, Ә. Байбол, Д. Ихсан, Е. Нұрахмет. Кітап Алматы облысының әкімі А. Ғ. Баталовтың қолдауымен «Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» аясында арнайы шығарылды.

8. Мұстафаұлы С. Имам Ғазали: шығармалары мен естеліктер жинағы. Жалпы ред. басқ. Е. Тоқтарбай; құраст., басп. дайынд., алғы сөзін жазғ.: З. Кәрімхан, Ә. Байбол. – Нұр-Сұлтан: 2021. «Алаш кітапханасы» сериясы. «Qyr balasy» қоғамдық қоры Ә. Бөкейхан Алаш ҒЗИ Ғылыми кеңесінің мақұлдауымен шықты. – 193 б.

9. Байғабылұлы Қ. Алаш қонған ақбоз үй: шығармалары мен естеліктер жинағы / Құраст.: Ә. Байбол, Е. Біләл, С. Айыпжан. Жауапты ред. Е. Тоқтарбай. – Алматы: Qyr balasy, 2023. «Алаш кітапханасы»

сериясы. «Qyr balasy» қоғамдық қоры Ә. Бөкейхан Алаш ҒЗИ Ғылыми кеңесінің мақұлдауымен шықты. – 256 б.

10. Ұлтты оятқан ұлы сөз / Халел Досмұхамедұлының асыл сөздері. – Алматы: Qyr balasy ҚҚ, 2024. – 120 б. Кітапты баспаға дайындағандар: Әлібек Байбол, Ерден Нұрахмет, Бөпежан Қайырбекқызы. Жауапты редакторы: алаштанушы Ұшқын Сәйдірахманұлы. Иллюстрация авторы және кітапты беттеп, көркем безендірген: Назерке Болатқызы.

11. Бейсебай. Көрнекті балалар қаламгері, ақын, жазушы-сатирик, көсемсөзші, редактор Бейсебай Кірісбайұлының әдеби-көркем мұрасы жайындағы портреттік мақалалар мен естеліктер / Құраст.: С. Әлдибайұлы, Ә. Байбол. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2025 ж. – 136 б. «Балалар әдебиетінің бағбандары» сериясы аясындағы жинақты Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті жанрлық кеңесі ұсынған.

12. Нұрдәулет. Қазақтың көрнекті жазушысы, әдебиеттанушы-ғалым Нұрдәулет Ақыштың шығармашылығы туралы портреттік мақалалар / Құраст.: Жаңагүл Саметова, Әлібек Байбол. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2025 ж. – 336 б. «Балалар әдебиетінің бағбандары» сериясы аясындағы жинақты Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті жанрлық кеңесі ұсынған.

Әдеби-көркем бағытындағы кітаптары:

1. Байбол Ә. Теміржол вокзалы: Проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды. – 320 бет.

2. Уалиханұлы Ә. Құлдар патшалығы. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды. – 192 бет.

3. Байбол Ә. Ой ұшқындары: Проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2015. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша жарық көрді. – 136 бет.

4. Байбол Ә. Ғинаят. Пьесалар, аудармалар, сыни мақалалар, портреттік эсселер мен толғаныстар / Жауапты редакторы: Елдос Тоқтарбай. – Алматы: «Abai» baspasy, 2021. «Тәуелсіздік сөзі» сериясы аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен жарық көрді. – 312 бет.

5. Байбол Ә. Төребай Ескожаұлы. – Алматы: «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ, 2021. – 220 бет.

6. Байбол Ә. Бәйшешек. «Балалар кітапханасы» топтамасы. Жетекшісі: педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, методист-ғалым Б. Қ. Игенбаева. – Астана: «Arman-PV baspasy», 2024. – 20 бет.

7. Байбол Ә. Мұтылған. Роман. – Алматы: Alqa Publishing, 2024. – 232 бет.

8. Байбол Ә. Ясыны іздеу. Драмалар. – Алматы: КІТАР баспасы, 2025. – 329 бет.

9. Байбол Ә. Сенім. Сыни мақалалар, әдеби портреттер, эсселер, зерттеулер, пьесалар мен аудармалар. – Алматы: КІТАР баспасы, 2025. – 333 бет.

10. Байбол Ә. Оралу. Сыни мақалалар, әдеби портреттер, эсселер, зерттеулер, пьесалар мен аудармалар, 2025. – Алматы: КІТАР баспасы, 2025. – 313 бет.

11. Байбол Ә. Тифлистегі қаламгерлер тағдыры (Қазақстан мен Грузияның әдеби-мәдени байланыстары хақындағы миниатюралық-хроникалық эсселер, 1930-1938 ж.). – Алматы: «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ, 2025. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зерттеу жұмыстары» бағыты бойынша стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көрді. – 296 б.

12. Байбол Ә. Сұлтанмахмұт Торайғыров кім? – Алматы: «Мазмұндама баспасы», 2025. – 84 бет.

Әлібек Байболдың редакторлығымен жарық көрген кітаптар:

1. Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия. 1-том. Шығармашылығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. Жауапты редакторы: Ғарифолла ӘНЕС, филология ғылымдарының докторы. Кітапты «Арыс» қорының «Энциклопедиялық басылымдар» бөлімінің жұмысшы тобы (жетекшісі: Т. Алпысбаев) дайындады. Сарапшысы: жас жазушы, сыншы Ә. Байбол. – 800 бет.

2. Тоқтарбай Е. Барлыбек Сырттанұлы. Балалар мен жасөспірімдерге арналған тарихи-деректі баян. – «Баянжүрек» баспасы, 2022. Жауапты редакторы: Әлібек БАЙБОЛ, жазушы-драматург, сыншы-зерттеуші, әдебиеттанушы-ғалым, PhD докторант, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. – 24 бет.

3. С. Б. Алашинский. (Алаш қайраткері Барлыбек Сырттанұлына арналған әдеби шығармалар мен естеліктер топтамасы) / Құраст.: Е. Тоқтарбай. – Алматы: ATA Creative Hub, 2024. Ә. Бөкейхан Алаш ғылыми-зерттеу институты Ғылыми кеңесінің шешімімен жарық көрді.

Жауапты редакторы: жазушы-драматург, сыншы, әдебиеттанушы-ғалым, PhD докторант Әлібек БАЙБОЛ. – 220 б.

4. Сәуле Досжан. «Маймақ қаз». Әңгімелер. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2025. Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті жанрлық кеңесі «Балалар кітапханасы» сериясымен жарық көрді. Редакторы: Әлібек Байбол. – 88 бет.

5. Толқын Ақанұлы. Балам, саған айтамын! Балаларға арналған тақпақтар мен өлеңдер. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2026. Әдеби редакторы: Әлібек Байбол. – 128 бет.

6. Айдабосын Е. Бүкір. Роман. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2026. Әдеби редакторы: Әлібек Байбол. – 240 бет.

Әлібек Байболдың шығармалары, ғылыми материалдары және өзі туралы деректер енген жинақтар:

1. Казахстан – Россия. Литературный альманах. – Алматы: Изд-во «Жибек жолы», 2015. – 464 с. + 8 с. ил.

2. ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫ: Анықтамалық. – Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2019. – 600 бет.

3. Қазақстан – Беларусь: Әдеби альманах. – Казахстан – Беларусь: Литературный альманах. – Алматы: «Жібек жолы» Баспа үйі, 2020. – 512 б. + 16 қос.

4. «Рахымжан Отарбаев шығармашылығы – дәстүр мен жаңашылдық» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. – Атырау, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. – 12-қараша, 2021 ж.

5. «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС. Шытырман. Детектив шығармалар жинағы. Әңгімелер. – «Принт плюс» баспасы, 2022 ж. – 384 бет.

6. Балалар әңгімелерінің антологиясы. Құрастырғандар: Кәдірбек СЕГІЗБАЙҰЛЫ, Серік Әкірамұлы ҚАЛИЕВ. – Алматы: «Атамұра», 2022. – 328 бет.

7. Ақыш Н. Қазақ балалар әдебиетінің тарихы. Екітомдық. Т.2. – Алматы: «Evo Press» баспасы, 2022 ж. – 348 бет.

8. Канапьянов Б. Өнегелі өмір / Под. ред. Г. М. Мутанова. – Алматы: Akadem kitap, 2022. В. 225. Рекомендовано к печати решением Редакционно-издательского совета Национальной академии наук Высшей школы Казахстана. – 434 с., рис.

9. Шұғылалы әңгімелер. – Алматы, Steppe&World, 2023. – 222 бет.

10. Қадырбай С. (1885-1938). Ақы заңы: шығармалар жинағы / Жауапты ред. З. Кәрімхан; құраст. Е. Тоқтарбай. «Алаш кітапханасы» сериясы. – Астана: Qyr balasy, 2023. – 406 б.

11. История в лицах и судьбах: выдающиеся филологи Abai University. Биобиблиографический словарь / Составители Абишева С. Д., Хавайдарова М. М., Сабирова Д. А., Абаева М. К., Садық Д. А. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2024. – 284 с. Издание осуществлено за счет интеграционного проекта по гранту ректора КазНПУ имени Абая (приказ № 05-04 / 368 от 24.05.2024 г.). Рекомендовано Ученым советом факультета филологии КазНПУ имени Абая (протокол № 4 от 18.12.2024 г.).

12. Өтепберген. Қазақтың көрнекті балалар ақыны, заңтанушы, қоғам қайраткері Өтепберген Ақыпбекұлының азаматтық-қайраткерлік, қаламгерлік болмысы туралы естеліктер. / Құраст.: Елдос Тоқтарбай. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2025. Кітап Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы жанындағы Балалар әдебиеті кеңесі Балалар жазушылары қауымдастығының шешімімен ұсынылды. – 216 бет.

13. Д. Әшімханұлының 75 жылдық мерейтойына арналған «Ұлттық рух жыршысы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (баяндама). – Өскемен, 2025. – 84 бет.

14. Тоқаш. Қазақтың көрнекті ақыны, жазушы, майдангер Тоқаш Бердияровтың азаматтық-қаламгерлік болмысы туралы естеліктер / Құраст.: Болат Шарахымбай. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2025. Кітап Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы жанындағы Балалар әдебиеті кеңесі Балалар жазушылары қауымдастығының шешімімен ұсынылды. – 216 бет.

15. Нұрдәулет. Қазақтың көрнекті жазушысы, әдебиеттанушы-ғалым Нұрдәулет Ақыштың шығармашылығы туралы портреттік мақалалар / Құраст.: Жанағүл Саметова, Әлібек Байбол. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2025. Кітап Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы жанындағы Балалар әдебиеті кеңесі Балалар жазушылары қауымдастығының шешімімен ұсынылды. – 336 бет.

16. KARDEŞ KALPLERIN HARITASI. ÇAĞDAŞ KAZAK ÇOCUK EDEBIYATINDAN SEÇMELER. Editör / Faizulla TOLTAY – Prof. Dr. Nergis Biray. Düzelti / Samet Önder – Melike Önder. İç Düzen & Kapak Tasarim / Yücel Devrim ARIK. Baski / Bizim Büro Basimevi Yayin ve Dağitim. Hizmetleri San. ve Tic. Ltd. Şti. Altindağ / Ankara. Sertifika No: 42488. ISBN / 978-625-95696-8-0. – 2025.

17. Менің Қожанасырым... Естеліктер. Құрастырған – Анар Еркебай. – Алматы: «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ, 2025. – 280 бет.

18. ПАНДЕМИЯ ДУРБӨЛӨҢҮ. Казак жазуучуларынын аңгемелери. «Түрк элдер адабияты» сериясы. – Б.: «Таалим», 2025. – 305 б.

19. Baibolov A., Toktarbay Y. ÇOCUK EDEBİYATI ARACILIĞIYLA ÇOCUĞUN YAŞAM YÖNELİMİ (VİZYON) OLUŞTURMA *(Çağdaş*

Kazak Çocuk Edebiyatı Örneğinde). Ekim 2025 Gaziantep/TÜRKİYE. 12. ULUSLARARASI. ÇOCUK VE GENÇLİK EDEBİYATI SEMPOZYUMU. «Çocuk, Aile ve Çocuk Edebiyatı / Çocuk Edebiyatında Aile». Editörler: Prof. Dr. Vafa SAVAŞKAN - Dr. Öğr. Üyesi Tacettin ŞİMŞEK - Bican Veysel YILDIZ. İngilizce Tercüme: Merve YILDIZ - Eyyüp ALTINIŞIK. Rusça Tercüme: Prof. Dr. Liailia MİNGAZOVA. Görsel Tasarım: Prof. Dr. Vafa SAVAŞKAN - Sultan GÜNER. ISBN: 978-625-92825-0-3. – 249 sayfa.

20. Ерекше балаларға арналған әдеби терапия. Хрестоматия. / Құрастырған: Уәлиханқызы Райхан. – ATA Creative Hub баспасы, 2026. – 80 бет. Кітап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттық жобасы негізінде («Мәдениет» бағыты) жазылған. Жалпы редакциясын басқарған: Елдос Тоқтарбай. Рецензент: Шебер педагог, Ы. Алтынсарин төсбелгісінің иегері Айкүміс Бесірова.

Әлібек Байболдың драматургия жанрындағы жаңалықтары:

1. 2016 жылы ол тәржімалаған испан драмашысы, ақыны Г. Лорканың «Бернарда Альбаның үйі» және Нобель сыйлығының лауреаты, ағылшын драмашысы Дж. Голсуорсидің «Үлкен ұл» шығармасы Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында сахналанған (Алматы қ.). Режиссері – Талғат Көбеков.

2. 2017 жылы «Гүлдің аты – Махаббат» драмасы М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры ұйымдастырған республикалық Жас драматургтер байқауында 50 шығарманың ішінен үздік бестікке енген.

3. 2018 жылы «Әріптер әлеміне саяхат» ертегісі Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында сахналанған (Алматы қ.). Режиссері – Сағызбай Қарабалин.

4. Ағылшын драмашысы Рэй Кунидің комедиясын аударып, ол 2018 жылы «Туған күн» деген атаумен Қ. Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында қойылған (Астана қ.). Режиссері – Болат Ұзақов.

5. 2019 жылы «Жеті ойыншықтың жеңісі» ертегісі Ж. Аймауытов атындағы Қазақ музыкалық драма театрында сахналанған (Павлодар қ.). Режиссері – Әділет Ақан.

6. 2020 жылы «Екеу...» драмасының онлайн-оқылымы өтті. Режиссері – Айдын Салбан.

7. 2021 жылы Нил Саймонның «Әумесерлер» пьесасын аударып, ол Шымкент қалалық әзіл-сықақ және сатира театрында қойылды (Шымкент қ.). Режиссері – Фархадбек Қанафин.

8. 2023 жылы Әлібек Байбол мен Елдос Тоқтарбай аударған Василий Шукшиннің «Ауыл әңгімелері» Райымбек Сейтметов

атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театрында сахналанған (Түркістан қ.). Режиссері – Фархадбек Қанафин.

9. 2023 жылы Родион Белецкийдің комедиясы «KEKIS» атауымен «Жас сахна» театрында қойылды (Алматы қ.). Режиссері – Данияр Базарқұлов.

10. 2023 жылы «Қанағаттандырылмағандықтарыңыздан» комедиясы «JOL THEATRE» сахналанған (Алматы қ.). Режиссері – Данияр Базарқұлов.

11. 2024 жылы «Чемпион» драмасы Мемлекеттік қуыршақ театрында қойылды (Алматы қ.). Режиссері – Оразәлі Ақжарқын-Сәрсенбек.

12. 2024 жылы «Таптым-ау, сені!» лирикалық драмасы Бикен Римова атындағы Талдықорған академиялық драма театрында сахналанды (Талдықорған қ.). Режиссері – Рамазан Үсен.

13. 2024 жылдың 9-10 сәуір күндері аралығында, I Камералық спектакльдер шеруі аясында «Үзілген үміт» психологиялық драмасы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында қойылды. Режиссері – Ақылбек Хамитов.

14. 2025 жылы «Аңсар» драмасы Махамбет атындағы академиялық Қазақ драма театрында сахналанды (Атырау қ.). Режиссері – Ақылбек Хамитов.

15. 2025 жылы Сәкен Сыбанбайдың «Ғаламтордағы махаббат» әңгімесін Әлібек Байбол, Ақлима Сапар, Сағадат Ордашева сахнаға лайықтап, ол «Д. Қонаев атындағы Жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» КММ «Уақыт» балалар театрында қойылды (Ақтөбе қ.). Режиссері – Фархад Шынтеміров.

16. 2026 жылы Рэй Кунидің «Әзәзіл ақша» комедиясының аудармасы «Hello, Barcelona!» деген атаумен Бикен Римова атындағы Талдықорған академиялық драма театрында сахналанған (Талдықорған қ.). Режиссері – Ұлан Ахметов.

Әлібек Байболдың қоғамдық және ғылыми ұйымдарда мүшелігі:

1. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (Мүшелік билет №01315, «09» желтоқсан, 2019 ж.);

2. Қазақстан авторлар қоғамының мүшесі (Мүшелік куәлік №192, «2» қыркүйек, 2020 ж.);

3. «Senimen bolashaq» РҚБ Сараптама кеңесінің мүшесі (2020-2024 ж.);

4. «Qyr balasy» қоғамдық қорының мүшесі (2021 ж.);

5. «Qyr balasy» қоғамдық қоры Ә. Бөкейхан Алаш ҒЗИ «Алаш кітапханасы» сериясы Ақылдастар алқасының мүшесі (2022 ж.);

6. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Жас ғалымдар кеңесі Төрағасының орынбасары (Коллаборация комитеті, 2020-2026 ж.);

7. «JANR» Жетісу жас ақын-жазушылары клубының мүшесі (2023 ж.);

8. ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Жас ғалымдар кеңесінің мүшесі (ҚР ҰҒА, Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт, 2024 ж.);

9. ҚР Ұлттық құндылықтар академиясының мүшесі (2024 ж.) және қауымдастырылған мүшесі (28 қазан, 2025 ж.);

10. Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы жанындағы Балалар әдебиеті кеңесінің Хатшысы (2024-2026 ж.);

11. Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы жанындағы республикалық Жас қаламгерлер кеңесінің мүшесі (2024-2026 ж.);

12. Балалар жазушыларының қауымдастығы «Балалар әдебиетінің бағбандары» (2025 ж.), «Балалар кітапханасы» сериясының Редациялық кеңес мүшесі (2025 ж.);

13. Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Өнертану» факультеті «Кинотеледраматургия» бағыты бойынша бакалавриатқа грант иегерлерін іріктеу Комиссиясының мүшесі (2025 ж.);

14. Республикалық Ілияс Жансүгіровтың қорының Ғалым-хатшысы (2026 ж. – қ.к.д.);

15. Халықаралық «Грааль» әдеби-мәдени платформасының Қазақстандағы жетекшісі (Гүржістан, Тбилиси қ., 2026 ж. – қ.к.д.);

16. Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы жанындағы Проза кеңесінің мүшесі (2026 ж. – қ.к.д.);

17. Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы жанындағы Драматургия кеңесінің мүшесі (2026 ж. – қ.к.д.), т.б.

Әлібек Байболдың шығармаларын зерттеу нысаны ретінде алған ғалымдар, зерттеушілер және қаламгерлер:

1. Талант және табынушылар һәм заман келбеті мен жазушы қаламы. Жазушы Несіпбек Дәутайұлы, жазушы, профессор Бекен Ыбырайым, жазушы-драматург, филология ғылымдарының докторы Серік Асылбекұлы, әдебиеттанушы-ғалым, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері Айнұр Ахметова қатысқан дөңгелек үстел. «Қазақ әдебиеті» газеті. 05.12.2015;

2. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: Print express, 2017. – 512 б. ҚР БҒМ Ғылым комитеті М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған. Кітап ҚР БҒМ ҒК гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған ғылыми-

зерттеу жобасы нәтижелері бойынша дайындалған (мемтіркеу №0115РК01688). Редакциялық алқа: Қалижанов У. Қ. – филол.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, Қирабаев С. С. – филол.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, Елеукенов Ш. Р. – филол.ғ.д., Орда Г. Ж. – филол.ғ.д. (жауапты редактор), Қалиева А. Қ. – филол.ғ.к. Жауапты шығарушы: Құдайбергенов Н., гуманитарлық ғылымдар магистрі. Пікір жазғандар: Ісімақова А. С., филология ғылымдарының докторы, профессор. Рахымжанов К., филология ғылымдарының кандидаты;

3. «Ормандағы жиын» әңгімесін М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, әдебиеттанушы-ғалым, PhD Гүлмира Сәулембек өзінің докторлық (PhD) диссертациясына зерттеу объектісі ретінде алған (2018 ж.). Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Айгүл Ісімақова;

4. Бағдаулетқызы Ә. Әфсанашы. «Qalamger.kz» порталы (2018 ж.);

5. Тоқтарбай Е. Сүрлеуі бөлек туынды. Әдебиет порталы. 17.10.2018;

6. Ақын, әдебиеттанушы-ғалым Айнұр Төлеу. Жазудың рахатымен қатар, азабы да бар. «Қазақ әдебиеті» газеті. 27.09.2019;

7. Батыр Н. «Көк көлік» сыртындағы кеңістік. Әдебиет порталы. 03.09.2020;

8. Дандай Ысқақұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Әдеби сында жаңғыру бар. «Қазақ әдебиеті» газеті. 03.12.2021;

9. Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму үрдістері (1991-2021 жж.): Ұжымдық монография. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2022. – 288 б. ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған. Кітап ҚР ҒЖБМ ҒК гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу жобасы нәтижелері бойынша дайындалған ЖТН AP08855695;

10. Мұсалы Л., Тункер А. Көркемдік құпиясы: Әлібек Байбол шығармашылығы. «Массагет» порталы. 03 қаңтар, 2022 ж;

11. Батыр Н. Мопассан мен Әлібекті не байланыстырады? Немесе «Қағаз кемеден» түйген ой. Әдебиет порталы. 11.08.2022;

12. Мәншүк Ташимова: Балалар әдебиетін қолдау үнемі қажет. «Qazaqstan tarihy» порталы. Сұқбат алған: Үшқын Сәйдірахман. 12.08.2022;

13. Нұрдәулет Ақыш: Жыл сайын жаңа есімдер алдымыздан шығып жатыр... Сұқбат алған: Әбіл-Серік Әліакбар. «Abai.kz» порталы. 28 мамыр, 2023 ж.;

14. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ. Әлібек

Байбол шығармаларындағы қоғам, адам тағдыры. Орындаған: Үркінбай Аида Әділханқызы. Мамандығы: 6В01707 – Қазақ тілі мен әдебиеті. Ғылыми жетекшісі: PhD, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің қауымдастырылған профессоры Г. С. Бөкен. Көкшетау, 2023 ж.;

15. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультеті, Тіл білімі кафедрасының докторанты (2023-2026 жж.), Қазақстан-Американдық Еркін университетінің аға оқытушы-зерттеушісі Тургумбаева Нұрсұлу Қайырдықызының «Жастар тіліндегі эмотивті синтаксис: коммуникативті-прагматикалық аспект» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының талдау бөлімінде Әлібек Байболдың «Мұтылған» метароманы және басқа да прозалық шығармалары зерттеу материалы ретінде қарастырылады. Ғылыми жетекшісі: Қапантайқызы Шынар, п.ғ.д., Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры;

16. Рано Назарова. Әлібек Байболдың «Аспан. Жер. Әлемі». «Drama.kz» порталы. 02.03.2024;

17. Тоқтарбай Е. Қуыршақ театрын дүр сілкінткен «Чемпион». «Қазақ әдебиеті» газеті. 05.03.2024;

18. Алтынай Бауыржанқызы. Қазақ әдебиетіне қосылған үш роман. «Айқын» газеті. 16.04.2024;

19. Әмина Тұрдақын. Жаңа заманның жаңа романдары. – «Ұлан» газеті. – № 17. – 23 сәуір, 2024 ж.;

20. Болат Мәжит. Жаңа роман – жаңа леп. «Алатау арайы» газеті. 20.04.2024;

21. «Күлтөбедегі» кезекті әдеби талқы: жаңа роман. Әдебиет порталы. Модератор: Рита Сұлтанғалиева, М. Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты. Махамбет университетінің филолог-магистрант жастарымен «Күлтөбе» әдеби басқосуында Әлібек Байболдың «Мұтылған» мета-романы талқыланды. 05.06.2024;

22. Мұсалы Л. Мұтылған санасындағы күрес. «Ақиқат» журналы. 29 шілде, 2024 ж.;

23. Абайхан Ж. Эксперимент. Неороман. «UakytNews.kz» порталы. 19.07.2024;

24. Біләл Е. «Мұтылған кім? Мұтылған не?..». «Қазақ» газеті. 22.08.2024;

25. Женісұлы Е. Ұлт әдебиеті және үш кітаптың жүгі. «Қазақ әдебиеті» газеті. 26.11.2024;

26. Ж. Ш. Саметова, А. Ә. Найманбаев. «Мұтылған» – қазақ метароман жанрының алғашқы үлгісі. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Хабаршысы. ISSN 1563-0323, eISSN 2618-0782. Филология сериясы. №4 (196), 2024 ж.;

27. Тәуелсіздік кезеңіндегі полифониялық прозаның көркемдік-поэтикалық ерекшелігі: 7М01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» біл. беру бағ. бойынша пед. ғыл. маг. акад. дәр. алу үшін дайын. маг. дис. / Ж. А. Жубанаева; ғыл. жет. Р. Б. Сұлтанғалиева. – М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.: [б. и.], 2025. – 71 б.

28. «Қазіргі қазақ жастар прозасындағы көркемдік ізденістер» тақырыбындағы магистрлік диссертация. Орындаған: Әйгерім Сәуірбай. Ғылыми жетекшісі: Сатемирова Дариға Амантайқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Филология факультеті, академик С. Қирабев атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты. Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология факультеті, 2025 ж.;

29. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факултеті, Қазақ әдебиеті кафедрасы. Сарсембаева Сымбат Арматовна «8D02314 – Әдебиеттану» бағыты бойынша «Қазақ прозасындағы симулякр» (тәуелсіздік кезеңі бойынша)» тақырыбында Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация дайындаған. Отандық ғылыми кеңесшісі: филология ғылымдарының кандидаты, профессор Айтуғанова С. Ш., шетелдік ғылыми кеңесшісі: филология ғылымдарының докторы, профессор Сайфуллина Ф. С. (Қазан Федералды университеті, Қазан, РФ). Астана, 2025 ж. Зерттеу нысаны ретінде М. Мағауиннің «Жармақ», Т. Сәукетаевтың «Мен – жындымын», Ә. Байболдың «Мұтылған» романдары, М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы», Т. Әбдіктің «Тұғыр мен ғұмыр» повестері, А. Алтайдың «Кенравтр», А. Кемелбаеваның «Қоңырқаз», Л. Қоныстың «Қош, Күнікей», «Ғайып ұл», М. Мәліктің «Қарғыс атқан патшалық», «Бассыз бөрі», Д. Жылқыбайдың «Квант», «Матрица», «Түс көре алатын робот», сондай-ақ, жасанды зият арқылы жазылған «Компьютер роман жазған күн» (Жапония), «Алғашқы жол» (АҚШ) әңгімелері таңдалып алынған.

30. Қазіргі қазақ драматургиясындағы кейіпкер трансформациясы: компаративтік талдау. Қыдыралиева А., Жақсылықова М. Central Asian Journal of Art Studies, т. 10, № 4, 2025), 134-5. Doi: 10.47940/cajas.v10i4.1132;

31. Айзат Рақыш, жазушы, сыншы, ҚР Мәдениет саласының үздігі. Жастар прозасы – тірі құбылыс. «Қазақ әдебиеті» газеті. 05.05.2025;

32. Нұрдәулет Ақыш, филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы. Қазақ балалар әдебиеті – ұлттық рухани құндылықтың бастауы. «Қазақ әдебиеті» газеті. 13.05.2025;

33. Үздік шыққан үш жазушы қазір не жазып жатыр? «Жазушы» әдеби порталы. Сұқбаттасқан: Алтын Бегалы. 24.09.2025;

34. Жылқыбайұлы Ж. XX ғасырдың көмескі беттері: архивтен аршылған жаңа еңбектер. «QAZAQSTAN TARIHY» порталы. 23.12.2025;

35. «Әлібек Байболдың «Мұтылған» романындағы интермәтін ерекшеліктері және Алаш идеясы». Гаухар Айғазинова, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2 курс магистранты. Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., әдебиеттанушы-ғалым Еркінгүл Солтанаева. 2026 жылдың 17 сәуірінде Назарбаев университеті, Қазақ тілі және түркітану департамені ұйымдастырған Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның 160 жылдығына арналған «ЖАС ҒАЛЫМ – VIII» атты республикалық студенттердің ғылыми конференциясы. ГОНЗАЛО ХОРТЕЛАНО, Жаратылыстану, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебінің деканының мөрімен (сертификат бар);

36. Алмасбек Мауленов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филология ғылымдарының докторы, профессор. Әдеби сын: қаламгерлер қолтаңбасы және ізденістер. «Қазақ әдебиеті» газеті. 13.04.2026;

37. Дәулетбек Байтұрсынұлы, ақын, аудармашы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Әдеби аударма – әлемдік байланысқа ашылған есік. 13.04.2026;

38. «8-11 (12) сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жобалар конкурсының» жеңімпазы Сейтжапар Айша. Жетекшісі: Нұрқасым Ғалия Мұхамеджанқызы (Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ж. Сүлейменованың бұйрығымен / № RGZhK-2026-D-I-015, 2026 ж.);

39. Жақсылық Мұратбек, жазушы-драматург, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері. Бүгінгі театр өнерінің тың ізденістері жөнінде. «Қазақ әдебиеті» газеті, №14, жұма, 10 сәуір, 2026 жыл;

40. Жаңа дәуір әдебиетіндегі гуманизм мәселесі: әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Задан Тасқалиұлы Жұмағалидың туғанына 90 жыл толуына арналған Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары (2026 ж., 17 сәуір): ғылыми электрондық басылым / Акад. Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу ун-ті; филология факультеті; қазақ әдебиеті кафедрасы; [ред. алқа: Б.С. Рақымов (жауап. редактор) т.б.]. – Қарағанды: Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің баспасы, 2026. / Г. С. Бөкен. Әлібек Байбол шығармашылығындағы көркемдік-стильдік трансформациялар;

41. «Қазіргі әдеби сын және постмодернистік үрдіс». Орындаған: Орынбасар Айсұлу Ермекқызы. Жетекшісі: Бисенбаев Пазылбек. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Филология факультеті, Әдебиеттанушы мамандығы. Диплом жұмысы. – 2026 ж.

Әлібек Байбол қазылық еткен байқаулар:

1. Республикалық «Мұқағали Мақатаев оқулары» байқауының қалалық іріктеу кезеңі (Алматы қ., 2021 ж.);

2. Республикалық «Серт» (Астана қ., 2022 ж., 2023 ж., 2024 ж.);

3. Жас зерттеушілерге арналған «Цифрландыру дәуіріндегі білім мен ғылым» атты Халықаралық эссе байқауы (Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, 2024 ж., 2025 ж., 2026 ж.);

4. Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы республикалық «Ілияс Жансүгіров оқулары» байқауы (16 мамыр, 2024 ж.);

5. Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Кино және ТВ факультеті ұйымдастырған студенттер арасындағы республикалық пәндік олимпиада (2024 ж.);

6. Мектеп оқушыларына арналған «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған байқау (Алматы қ., 2024 ж., 2025 ж.);

7. ҚР Президенті жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясының жоғары сынып оқушылары арасындағы «Ғылыми фантастикалық комикс» конкурсы (Алматы қ., 2026 ж.);

8. «Алматы – арман қаласы» жас ақындар байқауы (Алматы қ., 2026 ж.), т.б.

Әлібек Байболдың марапаттары, сыйлықтары және сертификаттары:

Халықаралық «Дарабоз» байқауының Ынталандыру сыйлығы (2010 ж.);

Халықаралық «Махмұт Қашқари» байқауының Ынталандыру сыйлығы (Түркия, 2013 ж.);

«Тәуелсіздік танытқан таланттар» байқауының Бас жүлдесі (2014 ж.);

«Үркер-үміт» байқауында II-орын (2016 ж.);

Нұрсұлтан Назарбаев Қорының стипендиаты (бұрынғы Тұңғыш Президент Қоры, 2017 ж.);

«Алтын тобылғы» бәйгесінің Драматургия номинациясы бойынша Гран-При (2017 ж.);

«XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық байқауындағы «Алаш қозғалысы тарихындағы белгісіз оқиғалар мен жаңа есімдер» номинациясы бойынша I-орын (Астана қ., 2018 ж.);

Алматы қалалық сотының 50 жылдық және «ЗАҢ» Медиакорпорациясы» ЖШС-нің 25 жылдық мерейтойына орай

ұйымдастырылған республикалық детектив жанрындағы шығармалар байқауында I-орын (2018 ж.);

IX Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған конкурстың «Балаларға арналған ең үздік драма» номинациясы бойынша III-орын (Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедиұлы мөрімен, Астана, 2018 ж.);

IX Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған конкурстың «Театрларға арналған отбасылық құндылықтарды айшықтайтын ең үздік пьеса» номинациясы бойынша II-орын (Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедиұлы мөрімен, Астана, 2018 ж.);

Абай атындағы ҚазҰПУ Филология және көптілді білім беру институтының директоры Б. Әбдіғазиұлының сертификаты (Алматы, 22 қараша, 2018 ж.);

ҚР Ұлттық академиялық кітапхана директорының «Алғыс хаты» (2018 ж.);

Бейімбет Майлин атындағы стипендия (Бейімбет Майлин қоғамдық қоры директоры С. Мұстафинаның 2019 жылғы 9 қыркүйек күнгі Бұйрығы бойынша және Қостанай облысының әкімі А. Мұхамбетовтің мөрімен, Қостанай қ., 2019 ж.);

«Ауылым – алтын тұғырым» әдеби конкурсында «Ауыл тақырыбына арналған үздік драматургия» номинациясы бойынша III-дәрежелі диплом («Ауыл» партиясының Төрағасы Ә. Бектаев мөрімен, Астана қ., 2019 ж.);

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімінің міндетін атқарушы А. Қабаевтың «Алғыс хаты» (Жансүгіров ауылы, 2019 ж.);

ҚР Білім және ғылым министрінің «Алғыс хаты» (2019);

ҚР Мәдениет және спорт министрінің «Алғыс хаты» (2019);

«Алаштың Ақжолы» төсбелгісі (2019 ж.);

Алматы қаласы әкімінің стипендиясы (2019 ж., 2023 ж., 2025 ж.);

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Т. О. Балықбаевтың «Алғыс хаты» (2020 ж.);

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің «Алғыс хаты» (2020 ж.);

«Рахымжан Отарбаев драматургиясы: зерттеу мен зерделеу» конкурсының «Рахымжан Отарбаев драматургиясындағы әлеуметтік, жалпы адамзаттық тақырыптардың ашылуы» номинациясы бойынша I-орын (Атырау қ., 2021 ж.);

Алматы қалалық ОКЖ директоры Р. Қ. Қабиеваның «Алғыс хаты» (қараша, 2021 ж.);

«Қабан жырау» төсбелгісі (Куәлік №007. «07».07.2022 ж.);

«Балалар жылы» аясында Қазақстан Жазушылар одағы және «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобы «Samruk-Kazyna Trust» қорының демеушілігімен ұйымдастырылған «Айтұмар» балалар әдебиеті үздік туындыларының республикалық байқауында Драматургия жанры бойынша II-орын (Алматы қ., 2022 ж.);

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры А. Сатыбалдының «Алғыс хаты» (2022 ж.);

«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректоры Д. Н. Биляловтың «Алғыс хаты» (2022 ж.);

ҚР Ішкі істер министрінің «Алғыс хаты» (2022 ж.);

ҚР Президенті Қ. К. Тоқаевтың «Алғыс хаты» және «Алтын барыс» медалі (2023 ж.);

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне – 95 жыл» медалі (Куәлік №435. 27.10.2023 ж.);

«Senimen bolashaq» ҚК медалі (2023 ж.);

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Е. Саденовтың «Алғыс хаты» (ІІМ-нің 2023 жылғы 22 қарашадағы № 645 ж/қ Бұйрығы);

«Elsevier» сертификаты (Suzanne BeDell, Managing Director, Education Reference & Continuity Books / Laura Hassink, Managing Director, Science, Technology & Medical Journals / September 12, 2023);

Үржар ауданының әкімі Н. Тоқсейітовтің «Алғыс хаты» (Үржар, 2023 ж.);

«ҚДСЖМ» Қазақстан медициналық университеті ректорының м.а. А. Әуезованың «Алғыс хаты» (2023 ж.);

ҚР ҰҚК Шекара академиясының басшысы, полковник П. Поливановтың «Алғыс хаты» (Алматы қ., 2023 ж.);

«Іле ауданының Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Л. Каткееваның «Мадақтамасы» (2023 ж.);

Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында 2023 жылдың 5-8 маусым аралығында өткен Республикалық I Камералық пьесалардың оқылымында «Олар» драмасымен қатысқаны үшін сертификат (Көркемдік жетекші: Қазақстанның Еңбек Ері А. Әшімов. Театр директоры: Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Е. Жуасбек. Алматы қ., 2023 ж.);

Республикалық «Драмарафон» байқауында «Аспан. Жер. Әлем» драмасы «Үздік микро-драма» аталымы бойынша Гран-При;

Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасының директоры Ғ. С. Тоқабаеваның «Алғыс хаты» (2024 ж.);

Жетісу облысы Білім басқармасының басшысы М. Сүлейменовтің «Алғыс хаты» (Тіркеу № 005425, «16» мамыр, 2024 ж.);

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының Басқарма президенті, академик А. Күрішбаевтың «Алғыс хаты» (2024 ж.);

«Uniwersytet Pomorski w Slupsku» сертификаты (23-25 мамыр, 2024 ж. / Prorektor ds. Studentow dr. hab. Danuta Gierczynska prof.UP);

Оралхан Бөкей атындағы республикалық драматургия байқауында III-орын (Өскемен қаласының әкімі Жақсылық ОМАР мөрімен / Өскемен қ., 2024 ж.);

«Сириус» Федералды аймағында өткен I Халықаралық жас ғалымдар форумына қатысқаны үшін сертификат (РФ, 2024 ж.);

Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжының директоры Н. Жабықбаевтың «Алғыс хаты» (2024 ж.);

«Мұхали баһадұр – 855» төсбелгісі (2025 ж.);

«Қаныш Сәтбаев – 125» төсбелгісі (Куәлік №243. 20.01.2025 ж.);

Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театрының директоры А. Алиевтың «Алғыс хаты» (2025 ж.);

Қазақстан Республикасы «Халықаралық Білім беру Корпорациясының» ректоры, т.ғ.д., профессор М. Б. Имандосованың «Алғыс хаты» (Алматы қ., 2 сәуір, 2025 ж., ҚазБСҚА / KazGASA);

Диплом присуждается Алибеку Байболову занявшему I место в онлайн-викторине, посвященной 165-летию Антона Павловича Чехова (И.о. ректора Е. В. Павлов. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Горно-Алтайский государственный университет», Республика Алтай, РФ, г. Горно-Алтайск, 2025 ж.);

«Eurodram. Selections – 2025» еуропалық театр аударма желісінің «Үздік аударма» байқауының нәтижесі бойынша 24 материалдың ішінен Әлібек Байболдың («Мариус фон Майенбург. «Құбыжық») тәржімасы үздік үштікке енген (2025 ж.);

Әлібек Байбол мен Елдос Тоқтарбай аударған, Фархадбек Қанафин режиссерлігімен Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театры сахналаған «Ауыл әңгімелері» қойылымы (авт. Василий Шукшин) «Островский-Фест» атты VII Халықаралық камералық театрлы формалар фестивалінде «Советтік классиканы ұлттық дәстүр аясында сахнаға дарынды лайықтағаны үшін» аталымы бойынша дипломант (Ресей, Кинешма қ., 2025 ж.);

«Алматы облысы Білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша Білім бөлімінің» басшысы А. Еркимбаеваның «Алғыс хаты» (Қаскелең қ., 05.05.2025 ж., №1084);

Др. Якуп Өмероглунин элесине арналған ЖАШ ТҮРКОЛОГДОРДУН X ЭЛ АРАЛЫК СИМПОЗИУМУНА ИЛИМИЙ БАЯНДАМА МЕНЕН КАТЫШКАНЫ ҮЧҮН сертификат (Бишкек,

Кыргыз-Түрк Манас университети, проф., док. Озан Йылмаз, 21-23-апрель, 2025 ж.);

Түркі дүниесінің X Халықаралық Поэзия және Музыка фестиваліне қатысқаны үшін «Алғыс хат» (22-28 сәуір, Алматы қ., 2025 ж.);

III INTERNATIONAL TURKIC WORLD YOUNG ACADEMICIANS CONGRESS «Legacy of the Past, Building the Future» 10-13 May 2026, Baku (Azerbaijan). CERTIFICATE OF PARTICIPATION Alibek Baibol. Prof. Dr. Hamlet ISAHANLI, Chairman of the Board of Trustees of Hazar University;

This letter confirms that Alibek Ualihanovich Baibolov participated in the Middlebury College online seminar «Specifics of Teaching Russian to English-speaking Students from the USA» on June 5, 2026. Head of the Middlebury College Branch in Kazakhstan Nana Tsikhelashvili;

Қазақстан Республикасының тұрақты даму мақсаттары. UNESCO x Tlab, 48 сағат, 2026 ж. (сертификат);

Қазақстанның стретегиялық зерттеулер институты «Құрылымдық өзгерістер жағдайындағы Қазақстанның өңірлік дамуы: талдау және шешімдер – 2026» Жас сарапшыларды қолдау бағдарламасының стипендиаты (Алматы қ., 2026 ж.);

Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры М. Бектембаевтың «Алғыс хаты» (Алматы қ., 2026 ж.);

«Аграрлық білімге, ғылымға және өндіріске қосқан үлесі үшін» төсбелгісі (Тіркеу №225/088. Басқарма Төрағасы-Ректоры, академик Күрішбаев А.Қ. мөрімен, 2026 ж.);

«Тифлистегі қаламгерлер тағдыры (Қазақстан мен Грузияның әдеби-мәдени байланыстары хақындағы миниатюралық-хроникалық эсселер, 1930-1938 ж.)» кітабы үшін Шота Руставели атындағы алтын медаль (Гүржістан, Тбилиси қ., 2026 ж.);

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры С. Н. Идрисовтың «Алғыс хаты» (2026 ж.);

Абай атындағы ҚазҰПУ ұйымдстырған «Қысқы мектеп – 2026» бағдарламасының тыңдаушысы ретінде қатысқаны үшін сертификат (16 академиялық сағат, 12 қаңтар-16 қаңтар, 2026 ж. Академиялық қызмет жөніндегі проректор Нарбекова Б. М. / Білім беру бағдарламаларын талдау департаментінің директоры Ошанова Н. Т. мөрімен);

Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Б. Тілептің «Алғыс хаты» (2026 ж.), т.б.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Пьесалар, аудармалар, сыни мақалалар, портреттік эсселер мен толғаныстар топтастырылған кітабыма «Ғинаят» деп ат қойып, айдар

тақтым. Бұл – жақсылық, қайырым, рақым дегенмен мәндес. Әр қалам иесі жазу арқылы оқырман – көрермен – тыңдарманға тек жақсылық жасап, оның сауап-батасын, алғыс-рақметін алуды көздейді. «Ғинаятымның» алдында да сондай міндет тұрғаны ешкімге жасырын емес. Шынтуайтында, жазудың дөп түсер теориясы, формуласы яки теоремасы жоқ. Пайда болуы да екіталай. Құры сезім мүшелерімен ғана сезіне алатын аса тылсым құбылыс. Әдебиет – 1+1 қосқанда 2 шығадыға саятын математикадан бөлек. Оны нақты ғылымдармен салыстырмаған абзал. Алайда, ең қызығы – оның әр ғылым-ілім түрінен өзіне қажеттісін жиып алғаны. «Сөз өнерінің» ғажап жері де – сонда. Әсілі, бұның нәтижесін нақ болжап, санау мүмкін емес істен...

Сөзге жан бітірсе, Ол да сөйлейді. Өйткені, онда кие бар!..

Ә. Байбол. Ғинаят. Пьесалар, аудармалар, сыни мақалалар, портреттік эсселер мен толғаныстар / Жауапты редакторы: Елдос Тоқтарбай. – Алматы: «Abai» baspasy, 2021. – 5 беттен.

Грузиндер – жауынгер, күрескер, рухты, намысшыл халық. Олардың халық ауыз әдебиетінде біздікіндей батырлар туралы эпос көп. Солардың бірі – «Амираниани» тарихи эпосы. Мұнда Амирани атты батырдың күресі баяндалады. Ол Ежелгі Грекияның Прометей және абхаз қаһармандық эпосындағы Абрскил батырға ұқсас келеді. Эпостың әуелгі жазбалары Теймураз Багратионидің «Грузия тарихында» (1848 ж.) бар. Алайда, алғаш рет шығарманың сюжеті Тамара патшайым тұсында өмір сүрген жазушы Мосе Хонелидің (XII ғ., Хони қаласынан шыққан Мосе) «Амиран-Дареджаниани» хикаятында пайдаланылған. XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың бірінші жартысында Амирани жөніндегі эпостың мәтіні жинастырыла бастайды. Бұл іске Илья Чавчавадзе, Акакий Церетели, Рафаэль Эристави, Важа Пшавела секілді қаламгерлер атсалысады. Бүгіндері оның 120, ал кейбір деректер бойынша 150-ге жуық нұсқасы бар. Амирани – аңшының ұлы. Бала кезінде сиқырлы бұлаққа шомылып, соның әсерінен адамға тән емес қабілеттер бойына дариды. Бұл тұрғыдан ол Ежелгі Грек мифологиясындағы Ахиллеске ұқсайды (оны анасы – Фетида өкшесінен ұстап, Стикс өзеніне малып-малып алған болатын). Сөйтіп, ол адамдарға көмектескісі келіп, Прометей ұқсап от шығаруды, сондай-ақ темір өңдеуді үйретеді, Тәнірге мойынсынғысы келмейді. Тәнір оны жазалау үшін Қапқаз тауындағы үңгірлердің біріне шынжырлап тастайды. Әркез бүркіт ұшып келіп, оның бауырын шоқиды. Қапқаз аңыздарында осыған ұқсас сюжеттік желілер бар. Мәселен, типологиялық тұрғыдан алғанда Амирани баһадүр армяндардың Артавазд я имеретиялықтардың Рокапи секілді кейіпкерлеріне келіңкірейді. Ал тереңірек сүңгісек, мұның бастауы шумер

ертегілерінде жатқанын байқаймыз. Бұл – мифологиялық қаһармандар. Сәйкесінше, оның прототипі өмірден алынатыны айқын. Ал бұндай батыр қазақта көп. «Алып анадан туады...» деген сөз бар. Қойсана – Ағыбай батырдың анасы, хан Абылайдың ту ұстаушысы – Байғозы батырдың қызы. Ел сыйлаған Қойсана анамыз шешен, батыр, ақылман кісі болыпты. Жұрт арасында: «Тарақтыдан Байғозы / Бұ да асқар ер еді / Наймантайдың қамшысы / Сойылдан қатты дер еді» деген сөз қалған. Ағыбайдың әкесі – Қоңырбай батыр өмірден ерте өткен-ді. Қойсана ана баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, мықты, ержүрек, болаттай шымыр қылып өсіреді. «Ханның бәрі Абылай емес, батырдың бәрі Ағыбай емес» деген сөз осыдан қалған. Қойсана ана Ағыбайға жүкті кезінде алты қарақшы жан-жақтан анталайды. Қолына бақан алған ол кісі бәрін жайпайды. Сонда ішіндегі бір қарақшы: «Доғарайық! Әйелдің өзі емес, ішіндегі арыстаны күшті болып тұр ғой», – деген екен. Ағыбаймен бір ғасырда (XIX ғ.) дәурен шеккен, елін, жерін қорғаған, Қапқаздан шыққан батырлар аз емес. Мәселен, Қажы Мұрат (Имам Шәміл), Цудахарлық Асылан, Акушиндық Раджабла Мұхаммед, Найып Саид Батыл, Даргиндік Найып Жаватхан, т.б. тарихи тұлғалар бар.

Ә. Байбол. Тифлистегі қаламгерлер тағдыры (Қазақстан мен Грузияның әдеби-мәдени байланыстары хақындағы миниатюралық-хроникалық эсселер, 1930-1938 ж.). – Алматы: «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ, 2025. – 11-12 беттерден.

Адамды Жаратушыға жақындатып, мына кең дүние мен байлық атаулының жалғандығын ұғындыра түсетін Ұлы нәрсе – Уақыт қана. «Ұлы» деген сөзді бақырбастыдан қызғансақ та, Уақытқа қиналмастан қия салатынымыз жомарттығымыздан гөрі, «Жоғары Сана» алдындағы дәрменсіздігімізден болар-ау деп ойлаймын. Уақыт пен адам – ұқсас ұғымдар. Ол да ойлай алады, оның да жаратушысы – Құдай. Оның асау мінезі, ерекше сезімі, соғып тұрған жүрегі, алабұртқан көңілі, бәрін көретін көзі, Біздің сөзімізді еститін құлағы, ауадағы оң өзгерістің иісін сезетін мұрны, ақиқатты кесіп айтатын аузы, парасат-пайымы... ең бастысы – уайымы бар.

Біз бен Сізді уайымдап, Кеңістік атты мамық төсекте дөңбекшіп жата алмай, ағарған шашы ағара түсуде. Жатса-тұрса ойлайтыны – Біз – адамдар! Осы жылы қазақ сөз өнері біраз есеңгіреп қалды. Елге еңбегі сіңген қабырғалы қаламгерлер мен талай тарландар фәниден бақиға озды. Аты-жөні аталғандардың астына мөрін басып, қолын қойған да сол – Уәкең еді! Әбені – Әбдіжәміл Нұрпейісті соңғы сапарға, мәңгілік сапарға шығарып салып, ұлт көркем кеңістігінің тағы бір парасын жаптық. Оның орны ойсырағаны өз алдына, мәдениетіміздің бір жақ

қабырғасы қақырап, үңірейген бос жер қалғанын енді ғана сезінгендейміз.

Ә. Байбол. Сенім. Сыни мақалалар, әдеби портреттер, эсселер, зерттеулер, пьесалар мен аудармалар. – Алматы: KITAP баспасы, 2025. – 160 беттен.

1945 жылдың 6 тамызында таңғы сағат 8:15-те B-29 «ENOLA Gay» ұшағына отырған Пол Тиббетс пен Том Фереби «Балақай» атты бомбаны қос қалаға тастады. Үш күн өткен соң «Жуан» атты тағы бір бомба Табиғат кескініне қап-қара таңба салды. Бұл қарудың қуаттылығы 13-тен 21 килотонна тратилды құраған-ды. Бұл адамзат тарихында болған ірі трагедиялардың бірі – Хиросима мен Нагасаки қалаларындағы атом бомбасының жарылуы еді. Осынау жан түршігерлік оқиғадан бері, міне, жетпіс жыл өтіпті. Трагедиядан кейін қос қала қалпына келтіріліп, елдер ес жиып, етегін жапқанда зәулім ескерткіш орнатылды. Жыл сайын 6-9 тамыз аралығында барша Жапония үш күн бойы көз жасын көл қылып жылайтынға ұқсайды. Сол үш күнде көшеде гүл атаулыдан көп нәрсе болмайды екен. Идое Намасуки деген психолог «Жарылыс салдарының психологиялық қыры» деген кітабында: «Бұл жарылыс «жапон комплексін» тудырды. Жапондар Көкке көп қарайтын әдет тапқан. Сондағысы: «Аспаннан бір нәрсе құлап келе жатқан жоқ па?!» деген ой ғой. Бұл рухани һәм психологиялық хал 1965 жылға дейін жалғасты. Бірақ біз бұл ауруды жеңдік...», – деп жазған-ды.

Ә. Байбол. Сыни мақалалар, әдеби портреттер, эсселер, зерттеулер, пьесалар мен аудармалар. – Алматы: KITAP баспасы, 2025. – 147 беттен.

Ұстаның отбасында дүниеге келген Дәркембай Шоқпарұлы жастайынан темір, ағаш, оюға әуес болып өскен. 1972 жылы сол кездегі ҚазПИ-дің, қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Көркемсурет-графика факультетін тәмамдаған. Ал, 1972-1982 жылдары Алматы қаласындағы Республикалық қолөнер мұражайында, «Қазреставрация» бірлестігінде Бас суретші-реставратор ретінде қызмет атқарады.

Д. Шоқпарұлы қазақтың ұлттық қолөнері бұйымдарын қайта жаңғыртып, осы заманға орай сәнді етіп жасауда көп ізденіп, нәтижесінде ағаш, сүйек, металл, тері, жүн, киіз, мата, ши, қамыс, тас, қыш, шыны, т.б. материалдардан неше түрлі сәнді бұйымдар жасаған. Аталмыш тұлға халықтың ежелден келе жатқан қолданбалы өнер туындыларының озық үлгілерін, ұлттық музыкалық аспаптарын қайта тірілтті. Ол – Алматы облысында тұрғызылған Абдулла Розыбакиев,

Құланаян Құлмамбет, Мұхтар Әуезге арналған мүсіндердің авторы. Д. Шоқпарұлының қолынан шыққан музыкалық аспаптар кезінде «Адырна», «Алтынай», «Сазген», т.б. ансамбльдерде кеңінен қолданылды. Ол кісінің ұстаздығы да – бір төбе. Хакім Абайдың «ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегеніндей, Дәркембай шебер Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясында «Сәндік өнер және дизайн» факультетінде «Металды көркемдеп өңдеу» мамандығында білім беріп, шәкірт тәрбиелеп, доцент және 2005 жылы профессор атағын алған.

А. Дәркембайұлы, Ә. Байбол. Алашқа аты мәшһүр Дәркембай ұста. – «БалаусаPrint» баспасы, 2026. – 244 беттен.



Ұлжан Мәлікайдарқызы
БАЙБОСЫНОВА

Байбосынова Ұлжан Мәлікайдарқызы 1973 ж. 23 қазанда Қызылорда облысында дүниеге келген. Қазақстанда танымал жыршы, филология ғылымдарының кандидаты (2007), Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері (2016), «Құрмет» орденінің кавалері (2021), Қармақшы ауданының құрметті азаматы (2021), Франция Өнер мен әдебиеті орденінің кавалері (2017), Өзбекстан, Термез қаласында өткен I-ші Халықаралық бахшы (жырау) өнері фестивалінің бас жүлде иегері (2019). «Тоқтогул Сатылғанов-150 жыл» Қырғызстан. Бишкек қ. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл (2016), «Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл» (2016) мерекелік медальдарімен және еліміздің білім беру жүйесін оқу-әдістемелік тұрғыдан кемтамасыз етуге және орта білім беру мазмұнын жаңарту ісіне қосқан сүбелі үлесі мен қажырлы еңбегі үшін құрмет грамотасымен ҚР Ғылым және Білім министрлігі. марапатталған.

Байбосынова Ұлжан Мәлікайдарқызы 1990-1995 жж. Қорқыт ата ат. Қызылорда педогогикалық институты. Музыка факультеті, «Халық әні» кафедрасын тәмәмдаған. 1996-1998 жж. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы. Ассистентура-стажировка, 1998-2001жж. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы. Музыкатану мамандығы бойынша аспирантурасы. 2005-2006 жж. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Ізденуші. 2001-2007ж.ж. «Көкіл» мектеп-колледжі, Музыка пәнінің мұғалімі. 2006-2008 ж.ж. Т. Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясы, Дәстүрлі мәдениет пен өнер кафедрасының оқытушысы. 2008-2014 ж.ж. Құрманғазы ат. Қазақ мемлекеттік консерваториясы, «Халық әні» кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, меңгерушісі. 2015-2019ж.ж Ықылас ат. Халық музыкалық аспаптар музейінің директоры. 2015-2019ж.ж. Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерваториясы, «Халық әні» кафедрасының аға оқытушысы. 2019-2022 ж.ж. Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерваториясы, «Халық әні» кафедрасының доценті, 2022-2023 ж.ж. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары коледжінің директоры, 2023-2024 ж.ж. Қазақ Ұлттық өнер университетінің доценті, Қорқыт ата атындағы ғылыми-зерттеу орталығының жетекші ғылыми

қызметкері. 2024 жылдан – Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы. «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының доценті.

Байбосынова Ұлжан Мәлікайдарқызы 2001 жылдан бастап Франция, Германия, Австрия, Белгия, Ұлыбритания, Швейцария, Люксембург, Италия, Испания, Нидерланд, Польша, Скандинав мемлекеттері - Дания, Норвегия, Швеция, Америка Құрама штаттарының қалаларында (Нью йорк, Вашингтон, Бостон, Хьюстон, Техас, Чикаго, Лос-Анджелес, Санта Барбара, Сан Диего), Шығыс елдерінің - Қытай, Үндістан, Сингапур, Гонконг, Тайвань, Эр-Рияд т.б. әйгілі *әлем сахналарында жеке концерттерін өткізген.*

Әлемдік және Отандық музыкалық жобалардың қатысушысы: «Children of Heraklis» (АҚШ, Еуропа), «Bardic Divas» (АҚШ, Еуропа, Азия), «Dede Korkut» (Германия, Лихтенштейн, Түркия), «Marko Polo» (Ливан, Тунис, Алматы, Бетлеһем (Палестина). «Musigues Du Monde» Au Theatre De La Ville (Париж, 2004 ж.); «Bardic Divas» (АҚШ, 2007 ж.); «Klang Welten» World music festival (Германия, 2005 ж.); «Сыр сазы» и «Көрұғлы» (Қазақстан, 2011 ж.) атты үнтаспалары мен бейнетаспалары жарық көрген. «Қазақтың батырлық жырлары» (2011г Казахстан) «Қайталанбас дауыстар» (2011г Казахстан) «Шахнама» (2013г Казахстан) «Ұлы даланың көне сарындары» Музыкалық фольклор дәстүрлі ән өнері. (2019), Ұлы дала әуендері (2019), «Дала фольклорының антологиясы» (2019), «Ер Едіге» ноғайлы дәуірінің жыры (2020) т.б. топтамаларына даусы жазылған.

Байбосынова Ұлжан Мәлікайдарқызы «Музыка» пәні бойынша жалпы білім беретін мектептерге арналған типтік бағдарламалардың, оқулықтар мен әдістемелік құралдардың авторы (03.04.2013 ж., №115 ҚР БжҒМ Бұйрығы). Сонымен қатар, *«Сыр бойындағы шайырлық дәстүр және ислам мәдениеті»* Монография. Алматы. ARNA-B. 2022. – 192 б. УДК 008(035.3 ББК71 Б-17 ISBN978-601-332-981-9 және *«Сыр бойы жыраулық өнерінің бастаулары»* Монография. Алматы «GD print» 2024. – 208 б. УДК 821.512.122.0ББК 83.3(5 Қаз) Б17 ISBN 978-601-04-6676-0 мен бірқатар ғылыми мақалалардың авторы.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Тамыры тұңғиыққа тартатын қазақ әдебиетінің сан ғасырлық даму жолы рухани дүниетаным көкжиегіндегі көркемдік ойлау жүйесінің ерекше сипатын танытады. Бастау бұлағы белгісіз сөз өнерінің керуені ешқашан белгілі бір бұралаң белесте тұйықталып қалған емес, үнемі дамып, шындалып немесе бәсең тартып, баяулап отырған. Фольклор мен әдеби мұра үдерісінің тұтастық жүйесіндегі көркем үлгілер ежелгі

дәстүр мен кейінгі ұрпақтар арасындағы табиғи сабақтастық тінінің сақталуы үшін маңызды қызмет атқаратыны сондықтан.

Сөз өнеріндегі көркемдік жалғастық дәстүрінің өзегі болып саналатын сөз иелерінің туындылары барлық уақытта да эстетикалық көзқарастың қалыптасу тарихында маңызды орын алып келген. Өйкені ол адамзат баласының танымымен тамырлас бірден-бір құбылыс. Байырғы түркі өркениеті мен ислам мәдениетінің озық дәстүрлері бір арнада тоғыса келе, ұлттық сананың дамуына да ерекше игі әсерін тигізген. Сондықтан да ұлттық сөз өнеріне негіз, ал сөз иелерінің туындыларына арқау болған ислам діні мен діни-ағартушылық үрдіс қағидаттарының әдеби даму үдерісінде маңызды орын алғаны белгілі.

Ұ.М. Байбосынова. «Сыр бойындағы шайырлық дәстүр және ислам мәдениеті». Монография. – Алматы: ARNA-B. 2022. – 11-бет.

Қазақ жыраулары арқылы жеткен Алпамыс, Қобыланды, Қыз Жібек, Ер Тарғын, Айман-Шолпан, Көрұғлы тағы басқа сан мың жолдан тұратын халық жадында сақталған асыл туындылар ел тағдырының тамырын тереңнен шертетін ұлы мәдени ескерткішке айналды. Бұл мәдени құндылықтар ортақ түркі халықтарының төл туындысы ретінде сақталып дамып отырды.

Көне мәдениеттің көрнекті үлгісі болып қалыптасқан жыраулық дәстүрдің тарихи ордасы Сыр бойы жыраулық мектебінің қалыптасу бастаулары, даму кезеңдері мен мәдени өзгерістері түркі халықтарының ортақ мұрасы ретінде көрініс тауып отыр. Мұны Оғыз кезеңінен бастап қазіргі Сыр өңірінің жыршылық мектептерімен байланыстырамыз. Сабақтасып жатқан дәстүрлі өнердің жалғастығы талай тарихи оқиғалар мен кезеңдерді басынан кешіріп, әр түрлі әуенді, әуезді аспаптардың пайда болып, соның ырғағында мәдениетті тасымалдауға негіз болды. Баба Қорқыттан қалған қобыз аспабы мен қазақтың қасиетті домбырасы арасындағы түрлі музыкалық аспаптарда орындалған Ұлы даланың сарыны XIX ғасырдың екінші жартысында ерекше түрленіп жыршылық мектептердің жаңаруына негіз болды.

Ұ.М. Байбосынова. «Сыр бойы жыраулық өнерінің бастаулары» Монография. Алматы «GD print» 2024. – 5-бет

Мәдениеттану, өнертану, фольклортану, әдебиеттану, тарих, этнология – этнография ғылымдары салалары зерттеулері нысанына жыршы – жыраулар шығармашылығының да алынып келе жатқандығы мәлім. Бұл – қазақ даласының барлық өңірлеріндегі жыршылық – жыраулық дәстүр аясындағы эпик орындаушылық өнер мектептерінің қалыптасуы мен дамуы кезеңдеріне негіз болып кележатқан тарихнама. Түркі өркениетіндегі жыршылық-жыраулық өнер тарихнамасының

бастау тұлғасы – Қорқыт Ата. Оның дәстүрі әуелде Сырдария және Әмудария өзендері аралығындағы және Арал теңізі атыраптарындағы ауылдарда негізі қалыптасты. Халықтың тыңдаушылық қабылдау психологиясы ықпалымен Ұлы Даланың кең-байтақ кеңістігіне таралған Қорқыт Атаның жыршылық-жыраулық дәстүрі алтын бесік Алтай, Солтүстік Шығыс, Оңтүстік Шығыс, Азия елдеріне кеңінен таралып танылды. Оның абыз-ақылман, тәрбиешілік – кеңесшілік қайраткерлігі, суырып салма ақындығы – жыраулығы, жыршылығы және қобыз әуендерімен тұтастыра толғап жырлау дәстүрі Еуразия кеңістігіндегі жалпытүркілік жыршылық – жыраулық өнер құдіретімен жалғасып келеді. Өнертанушы ғалымдар зеттеулері бойынша Қорқыт Ата қобызының үлгісімен әлемдегі әралуан үлгідегі ішекті аспаптардың (скрипка, виоленчель,т.б.) дамығаныда дәлелденуде.

Ұ.М. Байбосынова. «Қорқыт ата мұрасы және Сыр бойының жыршылық-жыраулық дәстүрі» Мақала. Мәдени мұра. Ғылыми журнал. № 2 (105) Астана. 2024. – 85-бет.

Сыр бойында көне түркілік дәуірден бастау алатын жыраулық-жыршылық өнер оғыз-қыпшақ мемлекеті тұсында жалғасын тауып, дамып жетіле түсті. Бұл кезеңдегі «Оғызнама», «Кітәби дедем Қорқыт» сияқты әйгілі туындылар, тарихи дастандар мен эпикалық көлемді шығармалар әдебиет пен мәдениеттің жарқын үлгісін көрсетті. Бұл айтулы кезең Орталық Азия тарихында көптеген этностардың ортақ мәдениетін қалыптастырған кезең деп танимыз. Мысалы, «Оғызнама» сынды жазба деректер Оғыз мемлекетінің саяси тарихынан хабар берсе, «Кітәби дедем Қорқыт» философиялық ой-сана, даналық сөздердің бастаушысы, парасат-пайымның дерекөзі ретінде ерекше мәнге ие болды. Сол сияқты «Көрұғлы» сияқты шығармалар аталмыш кезеңнің тарихы мен рухани мұрасынан хабардар етті...

Сыр бойы ақын-жырауларының атадан балаға мирас болып келе жатқан жыраулық өнері эпикалық және дидактикалық шығармалары негізінде адамгершілік, имандылық ұлағатты насихаттау арқылы тәлім-тәрбиелік қызмет атқарды. Осы орайда, киелі жырдың иесі Жиенбай жырау Дүзбенбетұлының жеткізуінде кеңінен таралған көне оғыз кезеңінен сақталған «Көрұғлы» жырының мазмұны, сюжеттік желісі және орындаудағы махам-саз үлгісі аталмыш кезеңнің жарқын туындыларының бірі саналады.

Ұ.М. Байбосынова. «Көрұғлы жырының Раушанбек саласы» (Жиенбай жырау Дүзбенбетұлы нұсқасы негізінде). Мақала. «Ұлы дала музыкасы: этномузыкатанушының ғылыми-зерттеу қызметі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 2025ж.–210-211-беттер.

Сырдарияның төменгі ағысы жағалауындағы осындай ахун-ұстаздардың қатарында Ораз-Мұхаммед ахун Бекетайұлы (1836–1894), Алдашбай ахун Ерназарұлы (1858–1936), Қалжан ахун Бөлекбайұлы (1857–1916), Әлібай ахун Қосқұлақұлы (1835–1928) сияқты көрнекті діни-ағартушылармен қатар, Марал, Дәулетназар, Ерімбет, Тапал, Қуанышбай, Тоқсанбай, Әбдікәрім, Садық, Ақмырза, Баймағамбет, Табынбай, Ұзақ секілді білім иелерін ерекше атаймыз..

Сыр бойындағы сөз өнерінің көрнекті тұлғалары – Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Омар Шораяқұлы, Ерімбет Көлдейбекұлы, Жүсіп Ешниязұлы, Жүсіп Кәдірбергенұлы, Даңмұрын Кенжебекұлы, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Құлан Алдабергенұлы, Сейітжан Бекшентайұлы сияқты шайырлар аталған ахундардың мектебінен алғашқы бастауыш білім алғандар. Олардың шайырлық, ақындық өнердің биік мұраттарын меңгеруіне аталған ахун-ұстаздардың мектептеріндегі оқыту мен тәрбие әдістемесінің зор ықпалы болғаны анық.

Ұ.М. Байбосынова. «Сөз өнері ж»не діни-ағартушылық үрдіс» Мақала. AQIQAT. Ұлттық қоғамдық – саяси, ғылыми-көпшілік журнал. №1. Алматы. 2026. – 77-бет



Жайлы Елепқызы БАЛТОҒАЕВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

1965 жылы 20 қазанда Гурьев облысы, Жылыой ауданы, Тұрғызба селосында дүниеге келген. Әкесі – Балтоғаев Елепберген Ұлы Отан соғысы ардагері.

1982 жыл Тұрғызба селосында М. Әуезов атындағы орта мектепті бітірген.

1988-1993 жылдар аралығында Алматы қаласында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде білім алды. 1993 жылдан бері Атырау Университетінде қызмет етеді, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

1996-1998 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті «Қазақ әдебиеті» кафедрасының ізденушісі.

2003 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің 10.01.02 – қазақ әдебиеті мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д14А02.22 диссертациялық кеңесінің мәжілісінде ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ф.ғ.д., профессор *Р.Нұрғали* жетекшілігімен «*М.Жұмабаев поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері*» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.

2006-2008 жылдар аралығында аға ғылыми қызметкерлік лауазымына ауыстырылып, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» бөлімінде тәжірибеден өтті. 2006 жылы 23 қарашада М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Ғылыми кеңесі мәжілісінде 10.01.02-Қазақ әдебиеті, 10.01.08-Әдебиет теориясы, Мәтінтану мамандықтары бойынша «*Қазақ әдебиетіндегі экзистенциалдық сарын*» тақырыбындағы докторлық диссертациясының тақырыбы бекітіліп, осы бағытта ғылыми ізденістер жүргізді.

Ж.Е.Балтоғаеваның жетекшілігімен 2005 – 2022 жылдар аралығында «XX ғасыр басындағы дастандардың идеялық-көркемдік ерекшеліктері»
(2005 ж.), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті дамуындағы баспасөздің рөлі мен маңызы.» (2011 ж.), «Социалистік реализм және ұлттық проза» (1950-70 жылдар аралығы) (2013 ж.), «Түркілік тарихи тұлғалардың қазақ әдебиетінде зерттелуі» (2015 ж.), «Қазақ

әдебиетіндегі ноғайлы дәуірі» (2017 ж.) «Сын жанры және Зейнолла Серіққалиев шығармашылығы» (2019 ж.), «Қазақ прозасындағы постмодернизм құбылыстары», «Бекет ата кітабының шежірелері және оның зерттелуі» (2019 ж.), «Атырау өңірі ғалымдарының зерттеу еңбектері» (2020 ж.), «Қазіргі қазақ прозасындағы өмір мәні концепциясы», «Т. Айбергенов және Атырау өңірі ақындар лирикасындағы дәстүр жалғастығы.» (2021 ж.), «Р. Отарбаев әңгімелеріндегі қоғам көрінісінің бейнеленуі», «Абай қара сөздерінің зерттелуі» (2022 ж.) тағы да басқа тақырыптағы магистрлік диссертациялар сәтті қорғалды.

Сонымен бірге оның жетекшілігімен осы уақыт аралығында *50-ге жуық бакалаврлық дәрежедегі бітіру жұмыстары қорғалды.* Ол *70-тен аса ғылыми мақаланың авторы.*

Жайлы Елепқызы Балтоғаева жетекшілік еткен магистрлік диссертациялар және бакалаврлық диплом жұмыстарының материалдары жас ғалымдардың аймақтық ғылыми-теориялық конференциясында және магистрант-студенттердің ғылыми-теориялық танымдық конференцияларында, халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында, университет Хабаршыларында, сондай-ақ, филология сериясы бойынша *ЖАК құрамына енетін журналдарда жарық көрді.*

2015 жылы «Мағжан Жұмабаев поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері» *монографиясы* жарық көрді (Атырау университеті, 2015).

2024 жылы «Көркем ойдың астары» ғылыми-зерттеу *мақалалар жинағы* жарық көрді (Атырау университеті, 2024).

Университет Хабаршысы ғылыми журналының гуманитарлық ғылымдар бойынша рецензенті болды. Университетте ұйымдастырылған халықаралық, республикалық, аймақтық конференциялар ұйымдастырып, конференция материалдарының ғылыми жинағын жариялауда редакциялық алқа мүшесі болды. Абай шығармашылығына арналған қалалық, Ә. Кекілбаев мерейтойына орай облыстық көркемсөз сайысын ұйымдастырып университеттің қоғамдық өмірін көркейтуде де белсенділік танытып келеді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым минстрлігі, Білім және ғылым минстрінің АЛҒЫСЫ. 2021 жылғы *«27» қыркүйек.*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым минстрлігі, Білім және ғылым минстрінің АЛҒЫСЫ. 2021 жылғы *«8» желтоқсан.*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым минстрлігі, Білім және ғылым минстрінің III дәрежелі *диплом*: *Ғылыми жетекші* 2021 жылғы ҚР ЖОО студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық байқауы.

Нұрсұлтан Назарбаев Қоры жанындағы Мемлекеттік тілді дамыту қорының 2022 жылғы өткізген «Абай әлемі» ғылыми байқауы III жүлделі орын: *Ғылыми жетекші* магистранттың зерттеу жұмысы.

«Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ведомстволық марапаты, төс белгі. 25.09.2024 ж.

Атырау облысы Білім беру басқармасы «Таланттарды анықтау және қолдау орталығы» Алғыс хаты, 2 наурыз, 2021 ж.

Атырау облысы Білім беру басқармасы «Таланттарды анықтау және қолдау орталығы» Алғыс хаты, 2025 ж.

Мамандық бойынша студенттердің республикалық білім олимпиадаларына ғылыми жетекшілік: Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті ректорының Алғыс хаты және топ III орынды иеленді, 2014 жыл.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нде өткізілген IX Республикалық пәндік олимпиададан II орын және Министрліктің III дәрежелі алғыс хаты табысталды, 2018 жыл.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары республикалық байқауының («НИРС – 2026»)бірінші кезеңі аясында *Ғылыми жетекші* Қазақ тілі мен әдебиеті (бакалавр) *I орын,* «Жас зерттеуші - 2026» номинациясын жеңіп алды.

«Қарақалпақстан республикасы қазақтары шығармашылығының этномәдени сипаты және Батыс өңірі ақын-жырауларымен байланысы» тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Ж.Е. Балтоғаева өзінің педагогикалық міндеттерін абыройлы атқарумен бірге, студенттерді жас маман ретінде қалыптастыру мақсатында әр түрлі білім сайыстарына дайындап және университет ұжымының қоғамдық өмірінің рухани жандануына да атсалысып келеді.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

XX ғасыр басындағы әлемдік мәселе – адам бостандығы Мағжан Жұмабаев шығармашылығының да негізгі проблемасы болып табылады. Өз тұсындағы қоғам құбылысының күрделі сипаты ақын романтизмінің мазмұнына айналып, осы ортақ мазмұн ақын поэмаларын бір арнаға тоғыстырған. Мағжан образдары тарихи тұлғаларға көркем интерпретация жасау арқылы сомдалған.

Мағжан сомдаған мифтік немесе тарихи тұлғалар ойша табысу, сезінуден дүниеге келген. Осындай дана дүниетанымнан туған шығарманың табиғаты, көркемдік шындықты танудағы ерекшеліктері – өз алдына бір бөлек дүние. Олар – заман талабынан емес, жан қалауынан туған туындылар.

М. Жұмабаев поэмаларының ішкі мазмұнын ашуға шығыстан келген сюжеттер ғана емес, өмірдегі болған, шындық оқиғалар да романтикалық сарында қызмет еткен. Автор осы әдіспен белгілі бір қоғамның өзі таныған бейнесін көркем шындық биігіне көтере отырып, бас кейіпкер іс-әрекеті арқылы өзінің эстетикалық принциптерін лирикалық толғаулары арқылы алға тартады.

***

Ежелгі дәуірден бері бүкіл дүниежүзілік творчествоға элемент болып енген экзистенциалды проблемалар XX ғ. басындағы қайшылықтардан қайта оянды. Тек дәуіріне қарай шығармадағы драматизм өзінше ширығып, көркемдік шешім жаңа байлаулар, тұжырымдармен толысты. Өмір шындығын көрсетуде «кеңестік» әдеби процестер де өзіндік сәулесін түсірді.

М. Жұмабаев шығармашылығында «тіршілік» философиясының талқылануы, әсіресе «Қорқыт» аңызымен ашылған.

М.Жұмабаевтың «Қорқыт» шығармасындағы жалғыздық – объективті қаһарман мен лирикалық қаһарманға ортақ шешім. Бұл – қоғамнан сырт яғни малмандаған малшыдан, балпаңдаған батырдан, байдан, кедейден қайғысы бөлек өзге тірлік. Адам таңқаларлық бір керемет ғажап туынды, өнердің өлместей мәңгі ерекше түрін қалдыру. Оған жан, сана, сезім, ақыл – бәрі түгел сол қиялмен уланбаққа керек. Бұл жерде кең көлемді ауқымды философия бар, яғни заттың (болмыстың) мәнін іздеу.

Мағжан Жұмабаев шығармашылығы – ұлттық әдебиетіміздің тағдырына арналған патриоттық рухтағы ой бастамаларымен әсіресе құнды. Ақынның түрікшілдікті, батырлықты жырлап, ондағы іс-әрекеттерді бүгінгі ұрпаққа патриоттық сезімнің символы еткен поэмалары, тақырыптық ерекшеліктері, авторлық концепциясы арқылы ұлттық поэзиямызды кеңестік идеологиядан алшақ етті.

М. Жұмабаев XX ғасыр басы қоғам өміріндегі эстетикалық сананың жемісі *«тұтқын көңіл»* образын қазақ әдебиетіне енгізді.

Ақынның «қол емес, қызыл тілім кісендеулі, сұм өмір абақты ғой саналыға, мен зарлымын» қолданыстары – осы концепцияның ішкі сырын ашады. М. Жұмабаев поэмаларындағы бұл сарын қазақ әдебиетінде арнайы теориялық термин болып қалыптаспаса да, қоғамдық санада, жазушылар танымында айқын орын алды.

***

«Ертегі» поэмасында табиғат дыбысын тыңдап, ойға көшіріп, ойдағы сазды образды сөзбен сурет етіп салған ақындық таланттың ғажайып көріністері деп танимыз.

«Бізді сыртқы жаратылыспен таныстыратын есту сезімі. Біз егер жануарлардың шулауы, бұлттың күркіреуі, судың сылдыры сықылды жаратылыстың түрлі әуенін естімесек, жаратылыс бізге жансыз, мылқау болып көрінер еді.» (Мағжан.) Тумысынан тірлігін далада өткізген қазақ халқының табиғат сырларына қанық, құбылыстарына жақын болып келеді.

Табиғатты тыңдай білу, қабылдау, сүю адамның қабілетіне ғана қатысты құбылыс екенін құдіретті күйшілер өз өнерімен дәлелдеген. Халық бойындағы (геніндегі) осы ерекшелік Мағжан талантының да құпиясын аша алады. Бұған дәлел Мағжан жасаған «хоп, шақ, сылдыр» секілді суреттік дыбыстардың аңыз сюжеттерінен алынуы. Мағжан бұл дыбыстарға ой, мазмұн берген, ал барлық дыбыс жиынтығы сиқырлы құбылысты құраған.

Мағжан дыбыспен сурет салуда тыныс белгі, интонация, дикция ерекшеліктерін де ой беру қажеттілігіне жаратып іске асырған. Ал табиғат мінезі арқылы жезтырнақ көңіл-күйін бейнелеп отырады. Жалпы поэмадағы образдардың ішкі психологиялық сезім иірімдері табиғат құбылыстарымен бейнеленген.

Ж.Е. Балтоғаева. «Мағжан Жұмабаев поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері». Монография. (Атырау университеті, 2015)

О. Бөкеевтің әрбір шығармасын оқығанда дүние ән салып тұрғандай күй кешесің, ол әннің сазы мен өлеңін мұңлы дүниемен астарлаған жазушы-ақын, ол өз әлеміне баурап ендіріп алған соң, өзі бейнелеген есік – терезесі жоқ, аппақ мамықпен тұмшаланған сиқырлы дүниеге енгізеді де жібереді. Жазушының өзі айтқандай бұл соңғы ертек, ал Оралхан сол әлемнің бізге келген елшісіндей көрінеді. Оралхан әлемін ойласаң айнала аппақ қарға оранған нулы ормандағы кішкентай ғана сиқырлы үйшік, жәй ғана емес, іші сырлы әлемге толы ғажайып үйшік көз алдыңа елес береді. Жалғыздық, бірақ сұлу да сиқырлы былайғы пенде тыныштығын бұзуға батылы бармайтын биік те тәкаппар жалғыздық. Күнәһар дүниенің кінәлі адамдарының арпалысынан, дүниеқоңыздылығынан, өтірігінен шаршаған ойын тасалап, өзіне қиялдан сарай сомдап соған жасырынған жалғыздық. Жалғыз адам ол – Ақтан, аңшы – Ақтан, мүмкін Оралхан – Ақтан. Ақтан әлемінің ұшы – қиыры жоқ, терең ой тұңғиығына батқан жас жаны дүниені шарлап қайтады. «Асылы мен жазбақ дүниемді ең әуелі ойымда, сана –

қиялымда әбден илеуін қандырып, пісіріп алғанша қолыма қалам ұстамай толғатып жүріп алатын әдетім бар. Жылдың жалғыз мезгілінде, әсіресе күз айларында, көңілім құлазып, жалғызсырап оңашалықты көксеп барып бір-ақ отырамын.. Енді осынау құбылысты */түсініксіздікті/* Сіздерге қалай түсіндіруге болады? Ең әуелі ескерер жайт: әдебиет тек бір адамға, жеке бір ұлтқа арналып жазылмайтыны. ...Жер бетіндегі миллиондаған адамдар мінез-құлқы, жан қалтарысы соншалықты өзгеше... Сол секілді табиғат иеміздің де толайым құпия-сырларын толық аша алдық па?! Міне мен жазған дүниелердің тылсымдылығы әрі кейіпкерлерінің қиялшыл да арманшыл болып келері сондықтан» (Оралхан). Жазушы кейіпкері Ақтан өзге кейіпкерлерінен де оқшауырақ тұрған бітім бейне. Ол өз философиясына мығым, айтар ой мен сөйлер сөзге шешен, ақылды, парасатты гуманист. Тауда дүниеге келіп, жұпар ауасымен тыныстап, көгіне аунаған оның еркін де таза, сұлу әлемі негізгі тынысын көзін ашқалы көріп келе жатқан тәкаппар тас, ойшыл ормандардан алады. Тек қана жалғыз, жалғыз сүрлеу, жалғыз түтін, серігі тек қиял, сағыныш, ой тағы да ой, және тағы да ой...

Ж.Е. Балтоғаева. Көркем шығарма мәтінін тіршілік философиясы негізінде қарастыру. «Көркем ойдың астары» ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. 8 бет. Атырау университеті, 2024.

Қазақ поэзиясын ежелгі түркі әдебиетімен жалғастыра және айыра өз соқпағы, өз жолымен дамытқан ақын-жыраулар шығармашылығының халқымыздың әдебиет тарихында алар орны, рөлі және маңызы ерекше. Ақын – жыраулар поэзиясы халықтық мүдде немесе ұлттық сипатты тұңғыш танытқан, яғни, ақындық шығармашылықтың қоғамдық мәнін тұңғыш ашқан әдеби туындылар болып танылады. Жаңаның бастауы ғана емес, ескінің жалғасы болып табылатын, өзіне дейінгі ортақ тамырдан нәр алған қазақтың ақын-жыраулар поэзиясы дүниенің мәнін танытар философиялық толғауларға толы. Ал өмірдің бағасын материалдық байлықпен емес, рухани байлықпен саралау жыраулар поэзиясының негізгі мазмұны болып табылады. Олардың шығармашылығындағы дүние тұрақсыздығы, «жалған» ұғымы, өмір мен өлім мәселесі қазақ әдебиетінің бүкіл тарихына тән құбылыс болып еніп, қазақ дүниетанымының сипатын ашады. Бүгінде бұл қазақ поэзиясының ұлттық табиғаты, қазақ сөз өнерінің этномәдениеті, генетикасы, ежелден келе жатқан дәстүрі әдебиеттану ғылымымызда да өзекті мәселенің негізгісінің бірі және қазіргі жыр әлемінде өз дәстүрін жоймай, жаңаша үлгіде жалғасып келеді.

Ж.Е. Балтоғаева. Хандық дәуір поэзиясындағы «жалғанның» мәні мен мағынасы. «Көркем ойдың астары» ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. 11 бет. Атырау университеті, 2024.

Қазақ әдебиетінде тіршіліктің мәнін ашудың бірден-бір әлемдік деңгейге көтерілген тұсы немесе әдебиеттің өзіне тән ұлттық айырмашылықтары мен ерекшеліктерін сақтай отырып өзге елдермен контактілік-генетикалық, типологиялық ұқсастық бағыттырға байланысты дамыған кезеңі де соғыстан кейінгі жылдар болды. Соғыстан кейінгі әдебиет міндеттері елдегі бесжылдық жоспармен тығыз байланысты белгіленді. Ол соғыс қиындықтарын өз басынан өткеріп келіп енді елдегі бейбіт еңбекке араласқан адамның өмірі мен еңбегін көркемдікпен бейнелеу еді. Кеңес үкіметі жазушысының алдына тағдырының азабын арқалаған, жаны мен тәні соғыс зардабы салған жаралардан сыздаған, құрбан болған жас тағдырлар мен жетімжесір қалған жандардың қайғысына куә болған адамнан Заман қаһарманын сомдау, оның ішкі сыры мен қалыптасу жолынының күрделі де қиын құбылысы қойылды. Сондай-ақ, өмір сұрағына, яғни, жаратылыс пен адам арасындағы қарым-қатынас, қайшылық, байланыс немесе бүгінгі тілмен айтсақ адам өмірінің құны мен тіршілік мәні сұрақтарына тереңдеу қажеттілігі тұрды. Себебі, соғыс ұғымы өмір мен өлім мотивіне тікелей қатысты болғандықтан да, бұл тақырыпқа қалам тартатын әрбір жазушыға даналық үшін философиялық ұшқарылық, нәзіктік үшін психологиялық тереңдік, нақтылық үшін тарихи білімділік мақсат болса керек. Бұл мақсаттың ең басты талабы жазушының шығармашылық еркіндігі болса, кеңес үкіметі тұсындағы жазушылар үшін ең бір тиым салынған дүние де осы болды.

Ж.Е. Балтоғаева. Соғыстан кейінгі өмір философиясы және қазақ әдебиеті. «Көркем ойдың астары» ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. 18 бет. Атырау университеті, 2024.



Майра Рашидқызы БАЛТЫМОВА,
PhD

1974 жылы 30 сәуірде Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген.

1989 жылы Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Қарабұлақ орта мектебінің 8 класын бітіріп, 1989-1993 жылдары Ақтөбе педагогикалық училищесінде оқып, тәрбие жұмысын ұйымдастырушы және бастауыш класс мұғалімі мамандығын тәмамдайды.

1998 жылы Ақтөбе педагогикалық институтын аяқтады. 2012-2014 жылдары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің магистратурасын бітіріп, педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесіне ие болған. 2018-2021 жылдары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде «6D020500-Филология» мамандығы бойынша докторантурада оқып, филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Пангереевтің жетекшілігімен 2024 жылы «Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы» тақырыбында философия докторы (PhD) диссертациясын қорғады.

Еңбек жолын 1993 жылы Қарабұлақ орта мектебінде бастауыш класс мұғалімі болып бастаған, одан кейін Алға қаласындағы №3 қазақ орта мектебінде, 1996-2005 жылдары Ақтөбе облыстық сақырау балалар мектеп-интернатында қазақ тілі, бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс жасады. 2005 жылдан бері Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде аға оқытушы қызметін атқарып келеді.

Әдеби-ғылыми бағыты: фольклортану, балалар әдебиеті, т.т.

Негізгі ғылыми нәтижелері: Барлығы – 50-ден астам ғылыми-көпшілік, танымдық бағыттағы жарияланымдары бар, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда – 14, Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда – 3, басқа ғылыми басылымдарда – 10.

Халықаралық конференция, форум, дөңгелек үстел, сұхбаттарға қатысты.

Әдеби-ғылыми мақалалары алыс-жақын шетелдерде (Түркия, Ресей, Өзбекстан, т.т.) жарияланды.

Марапаттары:

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Басқарма Төрағасы-Ректорының Алғыс хаттары (2025).

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

«Әдебиеттану ғылымы халық шығармаларының тарихын зерделеп, әдебиеттің ғылым саласындағы орнын айқындап, болашақ ұрпақ тәрбиесінің мәні мен мазмұнын құруда, оны жасауда жаңғырып, өзгеріп келеді. Әдебиеттің дамуындағы жаңғырулар мен жаңа заман дамуына сай ғылымның да өзгеруі қазіргі заман адамының талабын шыңдап, талғамын қанағаттандыруда қажеттілігін көрсетіп отыр. Олай дейтініміз, қазіргі жаңа заман тынысы қоғамдық дамудың өзіндік ерекшелігін көрсетіп, қоғамның алдына жаңа мәселелер, әдебиет ғылымының алдына жаңа міндеттер мен талаптар қояды. Қазақ балалар фольклорын зерттеудегі қорытындылар фольклоры үлгілерінің алғашқыларын жалпы түрде халық аузынан тараған жалпы әдеби шығармалар түрінде қабылдағанын, фольклордың жанрлық ерекшеліктерін ашуға мән бермегендігін көрсетеді. Бұл жерде фольклор жанрының жалпылығы, біртұтастығы негізге алынып, бірте-бірте ғылыми талдаулар негізінде, жалпы рухани-дүниетанымдық көзқарастардың қалыптасуына байланысты барлық ғылым салалары өз алдына дамуға қабілеттілігі мен өз алдына зерттелу деңгейіне жеткендігін көрсететін XIX ғасырдан басталғандығы белгілі».

М.Р. Балтымова. Қазақ балалар фольклорының жанрлық жіктелімі // Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. №1(130). – Б. 8-14. – 8-б.

«Қазақта этномәдени тұтастық ретінде танып-түсіну үшін халықтың ауызекі сөзінің құдіреті айрықша мәнді. Фольклор – қазақ өмірінің айнасы, қазақтың өткені мен болашағын байланыстыратын алтын көпір деуімізге әбден болады. Өйткені ата-бабамыздың өмір сүрген ортасынан бізге сыр шертер, түсіндіріп, айқындайтын тарих, шежіре, көненің көзі болып табылады.

Фольклорды игеру нәтижесінде әрбір қазақ баласы өзінің «Менін» нақтылайды, өзінің түп-тамыры мен өмір сүрген ортасын таниды. Фольклор өзінің табиғи болмысын өзгертпейтін рухани құндылық, халық шығармаларының қайнары екендігін дәлелдеп келеді. Фольклор туындыларындағы жырлар, аңыздар мен әңгімелер, ертегілердің мазмұны адамдардың бір-бірімен рухани қарым-қатынасын нығайтып, халықтың асыл мұрасы мен рухани құндылықтарын игерту, ұлттық мәдениеттің түрлі саласын меңгертудегі тәрбие құралы деуімізге болады».

М.Р. Балтымова. Балалар фольклоры дәстүрлі мәдениеттің ерекше саласы ретінде // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы». – 2020. – №3(99). – Б. 91-95. – 94-б. (бірлескен автор – А.Ш. Пангереев



Гүлнұр Әбубәкірқызы БЕЛГИБАЕВА,
PhD

Гүлнұр Әбубәкірқызы Белгибаева 1982 жылы 26 қаңтарда дүниеге келген. 1999-2003 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында оқыды. 2003-2006 жылдары М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде оқып, филология магистрі академиялық дәрежесін алған. 521250 – Филология магистрі (2006), 8D011 Педагогика және психология PhD (2025). Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет және этнопедагогика; әдебиетті оқыту; қазіргі қазақ әдебиеті.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 2003-2018 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде лаборант, ассистент, магистрант, оқытушы, 2018-2022 жылдары Шымкент университетінде аға оқытушы, Ғалым хатшы, 2022 жылдан бері Филология кафедрасының меңгерушісі.

Г.Ә. Белгибаева – 60-тен астам ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектер мен мақалалардың авторы. Оның ішінде 5 кітап оның жеке авторлығымен жарық көрген. Солардың қатарынан Г. Белгибаеваның жеке авторлығымен жарық көрген еңбектерін көрсеттік:

1) Асқар Сүлейменов шығармаларындағы стильдік ерекшеліктер: оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2019. – 100 б.;

2) Қазіргі әдеби процесс (А.Сүлейменов шығармашылығы) Электронды оқу құралы (авторлық куәлік), 2023. 5 б.т.

3) Бастауыш сынып оқушыларына қазақ дидактикалық шығармалары арқылы адамгершілік тәрбие беру: Монография. - Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2025. – 191 б.

4) Қазақ тілі мен әдебисті оқытудағы жасанды интеллект: оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2025. – 84 б;

5) Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі оқу құралы / Белгибаева Г.А., Базарбекова Н.Ш. – Шымкент: 2025. – 160 б

6) Қазақ әдебиетін оқытуда халықтық дидактикалық шығармалар арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құзыреттілігін дамыту: Монография. - Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2026. – 150 б.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

«Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі. Куәлік № 00283. 29.09.2025ж

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Әдебиет деген сиқырлы сандықтың аузын кім болса сол аша алмаған. Қазақ әдебиетінде елеулі орын алған психологиялық тартысты, философиялық ойды өрнектеген талантты суреткер Асқар Сүлейменов жазушы өзінің саналы ғұмырын текке өткізбеген жан. Оның астарлы тіркестері мен терең ойға тұнған шығармалары оқушысын бір тұңғиыққа жетелейді. Асқар Сүлейменовтің прозалық туындыларын аз да болса саз деуге әбден болады.

Г.Ә. Белгибаева. Асқар Сүлейменов шығармаларындағы стильдік ерекшеліктер: оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2019. – 90 б.

Ғаламдық жаһандану шеңберінде орын алған дағдарыстардың әсерінен халықтық салт-дәстүрлер мен мәдениетке қатысты ұлттық құндылықтың төмендеуіне, әлеуметтік шиеленістерді тудырырып, соның салдарынан ғасырлар бойы қалыптасқан идеалдар мен моральдық-этикалық тұжырымдамалардың, адами құндылықтар мен мінез-құлық стереотиптерінің әсерін құлдырату белең алды. Мұндай дағдарыстан шығудың ең тиімді жолы жасөспірімдер мен оқушыларға тәрбие берудің адамгершілік бағдарларын нақтылау мақсатында дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің құндылықтарына қайта жүгіну болып табылады. Аталған мәселелерді шешу кезінде дәстүрлі білім беруді ұлттық білім беру жүйесінде, оның барлық деңгейлерінде пайдалану, халықтық педагогиканың асыл мұрасына, тәжірибесіне сүйену маңызды болып табылады.

Г.Ә. Белгибаева. Бастауыш сынып оқушыларына қазақ дидактикалық шығармалары арқылы адамгершілік тәрбие беру. Монография. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2025. – 6-бет.

ЖИ әдебиеттану және лингвистика саласындағы зерттеулер үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Жасанды интеллект құралдарын қолдану мәтінді жаңа деңгейде талдауға, жасырын мағыналар мен заңдылықтарды анықтауға және бейімделетін оқыту жүйелерін құруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект және оның гуманитарлық ғылымдардағы қосымшаларын зерттеу білім шекараларын кеңейтуге және зерттеуге жаңа перспективалар ашуға көмектеседі.

Г.Ә. Белгибаева. Қазақ тілі мен әдебиеті оқытудағы жасанды интеллект: оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2025. – 7 б.

Өнер әр адам өзінің шектеулі тәжірибесіне байланысты тікелей сезіне алмайтын жағдайларды бастан кешіруге мүмкіндік береді. Көркем шығармалардағы кейіпкерлерге жанашырлық танытып, олардың жетістігіне қуанып, қиындықтарына ортақтасу арқылы адам эмоционалды тұрғыдан бай, сезімтал, түсінігі терең және парасатты бола түседі. Сонымен қатар өнер әр адамда ақиқаттың өзіндік «ашылу иллюзиясын» тудырады, соның арқасында шығармадағы адамгершілік сабақтар терең сезіліп, тұлғаның санасында тез орнығады. Балалардың адамгершілік санасының дамуына көрнекті адамдардың өмірі, қызметі және моральдық ұстанымдарымен танысу да ықпал етеді.

Г.Ә. Белгибаева. Қазақ әдебиетін оқытуда халықтық дидактикалық шығармалар арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құзыреттілігін дамыту: Монография. - Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2026. – 138 б.



Зейнол-Ғабден БИСЕНҒАЛИ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Бисенғали Зейнол-Ғабден 21 қаңтар, 1950, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Алға ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, қазақ әдебиетінің таврихы және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Ш. Айтматов атындағы Халықаралық академияның академигі.

1966 жылы Сафон селосындағы орта мектепті бітіріп, осында аға вожатый болып педагогтік еңбек жолын бастаған.

1972 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін үздік дипломмен тамамдаған.

1978 жылы ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының аспиранттурасына қабылданған.

1981-1983 жылдар аралығында «Қазақ тілі мен әдебиеті» кабинетінде жұмыс істеген, лекциялар оқыған, практикалық сабақтар жүргізген. Студенттердің оқу практикаларымен Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы фольклорлық-диалектикалық экспедицияларға қатысқан.

1984-1986 жылдары «Мектеп» баспасының Жоғары оқу орындары қоғамдық-гуманитарлық редакциясының аға редакторы және филология факультетінде «Қазақ әдебиетінде проза жанрының қалыптасуы» атты арнаулы курс пен «Қазақ әдебиеті тарихынан» лекциялар оқыған.

1986 жылдан қазақ әдебиеті кафедрасында қызмет істеген.

1999 жылдан қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры.

2001 жылдан қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

Ғылыми жұмысы:

1984 жылы профессор Б. Кенжебаевтың басшылығымен «XX ғасыр басындағы қазақ прозасы» тақырыбына кандидаттық;

1997 жылы «XX ғасыр басындағы қазақ романы» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған.

Шығармалары:

«XX ғасыр басындағы қазақ прозасы», «XX ғасыр басындағы қазақ романы», «Казахский роман начала XX века», «Қазақ романы», «1940-1960 жылдардағы қазақ әдебиеті»;

«Қазақ прозасы: XX ғ. басы: Жаңа роман жолында» 2 том (2010). «Казахская проза в начале XX века» сияқты монографиялардың авторы.

«Жазушы шеберлігі»;

«С.Мұқанов»;

«Ғ.Мүсірепов»;

«Қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелері», «Жаңа типті қазақ прозасының қалыптасуы» (2021), «Беласар» ғылыми жинағы, «Қазақ филологиясы: егіз-негіз» (2023), т.б. монографиялар мен оқу құралдары сияқты оқу құралдарын жарыққа шығарған. Әдебиет тарихына арналған монографиялары мен оқу құралдары қазақ, орыс, түрік тілдерінде жарияланды. Зинол-Ғабден Қабиұлы әдебиетті зерттеп қана қоймайды, оның болашағын ойлап, алдағы күндердің, тіпті жылдардың көкжиегіне көз жібереді.

Солардың ішінде көркем творчествоның психологиясын терең түсінетін суреткерге тән сыр мен сезім, бітім мен қабілет бар профессор З.Бисенғалидың басқалардан оқшау ерекшеліктері де айрықша айқындалып тұрады. Ғалымның зерттеулерінде көркемдік-эстетикалық терең таным бар.



Гүлжан Жамбылқызы БОЛАТОВА,
филология ғылымдарының докторы,
ассистент-профессор

Г.Ж. Болатова 1976 жылы 17 шілдеде Көкшетау облысы, Жана-ауыл ауылында дүниеге келген.

1993 жылы Көкшетау ауданындағы Еленовка орта мектебін алтын медальмен бітіріп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне түсті. Аталмыш университетті 1997 жылы «Әдеби ауларма ісі» мамандығы бойынша аяктап, бакалавр академиялық дәрежесін және филолог, әдеби қызметкер, аудармашы квалификациясын алды.

1997 жылы "Әдебиеттану" мамандығы бойынша магистратураға түсіп, 1999 жылы «Перевод «Слов пазиданий» Абая на русский язык» атты магистрлік диссертациясын оте жақсы қорғап, "ТМД халықтары әдебиеті және көркем аударма" мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесін алды.

1999 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне аспирантураға түсті.

2000 жылдан казірге дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында ұстаздық қызметін атқарады.

2002 жылы «Перевод «Слов назиданий» Абая на русский язык» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 2003 жылдан бастап қазақ әдебиеті кафедрасының доцент қызметін атқарды.

2001-2008 жылдар аралығында Жас ғалымдар кеңесінің төрағалық қызметін атқарды. 2002-2008 жылдар аралығында студенттердің ғылыми жұмыс кеңесінің жетекшісі болды.

2006 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторантурасына түсіп, 2010 жылы «Воссоздание национального своеобразия романа-эпопеи М.О. Ауэзова «Путь Абая» на русский язык» атты докторлық диссертация қорғады.

2011 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетіне аға-эдвайзер қызметіне тағайындалды.

2012-2013 жылдарда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде деканның ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

2013 жылғы наурыз айынан желтоқсан айына дейін «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ұлыбританияда Рединг университетінде ғылыми-тәжірибелік тағылымданудан өтті.

2023 жылдың тамыз айынан 2024 жылдың қыркүйек айына дейін «500 ғалым» бағдарламасы бойынша АҚШ-та Мичиган Мемлекеттік Университетінде (MSU) ғылыми-тәжірибелік тағылымданудан өтті.

Әдеби-ғылыми бағыты: Г.Ж.Болатова қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы, көркем аударма теориясы мен тәжірибесі, Қазақстан орыс әдебиетінің тарихы мен теориясы, көркем шығарма поэтикасы сынды ғылыми бағыттар бойынша ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттегі көп жылғы ұстаздық қызметінде дәріс беру, оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу, білім беру бағдарламаларын жетілдіру жұмыстарымен қатар, студенттер, магистранттар және докторанттардың ғылыми ізденісіне бағдар беріп, олардың әдебиеттанулық талдау мәдениетін қалыптастыруға үлес қосып келеді.

Марапаттары:

Г.Ж. Болатова 1998 жылы Абай атындағы, 1999 жылы М. Әуезов атындағы шәкіртақының иегері. 2013 жылғы «Болашақ» бағдарламасының шәкіртақы иегері. 2023 жылғы «500 ғалым» бағдарламасының шәкіртақы иегері.

2023 жылы ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісі медалімен маратпатталған. 2025 жылы Ғылым, білім саласындағы еңбегі үшін Халықаралық Махамбет атындағы қордың шешімімен Халықаралық Махамбет атындағы сыйлық: төс белгі, медаль және құрмет грамотасымен маратпатталған.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытуға елеулі үлес қоса отырып, өркендеу жолында атқарған абыройлы еңбегі үшін Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің қолы қойылған алғыс хатпен маратпатталған.

Негізгі ғылыми нәтижелері: 2008 жылы жарық көрген «Теория и практика перевода «Слов назиданий» Абая на русский язык» атты оқу құралында Абай «Қара сөздерінің» орыс тіліне аударылу мәселесі қарастырылып, В.Шкловский, С.Санбаев, К.Серікбаева және Р.Сейсенбаев аудармалары жан-жақты зерттеліп, аталған үш нұсқаны салыстырмалы түрде талдаған.

2010 жылы жарық көрген «Воссоздание национального своеобразия романа-эпопеи М.О. Ауэзова «Путь Абая» на русский язык» атты монографиясында М.О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының ұлттық сипаты, оның орыс тіліндегі аудармаларда берілу ерекшелігі қарастырылған.

Сонымен қатар, Болатова Гүлжан Жамбылқызы 80-нен астам ғылыми мақалалардың авторы. Соның қатарында 2 мақала Скопус базасындағы журналдарда жарияланды. Ғылыми мақалалары алыс-жақын шетелдерде (Өзбекстан, Қырғызстан, Украина, ҚХР, Ұлыбритания, АҚШ) жарияланды.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

«Слов назидания» Абая неоднократно переводилось на русский язык в течение нескольких десятков лет. В 20-30-е годы XX столетия многие произведения Абая были переведены на русский язык. Довольно большое количество переводных произведений было опубликовано к столетию со дня рождения поэта. Однако все они были осуществлены через русские подстрочники, что значительно снижало их качество. В связи с этим и возникла необходимость исследования проблемы переводов произведений Абая.

К анализу качества выполненных переводов текстов Абая обращались многие исследователи. Основные выводы, сделанные в результате изучения русских переводов Абая, сводятся к одному: Абай по-настоящему еще не переведен, а значит, иноязычный читатель по сей день не может узнать во всей полноте того Абая, который раскрывается перед читателем, владеющим казахским языком.

Абай и сегодня привлекает нас цельностью своих воззрений на жизнь и мироустройство. Адресованные им современникам и грядущим поколениям заветы ценны не только новизной содержания, но и прежде всего тем, что он сумел в них художественно обобщить и высоко поэтично выразить правду своей эпохи, по-новому, в отличие от своих предшественников, изобразить действительность и проникнуть во внутренний мир человека.

Непреходящую духовную ценность представляют «Слова назидания» Абая, написанные прозаическим языком. В них поэт остро, метко, иногда саркастически преподносит пороки современного ему общества. Привлекает внимание афористичность «Слова», которая способствовала популярности данного произведения в народе. Прогрессивно-просветительскую роль «Слов назиданий» трудно переоценить. Многие из них по сей день актуальны, в чем и заключается немеркнущая сила гения.

Выполнить перевод, полностью отвечающий оригиналу, – колоссальный труд. И этот труд немыслим без знания языка, культуры, быта, нравов, обычаев, национальной специфики народа, в художественную сокровищницу которого входит переводимый подлинник. Переводы «Слов назиданий», выполненные В.Шкловским,

С.Санбаевым, К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаевым, представляют большой интерес как для читателей, так и для исследователей.

Г.Ж. Болатова. Теория и практика перевода «Слов назиданий» Абая на русский язык. Учебное пособие – Алматы: Қазақ университеті, 2008. 108 с.

Семантика и сигнификат романа-эпопеи «Путь Абая» М.О. Ауэзова, где художественно воплощена национальная действительность, и по сей день приковывает к себе внимание не только абаеведов, ауэзоведов, но и специалистов художественного перевода, так как роман переведен на многие языки мира и существуют различные его переводческие интерпретации.

Известно, что своеобразным художественным материалом для эпопеи послужили мотивы, сюжеты, образы лирики Абая и его «Слов назиданий», которые создают особый национальный колорит и неповторимый идиолект, существенно усиливают гуманистический, философский, поэтический пафос всего произведения, способствуют достоверности в описании исторических событий и чувств героев. Поэтому эффективными и результативными в системе анализа могут оказаться ауэзовский опыт творческого восприятия художественного наследия Абая в романе-эпопее и воссоздание художественно-национального мира Абая в русских переводах, представленных писателями: Л. Соболевым, А. Никольской, Т. Нуртазиным, Н. Ановым, З. Кедриной и А. Кимом. Сравнительное изучение различных переводческих интерпретаций с оригинальной авторской позицией является одним из актуальных направлений современного ауэзоведения и одной из основных концепций настоящего исследования.

Пристальный интерес к эпопее объясняется и тем, что в ней впервые представлен исторический мир казахской действительности с ее специфическим укладом и неповторимым бытом кочевников, ее колоритными цельными натурами, с ее обрядами, обычаями и традициями, что составляет неотъемлемые черты духа казахского народа. Богат и колоритен язык писателя, воплотивший эти черты в специфической образной форме художественными средствами и приемами, близкими и понятными не только казахскому контингенту. Различные стороны национального своеобразия романа-эпопеи отчасти были объектом исследования, но в условиях тоталитарно-идеологической системы национальная самобытность эпопеи системно, всесторонне не изучалась, не было возможности раскрыть его глубинное значение, ставшее подлинной формой национального самосознания.

Таково свойство всех великих произведений мировой литературы, – имея спорные, загадочные, неразрешенные проблемы, сложные тайны, символы и коды, с самого момента своего выхода в свет, – обрастать иными смыслами, значениями, оттеняться, обретать новое актуальное звучание и иное осмысление в связи с развитием национального самосознания.

Специфика изображения интеллектуально-эмоционального, национального своеобразия романа-эпопеи становится здесь самым ключевым вопросом как литературоведения, так и теории художественного перевода.

Эстетическое воздействие национального своеобразия эпопеи, реализуемого на основе коннотата семантики, нами рассматривается в двух художественных аспектах: а) трансформация М.О. Ауэзовым абаевских тем, мотивов, настроений, образов, социальной действительности посредством использования различных в жанровом отношении образцов лирики Абая (любовной, философской, пейзажной, социальной и т.д.), а также интерпретации философско-публицистического наследия («Слова назидания»); б) специфика и адекватность воссоздания в русских художественных переводах основных абаевских тем, мотивов, идей, образов, картин социальной, национальной действительности, воплощенных в эпопее.

Проблемный анализ оригинала и русских переводов эпопеи показывает, что многие национальные факты, касающиеся судьбы и творчества Абая, проливающие свет на духовное становление и художественное мышление поэта в полной мере содержатся в его творческом наследии, поэтому центральным персонажем эпопеи становится сам Абай. В связи с этим автор эпопеи является не только активным пропагандистом и популяризатором творчества Абая, но и своеобразным «художественным комментатором» национальных идей поэта и одновременно – самобытным писателем, создавшим новую литературную парадигму национального мира. Эти широкие метатекстовые и интертекстуальные связи на сегодня являются самой интересной и наименее исследованной проблемой ауэзоведения.

Внимание специалистов к различным граням проблемы воссоздания национального мира эпопеи обострилось в связи с новым осмыслением специфики национальной действительности в последнем переводе романа. Новый перевод известного русского писателя А.А. Кима вызвал острый интерес абаеведов, ауэзоведов и специалистов в области художественного перевода. Появилось большое количество разноплановых, взаимоисключающих статей, откликов, рецензий на этот перевод.

Своевременная оценка нового перевода в контексте воссоздания в нем национально-культурной действительности ведущих абаевских мотивов, пути становления Абая как национального поэта с его радостями и печалями, в контексте исторической и социальной реальности, сформировавшей поэта – вот некоторые актуальные стороны исследования, которые представляются нам базовыми в процессе освещения национальной, духовно-интеллектуальной сфер романа-эпопеи «Путь Абая».

Г.Ж. Болатова. Воссоздание национального своеобразия романа-эпопеи «Путь Абая» М.О. Ауэзова в переводах на русский язык. Монография – Алматы, 2010. - 415 с.

Исходя из анализа романа-эпопеи, мы отмечаем, что особенностью казахского романа-эпопеи "Путь Абая" можно считать не только эпическую многомерность изображения национальной действительности, но и богатство изображенных писателем характеров, замечательные пейзажные зарисовки, глубинные философские обобщения.

Портрет является важным структурным элементом художественного произведения, способствующим конкретизации самого литературного образа.

Казахские ученые обращают внимание на то, что глубоко национальная природа художественного портрета в романе-эпопее М.О. Ауэзова восходит к традиции Абая, который в своих лирических и прозаических произведениях уже создал реалистические основы для создания полноценного портрета будущих ауэзовских героев.

Как часть внешнего вида в литературном портрете присутствует такая деталь, как костюм и является важным сюжетным и культурологическим элементом в общем целостном развитии художественного образа центрального героя.

Портреты также могут создаваться не напрямую, а посредством наблюдений и впечатлений другими персонажами тех, кого описывает автор. Портреты запечатлевают не только статистическое во "внешнем" человеке, но и жестикуляцию, мимику, которые динамичны, но своей сути.

Наиболее полный портрет героя, выписанный М.О. Ауэзовым – это сплав психологического состояния, авторского комментирования эволюции души героя и внешних портретных признаков. В совокупности предстает богатый в художественном отношении портрет центрального героя, который соответствует этой жанровой разновидности художественного описания. Так, используя накопительный метод и метод диалектики, писатель от всех частных

отдельных случаев приходит к большому целостному портрету, который включает в себя богатство подходов и методов писательской интерпретации художественного описания своего героя.

В организации портрета участвует художественный ритм, и это придает особый эмоциональный фон фрагменту.

Г.Ж. Болатова. Национальный художественный портрет как структурный элемент художественного произведения. Сын. – № 3. – 2010. - С. 122-131.

Наиболее частой формой участия пейзажа в ткани художественного произведения становится психологизм. Корни этого художественного приема следует рассматривать в древнейшей устной казахской традиции, очень часто пользовавшей приемом образного параллелизма, восходящего в своих истоках к магии и подражанию природе.

Эта функция наиболее часта не только для художественной прозы М.О. Ауэзова, но и для всей казахской литературы, начиная с памятников рунической письменности в честь Кюль-тегина, Бильге-кагана и Тоньюкука, поэзии акынов и жырау и т.д.

Именно пейзаж создает нужный психологический настрой восприятия текста, помогает максимально раскрыть внутреннее состояние героев, подготавливает читателя к изменениям в их жизни.

Пейзаж подчиняется общим задачам чисто художественного плана, которые писатель ставит перед собой. С помощью пейзажа дополняется характеристика героев, их духовного мира и, таким образом, дополняется, обогащается идея всего произведения.

Функция пейзажа в художественном произведении представляет собою сложную систему взаимосвязанных особенностей, затрагивающих всю ткань повествования.

Пейзаж играет основополагающую роль в организации сюжета и композиции фрагмента, включает в свою художественную сферу различные виды, формы и качества, и иные характеристики пространств, включая динамику и статику и это отражается в художественном переводе.

Одним из средств художественной выразительности, к которому часто прибегает М.О. Ауэзов, является функция контраста. Эта функция становится эффективной, когда речь идет о прямом сопоставлении разных сфер, социальной и природной.

Наиболее частой формой участия пейзажа в ткани художественного произведения становится психологизм. Пейзаж создает нужный психологический настрой восприятия текста, помогает максимально раскрыть внутреннее состояние героев, подготавливает читателя к изменениям в их жизни.

Но пейзаж в романе-эпопее "Путь Абая" подчиняется общим задачам чисто художественного плана, которые писатель ставит перед собой. С помощью пейзажа значительно обогащается характеристика героев, их духовного мира и, таким образом, дополняется, обогащается идея всего произведения.

Функция пейзажа в художественном произведении представляет собою сложную систему взаимосвязанных особенностей, затрагивающих всю ткань повествования.

Г.Ж. Болатова. Функция пейзажа в романе-эпопее М.О. Ауэзова "Путь Абая" и ее передача в русском художественном переводе. Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия журналистики. – № 1(27). – 2010. - С. 88-92.

Қазіргі таңда әуезовтану ғылымында келесідей болашағы бар бағдарлар белсенді дамуда:

1. М. Мырзахметов, Ж. Дадебаев, Т. Жұртбай еңбектерімен ұсынылған әуезовтану ғылымы аясындағы абайтану. Бұл бағыттың негізгі міндеті Абайдың шығармашылық мұрасының М.О. Әуезовтың көркемдік дәстүріне әсері деңгейін, жеке сарындар мен бейнелерді әдеби қолданудың пішіндері мен әдістері, сонымен қоса Абайдың философиялық, қоғамдық және адамгершілік идеяларын, шығармашылық дамыту жолдарын зерттеу. Аталған абайтанушылардың бірқатар еңбектерінде роман-эпопеядағы негізгі бейненің құрылымындағы тарихи және ойдан туындағанның қатынасы, Абайдың этикалық, адами, философиялық өсиеттерінің М.О. Әуезовтың прозасында көркем түрде жаңғыруы қарастырылады.

2. Жазушы прозасының поэтикасы – қазіргі таңда әуезовтанудың көп зерттелген бағыттарының бірі. Мұнда автордың көркемдік әлемі түрлі ұстаным бойынша қарастырылады. Бұл жерде ғалымдар қазақ шығармасына ұлттық және тарихи ерекшелік беретін, роман-эпопея құрылымындағы ұлттық портрет, пейзаж поэтикасы, ұлттық идеяның түрлі көрінісі, эксперсивті-тілдік тұрқы, роман-эпопеяның этномәдени лексикасы мен идиоматикалық тұрқы, сондай-ақ мазмұнды-стилистикалық үйлесімнің рөлі мен қызметі сияқты әлемнің ұлттық бейнесін ұйымдастырудың маңызды заңдылықтары әр қырынан, жанжақты зерттелген. Жеке ғалымдар М.О. Әуезов шығармашылығындағы Абайдың әдеби-эстетикалық, көркемдік дәстүрлерін зерттейді.

3. Қазіргі әуезовтанудың лингвистикалық аспекті М. Серғалиевтің, Ж. Манкееваның, Р.Амреноваың, Г. Рахимжановаың, К. Сандыбайдың, Ж. Өміралиеваның және жазушы әлемінің тілдік бейнесі мен оның тілдік тұлғасын зерттеушілермен зерттелген. Олар

жазушы тіліне ауыз әдебиетінің әсерін анықтап, жазушы тілін ұлттық тілдің даму тарихының аясында қарастырады және жазушының көркемдік-тілдік ерекшелігін ашады.

4. Әуезовтанудың салыстырмалы-типологиялық аясы – М.О. Әуезов шығармашылығының ұлттық-көркемдік ерекшелігін, басқа жазушылардың шығармашылығымен немесе бір жанрдағы жеке шығармаларды салыстыру арқылы анықтауды мәнзейтін өзекті бағыттардың бірі. Бұл жерде К. Бейбітова, Н. Жуанышбеков, М. Маданованың және т.б. пікірлері назар аудартады.

5. Қазіргі әуезовтанудың тарихи-әлеуметтік аясы Д. Ысқақов, Д. Қамзабекұлы, Д. Қонаев, Ж. Тілепов, К. Оразаева, Н. Алдабек, Б. Толмачев, З. Жорабекова, Ш. Жарылғапованың ғылыми зерттеулерінде қарастырылған.

Бұл еңбектерде жазушының өмірі, оның шығармашылық және интелектуалдық ортасы және шығармаларының жазылу тарихы баяндалады. Жеке зерттеушілер жазушы мен оның уақытының байланысын, тоталитарлық идеология жағдайында жазушы шығармаларының әлеуметтік тапсырыс ретінде қабылдану себептерін зерттеуде.

Роман-эпопеяның жанрлық ерекшелігін тарихилық қағидат тұрғысынан, роман-эпопеяның құрылымынан фольклор элементтерін қарастыра отырып Ж. Тілепов зерттейді, ал Д. Ысқақов М.О. Әуезовтың ғылыми, әдеби-сындық мұрасын жүйелік сарапқа салады.

6. Қазіргі әуезовтанудың этномәдени бағыты эпопеяда жаңғырған қазақ халқының ұлттық болмысы турасындағы еңбектермен, тұрмысты, әдетті-ғұрыпты, салт-дәстүрді және ұлттық мейрамдарды зерттеулерде көрсетілген. Бұл бағыттың ғалымдарын қазақ халқы тарихының этникалық әлемі, нанымы, әлемге көзқарасы мен тұрмысы, этникалық мәдениетінің тегі ерекше қызықтырады.

7. Қазіргі әуезовтанудың рухани-философиялық бағыты ұлттық эстетика мен өнер саласындағы мамандардың, философтар мен мәдениеттанушы ғалымдармен зерттелген. Өз еңбектерінде олар жазушының даму тарихын, оның идеялық-эстетикалық, философиялық ізденістерін, қаһармандардың адамгершілік әлемін, қазақ халқының ұлттық санасының биіктеуін, сондай-ақ көркем сурет, музыка, графика, кескіндеу мен театр өнерін, жазушының тұлғасы мен шығармашылығына байланыстырып зерттеді. Сол арқылы жазушы шығармасының көркемдік-философиялық және эстетикалық ауқымын кәмтіп алды.

8. Қазіргі әуезовтанудағы психологиялық-педогогикалық тұсы дәстүрлі және заманауи тәрбие саласында А. Тайжанов, Ж. Әубәкірова, Ф. Оразбекова, Г. Отар, Х. Садыковтың зерттеулерінде қаралған. Бұл

зерттеушілердің бақылаулары, романның негізінде халық пікірінің үлкен этнопсихологиялық қабаты жатқанын көрсетеді. Ол заманауи тәрбиенің негізімен айналысатын ғалымдарға бағасыз білім көзі болып табылады.

9. Қазіргі әуезовтанудың маңызды бағыты ретінде М.О. Әуезовтың түпнұсқалық шығармалары мен түрлі тілдердегі аудармаларын түбегейлі түрде текстологиялық, салыстырмалы зерттеуді, әңгімелер, повесть, драматургиялық шығармалардың аясындағы қазіргі көркем аудармада туындаған теоретикалық мәселелердің шешілуін, роман-эпопеяны және оның аудармаларын ұлттық сананы жаңғырту жағынан зерттеуді болжайтын көркем аударма мен әдеби компаративистиканы атауға болады.

Роман-эпопеяның орыс тіліндегі аудармасына пікір мен сындардың сарабы арқылы біз түрлі бағалаулар, көзқарас пен зерттеу жолдарын анықтадық.

Бүгінгі таңда жазушының шығармалары мен олардың орыс тіліндегі аудармаларын бағалауда жаңа көзқарастар, пікірлер, әдістер ұсынылған.

Г.Ж. Болатова. Әуезовтанудың тарихы және қазіргі даму тенденциялары. Наука и жизнь Казахстана, №3 (58) 2018. – Астана: 225-229, 2018 - 225-229 б.

Әлия Қахарманқызы БӨПЕЖАНОВА,
әдебиет және театр сыншысы, мәдени сарапшы,
Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы

Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудакентте 1952 жылы 4 желтоқсанда дүниеге келді. Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтын (1973), Әл-Фараби атындағы ҚазМУ аспирантурасын (1978) бітірді.

Еңбек жолын жолдамамен туған жері Сарысу ауданында бастады. Ұйым сегізжылдық, Жайлаукөл орта мектептерінде қазақ және орыс тілдерінен сабақ берді. Жастық қайраты, білімін балалардың сабақты жақсы оқуымен қатар ой-өрісінің кеңеюі жолында жұмсады.

Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-ге аспирантураға түскен (1975) соң Алматыға ауысты. Оқи жүріп республикалық «Қайнар», «Жалын» баспаларында (1976-1980) еңбек етті. Әдеби ортаға сыншы ретінде таныла бастағанда «Қазақ әдебиеті» газетіне қызметке шақырылып, сын бөлімінде аға тілші, содан кейін көп уақыт өнер бөлімінің меңгерушісі (1980-2001), «Алтын орда» (2001-2003) апталығы Алматы бөлімінің жетекшісі және «Хабар» (2001-2013) телеарнасында сарапшы болып қызмет етті. «Хабар-2» телеарнасы бағдарламасында тікелей эфирлер жүргізді.

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі (1993-1998 және 2008-2021жж.), қазір әдеби редактор қызметінде.

Қазақ Ұлттық Т.Жүргенов атындағы Өнер Академиясының доценті – өзінің «Қазіргі өнер сыны» авторлық бағдарламасын, сондай-ақ «Жүсіпбек Аймауытов және театр», «Мұхтар Әуезов және театр», т.б. арнаулы курстарын (2002-2015) оқыды.

Әдебиет сынымен қатар театр сыны, журналистика салаларында да көп қалам тартқан, үнемі ізденістегі сыншы Ә.Бөпежанова білім аясын кеңейту жолында - КСРО Театр қайраткерлері одағы Сын және Әлеуметтану орталығында белгілі театртанушы, сарапшы В.Я.Калиш шеберханасында (1989-1991) тағлымдамадан өтті. «Сорос-Қазақстан» қорының «Арт-менеджмент» (белгілі мамандар Питер және Елена Брайтмандар шеберханасы, 2000), «Коммуникация – демократия қызметінде» (Санкт-Петербург университеті халықаралық журналистика кафедрасы, 2003), «Көркем шығарма әлеміне сіңу» («Оскар» иегері, көрнекті актриса Ж.Бинош шеберханасы, 2018), т.б. дәрістер тыңдады.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» және Махамбет атындағы, Ұлттық «Сахнагер» сыйлықтарының лауреаты.

Жалпы шығармашылық жолы және кітаптары

«Өрнектер» (1991), «Дүние – имани құбылыс» (2001), «Өнер – жеке тәжірибе» (2007), «Мұнара» (2020) әдеби сын кітаптарының; әдебиет, рухани мәдениет туралы «Мәдениет – жасампаз сана» (2008), «Мәдениет – Әлемнің тірегі» (2024) жинақтарының; театр өнері туралы «Сахна сәулесі» (2020) «Еділ қаған» (2022) жинақтарының;

Махамбет Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық академиялық драма театрының 80 жылдық тарихы туралы «Атырау драма театры» (2016) іргелі зерттеу кітабының авторы.

Бұл еңбектерден бұрын да, кейін де ұжымдық жинақтарда, Республикалық баспасөзде, әдеби-мәдени сайттарда көптеген мақалалары жарық көрді. Қазақ әдебиеті туралы мақалалары шетел басылымдарында жарияланды.

Аудармалары:

И. Ракшаның «Қайран, дүние...» повестер жинағын (1988), үнді және чуваш жазушыларының әңгімелерін (1989), Р.Солнцевтің «Мұнар да мұнар мұнар күн...» (1988), Е.Замятиннің «Еділ қаған» («Аттила», 1996), А.П.Чеховтың «Апалы-сіңлілі үшеу» (2013), У.Шекспирдің «Отелло» (2014-сахналық нұсқа), Г.В.Томскийдің «Аттила мен Аэций» (2019) - барлығы М.Әуезов театрында қойылды – сондай-ақ. И.Какабадзенің «Үш ару» (2014), Т.МакНеллидің «Мария Каллас.Дәріс», И.Лаузундтың «Кенсе», (2018), т.б. пьесаларын;

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасымен Леви-Стросс, Д.Бидни, Ральф, Малиновскийлердің философиялық еңбектерін (2005), көптеген мәдениеттанушылық мақалаларды, бірнеше көркем және «Би-Би-Си» арнасының деректі фильмдерін;

«Жүз оқулық» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша Ю.Боревтің «Эстетика» (2019) кітабын қазақ тіліне аударды.

Л.Лессигтің «Еркін мәдениет» (2016), Д.С.Шулыгердің «Қазіргі психология тарихы» (2017), Э.Гомбрихтің «Өнер тарихы» (2018) ғылыми еңбектерінің жауапты редакторы болды.

Кітап жобалары:

Көрнекті жазушы-драматург А.Сүлейменов шығармашылығынан бірнеше кітап (1998-2018) және «Парасат падишасы» атты естеліктер жинағы (1998, 2025) жобаларының;

«Әйгілі адамдар» сериясы бойынша көрнекті актерлер Ф.Шәріпова (2006), Ә.Молдабеков (2008), Е.Жайсаңбаев (2011), Х.Елебекова (2012), Т.Тасыбекова (2013), сондай-ақ Ғ.Байқошқарова (2024), Н.Мышбаева (2026); көрнекті режиссерлер Е.Обаев (2011), С.Нарымбетов (2008, 2016);

«Қазақ мәдениетінің 100 тұлғасы» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, 2018) кітап жобаларының; бірнеше деректі фильм сценарийінің авторы.

Қоғамдық қызметі:

Қазақстан Жазушылар одағының басқарма хатшысы (2018 жылдан, қоғамдық негізде) Қазақстан Үкіметі жанындағы Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссия мүшесі (1996-2004), Халықаралық «Сорос-Қазақстан» қоры Мәдени бағдарламалар сарапшысы (1996-2000), Қазақстан Журналистер Академиясының академигі (2001).

«Рухани жаңғыру» Мемлекеттік бағдарламасының «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасының Әдебиет бойынша сарапшылар құрамының мүшесі (2018-2020).

Көптеген республикалық әдебиет, өнер байқауларының сарапшысы.

Халықаралық, Республикалық театр фестивальдары Қазылар алқасының мүшесі; халықаралық, республикалық семинарларда шеберлік сабақтарын өткізген.

Бірнеше журналдың редколлегия мүшесі.

Қазақ Пен-клубының мүшесі (2024)

Мемлекеттік марапаттары:

«ҚР еңбек сіңірген қайраткері (2012)

«Құрмет» ордені (2021)

«Ерен еңбегі үшін» медалі (2024)

ҚР Президентінің Құрмет грамотасы (1995),

Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы» (2011),

«Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығы» (2016) медальдары.

Қоғамдық марапаттары:

Қазақстан Журналистер Академиясының академигі (2001)

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (2003)

Ұлттық «Сахнагер» сыйлығының лауреаты (2018)

Түркі әлемі мәдениет мен өнеріне сіңірген еңбегі үшін медалі (2024)

Эмине атындағы Бүкілчуваштық Әйелдер сыйлығының иегері (2024)

Қырғыз театр өнері қоғамдық академиясының академигі (2024)

Махамбет атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты (2025)

«ӨНЕРДІҢ ЖАҢА ФИЛОСОФИЯСЫ» ТУРАЛЫ

... Уақыт алға озады, ғасырлар ауысады, адамзат баласының дүние-ғалам туралы танымы өзгереді-жетіледі. Бұл – адам өмір кешуінің рухани формасы мәдениетке де тікелей қатысты... Мәдениеттің екі типі

бар. Алғашқысы – мазмұнға негізделеді, екіншісі – формаға негізделеді. Шартты түрде алғанда, дәстүрлі өнер – мазмұн (мазмұн–форма–мазмұн), постдәстүрлі өнер – форма (форма–мазмұн–форма). Өзгеше айтқанда, дәстүрлі әдебиетте жазушы жүйелі шығармашылық әдіске, жанрлық-стильдік анықтыққа сүйенсе, постдәстүрлі, яғни біз айтып отырған жаңа заман өнерінде жазушы өзінің суреткерлік ережезаңдылықтарын жасайды.

Тілге тиек болып отырған екі типті мәдениеттің, демек, әдебиеттің де өз тұтынушысы, яғни өз оқырманы бар. Алғашқы типтің оқырманы екіншісінде қарағанда өте көп – XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде мазмұнға негізделген шығармалар тым мол. Жеке пікірімде, классикалық бұл әдебиеттің ғасырлар тоғысындағы аса көркем үлгілерінің бірі ретінде Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романын атауға болады.

Қадап, қайталап айтар бір жайт – аталған екі тип бір-бірінен артық немесе кем емес, бұл – өнерге деген қарым-қатынастың екі түрі ғана. Яғни танымның екі түрі. Меніңше, бұл танымдар былайша жіктелер еді:

1. Өнер – Өмір(дің көркем бейнесі – мимесис);
2. Өнер – (жаңа шындықтар жасайтын) Көркем Текст.

Көркем текст бұл жерде дәстүрлі әдебиеттану ұғымындағыдан өзгеше сипат алады, яғни жаңа болмыс, болмыстар.

Өнер – Көркем текст танымының бастау көзі, бәлкім, XX ғасырдың басындағы «Өнер – Өнер үшін» постулатында. Ал, бұл постулат өнердің ішкі өз заңдылықтарымен дамуының кепіліндей. 1929-жылы Мұхтар Әуезов Мағжанды өз заманынан озық туған, ілгерілеп кеткен, сөзі келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын ақын деп жоғары бағалай келіп, «Әдебиет әдебиет үшін» деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ» дейді. Яғни жас Әуезовше, нәрлі әдебиет «Өнер өнер үшін» танымында орнығуы тиіс...

Қазақ әдебиеті әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі екеніне қол қояр болсақ, ол әлемдік кеңістіктегі ізденістер, жаңалық атаулыдан шет қалмайды. Қазақтың жаңа прозасы туралы әңгіме 90-жылдар бедерінде ғана толымды сөз бола бастады. Ал, бұл прозаның тарихы XX ғасырдың 60-жылдарынан басталатыны белгілі. Қазақ руханиятында 60-жылғылар буынының ролі үлкен. Бұл буын жаңа өнер жасауға саналы түрде, үлкен дайындықпен кірісті. Тіпті ең алдымен, оның теориялық негіздемесін жасауға ұмтылды. Саналы қимыл-қарекеттің бір көрінісі сыншы Асқар Сүлейменовтің 1964-жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған «Түр туралы бірер сөз» атты мақаласы және мақала тудырған полемика еді. Аға буын тарапынан авторитарлық танымға «соқтыққан» бұл буын көп ұзамай теориядан практикаға көшті – дәстүрді күтпеген тұстан жалғастырып, қазақтың жаңа әдебиетін жасауға кірісті. Содан бергі 40

жылдай уақытта қазақ прозасы осы стиль аясында, яғни XX ғасыр прозасы принциптерімен жазылып-жасалып келеді... XX ғасыр мәдениеті тарихын қайта жазып шығуға бел буған семиотик ғалым В.Рудневтің жіктемесіне қарағанда, сана ағымы – психоанализ, парасемантика, ауызекі сөз лингвистикасы, индивидуальды тіл, сананың өзгерген қалпы ұғымдарымен қанаттас стиль. Сана ағымы А.Сүлейменов, О.Бөкеев, Ә.Кекілбаев, Т.Әбдіков шығармаларында әртүрлі деңгейде және сипатта көрінді. Немесе «Қан мен тердегі» дәстүрлі Ә.Нұрпейісов «Соңғы парызда» сана ағымы поэтикасымен мейлінше қаруланды. Мысалы, осы екі күрделі роман жалпы алғанда Нұрпейісовтің ғана емес, жалпы қазақ әдебиетіндегі трансформацияның бір көрінісі...

Ой келеді: егер орыс, сондай-ақ қазақ әдебиеті де социалистік реализм, кеңестік идеология құндағына түспей, өткен ғасырдың басы, 20-жылдарындағыдай әлемдік контексте отырғанда, бүгінгі картина, мүмкін, мүлдем басқа болар ма еді. Олай деуге себеп – өткен ғасыр басында қазақ әдебиетінде модернизм болған-ды. Айталық, М.Әуезов шығармашылығының алғашқы кезеңі мен 60-жылғылар шығармашылығындағы үндестіктерді байқамау мүмкін емес... Кеңестік сында айқындалған «уақыт пен кеңістіктің аражігін ажыратпау» – жаңа философияда әлдеқашан анықталған «мүмкін әлемдер семантикасы» болып шықты. «Мүмкін әлемдер семантикасының» классикалық үлгісі жапон жазушысы Акутагаваның өткен ғасырдың 20-жылдары жазылған «Тоғайда» әңгімесі. Бұл туынды көпшілікке кинорежиссер А.Куросаваның «Расемон» көркем фильмі арқылы белгілі...Қазақтың жаңа прозасында мүмкін әлемдер семантикасына, одан да кеңірек аядан алғанда, XX ғасыр прозасының принциптеріне мысалдар жеткілікті. Бұл ретте ең алдымен ауызға Ә.Кекілбаевтың шығармалары түседі: «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Аңыздың ақыры». Аналогияға барсақ, «Аңыздың ақыры» Фолкнер романы сияқты төрт бөлімнен тұрады. «Қызыл алма» – Әміршінің (бірінші бөлім), «Мұнара» – Жаппас шебердің (екінші бөлім), «Махаббат» – кіші ханымның (үшінші бөлім) мүмкін әлемдер семантикасын құраса, «Аңыздың ақыры» (төртінші, соңғы бөлім) кейіпкер мен авторлық дауыстың ауыспалы мүмкін әлемдері.

Жаңа әдебиеттің бұл поэтикасы, яғни мүмкін әлемдер семантикасы бір – адамның екіге немесе үшке бөлінуі – қазақ әдебиетінде алғаш рет Аскар Сүлейменовтің «Бесатар» повесінде көрінді. Шығарма финалында өлім алдындағы үш Сәруар және терең подтекстер. Жаңа заман әдебиетіне мәдени-философиялық таным тән. Мысалы, «Аңыздың ақырындағы» «Қызыл алма» бөлімінде үлкен ханымның

Әміршіге құрт түскен қызыл алма жіберуі – адамзат жаратылуы туралы аңыздағы бүлік алмасының өзгеше бір семантикасындай.

XX ғасыр мәдени ділінің, символистерден бастап постмодернистерге дейін, басты бағыттарының бірі – жаңа аңыздық сана болды. Аңыздық-поэтикалық сананың құпияларын зерттеудің оннан аса әдісі өз алдына, әлемдік мәдениетте классикалық және ежелгі аңыздардың «күні туды», аңыз енді көркем шығармалар құрылымына белсенді пайдаланыла бастады, аңыз енді метатілге айналды. Қазақ әдебиетіндегі аңыздық кезең (неомифологизм) де 60-70-жылдардан басталды. Жаңа парадигмалы ғалым, әдебиет теоряшысы Айгүл Ісімақова бұл құбылысты қазіргі қазақ әдебиетіндегі мәдени архетиптер орайында қызғылықты талдайды («Казахская художественная проза: поэтика, жанр, стиль», «Ғылым», 1998). Неомифологизм модернистік, яғни XX ғасыр прозасы принциптерінің бірі. Ал, бұл проза принциптеріне тоқтар болсақ, сөз тым ұзап кетеді...

Осы орайда айтатын бір жайт – қазақ философтары ізденістерінің қазақ әдебиеті кеңістігіне онша бұрылмай отырғаны, пәнаралық жатсыну ахуалы. Мұның бір себебі – жаңа философия инструментарийін меңгергендердің көпшілігі орыс тілінде жазады. Ал, қазіргі қазақ әдебиеті пәнаралық талдауларға зәру-ақ. Әңгімені осы тұста түйіндер болсақ – өнердің жаңа философиясының стратегиясы жасалған. Бізге жаңадан велосипед жасап шығарудың қажеті жоқ, сол барды оңтайлы пайдалана білу шарт; мүмкін бейтаныстау ұғым-танымдарды зерделеп, интеллектуалды айналымымызға түсіру шарт.

Ә.Қ. Бөпежанова. «Өнер жеке тәжірибе», «Жібек жолы» баспасы, 2007 жыл, белгілі ғалым, әдебиеттаушы Қ.Мәдібаймен сұхбаттан, 308-309, 312-313 бб.



Анарбай Сағиұлы БҰЛДЫБАЙ,
филология ғылымының кандидаты,
профессор

1950 жылы 1- мамырда (21 қаңтар) Жетісу (Талдықорған) облысы, Кер- бұлақ (Гвардия) ауданы, Боранбай ауылында туған.

Жетісу (Талдықорған) облысы, Кербұлақ (Гвардия) ауданындағы Акжар орта мектебінде оқып, 1965 жылы Бостан орта мектебін, Жаркент қаласындағы Панфилов педагогикалық училищесін (1969), әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) филология факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша (1974) үздік бітірген.

«Қазақ жыршылық, жыраулық өнері» тақырыбы бойынша академик Р. Бердібаев, профессор М. Дүйсеновтің жетекшілігімен 1989 жылы кандидаттық диссертация қорғаған.

ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2005), Жетісу облысы, Кербұлақ ауданының құрметті азаматы (2018), Халықаралық Шыңғыс Айтма- тов Академиясының, (2021) ҚР Гуманитарлық Ғылымдар академиясының академигі (2006), Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі (2024), Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың, Б. Момышұлы атындағы сыйлықтың лауреаты (2017).

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; фольклористика, түркітану; Абайтану; Жамбылтану, Сүйінбай ақындық мектебі.

Бұлдыбай Анарбай Сағиұлының жетекшілігімен 3 ғылым кандидаттығы, сонымен қатар 2 PhD докторлығы қорғалды.

1974 -1990 жылдар аралығында ҚР ҰҒА-ның М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер, 1990 - 1995 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік сәулет - құрылыс Академиясында кафедра меңгерушісі, 1995-1997 жылдар аралығында әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің доценті, 1997-1999 жылдары әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің әдістемелік бөлімінің бастығы, 1999 жылдан бері әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Филология факультетінің Қазақ әдебиеті тарихы кафедрасының доценті, профессоры.

1997-2004 жылдар Орталық Азия университетінің проректоры, 2004-2008 жылдары Халықаралық Мамандықтар Институты ректоры қызметін атқарды.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

«Ерен еңбегі үшін» (1973), «Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» (2021), «Қазақстан патриоты» (2020), Түріксойдың «А. Байтұрсынов» алтын медалінің, Қырғыз Республикасының «Қырғыз тілі», (2023), ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл», (2021), «Қабан жырау» алтын медалінің, (2020), ҚР Ғылым және жоғары Білм министрлігінің «А. Байтұрсынов» медалінің, (2025), ҚР Президенті Қ-Ж Тоқаевтың «Алғыс хатының», (2022), Саха Республикасы Басшысының «Алғыс хатының» (2026), иегері.

Бұлдыбай Анарбай Сағиұлы қазақ әдебиетінің тарихына, фольклористика, қазақ тіліне арналған бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының, монографиялардың авторы.

Жарияланған еңбектері Атап айтсақ «Өшпес өнер» (2000), «Үш тоғыс» (2004), «Риторика» (2005) «Шешендік өнер табиғаты» (2008), «Шешендік өнер» (2009), , «Жетісу жыраулық, жыршылық, ақындық дәстүрі» (2015), Қабылиса (Қабан жырау). «Тарақ таңбалы тарлан» (2020), «Қабан жырау» (2023), «Жамбыл шығармашылығы» (2023), «С.Сейфуллин және фольклор» (2023), «Жетісудың жыр жүйрігі – Бақтыбай Жолбарысұлы» (2026) монографияларының және «Ж.Жабаев творчествосы»,(1980), Түркі халықтарының эпикалық жыр айту дәстурі» (Ашхабад,216), «Ұлы даланың ұлық жырауы» (2017) «Жамбыл әлемі» (30 том) (2021), «Жамбыл жырау» (2021) және т.б оннан аса ұжымдық монографиялардың авторы.

«Қазақша сөйлегіңіз келе ме?» атты оқулықтар (4 кітап), (1997), «Шешендік өнер (2006), «ТМД халықтары әдебиеті» (2007), «Риторика» (2007), «Түркі халықтары әдебиеті және фольклор» (2008), «Риториканы оқыту әдістемесі» (2007), «Жамбылтану» (2009), «Сүйінбайдың ақындық мектебі» (2010) оқу құралдарының авторы.

Ақын-жыраулар» (1980), «Жыр шашу» (1982) «Жай қоңыр» (1990), «Мәңгі көктем» (1985), Қ.Алтынбаев «Қиял қанатында» (1990), Қ Терібаев «Ағынды Ақсу» (1998), Қ.Жапсарбаев «Сөйле, тілім» (1998), «Ж.Жабаев шығармалары», (2016), 2 том, Ә.Сариев «Шығармалары» (2016), Е.Жақып- беков «Айтыстары» (2020), Х.Саматыров «Хан тәңірінің хас жүйрігі» (2022), Е.Кандеков «Шығармалары», (2020) Ж. Жарқынбаеваның өлеңдер жинағын және т.б жиырмадан аса халық ақындарының жинақтарын құрастырып, алғы сөздер жазды.

«Ш.Айтматов шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» (1999), «Махамбет шығармаларындағы эпикалық дәстүр» (2003), Сыр бойы жыршы- лық жыр айту мектебі және Т.Ізтілеуов шығармашылығы. (2010), Ш.Құдайбердиев және қазақ эпикалық дәстүрі (2010), «Ақын-жыраулар шығармашылығындағы шешендік сөздер» (2010), «Жыр айтушылық өнер оның тылсым сырлары» (2012), «Дадем Коркут и

типология эпических сказительство тюркского народа» (Ашхабад, 2015*)*, «Манас» эпосунда кыргыз -салттын суреттелушу (Бишкек, 2016), «Манас» эпосы және кырғыз халқының салт-дәстурі Ш.Уәлиханов зерттеуінде (Үрімші, 2016), EPOS «MANAS» AND SH.UALIKHANOV (Прага,2015), «The Value of Narrative Art in Folklore» (Мадрит, 2015), «Ч.Айтматов феномени: озунчелугу, даанышмандыгы» (Бишкек,2015), «Түркі-монғол халықтарының эпикалық жыр айту өнері» Термез, Нүкіс, Гүлстан, Новосібір, Якутск, Баку, Уфа, Ташкент, Ашхабат, Қазан, Кызыл, Таулы Алтай, және т.б (2016-2026ж.) қалаларда баяндамалар жасап, жалпы саны 400 ден аса Республикамызда және шет елдерде ғылыми, оқу-ағартушылық мақалалар жариялаған

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Халық ауыз әдебиетінде өзіндік ерекшеліктері мейліше мол, күрделі жанрдың бірі – айтыс. «Айтыс» қазақтың төл сөзі, ежелден айтысу, сөз жарысы, пікір таласы деген ұғымда қолданылып келген.

Қазақта айтыс шешендік қара сөзбен де, өзара күй тартысу арқылы да, кезектесіп айтылған суырып салма өлеңмен де болуы мүмкін. Мұның қай түрін алсақ та аса сезімтал тапқырлық пен алғырлықты, қиыннан қиыстыратын шеберлікті керек етеді.

«Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз өнерін қадір тұтып қастерлеген қазақ халқы жалпы әдеби мұраға, оның ішінде өрнек-айқышы мол ақындар айтысына айрықша мән беріп, оны өзінің рухани мол өмірінің жарқын көрінісі, тұрғысында буыннан буынға жалғастырып, үлгі етіп отырған.

Айтыс өзінің тыңнан туған тапқырлығы мен жұртты тез баурағыш тартымдылық сипаттары арқылы қазақ өмірінің әр саласымен-ақ ертеден біте қайнасқан жанр.

Айтыс – импровизация дәстүріндегі жекпе-жек өнер сайысы, сөз бәсекесі. Мұның ең алғашқы түрі – елдің байырғы тұрмыс-салтына байланысты айтылып келген «Жар-жар», «Бәдік» айтысына, яки жеңіл-желпі қайымды қағысулар, әзілді шекісулерге талапкер жұрттың бәрі де қадарынша қатысып отырған.

Ертеден жалғасып келе жатқан бұл дәстүрлі сайысқа қатысу үшін кәрі-жас, үлкен-кіші, әйел-еркек деп әсте шек қойылмаған. Айтыс үстінде жеңіу мақсатын көздей айтылған нендей ащы, ауыр сөздерде айып, кінә саналмайды, мұнда «Әзілің жарасса атаңмен ойна», «Күш атасын танымас», «Сөз тапқанға қолқа жоқ» тәрізді нақыл сөздер айтыс негізін құрайды.

А.С. Бұлдыбай. Үш тоғыс. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2001. – 120 -121 бб.

Қазақ ауыз әдебиеттінің айрықша жанрының бірі-шешендік сөздер. Шешендік өнер – ақындық, жырау, жыршылық, айтыс секілді қазақ әдебиетінің, мәдениетінің, өркенниеттілігінің өзіндік ерекшелігін көрсететін жанрдың бірі.

Шешендік сөз – қазақ сөз өнері салаларының халықтық көркемдік ойлау деңгейін танытатын байырғы үлгілерінің бірі.

Би-шешендердің қызметі қазақ халқының барлық әлеуметтік топтарының адамгершілік-имандылық мінез-құлық дағдыларының ата-бабалық қалыптасқан жүйемен жүріп отыруын қадағалаған, елді басқарып отырған хандарды да, қол бастаған батырларды да, мыңғырған малы бар байларды да, дәулеті жоқ кедей шаруаларды да, ел ісіне араласа бастаған бозбалаларды да – барлық жастағы адамдарды халықтық адамгершілік ұлағатымен тәрбиелеген.

Сөз шындық пен адам арасын жалғастырушы. Сөз арқылы халқымыз алыс ғасырларға жол тартқан, соның нәтижесінде заң шығарған, көркем өнердің алуан туындыларын ойлап тапқан.

Көркем өнердің нағыз шыңы – сөз өнері. Сөз білетін, жөн білетін адамға халық елдің ішкі, сыртқы істерін шешуге толық құқық беріп отырған. Сондықтан да халқымыз «өнер алды – қызыл тіл» деп таныған.

Би-шешендер халық алдында сөйлер алдында өзінің алдына мынандай мақ- саттар қойған:

– тыңдаушы сезімін түртіп ояту;

– санасына, ойына ұтқыр саналылықпен қозғау салу;

– тыңдаушы бойынан ояну мен қозғаудың нақтылы нәтижесін көру.

Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізгі құлпының кілті – мазмұн. Халық дерек- сіз көмескі ойды әрқашан жоққа шығарған. Нені айтса да нақтылы, сендіретіндей, ұйытатындай дәлелді сөйлеген және сөздің жүйелі шығуына, бытырыңқы болиауына баса назар аударып келген.

Шешендіктің ең бір қиын қыры – сөзді айта, дауыс ырғағын, шалт қимыл-қозғалысты қолдана білу.

Шешендіктегі ынталылық – сөзді дұрыс сөйлеуден, ортақ тақырып – қисынды өнерді сөзді дұрыс құрауды үйрететін ғылыммен үйлестіруден білінеді.

Дана халқымыз шешендікті терең менгерген адамды киелі санап, жүйесін тауып сөйлеген сөзге тоқтаған, шешендікті «шешендік өнер» деген сөз тіркесімен атауы тегіннен – тегін болмаса керек.

«Шешендік өнер» деген терминнің өзі алғаш латын тілінен алынып, «әдемі, сенімді сөйлей білу қабілеті» деген мағынаны білдірген, сол тұрғыда қолданылған. Кейіннен сөйлеу тәсілдерінің жиынтығын, тілмарлықты атаған.

А.С. Бұлдыбай. Үш тоғыс. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2001. – 232-233 бб.

Таланттарды тарихтың өзі туғызады, заманның селмен желі, өрті мен дерті шыңдап шынықтырады. Олардың рухы өлмейді, жұлдызы сөнбейді, күн өткен сайын атақ-даңқы өшпей, керісінше, құмнан аршылған алтындай жарқырай береді.

Ақындық, жыр айтуда өзіндік өрнегі, қолтаңбасы бар ақындық, жыр айту мектебінің бірі – Жетісу жыраулық, жыршылық, ақындық дәстүрі.

Ауыз әдебиеті жанрының ішінде жыраулық, жыршылық өнермен қатар айтыстың ерекше дамуы кезінде Жетісу ақындық, жыр мектебінің орнын ерекше көрсетті. Осы тұрғыдан қарағанда Жетісу жыраулық, ақындық, жыр айту дәстүріне сүбелі үлес қосқан дарындардың қатарында Қабан (Қабылиса), Түбек, Бақтыбай, Сүйінбай, Жамбыл, Құланаян Құлманбет, Мәулімбай, Кенен, Қалқа, Үмбетәлі т.б. атауға болады.

Жетісу жыраулық, ақындық дәстүріне көз салғанда бұл аймақтағы жыраулық, ақындық дәстүрдің түп негізі бір болғанымен дами келе төрт салаға жіктелгенін, бірақ бір-бірінен алшақ кетпей бір-бірін толықтырып отырғаны анық байқалады.

Кезінде Сыр бойында туып Жетісу жыраулық дәстүрінің негізін салған Қабан (Қабылиса) жырау мектебін жалғастырушы Бақтыбай Жолбарысұлы, Қалқа Жапсарбаев, Мәулімбай, Қыдырәлі, Темірғали, Артық, Әбікен ақындықтың өзіндік айтыс мектебін қалыптастырса, Қабан жыраудың жиені Сүйінбай Аронұлы өз мектебін қалыптастырды. Сүйінбайдың шәкірті Жамбыл Жабаевтың ерен дарыны арқасында бұл мектеп Сарыбас, Кенен, Үмбетәлі, Бармақ, Саяділ және т.б таланттар арқылы ерекше танылды. Бұл мектеп өкілдері жыраулық, ақындықпен қатар жыршылық өнерді де ерекше дамытты.

Ал Жетісу өлкесінде тағы бір өзіндік орны бар ақындық мектеп ол Құланаян Құлманбет дамытқан орта. Албан Асан, Бөлтірік, Көдек, Таңжарық және т.б. өкілдері бар бұл мектептің де суырып салма өнермен қатар қисса- дастандар жырлауда өзіндік қолтаңбасы ерекше. Оның бір ғана мысалы Жамбылдың «Көруғлы» жырын Құлмамбеттен үйренуі.

Ал Жетісу өлкесінде тағы бір өнерімен ерекшеленетін мектеп Абай дәстүріне бой алдырып, суырып салма өнерді жазба әдебиет дәстүрімен ұштастырған Сара Тастанбеккызы, Қуат Терібаев және т.б. дамытқан бағыт.

Халық көңіл-күйінің, халық тұрмысының қаз-қалпындағы суреті-сарынын, кескін-көрінісін көп көкейіне қонымды жеткізетін жыраулар мен ақындар.

Соның бір дәлелі, Қабан Асанұлының, Сүйінбай Аронұлының, Бақтыбай Жолбарысұлының, Жамбыл Жабаевтың және т.б. ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатқан екінші өмірі.

А.С. Бұлдыбай. Жетісу жыраулық, жыршылық, ақындық дәстүрі. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2014. – 24 бет.

Жетісу жыраулық, жыршылық, ақындық мектебін қалыптастырған, кемеліне келтірген Қабан жырау, Сүйінбай Аронұлын және Жамбыл Жабаев.

М. Әуезов «Жетісу айтыс өнерінің алтын дінгегі» деп атаған, Жетісу ақындарының ақ тұйғын ақыны Сүйінбайдың ұстазы, әрі нағашысы Жалайыр Қабан (Қабылиса) жырау Асанұлы туралы академик, профессор М. Әуезов «Айтыс ақындары», «Қазақ әдебиеті тарихы» атты еңбектерінде, академик С.Мұқанов әдебиет тарихы туралы зерттеулерінде құнды деректер қалдырған.

Жетісу ақын-жыраулары пір тұтқан атақты Қабан (Қабылиса) Асанұлы – әрі жырау, әрі сәуегей абыз, әрі айтыскер ақын, ел бірлігін қорғаған батыр, данагөй ақылшы болған тұлға.

Қабан жырау – алдымен, ақиық ақын әрі тереңнен термелеп сөйлейтін әулие көмей, жорықшы жырау, жыршы. Екіншіден, елдің мұңы мен зарын айтатын әрі қалың халықтың арасында суырып салып, елдің намысын қорғайтын айтыс ақыны болған. Үшіншіден, есейе келе елдің қамқоры, аталы сөз бен баталы тілек айта алатын сөзі дұғалы абыз, әулие, көреген, көсем, кемеңгер болған халықтың қалаулысы.

«Бізге жеткен аңыз-әңгімелерге қарағанда, Қабан қапсағай денелі, айбарлы, ақылды адам болған секілді», – деп жазады оның мұрасын зерттеушілер.

Қабан жырау әділдік пен амандықты жоғары ұстаған, әркімнің қайғы-қасіретіне ортақтасып, оларға жанашырлық көзбен қарап, халқадірінше қол ұшын беріп отырған.

Қабан жырау өз кезінің жыраулық дәстүрді ақындық дәстүрге жалғастырған Шал, Көтеш ақындар секілді ірі ақын болғаны және ол он бес жасынан бастап айтысқа түскенін оның артында қалған дүниелерінен анық көрінеді.

Қабан жыраудың ақындығын айтсақ, оның өлең-толғаулары адамның өмірде өз жолын табуына арналған, дидактикалық мол мазмұнға ие шығармалар. Мұны өмірдің ащысы мен тұщысын көрген кемеңгерлікке жеткен абыздың аталы сөзі деп бағалау керек.

Үшіншіден, халықтың батагөй қариясы, данагөй дариясы болғандығы баршаға аян. Қабан жыраудың көріпкелдігі мен болжағыштығы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып, алқалы топты аузына қаратқан шешендігі, қалың жаудан қаймықпай қол бастаған ерлігі, халқына қамқорлығы ешқашан елдің санасынан ұмытылмайды, ұрпақтан ұрпаққа ұлықталады.

А.С. Бұлдыбай. Қабан /Қабылиса/ жырау. – Алматы: «Аспан» баспасы, 2022. – 292 бет.

Сәкен Сейфуллиннің шығармаларының фольклорлық сипаты сөз болғанда сөз зергерінің өз шығармаларында ауыз әдебиетінің белгілі бір жанрының ғана қыр-сырын мұрат еткен деген ұғым тумауы тиіс. Ол өзінің көркем дүниесін өрнектеу барысында фольклорлық сарындардың қай саласындағы болсын өзіне оңтайлы деп танылған үрдістер тоғысын әдемі қиыстыра пайдалана білген.

Оның шығармаларының өн бойынан аңыз-әңгімелер сұлбасы да, батырлық, ертегілік сипаттар көрінісі де, халық әндері мен күйлерінің желісі де, шығыстық мәтіндер әсері де, мақал-мәтелдер мен ауызекі тілдегі сөз оралымдарының тәсілі де молынан кездесетінін айтып өту ләзім.

Ең бастысы, Сәкен – өз шығармаларында табиғат суреттеуде, портрет жасауда фольклорлық тілдік құралдар мен стильдік амал-тәсілдердің көркемдік ерекшеліктерін ұтымды қолдана білген қаламгер.

Сәкен шығармаларындағы фольклорлық сипаттың осыншама басымдығын, біріншіден – оның өскен ортадан алған тәлім- тәрбиесінің салдарынан десек, екіншіден – саналы өмірінде қаламгердің халық мұрасын жинаушы, жариялаушы әрі зерттеуші болуы үлкен рөл атқарған.

А.С. Бұлдыбай. Сырсандық. Сәкен Сейфуллин және фольклор. – Көкшетау: «Көкше-Полиграфия» баспасы, 2023. – 22-23 бб.



Алмахан Мұхаметқалиқызы
ГАБДУЛЛИНА

Алмахан Мұхаметқалиқызы Габдуллина 4 желтоқсан 1962 жылы Семей облысы, Мақаншы ауданы, Жарбұлақ ауылында дүниеге келген. Семей мемлекеттік пед. институтын бітірген. 2005 ж. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Қазақстан Республикасының үздік ақын номинациясының иегері (2016 ж. қараша).

Марапаттары: ҚР Президентінің 2016 ж 29 қарашадағы Жарлығы бойынша «Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығы» мерекелік төсбелгісімен, «Абай» төсбелгісімен, ҚР Мәдениет саласының үздігі меделімен марапатталды (2022 ж.).

Абай шығармашылығы мен мұрасын тануда айрықша мәні бар бастама көтеріп, 2010 жылы Астанадағы Қазақстан-Ресей университетінен тұңғыш рет «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығын ашып, Елордада аталған орталықтың негізін қалады.

Орталықтың нәтижесінде «Абайтану курсы», «Ұлылар мекеніне саяхат», «Абай биігі – ұлт биігі», «Онді сүйсең менше сүй» бағдарламалары, «Астана ақшамы» газетінен ашқан «Абай нұры» айдары арқылы үзбей жарияланып тұрған циклдық зерттеу мақалалар, т.б. аса қажет құндылыққа қосылды. Абайдың өнер мектебін қалыптастыру мақсатында талантты жастар арасынан «Абай нұры» атты өнер клубы ашылды.

Бұған дейін де Семейдегі Республикалық Абай қорық-мұражайында 18 жыл мәдени-ағарту қызметінде Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармашылығы мен ақын-жазушылар, көрнекті қоғам қайраткерлерінің әдеби-ғылыми кештерін өткізіп, үгіт-насихат жұмысына белсене араластым.

Жетістіктер

1985-2014 жылдар аралығында аудандық, облыстық, Республикалық байқаулар мен мәдени іс-шараларда әр түрлі жүлделі марапаттар мен алғыс хат, грамоталармен марапатталды.

1999 ж. «Жансая» Семей, «Полиграфия» баспасынан жыр жинағы жарыққа шықты.

2002 ж. «Тылсым сыры» Семей, «Тәңірі» баспасынан жыр жинағы жарық көрді.

2003 ж. «Жыр-ғұмыр» Семей, «Таңдау» баспасынан жыр жинағы жарық көрді.

2005 ж. Қазақстан тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған республикалық мүшәйрада жүлделі орынға ие болған «Донор және тек» поэмасы үздік әдеби жинаққа енгізілді.

2007 ж. «Шабыт шағымы» - Алматы, «Өнер» баспасынан жарық көрді.

2008 ж. «Жыр ғұмыр» Семей қалалық мәдениет сарайында әдеби-шығармашылық кеші өткізілді.

2009 ж. «Мұң – менің мәңгі ұстазым» Новосибир баспасынан жарық көрді.

2010 ж. «Бір бөтен ой айтқым келеді» атты жыр жинағы Астана «Фолиант» баспасынан шықты.

2010 ж. 25 қазанда Қазақстан мәдениет министрлігінің қолдауымен Астана қаласы, Ұлттық академиялық кітапханада ақынның «Бір бөтен ой айтқым келеді» атты шығармашылық кездесу кеші өтті.

2010 ж. Елордасы – Астанада Абай шығармашылығы мен мұрасын тануда айрықша мәні бар бастама көтеріп, Қазақстан-Ресей университетінен тұңғыш рет «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығын ашты.

2010-2014 ж.Астана бойынша 36 сағат негізінде «Абайтану курсы» жүргізіліп, 47 ұстазға куәлік берілді.

2011 ж.Абайдың өнер мектебін қалыптастыру мақсатында талантты жастар арасынан «Абай нұры» атты өнер клубын ашты.

2010-2014 ж.«Ұлылар мекеніне саяхат» бағдарламасы бойынша Астана -Семей-Жидебай сапарымен 147 адам экскурсиялық, танымдық саяхатқа барып қайтты.

2012 ж. «Абай биігі – ұлт биігі» атты Абай шығармашылығына байланысты суретшілер арасында қалалық байқау ұйымдастырды.

2013 ж. «Әнді сүйсең менше сүй» тақырыбымен Абайдың музыкалық мұрасы, Абай әндерінің байқауы ұйымдастырды.

2012 ж. Әр апта сайын «Астана ақшамы» газетінен ашқан «Абай нұры» айдары арқылы үзбей жарияланып тұрған циклдық зерттеу мақалалар, зерттеулер аса қажет құндылыққа қосылды.

2012 ж. Абайтану саласында қосқан үлесі үшін қала әкімі И. Тасмағамбетов Алғыс хатпен марапаттады.

2016 ж. Астанададағы Ұлттық Академиялық кітапханасының ұйымдастыруымен Республикалық ақындар арасында жарияланған оқырмандар таңдауы бойынша «Үздік ақын» номинациясын иеленді.

2016 ж. ҚР Президентінің 29 қарашадағы Жарлығы бойынша «Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығы» мерекелік төсбелгісімен марапатталды.

2019 ж. Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында өткен конференцияда Елордада Абай атындағы меткеп болуына ұсыныс жасап, зиялы қауымның қолдауымен №87 –ші Абай атындағы мектеп-гимназия ашылды.

2019-20 ж. Елордадағы №87- ші Абай атындағы мектеп-гимназиясы жанынан жылдар бойы жинаған тарихи-мәдени, әдеби, фото мұрағаттардан «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығын екінші рет ашты.

2019-2020 жж. №87-ші Абай атындағы мектеп-гимназиясында оқушыларды кезең-кезеңге бөліп, жас ерекшеліктеріне қарай «Бала Абай» (1-5 сынып), «Ақын Абай» (6-8 сынып), «Хакім Абай» (9-11сынып) бойынша «Абай әлемі» бағдарламасы бекітіліп. Астана қаласы бойынша оқыту ұсынылды.

2020 ж. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ҚР Мәдениет және спорт миистрлігі «Мәдениет саласының үздігі» №1713 төсбелгісі марапатына ие болды.

2020 ж. ҚР «Белес» өнер орталығы «Абай халық данасы» атты республикалық байқаудың «Абай» төсбелгісімен марапатталды.

2020 ж. ҚР Астана қаласы, тілдерді дамыту «Рухатият» орталығының тіл фестивалі аясында арнайы Алғыс хатпен марапатталды.

2020 ж. Астана қаласы, білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хат берілді.

2021 ж. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың алғыс хатымен марапатталды.

2021 ж. Абай атындағы халықаралық мәдениет орталығының ұйғаруымен Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай № 62 «Абай» мерейтойлық төсбелгісімен марапатталды.

2021 ж. Астана қаласы, қалалық білім басқармасының Алғыс хатымен марапатталды.

2021 ж. Астана қаласы, Біліктілікті арттыру орталығының музей ісі «Оқу-тәрбие үрдісінде мектеп музейлерін тиімді пайдалану» жөніндегі шаралар негізінде арнайы сертификатқа ие болды.

2021 ж. Республикалық желілік Абай мектептері арасында «Білім берудегі 4К моделі: теория және әдістеме» бойынша арнайы онкүндік курстан өту сертификаты табысталды.

2021 ж. Астана қаласы, білім беру саласында жас жеткіншектердің тәрбиесіне белсене араласқаны үшін Абай атындағы халықаралық мәдениет орталығы «Абай сыйы» сыйлығы берілді.

2021 ж. «Асыл қазына» телевизиялық-инелектуалдық жобаға қатысып, «Асыл қазына» жеңімпазы атанды.

2022 ж. Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданының «Абырой» медалі

№437

2022 ж. ҚР Республикасы Халықаралық мәдениет пен өнерді қолдау қоры «М.Әуезовтың 125 жылдық мерейтойлық» медалі №004

2022 ж. Абай облысы, Абай ауданы, Абай мектебінің 90 жылдығы № 45 медалімен марапатталды.

2023-25 ж.ж. Қалалық, облыстық, Республикалық, Халықаралық семинар, конференциялар, алғыс хаттар мен сертификаттар берілді.

2025 ж. «Абай жолы романының кейіпкерлері және Абай» Астана - 2025 ж. «Фолиант»

2025 ж. «Абай жолы романының кейіпкерлері және Абай» Түркия – Стамбул. «Кабус» баспасы.

2025 ж. – «Адамтану ілімі және бес саусақ ережесі» Түркия-Стамбул. «Кабус» баспасы.

«Абай жолы» романының кейіпкерлері және Абай» (1 – том)

Екі томдық жинақтың бірінші кітабі. Абай тану жолында 35 жыл жинаған еңбектің нәтижесі. Бұрын-соңды жинақталмаған романның кейіпкерлеріне қысқаша сипаттама беріле отырып тізбеленген. «Абай жолы» романының кейіпкерлері: «Абайдың туысқандық айналасы» - 83, «Құнанбай заманының кейіпкерлері» - 183, «Абай заманының кейіпкерлері» - 537, «Романдағы ру аттары», - 80, «Романдағы жер-су аттары» - 312, «Абай оқыған шығармалар кейіпкерлері» - 133, «Абай оқыған ертегілер», т.б. жеті тарауға бөлінеді. Үш бөлімге бөлінген кейіпкерлердің жалпы жиыны – 803. Құнанбай әулетінің 15-17 қыстауконысы болғаны да анықталды.

Әлем әдебиетін зерттеушілердің бірінің еңбегінде: «Абай жолы» романы көркем әдебиеттердің ішіндегі ең көп кейіпкері бар, жер-су аттары мен ру атаулары молынан берілген күрделі шығарма» деген. 26 тараудан, 2 эпиологтан тұратын 4 томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы тақырыпқа бөлініп, кейіпкерлердің аты-жөндерін тек қана тізіп шығумен шектелмей, әр кейіпкердің туысқандық, достық, рулық байланысы, тарихи оқиғаларға қатысы, өзектес, сабақтастығы жазылды.

Осы күнге дейін «Абай жолы» романындағы кейіпкерлер мен жер-су аттарының әлі күнге дейін толық тізімі жасалып, нақты саны айтылған жоқ.

Интернеттегі тест сұрақтарының бірінде «Абай жолы» роман-эпопеясында 953 кейіпкер бар, оның 91-і Абай өмірбаянынан алынған» деп беріліпті. «Абай жолы» романының уикипедиясының «кітап кейіпкерлері тарауында бас кейіпкер Абайдан бастап 192 кейіпкердің есімін тізіп, түсінік бергенімен нақты саны жазылмаған. Бекен Исабаевтың «Ұлылар мекені» жинағындағы деректе 463 кейіпкердің бар

екенін жазады. «Абай жолы» романының кейіпкерлері» деген тақырыптағы мақаланың авторы Ж.Өсе-бай біршама кейіпкерге түсініктеме беріп, тізбелеп шыққанымен нақты санын көрсетпеген екен. Журналист Азамат Қасымның «Egemen Qazaqstan» газетіне жарияланған мақалада: "Абай жолы» роман-эпопеясында 407 жер-су, 5 мыңнан аса кісі есімі аталады екен. Шіркін-ай, осы 407 жер-су атауы түгелдей тізімделіп, «бұл жерде ұлы Абай қыстау салған», «мына жерде ақын сүйікті ұлымен қоштасқан» деген белгілер қойылса қандай ғажап болар еді» деген дерек келтіреді.

Зәки Ахметов: «Абай жолы» қалай туған?» мақаласында: «Эпопеяда Абайдың өзін былай қойғанда, Әбіш, Мағаш, Оспан, Базаралы, Тоғжан, Әйгерім, Ұлжан, Құнанбай, Әзімбай, Тәкежан, Оразбай, Бөжей, Жиренше, Майбасар секілді сол дәуірде, сол ортада өмір сүрген прототипі бар кейіпкерлер мейлінше мол. Солармен қатар Дәрмен, Дәркембай, Иса, Иіс, Сейіт, Салтанат секілді түгелдей дерлік ойдан шығарылған кейіпкерлер де аз емес және оларды осылай екі топқа тек шартты түрде бөлуге болады. Өйткені олардың арасынан жарылып айырылғандай пышақ кесті жік табу қиын», дейді.

Мұхтар Әуезовтің Абай образын кемеліне келтіре суреттеп, сомдап соққан классикалық шығармасы – «Абай жолы» атты төрт томдық эпопея әлемнің көптеген шет тіліне аударылған тарихи роман. Зерттеуге аса қажет бұл еңбегім оқырмандар сұранысына, мектеп оқушылары мен студенттер ізденісіне аса қажет болып отыр.

Жинақтың екінші бөлімінде "Абай жолы" роман-эпопеясында кездесетін кейіпкерлер мен тарихи оқиғаларға арналған әр жылдары жазылған зерттеу мақалалардан тұрады.

Терең идеялы, көркем шығарма кейіпкерлер, жер-су аттары, ру, тарихи оқиғаларға толы халқымыздың рухани мұрасына айналғаны баршамызға аян.

«Абайдың өмірі мен шығармашылығы хронологиясы» (2-том).

Абайтану ғылымында ерен еңбек атқарған М.Әуезов Абайдың шығармашылығы мен өмірі жайлы хронологиялық жинақты өзінің өмір сүрген уақытына дейін жеткізді. Заман ағымына қарай Ә.Бөкейханов, Шәкәрім, Мағжан, Міржақып сынды алаш арыстарының еңбегі, айтуға тыйым салынған кейбір деректер М.Әуезов хронологиясына енгізілмеді. 1960 жылдар-дан кейін Абай шығармашылығына байланысты хронологиялық деректер жүйелі түрде жинақталып жарық көрген жоқ.

Абай мұражайында еңбек еткен жылдарымнан бастап, бүгінгі күнге дейін (1992-2025 жж). «Абайдың өмірі мен шығармашылығы хронологиясы» жинағын үздіксіз жинап келемін. Абай шығарма-

шылығы мен өміріне арналған деректер толық түсінігімен жазылған. Осы күнге дейін еш жерде жарияланған жоқ.

Аталған жинақ Абайдың өмірі мен шығарма-шылығы, өскен ортасының үш кезеңін қамтиды.

1845-1904 жылдар – «Абайдың өмірі, өскен ортасы, заманы».

1904-1980 жылдар – «Әдеби-мәдени ортасы, шығармашылығы, насихаттау жұмыстары».

1980-2025 жылдар – «Абайдың әлем елдерінде аударылған еңбектері, Абайтанушы ғалымдар, ғылыми-зерттеу, мерейтойлар» қамтылады.

Абайтану ғылымында бұрын-соңды болмаған хронолог ілімін қалыптастырады. Жинақ уақытына қарай жылнама негізінде толықтырылып томдық негізде үздіксіз жалғасын тауып жариялана береді. Республика бойынша мектепте оқытылатын Абайтану бағдарламасында, назардан тыс қалып келе жатқан Абайдың сатылай өсу жолдарын негізге ала отырып, Абайтану ғылымында тарихи күнтізбелік даталарды бір жүйеге қалыптастырады. Абайдың өмір жолы мен шығармашылық кезеңдерін тақырыпқа бөліп, мектеп бағдарламасына енгізуге бағыт береді. «Абай заманындағы Абайтану», «Кеңес дәуіріндегі Абайтану», «Бүгінгі Абайтану» негізінде Абайды үш кезеңге жаңа қырынан зерттеуге ғылыми еңбектер жазылып, тақырыпқа шектеусіз шығармашылық жол ашылады.

Әр адамның іздегенін табатын, оны өміріне тірек ете алатын, бағыт-бағдарын айқындай алатын қуат күші Абай шығармаларының тұрақты әдістемелік нұсқасын қалыптастырады. Абайды тану, оның өмір жолы мен шығармаларын меңгеру арқылы өмірде өз қажетіне сай оқып-үйрену, жан-жақты талдауға жол ашады. Абайтану ғылымын жаңа бағыттағы тың көзқараспен қарауға мүмкіндік туғызып, тарихи деректерді бұрмаламауға, оған жол берілмеуіне негіз болады. Абайдың өмірі мен шығармашылығын, әдеби мұраларының мәні мен маңызын тану, мектеп бағдарламасына сай Абайтану оқулығын қалыптастыруға бағыт береді. Абайтану ғылымындағы кейбір даулы даталарды тарихи деректер арқылы нақтылайды. Абайтану ілімін әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарына жеткізіп, ғылыми дерек көздерімен зерттеуге мүмкіндік береді.

«Абай хикаяттары» 2019 ж. Алматы.

Қазіргі заман талабына сай білім беру- қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамудың жоғары деңгейлік және кәсіби біліктілігін қамтамасыз ету мен оқытудың үздіксіз үрдісі екендігі белгілі.

Бала - біздің болашағымыз. Оларға дұрыс тәрбие беру бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. «Абай хикаяттары»

жинағында Абай шығармашылығына байланысты естеліктер мен тарихи оқиғаларға сүйене отырып, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ұрпақ тәрбиесіне қатысты өте бай мазмұн қамтылған. Кеңес дәуірінің заңынан шыға алмаған М.Әуезовтың айта алмай кеткен Абайы және оның заманының шынайы тарихи бейнесі мен Абайдың көзін көрген замандастарының естеліктерінен тәрбиелік мәні зор тарихи оқиғалар ықшамдалып алынды. Бұл жинақ барша оқырман қауымға, мектеп бағдарламасындағы «Абайтану» оқулығына көркем әдістемелік қосымша құрал ретінде ұсынылады.

«Құлақтан кіріп бойды алар»

Бұл жинаққа Абай әндері мен әндердің шығу тарихы топтастырылды. «Алты әнмен білдірген әннің жайын» деп өзі айтып кеткен Абай атамыз музыканың бұл қарапайым да күрделі, нәзік те қайсар, шағын да көлемді, сұлу да сымбатты, мұңлы да қуанышты, қайғылы да қастерлі, өміршең де өрелі түрін ерекше бағалап, аса құрметтеген. Ұлттық музыканың сонау көнеден, Қорқыт баба, «музыканың ұлы кітабын» жазған Әл Фарабиден бастап, бергі замандарға дейін үзілмей келген халық творчествосының қайнар бұлағынан барынша қанып ішкен. Абайдың; «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным», «Айттым сәлем, қалам қас», «Желсіз түнде жарық ай», тағы басқа көптеген музыкалық шығармалары қазақ халқының осы ән жанрындағы алтын сандығын толтырып қана қоймай, оған ерекше серпінді әуез, бай мазмұн, жаңа ырғақ, түр беріп, ұлттық муызкамыздың шығар биігін аспандатты.

«Бір бөтен ой айтқым келеді» жинағына пікір

Алмахан Мұхаметқалиқызының өлең жаза бастағанына жиырма жылдай уақыт болды. Жазған еңбектері жергілікті баспасөз беттерінде жиі жарық көреді. Семей мен Өскемендегі, Павлодардағы жоғарғы және орта оқу орындарында, мектептерде оның шығармашылығына арналған әдеби кештер, сондай-ақ, автордың өз оқырмандарымен жүздесу кештері өтіп тұрады.

Жас талант «өз үйі, өлең төсегін» кейінгі толқын арасында мода болып кеткен түрлі әдеби ағымдардан үнемі аулақ ұстауымен де, тек өзіндік төл стиль қалыптастыруға деген құштарлығымен де өзгелерден ерекше. Дей тұрғанмен, оның шығармаларында көңілді қиял тылсымымен сиқырлаушы сюрреализмнің көркем қисындары да, *имажинизмнің бұрқақ тамшыларындай шашырай түскен сүйкімді* образдары да, символизмнің метафоралық әсем көрнісітері де көптеп ұшырасады. Бірақ, Алмахан соның бәрін қазақтың қара өлеңінің қасиетті «қазанында» қайнатып алып барып қана, көпшілік назарына ұсынуға әбден машықтанған.

Ол Абайдың Семейдегі мемлекеттік әдеби-ғылыми тарихи мемориалдық қорық-мұражайының ғылыми қызметкері бола жүріп, отбасының бітіп болмастай қам қаракеттеріне қарамастан, бүгінгі күнге дейін төрт бірдей жыр жинағының авторы болып үлгерді. Олар – «Жансая» (Семей, 1999 ж)., «Тылсым сыры» (Семей, «Тенгри», 2002 ж)., (Жыр ғұмыр» (Семей, «Тенгри», 2006 ж) және «Шабыт шағымы» (Семей, «Тенгри», 2007ж.) атты өлең кітаптары. Кезінде бұлар жайында Семейлік әдебиетшілер мен ғалымдар тарапынан жергілікті баспасөз беттерінде біршама пікірлер де жарияланды.

Алмахан Мұхаметқалиқызы - өмірдің небір құбылыстарынан мықты әдеби композиция құруға, философиялық тосын ой түюге шебер қаламгер. Мысалы, «Донор және тек» поэмасында автор «бөтен тектің қаны басқа біреуге құйылғанда, оның физиологиялық сыртқы симптомдары көзге анық байқалмаса да, рухани ішкі кері әсері сұрапыл болмақ. Өйткені, қанда тектің, мінез-құлықтың, жан дүниенің үш ұйықтасақ түсімізге де кірмейтін, ғылымға әлі мүлде құпия алапат қуаттары болады. Жүрегінде алуантекті қан араласқан адамның келешектегі мінез-құлқын болжау да өте қиын. Ондай адам өз табиғатынан жат әрекеттерге баруы мүмкін. Оның аяғы қайғылы жағдайларға ұрындырады. Сондықтан, тектес адамдар ғана бір-біріне донор бола алады» деген байлам жасайды. Мұнда консилиумдық шешім де, логикалық дәйектеме де, дүниетанымдық тың тұжырым да, бәрі бар. Ең бастысы, поэманың тілі жатық, баяны көңілге қонымды, көркемдік деңгейі жоғары. Ал, «Шәкәрім» поэмасы «Не батпанның бәрін көтере беретін жалпақ мына Жалған Дүние тек адамның ірілерін ғана көтеруге қауқарсыз» деген жаңа бір әдеби концепция ұсынады.

«Құрсақсыз ана» поэмасы өзінің трагедиялық сипатымен жан түршіктірмек. «Әлі перзент көрмеген әйел адам атом полигоны радиациясына шалдыққандықтан, емханаға түсіп, ауыр сырқаттың ақыр соңы оның жатырын операциямен алып тастауға дейін жеткізеді. Әйел өзінің аналық барша қасиетінен айырылады. Жатыр - әйелдік барша қасиетердің киелі ұясы». Осылай дейді автор. Аналық қасиетінен айырылса да, адамдық қасиетін сақтап қалған сол кейіпкер әйелдің «өзімді, Құдай, алсаң да, жатырымды тірі қалдырғай»! дегенді меңзейтін жантүршігерлік зар-мұңы – шығарманың эмпирикалық стадиядан рухани биік парасат дәрежесіне дейінгі идеясын тұтас қамтып жатқан қасірет.

Жүрегің шымырлайды...

Тыныштықбек Әбдікәкімов, ақын, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

«Кіндіктамыр» жинағы

Алмахан шығармашылығындағы ана тақырыбы, адам мінезіндегі құбылыс, қандағы тек туралы бүкіл қаламгерлік ғұмыры айқын көрінеді. Әйел-Ананы тіршіліктің бастау көзі ретінде жырға қосып, "Ананы ұлықтаңдар" деген ұғымды оқырманының санасына сіңіреді. Қадір, қасиет құрсақтан басталатын ұлт тұнығы ақылдың құрбанына, атомның ойранына айналып, болашақ тәрк етілген кезеңнің ащы шындығы ой адымыңды аштырмай, сана-сезіміңнің жолын кес-кестейді...

Алмахан түйіндеуші формада көркем образдар арқылы бойына жинақталған өз дәуірінің санасын танытатын дәстүрлі қазақ дидактикалық поэзиясынан біршама кіндік үзген жаңа кезеңінің ұлттық айшығын танытатын "тіршіліктің индивидуалды гипотезасын" ұсынып, қайталанбас ақындық "әлемнің поэтикалық моделін" өмірге әкеле білді. Қазақ әдебиетіндегі ғылыми – философиялық поэмалар Алаш мәдениетінде ерек орын алған әдеби процестегі көркем ашылымға әсер ететін өте күрделі психологиялық танымдық фактор. Фактор ғана емес, қазақтың философиялық ойының дамуындағы зор серпіліс ретінде танылып отыр. Бұрынғы отаршылдық ағартушылық әлеуметтік, тарихи-философиялық поэзияның стилистикалық айшығы келмеске кетіп, оның орнын басқан жаңа заманының Ұлттық Қайта Өрлеу Дәуірі өмірге әкелген қазақ философиялық поэзиясы өзімен санасуды керек етіп, арнайы ғылыми зерделеуге сұранып тұр. Алмаханның поэма жанрындағы ізденісін ақын ағасы Тыныштықбек Әбдікәкімұлы тарының қауызындай ойға сыйдырып: «Өмірдің небір құбылыстарынан мықты әдеби композиция құруға, философиялық тосын ой түюге шебер қаламгер. «Донор және тек» поэмасында автор «бөтен тектің қаны басқа біреуге құйылғанда, оның физиологиялық сыртқы симптомдары көзге анық байқалмаса да, рухани ішкі кері әсері сұрапыл болмақ. Өйткені, қанда тектің, мінез-құлықтың, жан дүниенің үш ұйықтасақ түсімізге де кірмейтін, ғылымға әлі мүлде құпия алапат қуаттары болады» депті. Ақынның бұдан бөлек «Алтынның буы», «Кіндіктамыр», «Шәкәрім» дастандары ашықтық пен жұмбақтың арасында мәңгілік күрес бар екенін айқындайды. Ана проблемасы Батыста – жаланаштанса, Шығыста – тылсымданады. Ол Нишце айтқан: «әйелдің жұмбағы ол аяғы ауыр болғанда шешілуінде» емес, қайта, оны Тәңірдің мәңгілік бастауы етіп жаратуында. Бар жұмбақ та, бар тылсым да неліктен мәңгіліктің негізі болып табылатындығына осы дастандарды оқу барысында көз жеткізе түсеміз.

Әбіл-Серік Әліакпар, әдебиетанушы, сыншы.

«Бес саусағыңды білесің бе?»

Қазақтың халық ауыз әдебиетінің құндылығын оқу бағдарламасында пайдаланады. Дала даныштандарының мектебі, ұлттық менталитеттің қалыптасуын негізге алады. Саусақ жаттығулары

есте сақтау және назар аудару қабілетін дамытады. Баланың сөйлеу ырғағын, лексикасын қалыптасуына көмектеседі. Балалардың сөйлеу құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптасуы ұсақ моторика тәсілдері мен қимылы дамиды. Саусақ қимылдары арқылы жүйке, ми қыртысына импульс жібереді де, сөйлеу аймақтарын белсендіріп, дұрыс айтылуын қалыптастырады.Отбасының бірлігі, ата-ананың бала тәрбиесіндегі орны елтану, жер тану, атамекенге деген сүйіспеншілік артады. Адамның өзін-өзі тануы, адам анатомиясы, тұрақты сөз тіркесіндегі дене мүшесінің аталуына мән береді. Өзін-өзі тану, ұлттық құндылықтағы жаңаша көзқарастар, тың деректер, туысқандық қамқорлықтың тәрбиелік мәні, белсенді оқуға, ортаны білуге, лидерлікке жетелейді.

Міндеті:

1. Оқу-әдістемелік білім беру саласында бұрын-соңды айтылмаған тың мәліметтерді айқындау

2. Бала тәрбиесі, ауыз әдебиетінің ұттық құндылық негізінде өзін-өзі тану, отбасының бірлігі, қоршаған ортаның ықпалын сезінуін арттыру

3. М.Жұмабаев педагогикасына зор ықпал еткен денсаулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі, және ақыл тәрбиесі бойынша ұлттық сана қалыптастыру

4. Бес саусағын тану жолымен өзін-өзі басқару, ұйымдастырушылық қабілетін арттыру, өмірде өз қажеттілігіне сай оқып-үйрету арқылы жас ұрпақты адамдыққа бағыттау,

5. Бес саусақ ілімі негізінде жас ұрпақты философиялық ой-толғамдарға жетелей отырып, бүгінгі ұлттың болмысы мен жоғалып бара жатқан ұлттық құндылықты жаңғырту

6. Оқушының танымдық қызметтерінің ерекшеліктері туралы білім негізінде мүмкіндік беретін шартты рефлексиялық қимыл-әрекетті бақылау.

7. Ғылыми-танымдық, оқу-тәрбиелік, әдістемелік білім деңгейін көтеру нәтижесінде педагогтердің де осы бағыттағы кәсіби біліктілігін арттыру

Мақсаты:

1. Мұғалімнің оқу материалын білім алушыларға түсіндіріп, олардың білімді меңгеруі мақсатында білім алушыларды мәселені (проблеманы) анықтап, оны шешуге итермелейді және олардың оқудағы іс-әрекеттерін белсенді етуді көздейді.

2. Саусақ қимылдары мен сөйлеу мүшелерін бақылайтын бастағы ми қыртыстары бір-біріне жақын орналасқандықтан сөйлеу, ойлау қабілеті жылдам дамиды. Адамдық түйсігі қалыптасып, есте сақтау қабілеті артады.

3. Адам ғұмырында қалыптасатын танымдық деңгейі мен рақым, мейірім түйсіктері оянады.

4. Ата- бабаларымыз саусақтарын өлшеу құралы ретінде де пайдаланған. Елі, тұтам, сынық сүйем, сүйем, кере қарыс, қарыс сүйем, білем, шынтақ, кез, құлаш өлшемдерін анықтағанын біледі.

5. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай кезең-кезеңге бөліп оқытылатын бір тақырыптың өзі адамтану әлемі мен табиғи ортаның байланысын қалыптастырады.

Нәтижесі:

- Баланың тілі жетіледі;
- Қимыл - қозғалысы артады;
- Икемділігі артады;
- Қисынды ойлауы дамиды;
- Танымдық деңгейі артады.
- Саусақ жаттығулары есте сақтау және назар аудару қабілетін дамытады.
- Баланың сөйлеу ырғағын, лексикасын қалыптасуына көмектеседі.
- Балалардың сөйлеу құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптасуы ұсақ моторика тәсілдері мен қимылы дамиды.
- Саусақ қимылдары арқылы жүйке, ми қыртысына импульс жібереді де, сөйлеу аймақтарын белсендіріп, дұрыс айтылуын қалыптастырады.

«Абай әлемі» 1-11 сыныпқа арналған кешенді бағдарлама

Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай кезең-кезеңге бөліп оқытылатын бір тақырыптың өзі Абай туындысының шығу тарихын, заманын «Абай жолы» роман-эпопеясымен салыстыра талдау арқылы үш бағытты бірдей қамтиды. Абай шығармаларын түпнұсқа негізінде текстологиялық өзгерістерге назар аударып, мағынасын түсіндіреді. Бұрын-соңды жарияланбаған Абай заманындағы қолжазба естеліктерге сүйене отырып ұлттық сана арқылы идеяға, өмірлік ұсанымға ден қояды. Абай оқыған аңыз- ертегілер, даналық сөздер арқылы ертеден келе жатқан ұрпақтың танымын тәрбиелейтін ауыз әдебиетінің құндылығын жаңғыртады.

Абай әлеміндегі жеке адамның тұлғалық болмысының интеллектуалдық өрісі ұлттық сана негізіндегі құндылықтарды қарапайым оқыту барысында қалыптастырады. Бағдарламаның мазмұнында білім берушілерге қатысты маңызды сұрақтардың жауабын ашады:

Бағдарламаның мақсаты орта білім беру ұйымдарындағы «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» оқу пәндері білім берушілерінің «Абай әлемі» бағыты бойынша кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Мақсаты: Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай абайтану курсын кезеңдерге бөліп оқыту арқылы («Бала Абай» - 1-4-сыныптар, «Ақын Абай» - 5-8-сыныптар, «Хакім Абай» - 9-11-сыныптар) абайтану бойынша ғылыми-танымдық, оқу-тәрбиелік, әдістемелік білім деңгейін көтеру, педагогтердің осы бағыттағы кәсіби біліктілігін арттыру.

Міндеті:

- Абайтану ілімінде бұрындары айтылмаған тың мәліметтерді айқындау. Абайдың өмірі мен шығармашылығын, «Абай жолы» роман-эпопеясымен салыстыра оқыту;

- Абайдың өмірі мен шығармашылығындағы бала тәрбиесі, ұлттық құндылық негізінде М. Жұмабаевтың педагогикасына зор ықпал еткен денсаулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі және ақыл тәрбиесі бойынша ұлттық сана қалыптастыру;

- «Абай жолы» роман-эпопеясындағы көркемдің шындық пен тарихилықты оқиғаларын салыстыра отырып анықтау;

- М. Әуезовтің Абай шығармаларын жинаушы, текстолог, ақынның ғылыми өмірбаян жинақтаушы, тарихи деректермен толығуына ықпал етуші ретіндегі қызметін саралау;

- Абай шығармаларындағы текстологиялық өзгерістерді түпнұсқа негізінде зерттеуге баулу;

- Абайды тану, оның шығармаларын меңгеру арқылы өмірде өз қажетіне сай оқытып-үйрету арқылы жас ұрпақты адамдыққа бағыттау;

Күтілетін нәтижелер:

- Орта білім беру ұйымдарында «Абай әлемі» бағдарламасы арқылы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай сатылап, кешенді оқыту барысында бала тәрбиесіне қатысты өте бай мазмұнды қарастыра отырып оқытуға үйренеді;

- Абайдың өмірі мен шығармашылығын «Абай жолы» роман-эпопеясымен тығыз байланыстыра отырып білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қарапайым тілмен оқытуды қалыптастырады;

- «Бала Абайды» оқыту жаңашылдығы ойшылдың өмірі мен мұрасын танып-білу ісіне жаңа серпіліс береді, бала Абайды оқытудың әдістемесін біледі;

- Бүгінгі ұлттың болмысы мен дүниетанымы өзгеріп, ұлттық құндылықтар жоғалып бара жатқан қазақ қоғамын рухани, моральдық сауықтырудың бірден-бір жолы – «Толық адам» іліміне сатылап оралады. Ұлы ойшылдың бүкіл шығармашылық қызметінің басты нысанасы – адам екенін жеткізе отырып жаңаша оқытудың жолын таба алады;

- Абайдың рухани мұрасының шыңы – «Толық адам» ілімі, философиялық ой-толғамдарына жетелей отырып, одан әрі жоғары оқу орындарына дайындаудың жолын көрсетеді.

- Үш кезеңнен тұратын «Абай әлемі» курсының бағдарлама негізінде жас Абайтанушылар, ұлттық құндылықты жаңғыртатын зейінділер қалыптасады.

«Абай жүрегінің теңізі»

Жинақ екі бөлімнен тұрады. «Абай ұлағаты және кәзіргі Қазақстан» және «Абай дәуіріндегі Қазақстан қоғамының басымдықтары». Абай философиясы, шығармашылық мұрасы өзінің рухы мен рухани тереңдігін асыл сөздің қасиеті арқылы құнын ешқашан жоймайтын киелі әлем. Алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынов өзінің «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың (таспен) би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. «Білімнен мал артық болушы ма еді», - деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан» дейді. Ұлы Абай шығармашылығының тағы бір қозғайтын мәселесі – адам тәрбиесі, содан туындайтын бүкіл халық тәрбиесі. Қазақ халқының болашығы оның өз бетінше ел болуына, саяси бостандыққа қол жеткізуіне, экономикалық және мәдени кешеулеуден шығуына, қараңғылық пен кедейшіліктен құтылуына апаратын бірден – бір жол бүкіл елдің сауатын ашу, жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, өнер мен еңбекке баулу деп анық айтты. Ақыл - ойдың, сауаттылықтың дамуы үшін дүниеге шын көзбен қарап, нақтылы сезінудің қажетілігін барынша қорғап бақты.«Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» - деп қорытады. Алаш зиялыларының танымындағы Абай екі ғасырдың тоғысар тұсында «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп» екі жаққа үңіле қарап, халықты өркениеттің өріне алып шығар амалды тапты. Ғылым мен білім, өнер үйрену жолы замана құбылыстарын, ұлт тұрмысының кемшілікті тұстарын Абайдай көре білген, ұлы ақындай танырған жан сирек. Ұлы ақын жұмбағының, адам мінезіндегі құбылысының мәңгілігі мен өнерінің өрістілігі алмаздай жарқырып, бір қараған адамға сан қырынан көрінетіні де осы. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Абай феномені – қазақ халқының ұлттық, өркениеттік болмысындағы орны айтып болмайтын ұлы құбылыс!Кез келген ұлттың белгілі бір тарихи кезеңдерінде өнері мен әдебиеті,уақыт өткен сайын бүкіл мәдени болмысы өзгеше бір биікке көтеріліп, ертеңгі ұрпақтың өрлеуі мен дамуына кең жол ашары сөзсіз. Бүгінгі Қазақстан қоғамының айшықты асыл қазынасы – Абай шығармалары болу керек. Абайдың өзі айтқандай:

Дүние-үлкен көл,
Заман-соққан жел.
Алдыңғы толқын- ағалар,
Кейінгі толқын-інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер –

деп ұрпақтардың алмасуы тоқтамаған жерде дүние болмыс-бітімнің сабақтастығы үзілмейді.Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында халқымыздың ұлы перзентініңөлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланатыны айтылды. Абайдың өмірі мен шығармашылығын, мол мұрасын кеңінен танып, білу, Қазақстан қоғамындағы жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Ұлттық болмыстың озық үлгісі ретінде Абайды еш айналып өту мүмкін емес екенін уақыттың өзі дәлелдеді. Ойшыл ақынның рухани байлығы мен тіл қолдану, сөз ойнату ерекшеліктері халық пен ұлттық мүдде ұғымын біріктіріп, әр адамның өз мінін түзеуге және мінездің байлығы мен түзулігін халық игілігіне қызмет етуге бағыттайтын тарихи айна ретінде көре білу басты борышымыз. Дала мектебін қалыптастырып, «дала даныштандары» атанған бабаларымыздың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының басты көзі Қазақтың ауыз әдебиеті мен тұрмыс – салт дәстүрлерінің біте қайнасқан ұлттық құндылықтары. Халықтық педагогиканың құрамдас бөлігіне айналған ырым-тыйым, мақал-мәтелдер, батаның түрлері, даналық сөздер ел ішінде өте көп. Абай шығармашылығындағы осы күнге дейін тереңдеп, талдап айта алмай келе жатқан Абай сусындаған үш қайнар бұлақтың алғашқысы – қазақтың ауыз әдебиеті. Абай заманындағы бүкіл бір дәуірді қамтыған салт-дәстүр, тұрмыс құралдары, бүгінгі таңда жоғалтып алған құндылықтарды жаңғырту жаңа Қазақстан қоғамының басты борышы болуы керек.

Абайдың әлем әдебиетімен шығармашылық байланысы, жаңа жазба әдебиетінің көшбасшылық қалыптасу жолы, Батыс және Шығыс әдебиетінің әлеуметтік, ағартушылық, патриоттық идеяларын бүгінгі жас ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында өте ауқымды зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Заман талабына сай білім беру – адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамудың жоғары деңгейлік және кәсіби біліктілігін қамтамасыз ету бағытында Абай сусындаған үш қайнар бұлақтың алғашқы тұнығы ауыз әдебиетімен байланыстыру маңызды.

Қазақстан қоғамының заман талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасау керектігі де қазақ руханиятындағы ұлттық құндылықтың заман сұранысы.

Абайтану ғылымын «Абай заманындағы абайтану», «Кеңес дәуіріндегі абайтану», «Бүгінгі абайтану» деп үш кезеңге бөліп қарастырған жағдайда ақынның заманы айта алмаған немесе бұрмаланған біраз құндылықтар танылар еді.

Абайдың өмірі мен шығармашылығы, ақындық әлемі туралы сөз қозғағанда үнемі медреседен сауат ашқан Абайдан бастаймыз. Медреседе оқыған жылдары мен әкесінің ел билеу ісімен айналысқан бозбала Абайдың жігіттік шағында Шығыстың классик ақындарын оқып, ақындық рухани қазынасының күн асқан сайын нәрленіп, қорлана беретінін айтамыз.

Ал дүниеге келген уақыттан бастап, әкесі Құнанбайдың өз жанынан мақал-мәтел шығаратын шешендігі, тапқырлығы, батырлығы мен балуандығы, әділдігі бала тәрбиесіндегі ықпалы туралы аса сирек айтылады. Әжесі Зеренің тектілігі, анасы Ұлжанның билер тұқымынан шыққан тапқыр шешендігі туралы да тек М.Әуезовтің, Абай заманындағы естелік айтушылардың аздаған мәліметінен ғана аңғарамыз. Абайдың осындай тексті ортадан өсіп, елдің әдет-ғұрып, салт-санасы мен әңгімешіл қарттарымен сырласа жүріп, халқының рухани қазынасынан мол сусындағанын аз білеміз.

Ауыл ақсақалдарынан да әңгіме үстінде шешен, тапқыр сөйлеудің сырын танып, сөз өнерінің тыңдаушыға әсер ету қуатынан сабақ алып, көркем сөздің қоғамдық ойдағы алар орнына мән бергенде Абай шығармаларының ұлттық бояуын айқындай түсер едік.

Қазақтың сан қырлы ауыз әдебиетінің жас ұрпақ тәрбиесінде ерекше орны бар екенін, Абай шығармашылығында үлкен орны бар құндылық екенін салалап, саралап айтатын мүмкіндік туды. М.Әуезов: «Абай мұхит болса, мен мұхиттан шөмішпен қана алдым» дейді.Ендеше Мұхтар Әуезовтың телегей терең мұхиттан алған «шөмішінен» өзге тұңғиық терең мұхиттан тамшыдай тың дерек таптық па?

Абай мұхит болса, мұхиттың суы ешқашан таусылмақ емес.

Абай шығармашылығының мол мұрасын, тарихын зерттеу – халық болмысының біте қайнасқан рухани құндылықтарын зерделеу деп ұққан жөн.

«Тариҳқа тағзым» экскурсиялық ғылыми-танымдық жинақ (жеті бағыттан тұрады)

1. «Астана қаласының тарихи жерлеріне саяхат»
2. «Бала Абайдан – дана Абайға» (Астана – «Қарлаг» – Қарқаралы)
3. «Бурабай – Оқжетпес – Жұмбақтас»

4. «Ұлылар мекеніне саяхат» (Астана-Павлодар – Семей – Жидебай – Қоңырәулие)

5. «Астана – Екібастұз – Баянауыл бағыты»

6. «Әулиелер мекені» (Астана- Маңғыстау)

7. «Киелі мекен – Түркістан»

Қазақ даласының қай түкпіріне барсаң да қасиетті әулиелі жерлердің тарихы таңдай қақтырмай қоймайды. Жаратушының бізгі берген өлшеусіз сыйын өз пайдамызға жарата алмай жүргеніміз болмас, тарих табанымыздың астында сайрап жатыр! Төрт құбыламызда да тұнып тұрған әулиелі жерлер арнайы мемлекет тарапынан қолдау тауып туризм дүрілдеп дамыса, бізді мұратқа жеткізер еді... Оңтүстікте ғасырларға жүк болған Ахмет Яссауи, Домалақ ана, Төле би бастаған киелі Түркістан, Шығыста Ұлы Абайды дүниеге әкелген киелі Ұлылар мекені, Катон, Алтай, Зайсан, Алакөл, Батыста 363 әулиелі бар жұмбағы ғасырға жүк болар Махамбеттің елі, Солтүстікте қазақтың тұңғыш астанасы болған Қызылжар, Ақан, Біржан, Балуан шолақ, Мағжан т.б. алаш арыстары, қазақ даласының билері мекендеген әйгілі Қарқаралы, т.б. төрт бұрышта бүкіл ұлт құндылығы тұнып тұр.

Үкімет отырысында қаралған басты жобалардың қатарына енгізілген тарихи құнды жерлерімізді танып-білу мақсатында ұлы өлкені көзбен көріп насихаттау, Елтану, жер тану, тарихқа тағзым үшін жеті бағыттан тұратын арнайы жолкөрсеткіш жасалды.

Жолкөрсеткіш әр бағыттың киелі мекендері мен тарихи оқиғаларға, Ұлы тұлғаларға қатысты жер-су аттарының барлығын қамтиды. Астана қаласы тарихынан бастау алып, жол бойы кездесетін қалалардың тарихы, табиғаты, жер-су атауларына қатысты аңыздар, тарихи тұлғалар туралы мағлұмат береді.

Мақсаты: Алдағы уақытта тұрақты түрде жыл сайын жүргізіліп отыратын бұл сапардың бағыты – жас ұрпақты отансүйгіштікке, тарихын, елін-жерін тануға, рухани білім біліктілігін арттыруға бейімдеу. Қазақ халқын әлемге мойындатқан Ұлы тұлғалардың мекенін, өскен ортасын, тарихын таныстыру арқылы ұлт құндылығын арттыру.

Қазақстанда саяхатты дамытудың алғышарты – туризм саласының үгітін күшейту. Әлеуметтік желілер мен ақпарат құралдары арқылы саяхатты үгіттейтін видеоларды, фотосуреттерді, жазба материалдарды ағылшын, орыс, т.б. тілдеріне аударып жариялау. Шет елдерде, Қазақстан туралы, Ұлы ақын туып өскен өлке туралы сапасы жоғары полиграфиялық және аудио-видео жарнама материалдарын белсенді түрде тарату.

Қазақстанның киелі жерлерін алдымен өз Отанының көркем жерлерімен танысу үшін міндетті түрде ел іші саяхатын ұйымдастыру. Мектеп бағдарламасындағы Ұлы тұлғалар, ұлт құндылықтары

бағдарламасына негіздеп әдістемелік көрнекті материялдар, көшпелі курстар өткізу. Елтану, жертану жастар туризмін дамытуды мектептен бастап қолға алу. Балаларды салауатты өмір салтына, туған өлкені танып-білуге жетелейтін бұл жобаны арнайы жол таныткыш көркем суретті жинақты пайдалана отырып, шет елдерден келген қонақтарға да туристік саяхатты сауатты таныстыру.

Ұлт үшін қасиетті мекендер болады. Түркістан, Қазығұрт, Ұлытау... Қазаққа Абайды сыйлаған Жидебай да сөзсіз, сондай киелі орын. Толстойдың Ясная Полянасы, Пушкиннің Михайловскоесі мен Царское селосы, Лермонтовты қойнына жасырған Тархан мен соңғы демі шыққан Пятигорск... қай-қайсысы да орыс жұрты ғана емес, бүкіл адамзат қастерлейтін орындар. Достоевскийдің Петербургтегі мұражай-үйіне ең көп келіп тәу ететіндер... жапондар, «Ағайынды Карамазовтар» осында жазылды» деген сөзді есіткенде қабырғаны сүйіп, ағыл-тегіл жылайды деседі.

Ұлылар өлкесіне арнайы баратын сапарластар тарихи мекендермен толық танысу мақсатында бұл жинақ үш тілге аударылуы тиіс.



Бибігүл Дәулетқызы ДАУТОВА
филология ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы

Даутова Бибігүл Дәулетқызы 1979 жылы қазанның 9-ы күні Жетісу облысы, Көксу ауданы, Талапты ауылында дүниеге келген. Талапты орта мектебін 1996 жылы аяқтап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде 1998-2002 бакалавриат, 2002-2004 магистратура, 2019-2021 PhD докторантураны бітірген. Филология ғылымдарының магистрі, Абай ғылыми-зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері, «Абай ілімі» пәнінің аға оқытушысы ретінде университеттің ғылымыи-зерттеу жұмыстары мен білім беру ісінің интеграциялануына, зерттеу нәтижелерін насихаттау мен коммерциализациялауға үлес қосты. 2005 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу бөлімінде маман, 2016 жылы филология және әлем тілдері факультетінің шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында бас маман болып жұмыс істеді. 2019 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері, 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап Абай институтында «Абай ілімі» пәнінің аға оқытушы лауазымында қызмет атқарып келеді. Соңғы бес жыл көлемінде Б.Д. Даутованың Ғылым комитеті ұсынған республикалық ғылыми басылымдарда 7 мақаласы жарияланды, SCOPUS базасындағы рецензияланатын журналдарда 2 мақаласы жарық көрді. Индекс хирша 1. 2019-2021 жылдардың аралығында көп томдық «Абайтану. Таңдамалы еңбектер (50 том)», он томдық «Абайтану антологиясы», «Абай институтының еңбектері» сериялық басылымдарын (кітаптар: 1-24) баспаға дайындауға, редакторлық, корректорлық жұмыстарына белсене атсалысты. 2020-2022 жылдары «Абайдың ілімін білу, түсіну және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» ғылыми жобасын орындауға қатысты, оның авторлық қатысуымен бірнеше ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы, монографиялық зерттеу еңбектері, конференция материалдары жарық көрді.

Әдеби мұраны жинау, зерттеу және насихаттау, елдің игілігіне ұсыну ісіне елеулі үлес қосты:

1. Daurenbekova L.N., Imanberdiyeva S.K., Dautova B.D., Rainbekova G.S., Toktymanova G.M. Translation and interpretation of Abay's political –

social Lurics into Turkic languages, Opción, Vol 36, 2020. – 1852 p. https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/31812. https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57216638471

2. Б.Д. Даутова Абайдың «қара сөздерін» уақыт пен кеңістік тұрғысынан пайымдау. Международный научный журнал. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №4/2 2020. – 257-264 бб.

3. Даутова Б.Д., Қасымақын Г.Қ. Қазақ әдебиетіндегі салт-дәстүрлердің уақыт пен кеңістік бойындағы сипаты мен маңызы. Международный научный журнал. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №6 2020. – 249-254 бб.

4. Даутова Б.Д. Абай өлеңдері мен қарасөздеріндегі образдарды уақыт пен кеңістік аясында талдау. «Әл-Фараби мен Абайдың рухани мұрасы: қазіргі өркениеттегі орны мен маңызы» атты халықаралық онлайн ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 27 қараша, 2020 жыл / Құраст. және электрон. баспаға дайынд.: Л. Мұсалы, Г. Қасымақын, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 130 б. ISBN 978-601-04-4974-9

5. Даутова Б., Мұсалы Л. Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы уақыт концептілері және көркемдік қызметі // Евразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. 2021, №1. 119-125 бб.

6. Б. Даутова. Абай Құнанбаев өлеңдеріндегі хронотоп көрінісі. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері. Мақалалар жинағы / Жалпы ред. басқ.: Ж. Дәдебаев; баспаға дайынд.: Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 254 б. ISBN 978-601-04-5657-0.

7. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Оқу кітабы. Қазақ мектебінде білім алушы жастарға, олардың ата-аналарына және мұғалімдері мен тәрбиешілеріне арналған / Жалпы редакциясын басқарған, алғы сөзін жазған Ж. Дәдебаев; жауапты редакторы Д. Ысқақұлы; құраст.: Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 146 б. ISBN 978-601-04-5754-6.

8. Б. Даутова. Абай іліміндегі уақыт пен кеңістік. Абай ілімі. Дәрістер курсы / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; жауапты ред. Д. Ысқақұлы; баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 224 б. ISBN 978-601-04-6099-7

9. Абай шығармалары: асыл нұсқа және аударма. Оқу құралы / Жалпы ред. басқ., кіріспе сөзін жазған Ж. Дәдебаев; жауапты ред. Д. Ысқақұлы; құраст., баспаға дайындаған Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 158 б. ISBN 978-601-04-5818-5. https://abai.kaznu.kz/?p=5329

10. Б. Даутова. Абай шығармаларын мекеншақ тұрғысынан талдау. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі.

үшінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 10 тамыз, 2022 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2022. – 120 б. ISBN 978-601-04-4145-3

11. Dautova B.D., Bayazitov B.B. Linguistic forms of expression of time and space categories in Abai's poems. Eurasian Journal of Philology: Science and Education, v. 186, n. 2, july 2022. («ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы», № 2 (186), 2022 жыл.

12. Дәдебаев Ж. Абай ілімі. Оқу құралы: лекциялар / Жауапты редакторы Д. Ысқақұлы; электрондық басылымды баспаға дайындағандар: Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай институты, 2022. – ISBN 978-60104-6061-4. https://abai.kaznu.kz/?p=5442 (Электронды басылым)

13. Абайдың таксономиясы. Білу, түсіну және қолдану: монография / Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев; электрондық басылымды дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай институты, 2022. – 263 б. ISBN 978-601-04-6043-0 https://abai.kaznu.kz/?p=5381 (Электронды басылым)

14. Абай. Избранные стихи и поэмы. Переводы с казахского Орынбая Жанайдарова / Ответст. редактор: Т.Туякбай; подготовили к изданию: Л. Мусалы, Б. Даутова – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 200 б.

15. Даутова Б. Абай өлеңдеріндегі хронотоп. Абай ілімі. Мақалалар жинағы / Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев; баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 242 б. ISBN 978-601-04-6085-0

16. Ұ.Б. Байлиева, Б.Д. Даутова. Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері, Евразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. 2023, №2.

17. Кенжекожаева А.М., Даутова Б.Д. Абай мен Мұқағали шығармашылығындағы лирикалық үндестік. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі. Төртінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 10 тамыз, 2023 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Қырғызбаева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – 254 б. ISBN 978-601-04-6494-0

18. Bailiyeva U.B., Aldabek N.A., Dautova B.D. The Concept of «Reason» in Abai Kunanbayev's Works and Its Translation into Russian and English Languages, «Ясауи университетінің Хабаршысы». 2024, №2. (132), 180-193 бб.

19. Кенжекожаева А., Даутова Б. Абай Құнанбайұлы лирикасындағы көркемдік ұстанымдар. Абай (Ибраһим)

Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі атты бесінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 9 тамыз, 2024 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, А. Кенжекожаева, Е. Елдос. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2024. – 115-120 бб. ISBN 978-601-08-4569-5.

20. Даутова Б. Абай ілімінің қазіргі руханияттағы маңызы. Қазақ әдебиеті газеті,16.08.2024

21. Bailiyeva U., Dadebaev Zh., Dautova B. (2025) From «Aqyl» to Reason: Challenges of Translating Kazakh Concept in Abai Kunanbayev's Works. Forum for Linguistic Studies, 7 (11), 11681180. https://doi.org/10.30564/fls.v7i11.11683
https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/article/view/11683/7289

22. Даутова Б.Д., Байлиева Ұ.Б., Дадебаев Ж. «The degree of equivalence in translating the concept of «qairat» (willpower) in A. Kunanbayev's works». Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. №3/2025. – 135-146 бб.

23. Даутова Б., Шайманов А.С. The rendering of idioms in Abai's «book of words» through direct and indirect translation into russian and english. 129 б. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі» атты алтыншы халықаралық конференция материалдары. Алматы, 31 қазан, 2025 жыл / Құрастырған және электрондық басылымды дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжекожаева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2026. – 170 б.

ISBN 978-601-08-6060-5 https://abainst.kz/?cat=272

24. Мұсалы Л., Даутова Б. «Үш бәйтерек пен Мұқағали рухына тағзым» // «АЛТАЙ news» № 6-7 /51-52/ 2026 жыл, наурыз, 6-7 бб. file:///C:/Users/User/Downloads/%25D0%2590%25D0%259B%25D0%25A2%2D0%2590%25D0%2599%2520news%2520%25D0%2590%25D0%25B9%25D %25B1%25D0%25BE%25D1%2582%25D0%25B0%25202.pdf

Наградалары мен құрмет грамоталары

1. Фараби университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының «Абай ілімін дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін» медалімен марапатталды. «31» қазан 2025 жыл. Куәлік № 6

2. «26» желтоқсан 2025 жыл №870 ректордың бұйрығымен университеттің дамуына қосқан үлесі үшін, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Куәлік № 1300

3. Университеттің дамуына және ғылыми-зерттеу жұмыстары мен білім беру ісінің интеграциялануына қосқан үлесі үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Алматы, 2023.

Абай Құнанбайұлының өлеңдеріндегі уақыт пен кеңістіктің көрінісі автордың өзінің өмір сүрген шағына сай өлеңдерінде сюжет пен стильдік, поэтикалық сипатта жиі байқалады. Адамзаттың тіршілігі мен өмір сүру кезеңі, әлем қозғалысының осы уақыт пен кеңістік аясында қарасты-рылатыны белгілі. Дегенмен Абай шығармашылығындағы уақыт пен кеңістіктің сипаты тек биографиялық, географиялық немесе топонимикалық тұрғыда емес, авторлық кеңістік пен сюжеттік уақыт негізінде көрініс табады. Уақыт пен кеңістіктің көрінісі автордың ішкі дүниетанымы, өмірге көзқарасы, тіршілікке сынай қарауы арқылы ішкі, яғни авторға ғана тән уақыт пен кеңістіктік сипатқа енген.

Б. Даутова. Абай поэзиясындағы уақыт пен кеңістік ұғымының маңыздылығы. Адамзаттың Абайы: монография / Жауапты редакторы Л.Ж. Мұсалы; құрастырған және баспаға дайындағандар: Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжекожаева. – Алматы: Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 252 б.

Абайдың ақындық талантының ашылып, дамуына жағымды әсер еткен халық ауыз әдебиетінің сарынын біз Мұқағали өлеңдерінен де байқаймыз. Ақын жырларының қайсыбірін оқып отырсақ та, ақынның ұлттық болмыс, ұлттық қадір-қасиет, ұлттық салт-дәстүрді ұлттық құндылықтың шыркау шыңына шығарып қоятынын байқаймыз. Нағыз ақын үшін ұлттық болмыстың бастау алар көзі – тіл. Ал ақын өлеңдеріндегі тілдік ерекшеліктер, айрықша бояу, өзгеше реңк қазақ халқына тән ұлттық рух пен мінез-құлықтың көшірмесіндей, оған сіңіп калғандай сипатта танылады. Көркем сөздің, поэзияның өзі бастауын ана тілден, таза, асыл, мінсіз сөзден алса, бұл айтылғандардың барлығы Абай поэзиясында да анық аңғарылады. Екі ғасырда өмір сүрген ақындардың өлең-өмірде көтерген тақырыптары да өзара ұқсас болып келеді.

Кенжекожаева А.М., Даутова Б.Д. Абай мен Мұқағали шығармашылығындағы лирикалық үндестік. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі. Төртінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 10 тамыз, 2023 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Қырғызбаева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – 254 б.

Ақынның мезгіл сипатын кеңістікте көре білуі мен суреттей білуі – поэтикалық шеберліктің мінсіз көрінісі. Мезгілдің кеңістіктегі алуан түрлі сұлу жарасымын дәл тауып, әсем бейнелеудің мұндай

классикалық үлгісі – нағыз классик ақынның асқан ақындық ойлауының жемісі.

Абай өлеңдеріндегі хронотоп белгілерінен ақынның көркемдік ойлау ерекшеліктері, көркемдік әдісі көрінеді. Яғни Абай поэзиясының поэтикасынан кеңістік-уақыт семантикасын ажыратуға болады: хронотоп – дала, хронотоп – ауыл, хронотоп – тау, хронотоп – қыр, хронотоп – өзен т.б. Осылардан-ақ қазақтың тұрмыс-тіршілігін, Абай өлеңдерінің мотивін байқаймыз.

Б. Даутова. Абай өлеңдеріндегі хронотоптың қызметі мен поэтикасы. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану: ұжымдық монография. / Жалпы ред. басқ., Ж. Дәдебаев; баспаға дайынд.: Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 238 б.



Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Жанғара Дәдебайұлы 1948 жылы 15 қарашада дүниеге келген. Әкесі Дәдебай Байқонысов (1888-1958) жылқышы болған, Социалистік Еңбек Ері.

Ж. Дәдебайұлы еңбек жолын 1968 жылы ауыл мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болып бастады. 1970-1975 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқыды. Филология ғылымдарының докторы (1992), профессор (1994), Қазақстан Жоғары мектебі ҮҒА (2002), Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының (2004), Халықаралық Айтматов академиясының (2003), Қазақ Білім академиясының (2006) академигі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1990). Қазақстанның құрметті жазушысы (2025), Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет және тарих; әдебиет және дәстүрлі мәдениет; абайтану; әуезовтану; жазушы еңбегі; панаралық зерттеу.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1977-1991 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ассистент, аспирант, аға оқытушы, доцент, докторант (СНС), 1991-1992 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтының директоры, 1992-2000 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде профессор, филология факультетінің деканы, 2000-2001 жылдары кафедра меңгерушісі, 2001-2008 жылдары проректор, 2008-2011 жылдары кафедра меңгерушісі, Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры. 2011-2020 жылдары профессор, университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, 2020 жылдан бері қарай Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор.

Ж. Дәдебайұлы – 900-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 2016-2022 жылдары ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша екі ғылыми жоба орындалды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «Абайтану антологиясы» деген атпен цифрлық форматтағы зияткерлік ресурстар базасы жасалып, көпшіліктің пайдалануына ұсынылды, Абайдың «Кісілік кодексі»

қолданысқа берілді, «Абай ілімі» оқу пәні, сондай-ақ 3 (үш) оқу құралы университеттің жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісіне енгізілді, Абайдың таксономиясы жасалды.

Ж. Дәдебайұлының ғылыми еңбектері ішінде 41 кітап оның жеке авторлығымен жарық көрген, 24 еңбек - авторлар ұжымымен берге шығарған ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатындағы монографиялар мен оқулықтар, оқу құралдары. Соларың қатарынан Ж. Дәдебайұлының жеке авторлығымен соңғы бес жылда (2021-2025 жылдары) жарық көрген 9 (тоғыз) іргелі еңбегін көрсеттік:

1) Жазушы еңбегі: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 438 б.;

2) Абайдың шығармашылық даралығы. Ойлар, толғаныстар, талдаулар / «Абай шығармашылығы және қазіргі қазақ әдебиетінің қалыптасуы» сериясы. – Нұрсұлтан: БиКА, 2021. – 307 б.;

3) Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу құралы. Бірінші бөлім. РОӘК ОӘБ ұсынған. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 458 б.;

4) Абай ілімі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 267 б;

5) Түрік дүниесінің дүлдүл тұлғалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 408 б.;

6) Менің университетім. Ойлар мен толғаныстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 318 б.;

7) Абай ілімі. Талдаулар, ойлар мен толғаныстар. Ғылыми еңбек. – Алматы: «Алгорифм», 2023. – 318 б. [«Абайдың «Толық адам» ілімі және қоғамдық сананы жаңғырту» сериясы. Т.3.]

8) Абайдың антропологизмі. Монография. – Алматы: Атамұра, 2024. – 320 б.

9) Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқу құралы. Екінші бөлім. РОӘК ОӘБ ұсынған. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 440 б.;

Ж. Дәдебайұлының әдеби мұраны жинау, зерттеу және насихаттау, елдің игілігіне ұсыну ісіне елеулі үлес қосты:

1) Лұқман хакім. Даналық сөздер / Құрастырған, басқа тілдердегі мәліметтерді қазақшалаған, зерттеу мен түсініктерді жазған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 226 б.;

2) Жиренше шешен. Шешендік сөздер / Құрастырған, басқа тілдердегі сөздерді қазақша мазмұндаған, зерттеу мен түсініктерді жазған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 290 б.;

3) Бөлтірік шешен. Шешендік сөздер / Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктерді, зерттеуді жазған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 302 б.;

4) Сандыбайұлы Майкөт. Шығармалар / Құрастырған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерді жазған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 444 б.;

5) Тараз өлкесі: тау мен дала аңыздары. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. – 404 б.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 16 қазандағы Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Куәлік № 5180

2. «Құрмет» ордені. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 желтоқсандағы Жарлығы. Орден № 4983.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Абай шығармашылығының суреттеу пәні – адам мен оның заманы. Бұл екеуі егіз: адамсыз оның заманы болмақ емес, заманнан тыс адам да жоқ. Бірақ бұлар бір ұғым, бір құбылыс емес. Адам баласын замана өсіреді. Өсіп, қуаты толған адам заманға билік жүргізуге құлшынады. Қайбіреулер билігі, дәулеті өскен сайын өзін заманнан биік санай бастайды, билігі заманға жүргендей, заман сонікі болып тұрғандай күйде болады. Ақылы өскен кісі өзін заманнан биік санай бастаған қалпынан мін таппай қалмайды. Бірақ кісінің билігінің, дәулетінің, ақылының бірдей өсуі, бірдей кемелдікке жетуі өте сирек. Өйткені мұндай кемелдікке кісі өзімен-өзі болып, жеке-дара жете алмайды, жетсе, қоғамымен, заманымен, заманының адамымен жетеді. Егер кімде-кім жаман болса, онда, Абай айтқандай, оның замандастары да жақсы емес. Егер кімде-кім жақсы болса, өзіне дейінгі және өз тұсындағы жақсылардың жақсылығын көріп, көңіліне құйып, ақылымен танып қана жақсы бола алады.

Ж. Дәдебаев. Абайдың антропологизмі. Монография. – Алматы: Атмұра, 2024. – 5-бет.

Абай мен Тоғжан алтыбақан әткеншегінде «кезек-кезек биіктей түсіп, теңселіп тұрып» ән шырқасады. Алтыбақанда бұлардың өздері ғана емес, екеуіне ғана ортақ, екеуіне де бірдей ыстық махаббат сыры қоса тербеледі, ол да әуелей өрлеп барып, қайта төмендемей, қыз бен жігіт өздерінің тұнық тілегімен ғана самғап барып қалықтап тұрып алатын биікте қалып қояды. Осының бәрінің ажарын арттырып, алтыбақанға да, онда тербетіліп тұрған екі жасқа да, олардың бір-біріне ынтық, ынтызар сезіміне де нұрлы сипат дарытып, жүректі еріткендей

мөлдір тыныс беріп тұрған құбылыс – ән, «Топайкөк» әні. «Топайкөк» әнінсіз алтыбақандағы Абай мен Тоғжанның мұңын да, қуанышын да мұншалық терең, әсерлі, мұншалық әсем, сезімді ашу мүмкін болмағандай еді. Абай мен Тоғжан бір-біріне айта алмай келген, бірақ бір-біріне айтқысы келетін, бірінен-бірі ести алмай келген, бірақ бірінен-бірі естігісі келетін шындық сыр – бәрі алтыбақан үстінде «Топайкөк» әні болып шырқалады. Сонымен қатар ән болып айтылып жатқан сырласу сәтінің бірқатар шындығын автор Тоғжанның жүзінде толқытады...

Ж. Дәдебаев. Жазушы еңбегі: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 287-288-беттер.

Түрік халқының, түрік мемлекеттігінің тарихында ақылы дариядай шалқыған мемлекеттік кеңесші Білге Тонықөктің атқарған қызметі, еліне сіңірген еңбегі өте зор, өлшеусіз маңызды. Мемлекет қайраткерінің даралығы даналығында, кеменгерлігінде тұрады. Ал сол даналық пен кеменгерліктің қасиетін байсалдылық пен сабырлылық ашады. Бойында байсалдылық пен сабырлылық жоқ кісіден даналық немесе кеменгерлік табу қиын. Даналық пен кеменгерлік байсалдылықпен, сабырлылықпен ұштасқанда ғана кісі мемлекеттік кеңесші, мемлекеттік қайраткер дәрежесіне көтеріле алады. Тонықөк, өзі толғап айтқан сөзіне, тарихтың танытуына қарағанда, осындай дара тұлғалы дана қайраткерлердің қатарына жатады. Мұның үстіне ол – байсалдылығы мен сабырлылығын қайтпас қайсар қаһармандықпен, қаһармандығын мейірман пейілмен үйлестірген, ел тарихында өте сирек ұшырасатын ұлы тұлға. Оның бар ғұмыры елінің тәуелсіздігін алу мен сақтау жолындағы сұрапыл соғыста, саяси тайталаста өтті.

Ж. Дәдебаев. Түрік дүниесінің дүлдүл тұлғалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 4-5-беттер.

Адам мен заман – Жамбылдың шығармашылық өнерінің басты тақырыптық өзегі. Адамның жақсылығы мен жамандығы, адамдығы мен надандығы, адалдығы мен арамдығы сарапқа түскен шығармаларында ұлы жырау аз сөзбен, білінер-білінбес ишарамен-ақ заман тынысы, заман шындығы жайында үлкен ой түйеді. Зымыран уақыт жан біткеннің қай-қайсысын да, ұлысын да, кішісін де түптің түбінде бір тізесіне салып илеп, желқомдай түтіп, түте-түтесін шығарарын айтумен бірге, кісінің кісілігі, жарық дүниедегі жақсылығы, адамдығы оның кісіге жасаған кісілігімен, кісіге тигізген шапағатымен, елге сіңірген еңбегімен өлшенетінін де ақын тебірене отырып толғайды. Жырау танымына салғанда, адамның адамдығын сақтап қалатын, оның өзі өшкенмен, атын өшірмей, ұрпақтан ұрпаққа алып баратын күш-

құдірет – оның осындай істері. Кісінің қалған пендешілік істерінің бірінде де опа жоқ. Мұндай түсінік, мұндай халықтық негізі берік берен қағида Жамбылдың шығармашылық өнері мен өнегесіне өлшеусіз зор бағалы мазмұн дарытады.

Ж. Дәдебаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқу құралы. Бірінші бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 190-бет.

Адамның адамнан алатын, адамның адамға беретін сыйының асылы – білім. Адамның адамшылығының өзі оның адамнан алған және адамға берген білімінде. Аспанның асты мен жердің үстінде білім беруден асқан ұлы істі таңдап алу оңай емес, сол аспан мен сол жердің ортасында білім берушіден асқан ұлы тұлғаны табу да сондай қиын.

Ж. Дәдебаев. Менің университетім. Ойлар мен толғаныстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 18-бет.

Қазақта жазушы да, қаһарман да аз емес. Әрі жазушы, әрі қаһарман тұлғалар бірен-саран. Ал халықтың танымына салсақ, әрі қаһарман жазушы, әрі қаһарман қолбасы тұлға бүкіл дүние жүзінде біреу-ақ. Ол – Бауыржан Момышұлы. Әрі қаһарман жазушы, әрі қаһарман қолбасы тұлға қазақта да біреу. Ол да Бауыржан Момышұлы.

Ж. Дәдебаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқу құралы. Екінші бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 165-166-беттер.

Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығы философиялық мазмұнымен, әлеуметтік-психологиялық көп қырлы болмысымен, көркемдік-эстетикалық сырлы сипатымен қазақ әдебиетін жанр, мазмұн мен пішін жағынан байытты, қазақ прозасының дамуына зор үлес қосты.

Ж. Дәдебаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқу құралы. Екінші бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 312-бет.

Көркем әдебиеттің керемет туындысы қаламгердің қара тері ағылып, қабырғасы қайысып, белі бүгіліп, жүрегі езіліп жүріп жасаған ерен еңбегінен ғана тумақ. Көркем әдебиетте мұндай сипатты жазушылар сирек кездеседі. Ондай қаламгерлер қазақ әдебиетінің әр дәуірінде болған, қазір де бар, бірақ өте сирек. Сол барымыздың бірі – Мұхтар Мағауин.

Ж. Дәдебаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқу құралы. Екінші бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 314-бет.

Абайдың шығармашылығында өмір шындықтары, оларды тану мен бағалау, іштің сыры мен тыстық қыры қат-қабат көрініс табады. Ақын шындықты суреттеп, көрсетіп қана қоймайды, оның мәнісін түсіндіреді,

оны бағалайды, оны насихат етеді. Сол қат-кабат, көп қырлы, күрделі шындық құбылыстарды жинақтап, саралау, парықтау мен бағалау белгілі бір ақындық ұстаным, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында белгілі бір ізгі, игілікті қағидалардың дараланауына алып келеді. Ол қағидалар ақынның дәстүрлі дүниетаным кеңістігінде қалыптасқан көзқарасының ерекшеліктерін ашады. Ол ерекшеліктер махаббат пен ғадауат, әділет пен әділетсіздік, жақсылық пен жамандық секілді ұстанымдарға қатысты анықталады. Бұл ұстанымдардың өзі дүние жаратылғалы бері әлем халықтары үшін бірдей игілікті болып есептелетін құндылықтарға негізделеді.

Ж. Дәдебаев. Абай шығармашылығы және қазақ әдебиетінің қалыптасуы. Т.1. Абайдың шығармашылық даралығы. Ойлар, толғаныстар, талдаулар. – Нұр-сұлтан: БиКА, 2021. – 181-бет.

Адамның өмірінде бәрі де өтпелі: жастық өтеді; ажар таяды; күш қайтады. Адамның өзі өлмейінше өтпейтін, таймайтын, қайтпайтын асыл байлығы – тәңірі сыйлаған шығармашылық ойлауы мен шығармашылық ойы. Бірақ мұндай асыл байлықты ғылымда әркім емес, нағыз шығармашылық тұлға, кемел адам деңгейіне көтерілген ғұлама ұстаз ғана ұстай алады, сол ғана ел игілігіне жарата алады. Тек сол ғана шығармашылық ойлауы мен шығармашылық ойын бүкіл ғұмыры бойында серік етеді. Шығармашылық ойлау мен шығармашылық ойды, жалпы ғылыми шығармашылық еңбекті өз жеке басының сұраныстарын қанағаттандыру мақсатына жұмсаған адам да ғылымда елеулі табыстарға жете алады, даңқ пен дақпырттан да кем болмауы мүмкін. Бірақ оны да тәңірі сыйлаған шығармашылық ойлау мен шығармашылық ойдың биігіне көтеріледі екен деу артық.

Шығармашылық ойлауы мен ойын кемеліне келтіріп, содан тапқан білімін, жалпы ғылыми-шығармашылық еңбегін ел игілігіне жұмсауға асыққан, аянбай жұмсаған және жұмсап келе жатқан кісі ғана кәміл ұстаз, толық ғұлама қасиетіне лайықты бола алмақ.

Ж. Дәдебаев. Абайдың «Толық адам» ілімі және қоғамдық сананы жаңғырту. Т.3. Абай ілімі. Талдаулар, ойлар мен толғаныстар. Ғылыми еңбек. – Алматы: «Алгоритм», 2023. – 17-бет.



Лаура Ноғайбекқызы
ДӘУРЕНБЕКОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Лаура Ноғайбекқызы 1979 жылы 27 қаңтарда дүниеге келген.

1997-2001 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде «Әдеби шығармашылық» мамандығында оқыды. 2001-2003 жылдары аталған университеттің «Филология» мамандығының магистратурасын аяқтады.

2009 жылы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде профессор Құнынпя Алпысбаевтың жетекшілігімен салыстырмалы әдебиеттану саласы бойынша «Түпнұсқа мен көркем аударма мәтіндерінің сәйкестігі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған.

2025 жылы «Тіл және әдебиет» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді.

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: салыстырмалы әдебиеттану, аударма теориясы, қазақ әдебиеті;

Еңбек жолының басты кезеңдері: 2003–2011 жж. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасының оқытушысы, доцент (Алматы қ.);

2012–2013 жж. – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы қазақ тілі мен әдебиеті зертханасының аға ғылыми қызметкері (Астана қ.);

2012–2013 жж. – Еуразия гуманитарлық институты қазақ және орыс филологиясы кафедрасының доценті (Астана қ.);

2013–2017 жж. – Назарбаев Университеті қазақ тілі, әдебиеті және мәдениеті кафедрасының оқытушысы (Астана қ.);

2017–2022 жж. – Еуразия гуманитарлық институты қазақ және орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі;

2024 жылдан аталған институт жанындағы А.Құсайынов атындағы ғылыми-зерттеу орталығының директоры және ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған «Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы» журналының бас редакторы;

Лаура Ноғайбекқызы – 200-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен ҚР ҒЖБМ 2023-2025 жж. арналған Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша AP19679312 «Алаш қайраткерлерінің аударма еңбектеріндегі адамзатқа ортақ құндылықтар» тақырыбында ғылыми жоба орындалды.

Scopus – ғылыми өлшемді деректер базасына кіретін басылымдарда салыстырмалы әдебиеттану бойынша біршама мақалалары жарияланған. Хирша индекс – 6.

Негізгі еңбектері:

1. Қаламгер және аударма поэтикасы (Ш.Айтматов аудармалары негізінде). Монография. – Астана: «Focus», 2023. – 120 б. (7,5 б.т.).

2. Көркем аударма тәжірибесі. Оқулық. – Нұр-Сұлтан: «Focus», 2021. – 200 б.

3. «Алаш қайраткерлерінің көркем аудармаларындағы ұлттық идея». Ұжымдық монография. – Астана: «FOCUS», 2025. – 328 б. (Теңавторлар: Г.Б.Тусупова, Е.С.Адаева, Е.М.Солтанаева).

4. Алаш зиялыларының аударма оқулықтарындағы баламалылық. Монография. Астана, «Focus» - 2025. – 160 б.Жазушы еңбегі: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 438 б.;

Марапаттары:

1. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» (2020 ж);

2. Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары кауымдастығының А.Байтұрсынов атындағы Алтын медалі (2020 ж);

3. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Алғысы (2021 ж);

4. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен (2023 ж);

5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ісінің үздігі Құрмет дипломымен (2025 ж) марапатталған.

Самал ДӘРІБАЙҰЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты

Самал Дәрібайұлы 1971 жылы туған. 1993 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Алғашқы еңбек жолын филология ғылымдарының докторы, профессор А.Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасы негізінде ашылған гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейінде (1993-1995) бастады. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында (1995-1997), Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде оқытушы (1997-1998), №167 қазақ орта мектебінде директор (1998-2002), ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері (2002-2005) болып еңбек етті. 2005 жылдан бері әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында қызмет атқарады.

Филология ғылымдарының кандидаты (2002). Әдебиеттану маманы. Ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: ақын-жыраулар поэзиясы; фольклор; әдебиет және өнер; әдебиет және дәстүрлі мәдениет.

Самал Дәрібайұлының ғылыми ізденістері ақын-жыраулар поэзиясының тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық және тәлім-тәрбиелік мәселелерді, шығармашылық тұлғаның қалыптасуы мен орындаушылық дәстүрдің дамуын қамтиды.

Ғалымның еңбектерінде фольклорлық мұра, ұлттық код, әдебиет пен өнердің өзара байланысы, сондай-ақ ежелгі және ортағасырлық әдеби дәстүрлердің сабақтастығы қарастырылады. Сонымен қатар әдебиетті оқытудың әдістемесі мен білім беру үдерісінде ұлттық ойындардың танымдық және тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалану мәселелері де зерделенген.

Ол көптеген ғылыми мақалалардың, жалпы білім беретін мектептің қоғамдық – гуманитарлық және жаратылыстану бағытындағы 8,10-11 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулықтарының (2018), «Ақын-жыраулар поэзиясындағы ислам негіздері» (2014), «Ақын-жыраулардың шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуы және орындаушылық дәстүр» (2017), «Қазақ әдебиетін оқытудағы әдеби ойындар мен жаттығулар» (2017), «Көңіл керуені» (2023) атты оқу-әдістемелік құралдар мен зерттеу еңбектердің авторы. Зерттеуші қазақ әдебиетінің тарихы мен фольклорлық мұрасын жүйелеуге арналған «Қазақ әдебиетінің тарихы». I том. Фольклорлық кезең (2008), «Абай-Шәкәрім» (2012), «Шортанбай Қанайұлы» (2013) және «Қазақ фольклоры мен әдебиеті бойынша мәтін талдау сабақтары» (2019) атты ұжымдық монографиялар мен оқу құралын дайындау жұмыстарына атсалысқан.

Халықаралық Skopus базасына кіретін журналдарда бірнеше мақаласы жарияланған.

Самал Дәрібайұлы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар жоғары оқу орындарында ұзақ жылдар бойы нәтижелі педагогикалық қызмет атқарып келеді. Оның дәрістері мен арнайы курстары қазақ әдебиетінің тарихы, фольклортану және әдеби білім беру мәселелерін қамтиды. Ол республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларға тұрақты қатысып, ғылыми қауымдастық талқысына өзекті зерттеу нәтижелерін ұсынып келеді. Сонымен бірге жоғары білім беру жүйесінде мамандар даярлау ісіне және ғылыми кадрлар қалыптастыруға үлес қосуда.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

1. «Ерен еңбегі үшін» медалі. ҚР Президентінің 22 қазан 1998 жылғы Жарлығы

2. «ҚР Білім беру ісінің үздігі». 24 қыркүйек 1998 жыл. № 89668 куәлік

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

XV-XX ғ.б. қазақ халқының дүниетанымы мен өмірлік ұстаным-қағидалары ислам құндылықтарымен тоғысып, дін мен дәстүрді өзара сабақтастырған синкретті мәдени-рухани жүйе қалыптасты. Қазақ халқының рухани қазынасына айналған әдеби мұралар мұсылман баласының бойынан табылуы тиіс құндылықтардың дәнін екті. Ақын-жыраулар поэзиясында ислам дінінің тарихын насихаттау, Құран оқиғаларын жырға қосу көрініс таба бастады. Сөз зергерлері тұма ойдың тұнығын қасиетті Құраннан, Мұхаммед(ғ.с.) пайғамбардың хадистерінен, сондай-ақ орта ғасырларда жазылған әдеби жәдігерлерден тарата отырып, оны ұрпақ санасына изгілік, имандылық, адамгершілік қағидаларын дарытатын насихат арнасына айналдырды.

Домбыраның қоңыр үні, қыл қобыздың сарынымен төгілген толғау-термелер адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеп, ислам құндылықтарын өсиет етті. Өрелі ойдың өзегі Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет секілді сөз зергерлеріне құтты қоныс болған қазақ даласының батыс өлкесіндегі жыраулар жолымен, Сыр сүлейлерінің дастаншылық дәстүрімен, Жетісу мен Арқадағы алашқа ән оздырған сал-серілердің, ақын-жыршылардың өнерімен өрісін кеңейтті. Дін ислам дәстүрлі өнермен дәріптелді. Алқалы жиындарда насихат сөз айтқан ақын-жыраулардың рөлі имам-молдалардан кем болған жоқ.

С. Дәрібаев. Ақын-жыраулар поэзиясындағы ислам негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 10-б.

Ақыны абыройлы елдің рухы асқақ. Қаламгері қамықпаған қоғамның қағидасы берік. Алланың адам баласына өзге жаратылыстардан бөлек берген ұлы нығметінің бірі де – сана мен сөз. Бұл мен ойлап тапқан ақиқат емес. Дүние арбасын дөңгелеткен адамзат

тарихында бұған мысалдар жеткілікті. Қалғыған қоғамды қалың ұйқысынан оятатын да, санасын сілкінтетін де сөз өнері екендігіне тарих беттері көзімізді әлдекашан жеткізген.

Келместің кемесіне мінген қаламгерлерді еске алып, ардақтау алдымен адамдықтың, елдіктің белгісі. Ұлыбритания корольдігі Уильям Шекспирдей ұлы тұлғасының туған күнін халық болып тойлап, әлемдегі ең үздік театрлардың премьераларын сахналап, аспанға отшашу атып мәре-сәре болып жататыны да содан болар. Қызығасыз, сүйсінесіз. Сіз біздің байшыкештердің баласының тұсауы кесілсе де аспанның апшысын қуырып, жарыса атылатын отшашулары қазақтың бір ардақты ақынының құрметіне атылды дегенді естідіңіз бе? Естімегеніңізге, әрі жуық арада ести қоймайтыныңызға бек сенімдімін.

С. Дәрібаев. Көңіл керуені. – Алматы: Дәуір, 2014. – 36-б.

Уақыт әкелген өзгерістер, жаһанданумен келген жаңалықтар, әлеуметтік желілер мүмкіндігінің зор қарқынмен дамуы бүгінгі ұрпақты кешегі көркем шығарма беретін рухани жан азығынан алыстатып тастады. Кітап оқуға, көркем шығарма табиғатын тануға деген ынта-ықыластың азайып, көмескіленіп келе жатқаны ащы да болса ақиқат. Бүгінгі күні тіл байлығы жұтаң, шығарманың өзін оқымай, тек ғаламтордағы ақпараттар арқылы сөйлеуге дағдыланған оқушымен жиі бетпе-бет келіп жататынымыз жасырын емес. Бұл әсіресе, ғасырлардан ғасырларға жеткен сөз өнерінің табиғатын, ақын-жыраулардан мирас болған терме-толғаулар мен қисса-дастандарды, қаламгерлердің шығармашылық лабораториясының қыр-сырын түсіндіретін қазақ әдебиеті сабақтарында айқын байқалады. Сондықтан, әдебиет әлемінің әсемдігіне баулитын пән мұғалімінің алдында теориялық талдаулар мен сараптама жасау секілді биік мақсаттармен бірге көркем шығарма оқу дағдысын қалыптастыру, кітап оқуға қызықтыру секілді мәселелердің де алға шыға бастағаны анық. Осы орайда жазушы еңбегін, шығарманың тақырыптық-идеялық және көркемдік ерекшеліктерін талдау барысында әдеби шығармашылық жұмыстардың да маңызы аса зор. Шығарма табиғатын терең түсінуге, ондағы әр сөздің, әр кейіпкердің жан-дүниесіне үңіліп сезінуге, ең бастысы қаламгердің жазу шеберлігін танып-білуге талпындыратын тиімді әдіс шығармашылық жаттығулар арқылы жүзеге асады.

С. Дәрібайұлы. Қазақ әдебиетін оқытудағы әдебиойындар мен жаттығулар. – Алматы:Қазақ университеті, 2017. – 3-б.



Алена Сергеевна ДЕМЧЕНКО,
PhD, қауымдастырылған профессор

Алена Сергеевна Демченко 1988 жылы 1 желтоқсанда Алматы қаласында дүниеге келген.

2006-2010 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде «Орыс тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавриатта білім алды.

2010-2012 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде «Филология» мамандығы бойынша магистратурада білім алды.

2012 жылдан бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасында ғылыми-педагогикалық қызмет атқарып келеді.

2014-2017 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде «Орыс тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша докторантурада білім алды.

2019 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғап, «Орыс тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алды.

2025 жылы қауымдастырылған профессор (доцент) атағын алды (11.07.2025 ж. № 1174 бұйрық).

Қазіргі таңда осы университеттің Орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының меңгерушісі бол қызмет атқарады.

Негізгі ғылыми нәтижелері: уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда (ҒЖБСҚҚЕК) 10, Scopus (Скопус) базалардағы ғылыми журналдарда 4, Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics) – 1, барлығы 15 аса ғылыми жарияланымның авторы. Сонымен қатар 2 оқулықтың, 3 хрестоматияның, 2 әдістемелік нұсқаулықтың тең авторы. Демченко А.С. жетекшілігімен Баянбаева А.А. «8D01704 – Орыс тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторлық диссертациясын қорғады (02.05.2024 ж. № 1766-б/а бұйрық). «Русская проза Казахстана новейшего времени: ведущие тренды, жанрология, сюжетика, герой» (AP19679652) (2023-2025 жж.) жобасының және

«Обретение исторической субъектности и преодоление культурных травм в исторических нарративах творческой интеллигенции Казахстана (1951 - 1991 гг.)» (AP23488969) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті жобасының орындаушысы.

Ғылыми жариялымдар тізімі:

1. «Жанр как семиотическая структура: на материале русской казахстанской повести» Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. 2023. Т. 14. № 3. С. 910–930. https://doi.org/10.22363/2313-2299-2023-14-3-910-930

2. «Семиотика интертекстуальности: на базе философской категории «гуманизм» в постмодернистском тексте» Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. 2024. Т. 15. № 2. С. 600–622. https://doi.org/10.22363/2313-2299-2024-15-2-600-622

3. «Маркеры транслингвальности в поэзии Ауэзхана Кодара» Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. 2024. Т. 15. № 4. С. 1402–1418. https://doi.org/10.22363/2313-2299-2024-15-4-1402-1418

4. «The novel «Mammoth's tusk. Chronicle of the dead city» by N. Verevochkin: mythotectonics and artistic axiology» Filologicheskie Nauki-Nauchnye Doklady Vysshei Shkoly-Philological Sciences-Scientific Essays of Higher Education. 2020. №2. С. 98-109.

5. https://doi.org/ 10.20339/PhS.2-20.098

6. «Axiological archetype "Home" in I. Shukhov autobiographic trilogy "Presnov Pages" | Ценностный архетип «Дом» в автобиографической трилогии И. Шухова «Пресновские страницы» RUDN Journal of Studies in Literature and Journalism. 2019. Т. 24. №4. С.660-669. DOI 10.22363/2312-9220-2019-24-4-660-669

7. «"Wandering in the Worlds" by B. Kairbekov: the Role of Autometatext in the Interpretation of a Translingual Work» RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics. 2025. Т. 16. №2. С.528-542. DOI 10.22363/2313-2299-2025-16-2-528-542

8. «Interactive methodological strategies for analyzing of I. Shukhov's works.» Вестник КазНУ. Филология сериясы. –2020. – №2 (178). – С. 36-42. https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph5

9. «Интерактивные приемы изучения жанра рассказа в вузе (на примере творчества Б. Канапьянова)» Вестник КазН. Филология сериясы. – №2 (186). – 2022. – С. 205-212 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v186.i2.021

10. «Organization of student teamwork using interactive Trello technologies in order to effectively use educational resources and improve literary competencies» Вестник Карагандинского университета. Серия филология. – № 2(106) . – 2022. – С. 141-151 https://doi.org/10.31489/2022ph2/141-150

11. «Interactive strategies for analyzing G. Belger's novels» "Keruen" scientific journal. – №4, 77 vol. – 2022. – С. 152-163 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-12

12. «К вопросу изучения и классификации фаустианских сюжетов и мотивов в русской классической литературе» Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана серия. Филологические Науки. – №2 (73). – 2024. – С. 358-367 https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.73.2.027

13. «Анализ жанра беллетризованной биографии как средство совершенствования литературоведческих компетенций студентов (на материале исследований романов-эссе В. Михайлова)» Вестник Атырауского университета имени Халела Досмухамедова. 2024; №3(74):131-141. https://doi.org/10.47649/vau.24.v74.i3.12

14. «Stylistic peculiarities of K.I. Satpayev's research on literature, art and the epistolary heritage of the scientist» "Keruen" scientific journal №4, 85 vol, 2024. С 47-55 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-03

15. «Литературная эстетика постмодернизма (на материале романа А. Жаксылыкова «Поющие камни»)» Вестник КазНУ. Филология сериясы. – №3 (195). – 2024. – С.177-186 https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph016

16. «Анализ «номадического» текста: установочно предпосылочный этап.» "Керуен" ғылыми журналы. – №3, 84-том, 2024. – С. 27-39

17. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-02

18. «Постмодернистский текст как дидактическое средство обучения студентов – филологов» Ясауи университетінің хабаршысы, №1 (131), 2024. С. 408-421 https://www.doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.32

19. «Психологизм в современном казахстанском рассказе» Вестник КазНУ. Серия филологическая, 197(1). https://doi.org/10.26577/EJPh2025197112

20. «Методика анализа литературного психологизма на занятиях в вузе» Вестник КазНУ. Серия филологическая, 201(1). https://doi.org/10.26577/EJPh2011202625

Марапаттары:

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасы (2026 ж.).



Мамиля Тұрғамбайқызы
ЖАҚЫПБЕКОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
профессор м.а.

Мамиля Тұрғамбайқызы Жақыпбекова 1972 жылы 2 наурызда Талдықорған облысы, Киров ауданы (Жетісу облысы, Көксу ауданы), Талапты ауылында дүниеге келген.

1979-1989 жж. Киров ауданы, Талапты орта мектебінде білім алып, мектепті медальмен бітірді.

1989 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, үздік дипломмен бітірді.

1994 жылы еңбек жолын І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушылық қызметтен бастады.

2001-2003 жылдары І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті аспирантурасының күндізгі бөлімінде білім алды.

2002 жылы «Ерлікті бейнелеудің ұлттық өрнектері (28 панфиловшылар туралы поэмалар)» атты кандидаттық диссертация тақырыбы бекітіліп, аспирантураның екінші жылында жеделдетіп кандидаттық диссертациясын қорғады.

Филология ғылымдарының кандидаты (2007), қауымдастырылған профессор (2020).

Қазіргі таңда осы университеттің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында профессор міндетін атқарушы қызметінде.

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет және дәстүрлі мәдениет; этномәдени лексика. Ілиястану.

М. Тұрғамбаевна 100-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. «AP19680053 - гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: XXI ғасыр контексінде» Гранттық жобада жетекші ғылыми қызметкер (іске асыру кезеңі 2023-2025жж.). «Ерлік жырларындағы ұлттық өрнектер» (9 б.т.) атты оқу құралы Абай атындағы Қазақ ҰПУ–нің жанындағы «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімімен шығып (Хаттама №12 27.05.2010 ж.), оқу процесінде пайдаланылуда.

М. Тұрғамбаевнаның ғылыми еңбектері ішінде 1 оқу құралы, 2 монография оның жеке авторлығымен жарық көрген, 2 монография, 1 энциклопедия, 1 сөздік авторлар ұжымымен бірге шығарылған еңбек. Жарық көрген еңбектер тізімі:

1. Ерлік жырларындағы ұлттық өрнектер. Оқу құралы. – Талдықорған:Принтланд, 2010.- 150 б.

2. Қаһармандық эпосы. Монография. – Талдықорған: Алтын баспа, 2019. - 122 б.

3. Жетісудың әдеби шежіресі. Монография. – Талдықорған: Алтын баспа, 2020. - 167 б. (Ш.Қыяхметовамен бірге)

4. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы этнографизмдер және оның танымдық сипаты. Монография. – Талдықорған: Алтын баспа, 2022. - 102 б. (Мырбаек Н.)

5. Ономастикалық сөздік: топонимдер (Ілияс Жансүгіровтің поэзиялық шығармалары негізінде). - Талдықорған, 2024- 97 б. (Баратова М., Мырзабек Н.)

6. І.Жансүгіров шығармаларындағы этнографизмдердің танымдық сипаты. Монография. Талдықорған, 2024.-101 б.

Марапаттары:

1. Алматы облысы бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алхыс хаты (2019 ж)

2. ҚР БҒМ-нің Алғыс хаты (2021 ж.)

3. 2021 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері

4. І. Жансүгіров медалі (2022 ж.)

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Тіл мен қоғамның өзара байланысы, атап айтқанда, халықтың мәдени даму деңгейін қамтитын лексикалық бірліктерге бағытталған, оларды талдау белгілі бір қоғамның мәдени және идеологиялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Аталмыш зерттеу ұлттық тіл нұсқаларының лингвистикалық, лингвомәдени, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар гуманитарлық ғылымдардағы пәнаралық көзқарасты дамытуға ықпал етеді. Зерттеудің өзектілігі бірқатар факторларға, атап айтқанда, Ілияс Жансүгіров шығармаларындағы этнографизмдерді талдауға арналған жеке заманауи зерттеулердің болмауына байланысты. І.Жансүгіровтің тілдік тұлғасының бір қыры ретіндегі ұлттық-мәдени ерекше мәнге ие эквивалентті емес лексиксын зерттеу оның шығармашылық лабораториясын неғұрлым толық талдау үшін қажет және ақынның тілі

мен оның дүниетанымы арасындағы қосымша себептік байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

М.Т. Жақыпбекова. І. Жансүгіров шығармаларындағы этнографизмдердің танымдық сипаты. Монография. – Талдықорған, 2024.- 101 б.

Өткен кезең суретін негізге алған кейбір туындыларды бүгінгі күндегі көзқарас тұрғысынан сұрыптағанда, "кезіне, кезеңіне қарай жазылған туындылар" деп, оларға оң қабақ таныта алмай жататынымыз бар. Сондай салқындықтың сарынын кезең қажетін өтеп, патриотизмге үндеген Жиырма сегіз жауынгер турасында жазылған поэма, дастандар да тартты. Әрине, бұл шығармаларда шайқастың шынайы қасіретін ашудан гөрі, патриотизмнің тым асқақтата суреттелуі, соның салдарынан жауынгерлердің де шайқаска "салтанатты" түрде енуі орын алған. Мұнда соғысты "қасірет" деп қабылдауға шек қойған, оның бар ауыртпалығын ашып көрсетуге мүмкіндік бермеген идеологияға иек артамыз. Осында мынадай бір ерекшелікті аңғармай жатамыз. Өткендегінің бәрін қазіргі уақыттың өлшеміне салып бағамдауға болмайды.

М.Т. Жақыпбекова. Ерлік жырларындағы ұлттық өрнектер. Оқу құралы. - Талдықорған:Принтланд, 2010.- 150 б)

Соғыс құрсауындағы адам тағдыры сол кездегі көп ұлтты совет әдебиетінің өзекті тақырыптарының біріне айналды. Соғыс еркінсуді білмейтін темірдей қатал тәртіп пен жібімейтін қатаң мінезді талап етті. Соғыс әрекетіне сансыз адамдар жұмылдырылды. Олар тек бір - ақ мақсатпен, Отанын туған жерден азат ету жолында жауға аттанды. Соғыстағы адам өз әрекетімен қимыл қозғалыс жасай алмайды. Сондықтан да соғыс адамды шектейді. Соғыстағы адам жаумен айқасуға міндетті.

Қиян кескі ұрыс кезінде адам ойына не оралуы мүмкін? Отанын, туған жерін, жанұясын, жақын туыстарын ба әлде оның ойын жауды жеңіп, тірі қалсам ба деген бір - ақ ой мазалауы мүмкін бе? Жауынгердің өмірге деген құштарлығы, талпынысы жаумен жан аямай шайқасуға итермелейді.

Ерлік адамның еркіндігі мен қайрат жігерінің, рухани ішкі жан дүниесінің астасуынан туындайды. Ерлік - қарама-қайшылықтарға төтеп беріп, жеңіске жету деген сөз. Ерліктің ауқымы қарсы жақтың күшімен өлшенеді.

Ерліктің жасалу заңдылығын ешкім де алдын - ала айқындай алмайды. Ол әр жағдайға байланысты әр кезеңде әр түрлі формада

жасалады. Соғыстағы ерлік қарсы жақ дұшпанның қай жағынан болсын шеккен зардабымен өлшенеді.

М.Т. Жақыпбекова. Қаһармандық эпосы. Монография. – Талдықорған: Алтын баспа, 2019. - 122 б.)

Жетісудың әдеби шежіресін жинау, жүйелеу, ғылыми тұрғыда негіздеу көп жылдан бері қолға алынып, зерттеліп келе жатыр. Кейінгі ұрпаққа үлгі, мұра болар суреткерлер туындыларын әдеби – теориялық, танымдық – эстетикалық тұрғыдан талдай, зерттей оқыту жастардың білім қорын толықтырары сөзсіз. Туған өлкеміздің әдеби – мәдени мұраларын зерттеудің қандай дәрежеде екендігін, зерттеуші, жинаушылар еңбектерінің маңызына байыппен қарауға, бағалауға баулу да – біздің алға қойған міндеттеріміздің бірі. Сол арқылы Жетісу аймағының әдеби шежіресін толықтыруға үлес қосу. Осы өңірден шыққан ақын – жазушылар өмірі мен шығармашылығын қосымша оқыту арқылы оқушылардың туған өлке тарихы туралы мағлұматтарын, әдеби – теориялық білімдерін тереңдете түсу. Ел тану, тарихты бағалау, адамгершілік ізгі мұраттарды қастерлеу сияқты тәрбиелік, танымдық мақсаттарға бағытталған.

М.Т. Жақыпбекова. Жетісудың әдеби шежіресі. Монография. – Талдықорған: Алтын баспа, 2020. - 167 б. (Ш.Қыяхметовамен бірге).

Мәдени-ұлттық бірегейліктегі тіл мен мәдениеттің өзара тығыз байланысы және оның тілдік көрінісі, бұл құбылыстардың өзара әсері мен өзара байланысы лингвомәдениеттану ғылымының назарында. Осы тұрғыдан алғанда тіл бізге ерекше және қайталанбас құбылыс ретінде әлем туралы идеяларды бейнелейтін ұғымдар жүйесі ретінде көрінеді, олардың жиынтығы дүниенің тілдік бейнесін құрайды. Жалқы есімдер сөз құралы ретінде ономастикадағы мәдени-тарихи мәліметтерді сақтай отырып, халық мәдениетінің, менталитетінің құнды көзі болып табылады.

М.Т. Жақыпбекова. Ономастикалық сөздік: топонимдер (Ілияс Жансүгіровтің поэзиялық шығармалары негізінде). - Талдықорған, 2024- 97 б. (Баратова М., Мырзабек Н.)

Ана тілінің бар байлығының ерекше бір бөлігін қамтитын және халықтың өткен кезеңдегі тарихынан, тұрмыстық өмірінен мол ақпарат беретін этнографизмдерді танымдық тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі зор. Себебі, этнографизмдер - тілдік байлығымыздың негізгі арнасының бірі болып табылады. Қазіргі күні қолданысымызда сирек кездесетін немесе ұмыт болған этноатаулардың астарына үңіліп, мағынасын аша білу – ұлтымыздың мәдениеті мен болмысын танытудың бір жолы. Бұл

этноатаулар қазіргі таңда жиі қолданылмауы немесе қолданыста болған күннің өзінде бастапқы мағынасынан мүлде басқа мәнде қолданылуы мүмкін, алайда аталмыш сөздердің көп бөлігі бүгінгі таңда диалектілік лексикада, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрамында немесе ауыз әдебиеті үлгілілері мен көркем шығармалардың тілінде сақталынып, бізге жетіп отыр.

М.Т. Жақыпбекова. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы этнографизмдер және оның танымдық сипаты. Монография. – Талдықорған: Алтын баспа, 2022. - 102 б. (Мырбаек Н.)



Айткүл Бейсенбайқызы ДОСЫБАЕВА, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Жазушылар одағының мүшесі

Айткүл Бейсенбайқызы Досыбаева 1971 жылы 23 ақпанында Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Жаңа Шілік ауылында дүниеге келген. 1978 жылы И. К. Крупская (қазіргі М.Шаханов атындағы) орта мектебіне қабылданып, 1988 жылы аталған орта мектепті тәмәмдайды. Жастайынан жазушы болуды армандаған Айткүл Бейсенбайқызы Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің (бұрынғы М.С.Киров атындағы ҚазҰУ) филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына 1989 жылы оқуға қабылданып, оны 1994 жылы бітіріп шығады.

1994-1998 жылдары Алматы қаласы, Бостандық ауданы №21 мектеп-лицейінде, 1999-2005 жылдары Алмалы ауданы №144 мектеп-гимназиясында орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып еңбектенеді. 2003 жылы «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін» Алматы қаласы, Алмалы ауданы әкімінің және «Ауданның оқу жүйесіне қосқан шығармашылық еңбегі және жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту ісіндегі үздік жетістіктері үшін» Алмалы аудандық оқу бөлімінің алғыс хаттарымен марапатталған.

2005 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті, «Қазақ әдебиеті» кафедрасында ф.ғ.к., профессор Рахымжан Тұрысбектің жетекшілігімен «Ж. Аймауытұлының шығармашылық шеберлігі» атты ғылыми-зерттеу жұмысын жазып, қазақ әдебиеті мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

2005-2008 ж.ж. Қ. Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарды.

2008-2011 ж.ж. - АИУ Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы,

2011-2013 ж.ж. ОҚМПИ Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы,

2013-2016 ж.ж. ХҚТУ, «Түркология» Ғылыми-зерттеу институтында бас ғылыми қызметкері,

2016 жылдан ХҚТУ, «Б.Кенжебайұлының түркітану музейінің» аға ғылыми қызметкері, 2022 жылдан Ө.Жәнібеков атындағы педагогикалық ОҚПУ, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы болып еңбек етіп келеді.

Көптеген халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық деңгейде өткен ғылыми конференциялар мен әдістемелік, тәрбиелік іс-шараларға қатысып сертификаттарын иеленген.

ҚР БҒМ «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Қазақстан – атажұртым, қасиетім-ана тілім» атты Атажұртын аңсап келген қазақ балалары үшін жыл сайын өткізіліп жатқан Халықаралық олимпиадасының тұрақты комиссия мүшесі.

Сонымен қатар, екі мәрте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Гранттық ғылыми жобаларында ф.ғ.д., профессор Ергөбек Құлбек Сәрсенұлының жетекшілігімен жобаның аға ғылыми қызметкері ретінде ғылыми ізденістердің дамуы үшін еңбектенді. Атап айтқанда,

1. 2015-2017 ж.ж. «XX ғасыр басындағы түрік халықтар әдебиеті және Алашорда»,

2. 2018-2020 ж.ж. «Алтын Орда руханияты» атты гранттық жобалары.

Айткүл Бейсенбайқызы Досыбаева отыз жылдан астам уақыт жоғары оқу-ағарту және ғылым саласында жемісті еңбек етіп келеді. Өзінің кәсіби қызметі барысында мыңдаған студенттер мен жас зерттеушілердің қалыптасуына ықпал жасап, отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосты.

Университеттің білім беру, ғылым және тәрбие салаларындағы игі бастамаларына белсене атсалысып, оқу ордасының абырой-беделін арттыруға, жоғары кәсіби біліктілік танытып, оқу ордасының тұрақты дамуы мен сапалы маман даярлау ісіне қосқан мол үлесі үшін Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ Басқарма төрағасы-ректоры Г.Д. Сүгірбаеваның Алғыс хатымен марапатталды (2024 ж.).

Айткүл Бейсенбайқызы – БАҚ беттеріндегі жүздеген ғылыми-зерттеу және публицистикалық мақалалардың, оннан астам оқу-әдістемелік еңбектер мен ғылыми-танымдық кітаптардың авторы.

1. «Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылығы» атты монография Түркістан: «Тұран» баспаханасы.

2. «Жүсіпбектану» атты (Алашорда өкілі, талантты жазушы Жүсіпбек Аймауытұлы шығармашылығына арналға оқу құралы. Шымкент, АИУ баспаханасы, 2010.,

3. «Жүсіпбек Аймауытұлы және Алашорда әдебиеті». Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2016, Монография.

4. «XX asr boshida Turk halglari adabiyoti va Alash Orda». (XX басындағы түрік халқтары әдебиеті және Алашорда) Монография. Тошкент 2017.

5. «Ананы аңсау» Түркістан, «Тұран» баспасы, 2013 ж. /Эссе кітап/.

6. «Бас сарапшының соны сөзі». «Келбет»., «Фолиант» баспасы. Нұрсұлтан. 2020 ж (кітап)

7. «Бөбек деп, өбектеп...». «Адамның бір қызығы бала деген...». Алғы сөз. Нұр-Сұлтан, 2021, (кітап)

8. «Құлбек Ергөбек» Өнегелі өмір. 247 шығарылым. «Akadem kitap» баспасы. Құрастырушы - Досыбаева А., Алматы. 2024. (кітап)

9. «Ерен де берен Бердібек». «Жебе» баспасы. Құрастырушылар тобы– Досыбаева А., Шымкент.. 2024. 516 бет. (Кітап)

10. «Бердібек Сапарбаев» Өнегелі өмір. 248 шығарылым. «Akadem kitap» баспасы. Құрастырушылар тобы – Досыбаева А., Алматы. 2024 ж.(кітап)

11. «Бола дебон, болажан...» Алғысөз. «Болосуз». «Adorbooks» Тошкент. (кітап). 2024.

12. «Қазақ – әзербайжан әдеби байланысы». Қазақстан Жазушылар одағы баспасы. Алматы. (кітап), 2024 ж.

13. «Қажымұқан: даңқ пен дақпырт» Құрастырушы-Досыбаева А., Алматы., (кітап) «Қазақстан» баспа үйі. 2025 ж. - 456 б.

Оның ғылыми және әдеби шығармалары, мақалалары ұлттық руханият пен ағартушылық бағыттағы маңызды еңбектердің қатарынан орын алады.

Авторлық еңбектерінің бірі республикалық арнайы конкурс нәтижесінде жеңімпаз атанып, мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көрген. 2024 жылы «Стратегиялық әріптестік туралы» заң жобасы негізінде Жазушылар одағы тарапынан Мәдениет және ақпарат министрлігінің қаржыландыруымен конкурстық «ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зерттеу жұмыстары» атты маңызды жобаның жеңімпазы болды. Нәтижесі - «Қазақ-әзербайжан әдеби байланысы» (архивтік материалдар негізінде) Қазақстан Жазушылар одағы. – Алматы, (кітап).

Ғылыми-зерттеу бағытында да халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға тұрақты қатысып, баяндамалар жасап келеді.

2019 жылдан бастап «Өрлеу» зияткерлік бастауыш мектебінің құрылтайшысы ретінде жас ұрпақтың сапалы білім алуына жағдай жасап, олардың интеллектуалдық дамуына бағыт-бағдар беріп келе жатқан білім жанашыры.

2024 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

2026 жылдан «ҚАЗАҚСТАН» баспа үйінің» директоры қызметін атқарып, баспа ісін дамытуға, оның жаңа бағыттарын қалыптастыруға және отандық баспа саласының өркендеуіне үлес қосып келеді. Отбасында, әріптестер және достары алдында үлкен құрмет пен абыройға ие. Жастардың жүрегіне жол таба білетін, білім мен тәрбиені мейіріммен дарытатын ардақты ұстаз-педагог.

Досыбаева Айткүл ұзақ жылғы адал еңбегімен, еліміздің ғылым мен білім саласын дамытудағы табыстарымен, қоғамдық және шығармашылық белсенділігімен, баспагерлік қызметімен еліміздің рухани-мәдени саласының дамуына көпжылдық сүбелі үлес қосып келе жатқан білікті ғалым, ұлағатты ұстаз, қарымды қаламгер.

«Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылығы» атты монографияда жампоз жазушы Жүсіпбек Аймауытұлының өмірі мен шығармашылығы, туындыларының көркемдік ерекшелігі ғылыми тұрғыда қарастырылған. Әдебиет әлеміне өлеңмен келіп, кең көлемді романдарына дейінгі аралықта Жүсіпбек Аймауытұлының қаламгерлік қырлары көркем әңгімелерінен, оқшау сөздері мен мақалаларынан, педагогика мен психология саласындағы мұраларынан, аудармалары мен пьесаларынан терең танылады. Бұл салалардан да алуан ізденіс, көзқарас эволюциясы, қолтаңба мәнері айқын аңғарылады. Жазушы еңбегінен қоғамдық өмір тынысы, ел өмірінің көріністері, адам мұраты мен көзқарасы, іс-әрекеттері кең орын алды.

Жазушы еңбегі мен шығармашылық үрдіс мәселесі – Ж. Аймауытұлының әр алуан жанрдағы туындыларынан терең танылады. Негізінен, Ж. Аймауытұлы ұлт әдебиетінің барлық жанрында өнімді еңбек етті. Ізденіс, көзқарас, қолтаңба айқын көрініс берді. Ж.Аймауытұлының шығар-машылығының тағы бір қыры – аудармашылық қызметі. Оның қаламынан туындаған аударма еңбектері.

Аудармашылық жұмыс – Жүсіпбек Аймауытұлының қажырлы еңбегі мен көп оқып, ізденгендігін көрсетеді. Сол заманғы Батыс, Шығыс классиктері мен саясаткерлерінің саяси еңбектерін аударып қана қоймай, өзіне тәлім-тағылым, мол рухани нәр алып, тәжірибе жинағанын да байқаймыз.

Жүсіпбек Аймауытұлы ұстаз мамандығын меңгеріп, жас ұрпақ тәрбиелеу ісіне белсене араласып, өмірінің соңына дейін бұл салаға адалдық танытады. Оның педагогика, психология саласын ғылыми тұрғыда байытқан еңбектері өз алдына бір сала. Оқу-тәрбие саласында ұлтын сүйер-ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу жолдарын мұқият зерттеген, оқу-ағарту жайындағы ғылыми тұжырымдары, ой-пікірлері 1999 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген жазушының бес томдық шығармалар жинағының бесінші томына енді .

«Комплекспен оқыту жолдары» деп аталатын мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік көмекші кітабы – 1929 жылы Қызылорда қаласында «Қазақ» баспасында басылды. Бұл өз кезегінде білім беру жүйесі мен оқыту әдіс-тәсілдеріне үлгі-өнеге болған, қазақ мектептерінің дұрыс жолда дамып, қалыптасуына бағыт-бағдар берген, маңызы ерекше еңбектер.

Ж. Аймауытұлының психология саласында 1926 жылы екі кітабы – «Психология» мен «Жан-жүйесі және өнер таңдау», ал 1929 жылы «Сабақтың комплекстік жүйесі мен әдістері» атты еңбектері баспа жүзін көреді. Біздіңше, бұл еңбектерді білім-ғылым жүйесінде басшылыққа алуға, кең көлемде пайдалануға әбден болады.

Жазушының педагогикалық еңбектерінің бала оқыту мен тәрбиелеуде, ұлттық идеяны қалыптастыруда маңызы жоғары болды.

Ж. Аймауытұлы көптеген сын мақалалар да жазған. Оның қаламынан туған: «Абайдан соңғы ақындар» (1918), «Мағжанның ақындығы» (1923), «Сұңқар жыры» (1925) т.б. сын еңбектері әдебиет ерекшеліктері мен принциптерін басты арқау етеді. Өз кезіндегі руханият ісіне зор маңыз берді. Жекелеген ақын-жазушылар шығармашылығын кеңінен талдап, ой-пікірлер білдірді. Әдебиеттің даму бағытын, ондағы жанрлық-көркемдік, стиль сырларына қатысты мәселелердің бәрін-баршасын жан-жақты сөз етті. Қорыта айтсақ, XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы дамуының ең бір күрделі кезеңінде өмір сүрген Ж. Аймауытұлының сан қырлы шығармашылық ізденісі – заман талабынан туындайды. Өз ұлтының жаңа өмірге талпынысы, азаттығы, тәуелсіздігі жолындағы күресі қаламгер мұратына айналып, өз шығармаларына арқау етіледі.

Ж. Аймауытұлы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін, оның ішінде көркем проза жанрын қалыптастыру мен дамыту ісіндегі ізденіс, еңбектері сол кезеңде қандай мәнді, бедерлі болса, бүгінгі таңда да үлгі-өнегелік, ғибраттық қырларымен әдеби-ғылыми қауымға, қалың көпшілікке де талантқа тән табиғи болмыс-бітімімен, кешеден бүгінге жеткен мұра-мирастарындағы келісті де кемел көркемдігімен, тілдік-стильдік мүмкіндік-иірімдерімен ой салып, ұлттық-руханияттық әлемдегі мәңгілік құбылысқа айналғаны уақыт өткен сайын терең сезіліп келеді.



Жанбибі Сенбайқызы ДҮЙСЕНБАЕВА,
филология ғылымдарының кандидаты

Дүйсенбаева Жанбибі Сенбайқызы Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданына қарасты Тұщыбек аулында 1958 жылы дүниеге келген. Әкесі Сенбай Дүйсенбаев (1916-1974) Қызылтаң колхозының партия ұйымының секретары, Ұлы Отан соғысының батыры. 1982 жылы Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша үздік бітіріп, бірден сол оқу орнының аспирантурасына қалдырылады. Жетекшісі-қазақтың белгілі жазушысы - М.Мағауин. Филология ғылымдарының докторы.

Ж. Сенбайқызы саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнады. 1982 жылдан бері Ақтау қаласындағы №1, №11, №20 мектептерде үздіксіз еңбек еткен. Осы кезге дейін мектептен қол үзген жоқ. №20 мектепте үйірме, ғылыми жұмыстарды жүргізіп келеді. Республикалық бірнеше олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындап, қанат қақтырды. Мектепте бірнеше оқу кабинеттерін жабдықтады. 1991 жылы «Құнанбайды қайта тану» ғылыми мақаласы үздік деп танылды. 1995 жылы Ұлы Абайдың мерейтойы қарсаңында бірнеше шараларға атсалысты. «Өнлік-Кебек» жартасы басындағы республикалық дәрежеде өткен шараны жүргізді. Ғылыми жоба жұмыстарына жыл сайын мектеп оқушыларына жетекшілік, ғылыми кеңесшілік жұмыстарын үзбестен дайындап келеді. Ж. Сенбайқызы мектепте жүріп, кандидаттық диссертациясын қорғаған бірден-бір республикадағы ғалым-ұстаз. Шәкірттері бірнеше сайыстардың жүлдегері. Танымал әдістемелік оқу құралдардың авторы.

1999 жылы орта мектепте жасай жүріп, ғылыми ізденісте АГУ-де «Әбіш Кекілбаев повестеріндегі көркемдік шешім» тақырыбында ғалым С. Мақпыровтың жетекшілік етуімен кандидаттық диссертациясын мерзімінен бұрын қорғап, 1999 жылы 29 желтоқсанда «Филология ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесі атағын алды. Ғалым диссертациясында жазушының 10 повсіндегі аңыздық желілердің көркемдік шешімін сөз етеді. Ә. Кекілбаев шығармалары әдебиетші, сыншы, ғалымдар тарапынан әр кез соз етілді.

Ол жергілікті бірнеше ақын-жазушылардың жинақтарына алғысөз, ғылыми түсініктерін жазып, редакторлық жасады, жинақ құрастырушылар қатарында болды. Олар: қаламгер Ә. Спанмен бірге Ә. Кекілбаев 5 томдық «Сыр-десте» жинағына, С.Қондыбайдың, «Гиперборея», «Жауынгерлік рух», қаламгер Ә.Спанның «Қабекеңнің қазынасы», С.Назарбектің Таңдамалы 3-томдық шығармалары, «Ұлы дала ұлдары», М. Нығметуллаевтың «Тарих тағылымы», «Адай кіндікті әулиелері», М. Әбдіхалықовтың «Сүйінғара» т.б. Манғыстау жазба әдебиетінің корифейі А.Құдайбергеновтің көлемді еңбектеріне алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, редакторлық жасаған. А. Құдайбергеновтің артында қалған әдеби мұрасын жинақтап, қорытып, шәкірттеріне диплом жұмысын жаздырып, оның жоқшысы болып, «Нұрлы әлем» баспасынан марқұмның 2 томдық еңбегін жарыққа шығарды. Иран, Ресей, Қытай, Венгрия елдерінде ғылыми мақала шығарған.

1999 жылдан 2009 жылға дейін Ш. Есенов атындағы университетте тұрақты түрде Әбіштану арнаулы курсынан дәріс оқыды. Студенттер үшін әдістемелік құралдар шығарды. 2008 жылы «Арыс баспасынан «Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарихи таным» атты монографиясын шығарды;

2009 жылы 23 қарашасында Әл-Фараби атындағы университетте (КАЗГУ-де) «Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар және көркемдік шешім» докторлық диссертациясын филология ғылымдарының докторы Қансейіт Әбдезұлының жетекшілік етуімен қорғап, 2010 жылы «филология ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесі атағын алды;

«Әбіш Кекілбаев шығармашылығы» бойынша «Өлке» баспасынан түрлі-түсті 80 дана плакаттар сериясы жарыққа шықты.

«Маңғыстау мұғалімдері» энциклопедиясын жазуда ерекше еңбек етті.

Еңбек жолының басты кезеңдері: Ол Маңғыстау облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында 17 жылдан бері дәріс оқып келеді. 2008-2009 оқу жылында Маңғыстау облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында бөлім меңгерушісі; 2009 - 2012 жылдарда әдіскер. 2013 жылдан кафедра меңгерушісі. 2013 жылдың наурызынан кафедра профессоры; Осы институттың аясында бірнеше тақырыпта қысқа мерзімді курстар өткізіп, Оқу кешендерін жасады. «Әбіштану» арнаулы курсын тұрақты түрде - 15 жылдың үстінде өткізіп келеді. Бірнеше рет қалалық, облыстық, республикалық семинарларда ашық сабақтар өткізді. Олардың қатарында: «Ақын М. Жұмабаевтың Түркістан өлеңін оқыту», «Әбіш Кекілбаев шығармашылығындағы өлке тарихының берілуі», «Қаламгер М. Әуезовтің шығармаларындағы салт-

дәстүрдің қолданылуы», «Жаңаша оқытудағы әдіс-тәсілдер», «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы», «Бағалаудың түрлері», «Блум таксономиясындағы жинақтау», «Дамыта оқыту технологиясын сабақта қолдану тәсілі», «Зерттеушілік іс-әрекет», «Блумның толық меңгерту теориясы» тақырыбындағы өткізген ашық сабақтары жоғары деңгейде өткен еді. Ағарту саласындағы ұзақ жылғы елеулі еңбегі ескеріліп, «Аға мұғалім», 1997 жылы «Қазақстан халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісі, ҚР Білім министрінің Құрмет грамотасымен т.б. марапатталған. 1999 ж. Алтынсарин медалінің иегері.

2003 жылы ЮНЕСКО көлемінде тойланған дауылпаз ақын Махамбеттің мерейтойында Махамбет атындағы сыйлықты иеленді. «Маңғыстау», «Қазақстан әйелдері» энциклопедиясына енген. Облыс бойынша 2010 жылдың «Жыл адамы» байқауы номинациясының «Жыл ғалымы».

31шілде, № 142021 жыл. Алтынсарин медалінің иегері.

2021 жыл 17 тамызда ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен наградталды (№ 0022).

Ж. Дүйсенбаева 500-ден астам ғылыми, ғылыми көпшілік еңбектердің авторы.

Қазір мемлекеттік «Жасыл ел, «Ақ бұлақ», «Туған жер», «Өңірлерді дамыту» бағдарламалары бойынша ағарту саласының қызметкерлері ұрпақпен жұмыс жасайды. Соның аясында: «Ақтау қаласы», «Қызылтаң», «Құйылыс су кеніші қалай ашылды?», «Ауыл шаруашылық саласының ақиығы -Ауман Байдолов», «Маңғыстау мақтаныштары: Қалмұханбет Сұпығазиев», «Тыл ардагерлері», «Құсбегілік өнер», «Махамбет шығармашылығын мектепте жаңаша оқыту» тақырыбындағы еңбектері жарыққа шықты.

Ж. Дүйсенбаеваның ғылыми еңбектері ішінде, 20 кітап жеке авторлығымен жарық көрген. 7 еңбек авторлар ұжымымен бірге шығарылған.

1. «Әбіш Кекілбаев прозасы» (1999 ж. Алматы, «Дәуір баспасы»): монография – Алматы: Өлке, 1999 – 200 б;

2. «Әбіш Кекілбаев шығармашылығынан диктанттар жинағы» 5-9 сыныптар үшін Алматы: 1999.-100 б..

3. «Дәуір», «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы бойынша жазушымен жүргізілген сұхбат Алматы: 1999.-80 б.

4. «Әбіш Кекілбаев шығармашылығынан иллюстрация» (бастауыш сыныптары үшін Алматы: 1999.-70б.

5. «Әбіш Кекілбаев - суреткер» (оқу құралы), Алматы: Нұрлы әлем баспасы 2002.-300 б.

6. Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау» повесін орта мектепте оқыту»; Алматы: 2003.-100 б.

7. «Махамбет және Маңғыстау» зерттеу кітабы «Нұрлы әлем» Алматы: 2003.- 200 б.

8. «Ұлы даланың ұланғайыр мұрасы» «Нұрлы әлем» Алматы: 2003. – 300 б.

9. Ә. Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар. Алматы: 2005. – 320 б.

10. Ә. Кекілбаев және замана шындығы. Алматы: 2009. – 450 б.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

1. Қазақстанның оқу ағарту ісінің үздігі. 1997 ж. Куәлік № 1896
2. Махамбет атындағы сыйлықтың иегері 2003 ж.
3. Ы. Алтынсарин медалі 1997 ж. Куәлік № 2421.
4. Еңбек ардагері 2006 ж.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Бұл диссертациялық еңбекте қаламгердің «Күй», «Шыңырау», «Автомобиль», «Ханша-дария хикаясы» повестері мен «Үркер», «Елең-алаң» романдарына негіз болған аңыздық желі және көркемдік шешім мәселесі алғаш рет арнайы зерттеу тақырыбы болып көтерілді. Аңыздарды қолданудағы автордың ауыз әдебиетінен алған дәстүрі, аңызды айтайын деген ойына сәйкес әр түрлі тұтынуы сөз болады. Зерттеу жұмысының негізгі жаңалығы-прозалық туындыларда қаламгер пайдаланған аңыздардың бірнеше нұсқаларын іздеп тауып, сол аңыз бен қаламгер көркем шығармада пайдаланған нұсқаның айырмашылығы мен ұқсастығы салыстырылады. Аңыз дерегі мен тарихи дерек, жазушы қолданған көркемдік шешімнің ерекшелігі, ұқсастығы сабақтастырыла салғастырыла қарастырылады. Сонымен бірге аңыздық кейіпкерлерге қатысты жоқтау, өлең шумақтары, жыр жолдары да зерттеу жұмысының негізгі нысаналарының бірі. Ол шығармалардағы басты оқиғалар өткен мекендерді аяқтай барып, көзбен көріп нақтылады. Нәтижесінде, суреткерлік көркемдік шешім анықталды.

Ж.С. Дүйсенбаева. «Әбіш Кекілбаев прозасы» (1999 ж. Алматы, «Дәуір баспасы»): монография – Алматы: Өлке, 1999 – 200 б.

Тарихи тұлға жасаудағы мазмұн мен түр бірлігі; Әбілқайыр бейнесін сомдаудағы қаламгерлік ұстанымы, тарихи туындыларындағы өткен дәуір ерекшелігін бағалау, тарихи тұлғаның көркемдік тағылымын, эстетикалық мән-маңызын, адамгершілік қасиеттер мен құндылықтардың өнегелік ықпалын айқындауы; Әбілқайыр дәуірі мен оның тұлғасын бейнелеудегі тарихи шындықтың көркемдік шындыққа ұласуын, кейіпкер болмысының тарихи деректер негізінде сипаттау сәйкестігін анықтау; Жазушының кейіпкер портретін сомдау, оның ішкі

жан-дүниесін тереңнен көрсету, өзіндік, дара, суреткерлік қолтаңбасын ерекшелеп көрсету; Әбілқайыр ханды қолбасшы, саясатшы, қайраткерлік қырларын жаңаша бағалаудың тарихи деректермен, тұжырымдармен үндестігі сараланады. Ең негізгісі-дала дипломатиясы, елші, елшілік, қазақ даласын отарлаудағы орыс отаршылдарының әр сатыдағы билік өкілдерінің тарихи болмысы, басты дәуір оқиғаларында тарихи деректер негізінде сабақтастырыла қамтылған. Сонымен қатар зерттеуші диссертациясында «Шәндоз» деректі-тарихи баянындағы дүниетаным арналарын даралап көрсетеді: Махамбет дүниетанымы, сол кездегі күрделі саяси жағдайлар, қоғамдық орта, биліктің күші, қалыптасқан Ішкі Бөкей ордасындағы қым-қуыт бұлқыныстар, оны терең де ғылыми шеберлікпен саралаудағы қаламгер Әбіштің дүниетанымы-зерттеудің негізгі арнасы. Шығармадағы ұлттық мінез бен ұлттық болмыс-бітімнің бейнелену ерекшеліктерін сараптау; Нәдір шах, Құлмәлі, Құлмәті, Өтеміс, Махмұт, Қара батыр, Назарбай Байкісиев, Қарауылқожа, Мәмбетнияз, Махмұтқызы Нұрбикеден туған Байғалиға қатысты деректер жаңаша көзқарас-пайымдаулар тұрғысынан зерттеу нысанына айналды.

Үш Бөкенбайдағы бітімнің маңызы, оны бітістіруде Исатайдың мәмілегерлік қырлары ашылды. Бұрын ғылыми ортаға аты беймәлім би Мәмбетниязның ағайынгерлік ісі, оның Қара, Есет батырлармен туыстығы т.б. жайларға ғылыми талдаулар жасалынды. Осы ғылыми зерттеудің нәтижесінде деректерде әр қилы аталып келген («Қарин», «Қарабас») Қара батырдың Қызан жеріндегі бейіті, сол кездегі Есболай көлі, қазір Қараның соры, олардың бүгінде Маңғыстауда өмір сүріп жатырған ұрпақтарының барлығы нақтыланды.

Ғылыми зерттеудің аясы тіпті кең, зерттеуші тек Қазақстан көлемінде ғана шектеліп қалған жоқ. Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, (Хиуа), Иран, Ресей жерлеріне ғылыми сапар шегіп, бірталай құнды мәліметтер жинады. Оны өзінің ғылыми еңбегінде сараптай тұтына білді. Соның бір парасы Өзбекстандағы аңыз-әңгімелерде көп айтылатын Құл базарының тарихы мен Шерғазы хан медресесі.

Сондай-ақ Ирандағы Нәдір шах өмір-тарихына қатысты құнды мәліметтер тұңғыш рет ғылыми диссертацияға кірістірілген. Ондағы түсірілген суреттер кейін жазушының шығармаларын оқытудың әдістемесіне де іске асты. Бұл зерттеудің жаңалығы мен тиімділігі-жазушы шығармаларының теориясы мен әдістемесінің қатар жазылғандығында. «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы» бойынша «Өлке» баспасынан түрлі-түсті 80 дана плакаттар сериясы жарыққа шықты.

Ел егемендігімен келген тәуелсіздік бәрінен де қымбат. Бұрынғы үстірт кеткен ақтаңдақ тұстарымыз ұлттық дүниетаным тұрғысынан қарастырылады. Әдебиетте даулы болып келген Махмұтқызы Нұрбикенің Өнеже тауындағы бейіті тұңғыш рет суретке түсіріліп, бейіт орны мен тарихы алғаш рет нақтыланып көрсетілді. Тарихи тұлға жасаудағы мазмұн мен түр бірлігі; Әбілқайыр бейнесін сомдаудағы қаламгерлік ұстанымы, тарихи туындыларындағы өткен дәуір ерекшелігін бағалау, тарихи тұлғаның көркемдік тағылымын, эстетикалық мән-маңызын, адамгершілік қасиеттер мен құндылықтардың өнегелік ықпалын айқындауы; Әбілқайыр дәуірі мен оның тұлғасын бейнелеудегі тарихи шындықтың көркемдік шындыққа ұласуын, кейіпкер болмысының тарихи деректер негізінде сипатталу сәйкестігін анықтау; Жазушының кейіпкер портретін сомдау, оның ішкі жан-дүниесін тереннен көрсету, өзіндік, дара, суреткерлік қолтаңбасын ерекшелеп көрсету; Әбілқайыр ханды қолбасшы, саясатшы, қайраткерлік қырларын жаңаша бағалаудың тарихи деректермен, тұжырымдармен үндестігі сараланады. Ең негізгісі-дала дипломатиясы, елші, елшілік, қазақ даласын отарлаудағы орыс отаршылдарының әр сатыдағы билік өкілдерінің тарихи болмысы, басты дәуір оқиғаларында тарихи деректер негізінде сабақтастырыла қамтылған. Сонымен қатар зерттеуші диссертациясында «Шандоз» деректі-тарихи баянындағы дүниетаным арналарын даралап көрсетеді: Махамбет дүниетанымы, сол кездегі күрделі саяси жағдайлар, қоғамдық орта, биліктің күші, қалыптасқан Ішкі Бөкей ордасындағы қым-қуыт бұлқыныстар, оны терең де ғылыми шеберлікпен саралаудағы қаламгер Әбіштің дүниетанымы-зерттеудің негізгі арнасы. Шығармадағы ұлттық мінез бен ұлттық болмыс-бітімнің бейнелену ерекшеліктерін сараптау; Нәдір шах, Құлмәлі, Құлмәті, Өтеміс, Махмұт, Қара батыр, Назарбай Байкісиев, Қарауылқожа, Мәмбетнияз, Махмұтқызы Нұрбикеден туған Байғалиға қатысты деректер жаңаша көзқарас-пайымдаулар тұрғысынан зерттеу нысанына айналды.

Үш Бөкенбайдағы бітімнің маңызы, оны бітістіруде Исатайдың мәмілегерлік қырлары ашылды. Бұрын ғылыми ортаға аты беймәлім би Мәмбетнияздың ағайынгерлік ісі, оның Қара, Есет батырлармен туыстығы т.б. жайларға ғылыми талдаулар жасалынды. Осы ғылыми зерттеудің нәтижесінде деректерде әр қилы аталып келген («Қарин», «Қарабас») Қара батырдың Қызан жеріндегі бейіті, сол кездегі Есболай көлі, қазір Қараның соры, олардың бүгінде Маңғыстауда өмір сүріп жатырған ұрпақтарының барлығы нақтыланды.

Ғылыми зерттеудің аясы тіпті кең, зерттеуші тек Қазақстан көлемінде ғана шектеліп қалған жоқ. Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, (Хиуа), Иран, Ресей жерлеріне ғылыми сапар шегіп,

бірталай құнды мәліметтер жинады. Оны өзінің ғылыми еңбегінде сараптай тұтына білді. Соның бір парасы Өзбекстандағы аңыз-әңгімелерде көп айтылатын Құл базарының тарихы мен Шерғазы хан медресесі.

Сондай-ақ Ирандағы Нәдір шах өмір-тарихына қатысты құнды мәліметтер тұңғыш рет ғылыми диссертацияға кірістірілген. Ондағы түсірілген суреттер кейін жазушының шығармаларын оқытудың әдістемесіне де іске асты. Бұл зерттеудің жаңалығы мен тиімділігі-жазушы шығармаларының теориясы мен әдістемесінің қатар жазылғандығында. «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы» бойынша «Өлке» баспасынан түрлі-түсті 80 дана плакаттар сериясы жарыққа шықты.

Ел егемендігімен келген тәуелсіздік бәрінен де қымбат. Бұрынғы үстірт кеткен ақтаңдақ тұстарымыз ұлттық дүниетаным тұрғысынан қарастырылады. Әдебиетте даулы болып келген Махмұтқызы Нұрбикенің Өнеже тауындағы бейіті тұңғыш рет суретке түсіріліп, бейіт орны мен тарихы алғаш рет нақтыланып көрсетілді.

Ж.С. Дүйсенбаева. «Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар және көркемдік шешім». Монография. – Алматы, 2010.



Серікзат Мақсұтұлы ДҮЙСЕНҒАЗЫ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Серікзат Дүйсенғазы 1974 жылы 8 желтоқсанда Абай облысы (бұрынғы Семей облысы), Аягоз ауданы, Тарбағатай аулында дүниеге келген.

1982-1992 жылдары «Тарбағатай» орта мектебінде (бұрынғы «Октябрь» орта мектебі) оқыған.

С. Дүйсенғазы 1992-1997 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бакалавр, 1997-1999 жылдары магистратурада оқыды.

Алғашқы еңбек жолын 1994 жылы «Атамұра» газетінде штаттан тыс тілші болып бастады. Тәуелсіз телеарнаның (ІІТК) «Жаңалықтар» бағдарламасында тілші болды.

Филология ғылымдарының кандидаты (2006), доцент (2008), Қазақстан авторлар қоғамының мүшесі (ҚазАҚ) (2011), Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының мүшесі (2012), Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының мүшесі (2015), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (2019). Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (2026), Әдебиеттану маманы.

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет және тарих; қазақ және шетел әдебиеті; айтыстану; зар заман әдебиеті; халық поэзиясы; пәнаралық зерттеу.

Еңбек жолының басты кезендері: 1999-2001 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Студенттер клубы директорының орынбасары, директоры, 2001-2002 жылдары Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы директорының орынбасары қызметін атқарды. 2002 жылдан 2006 жылға дейін Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, 2006-2011 жылдар аралығында Л. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті деканының орынбасары, 2011-2019 жылдары қазақ әдебиеті кафедрасының доценті болды. 2019-2020 жылдары «Қазақстан» РТРК АҚ эфирлік саясат дирекциясының шеф-редакторы

лауазымында болды. 2020-2024 жылдары Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі, 2024 жылдың мамыр айынан бастап Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің деканы қызметін атқарады Университеттегі «Топжарған» жас ақындар клубының жетекшісі.

С.Дүйсенғазы – 100-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы Бірнеше ғылыми, әдеби хрестоматиялардың құрастырушысы. «Халық поэзиясы және Ғабдиман Игенсартов мұрасы» (2007) атты монографияның, «Шетел әдебиетінің тарихы» (2010, 2018) атты оқулықтың авторы.

С.Дүйсенғазының ғылыми еңбектері ішінде екі ғылыми мақаласы халықаралық рейтингтік журналдарда, жетпістен аса мақалалары республикалық ғылыми журналдарда, конференция жинақтарында жарық көрген. Солардың қатарынан С. Дүйсенғазының авторлығымен соңғы он жылда (2016-2026 жылдары) жарық көрген 10 (он) еңбегі мен мақаласын көрсеттік:

1) Шетел әдебиетінің тарихы. // Оқулық. – Алматы: «Эверо», 2018, – 372 б.

2) Қазақ-қырғыз айтыс өнеріндегі ортақ мұрат. // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Астана, 2018, №3 (124). – 109-114 бб.

3) Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясындағы көркемдік һәм дүниетанымдық ізденістер. // Қазақ білім академиясының баяндамалары. – Астана, 2019, №1, – 201-207 бб.

4) Қазіргі жас ақындар поэзиясындағы көркемдік ізденістер. // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – Астана, 2019, №2, – 129-137 беттер

5) Академик Рымғали Нұрғали және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің зерттелуі. // Қазақ білім академияларының баяндамалары. – Астана, 2019, №4, – 199-206 бб.

6) Тәуелсіздік толғаулары: негізі мен қазіргі үрдіс. // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Астана, 2019, №3 (128), – 51-58 бб.

7) Ән-өлең. // Хрестоматия. / құраст. Қорғанбеков Б., Дүйсенғазы С. / –Алматы: «TechSmith», 2020, – 340 б.

8) Duvlat ve Abai (Duvlat jane Abai). // Turk dunyasinin bilgesi Abai Kunanbayoglu. Ankara. 2020, – 271-279 s.

9) Алаш қайраткері Жанұзақ Жәнібековтің «Қазақ» газетіндегі редакторлық қызметін ғылыми тұжырымдау. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – Алматы, №3(66), 2020, – 505-511 бб.

10) Шаймардан Торайғыров – тұңғыш сұлтанмахмұттанушы. Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – Павлодар, № 2 (2025), – 149-158 бб.

С.Дүйсенғазы әдеби мұра мен қазіргі жас ақындардың шығармаларын жинау, зерттеу және насихаттау, елдің игілігіне ұсыну ісіне елеулі үлес қосты:

1) Ғабдиман Игенсартов Сөз құдіреті / Алғы сөзін жазып, баспаға әзірлеуге қатысқан С. Дүйсенғазы. – Нұр-Сұлтан: «Фолиант, 2022. – 226 б.;

2) Сыр сандық. Еуразия ұлттық университеті студенттерінің жыр жинағы (алғы сөзін жазып, баспаға дайындаған жауапты редактор С.Дүйсенғазы). – Нұр-Сұлтан, ЕҰУ, 2022, – 208 б.

3) Сыр сандық II. Еуразия ұлттық университеті студенттерінің жыр жинағы (алғы сөзін жазып, баспаға дайындаған жауапты редактор С.Дүйсенғазы). – Астана, ЕҰУ, 2024, – 129 б.

4. Сыр сандық III. Еуразия ұлттық университеті студенттерінің жыр жинағы (алғы сөзін жазып, баспаға дайындаған жауапты редактор С.Дүйсенғазы). – Астана, ЕҰУ, 2025, – 130 б.

5. Сыр сандық IV. Еуразия ұлттық университеті білім алушыларының жыр жинағы (алғы сөзін жазып, баспаға дайындаған жауапты редактор С.Дүйсенғазы). – Астана, ЕҰУ, 2026, – 104 б.

6. Сыр сандық V. Еуразия ұлттық университеті білім профессор-оқытушыларының жыр жинағы (алғы сөзін жазып, баспаға дайындаған жауапты редактор С.Дүйсенғазы). – Астана, ЕҰУ, 2026, – 172 б.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1. «Құрмет» ордені. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 3 желтоқсандағы Жарлығы. Орден № 6630.

2. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 21 қазандағы Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Куәлік № 5271.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Даусыз дарын екенін бүкіл қазақ мойындаса да әлі лайықты бағасын толық алмаған бір ақын бар. Ол дауыл жырлардың иесі Дулат Бабатайұлы. Кеңес үкіметі кезеңіндегі зерттеулерде ақынға деген көзқараста біржақтылық орын алды. Дулат шығармашылығын зерттеушілердің оның елді бірлікке шақырған идеясын ғылыми талдап жеткіземіз деген талпынысы бос әурешілікке айналды. Алдымен ақын шығармаларын жинап қолжазбақорына тапсырған халық ақыны Шәкір Әбенов сол кездегі Ғылым академиясының басында отырған Сақтаған

Бәйішевтің қатал сынына іліксе, кейіннен 1959 жылғы қазақ әдебиетінің мәселелері қаралған ғылыми конференцияда жасаған баяндамасы үшін жас ғалым Ханғали Сүйінішәлиев Манап Хасенов деген ғалымның сынына ілікті. Конференция қорытындысында академик Мұхтар Әуезов те Дулатты кертартпа ақындардың қатарына қосып, орта мектептерде оқытпауға өз үлесін қосты. Классик жазушымыз олай жасамаса өз өміріне қауіп төнетін еді. Өйткені, Дулат шығармаларының дұшпандары алыста емес, айналасында жүргенін білді. Ал тәуелсіздік алғанымызға отыз жыл өтсе де сол салқындық сызы әлі сезілетіндей. Олай дейтініміз, Абай Құнанбайұлына үлгі болғаны жырларынан көрініп тұрса да оны ұлы ақынның ұстазы ретінде ұлықтауға қарсы адамдар әлі де болса арамыздан табылады. Сол салқындықтың әсері дауылпаз ақынның атына үлкен қалалардан дұрыс көше беріліп, еңселі ескерткіш орнатуға бөгет болып келе ме дейміз. Бірақ Дулаттың ел бірлігін толғаған жырларын тарихтан ешкім өшіре алмайды. Басты ескерткіш сол ғой деп өзімізді жұбатамыз.

С.М. Дүйсенғазы. Ел бірлігін жырлаған ақын // Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. 79 б.

Қай елдің поэзиясында болсын, кейінгі толқын ақындар өзінен бұрынғы дәстүрлерді дамытады, алдыңғы толқын ақындардың салған жолын өзіне темірқазық бағыт ретінде ұстайды. Бір жағынан, бұрынғылардың көркемдік дәстүрлерін сабақтастырса, екіншіден, өз заманының тыныс-тіршілігіне, иірімтолқындарына, қоғамдағы жағдайдың өзгеруіне тәуелді болады. Қоғамның дамуымен қатар толысып отыратын поэзияны кейінгі толқын ақындар соны ізденістермен, тың жаңалықтармен толықтырып, жетілдіріп отырады.

С.М. Дүйсенғазы. Қазіргі жас ақындар поэзиясындағы көркемдік ізденістер // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы, 2019, №2, 129 б.

Р. Нұрғали Кеңес Үкіметінің қылышынан қан тамып тұрған кездің өзінде Алаш мұрасымен танысып, ол туралы пікірлерін университеттегі дәрістерде айтып жүргенін тыңдаған шәкірттері баспасөз беттерінде жариялады. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізе қоймаған кездің өзінде Қазақ энциклопедиясының бас редакторы қызметінде отырып «Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясының» үшінші және төртінші томдарына Ә. Ермеков, Ж. Ақбаев, т.б. сияқты Алаш ардақтылары туралы мәлімет беруі, ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтан алған Ахмет Байтұрсыновтың

«Әдебиет таныткыш» еңбегі туралы пікірін баспасөзде жариялауы ғалымның Алаш тақырыбын зерттеуге алғашқы қадамы іспеттес.

С.М. Дүйсенғазы. Академик Рымғали Нұрғали және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің зерттелуі // Қазақ білім академияларының баяндамалары. Астана, 2019, №4, 200 б.

Азаттықты, тәуелсіздікті жырлаудың эволюциясы, қадым замандардан үзілмей келе жатқан ұлы сарынның жалғастық сыры. Тәуелсіздік жырларындағы қазақ поэзиясының жаңа идеялық-көркемдік ізденістерін, тың тақырыптық-танымдық арналарын жан-жақты қарастыру да тәуелсіздік кезеңінің ұлы жетістігі деп есептеледі. Сонымен қатар, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жаңа атаулар мен түсініктерді жыр жолдарына арқау етіп, дәріптеу де қазақ ақындарының шабытына қанат бітірді. Жалпы тәуелсіздік тақырыбы қазақ халқы үшін етене жақын тақырыптардың бірі. Оның өміршеңдігі өте жоғары. Сондықтан тәуелсіздік жайлы толғаулар бүгінгі дәуірдің өлшемі жоқ биік қазынасы. Оны жырлау, шығармалары арқылы көпшілік қауымға таныту оңай іс емес. Себебі, оның астары терең тарихпен ұштасып жатыр. Тарих пен әдебиеттің егіз ғылым екені осы жерден анғарылады.

С.М. Дүйсенғазы. Тәуелсіздік толғаулары: негізі мен қазіргі үрдіс // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Филология сериясы. - 2019, №3 (128), 56 б.

Тыныштықбек Әбдікәкімов – қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік үнімен, ерекше қолтаңбасымен әдебиет сүйер қауымның ерекше ықыласына бөленген талант. Ақын өлеңдеріндегі терең философияға құрылған күрделі иірімдер, мифологиялық қабат, ойлы образдар мен мәйекті метафоралар, тосын теңеулер, қиыннан қиыстырылған бояуы қалың шумақтар көзқарақты қауымды бірден елең еткізеді. Әрине, оның айтар ойы астармен берілетін туындыларын қарапайым оқырман бірден қабылдай қоюы екіталай. Әуелгіде тосырқап қалғандай болғаныңмен, аздан соң жаныңа жақын қазақы ұғымдардың көркем үлгілеріне автормен бірге тереңдей бойлап кете барасың. Ақын шабыт үстінде көбіне дәстүрлі өлең үлгілеріне бағынбайды. Ойын еркін жеткізу үшін кейде бұрыннан қалыптасқан он бір буындық немесе жеті-сегіз буындық өлең өлшемінің аясынан шығып кетеді. Бірақ таудың асау өзеніндей ентігіп, екпіндемейді. Астынан тынып аққан алып өзен Ертістің ағысындай салқынқанды, салмақты жырларымен-ақ арнасынан асып кетіп жатады. Оның шығармашылығының бір өзгешелігі де осында жатыр.

С.М. Дүйсенғазы. Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясындағы көркемдік һәм дүниетанымдық ізденістер // Қазақ білім академиясының баяндамалары, 2019, №1, 201-202 б.б.

Құлбек Сәрсенұлы ЕРГӨБЕК,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Әдебиет сыншысы, публицист жазушы, филология ғылымының докторы, профессор, ҚРҰҒА-ның, Гуманитарлық Ғылымдар академиясының, Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағы, Журналистер одақтарының мүшесі, Қазақстан Жазушылар Одағы Басқарма Хатшысы, «Парасат», «Құрмет» орденінің, ҚР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Президент стипендиясының, халықаралық Алаш сыйлығының, Түрік халықтары ТҮРКСОЙ сыйлығының иегері Құлбек Ергөбек 1952 жылы 26 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданындағы Ақынтоғай ауылында, Көксарай (Алтын орданың бір қаласы) шопан отбасында дүниеге келген. Балтакөл елдімекенінде мектепке барды. Күйікасарда (Түркістан ауданы), Арыс қаласында оқуын жалғады. Орта мектепті Отырар ауданында бітірген ол 1969-70 ж. дезинфектор болып жұмыс істеді. 1970-1975 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің филология факультетін оқып, аяқтайды.

Қазақстан Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (1975-76; 1990-92; 1997-99), Республикалық халық шығармашылығы үйінде (1976), «С.Мұқанов музей-үйінде», (1976-78; 1980-87 ж), «Жас алаш» (Лениншіл жас». 1978-80), «Егемен Қазақстан» (Социалистік Қазақстан. 1987-90), «Ақиқат» (Қазақстан коммунисі.), «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» басылымдарында журналист, Консерваторияда (доцент), ЖАК-та ғалым хатшы болып қызмет істеді.

Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінде (1992-2022) доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, декан, Президенттің ғылым істері жөніндегі орынбасары, 1-ші Вице-президент, Вице Президент – ҚР Білім және Ғылым министрі өкілі (2008), 1999 жылдың қыркүйегінен Түркістан қаласы әкімінің руханият мәселелері жөніндегі орынбасары, Түркістан облысы (Оңтүстік Қазақстан облысы) Әкімі аппараты жетекшісінің қоғамдық-саяси мәселелер жөніндегі орынбасары, облыс әкімі кеңесшісі (1999-2003) қызметтерін атқарды.

Қазіргі таңда ҚР Мәдениет министрлігінің ЮНЕСКО істері бойынша Түркістандағы өкілі, ҚР Жазушылар одағы Басқарма хатшысы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі.

Қ.Ергөбек әдеби процеске студент кезінен араласты. Талапты жастың ерте қанаттануына университет профессорлары —

Б.Кенжебайұлы, Т.Кәкішұлы сынды үлкен жүректі ұстаздары ерекше ықпал етті. 1970 жылдардан әдеби сынға араласқан оның ағымдағы баспасөзде осы уақыт аралығында 2000-нан астам мақаласы, 60-тан астам кітабы жарық көрді. 6 кітабы шет ел тілдеріне аударылып басылды. «Адасқандар ақиқаты», «Терең тамырлар» филологиялық хикаялары кітап болып шықты. Ол әсіресе Сәбит Мұқанов өмірі мен шығармашылығын дендей зерттеген ғалым. Оның «Сәбит Мұқановтың мемориальдық музейі» (1977), «Жан жылуы» (1981), «Сәбит Мұқанов» (1989), «Жақсыдан қалған сөз» (1991), «Баянғұмыр» (1991), «Сәбит Мұқанов» (2000) «Жазушы шеберханасы» (2002), «Келбет» (2020) аталатын 8 сын-зерттеу, монографиялық еңбектері қазақ әдебиеті классигі С.Мұқановтың қайшылықты шығармашылық тағдырына арналған.

Бірсыпыра жыл Қазақстан Жазушылар одағында Балалар әдебиеті кеңесін басқарған ол республикадағы осы саланың санаулы сыншы, зерттеушісінен саналады. Москвада жарық көретін «Детская литература» журналының редколлегия мүшесі. Оның «Мейірім шуағы» (1985), «Өтебай Тұрманжанов» (1992) монографиясы, «Арыстар мен Ағыстар» (1-ші кітап. 2002), «Адамның бір қызығы бала деген...» (2021), «Баласуз» (Тошкент. 2024), «Өтебай Тұрманжанұлы» (Балалар әдебиеті. 2025), сын кітабы, «Баланы жастан» (2025) тәрбие кітабы, «Қазақ совет балалар жазушылары» (1990) анықтамалығы, «Сөзстан» (1985) жинағы, «Даланың алыбы мен ғалымы туралы туындылар» (Балалар әдебиеті кітапханасы), «Сылдырап аққан бұлақтай» (Шынашақ, 1992) алғысөздері мен көптеген мақалалары қазақ балалар әдебиеті мәселелерін қарастырады.

Қ.Ергөбек хат, күнделік, эссе, естелік секілді мемуарлық жанрдың да бірден-бір зерттеушісі. Назардан тыс қалып келе жатқан жанр үлгілерін танып теориясын қалыптастыру, практикалық талдап танытуда ол бірсыпыра еңбек етті. «Баянғұмыр» (1991), «Арыстар мен Ағыстар» (6-шы кітап. 2006), «Баянсөз» (2019) аталатын сын, зерттеу еңбектері қазақ әдебиетінің осындай назардан қаға беріс қалып келе жатқан мәселелеріне арналған.

Қазақ әдебиеттану ғылымында аз зерттелген саланың бірі – шығармашылық шеберханасы болса, Қ.Ергөбек бірсыпыра ғылыми еңбегін осы мәселеге арнаған. «Мөлдір махаббат» романының шығармашылық тарихы» (1991) аталатын кандидаттық, «С.Мұқановтың шығармашылық шеберханасы» (1995) аталатын докторлық диссертациясы, «Жан жылуы» (1981), «Сәбит Мұқанов» (1989), «Жақсыдан қалған сөз...» (1991), «Жазушы шеберханасы» (2003), «Келбет» (2020) ол қазақ әдебиеттану ғылымының осындай маңызды мәселелерін зерттеуге арналған, «Шыңғыс шыңы» (1998) - бауырлас

қырғыз елінің шоң жазушысы Ш.Айтматов шығармашылық лабораториясын эпистолярлық жанр үлгілерін пайдалана отырып қарастырудың үздік үлгісі.

Қ.Ергөбек – қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мектебінің иесі, көзінің тірісінің өзінде «әдебиет тарихын зерттеушілердің пірі» (М.Жолдасбеков) атанған көрнекті ғалым Бейсембай Кенжебаевтың әдеби-рухани мұрагері саналады. 1980-87 жылдары ұлы ғалыммен бір шаңырақ астында тұрып бала болып, қолын ұзартқаны, ақирет сапарына шығарып салғаны әдебиет қауымы арасында аңызға айналған қайырым. Қазақ әдебиеті көне тарихын күллі түрік дүниесімен бірлікте қарастыру идеясын көтерген, сол үшін құғын көріп сотталған, зәбір-жапа шеккен ұлы зерттеуші Б.Кенжебайұлы әдеби мұрасын ыждағаттауда Қ.Ергөбек бірсыпыра іс атқарды. Ғалымның әр жылдары жазған еңбектерін жинастырып, құрастырып, алғысөзін жазып, «Жылдар жемісі» (1984), «Әдебиет белестері» (1987), «Асау жүрек» (1995) «Тымпи» (2003), «Түрік қағанатынан бүгінге дейін» (2004, 2010), «Асау жүрек»,(2003), «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» (2004) деген атпен кітап етіп бастырды. «Бейсембай Кенжебайұлы» (2004) био-библиографиялық көрсеткішін, Қаз МҰУ-дың «Өнегелі өмір» сериясы бойынша «Бейсембай Кенжебайұлы» (2013) аталатын ғұмырнамалық еңбекті құрастырып жарыққа шығарды. Қазіргі таңда ұлы түркологтың көптомдық шығармалар жинағын қолжазбасымен салыстырып мәтіндік сүзгіден өткізіп кітап етіп бастыру үстінде. Көптомдықтың 1,2 томы «Ел-шежіре» баспасы арқылы жарық көрді. Алматыда өзі тұрған Төлебаев көшесі 154 үйдің қабырғасына «Әдебиеттанудың қаһарманына» («Егемен Қазақстан» 16 қазан 2023) арнап әкімдікпен бірлесіп тағзымтақта орнатты.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқара жүріп, М.Базарбаев, С.Қирабаев жетекшілігімен қайта жазылған «Қазақ әдебиеті тарихы» аталатын ғылыми еңбекке арнайы тараулар жазды.

«Сәбит Мұқановтың 16 т. шығармалар жинағын» (1970-1975), «Сылдырап өңкей келісім» (1985) поэзия антологиясын, «Шынашақ» (1992) атап балалар поэзиясы антологиясын, «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (2004), оқу құралын, тұңғыш рет әліп-билік жүйеге түсіріп «Қазақтың мақал-мәтелдері» (2005), Ә.Тәжібаевтың үш томдығы (2009), М.Қаратаевтың бір томдығы (2010), Б.Кенжебаевтың бес томдығын (2014), құрастырып, алғысөзбен жарыққа шығарды. Өзбекәлі Жәнібек жайында «Рух сардары» (2006), «Рух сарбазы» (2011), «Ұлтымыздың ұйытқысы» (2021), Серік Пірәлиев жайында «Серік Пірәлиев» (2023), «Жайсаң жан» (2023), белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Бердібек Сапарбаев хақында «Бердібек Сапарбаев» (2023),

«Ерен де, берен Бердібек» (2023) аталатын естеліктер жинағының құрастырушы-авторы. Орыс ертегілерін, Молдаван жазушылары шығармаларын қазақ тіліне аударған. «Мағжан», «Темірбек Жүргенов», «Әшірбек Сығай» деректі кино фильміне түскен.

Ғалым-сыншының «Арыстар мен Ағыстар» (2004-2007) аталатын алты кітабы, «Түркістан жинағы» (2009-2015) аталатын жеті томдығы, «Өлеңсөз» (2012), «Сарасөз» (2013), «Қарасөз» (2013), «Дарасөз»(2014), «Баянсөз» (2019), «Баласөз» («Адамның бір қызығы бала деген...») (2021), атты алты томдық шығармалар жинағының, «Келбет» (2020), «Ұлтымыздың ұйытқысы» (2021), «Бабадан басталған жол» (2022), «Өзбекәлі Жәнібек кім?» 2026 ж,. «Алтынордадан Қызылордаға дейін» 2026 ж. атты кітаптарының авторы.

Қ.Ергөбек бір жанрдың жай-күйін тұтас бір кітапта қарастыратын, тақырыптық сын кітабын жасаудың шебері. «Өлеңсөз» - тұтасымен қазақ поэзиясына, «Қарасөз» - қазақ прозасының жай-күйіне, «Баласөз» - қазақ балалар әдебиетіне, «Сарасөз» - әдебиеттану мен сын әлемін ашуға, «Дарасөз» - қазақтың деректі, «Баянсөз» деректі-ғұмырнамалық шығармаларының табиғатын ашуға арналған жұлын-жүйкесі тұтас тақырыптық әдеби сын кітаптары.

Сонымен қатар, боздақ Саттар (Ерубаев) бойындағы рухани құндылықтарды тақырып еткен «Шырақ сөнген түн» атты драмасы Р.Сейтметов атындағы Түркістан сазды-драма театрында сәтті қойылып, көрермен қауыммен көзайым қауышты.

Шығармалары орыс, түрік, өзбек, қырғыз, ұйғыр, татар, башқұрт, саха тілдеріне аударылып басылған.

Қазақ теледидарына 1976 жылдан араласқан. Алғашқы С.Әшімбаев ұйымдастырып экранға алып шыққан «Жүректен қозғайық», «Қарыз бен Парыз» телехабарларына жүйелі қатысқан. «Қарыз бен Парыз» телехабарының соңғы С.Әшімбаевқа арналған тарихи лентасын жасаған да Құлбек Ергөбек.

Қ.Ергөбектің қазақ теледидары алтын қорында «Сәбит Мұқанов» (серия), «Әбділда Тәжібаев», «Қаһарман, қаламгер» (Б.Момышұлы), «Бейсембай Кенжебайұлы», «Қарыз бен парыз» (соңғы саны), «Саттар Ерубаев», «Сыр-сұхбат», «Жансарай», «Сенбілік таң», «Келбет», «Сөнбес сәуле», «Көзкөрген...», «Өзбекәлі Жәнібек» секілді телехабарлары сақтаулы. Қазіргі таңда «Әбіш Кекілбайұлы», «Дулат Исабеков», «Төлен Әбдік», «Тұрсынбек Кәкішұлы», «Серік Қирабайұлы», «Мырзатай Жолдасбеков», «Қойшығара Салғарақұлы» секілді сериялық деректі-ғұмырнамалық телекөр жасап, жеке қорында сақтап ұстап отыр.

Қ.Ергөбек ұлттық болмысты қайраткер Өзбекәлі Жәнібектің аманатын арқалап 1992 ж. Түркістанды түлетпек арманмен Алматыдан

коныс аударды. Түркістанды – түрік халықтары рухани астанасына айналдыру амалы. ОЛ Отырарда Түркияның «ТИКА мәдениетті қолдау қорына» сүйеніп, «Отырар кітапханасын» (2000 ж.) тірілтті. Жәдігер шаһар Түркістанда «Б. Кенжебайұлының түріктану музейі» (2007), «Түрік тілдес халықтар кітапханасы» (2008), «Түрік халықтары өнер галереясы»(2012) секілді мәдени-руханият ошақтарын ашты. Әрқайсысы өз алдына бір рухани кеніш олжа дерлік.

Отырар ауданы және Түркістан, Шымкент қалаларының Құрметті азаматы, ҚРҰҒА-ның, Гуманитарлық Ғылымдар академиясының, Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Жазушылар, Журналистер одақтарының мүшесі, Қазақстан Жазушылар Одағы Басқарма хатшысы, «Парасат», «Құрмет» орденінің, Президент стипендиясының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Абай» атындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Қ.Ергөбек шығармашылығы жайында «Белес» (2007), «Асу» (2015), «Құлбек Ергөбек» (2023) мақалалар жинағы, «Құлбек Ергөбек және қазіргі түркология мәселелері» (2014), «Әдебиеттану ғылымының биігіндегі тұлға» (2022) халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар материалдар жинағы кітап болып жарық көрген. «Сын сәйгүлігіне», «Сарабдал сыншыға», «Қазақтың Құлбегіне», «Түркілік тұлғаға» айналған, рухани ұстаз, аға, әкеге баланған әдебиетші Құлбек Ергөбектің алдағы күндерде де жазары толастамас.

Тұсау кесер

Құлбек Ергөбек — мерзімді баспасөзде мақалаларымен көрініп, танылып қалған жас сыншы. Атадан балаға сөз қалады. Құлбек біраз жылдан бері менің төңірегімде. Бойында сөз бұлағы болса аршимын ба деп ақылымды айтып, төрбиелеп келемін. Жазып үлгермеген ойым болса баламдай бауыр басқан шәкіртіме айтумен жүремін. Ғылым қуса деп әдебиеттің тарихына бағыттап едім, оның бүйрегі сынға бұрыңқырап кетті. Әдеби сында оны қызықтырмас мәселе жоқ. Қолдағы жинағына сатиралық поэзия, деректі проза, балалар әдебиеті, жастар прозасындағы ұлттық характер, ақын мұрасын текстологиялық тұрғыдан қарастыратын, бір роман лабораториясына енетін, жабық рецензия мен жыр жинағын беттестіретін, арамыздан ерте кеткен сыншы мұрасын, жас жазушының повестерін толғана талдайтын мақалалары еніп отыр. Көріп отырсыздар, жас сыншының өрісі кең. Тек әр тақырыпқа жүгіріп, өзінің ең басты объектісін таппай, өзінің негізгі сөзін айта алмай қалмаса екен деймін. Тақырыбы әралуан мақалаларды екі мәселе топтастыратындай. Біріншіден, жастар творчествосын басты нысана етіп алыпты. Қарастыратын шығармаларың дені жастардікі. Бұл оның әдеби процеске келген соны легутынысты бақыласам деген талабынан туса керек. Екіншіден творчество психологиясы, лабора-

ториялық процеске айырықша зер салады. Екеуі де керекті. Екеуі де қызықты.

Сыншы ретінде Құлбек бойынан байқаған бір-екі ұнамды мінезді айтуды жөн көремін. Ол бедел алдында бүгілмейді. Хал-хадариқал талдап отырған шығармасына адал, әділ қарайды. Мейлінше ізденіп жазады. Оның сын мақалаларын тың факті, архивтік дерек нәрлендіріп, ерекшелеп тұрады. Көпшілікке кеңінен жетсе деген оймен пікірін публицистік қуатқа бөлеп айтады. Бұл мінездер оның келешегінен үміт күттіреді.

Атадан балаға жол қалады. Сын - қиын жанр. Қиын жанр көркеюі, сыншының қанаттануы үшін, айтылған пікірді ақын, жазушылар қиналмай, қиналса да кектеспей қабылдауы керек. Адамгершілігі мен қаламын қатар қадағалап келе жатқан Құлбекті қиын жанрға жұмсай тұра, тасқа шабылсаң да кетілме, сапарың оң болсын, айналайын деп батамды беремін, тұсауын кесемін.

Бейсембай Кенжебаев
8 февраль, 1981 ж.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі, профессор Қ.С. Ергөбекке

Құрметті Құлбек Сәрсенұлы!

Өзіңізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз публицист-жазушы ретінде отандық журналистиканың, сыншы-ғалым ретінде әдебиеттану ғылымының дамуына сүбелі үлес қосып, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің өрісін кеңейтуге атсалыстыңыз.

Зерттеу еңбектеріңіз қазақ әдебиеті мен ғылымының алтын қорына қосылған құнды қазына екені анық. Оның ішінде «Арыстар мен Ағыстар» және «Түркістан жинағы» атты көптомдықтарыңыздың шоқтығы биік.

Сіздің ғибратты ғұмырыңыз бен азаматтық ұстанымыңыз кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Өзіңізге мықты денсаулық, бақ-береке және толайым табыс тілеймін!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ:

«Ергөбековті Ергөбековтей бақайшағына дейін жіліктей шағып, жіліктей зерттеп, жіліктей түсіндіру үшін тағы бір Ергөбеков керек.

... Таңқалдыра біледі. Тамсандыра біледі».

«Егемен Қазақстан» №710(716) 31 қазан 2012 ж.

СЫНШЫ БОЛМЫСЫ, немесе ОРДА БҰЗАР ОТЫЗ

Құрметті Құлбек,
Артпаймын міндет.
Талант деп танып,
Көрсетем құрмет!

Сырбай МӘУЛЕНОВ

Дорогой Кулбек Ергобек!

«Ты был и остаешься талантливым ученым, чутко улавливающим цену слова, красоту стиля, качества, которыми, к сожалению владеют далеко не все литераторы. Еще одно твое замечательное качество, вызывающее всеобщее уважение, так это ты никогда не замыкался одной лишь родной литературой, а выступаешь как тонкий знаток и арбитр всех литератур нашей Центральной Азии.

Горячо обнимаем дорогой в эти радостные для тебя и твоей семьи дни.

Так держать!»

Чингиз Айтматов. Брюссель

ОРТА АЗИЯҒА ДА ОРТАҚ ӘДЕБИЕТШІ

Құлбек Ергөбек – біздің қырғыз әдебиетіне де дос қолын созып, колғабыс жасаған үлкен әдебиетші. Оның заманымыздың биік жазушысы, шоң Шыңғыс Айтматов творчествосы жөнінде жазған «Шыңғыс шыңы» аталатын эссе кітабы қырғыздар арасында үлкен құрметке ие. Қушубек Омуралиев қотармасында (аудармасында) Құлбек Ергөбек еңбектері еркін қабылданды.

Ол – әдебиет мәселелерін Орта Азия бойынша ортақ та өзара байланыста қарастырып жүрген шоң ғалым. Орта Азия халықтары ғылымында жазушы еңбегін творчестволық лаборатория тұрғысынан қарастыру – кенже қалып келе жатқан сала. Құлбек өзінің еңбектерін осы салада жазып, творчество психологиясына дендей еніп жүрген зерттеуші. Оның Сәбит Мұқанов творчестволық лабораториясын терең қарастырған «Жазушы шеберханасы» аталатын кітабын қызыға оқып, «Адаби кезит» бетінде сүйсіне пікір айттым. Біз осындай досымыздың барын мақтан тұтамыз.

Абдылдажан АКМАТАЛИЕВ
Қырғыз ғалымы, академик,
Қырғызстан Республикасы

ГАЗИЗ БАВЫРЫБЫЗ КҮЛБӘК ЕРГОБӘК АТЛЫ ИР-ЕГЕТКӘ

Күлбәк туганыбызны беренче күрүгә үк - ул Казанга командировкага килгән иде - аның чын Туран улы, төрки халыкларының, әдәбиятларының, ягъни рухи дөньябызның бүтенге дуслык илчесе, чын Магжаннар дәвамы булуын аңладым. Әйе, Магжан бөеклеге турында да, аны – "жизнәбез"не -татарчага да тәржемә итәргә кирәклеге турында да ул сөйләде. Нәтиҗәдә, Флера Тарханова һәм мин бу бөек шагыйрьнең сайланма лирикасын китап итеп чыгардык та. Ә Ркаил Зәйдулла - соңрак Күлбәк "Өлеңсөз" китабында "Түриклэр" шигырен урнаштырган талантлы шагыйребез - Магжанның икенче китабын Казанда чыгарган шәкерте Бернияз Кулеев һәм ул сөйгән Зәйнәп исемле татар кызы, аларның фажигале үлеменә багышланган мәкалә, шулай ук атаклы Гөлсем Камалова турында эссе язып бастырган әдип тә. Ул татар-казакъ бәйләнешләре турында шактый мәгълүмат жыйды... Болар да "Өлеңсөз"дә чагылыш тапкан. Кыскасы, Күлбәк кардәшебез безгә нәкъ вакытында килгән икән һәм ул чорда Хатыйп дустым, олы галимебез Миңнегулов та Астана, Алматы, Төркестаннарга кан һәм жан чакыруы буенча барган икән!

Күлбәкнең үз чоры казакъ шигърияте турында китабы да - уникаль бер вакыйга кебек. Мин, бәхеткә, үзем күреп белгән А.Таҗибаев, К.Шаңгытбаев, М.Макатаев, К.Мырзалиев һ.б. күренекле акыннар турында уку да бик гыйбрәтле иде. Жөмләдән, Мукагали яшьлегендә, беренче күрүендә Күлбәккә: "Кеше бул!" - дигән. Бу инде - чын казакъ ир-егете, хаклык яклаучысы, халыклар дусты булуга чакыру дигән сүз. Китабын укыгач, Күлбәкнең утагасы булып үсүенә олы традицияләрдә, бөек әдипләрнең аерылмас мәктәбе зур дәрес биргәненә ышанасың. Бу - Солтан Мәхмүтләр, Миръякуплар, Магжаннар юлы. Әйе, Абайлар, Мохтарлар юлы ул. Нәкъ шушы юлда күрәбез без Күлбәкне, аның бүтенге нугай дуслары.

Рәдиф ГАТАШ
Татарстанның халык шагыйре,
Г.Тукай премиясе лауреаты.

Құлбек Ергөбектің «Өлеңсөз» кітабы түрік халықтары поэтикалық энциклопедиясы. Осындай түрік халықтарының арғы-бергі ақындары поэтикалық энциклопедиясын жасаған ол түрік халықтарына ортақ ұлы түрколог ғалым деп білемін. Шығармашылығым жайында толымды ойлар айтқан Құлбек Ергөбекті өзіме ұстаз санаймын.

Ркайл Зайдулла,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.
Татарстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасы.

«Құлбек Ергөбек Түрік халықтары әдебиетін зерттеп, «Түркістан жинағы» (Түркістан емес. Г.Ю) аталтын 7 (жеті) том еңбек жазды. Бірі Менің «Алғысөзіммен» жарық көрді. «Алғысөзімде» айтқанымдай, мұндай тарихы терең, мазмұны берен ғылыми еңбек жасаған әдебиетші ғалым бүкіл түрік халықтарында кездеспейді. Осындай байтақ мазмұнды әдеби еңбек берген ғалымды қалай ғана «Түрік халықтары әдебиетінің ұлы ғалымы» демессің?! Біз Құлбек досымызбен мақтанамыз. Оған арнап өлеңдер циклын жаздым.»

Гүльфия ЮНУСОВА,
Башкортстанның халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
РФ Думасының депутаты.

Қазақ әдебиетінің сыншысы Құлбекпен жақын танысуыма «Ұлықбектің қазынасы» аталатын романыма жазған талдау мақаласы («Таржимашы мұраты – ой дәлдігі».Қазақ әдебиеті. 8 июнь.1984.) себепші, Көбей досым (тәржіман) дәнекер болды. Әдетте жазушыға керегі – көркемдік ойлау дағдысы. Сол сияқты жазушы ойын оның өзімен жараса танып, шығармасын жарыса талдау үшін сыншыға көркем шығармашылық ойлау машығы керек дер едім. Құлбектің бойында сол қасиет молынан барына қуанамын. Ол шығарманы мазмұндап беруден аспайтын қасаң сыншыдан емес, ұңғыл-шұңғылына еніп, туындыны бүкіл қан тамырын қуалай тани талдайтын, танығанын төгілдіріп жазатын нағыз көркем сын сарбазы. Құлбектің ойлау машығы мен шығарма талдау мәнеріне ерекше сүйсінемін. Ол сияқты сыншылар бүкіл Орта Азиядан некен-саяқ.

Адыл ЯҚУБОВ
Ташкент



Бауыржан Аманкелдіұлы
ЕРДЕМБЕКОВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Бауыржан Аманкелдіұлы Ердембеков 1974 жылы 1 қазанда дүниеге келген.

Қазақ әдебиетінің тарихы, абайтану, шәкәрімтану, әуезовтану, әдеби өлкетану бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Қазақстан, АҚШ, Германия, Польша, Қытай, Түркия, Ресей елдерінде жарияланған ғылыми мақалалар мен монография, оқу құралдарының авторы.

1992-1996 жылдар аралығында «Семей» мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын (бакалавр) үздік тәмамдап, аспирантурада оқуын жалғастырады. Тарихтың сарғайған парақтарына тіл бітіріп, елеусіз қалған ел асылы, ақын Әріп Тәнірбергенұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты тың деректерді алғаш рет әдеби және ғылыми айналымға енгізді. Профессор Арап Еспенбетовтің жетекшілігімен 1999 жылы «Әріп Тәнірбергеновтің өмірі мен шығармашылығы» (жаңаша пайымдау) тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Кейінгі өзі оқыған жоғары оқу орнында аға оқытушы ретінде қызмет жолын бастайды. М.Әуезов атындағы Семей университетінде декан, проректор (2001-2009); Семей мемлекеттік педагогикалық институтында декан (2009-2011); Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (2011-2012); С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің проректоры (2012-2017); Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры (2017-2021) қызметтерін атқарды. Шәкәрім университетінің Басқарма төрағасы – ректоры (2021-2023), Шәкәрім университетіндегі «Абай және ұлттық руханият» ҒО-ның бас ғылыми қызметкері (2023-2024), 2025 жылдан Абай облысы білім басқармасының басшысы.

2008 жылы «Абайдың әдеби ортасы және ақындық мектебі» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Қазақ руханиятының алыбы Абай Құнанбайұлының ақындық мектебі мен әдеби ортасына

қатысты тарихи-әдеби дереккөздер негізінде жарияланған еңбектері әдебиеттану, абайтану салаларының дамуына зор үлес қосты.

Білім жүйесінің менеджері ретінде Джонгсанг Ұлттық университетімен (Корея Республикасы), Рэдинг университетімен (Ұлыбритания), Питтсбург университетімен (Канзас, АҚШ), Халықаралық педагогикалық зерттеулер орталығымен (CIEP, Франция) бірлескен халықаралық бағдарламаларға қатысқан. Прагада (Чехия Республикасы) Халықаралық іс-тәжірибеден өткен, ҚР жоғары білімі аясында көшбасшыларға арналған Кәсіби бағдарламаларға (Назарбаев университеті), ҚР Университет көшбасшыларына арналған республикалық зерттеу турына (Сингапур) қатысқан. Академиялық мобилділік бағдарламасы аясында Шихэцзы университетінде (ҚХР) дәріс оқыған.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

«Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің және «ЖОО үздік оқытушысы» атағының (2009), «Моңғолия білім беру ісінің үздік қызметкері» медалінің (2013), «Ы.Алтынсарин» төс белгісінің (2014), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалінің (2016), «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісінің (2018), Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалінің иегері.

Б. Ердембековтің іргелі еңбектері (бұлармен қоса ғалымның бес жүзге жуық ғылыми мақалалары жарық көрген):

1. Әріп ақын. – Алматы: Информ-Арна, 2001. – 192 б.

2. Семей өңірінің ақын-жазушылары. – Семей: Семей университеті, 2003. – 41 б.

3. Қазақ әдебиетінің тарихы (XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы кезең) пәні бойынша бақылау-пысықтау тапсырмалары. – Семей, Семей университеті, 2004. – 40 б.

4. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Семей: Теңгри, 2006. – 130 б.

5. Тәнірбергенұлы Ә. Шығармалары (Өлеңдер, айтыстар, қисса-дастандар). Құраст.: Б.А.Ердембеков. – Алматы: Информ-Арна, 2006. – 520 б.

6. Ә.Тәнірбергенұлының әдеби мұрасы. – Семей: Үш биік, 2007. – 104 б.

7. XIX ғасырдың аяғы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Семей: Үш биік, 2008. – 132 б.

8. Абайдың әдеби ортасы. – Алматы: Информ-Арна, 2008. – 440 б.

9. Абайтану (Абайдың әдеби айналасы. 1-кітап). – Семей: Интеллект, 2010. – 180 б.

10. Абайтану (Абайдың ақындық мектебі. 2-кітап). – Семей: Интеллект, 2010. – 271 б.

11. Ғасырлар тоғысындағы қазақ әдебиеті. – Семей: Интеллект, 2010. – 160 б.

10. Абайтану. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 432 б.

11. Қазіргі қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012.– 216 б.

12. Тәнірбергенұлы Ә. Шығармалары: өлеңдер, айтыстар, қисса-дастандар. Астана: Фолиант, 2014.

13. Алаштың ақиығы – Әріп ақын. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2014.

14. Абайдың әдеби ортасы. Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2014.

15. Рухани келбет (Моңғолия қазақтарының әдеби анықтамалығы). Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2016. – 157 б.

16. Абайтану. «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ. Семей: «Zhardem» республикалық баспа компаниясы, 2022.– 580 б.

17. Әдебиеттанудың жаңа бағыттары («Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ кеңесі ұсынған №9 хаттама 27.04.2022). – Алматы: Эверо, 2022. – 248 б.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Ақындыққа баулуы биік меже, қатал сыннан бастау алып, өлеңге әуес жастарды құдіретті сөз патшасымен ширықтыра сынап, ширата сілкіп жаратa түсуінде Абайға ғана тән өзгеше тәрбие жатқандай. Сөзімізді түйіндесек, Абайдың ақын шәкірттерін сынауын тек жеке бір адамға айтылған сөзден әлдеқайда өрісі кең, бүкіл қазақ өлеңіне бағытталған нағыз ақындық өнердің талабы деп қабылдасақ қана Абай сынын өз мәнінде ұғына аламыз.

Б.А. Ердембеков. «Абайдың поэзиядағы сыны» мақаласынан

Абай бейнесі арқылы ұлы эпопеяны дүниеге әкелу үшін Әуезов көп тарихи тұлғалармен қатар Абай шәкірттерін де құрбандыққа шалды. Шәкәрім, Көкбай, Әріп ақындарды кеңестік саясат қажетсінген межеден ғана көрсете алды. Сөйтсе де, жазушы өз шеберлігін саяси сынның қылбұрауына тосқауыл ете білді. Романда Абайдың ақындық мектебі туралы сөз болмағанымен, шығармаға үңілсеңіз ақындық мектеп идеясы бар.

Б.А. Ердембеков. «Абайдың ақындық мектебі және «Ақын аға» романы» мақаласынан

Ғылым мен экономика қарыштап өсіп, заманның келбеті әр сағат сайын емес, әр минут сайын сұрапыл өзгерістерге түсіп жатқан бүгінгі қоғамда жас ұрпаққа білім беретін ұстаздың, оқытушының келбеті қандай болу керек? Басқаны аялайтын, өзін аямайтын ұстаз, соның ішінде өнердің атасы саналатын сөз өнерін үйретуші, яғни әдебиетші мұғалімнің деңгейі қай өреден көріну керек деген мәселе әр-бір асыл сөз үйретушінің көкейінде жүрген сұрақ.

Сан түрлі ғылымның кілті заманауи техникалардың арқасында дамып, өзгеріп, өркендеп жатса, сөз өнерінің майталмандары тек қана қаламының күшімен ғасырдан ғасырға көшіп келе жатыр. Сөздің құдіреттілігі міне осында. Ақын мен жазушы шығармаларының құдіретті өміршеңдігін ешқандай техникамен оқушыға түсіндіріп беру мүмкін емес.

Б.А. Ердембеков. «Абайтану ғылымы, абайтану пәні: бүгіні мен болашағы, көкейкесті мәселелер» конференциядағы сөйлеген сөзінен

Қашанда орысқа, одан батысқа қарап бой түзеп үйренген кеңестік талғам-танымымыз, ең алдымен, «Абайдың әдебиет мектебі», «Абайдың ақындық мектебі» деген концепцияны қабылдауға жүрексіндік. Өйткені, әлем әдебиетінде шәкірт тәрбиелегендер некен-саяқ кездескенмен, дәл Абай сияқты бірнеше ақынның басын құрап, тақырып беріп, өлең жазғызып, жазғанын ортаға салып талдап, түзеп дегендей шын мәнінде әдеби мектеп қалыптастырған ақын жоқ.

Әлемнен іздемей-ақ көзімді көрші орысқа салдық. Орыс поэзиясының атасы А.С.Пушкин де, М.Ю.Лермонтов та әдеби мектеп ашып, шәкірт тәрбиелемепті. Олар жастай дүниеден өтті, қыршынынан киылды делік. Жүз жасаған Толстой шалда да мектеп болмаған. Міне, гәп осында!

Б.А. Ердембеков. «Абай мектебінің қиямет қайымы» мақаласынан

Абайдың дүниеге келуі туралы да таңғажайып әңгімелер ел аузында сақталған. Әсілі, болашақта халықтың зор құрметіне бөленер айтулы тұлғалар дүниеге келгенде тылсым табиғат бір белгісін бергендей бірде күн тұтылса, бірде қатты күн күркіреп, сел құйып немесе т.б. оқшау мінез көрсетіп қалатын құбылыстарды қазақ халқы тәңірдің ісіне балап жататыны бар.

Б.А. Ердембеков. «Мұсылманда атақты...» мақаласынан

Абайдың қазақ әдебиетінде ашқан үлкен жаңалығы – професионалдық үлгідегі көркем аудама жанрын әкелді. Алдында үлгі етер ешқандай нұсқа жоқ айтақыр жерден бірден шыңдалған аударма жасауы Абайдың ақындық кемеңгерлігін тағы бір мәрте дәлелдегендей.

Б.А. Ердембеков. «...Өмірдің өзін әнмен жібітейін» мақаласынан

Абайдың қарасөзі – еркін ойдың көрінісі. Кей тұсында ақын алдындағы адаммен сұхбат құрса, енді бірде өзімен өзі сырласып отырғандай. Сырласа отырып оқырманға ой тастайды. Қарасөздің құдіреті сонда Абай өз замандасымен ғана сұхбат құрып, сырласып отырған жоқ, ол болашақпен, яғни, мына бүгінгі ұрпақпен ғибратты мәжіліс жасайды. Бүгінгінің адамын, қазіргі қоғамның мәселесін көтергендей. Абай сөзінің құдіреті оның – өміршеңдігінде.

Б.А. Ердембеков. «Қазақ қоғамының Абай қарасөздеріндегі көрінісі» мақаласынан

Абай қарасөздерінде қазақ қоғамында өткір тақырыптардың бірі болып тұрған ғылым мәселесіне көп тоқталған. Бесінші сөзінде қазақ мақалдарын мысал етіп: «...қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалай табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе онымен жауласпақ екен»,- деп, ғылымнан малды артық көргендерді сынайды. Мақтап-мадақтау, алдап-сулау сияқты жеңіл жолмен мал тауып, соған мәз болған заман адамының бойындағы жиіркеніште қасиеттерді әшкерелейді. «Әуелі – ғылым-білім табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемеске керек» екенін ескертіп, ғылымды пайда табудың көзі ретінде түсінетіндерге жаны ашиды. «Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім – ешнәрсе малдан қымбат демейтін», – қоғамның дертінен арылудың жолын іздейді. «...ғылым бағарға ғылым сөзін сөйлер адам жоқ» деген ақынның өз дәуіріндегі ғылым мен ғалым туралы айтқан ойлары әр адамды ойландыруы тиіс. Содан қорытынды шығару, қоғамның осындай дертімен бірлесе күресу арқылы Абай армандағын болашағы жарқын қазақ жастарын тәрбиелей аламыз.

Б.А. Ердембеков. «Қазақ қоғамының Абай қарасөздеріндегі көрінісі» мақаласынан



Сәуле Баймырзақызы ЕРЖАНОВА,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

1972 жылдың 22 тамызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданында дүниеге келген. Әкесі Ержанов Баймырза (1937-1996) әкімшілік жұмыстарда – аудандық атқару комитеті төрағасы, аудан, ауыл әкімі қызметтерін атқарған. Бәйдібек ауданының құрметті азаматы.

С. Ержанова Орта білімін осы өнірде алып, 1989 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түседі. 1992 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтына ауысып 1994 жылы «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша үздік пәтижемен аяқтаған. Филология ғылымдарының докторы (2009), профессор (2012), Ресей жаратылыстану ғылымдар академиясының корреспондент мүшесі (2012), Халықаралық Ақпараттар академиясының академигі (2014), Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі (2011), ЖОО үздік оқытушысы (2012), әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет және дәстүрлі мәдениет; әдебиеттану; психологиялық және бұқаралық әдебиет; пәнаралық зерттеу.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1994-1996 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінде ассистент, ҚазУУ аспирант, ҚазМемҚызПУ доцент, докторант (СПС),

1999-2001жылдары «Дарын» әлеуметтік гуманитарлық институтында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі. 2001 -2018 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде доцент, аға ғылыми қызметкер. 2010-2018 жылдары ҚазМемҚызПу-нің Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі. 2018 жылдан бері қарай әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында профессор.

С. Ержанова – 500-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. С. Ержановаңың ғылыми еңбектері ішінде 11 кітап оның жеке авторлығымен жарық көрген ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатындағы монографиялар мен электронды оқулықтар, оқу

құралдары. 5 авторлық куәліктің иесі. 2 еңбек - авторлар ұжымымен берге шығарған. Солардың ішінде негізгі еңбектеріне басымдық берілді.

1) Сырлы дүние: монография.-Алматы: Дарын ӘГИ, 2007.-152 б.

2) Сөйлеу мәдениеті және шешендік. Оқу құралы. – Алматы: Дарын ӘГИ, 2008.-146 б.

3) Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы: монография. Алматы: Дарын ӘГИ, 2009.-258 б;

4) Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясы. Оқулық.-Алматы: Дарын ӘГИ, 2012. -2 58 б;

5) Иран-Ғайып ақындығы .Оқу құралы. Алматы: ЖШС «Бекқожанова», 2014.-121б;

6) Қазіргі әдеби үдеріс. Оқу құралы. Алматы: Дарын ӘГИ, 2012. - 223 б;

7) Өлеңдік өлшем. Оқу құралы. Алматы: ЖШС «Бекқожанова», 2014.-113 б;

8) Сөз мәдениеті және көркем мәтін. Оқу құралы.-Алматы: Дәстүр, 2015.-230 б;

9) Әдеби жанрлар теориясы. Оқу құралы. Алматы: ЖШС «Бекқожанова», 2017.-108 б;

10) Қазіргі қазақ прозасындағы нарратология. Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 148 б.;

11) Көркем шығарма феноменологиясы. Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 121 б.;

12) Әдебиеттану терминдер сөздігі. Сөздік: Алматы: ЖШС «Бекқожанова», 2021.-128 б;

13) Қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы: монография – Алматы. Қазақ университеті, 2021. – 276 б.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

Болашақ: 500-Ғалым» мемлекеттік грантының иегері (2024).

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қоғам дамыған сайын әдебиет те күн санап дамып отырады. Кейде әдебиет тіпті қоғамның өзінен де озық тұрып, алдағы уақыттарға қадам басып, келер күнді болжап, ақынның сана кеңістігінің ауқымдылығын байқатады. Қоғамды тану тұрғысынан алғанда, ақын жүрегі келер күннің қантамыр-жүлгелері арқылы уақыт санасына бойлайтын тәрізді. Келер күн мен бүгінгі күннің арасындағы байланыс, бағзы мен болашақтың өзара сабақтастығы – бұл әлемді жаратушының берген гармониясынан қол үзбеу, қайта соны сақтай отырып, жаңаруға, түлеуге ұмтылу.

С. Ержанова. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы: монография. Алматы: Дарын ӘГИ, 2009.- бет.

Дәстүрге сүйену – қалыптасқан формалық, әдіс-тәсілдік ерекшеліктерді сақтай отырып, жаңа идеялық-көркемдік мазмұнға қол жеткізу. Бұл туралы жазылып та, айтылып та жүр. Шығармашылық иесінің дарын қуатының ара-салмағына да біздер сол қалыптасқан дәстүрді қаншалықты түрлентіп, жаңғырта алды немесе сол дәстүрге қаншалықты жаңа мазмұн үстей алды сол тұрғыда қараймыз. Ақын немесе жазушы дәстүр негізінде жаңашылдыққа қол жеткізе алмайтын болса, онда шығармашылық иесінің таптаурын болған шарттылықтан шыға алмауы, тіпті дарынсыздығы ғана емес, дилетанттығы деп қарауға болады.

С. Ержанова. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы: монография. Алматы: Дарын ӘГИ, 2009.-42 бет.

Көп жанрлық құрылымдардың түзілуіне қарай бағытталған үрдістер, жанрлық әлем көрінісінің ықпалдасуы, жеке авторлық пайымдардың пайда болуы, тілдің мүмкіндіктердің әртүрлі лексикалық қабаттар есебінен іске асырылу құбылысын, қазіргі заманның әдеби үрдістерінің осы нышандары поэзияның эстетикалық кең аясына енгенін білдіреді.

С. Ержанова, Зайкенова Р, Бегманова Б. Қазіргі әдеби үдеріс. (Поэзия бөлімі) Оқу құралы. Алматы: Дарын ӘГИ, 2012. -23 бет;

Бірнеше ғасырға созылған элегия генезисі, мыңдаған жылдар бойы ұмытылу кезеңін басынан өткерсе де қайта туындауға қабілеті бар, жанрдың үздік-создық дамуы, жанр өзегінің қайта құрылуы-сақталу сипатында көрініс береді.

С. Ержанова,Зайкенова Р, Бегманова Б.Қазіргі әдеби үдеріс. (Поэзия бөлімі) Оқу құралы. Алматы: Дарын ӘГИ, 2012. -57 бет.

Сонымен бірге тәуелсіздік кезеңіндегі поэзияда көрінісін жалғастырған жанрдың бірі ретінде танылған ғазалдың сипаты да өзгешелеу көрінеді. Сүйіспеншілік себептер (ғазал) және шарап; кейінірек газелла қағидасына мадақтау және суреттеу себептері кіреді – мұның бәрі касыда жанрының түрлерінің бірі екенін есте сақтаймыз.

С. Ержанова, Зайкенова Р, Бегманова Б.Қазіргі әдеби үдеріс. (Поэзия бөлімі) Оқу құралы. Алматы: Дарын ӘГИ, 2012. -62 бет.

Әлемдік әдебиетте лирикалық жанрларға: элегия, эпиграмма, эпитафия, ода, идилла, сонет, рондо, мадригал, ғазел, хокку, танк, баллада, романс, триолета, новелла, мысал өлең, толғау, т.б. жатқызады.

Адамның көңіл күйі, ой мен сезімнің үндесуі лирикалық жанрлардың басты ерекшеліктері болып табылады.

С. Ержанова, Зайкенова Р, Бегманова Б.Қазіргі әдеби үдеріс. (Поэзия бөлімі) Оқу құралы. Алматы: Дарын ӘГИ, 2012. - 62 бет;

Танк, хокку, газел, нақыл, новелла, мысал және басқалары осындай. Біз мұндай феномендердің қатал жанр түрлері деп атаймыз және оларды қатал композициялық түрлерден айырамыз, олар тұрақты жанрға айналған жоқ.

Ержанова С.,Зайкенова Р, Бегманова Б.Қазіргі әдеби үдеріс. (Поэзия бөлімі) Оқу құралы. Алматы: Дарын ӘГИ, 2012. -71 бет;

Өлеңнің ішкі қуаты автордың психологиясының ерекшеліктерін, оның мәдени-эстетикалық рухани бағыттарын көрсетеді. Сөз, ой қуты белгілі бір мәтінді құратыны анық. Өлеңнің әсер ету сипатына – ырғақ, мақам және әуезділікпен қатар өлең сөзін поэзия тіліне айналдыратын поэтикалық мәтіннің белгілері кіреді. Сондықтан поэтикалық мәтіннің түзілу бірліктерін тану және талдау теориялық, мәтіндік, тәжірибелік әдістермен зерттелуі керек деп ойлаймыз.

С. Ержанова. Өлеңдік өлшем. Оқу құралы. Алматы: ЖШС «Бекқожанова», 2014.-13 бет;

Поэтикалық мәтіннің суреттелуі екі деңгейден тұрады. Кескіндемелік түрі өлеңнің белгілі бір кескінді, суретті көз алдыңа келтіру, белгілі бір өрнекті қалыпта жасалуын іске асырады. Екінші түрі көзге түсу мәнділігін, бейнелілік, түс түрлілігі, мұқам, ішкі ишаратты жүзеге асырады. Осы екінші түрі поэтикалық мәтіннің тілдік (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік) қалыптармен тығыз байланысты.

С. Ержанова. Өлеңдік өлшем. Оқу құралы. Алматы: ЖШС «Бекқожанова», 2014.-13 бет;

Поэтикалық мәтіннің суреттелуі екі деңгейден тұрады. Кескіндемелік түрі өлеңнің белгілі бір кескінді, суретті көз алдыңа келтіру, белгілі бір өрнекті қалыпта жасалуын іске асырады. Екінші түрі көзге түсу мәнділігін, бейнелілік, түс түрлілігі, мұқам, ішкі ишаратты жүзеге асырады. Осы екінші түрі поэтикалық мәтіннің тілдік (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік) қалыптармен тығыз байланысты.

С. Ержанова. Өлеңдік өлшем. Оқу құралы. Алматы: ЖШС «Бекқожанова», 2014.-42 бет;

Демек, поэзиялық шығармаларды талдауда дәстүрлі талдаудан өзгеше тілдік құбылыстармен бірге қарастыру арқылы поэтикалық мәтін тілінің көркемдігін ғана емес идеялық сипатын да айқындауға болады. Өлеңнің өзі сөздерден құралса әрбір сөздің дыбыстық, лексикалық, стилистикалық, морфологиялық, риторикалық, декламациялық жағынан талдау арқылы сөз өнерінің сипатын анықтауға мүмкіндік туады.

С. Ержанова. Өлеңдік өлшем. Оқу құралы. Алматы: ЖШС «Бекқожанова», 2014.-93 бет;

Қарасөзбен жазылған өлең – прозалық пішіндегі лирикалық туынды. Оған тән белгілер: көлемнің қысқалығы, жоғары эмоция, сюжетсіз құрылым, субъективті әсер мен күйзелістің білдірілуі; бірақ ырғақ, өлшем, ұйқас жоқ. Сондықтан қарасөзбен жазылған өлеңді поэзия мен проза аралығындағы метрикалық белгілері бар ырғақты (ритмдік) прозамен және еркін (ақ) өлеңмен шатастыруға болмайды. Қарасөзбен жазылған өлең түрі еуропалық поэзияда романтизм дәуірінде проза түріндегі діни лирикада бибилиялық дәстүрді тірек ете отырып дамыды, ал, француз поэзиясында басқа тілдегі өлеңдерді аударудағы тәсіл болды. Қарасөзбен жазылған өлеңнің алғашқы үлгісі деп А. Бертранның «Гаспар из тьмы» (1842 ж. шыққан) кітабын санайды.

С. Ержанова. Өлеңдік өлшем. Оқу құралы. Алматы: ЖШС «Бекқожанова», 2014.-105 бет.

Сөз мәдениеті дегеніміз – оқыту үрдісінде, отбасында, жалпы адамдардың өзара қарым - қатынасы негізінде жазбаша және ауызша тілді мейлінше меңгеру. Демек сөйлеудің де нақты тәсілдері болатынын жоққа шығармаймыз. Ол адамның мәдениеті мен ұлттық менталитетіне де байланысты түрлене бермек. Мәселен: халқымыздың мінезін, болмысын танытатын сөйлеу тәсілдерін жоққа шығармаймыз. Аз сөйлеу, биязы сөйлеу, мәнерлеп сөйлеу, айқын сөйлеу, әдепті сөйлеу т.б. жалғаса бермек...

С. Ержанова. Сөз мәдениеті және көркем мәтін. Оқу құралы.- Алматы: Дәстүр, 2015.-13 бет;

Мешіттік мазмұндағы шешендік– баяғыдан келе жатқан шешендіктің түрі. Мешітке келуші жандардың көңіл-күйіне, рухани тазаруына, жан-дүниесімен құдіретке табынуға шақыратын міндетті іске асырушы кісі. Мұнда көбіне дидактикалық, тәлім-тәрбиелік, ар-ождандық, адамгершілік, тәрбиелік сипат алады. Кейде мерекелік күндерге байланысты да (құрбан айт, ораза немесе мемлекеттік

тұрғыдағы жаңалықтарға орай) түрлендіріп, шешен сөйлеуге тырысады. Өмірдегі жаман қылықтар әшкерелеп, оның кері әсерлері Құранның негізінде дәлелденеді. Міне, сөйлеу тілінің негізін жалпыхалықтық тіл мен тілдік қызметтік стильдер құрайды екен. Бірақ ауызекі сөйлеу, шешен сөйлеу, ой мен ерік, киял мен жігер, т.б. сияқты еркіндіктің, үлкен шабыттың тасқынын көрсетеді. Бұл әрине шешен адамның тәжірибесіне, шеберлігіне, парасаттылығына, сезімталдығына, ең аяғы белгілі бір құбылысты, белгілі бір тақырыпты, жағдаятты аша білуінде жатыр.

С. Ержанова. Сөз мәдениеті және көркем мәтін. Оқу құралы.- Алматы: Дәстүр, 2015.-30 бет;

Жалпы әдеби жанр – шығарма туралы тұтастай көркем-эстетикалық түсінік беруге қабілетті, әдебиеттанушылық категориялардың бірі болып табылады. Бір ғана нақты көркем мәтіннің ұйымдастыру деңгейін білдіретін тектің, композиция мен сюжет, көркем кеңістік-уақыт, түр-тұлға, пафос категорияларына қарағанда, жанр аталған түсініктерді жинақтауды көздейді.

С. Ержанова. Әдеби жанрлар теориясы. Оқу құралы. Алматы: ЖШС «Бекқожанова», 2017.-54 бет;

Жалпы, жанр шығарманың мазмұны мен құрылымын түзуге белгілі бір дәуірдің тынысын беруге қаншама бағытталса да өзінің көне түрлерімен мүлтіксіз терең байланысын үзбей «жаңа» деп аталатын жанрлардың пайда болған сәтінде де, жанрлық құрылымдардағы әлемдік нышанын жоғалтпайды. Мұндай мазмұн, мысалы, қазіргі заман поэзиясы бойында толғау мен поэманың әлем көрінісін жинайтындығы, вексаметрдің қазіргі замандық жанрында, әлемдік жанрлық көріністе ежелгі түрінен қуат алып жаңаша мазмұнды беруде сол көне сыңарлы, жаңа тұрпатта кездесіп жатады.

С. Ержанова. Әдеби жанрлар теориясы. Оқу құралы. Алматы: ЖШС «Бекқожанова», 2017.-63 бет;

Ғылымдағы антропологиялық бағыт, соның ішінде нарратология, мәтіннің адамдар арасындағы байланыс (коммуникация) құралы ретіндегі қызметін зерттейді. Ол көркем шығарманы қалай қабылдайтынымызды, сондай-ақ әңгімені жеткізудің жаңа тәсілдерін қарастырады. Бұл жерде автор, баяндаушы (нарратор) және оқырман сияқты ұғымдар маңызды рөл атқарады. Олар әдебиетті қабылдау (рецептивті эстетика) және әдеби байланыс тұрғысынан зерттеледі.

Сондықтан әдеби шығарманы талдағанда, оның қалай баяндалғанына, яғни нарративті стратегиясына ерекше назар

аударылады. Нарративті стратегия – шығарманың оқырманға қалай әсер ететінін анықтайтын тәсіл. Ол әрдайым оқырманға бағытталады. Оқырман мәтінді белсенді түрде қабылдап, оған өз түсінігін қосатындықтан, мұндай стратегиялар әсіресе постмодернистік шығармаларда айқын көрінеді.

С. Ержанова. Қазіргі қазақ прозасындағы нарратология. Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 37- бет.

...Сонда баяндау тәсілі дегеніміз не? Адамдардың талай ғасырлық тіл қолдану дәстүрінде қалыптасқан сөйлеу типтері (хабарлау, суреттеу, ойталқы) көркем шығарманың баяндау тәсілдеріне негіз болады. Сөйлеу формалары немесе баяндау тәсілдері шығарманың композициялық элементтеріне сәйкес келетіндіктен, оларды талдау шығарманың көркемдік стилистикалық жүйесін түсінуге көмектеседі. Өйткені баяндау тәсілдері суреттелетін болмыстың, кеңістік және мезгілдік байланыстары мен қатынастарын бейнелеп, шығарма композициясының негізін құрайды.

С. Ержанова. Қазіргі қазақ прозасындағы нарратология. Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 41 бет.

Суреттеу кеңістік қатынастағы құрылымның негізінде ұйымдасады. Ол қатынас арқылы заттардың және олардың белгілерінің кеңістікте бірбіріне қатарласа орналасуы объектілердің ішкі байланыстары ашылмайақ беріледі. Автор оқырмандарда заттардың сөзде белгіленген образдарын нақтылы сезімдік, көрнекі тұрғыда қалыптастыруға ұмтылады. Суреттеуде болмыстың жай-күйі толық беріледі. Олардың ізбе-ізділігі заттың кеңістіктегі орнына, яғни бақылаушы – автор позициясына байланысты болады.

С. Ержанова. Қазіргі қазақ прозасындағы нарратология. Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 73 бет.

Әдебиетті феноменологиялық тұрғыдан зерттеу ақыл-парасат пен сананың менталдық қызметін, сол сияқты «адам әде биетті оқыған кезде қалай қабылдайды, қалай ой өрбітеді» деген мәселелерді қарастырады. Сонымен қатар олардың ішінд е кейіпкерлер дүниетанымын бағамдауды да қамтиды.

Ержанова С., Еменғалиева К. Көркем шығарма феноменологиясы. Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 12 бет.

Әр мәдени шығарма ондағы кейіпкерлер, идея немесе іс-әрекеттер арқылы оқырман қауымның соған сәйкес дүниетанымы мен сезім әлемінің қалыптасуына тегеурінді ықпал етеді. Мәселен, олардың

қайсыбірі өзіне табындыра тартып немесе үрей туғызып, қорқытып жатса, енді біреулер оқырманды моральдық ұстанымдарымен сендіреді.

Ержанова С., Еменғалиева К. Көркем шығарма феноменологиясы. Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 28 бет.

Сонымен, автордың қиялын шарықтатып, қиыннан қиыстырып баяндайтын қоршаған әлем туралы көркем дүниелердің барлығы – оқырман қауымның көңілін баурап, оң бағасына ие болу үшін жасалатын шығармашылық әрекеттер. Кез келген мәдени туындының мінсіз атқаруға тиіс басты міндеті – оқырман қауымның ықыласын баурай білу.

Ержанова С., Еменғалиева К. Көркем шығарма феноменологиясы. Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 56 бет.

Монтаждың бірлігі – кадр. Әдеби шығарманың бөлім, абзац, сөз тіркестері деп бөлінетіні сияқты эпизодтар монтаждық фразаларға ажырап, олар өз кезегінде кадрды құрайды. Монтаждық фразаларды аяқтайтын кадрлар іс-әрекет дамуының өткізу сатысы ғана болып қоймай, фразаның композициялық аяқталу әсерін туғызуы керек.

Әдеби шығарманы «монтаждық құрылым» тұрғысынан қарастыру туындыны тереңірек түсініп, ол жердегі жасырын мағыналарды көруге мүмкіндік береді. ...Көріністің психологиялық, философиялық мағынасын ашады. Кейіпкерлердің ішкі сезім-күйінен автордың оларға және кейіпкерлердің бір-біріне қарым-қатынасын білдіреді.

Ержанова С., Еменғалиева К. Көркем шығарма феноменологиясы. Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 92 бет.



Ұлан Оралұлы ЕРКІНБАЙ,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент

Ұлан Оралұлы Еркінбай 24.09.1977 ж. Созақ ауданы, Бақырлы ауылында дүниеге келген.

1998 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік мемлекеттік университетін, Ресей Ғылым академиясының филология институтын бітірген. 1998-2001 жж Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде сабақ берген, 2000-2003 жылдары республикалық баспасөздерде қызмет атқарған.

2006 жылы – «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебист танытқышы» - әлемдік әдебиеттану контекстінде» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. «Әдебиет танытқыштың теориялық негізі», «Әлемдік әдебиеттану» атты еңбектері жарық көрген. А.Байтұрсынұлы теориялық тұжырымдарын әлемдік ғылыми айналымға шығарып, Б.В.Томашевский, В.М.Жирмунский, Р.Якобсон, В.Кайзер, Г.Г.Гадамер, М.М.Бахтин, Цв. Тодоров, Р.Уэллек және О.Уоррен, Ю.М.Лотман сынды ғалымдармен бірлікте талдаған.

2009-2014 жылдар аралығында Алматыдағы Сүлеймен Демирел университетінде кафедра меңгерушісі, филология факультетінің деканы, 2015-2017 жж. Қазақ гуманитарлық Заң университетінде «Жалпы тілдер» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2017 жылдан Астанадағы «Ахмет Байтұрсынұлы Білім академиясының» директоры. Сонымен қатар, бастауыш сыныптарға арналған «Qyzyq mektep» ұлттық білім орталығының негізін салушы «Qasymkitap», «Таңбалы» баспа үйлерінің шығармашылық директоры. Бірқатар ғылыми еңбектері көрген. «Әдебист танытқыштың" теориялық негізі". Алматы, 2008. Монографиялық еңбек. Лотман Ю. «Семиосфера». Перевод с русского на казахский в рамках проекта «100 гуманитарных учебников XXI века». 600 б.

"Мировое литературоведение". Алматы, 2009. 286 б. Ұжымдық еңбек

"Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ әдебиеттануы". Алматы, 2009. 486 стр. /Ұжымдық еңбек/

"Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи". Алматы, 2009. 512 стр. /Ұжымдық еңбек/

Истоки казахской литературоведческой науки// ИФ СО РАН Научная конференция молодых ученых. Новосибирск, 28-29 апреля 2005 г. 15 стр.

Теоретические представления А. Байтурсынова о литературном произведении // Сборник научных статей посвященных 170 – летию Чокана Валиханова. Новосибирск. 2005. стр. 56.

О книге Ахмета Байтурсынова "Теория словесности" // Международная научная конференция: «Ломоносов-2006». МГУ., Москва, 2006 г. стр. 189.

Знаковость как литературоведческий метод. Сибирская филология. № 7, 2009 г. С.43-52.

Понятия художественности: теория и практика. Сибирская филология. № 7. 2010. С.43-52.

AHMET BAYTURSINULI, TÜRK DÜNYASI İLK EDEBİYAT TEORİSİNİ İNCELEYEN BİLİM ADAMI// II Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы. Алматы, 2015. 388-392 бб.

Instilling Patriotism on the Basis of Proverbs // SILWAN. English Edition. Poland, 2015/ 215-221 pp. [SYLWAN., 159(9)]. ISI Indexed - Sep 2015 /в соавторстве Қ.Сыздықов/

Русское и казахское литературоведение: точки соприкосновения в изучении теории словесного творчества // Университет китайской культуры. Вестник факультета русского языка и литературы. Выпуск 16. Тайбэй 2015. Стр. 189-202. /в соавторстве Л.Мирзоевой, О.Сюрмен/

A.Baytursunoğlunun-Edebi eserlerin görkemleme (bezeme) düzeniyle ilgili özetlemeleri// Guzel sanatlar dergisi. 2012 жыл

Норма художественности в литературном искусстве // Новые грани. №3 (15) июль сентябрь. Москва 2011.Стр. 43-48.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

А. Байтұрсынұлы сөз өнерінің теоретигі ретінде бұл жерде және бір күрделі мәселенің (автор мен оқырман теориясы) бастап беріп отыр. Ғалымның «*...шығарушы өзі жазушы, өзі сыншы болған уақытта*» деуінің әдеби шығармаға да тікелей қатыстылығы бар. Және бұл біршама теориялық мәселелерге қозғау салады. Бұл мәселені біршама жолға қойып зерттеген авторлардың қатарына Байтұрсынұлы кезеңдестерінің арасынан А.И. Белецкий (1922) мен М.М.Бахтинді (1926 жылы В. Волошиновтың атынан шыққан жұмысын айтып отырмыз – Ұ.Е.) айтуға болады. Қос ғалымның пікірі кез-келген туындының авторында «өздерінің қиялындағы пікірлес» оқырмандары болады дегенге саяды. Сол себептен де А.И.Белецкий мен М.М.Бахтинды бұл тұжырымды әдебиеттану ғылымының айналымына

алғаш енгізген деп жүрміз. Бүгінгі әдебиеттануда да автор мен оқырман арақатынасына байланысты тұжырымдар жеткілікті. Жеткілікті болғандықтан да оларды біршама синтездеп ұсынсақ, оның жүйесі былай болады. Жалпы оқырман түсінігі үш түрлі мағыналық негізге ие. Олар: 1) шығармадағы оқырман бейнесі, 2) адресат, 3) шынайы оқырман. Шығармадағы оқырман бейнесі авторға көбіне талғамдық тұрғыдан бөтен болып келеді. Себебі, шығарма сөзге бұл бейне көптеген әдеби сарындар арқылы келген соң олардың әрқалай болуы да заңды. Автор оларды өз талғам сүзгісінен өткізеді әрине. Бірақ, оқиға құндылығының деңгейіне қарай оларды толығымен қабылдау да орын алып отырады. Ал адресат ұғымы біз жоғарыда айтып өткен А.И.Белецкий, М.М.Бахтин теорияларынан өрбиді, яғни автордың қиялындағы оқырман шығарманың мазмұны мен стиліне килігіп өз өрнегін салып жатса, мұны адресаттың ісі деп түсінеміз. Үшінші мағыналық негіз, яғни шынайы оқырман (көпшілік, реципиент) түсінігінің ауқымы біршама кең. Мұны тек әдебиеттанудың аясында ғана емес, әлеуметтану, психология, педагогика, өнертану, мәдениеттану секілді ғылым салаларымен барабар қарастырған дұрыс. Шынайы оқырман түсінігін осындай кең ауқымда қарап жүрген ғалымдардың қатарында Р. Ингарден, В. Айсер, А. Компаньон, В.Хализевтерді атауға болады [112]. «Сындар дәуірдің» жаңа талаптарының алғышарттары «Әдебиет танытқышта» осылай барынша кең, танымдық, талғамдық өлшеммен белгіленеді. Жаңа талаптар дегенде, А. Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті жаңа жанрлық түрлермен де толығып келеді, оның сыпаттарын анықтап әрі игеріп алу үшін білім керек дейді. Оны сын білімі деп қорытады: «*Европа әдебиетімен танысқаннан кейін қазақ ақындары сөздің асыл болатын сырын біле бастайды. Сөздің ондай сырын білу – сын білу болады*» [16, 337 б].

Ұ. Еркінбай. ««Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі» 140 б.

«Әдебиеттануға кіріспенің» бірқатар методологиялық тұстары түбірімен қайта карауды қажет етеді. Мұндағы бірден-бір кемшілік сөз өнерін танудың алғышарттары көп жағдайда біржақтылыққа құрылған. «Әдебиеттануға кіріспенің» типтік бағдарламасы толықтай шығарманың тысқы жағына басымдық танытады. Ішкі, мазмұндық жағы сөз болғанның өзінде де ол мәселеге тілдік белгілер арқылы барады. Бұл сол кезеңдегі идеологиялық ұстанымдарға аса қолайлы болғандықтан Көмекші болуы керек.

Ұ. Еркінбай. «Теориялық поэтикаға кіріспе». Көмекші оқу құралы 6 бет. Алматы, 2010.

В целом истолкования вышеизложенного тезиса («Художественное слово…») А. Байтурсынова, близок к подходам гегеловской и послегегеловской эстетике.В особенности в методах послегегелевской эстетики растолковали категорию образа, соотносительно противопоставляя его как продукт художественного мышления результатом мышления абстрактного, научно-понятийного то есть, умозаключению, доказательству, формуле.Таким образом, нетрудно заметить, что на основе фундаментальных понятий словесного искусства, А. Байтурсынов выявляет теоретическое основы художественности. Далнейший анализ предметности художественной литературы в полней мере служит аргументацией этих выводов.

С учетом современных литературоведческих достижений ближайшей перспективой исследования может выступить сопоставительный теоретический анализ творчества Байтурсынова, в плане исторической поэтики, и конкретно – с точки зрения проблемы литературных родов, литературной преемственности и развития тематики и художественной семантики, сферы которых и репрезентирует данный труд.

Ұ. Еркінбай. Теоретические представления А. Байтурсынова о литературном произведении // Сборник научных статей посвященных 170 – летию Чокана Валиханова. Новосибирск. 2005. стр. 56.



Арап Сләмұлы ЕСПЕНБЕТОВ,
филология ғылымдарының докторы

Арап Сләмұлы Еспенбетов 1945 жылдың 4 наурызында дүниеге келген.

Арап Сләмұлы 1961 жылы Семей педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне оқуға түседі. 1965-1966 жылдары Кеңестер Одағының әскері қатарында қиыр солтүстікте әскери борышын атқарған Арап Сләмұлының бұдан былайғы өмір жолы Семей педагогикалық институтымен қатар өріледі. 1967 жылы Семей педагогикалық институтына оқытушы болып қабылданады. 1972-1975 жылдар арасында С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыды. Ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың жетекшілік етуімен 1975 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың лирикасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 1993 жылы ҚРҒА-ның Әдебиет және өнер институтында «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық өмірбаяны» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Ауыз толтырып айта кететін тағы бір жай – 1993 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген С.Торайғыровтың академиялық жинағы. Жинақты құрастырушылардың бірі, дәлірек айтқанда бірегейі Арап Сләмұлы жинақтың шын мәніндегі ғылыми түсініктерін түзіп береді.

А.Еспенбетов 1977-1978 жылдары Семей педагогикалық институты филология факультеті деканының орынбасары, 1978-1989 жылдары факультет деканы қызметтерін атқарды. 1993-1996 жылдары Семей педагогикалық институтының оқу ісі жөніндегі проректоры, сонымен қатар қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін қатар атқарды, ал 1998 жылдан 2007 жылдар аралығында М.О.Әуезов атындағы Семей университетінің ректоры болды. 2007 жылы М.О.Әуезов атындағы Семей университеті жанындағы «М.О.Әуезов және абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, 2008 жылы Шәкәрім университеті гуманитарлық факультетінің деканы қызметіне тағайындалды, 2011 жылы Шәкәрім университетінің бірінші проректоры, ректордың кеңесшісі-аппарат жетекшісі, 2011-2013 жылдарда гуманитарлық-заң факультетінің деканы, 2013-2015 жылдарда Педагогика жоғары мектебінің директоры, 2015 жылы ректор

кеңесшісі, 2021 жылдан Шәкәрім университетіндегі «Абай және ұлттық руханият» ҒО-ның жетекші ғылыми қызметкері.

Арап Сләмұлы – ғылыми мектеп қалыптастырған ғалым. Ғалымның жетекшілігімен 1 доктор, 19 кандидат және 3 PhD (философия докторы) диссертацияларын сәтті қорғады.

А. Еспенбетовтің іргелі еңбектері (бұлармен қоса ғалымның алты жүзден аса ғылыми мақалалары жарық көрген):

1. Торайғыров С. (профессор Б.Кенжебаевпен бірге). – Қазақ ССР-і «Білім» қоғамы, 1973.

2. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Монография. – Алматы: Ғылым, 1992. – 200 б.

3. Уақыт өрнегі. Мақалалар. Ойлар. Толғамдар. – Алматы: Інжу-маржан, 2005. – 515 б.

4. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт. Ғылыми зерттеу. – Алматы: Раритет, 2008. – 240 б.

5. Ақындары Алаштың. Монография. – Семей: Интеллект-Үш биік, 2011. – 271 б.

6. Абай әлемі. Оқу құралы. – Семей: Үш биік, 2011. – 243 б.

7. Шығармалары. «Алтай-Ертіс кітапханасы» сериясы. Екі томдық. – Астана: Фолиант, 2014.

8. Абайтану әлемінен. Ғылыми-зерттеу мақалалар. – Семей: Зияткер ҚҚ РБО, 2017. – 150 б.

9. Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері. Оқу құралы. (А.Ақтанова, А.Жундибаевалармен бірге). – Алматы: Бастау, 2019. – 360 б.

10. Сұлтанмахмұт. Монография. «Нар тұлға» сериясы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 408 б.

11. Абай әлемі. Ғылыми-танымдық зерттеу. «Абай шығармашылығы және қазіргі қазақ әдебиетінің қалыптасуы». Т. IX. – Алматы: Алгорифм, 2022. – 349 б.

12. «Абайды оқы, таңырқан...». Зерттеу еңбегі. – Астана: Фолиант, 2024. – 380 б.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

«Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен министр Б.Жұмағұловтың 2011 жылдың 8 желтоқсандағы бұйрығымен марапатталды. Куәлік №547

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 5 желтоқсандағы Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Куәлік № 4586

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 29 қарашадағы Жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталды. Куәлік №1121

Абай ауданының құрметті азаматы (2015), Семей қаласының құрметті азаматы (2017), Абай облысының Құрметті азаматы (2024).

Әлихан Бөкейхан университетінің Құрметті профессоры (2021), Шәкәрім университетінің Құрметті профессоры (2022).

2023 жылы Қазақстанның Білім және ғылым жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі үшін және жоғары білікті мамандарды даярлаудағы зор еңбегі үшін А.Байтұрсынов атындағы орденмен марапатталды.

2024 жылдың 5 қарашасында «Қазақстан жоғары мектебінің еңбек сіңірген қайраткері» төсбелгісімен марапатталды. Куәлік №15.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Әдеби өлкетану – қазақ әдебиеттану ғылымында кенже қалып, кешірек қатарға ұмтылуға ниет түзген сала. Задында өлкетанудың өзі тарих, жаратылыстану, жағрапия, экономика, әдеби өлкетану сияқты тарамдана беретін кешендік құбылыс. Өкінішке орай біздің зерттеушілеріміз оны музейтану, архивтану ғылымдарымен, сондай-ақ жекелеме пәндерді оқыту әдістемесімен ғана шектестіре қарастырып, имене, жасқана әрекідік әңгіме арасында ауызға алатындығымыз жасыратын жағдаят емес.

А. Еспенбетов. Шығармалары. Т.1. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт. Монография. – Астана: Фолиант, 2014. – 22-бет.

Ұлан-байтақ қазақ даласының қасиетті Шыңғыстауынан түлеп ұшқан ұлы ақын, хакім Абайдың, шалқар ойлы ғұлама Шәкәрімнің, данышпан жазушы Мұхтар Әуезовтің Еуразия кіндігі Жидебайдан жердің тартылыс күшін артқа тастап ғарышқа самғағандай күллі әлемдік руханиятқа көтерілуі таңқаларлық ғажайып құбылыс. Тамсанып таңдай қаққанмен мойын бұрғызбайтын ақиқат.

А. Еспенбетов. Шығармалары. Т.1. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт. Монография. – Астана: Фолиант, 2014. – 22-бет.

Тарих көші, адамзат тарихы – бір ғасырдан келесі ғасырларға тереңнен тамыр тартып, сұлбасы үзілмей әрдайым жалғасып жатқан ой сабақтастығына қуә.

Ұлы адамдар мен біртуар тұлғалар аузымен айтылатын сұңғыла ойлардың сәулесі менмұндалап, тынымсыз жылжып өтіп бара жатқан Уақыт тасасында қалып қоймай, зиялы ұрпақтың шөліркеген мезетінде кәдеге асып жататындығы сондықтан.

А. Еспенбетов. Шығармалары. Т.1. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт. Монография. – Астана: Фолиант, 2014. – 37-бет.

Кітаптың өркениет тарихында алатын орны баршамызға аян. Кітап – жан азығы, руханият мұхитына бастайтын аса қасиетті қазына. Базғы ой иелерінің бағамдауына қарағанда кітап дәуір мен дәуірді тоғыстыратын, туыстырып жіберетін сиқырлы күш. Кітап – ақылшы, өткеніңді көз алдыңа әкелетін, болашағыңа қиырдан көз тастауға үйрететін қамқор тәрбиеші. Жақсы кітапты оқу – адам жанының ізгіленуіне, ақыл парасатының мейлінше жан-жақты қалыптасуына көмектеседі. Ұлы Абайдың: «Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге», – деуі кездейсоқ айтылған пікір емес. Тағы да Абайдың: «Бір ғылымнан басқаның, бәрі де кесел асқанға», – деуі әр оқырманды ойландырса керек.

А. Еспенбетов. Шығармалары. Т.2. Зерттеулер, мақалалар. – Астана: Фолиант, 2014. – 19-бет.

Соңғы кездері Абай есімін алдына қалқан етіп ұстап, ақыл-ойға сыймайтын ертегі-аңызшылардың пайда болуына қалайша немқұрайлы қарайсың. Олардың қатары көбейіп кетсе, қоғамдық сана, ұлттық руханият үшін қауіпті құбылыс. Бірер ай бедерінде теледидардан қазақ мәдениеті төңірегінде өзінше ой бөліскен бір «шешен» сөзінің дәмін келтіру ниетінде Абайды куәге тартып: «Су ішкен құдығыңа түкірме», – деді емес пе ұлы Абай, бұл кәрінің де, жастың да есінде болуы керек деп, кіжіне, екілене сөйледі. Сеніп қала жаздадым. Абайды оқымайды, ұқпайды екенбіз ғой деп өз-өзіме налыдым. Ерінбей-жалықпай қос томдықты бірнеше рет аудырып шықтым, ондай сөз жоқ екен. Абайды өзінің қажетіне сәйкес бұрмалап түсіндіріп, ұлы ақын айтпаған сөзді айтқызып, тұнығымызды лайлап, жадымызды шимайлап жатса көлденең көк атты абыройдан айрыламыз. Абайдың әр сөзіне абай болайық! Қазынамызды қастерлейік, қасиет тұтайық, ағайын!

А. Еспенбетов. Шығармалары. Т.2. Зерттеулер, мақалалар. – Астана: Фолиант, 2014. – 28-бет.

Задында қазақтың сәлемдесуі, қонақ күтуінде дәстүрлі мәдениеттің көрінісі айқын десек, оның үстіне Абай аулында ертегі, әңгіме айту, шежіре тарату, ән салу, күй шерту, сал, серілер өнерін тамашалау, ақындарды айтыстыру берік ірге тепкен мәдени құбылыстардан саналған. Дойбы, тоғызқұмалақ ойнау, салбурынға шығу, саят құру қазақтың атадан балаға мирас өнері де осында. Ұзатылған қыздың жасауының көркі дана ақын өлеңдерінің көшірмелері болса Абай аулының мәдениеті емей не дерсіз?!

А. Еспенбетов. Шығармалары. Т.2. Зерттеулер, мақалалар. – Астана: Фолиант, 2014. – 34-бет.

С. Торайғыров – төтенше өзгерістер мен дүрбелең сілкіністер дәуірінде тарих сахнасына көтеріліп, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік жол салған, шығармаларына тұтас бір дәуірдің шындығын сыйғызған суреткер. Ол артына өлмес те өшпес мол мұра, қымбатты қазына қалдырған ұлы ақын.

А. Еспенбетов. Шығармалары. Т.2. Зерттеулер, мақалалар. – Астана: Фолиант, 2014. – 88-бет.

«Өмір – өзен» дейді халық даналығы. Шынында адамның өмірі барлық құпия сырларымен ашылмаған арал іспетті. Өмір тылсымын қанша танысақ, тереңіне сүңгідік десек те адамзат игере алмаған қырлары мен сырлары қатпар-қатпар. Өмір ағысында, адамдар қатынасында көз көріп, құлақ естімеген «ғажайыптар» сансыз көп. Қоршаған ортадағы, табиғаттағы ең нұрлы да сырлы әлем – Адам. Адам – ұлы есім, табиғаттың ғажап құпия туындысы.

А. Еспенбетов. Шығармалары. Т.2. Зерттеулер, мақалалар. – Астана: Фолиант, 2014. – 181-бет.

Қазақ өлеңі күн санап тармақталып, шырайланып келе жатыр. Бұл арада поэзиямызға жаңа толқын, жас буынның енуінен сақтанудың қажеті жоқ. Қайта жас перілер нендей жаңалықтарымен, қандай өрнектерімен поэзия әлеміне қадам басты деген сауал төңірегінде ойлануымыз қажет. Алғашқы талпыныстарында шалыс кеткен сәттері болса аға буын жол көрсетіп, бағыт сілтеуден іргесін аулақ салмаса екен деп үміттенеміз.

Буынның алмасуы заңды құбылыс. Тек қалың нөпірдің ішінен маржанын тауып алып, лайықты бағасын беру өлең жанашырларының да, сынды серік еткен қалам иелерінің де абзал міндеті. Өлең өлкесіне кездейсоқ соғып өтпекші болған жазармандарға уақыт үкімін береді. Олар үшін поэзия сарайының есігі мәңгілікке жабық.

А. Еспенбетов. «Аспанға құлау» – жас ақынның табысы // Қазақ әдебиеті. 25 қараша 2025 жыл.

Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық кітапханасының мөлшерін межелеу – үлкен міндет. Ол Семей, Стамбул, Мекке, Медине қалаларының кітапханаларында ізденіс жүргізген. Хожа Хафиз, Фзули, Науаи, Фирдоуси, Сағди, Яссауи, Софы Аллаяр шығармаларын оқыған. Ломоносов, Жуковский, Березин, Левшин т.б. еңбектерімен таныс болған. Пушкин мен Лев Толстой шығармаларын аударған. Аталмаған қаламгеріміз қаншама!? Солардан не үйренді, нені игерді? Шұғылданып зерттеуді тілейтін өзекті мәселе.

А. Еспенбетов. «Абайды оқы, таңырқан...». Зерттеу еңбегі. – Астана: Фолиант, 2024. – 224 бет.



Темірғали Оразғалиұлы ЕСЕМБЕКОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор

Темірғали Оразғалиұлы Есембеков 1953 жылдың 20-қазанында Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның Сулышок ауылында дүниеге келген. Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Ғылыми-оқытушылық жолы Қарағанды мемлекеттік университетінен басталған.

1980-1982 жылдары Мәскеу мемлекеттік университетінің зерттеушісі болған, 1982-1985 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыған, 1986 жылы кандидаттық диссертация қорғаған.

1986-1991 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде аға оқытушы, доцент, факультет деканының орынбасары, декан қызметтерін атқарған. 1991 жылы Түркістан мемлекеттік университетінің іргесін қалаушылардың қатарында жаңа университеттегі кафедра жасақтауға, факультет қалыптастыруға белсенді қызмет етті.

1997 жылы 10.01.08-әдебиет теориясы мамандығы бойынша «Художественно-эстетическое значение драматизма в казахской прозе» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған.

1997-1999 жылдары А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды, университетте диссертациялық кеңестің ашылуына көп үлес қосты. 1999 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ филология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Қазіргі кезде кафедрада 10-ға жуық ғылым кандидаттары мен доценттер қызмет етуде.

Т.О. Есембеков 2001-2002 оқу жылынан бастап бүгінге дейін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасында қызмет етіп келеді. Магистранттар мен докоранттардың ғылыми зерттеулеріне кеңес береді. Темірғали Оразғалиұлы 6 ғылыми монографияның, 15 оқу құралының, 200-ден астам ғылыми мақалалардың авторы, оның ғылыми зерттеулерінің нәтижелері АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Грекия, Қытай, Түркия, Рсссй, Қырғыстан, Өзбекстан сияқты елдердің ғылыми басылымдарында жарық көрген. Бірнеше мақалалары импакт-факторы

бар басылымдарда, Томсон-Рейтер тізіміне енген журналдарда жарияланған. Қазақ, орыс, неміс тілдерін меңгерген ғалымның осы тілдердегі еңбектері көпшілікке танымал. «Әдеби талдау амалдары» (Астана, 2012 ж.), «Көркем мәтін поэтикасы» (Алматы, 2013), «Функции драматизма в художественном тексте» (Алматы, 2013 ж.), «Көркем мәтін теориясы» (Алматы, 2015 ж.), «Аударматанудың заманауи үрдістері», (Алматы, 2022), «Көркем мәтінді талдау әдістемесі» (Алматы, 2023) атты еңбектері жоғарғы оқу орындарында кеңінен қолданылуда. Ғалым әдебиет теориясы, мәтін теориясы, поэтология, әдеби компаративистика, аударматану сияқты ғылыми салалар бойынша халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндама жасап келеді.

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің Ы. *Алтынсарин* төсбелгісімен марапатталған.

Ұсынылған теориялар, тұжырымдар мен пайымдар

Көркем мәтіннің ойтүрткісін (замысел) айқындап қарастыру үшін студент ең алдымен мына мәселелерге арнайы тоқталғаны тиімді:

а) жазушының осы тақырыпты таңдауының себептерін анықтауға тырысу;

ә) нақты ойдың, образдың, концептінің пайда болу барысы, дамуы, өзгеруін бақылау;

б) мәтіндегі персонаждар мен олардың түптұлғалары туралы мәлімет жинау;

в) шығарманың алғашқы жоспарлары мен әртүрлі сызбалар, авторлық ескертпелермен танысу.

Аталмыш мәселелерді сараптау кезінде көркемдік жинақтау (типтендіру) мен даралау деген түсініктер бар екенін естен шығармаған жөн. Флобер бір хатында өзінің «Мадам Бовари» романына қатысты сауалға «Эмма – ол мен» деп жауап бергені көпшілікке мәлім. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тердегі» кейіпкерлердің біреуінің өмірде түптұлғасы болғаның, кейбірінің ойдан шығарылғанын айтқан. Л .Толстой Анна Каренинаның сыртқы портретін жасауға көп қиналған. Бірде ол Пушкиннің қызы Мария Тартунгпен кездесіп, оның бұйра шашына ерекше назар аударады, сөйтіп Аннаның сыртқы портреті табылады, бірақ екеуінің ішкі дүниесі бір-біріне мүлдем ұқсамайтынын әдебиетшілер атап көрсеткен, яғни кейде бір детальдың шешуші шығармашылық қызметі де болады екен. Авторлардың кейіпкерлеріне өзінің өмірлік тәжірибесін, көзқарастарын таратып беретініне де дәлелдер бар. Гете өзінің Вертер деген кейіпкеріне басынан өткен махаббат оқиғасының машақатын сыйлаған, ал Тургенев Рудин деген кейіпкеріне өзінің дауысын берген. Сервантес «Дон Кихотта» өзіне көмекшілікке араб тарихшысы Сид Ахмед Бенинхалиды алып, әрі қарай

оның шығармаларын аударғансып отырып романын осылайша жалғастыра бергені мәлім. Атақты романда автордың мәтіндегі өзінің қателерін кейіпкерімен бірігіп отырып талдайтын жерлері де шығармашылық тұрғыдан қызық.

А.С. Пушкин алдымен жеке-жеке бес повесть жазып, кейін олардың басын қосып, басып шығарушының алғысөзімен ойдан шығарылған марқұм Белкинге жолдаған, ал ол болса повестерді біреуден естіген оқиғалар ретінде пайдаланған болып көрсетіледі. Автордың оқырманмен осылай ойнауы туралы да әдебиет тарихында аз айтылмаған.

Шығарманың жазылу тарихын қарастыруда барлық библиографиялық анықтамалар мен көрсеткіштерді кеңінен қолдану, сол кезеңдегі қоғам мен әлеуметтік ортаның сыры мен сипаты туралы толық әдеби-тарихи мағлұмат жинап алу студентке тақырыпты игеруге көп жеңілдік береді.

Т.У. Есембеков. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 122 б.

... Использование параметра порядка и принципа подчинения в настоящее время становится универсальным методом описания систем со многими степенями свободы в близи точек неустойчивости, каковым можно отнести и творческий процесс, он не только описывает процесс упорядочения, но и свойства конечного упорядоченного состояния. Несомненно, основные понятия синергетики – параметр порядка и принцип подчинения – своеобразно действуют в литературе и искусстве.

...Это положение можно в общих чертах проиллюстрировать таким примером: когда в детективе кем-то совершено преступление, то преступник оказывается в неустойчивом состоянии, ибо с этого момента его жизнь на свободе не совместима с существующим учтойчивым уголовным кодексом. Виновный всяческий будет стремится стабилизировать свое неустойчивое состояние, продолжительность этого положения зависист и от хитрости, изворотливости преступника, и от действий органов сыска и правосудия. Писателю здесь представлена большая возможность во времени и пространстве, в выборе средств совмещения устойчивых и неустойчивых состоянии.

Художественная литература способна решать проблемы иного толка. Стабилизация неустойчивого положения может преследовать другие цели, например, превратить невероятное в вероятное. В повести Ч. Айтматова «Пегий пес, бегущий краем моря», герои оказались в неустойчивом положении, писатель довольно долго изучает своих героев в таком состоянии, выявляет те сущностные силы стремящиеся

его стабилизировать. В повести О. Бокеева «Жетім бота» неустойчивое положение героини условными приемами превращена в устойчивое.

Символ тайны также часто обрабатывается литературой; ибо она также неустойчива по своей природе: одни хотят скрыть и сохранить ее, другие стремятся ее раскрыть, а некоторые пытаются использовать чужую тайну в своих целях и т.д. Тайна является неустойчивой формой сокрытия некоторой устойчивой информации, обладение ею дает преимущество для стабилизации положения, поэтому борьба вокруг сокрытия–расскрытия приобретает драматический характер. М. Ауэзов весьма удачно использовал этот прием в эпопее «Путь Абая». Тайна истиных причин казни Кодара и Камки, скрываемые Кунанбаем и помере взросления все глубже расскрываемый Абаем приводит отношения отца и сына в неустойчивое положение...

... В прозаических произведениях казахских авторов, тяготеющих к детективно-развлекательным и занимательным жанрам, соотношение устойчивости и неустойчивости в общем можно представить так: имеется тайна или некоторая ценность (честь, богатство, власть, близкие), которым угрожает опасность, одни герои заняты тем, чтобы сохранить имеющееся устоичивое положение, другие – стабилизацией неустойчивого.

Рассогласование, несовподание, несовместимость, разнонаправленность устойчивого и неустойчивого создают драматические отношения почти на всех уровнях литературного произведения, особенно в драматизированной прозе.

В определенные периоды истории национальной прозы широко разрабатывались драматические обстоятельства, связанные с неустойчивостью социально-нравственного плана, которую можно условно обозначить как «человек не на своем месте» и «человек со стороны». Драматизм человека, по волей случая или судьбы оказавшего в другом круге (Улпан, Шуга), выпавшего из своей среды (Акбилек, Кунекей), сознательно отказавшегося от многих вещей во имя высоких, н несбыточных идей (Киялхан, Таган), пришедшего в другую среду с благими намерениями, но потерпевшего поражение (Коспан) имеет множество решений и воплощений.

Таким образом неустойчивые состояния выполняют функции параметра порядка и подчиняют себе многие элементы произведения. Параметру порядка можно сопоставить довольно известное в научных кругах понятие доминанты.

... Скачкообразные качественные переходы берут свои истоки из фольклора. Активно ими пользовалась и пользуется литература. В широко известной басне «Ворона и лисица» смысл многих слов неустойчив, они звучат по крайней мере двояко: то как лесть, то как

обман. Лисица здесь выступает и как автор сценария, хорошо разбирающийся в слабых и сильных сторонах психологии восприятия, и как пытливый режиссер-постановщик, и как талантливая актриса. К «катастрофе» приводят изменение таких состояний: «ворона с сыром – лиса без сыра», «лиса с сыром – ворона без сыра». Эти превращения устоичивых состоянии в неустоичивые можно представить и так: «лиса без сыра – лиса с сыром», «ворона с сыром – ворона без сыра». Обряд инициации связан с резким качественным переходом из состояния мальчика или юноши в положение полноправного мужчины. В сказочном фольклоре часто обрабатывается такой традиционный ход. Жених или невеста поначалу могут предстать или в непривлекательном, или в нечеловеческом облике. Пройдя через предназначенные драматические испытания, они преобретают новое качество, происходит скачкобразный переход в новое состояние. Эти приемы развиты в прозе начала XX века.

В рассказах «Грех Шолпан» М. Жумабаева, «Красавица в трауре», «Лики Хасена» М. Ауэзова, «Черное ведро», «Мукыш Арыстанбая» Б. Майлина происходит резкий скачок из одного состояния в другое, по качеству противоположное первому. «Человек и чувства» – эта доминирующая пара противоположностей, символизируют способность перехода неизменного в подвижное, динамического в статическое, спокойного в агрессивное. Анализ показывает что авторы стремятся создавать драматизм с помощью параметра порядка, нацеленного на перемену неустойчивых и устойчивых состояний. Шолпан сначала не хочет иметь детей, страстно умаляет об этом всевышнего, затем в одно мгновение превращается в просительницу у бога ребенка. Красавица Каракоз в финале резко меняет свои ориентиры. Б. Майлин с помощью образа Мукыша приоткрывает занавес дальнейших драматических катаклизм нового строя. Резкая смена обстоятельств позволяет выявить драматизм таких героев как Жамал и Хасен. Таким образом, целенаправленный поиск названных авторов в драматизации художественного материала связан с ведущей ролью качественных переходов героев и событий.

Есембеков Т.У. Функции драматизма в художественном тексте. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 304 с.

Әр халықтың поэтика жөнінде өз пайымы бар, сондықтан өз ойы мен сезімін поэтикалық түрде жеткізудің ұлттық дәстүрлері қалыптасқан. Екі ұлттың ойлауындағы осындай өзгешеліктер көркем аудармада қолбайлау болғанымен, қалауын тапса – шешілетін түйін. Өмірі мұхитпен етене байланысты немесе қалың орман арасында тіршілік кешкен халық өкілінің қазақтың сайын даласы, қыран құсы,

жүйрік тұлпары туралы өлеңдерін қабылдауы оңай емес. Қазақ поэзиясына тән образдылық – әлеует пен айқындылықты аудармада сақтаудың қиындығы мен тауқыметін Абай өлеңдерінің орыс тіліне аудармасынан анық байқалғандығы жөнінде талай айтылған. Бірақ оның әлі күнге дейін оңтайлы шешімін таба алмай отырғаны ойлантады.

Поэзиялық мәтін белгілі бір дәстүрлі, ұлттық қалыпқа сәйкес түзілгендіктен, аудармада оны сақтаудың қиыншылығы көп. Оған қоса, түпнұсқа тілдегі сөздердің семантикалық–стилистикалық өрісі де жалпылай белгілі болғанымен, оның басқа тілдегі образдылық пәрмені мен әлеуетін сақтау да оңай емес.

Ұлттық тілде жеке ұғымның образды дәстүрлі қолданысы қалыптасады, оларды басқа тілдерге аудару көптеген қиындықтарды тудырады. «Көзі ботаның көзіндей екен» сияқты қазақы образды басқалардың оң қабылдауы, түсінуі, бағалауы былай тұрсын, жас ботаның көзін көрмеген солтүстік өңір қазақтарының көпшілігі көз алдына елестете алмас. Поэтикалық мәтіндердегі осындай бір сөздің дұрыс тәржімаланбауы бүкіл шығармаға кері әресін тигізгеніне мысал көп. Аудармашы алдында мынадай таңдау тұратын кездер жиі болады. Мәтіндегі деректік ақпаратты жеткізуге басымдық беру керек пе, әлде ондағы көңіл-күй ауанына баса назар аудару қажет пе? Поэтикалық туындының оқырманның сезімдік әлеміне әсер етуі үшін түпнұсқадағы сөз-образдарға басқа тілдегі қызметі жағынан аналог ұғымдарды, адекват сөздерді тауып қолдану – аудармадағы басты мәселе деген пікір бар. Мұны да сол қалпында қабылдай салуға болмас. Аударма мәтін оқырманында түпнұсқадағыдай көркемдік әсер қалыптастыруға, көңіл-күй дарытуға тырысушылық та әрдайым сәтті бола бермейді. Нәтижесінде, сөз көркем аударма жайында емес, көбіне көп түпнұсқаның «желісімен» жазылған аудармашының өз туындысы туралы болмақ. Әрине, Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңіндегі сөздердің қыс болмайтын, қар көрмеген Африка тұрғындарына қандай әсер ететінін шамалап айтудың өзі қиын. Олар да аңға шығатын болар, бірақ қансонарда емес. Жаңа жауған аппақ қардың әсерін, сайын далаға сайран құруға шыққан қазақ ақынының көңіл-күйін жеткізу үшін имплициттік, эксплициттік ақпарат аздық етеді. Сезімділік, образдылық, зияткерлік пайыммен қоса түсіндіру, қосу, жаңғырту шараларын жүзеге асыруға тура келеді. Демек, поэзиялық шығармаларды аударудағы басты мәселе әр халықтың поэтикасына тән, образдық жүйесіне етене болып кеткен айырмашылықтарды ескеріп отыруда екен.

Т.У. Есембеков. Көркем мәтін поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 228 б.



Аслан Жамелұлы ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Аслан Жамелұлы Жақсылықов – Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Жазушылар одағының және Қазақ халықаралық Пен-клубының мүшесі.

А.Ж. Жақсылықов 1964 жылы 9 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Самар ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Самар орта мектебін бітірді. 1972-1974 жылдары Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. КСРО Қызыл Тулы Қиыр Шығыс округінде. 1979 жылы Киров атындағы ҚазМУ филология факультетін бітіріп, аспирантурасына түсті.

1979 жылдан 1990 жылға дейін А.Ж.Жақсылықов Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің әдебиет кафедрасында жұмыс істеді. 1990 жылы академик З.К. Қабдоловтың шақыруы бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті қызметіне қабылданды.

1984 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор К.Ш.Керсева-Канафиеваның ғылыми жетекшілігімен "Проза М.О. Ауэзова 20-30-х гг. (психологизм, конфликт, повествовательные формы)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1993-1995 жж. аралығында А.Ж.Жақсылықов «Адам экологиясы» халықтық университетінің құқықтары жөніндегі қоғамдық бірлестігін басқарды. 1993 жылдан 2008 жылға дейін қалалық, облыстық, орталық Республикалық "Бөбек" қоры жанындағы мұғалімдер білімін жетілдіру институтында адам экологиясының тақырыптары бойынша курстар жүргізді.

1998 жылы "Қазақ университеті" баспасы А.Ж. Жақсылықовтың "Религиозные мотивы в художественной литературе" атты кітабын жарыққа шығарды.

А.Ж. Жақсылықов докторантураны бітіргеннен кейін 1999 жылдың қыркүйек айында «Әдебиет теориясы» мамандығы бойынша, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі З.К.

Қабдоловтың жетекшілігімен «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» (типология, эстетика, генезис) тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

АЖ. Жақсылықов 1990 жылдың қарашасынан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, 2000 жылдың қыркүйегінен – профессоры, 2005 жылдың қыркүйек айынан бастап – көркем аударма теориясы және әдеби шығармашылық кафедрасының профессоры (қазіргі аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасы). Бірнеше жылдар бойы ҚазҰУ филология факультетінде филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін докторлық диссертациясын қорғау бойынша Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары міндетін атқарды.

2003 жылы А.Ж. Жақсылыковқа "Әдебиеттану" мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы бекітілді.

2005 жылдан 2008 жылға дейін көркем аударма және әдеби шығармашылық теориясы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

1999 жылдан бастап "Мусагет" қоғамдық бірлестігінде (жас ақындар мен жазушыларға арналған шағын әдеби мектеп) Қазақ әдебиеті бойынша курс жүргізді. Сол жылдары әдебиеттанудың іргелі теориялық мәселелері бойынша бірнеше монография жарық көрді: "Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы" (Типология, эстетика, генезис) - 1999 ж.); «Сравнительная типология образов, мотивов и идей с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Эстетика, генезис" (2012 ж.), «Поэзия жырау XIV-XIX вв. Ментальность и поэтика"(2016 ж.), "Практикум по художественному переводу (2011 ж.) және «Актуальные проблемы художественного перевода и развитие казахской литературы», «Труд писателя и творческий процесс» (2013 ж.), «Художественный перевод и литературный процесс». Ғалымның ғылыми еңбектері Үндістан, Түркия, Германия, Канада, Венесуэла, ТМД елдерінің басылымдарында жарық көрді.

А.Ж. Жақсылықовтың профессор Т. Есембековпен бірге жазған «Практикум по истории казахской литературы» (2001 ж.) атты еңбегі жарыққа шықты, сонымен қатар Н. Джуанышпеков пен Ж. Каракозова сынды профессорлармен біріге отырып орыс мектептеріндегі 9-сыныптарға арналған «Казахская литература» (2002 ж.) үлкен оқу-хрестоматиясын жарыққа шығарды. А.Ж. Жақсылықов 2007 ж. профессор Т. Есембеков пен Библиографический справочник по теории и практике перевода» жұмысын және кафедра мүшелерімен біріге –

«Хрестоматия по практике художественного перевода» (2008 ж.), «Аударма теориясы» («Теория перевода») еңбектерін жарыққа шығарды.

А.Ж. Жақсылықов 20-дан аса көркем әдеби шығармалардың, романдардың, әңгімелердің және повестердің авторы болып табылады. Оның романдары Ресей Федерациялық альманахында, Украина, Беларуссияның танымал журналдарында жарыққа шыққан. Ол роман циклінің авторы ретінде «Сны окаянных», 5 романнан тұратын: «Поющие камни», «Сны окаянных», «Другой океан», «Дом суриката», «Возвращение» атты үлкен жиынтығының авторы ретінде халыққа танымал. «Сны окаянных» романының басты бөлімдері «Дом Ростовых» (Ресей, 2008 г.) журналында жарияланған және «Дом суриката» – романының бөлімдері «Шо» журналында жарық көрді. (Украина, 2009 ж.).

Сонымен қатар А.Ж. Жақсылықов заманауи қазақ прозасының аудармашысы деген атқа ие. Ол Смағұл Елубаевтың «Ақ боз үй» трилогиясын және оның «Қиямет-қайым ғасыры» атты діни-философиялық эссесін, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының 21-ші шығарылымындағы негізгі 3 бөлімін, Шәрбану Бейсенованың «Сказ об одной любви» прозалық кітабын және оның «Невеста из Бозока» атты тарихи повесін, Бибігүл Иманғазованың «Тауқымет» романын, М.О. Әуезовтің «Көксерек» әңгмесін, Адам Мекебаевтың «Тайник в степи» атты тарихи романын, Д. Исабековтің әңгімелерін, Т. Нұрмағамбетовтің романын, Қ. Жиенбаевтің романын, Құрманғазы Қараманұлы әңгімелерін, А. Майлыбаевтың екі эссе кітабын, Е. Аманшаев, Е. Әлімжановтың повестерін және сол сияқты көптеген шығармаларды орыс тіліне аударды.

А.Ж. Жақсылықовтың жетекшілігімен бірнеше кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Олар: А.Х. Ибрашеваның «Ориенталистская проза М. Симашко»; М. Сыдыкназаровтың «Эссе в современной литературе Казахстана»; Г. Алтаеваның «Современная казахская анималистическая повесть»; С. Сейденованың «Поэтика прозы Д. Досжана»; К. Жанабаевтың «Поэтическая система произведений жырау 15-18 веков и проблемы ее воссоздания в переводе на русский язык»; С. Дутбаеваның «Особенности рецепции поэзии Махамбетова Утемисова на русском языке»; А.Т. Хайргельдинаның «Жанровые трансформации романа в литературе Казахстана 80-90-х годов 20 века» атты кандидаттық диссертациясы; А. Тенбаеваның «Монтаж как принцип в современной поэзии» және К. Жанузаковаңың «Романтизм в казахской прозе второй половины 20 века» атты докторлық диссетарциясы. Сонымен қатар оның жетекшілігімен 60-тан аса магистрлік диссертациялар да бар.

А.Ж. Жақсылықов «Тамыр», «Абай институтының хабаршысы» атты журналдардың редколлегия мүшесі болып табылады.

А.Ж. Жақсылықов «75 лет КазНУ им. аль-Фараби» мерейтойлық медалімен маратпатталаған. Европалық ғылым және өнеркәсіп палатасының алтын медалімен, «80 лет КазНУ им. аль-Фараби» мерейтойлық медалі сынды марапаттарға ие. Ол Халықаралық Қазақ Пен-клубы әдеби премиясының лауреаты (2018 ж.), Халықаралық «Золотое перо Руси» әдеби премиясының лауреаты және Халықаралық «Алтын Көпір» әдеби премиясының лауреаты, Букеров әдеби премиясының номинанты. (1998 ж.). 2024 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағына ие болды.

А.Жақсылықов тоғыз монографияның авторы. «Поэзия жырау XIV-XIX веков. Ментальность и поэтика» монографиясы 2016 жылы жарық көрді. Осы монография және «Труд писателя и творческий процесс» еңбегі үшін 2021 жылы авторлық куәлігіне ие болды. Кейінгі жылдары (2016-2024 жж.) 80-нен астам мақаласы жарыққа шықты. Соның қатарында 7 мақала Скопус базасындағы журналдарда жарияланды. Хирш Индексі – 1.

2024 жылы оған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағы берілді. Осы жылы Жақсылықов А.Ж. Қазақстан Республикасының құрметті жазушы атағына ие болды.

Жақсылықов А.Ж. көркем аударма теориясы мен тәжірибесі, Қазақстан орыс әдебиетінің тарихы мен теориясы, көркем шығарма поэтикасы, мәтін теориясы, мәтінтану сынды ғылыми бағыттар бойынша ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізеді.

Аслан Жамелевич Жаксылыков – академик Международной академии информатизации, доктор филологических наук, профессор, член Союза писателей Казахстана и Казахского Пен клуба, переводчик.

А.Ж. Жаксылыков родился 9 апреля 1954 г. в селе Самарском Восточно-Казахстанской области. В 1971 г. окончил Самарскую среднюю школу. В 1972-1974 гг. служил в рядах Советской Армии в Краснознаменном Дальневосточном военном округе СССР. В 1979 г. окончил филологический факультет КазГУ им. С.М. Кирова и поступил в аспирантуру Alma Mater.

С 1979 по 1990 гг. А.Ж. Жаксылыков работал преподавателем на кафедре литературы КазГосЖенПи. В 1990 г. по приглашению академика З.К. Кабдолова был принят на должность доцента кафедры казахской литературы КазНУ им. аль-Фараби.

В 1984 г. А.Ж. Жаксылыков защитил кандидатскую диссертацию на тему «Проза М.О. Ауэзова 20 и 30-х гг. (психологизм, конфликт, повествовательные формы)» под научным руководством доктора филологических наук, профессора К.Ш. Кереева-Канафиевой.

В 1993-1995 гг. А.Ж. Жаксылыков руководил общественным объединением на правах народного университета «Экология человека». С 1993 по 2008 г. вел курсы по темам экологии человека в городском, областном, Центральном Республиканском институтах усовершенствования учителей, в институте Человека при фонде «Бобек».

В 1998 г. издательством «Қазақ университеті» была опубликована книга А.Ж. Жаксылыкова «Религиозные мотивы в художественной литературе».

В сентябре 1999 г. А.Ж. Жаксылыков после завершения докторантуры защитил докторскую диссертацию на тему «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» (типология, эстетика, генезис) по специальности 10.01.08 – Теория литературы. Научным консультантом А.Ж. Жаксылыкова был доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК З.К. Кабдолов.

А.Ж. Жаксылыков работает в КазНУ им. аль-Фараби с ноября 1990 г. на должности доцента кафедры казахской литературы, с сентября 2000 г. – профессора кафедры, с сентября 2005 г. – профессора кафедры теории художественного перевода и литературного творчества (ныне кафедра иностранной филологии и переводческого дела). В течение ряда лет выполнял обязанности заместителя председателя Диссертационного совета по защите докторской диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук при филологическом факультете КазНУ им. аль-Фараби.

В 2003 г. А.Ж. Жаксылыков был утвержден в ученом звании профессора по специальности «Литературоведение».

С 2005 по 2008 гг. выполнял обязанности зав.кафедрой теории художественного перевода и литературного творчества КазНУ им. аль-Фараби.

С 1999 г. вел курс по казахской литературе в общественном объединении «Мусагет» (Малая литературная школа для молодых писателей и поэтов).

А.Ж. Жаксылыков – специалист широкого профиля с обширными познаниями в области казахской и русской литературы, литературы народов СНГ. Им опубликовано более 350 научных трудов, в том числе девять монографий по фундаментальным теоретическим проблемам литературоведения «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» (типология, эстетика, генезис) (1999 г.), «Сравнительная типология образов, мотивов с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Эстетика, генезис», монография (2012 г.),

«Поэзия жырау XIV-XIX веков. Ментальность и поэтика» (2016 г.). Автор десяти учебных пособий, в том числе «Практикум по художественному переводу» (2011 г.) и «Актуальные проблемы художественного перевода и развитие казахской литературы», «Труд писателя и творческий процесс» (2013 г.), «Художественный перевод и литературный процесс» и др. Научные труды ученого представлены в изданиях Индии, Турции, Германии, Великобритании, стран СНГ.

В соавторстве с профессором Т. Есембековым А.Ж. Жаксылыков опубликовал учебное пособие «Практикум по истории казахской литературы» (2001 г.), в соавторстве с профессором Н. Джуанышпековым и Ж. Каракозовой и другими выпустил в свет учебник-хрестоматию «Казахская литература» для 9 класса русской школы (2002 г.). В 2007 г. опубликовал в соавторстве с профессором Т. Есембековым «Библиографический справочник по теории и практике перевода» и совместно с членами кафедры – «Хрестоматию по практике художественного перевода» (2008 г.) и «Аударма теориясы» («Теория перевода»).

А.Ж. Жаксылыков является автором более 20 художественных произведений, романов, рассказов и повестей. Его романы были опубликованы в журналах и альманах Российской Федерации, Украины, Белоруссии. Он известен как автор романного цикла «Сны окаянных», включающего пять книг: «Поющие камни», «Сны окаянных», «Другой океан», «Дом суриката», «Возвращение». Главы из романа «Сны окаянных» опубликованы в журнале «Дом Ростовых» (Россия, 2008 г.) и главы из романа «Дом суриката» – в журнале «Шо» (Украина, 2009 г.).

А.Ж. Жаксылыков также является переводчиком современной казахской прозы. Им переведены на русский язык трилогия Смагула Елубая «Ақ боз уй», его же религиозно-философские эссе «Қияметқайым ғасыры», три главы из 21-го издания первой книги трилогии А. Нурпеисова «Қан мен тер» («Кровь и пот»), книга прозы Шарбану Бейсеновой «Сказ об одной любви», ее историческая повесть «Невеста из Бозока», роман Бибигуль Имангазиной «Таукымет», рассказ М.О. Ауэзова «Коксерек», исторический роман Адама Мекебаева «Тайник в степи», рассказы Д. Исабекова, романы Т. Нурмагамбетова, К. Жиенбая, Т. Саукетаева, рассказы Курмангазы Караманулы, К. Кудабаевой, 2 книги эссе А. Майлыбаева, повести Е. Аманшаева, Е. Алимжанова и др.

Под его руководством защищены кандидатские диссертации А.Х. Ибрашевой «Ориенталистская проза М. Симашко»; М. Сыдыкназарова «Эссе в современной литературе Казахстана»; Г. Алтаевой «Современная казахская анималистическая повесть»; С. Сейденовой «Поэтика прозы Д. Досжана»; К. Жанабаева «Поэтическая система произведений жырау 15-18 веков и проблемы ее воссоздания в переводе на русский

язык»; С. Дутбаевой «Особенности рецепции поэзии Махамбетова Утемисова на русском языке»; кандидатская диссертация А.Т. Хайргельдиной «Жанровые трансформации романа в литературе Казахстана 80-90-х годов 20 века»; докторские диссертации А. Тенбаевой «Монтаж как принцип в современной поэзии» и К. Жанузаковой «Романтизм в казахской прозе второй половины 20 века», Айнабековой Г. «Жанровая модернизация русской казахстанской прозы периода Независимости как предмет инновационного методического освоения в вузе» и более 60 магистерских диссертаций на актуальные темы переводоведения и литературной компаративистики, русской филологии.

Жаксылыковым А.Ж. опубликовано 8 статей в базе «Скопус». Индекс Хирша 1.

В течение ряда лет А.Ж. Жаксылыков являлся членом редколлегий журналов «Тамыр», «Абай институтының хабаршысы». В 2024-2025 гг. он выполнял обязанности председателя Совета по русской литературе при Союзе писателей РК.

А.Ж. Жаксылыков награжден юбилейной медалью «75 лет КазНУ им. аль-Фараби», Золотой медалью Европейской Научно-Промышленной палаты, юбилейной медалью «80 лет КазНУ им. аль-Фараби». Он является лауреатом литературной премии Международного Казахского Пен клуба (2018 г.), лауреатом международной литературной премии «Золотое перо Руси», международной литературной премии «Алтын Көпір», номинантом Букеровской литературной премии (1998 г.). В 2024 г. удостоен званий Заслуженный деятель Республики Казахстан, заслуженный писатель Казахстана.

Жаксылыков А.Ж. осуществляет многолетние поиски в таких научных направлениях, как теория и практика художественного перевода, история и теория Русской литературы Казахстана, поэтика художественного произведения, теория текста, текстология.

1. Жаксылыков А.Ж. Развитие современной казахстанской литературы. Поиски, нарративы, архетипы, концепции, текст. – Алматы: Қазақ университеті, 2023, 281 с. Монография

2. Жаксылыков А.Ж. Жасекенова А. Таттимбетова К. Функция религиозно-мифологических образов в прозе О. Марк. – Керуен, 2024, №1

3. Жаксылыков А.Ж. Корреляция тем, мотивов и идей в сюжетной динамике произведений Ольги Марк // Русская проза Казахстана новейшего времени: ведущие тренды, жанрология, сюжетика, герой (монография). – Алматы: Эверест, 2024. – 100-129 с. (194 с.)

4. Жаксылыков А.Ж. Сравнительная типология образов и мотивов с религиозной содержательностью в произведениях казахской

литературы. Эстетика, генезис. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 362 с. (монография)

5. Жаксылыков А.Ж. Сны окаянных (роман-трилогия) 2 изд. – Алматы: Алматинский издательский дом, 2006. – 526 с.

6. Жаксылыков А.Ж. Дом суриката (роман).- Алматы, ИП «Сакенова», 2024.- 416 с.

7. Жаксылыков А.Ж. Актуальные проблемы художественного перевода и развитие казахской литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.- 136 с. учебное пособие

8. Жаксылыков А.Ж. Труд писателя и творческий процесс. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.- 234 с. учебное пособие

9. Жаксылыков А.Ж. Практикум по художественному переводу. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.- 166 с. учебное пособие

10. Жаксылыков А.Ж. Миф в парадоксальном контексте. – Тамыр, №3 (36) 2013, с. 51-59, статья

11. Жаксылыков А.Ж. Гипертекст Дюсебека Накипова // Вестник КазНУ (серия филологическая). – Алматы: Қазақ университеті, 2014, с. 47-53, статья

12. Жаксылыков А.Ж. Сын степей и гор, Адий… Алматы: Қазақ университеті, 2016, 282 с. (монография)

13. Жаксылыков А.Ж. Поэзия жырау XIV-XIX веков. Ментальность и поэтика.– Алматы: Танбалы, 2016.– 160 с. (монография)

14. Есембеков Т.О. Жаксылыков А.Ж. Мусалы Л. Библиографический указатель по переводоведению РИСО. Алматы: Қазақ университеті, 2016, - 126 с. (учебное пособие)

15. Жаксылыков А.Ж. Аспекты изучения казахской мифологии. – Вестник (серия филологическая).- Алматы: Қазақ университеті, 2017, №4. –
4-9 с.

16. Жаксылыков А.Ж. Корреляция тем, мотивов и идей в сюжетной динамике произведений Ольги Марк // Русская проза Казахстана новейшего времени: ведущие тренды, жанрология, сюжетика, герой (коллективная монография). – Алматы: Эверест, 2024. – 100-129 с. (194 с.)

17. Жаксылыков А.Ж. Тажкен (Тажикенова) Умит // Русские и русскоязычные писатели Казахстана новейшего времени. Библиографический справочник. - Алматы: КазНУ имени аль-Фараби, 2025.- с.148-155

18. Жаксылыков А.Ж. Рахимов Р.Р. К истокам любви и красоты. – Алматы: Полиграфсервис. – 140 с. (учебное пособие)

19. Жаксылыков А.Ж. Художественный перевод и литературный процесс. -Алматы: Танбалы, 2013. – 312 с. (учебное пособие)

20. Турсунов Е.Д. Жаксылыков А.Ж. Наурызбаева А.Б. Жанабаев К. Акбеды У. Жырау: статус, функция, культура, мировоззрение. – Семей: Интеллект, 2017. – 325 с. (монография)

МЫСЛИ, ВЗГЛЯДЫ, СУЖДЕНИЯ

Казахская музыкально-мелодическая культура (мелос) сохранила архаические реликтовые жанры и традицию исполнения на старинных инструментах. Фольклорные фестивали народной музыки и песни собирают большое количество людей, которые приходят в залы, чтобы послушать исполнение музыки на старинных инструментах: кобызе, домбре, сырнае, сыбызгы и др. С каждым годом все большее количество любителей собирается на концерты певцов – исполнителей реликтовых песнопений в традиции горлового пения – кумекей. Реликтовые старые традиции песнопения казахов делятся на несколько школ: кызыл-ординская (кармакчинская) школа, сары-аркинская, семиреченская школы, восточная школа (алтайских казахов) и мангыстауская школа западных казахов. Такое разнообразие традиционной музыки и песнопений казахов говорит о богатстве культуры и ее огромном потенциале, который может раскрыться в будущем. Метатекст – парадигматическая словесность, возникающая по исторической необходимости, для выполнения особых сверхзадач, стоящих перед коллективом, этносом, племенем. В слова или фразы с *метасемантическим содержанием вкладывается особое содержание*, требующее исключительной мобилизации коллективного сознания, осмысления проблем, возникающих на рубеже веков, апеллирующее к сакральным аспектам единства нации или этноса. В метатексте аккумулируются духовный опыт коллектива, сакральные аспекты, социально-психологический план, суггестия, осознание высшей цели, выводящей за пределы настоящего в будущее, подсознательные, матричные смыслы, мифопоэтическая парадигматика и т.д. Скрытый функциональный план метатекста – это обращение к большому коллективу, призыв к мобилизации всех сил для решения задач исторического, эпохального значения. Поскольку в древние эпохи подразумевалось, что в творении метатекста – священной клятвы, договора между племенами участвуют боги (Митра, Тенгри, Индра), такая фразеология неизбежно оформлялась как мегалог – диалог людей с богами, с сакральными силами коллективной судьбы.

А.Ж. Жаксылыков. Поэзия жырау XIV–XIX веков. Ментальность и поэтика. Монографическое издание / А.Ж. Жаксылыков. – Алматы: «Таңбалы», 2016. – 160 стр. (9-10 с.) ISBN 978-601-80344-7-3

Адий Шарипов оставил заметный след не только в науке, культуре, образовании, литературе и искусстве, государственном управлении Республики Казахстан, он запечатлел свой неугасимый образ в сердцах множества людей от Белоруссии, Украины, России до внутренних границ Казахстана. Эмоционально-нравственный след, оставленный им в душах людей, это следствие его доброты, веры в человека, любви к жизни, открытого и прямого характера. За это его любили честные люди. Поэтому он создал памятник себе нерукотворный, сам того не ведая и не помышляя об этом. Спонтанный в проявлениях, прямолинейный с противниками, не терпящий лжи и предательства, бесконечно преданный Родине и людям, которых любил, он прожил большую и насыщенную жизнь. Это повествование о нем лишь скромный вклад в будущие исследования творчества Адий Шарипова. Они нужны для того, чтобы будущие поколения учились у него цельности натуры, нравственной чистоте, гражданской смелости и подлинному мужеству, мудрости, любви к жизни, к людям, особенно к детям. Эти качества, которые продемонстрировал Адий Шарипов, обязательно понадобятся и нам и будущим поколениям.

А. Жаксылыков. – Сын степей и гор Адий. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 2-3с. (261 с.) ISBN 978-601-04-1833-2.

Уже много написано о том, как были препарированы искусство и литература в советской стране. Самые вопиющие факты – это физическое уничтожение многих писателей, поэтов, драматургов, грубое шельмование и травля выживших, несогласных с верхами, преследования, использование лжи, прессинга против даже выдающихся мастеров искусства. Примеров множество, укажем только на судьбу О. Мандельштама, Б.Пастернака, М. Цветаевой и Анны Ахматовой в России, Магжана Жумабаева, Шакарима Кудайбердиева, А. Байтурсынова и др. в Казахстане. Была трудной, драматичной и судьба главного казахского писателя и филолога XX века, М.О. Ауэзова, автора всемирно известной эпопеи «Путь Абая». После тюремного заключения 1930-31 гг. его творчество резко изменилось, он вынужден был отказаться от произведений своего раннего литературного и научного творчества, и учесть идеологические уроки режима при создании четырехтомной эпопеи. Если бы не были уничтожены А. Букейханов, А. Байтурсынов, Х. Досмухамедов, М.Я. Дулатов, Ш. Кудайбердиев, М. Жумабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, И. Джансугуров и многие другие, если бы было позволено гению М.О. Ауэзова творить в вольном дерзновении, то какой была бы сейчас свободная казахская литература? Конечно, задним числом, констатируя, можно говорить обо всем. Одно ясно, что в литературе не было бы

схематизма, декларативности, угодничества, господствующего методологического шаблона. А эти тиски сковывали дух нашего искусства десятилетиями. От этих оков наша литература начала избавляться лишь в годы социально-политической перестройки, то есть с обретением независимости в девяностых годах. Мы далеки от того, чтобы идеализировать период девяностых и двухтысячных годов в истории культуры нашего общества. Стресс сохранялся, многие деятели культуры были дезориентированы, может быть, даже растеряны, ностальгировали по прошлому, не могли избавиться от господства старого метода и мировоззрения. Тем не менее, народ жил, боролся, приспосабливался к новым условиям, вникал в то, что называют глобализацией, вырабатывал новый тип психической и духовной деятельности. Пока некоторые ностальгировали по Союзу Писателей прошлого, гонорарной и издательской системе советской эпохи, происходили очень важные вещи. Произошел духовный ренессанс общества, то есть народы бывшего СССР, в том числе Казахстана, вернулись к своим традиционным религиям, оживилась старая и новая мифология, появились химерические и синкретические учения, возникли даже нетрадиционные религии и конфессии. На новом этапе началось взаимодействие научной и религиозно-метафизической космологии.

А.Ж. Жаксылыков. Развитие современной литературы. Поиски, нарративы, архетипы, концепции, текст. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 282 с. (8-9 с.) ISBN 978-601-04-6310-3

Некоторые природные ландшафты имеют суггестивную мощь, суггестивную красоту, которая с огромной силой захватывает тебя. Допустим, наши Тянь-Шанские горы за Чимбулаком, как только начинаешь спускаться в Талгарское ущелье, там такие панорамы, появляется такое ощущение, что ты оказался в Тибете или на Памире. Это настолько грандиозные картины, что восторг неудержимо охватывает твою душу. Друзья, нужно учиться быть спонтанным, нужно учиться восхищению. Нужно учиться восхищаться до глубины души, потому что восхищение есть лучший друг художника, самый лучший союзник. Ваш добрый ангел – это и есть восхищение, ваша способность восхититься чем-нибудь самозабвенно, безудержно и на продолжительное время. Это и есть качество гения, гениального творца. Когда Г.Г. Маркес начал свой роман «Сто лет одиночества», он был в состоянии вдохновения целый год, с начала первой строки первой страницы до завершения романа. Он работал по 16 часов в сутки и не выходил из вдохновения до завершения романа. Об этом он написал в своих дневниках, которые были опубликованы в свое время. Судите

сами, друзья. Конечно, это природный гений Г.Г. Маркеса. Природные гении все же изредка встречаются, они генетически, ментально сформированы уже самой природой как экстатически спонтанные личности, способные к тотальному вдохновению. Это Чайковский, Моцарт. Нам нужно учиться этому, понимаете. Когда ты добросовестно работаешь много лет и учишься этому состоянию, то, конечно, восхищение как ангел станет работать на тебя. Это тонкий момент нашей философии, очень тонкий, едва уловимый, но фундаментально серьезный. Ведь, в конечном счете, все это означает практику изменённых состояний психики, вхождения в особую деятельность, потому что творческие состояния психики находятся в ядре континуальных состояний. Говоря другими словами, это разные состояния творческого транса.

А.Ж. Жаксылыков. Труд писателя и творческий процесс (сборник избранных лекций). – Алматы: 2013. -234 с. (14-15 с.).

Литературное наследие О. Марк включает романы «Воды Леты», «Та, что сидела слева», цикл сказок «Курирури, или большой поход», пьесу «Время – это птица», большое количество рассказов и эссе. Серьезно и научное наследие: кандидатская диссертация, монографические статьи и рецензии. Ее произведения требуют неторопливого чтения, ибо смысл их скрыт в многогранной и многоаспектной вязи корреспондирующих смыслов. Повествовательная ткань обычно трепетна, богато рассвечена и оттенена бесконечными ассоциациями, полутенями и оттенками. Она тяготеет к импрессионистической палитре с яркой и отточенной функциональностью изысканных тропов, фигур, приемов. Интеллектуальная сложность прозы О. Марк объясняется тем, что она была неординарно мыслящей личностью, глубоко рефлектирующей над тайнами бытия. Ее герои – глубоко чувствующие, мыслящие люди, очень часто творческие личности, художники, ученые, поэты и писатели. От произведения к произведению непрерывно и посследовательно росла в ее прозе густота инвективов, интеллектуальных поисков, освоения новых горизонтов философских озарений. Новую русскую литературу Казахстана, сформировавшуюся в девяностых годах XX века, уже трудно представить без ее рассказов и повестей, особенно таких, как «Воды Леты», «Оценка недвижимости», «Предсказание. Страницы романа» и др. Литературовед В. Бадиков в свое время писал о прозе О. Марк: «Говоря без обиняков, это интеллектуально глубокая, философичная проза. Она в определенной степени характерна для зарубежных и отечественных постмодернистов (В. Пелевин, С. Соколов, Л.

Петрушевская, Н. Веревочкин, И. Одегов, А. Жаксылыков, В. Феликс, М. Исенов и др.)» [2. стр.172].

В девяностых годах XX века в литературе Казахстана и стран СНГ О. Марк выступила как стратег «литературы новой волны». Это теоретическое определение принадлежит известному литературоведу, критику и поэту, Виктору Бадикову. Это определение вполне обосновано. С точки зрения эстетических последствий методологического новаторства Ольги Марк можно сказать, что она является зачинателем современного литературного течения, *набирающего силу и масштабы. Виктор Бадиков обращал внимание на* то, что фактически Ольга Марк участвовала в возрождении модернизма и постмодерна в новой литературе Казахстана, 1990-х и 2000-х годах, и была активным участником этого течения в казахстанской литературе. Тем не менее, здесь следует обратить внимание на то, что постмодерн не является новым эстетическим явлением в русской литературе Казахстана, в том числе в казахской литературе. Его предтеча – прорывная поэма О. Сулейменова «Глиняная книга» (1969 г.).

А.Ж. Жаксылыков. Корреляция тем, мотивов и идей в сюжетной динамике произведений Ольги Марк // Русская проза Казахстана новейшего времени: ведущие тренды, жанрология, сюжетика, герой. Монография – Алматы, 2025. – 192 с. ISBN 978-601-04-7213-6 (с.101-102)

Тюркская литература средневековья (XI-XIY вв.) является частью культурного наследия народов Азии, в значительной мере обусловленного мусульманским Ренессансом X-XY вв. Эта литература, представляющие филологические, исторические, дидактические, мемуарные, поэтические сочинения (аль-Фараби, М. Кашгари, Ю. Баласагуни, А. Яссави, аль-Хорезми, Н. Рабгузи, А. Югнаки, С. Сараи, Бабура и др.) изучалась поколениями востоковедов, зарубежных, советских. Достаточно известны труды востоковедов И.С. Брагинского, В.И. Брагинского, Е.Э. Бертельса, Н.И. Конрада, Х.Г. Короглы, В.В. Бартольда, Э.Н. Наджипа[i] и др., развивавших основы востоковедения в советской стране. К настоящему времени существует большая востоковедческая литература, посвященная культуре народов эпохи мусульманского средневековья. По причинам идеологического характера литература мусульманского средневековья не изучалась в полном объеме содержательных признаков, особенно в аспектах связи с исламской философией, коранической экзегезой. Между тем эта литература по идейной тенденции является либо преимущественно ориентированной на теологические ценности, либо околорелигиозной. Так, например, в большинстве исследований советского периода поэма

XI в. Ю. Баласагуни "Құтты білік" рассматривалась как произведение морально-дидактической тенденции, причем дидактический аспект выносился на первый план. Между тем поэма Ю. Баласагуни по важнейшим параметрам выступает произведением религиозно-философского жанра, дидактический принцип в нем выглядит второстепенным. Поэму Ю. Баласагуни следует анализировать, учитывая чрезвычайно важную роль в ее содержании коранической философии, морали, этики, мифологии. В свете этого надо признать, что и классическая поэма Ю. Баласагуни нуждается в переосмыслении, новых прочтениях с точки зрения нашего времени.

Особенности современного состояния общественного сознания требуют пересмотра творческого наследия тюркских поэтов суфийской ориентации, А. Яссави, аль-Хорезми, С. Сараи, С. Бакыргани, А. Югнаки,

А. Навои, С. Аллаяра и др., выработки новых оценок их культурного вклада в эстетику, философию, искусство слова тюркских народов Центральной Азии, их влияния на формирование поэтических традиций целого ряда тюркоязычных этносов. С этой точки зрения трудно переоценить влияние суфийской философии, эстетики на развитие и духовное обогащение родственных литератур региона.

А.Ж. Жаксылыков. Сравнительная типология образов и мотивов с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Эстетика, генезис. – Алматы, Қазақ университеті, 2013.- 362 с. (5 с.) ISBN 987-601-247-505-0



Бауыржан Өміржанұлы ЖАҚЫП,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Бауыржан Өміржанұлы Жақып 1963 жылы 1 мамырда Семей облысы, Абай ауданы, Аққора ауылында туған. 1980 жылы Аркат орта мектебін алтын медальмен үздік бітірген. 1985 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдаған.

Еңбек жолын Қазақ теледидарының әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясында редактор, одан кейін «Жалын» кітап баспасында редактор болып бастады.

1986 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушылық қызметте болды. 1986 – 1988 жылдары – стажер-зерттеуші, 1988 – 1991 жылдары – ассистент, 1991 – 1994 жылдары – аға оқытушы, 1994 жылдан бастап доцент, 1995 – 2001 жылдары – деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасының меңгерушісі, баспа ісі кафедрасының меңгерушісі, мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі, 2001 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы қызметтерін атқарды. 2009 жылы «Қазақ энциклопедиясының» Бас директор-Бас редакторы болып тағайындалды.

Бауыржан Жақып 1994 жылы профессор Т.С.Амандосовтың жетекшілігімен «Мұхтар Әуезов – публицист» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын, 2004 жылы академик З.Қабдоловтың жетекшілігімен «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. 1997 жылы доцент, 2005 жылы профессор ғылыми атағын алды.

Б.Ө. Жақып – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1991), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1994), Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма мүшесі (2002), Қазақстан Журналистика Академиясының академигі (2006), Халықаралық Жазушылар мен Публицистер Ассоциациясының мүшесі (2006), Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының академигі (2023), Қазақстан Республикасы Педагогика ғылымдары академиясының академигі (2023).

Оның «Аудитория» (1984), «Баспалдақтар» (1987), «Бір кеменің үстінде» (1987), «Парусь времени» (1987), «Аралым – арым, Балқашым – бағым» (1988), «Көзімнің нұры» (1990), «Айдындағы аспан» (1996), «Мұхтар Әуезов – публицист» (1997), «Ақ лақ» (1997), «Қолтаңба» (2001), «Уақыт ұршығы» (2004), «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» (2004), «Публицистикалық шығармашылық негіздері» (2007), «Қызыл қайың» (2008), «Абайдың Қасқабұлағы» (2012), «Еліккөрген» (2013), «Менің далам» (2014), «Желбіреп тұрған көк туым – биік тұғырым» (2019), «Білте шамның жарығы» (2021), «Жүректен қозғайын» (2022), «Жан дауысы» (2023), «Ақ лақ» (2023) т.б. кітаптары жарық көрді. Ақынның таңдаулы жырлары «Екі мың жылдық дала жыры» (2000) антологиясына, «Жыр маржаны» атты он томдық қазақ поэзиясының антологиясына (2015) енген. Оның шығармалары орыс, түрік, украин, парсы, қытай, ағылшын, өзбек, македон, түркімен, қырғыз тілдеріне аударылды.

Бауыржан Жақып – жастардың «Жігер» фестивалінің лауреаты (1984), Қазақстан Жазушылар одағының М.Мақатаев атындағы сыйлығының иегері (1990), Дарынды жас ғалымдардың мемлекеттік стипендиясының иегері (1998), «ЖОО үздік оқытушысы» республикалық байқауының жеңімпазы (2009), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен (2010) марапатталды.

2011 жылы мамыр айында Халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының академигі атанды. 2011 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен наградталды.

2012 жылы маусым айында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының кореспондент мүшесі болып сайланды. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік педагогикалық университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілді.

2014 жылы 26 маусымда Қазақстан Журналистика академиясының ең мәртебелі жалпыұлттық журналистік «Алтын жұлдыз» сыйлығымен, 2014 жылы 31 қазанда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалімен марапатталды.

2016, 2023, 2024 жылдары Президент Жарлығымен әдебиет, мәдениет саласындағы Мемлекеттік стипендияны алды.

Б. Жақып – журналистика саласындағы Президент сыйлығы мен гранттарын беру жөніндегі республикалық қоғамдық комиссияның мүшесі (2007), ҚазҰУ журналистика факультеті Ғылыми Кеңесінің төрағасы (2001– 2008), журналистика және баспа ісі

мамандықтары бойынша республикалық ғылыми әдістемелік Кеңес төрағасы (2001 – 2008), университет Ғылыми Кеңесінің мүшесі, «10.01.10 журналистика» мамандығы бойынша К14А01.19 диссертациялық Кеңесінің Ғалым-хатшысы (1994-2000), «ҚазҰУ хабаршысы (журналистика сериясы)» ғылыми журналының Бас редакторы (2001-2008), Д14 А.02.22 докторлық диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары болды. «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақстан білімі мен ғылымы», «Мұқағали», «Айқап», «Жұлдыз», «Простор» журналдарының редакция алқасының мүшесі.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің коллегия мүшесі (2009-2015 жж), Алматы қаласы әкімдігінің терминология және ономастикалық комиссиясының мүшесі (2009-2026), Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшысы (қоғамдық негізде) (2012-2017), «Қазақстан» телерадиокорпорациясы Қоғамдық кеңесінің мүшесі (2012-2017), «Нұр Отан» партиясы Алматы қалалық филиалының «Мирас» қоғамдық кеңесінің мүшесі (2014-2026). «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық Кеңестің мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы жанындағы «Парыз» клубының мүшесі (2015-2017).

2015 жылдың наурызынан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ректордың кеңесшісі – «Өнегелі өмір» сериялық басылымы бас редакторының орынбасары қызметін атқарды.

2018 жылы Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары болып сайланды. 2019 жылы ҚЖО мен Атырау облыстық әкімдігі белгілеген Жұмекен Нәжімеденов атындағы сыйлықтың лауреаты атанды.

2021 жылы «Білте шамның жарығы» кітабы үшін халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді.

2023 жылы Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары болып сайланды. Осы жылы Жамбыл Жабаев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты атанды. Абай облысы, Абай ауданының Құрметті азаматы.

2024 жылдың қазан айынан бастап Қазақстан Жазушылар одағының Хатшысы, «Қазақ әдебиеті» республикалық газетінің Бас редакторы болып тағайындалды. 2024 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі болып сайланды.

2025 жылдан Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым Академиясының Құрметті академигі. 2025 жылы Австралияның Сидней қаласында өткен әлем ақындары фестиваліне қатысып, Бүкілдүниежүзілік ақындар Пен-Клубының Вице-Президенті болып сайланды. 2025 жылдан М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қоғамдық Бақылау Кеңесінің төрағасы.

Оның ғылыми жұмыстарының негізгі бағыты – қазақ көркем әдебиеті мен журналистикасындағы публицистика жанрының қалыптасуы, дамуы, теориялық және шығармашылық мәселелері, қазақ ауыз әдебиеті, батырлар жырлары, шешендік өнер, жыраулық поэзия, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі публицистикалық сарын, қазақ баспасөзінің тарихы, теориясы, тәжірибесі. Ол – 300-ден астам ғылыми еңбектің авторы.

Мәскеу қаласында Мәскеу Мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде (1989), Оклахома Мемлекеттік университетінде (АҚШ. 1998, 2000) машықтанған. АҚШ-та өткен халықаралық конференцияға қатысқан: Эдмонд қаласы (Оклахома штаты), Лорэнс қаласы (Канзас штаты. 1998), Мәскеу қаласындағы халықаралық симпозиумға қатысқан (2002). 2 SKOPUS тізіміндегі журналдарда мақалалары жарияланған.

Оның ғылыми жетекшілігімен 21 кандидаттық, 4 докторлық, 1(PHD) диссертациялар қорғалды. 40-қа жуық диссертацияға ресми оппонент болды.

Жарық көрген еңбектері:

1) Мұхтар Әуезов – публицист: Оқу құралы / Б.Жақып. – Алматы:Ана тілі,1997.-176 б.

2) Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары / Б.Жақып. – Алматы: Білім, 2004. – 367 б.

3) Публицистикалық шығармашылық негіздері: оқулық / Б.Жақып; Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық ун-ті; ред. А.Шуриева. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 486 б.

4) Публицистика негіздері: оқу құралы/Б.Жақып; 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 444 б.

5) Жүректен қозғайын: әдеби сын мақалалар, әдеби-шығармашылық портреттер, эсселер мен естеліктер/Б.Жақып. – Алматы: Әдебиет, 2022. – 488 б.

Мемлекеттік марапаттары:

1) «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1999);

2) 2012 жылы 5 желтоқсанда Елбасының Жарлығымен ғылым мен мәдениетті, білімді дамытуға сіңірген еңбегі үшін «Құрмет» орденімен марапатталды;

3) 2022 жылы Президент жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталды.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Жиырма жасына дейін үш төңкерістің лебінен тыныс алған жазушы өмір жолында басынан үлкен үш дәуірді өткізіпті. Оның дүние тану

көзқарасы жедел дамыған қат-қабат тарихи оқиғалар мен ұлы өзгерістер тұсында қалыптасуы – әсіресе, күнделікті өмір ағымымен ілесіп отыратын публицистік шығармашылығына аса зор әсер етті. Бір мақаласында М. Әуезов: «Мен өз өмірімде үш түрлі қоғамдық формацияны бастан кешірдім. Олар: феодализм, капитализм, социализм», – деген екен. Ғасыр басында дүниені дүр сілкінткен оқиғалар тұсындағы қазақ даласындағы тұжырымдар жасауына, ұлт қамын ойлауына, оның болашағына көз жіберуіне жол ашты.

Мұхтар Әуезовтің саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына зор ықпал еткен оқиғалардың бірі – Алаш қозғалысы. Жоғарыда аталған «Жанар» мәдени-ағарту ұйымының белді мүшесі бола жүріп, Мұхаң Алашорда басшыларымен араласты. Қызылордадағы түрмеде 1929 жылдың 14 мамырында тергеуге берген жауабында халқымыздың аяулы ұлы Жүсіпбек аймауытов «Жанар» ұйымы туралы қосымша пікір айтыпты: «1918 жылдан бастап Алаш мүшелерінің ортақ жолдастық жасадым. Бұл журналды шығаруға мұрындық болған сол кезде Семейде «Жанар» атты мәдени-ағарту қоғамының мүшесі, оның ішінде семинарда оқитын қазақ жастары еді. Әлгі қоғамға мұғалімдер мен оқушы қазақтар енді…

…Әлгі қоғам өзінің ұстаған саяси бет-бағдары жағынан болсын, басқару тәсілі, түрі жағынан болсын алашордашылардан пәлендей айырмашылығы жоқ еді…» Мұның өзі Әуезов мүше болған «Жанар» ұйымының тек мәдени-ағартушылық қана емес, саяси бағыт ұстанғандығын да айғақтайды.

30-жылдары Мұхаңның соңына жалақорлар дүрбі алып түскен кездегі бір түйткіл де осы қоғамның мүшесі болғандығы еді… Жазушының 20-жылдардағы саяси-әлеуметтік көзқарасы Алашорда саясатымен, оның басты кейіпкерлері атқарған істермен тікелей байланыста болды.

30-жылдары М.Әуезовке «алашордашыл», «буржуазиялық ұлтшыл» деген ат қойып, айдар тағып, қудалаған кездегі, оған таңылған айып – Алашорда баспасөзімен тығыз қатынаста болғандығы еді. «Ұлтшыл алашордашылардың тілі болды» деп қараланып келген «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш», «Бірлік туы» газеттері, «Абай» журналы туралы ақиқат пікір енді-енді айтыла бастады.

Б. Жақып. Мұхтар Әуезов – публицист: Оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 25-б.

Басын қатерге тіксе де, ретін келтіріп, жалпы қазақ ұлтының қамын ойлайтын қоғамдық жайларға мойын бұрып, сәті түссе, ресми емес бөлімде тарихи маңызы зор мақалаларды жариялап жіберуді өз мақсатына айналдырғандардың бірі – газеттің қазақша нұсқасына

редакторлық жасаған Дінмұхамед Сұлтанғазин болды. Дінмұхамед Ғазыұлы Сұлтанғазин 1867 жылдың 10 мамырында Семей қаласында туған. Ш.Уәлихановпен аталас, немере туыс. Әкесі Ғазы Болатұлы Шоқанның атасы Уәлидің Ғұбайдулла деген үлкен ұлының баласы екен. Дінмұхамед Томск университетінің медицина факультетіне оқуға түсіп, бір жылдан кейін Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетіне ауысады, оны 1895 жылы 1-дәрежелі дипломмен бітіргеннен кейін, сол оқу орнының заң факультетіне түсіп, 1897 жылы заңгер мамандығын алады. Небәрі 30 жасында 3 мамандық игеріп, араб, парсы, түрік, татар, орыс, француз тілдерінде еркін сөйлеген білікті қазақ азаматы соның ара-арасында газет ісіне де араласып, көрнекті қазақ публицисі болады, қоғам қайраткері дәрежесіне көтеріледі. Оның публицистік қызметі, әсіресе, 1888 – 1902 жылдары «Дала уалаятының газетінде» редактор және аудармашы болып істеген жылдарында көрінеді.

Б. Жақып. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Білім, 2004. – 65-б.

«Дала уалаятының газеті» бетінде жиі мақалалар жазып, жариялаған қазақтың ірі публицистерінің бірі – Қорабай Жапанов.

«Қорабай Жапанов Павлодар облысының Ермак ауданында 1873 жылы туған. Орташа шаруаның баласы. Ауылдың орысша-қазақша мектебінде оқып, кейін мұғалім әрі ақын болған. Оның «Қарлығаш» дейтін өлеңдер жинағы 1913 жылы Уфа қаласында басылып шықты... Қ.Жапанов революциядан бұрынғы прогрессшіл бағытты газет-журналдарды жаздырып алдырып оқумен қатар өзі солардың тілшісі болған.

Қорабай Жапановтың журналистік, публицистік қызметі 1894 жылы басталған. Өйткені осы жылы 18 қыркүйекте оның алғашқы мақаласы «Дала уалаятының газетіне» басылды. Қорабай Жапанов «Дүниенің кілті – орыста, орыстың тілі мен мәдениетінде» деген Абай айтқан ойды қуаттаған. Бұл ой оның «Ғылым, оқудың қажет екенінің баяны» атты тырнақалды мақаласына да алтын арқау болады.

Б. Жақып. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Білім, 2004. – 69-б.

«Дала уалаятының газетінде» қызмет істеуі Р.Дүйсенбаев үшін үлкен мектеп болды. Газетте Шоқан, Ыбырай, Абай салған ағартушылық дәстүр ашық жалғасын тапты. Сол кезде өзін ағартушы-публицист ретінде елге танытқандардың бірі де осы – Рахымжан Дүйсенбаев еді. Ол «Харіп турасының сөзі» (1897, №10) атты көлемді мақаласында қазақ жазбасы мен оны дамыту жолдары туралы салмақты

пікір айтты. «...Араб жұртының харпін ешбір қазақшаға түзетпей сол жұртта қалай жазылса, сол бойымен алған еді. Және де бұл араб әліпбиінің қазақ сөздерін жазуға толық емес көп кемдігі бар һәм қайсы бір харіптері керексіз артық екені де оқу білетіндерге белгілі» /ДУГ. 1897, №10/, – дей келе араб харпімен жазудың дұрыс еместігін, қазақ тіліндегі 12 дауысты харіптердің қамтылмайтындығын дәлелдейді. «Араб әліпбиінде қазақ тіліне кемдігі, шатағы бар. Харіптері басында бір түрлі жазылады, аяғында, ортасында әр қилы болып, баланың басын қатырады», – деп шын қиындықтың шетін шығарады. Ал сауатты ел болу үшін ең алдымен қазақ үшін оңай қылып түзетілген харіп керек екенін алға тартады. Бұл басты мәселе екенін: «Әліпби шықпай тұрып ғылым, білім жоқ. Онсыз бола алмаған. Әліпби шыққаннан кейін ғылым, білім де шықты» /ДУГ. 1897, №10/, – деп нақты тарихи дәлелдермен Ағылшын, Француз, Италия, Германия, Испания, Америка халықтары әліпбиін мысалға келтіріп көрсетеді. Публицист өз ұстанымында Дінмұхамед Сұлтанғазин ұсынған қазаққа оңайлатылған орыс әліпбиіне көшу керектігі туралы пікірді жақтайды. XIX ғасырдың аяқ шенінде сөз болған бұл мәселе әлі де өзекті. Ы.Алтынсарин, Д.Сұлтанғазин, Р.Дүйсенбаевтар ұсынысы қабыл болып, кириллица харпіне жұртшылық түгел көшті. Бұл біздің ғылым, білімнің дамуына оң ықпал еткенін қазіргі өмірдің өзі көрсетіп отыр. Дәл осы ретте, Р.Дүйсенбаевтың: «Егерде біз өз көшімізге қарай шамамыздың келгенінше ескі әліпбиді жетпегенін қосып түзетсек, аз-мұз қате кетсе соңына бір ғұлама шыға келсе түзетер, онша тілден көп білмесек те үлкен қателер бұл турадан кете қоймас» /ДУГ. 1897, №10/, – деген тұжырымының дұрыстығын заман ағысы көрсетті.

Б. Жақып. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Білім, 2004. – 96-б.

О. Әлжанов жер-жерді аралап, ел аузынан ескі әдебиет үлгілерін жинаған. Оны құр жинап қоймай, ертегі, аңыз, әңгіме, хикая түрінде өңдеп жазып, газет бетінде жариялаған. «Алаша хан һәм оның баласы *Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз*», (1897. №13, 14, 18) «Танабай һәм Бабыр» (1897, №40-43) «Едігенің төресі» (1900, №47) «Байғыз» (1899, №30-40), «Қарға баласын «аппағым» дер, кірпікшешен баласын «жұмсағым» дер» (1899, №13), «Төрешіден қалмайды, айтушыдан қалады» (1899, №49), «Тақ Сүлеймен» (1899, №5, 6), «Құдайдың нақ сүйетін құлы» (1900, №17), «Түлкі мен тырна хикаясы» (1900, №48), «Біреу жамандық қылды деп өзің жамандық қылма, өз жамандығың өзіңе жетер» (1901, №11, 13), «Алдаркөсе мен жылан» (1901, №14), «Қарынбайдың хикаяты» (1894, №17), «Толағай һәм Бөрітастаған деген таулар турасынан бұрынғыдан қалған сөздер» (1894,

№29) т.б. ертегі, аңыз, хикаяларда астарлап болса да заман шындығы айтылады. Бұл шығармалардың тәрбиелік, тағылымдық мәні өз құнын жоймақ емес. «Қазақтарға пайдалы кітаптар» (1894, №39) атты мақала-рецензияда Катаринскийдің «Букварь для киргиз», «Первоначальный учебник русского языка для киргиз», «Краткий русско-киргизский словарь» деген кітаптарына және Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» тоқталып, осы кітаптардың берер пайдасы туралы өз ойларын ортаға салады. Редакция тарапынан қысқаша түсінік беріліп, «Господин Әлжанов. Ильминскийдің кітабын айтпай кетіпті», – деген сын айтылыпты. Қалай десек те, ел ішінде жүріп, ел қамын ойлаған, ірі қоғамдық-саяси мәселелерді батыл жазған Отыншы Әлжанов – өз заманының озып туған публицисі екендігіне ешкім күмән келтірмесе керек. О.Әлжанов – газетке шыққан мақалаларына «А.О», «О.А-ов», «Найман», «Орта жүз», «Жазушы Әлжанов», «Бабайбүркіт» деген бүркеншік аттарды пайдаланып қол қойғаны да белгілі болып отыр.

Б. Жақып. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. –Алматы: Білім, 2004. – 75-б.

Қазақ публицистикасының қалыптасуына өз творчествосымен үлес қосқан үлкен тұлғалардың бірі – Асылқожа Құрманбаев.

«А. Құрманбайұлы 1859 жылы бұрынғы Қостанай уезі Торғай өңірінде дүниеге келген, қыпшақ руынан. Нашар ғана бір шаруаның баласы болған. Алғаш еліндегі молдалардан орыс мектебінде оқыған. Осыдан біраз дайындықтан өткен ол Уфимдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, оны жақсы бітіріп шыққан. Осы тұста Асылқожа Ыбырай Алтынсаринмен танысқан. Ағартушы ақыл-кеңесімен Пермдегі реалдық мектептің шаруа бөліміне кіріп, оны да сәтті бітірген.

Мұнан кейін Асылқожа ел арасына келіп, мектеп ашып, бала оқытпақ әрекетіне кіріскен. Бірақ, діни молдалардың «орысша оқу – діннен безу, кәпір болу» деген үгітіне иланып, жұрт балаларын орысша оқытудан ат-тонын ала қашады. Айтқанына ел көнбеген соң, ол Омбыға кетеді. 1893 – 94 жылдарында сондағы губернатордың тілмашы болып тұрады. Бұл жұмысқа ықыласы түспеген соң, сол уақыттағы үкімет тілі – «Дала уалаяты газетінің» қазақша жағын басқарады» [14].

«Асылқожа «Дала уалаятының газетінде» қалам тартқан, әдебиет пен публицистиканың әр жанрында жазған адам. Ол газеттің көп материалдарын орысшадан қазақшаға, қазақшадан орысшаға аударумен қатар, жаңа шыққан кітаптарға сын – библиография, қазақ халқының саяси-әлеуметтік құрылысы, экономикасы және т.б. туралы көптеген мақалалар жазған» [12, 90 б.].

Б. Жақып. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Білім, 2004. – 84-б.

«1924 жылдың ақырында Түркістан Совет республикасы таратылып қайта құрылды. Осыған байланысты бұрын оның қарамағында болып келген Жетісу мен Сырдария облыстары Қазақ АССР-не қосылды» [4, 107-б.]. Осыған байланысты қазақтың біраз оқығандары Ташкен қаласында бас қосып, саяси-публицистикалық қызметті барынша тиімді жүргізуге әрекет етті. 1925 жылы көкек айының 11 мен 16 күндері «Ақ жол» газеті тілшілерінің I конференциясы өткендігі – назар аударарлық жайт. Оны өткізуге А.Байтасов, Т.Жүргенов, Қ.Кемеңгеров, С.Баймақанов, О.Жандосов т.б. азаматтармен бірге Ж.Аймауытов та басшылық жасаған. Сол жиылыстың соңында, баяндамаларды ескере келіп, «Тілшіліктің он екі парызы» деген құжат қабылдаған. Олар, қысқартып айтқанда, мынадай болып келеді: «1.Жұрт қызметіне араласа жүру керек; 2. Қырағы болу керек; 3. Материалды мезгілінде жіберу; 4. Басқармамен байланыс мықты болсын; 5. Әр нәрсені жазып ал; 6. Әр мәселені бөлек жаз; 7. Сөзді кестелі қылып, қысқа жаз; 8. Хабар жазудың техникасын үйрен; 9. Дұрыс жазуға үйрен; 10. Газеттің әсерін байқа; 11. Шын газетші бол; 12. Газеттің күзетшісі бол" [8, 27 б.]. Сонау 20-жылдары айтылған ойлар болса да, қаперге алатын жайттар бар мұнда.

Б. Жақып. Публицистикалық шығармашылық негіздері: оқулық. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық ун-ті; ред. А.Шуриева. – Алматы: Қазақ университеті , 2007. – 127-б.

Публицистикада – ой, идея басты рөл атқаратындығы белгілі. Күлтегін ескерткішінде ғасырлар бойы нұр шашып тұрған негізгі жауһар ой, асыл идея – түркі халқын ауызбірлікке, ынтымаққа шақыру, ата-баба дәстүрін берік ұстау болса керек.

Күлтегін жазбасы – VI-VII ғасырлардағы түркі қағанатының қоғамдық-саяси өмірін, жаугершілік замандағы ел басқарған хандар мен қол бастаған батырлар хақындағы, шындық деректерге сүйенген, елдің тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын дәл бейнелеп берген өлмес ескерткіш. Шынайы өмірді, ақиқат болмысты көрсеткен жазба – көркем шығарма, тарихи жәдігер болумен қатар, қазақ публицистикасының да қайнар бастауының бірі деп батыл тұжырым жасауға болады.

Б. Жақып. Публицистика негіздері: оқу құралы. 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті. – 2018. – 222-б.

Келтірілген жазба текстерінен аңғарарымыз – Енисей түркі ескерткіштері қабір басына қойылған эпитафиялық сөздерден құралған. Бұл мұраларды бізге жақындататын – 1) Енисей бойынан табылған ескерткіштердің көне түркі руна алфавитімен жазылғандығы; 2) Бұл – жалпы саны 85 жазба – ұланғайыр даланы мекен еткен көне түркі

тайпаларының тарихы; 3) Әр ескерткіште нақты өмірде болған түркі көсемдерінің, батырларының, қолбасшыларының аттары мәңгі өшпестей ойылып жазылған.

Б. Жақып. Публицистика негіздері: оқу құралы. 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті. – 2018. – 230-б.

Қазақ публицистикасы тарихында аса құнды қолжазба кітаптардың алатын орны зор.

Бүкіл түркі елдерінің асыл жәдігері саналатын «Қорқыт ата кітабының», Әбунасыр әл-Фарабидың дүние жүзіне белгілі «Ғылымды жүйелеу», «Қайырымды істер қаласының тұрғындары туралы трактаттары», «Мемлекет қайраткерінің мақал-мәтелдері», «Даналық жауһарлары» еңбектерінің, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабының, Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздерінің жинағы» еңбегінің, Қожа Ахмет Иассауидің «Ақыл кітабының», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди», Қадырғали Қосымұлы Жалаиридің «Жылнамалар жинағы», Бабырдың «Бабырнама» кітаптарының көне замандардағы халық өмірінің шындық көріністерін жеткізетін, бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігі, саяси және экономикалық ахуалы, әдет-ғұрып, салт-санасы туралы көптеген деректерді жинақтағандығы дәлел тілемейді. Осы қолжазба кітаптардағы публицистикалық сарындарды зерттеп, арнайы тоқталып, талдап, таразылау ісіне қайырыла оралуымыз керек-ақ. Бұл аталған асыл қазыналарымызбен қоса, әлі де зерттеушісін күтіп жатқан араб тіліндегі жазылып қалдырылған көптеген басқа да бабалар мұрасы – сөз жоқ бүгінгі қазақ публицистикасының қайнар көздері екендігіне кәміл сенеміз.

Жалпы Орхон, Енисей, Талас, Суджа, т.б. көне түрік ескерткіштерінің бәрі әлі талай зерттеуді қажет етеді. Біз өз тақырып ауқымымызға қарай, кейбір жазба ескерткіштерден мысалдар келтіре отырып, сол жәдігерліміздегі нақты қоғамдық-саяси ахуалға, нақты адамдарға, белгілі бір жер-су аттарына қатысты дерек-дәйектерді ғана қарастырдық. Мұның өзі қазақ публицистикасының түп-төркінін терең ғасырлардан іздестіруден туған ізденістер еді.

Б. Жақып. Публицистика негіздері: оқу құралы. – 2-бас. – Алматы:Қазақ университеті. – 2018. – 245-б.



Кайрат ЖАНАБАЕВ,
кандидат филологических наук

Кайрат Жанабаев – кандидат филологических наук, главный научный сотрудник научного Центра филологических исследований имени Жамбыла Казахского Национального университета имени аль-Фараби.

Основные научные направления: теория художественного перевода, сравнительно-сопоставительное эпосоведение, фольклористика, мифология, литература, эстетика.

«Поэтическая система произведений жырау XV-XVIII веков: к начальным основаниям художественного перевода» (2014), «Жырау: статус, функции, культура, мировоззрение» (2017), «Тюркский миф в эпосе, обряде и ритуале» (2016, 2019), «Поэтический текст в обряде и ритуале» (2023), а также сборников поэтических переводов поэзии жырау XV-XVIII веков и Махамбета Утемисова: «Слово мое» (2004), «Аргымак настигнут стрелой» (2003), «Махамбет Утемисов». Полное Академическое издание в IV тт. Т. II. (2003). Более 10 монографий и 100 научных статей.

Предисловие к монографии «Поэтический текст в обряде и ритуале: генезис, формы, функции» (на материале устной поэзии жырау XV-XVIII веков). Алматы «Қазақ университеті 2023. 335 стр.

Глобальные изменения, происходящие в мире, закономерно привели и к изменению общественного сознания казахстанцев, ясно показав, что «современная научная парадигма освобождается от центрирования одной научной модели и ведущей методологии» [Наурзбаева, 2017: 279]. Многополярность современной действительности привела к остро осознанной необходимости обратиться к лучшим, но несколько забытым, отечественным и зарубежным достижениям. Они в свое время по разным причинам не были официально приняты, не были включены в широкий научный оборот. К таким достижениям следует отнести, помимо целого ряда известных казахских исследователей (Ж. Бектурова, Б. Абылкасимова, Е. Турсунова и т. д.), и ценную книгу А.Б. Лорда «The Singer of Tales» («Сказитель»), которая, по мнению переводчиков ее московского издания, «составила эпоху в истории изучения эпоса». У нас, в

Казахстане, о ней знали единицы. Теперь же наша задача состоит не в системной критике ее положений, а в уточнении и развитии ее основных научных направлений и подходов, которые нам представляются актуальными, эффективными и продуктивными. Тысячелетний язык нашей кочевой устной поэзии сумел сохранить свои древние формы и знаки, богатство созвучий и иносказаний, благодаря традиционности и живому многообразию устойчивых формул и символов. Они скрывают тайны «второй» природы, метаязыка особого, потаенного смысла, языка древних поверий. Быть может, это и есть сама истина, которую ищет дух человеческий? Полагаем, что метод устной теории – формульный анализ Пэрри-Лорда – вполне применим в исследовании этого «второго языка», его стиля и – могучей поэтической техники устной поэзии жырау XV-XVIII веков – важного культурно-исторического этапа казахской национальной литературы, ее «героического века».

Нас интересуют основные направления авторов *устной теории* – что такое формула в устной поэзии? Каково ее назначение? Каковы ее структурные виды и формы? Как она функционирует в устном произведении и как формирует его формульный стиль?

Нас также интересует поэтическая (устно-стилевая) техника самого исполнителя, благодаря которой возникает эпический стиль и богатое многообразие формул на разных уровнях его исполнения. Системный анализ показал, что посредством поэтической техники происходит более глубинное постижение второго, «скрытого» смысла поэтической речи певца, его существенной идеи (А. Лорд). Метод поэтической техники раскрывает древнее значение и происхождение эпических формул, их связь с суггестивным началом, магическими реалиями и первыми ритмизованными заклинаниями и еще дальше и шире – с начальными основаниями поэтического искусства – мифом, обрядом и ритуалом.

Нас интересует в формуле не только устойчивость слов и словосочетаний, ее технические и стилистические закономерности, которые сохраняли и передавали устную традицию, или Степное знание (А. Кодар) на протяжении тысячелетий, а ее, порождающая новый текст, преобразовательная и созидательная функция. Это самый удивительный процесс!

Вот лишь те некоторые актуальные направления, которые интересны нам на этом этапе изучения устной теории. Перспективы устной теории безграничны, а результаты ее всегда отличаются качеством и продуктивностью, хотя и не бесспорны.

Нам вполне близки и ясны теоретические установки М. Пэрри и его ученика А.Б. Лорда в изучении стиля Гомера и южнославянских певцов, как близки и ясны целостные подходы Ч.Ч. Валиханова, Е.Д. Турсунова,

Ж.Ж. Бектурова и О.А. Нурмаганбетовой в исследовании традиционной устной поэтической культуры казахского кочевья. Их объединяет целостный подход и историко-генетический метод. Вполне понятно, что за безграничной интеллектуальной мощью древнего эпоса они читали *долгую и многовековую историю не только создавшего его народа, но и* собственно эпическую историю, историю жанра, генезис его многообразных устных форм. Дошедшие до нашего времени из глубин тысячелетий, эти древние и совершенно чистые жанровые формы были «духом» (мифологическим содержанием) и «телом» (формой, структурой) обряда и ритуала. Вполне понятно и то, что они были порождены перворитмом высокого и могучего космического порядка и вечным круговоротом природных явлений и изменений. В ритуальном тексте жырау в виде культурного кода и сакральной формулы скрыт «второй» язык, быть может, подлинный смысл прочтения Бытия. Таково метафорическое иносказание астарлы сөз.

«Что лежит в основе этого явления? – задавался вопросом исследователь Ж.Ж. Бектуров. – Безусловно, подобные устойчивые *сочетания могут быть названы образными* формулами. Содержание и функции этих формул восходят к ранним этапам художественного освоения человеком действительности, когда предметы и явления окружающего мира назывались не прямо, а косвенно, так сказать образно, с помощью косвенных ассоциаций и уподоблений» [Бектуров, 1989: 50].

Основным из выразительных средств и приемов формульной техники выступает эпический повтор. Он задает ритм и звуковые вибрации, завораживает слух исполнителя и слушателя. Вот почему к слову жырау относились как к сокровенному небесному дару, с трепетом и почтением, с глубоким благоговением, а самих жырау считали магами, «вещими», абызами [Магауин, 1978: 7]. В монографии мы уделяем особое место исследованию природы эпического повтора как ведущего технического приема, приема, несущего текстообразующие и стилеобразующие функции. Нами описаны его структурные виды, представлена его богатая классификация.

В фольклористике и эпосоведении искусство акынов и жырау принято называть устной индивидуальной авторской поэзией, хотя употребляемые ими приемы и средства и озвученные ими идеи, темы и мотивы – внешне вполне традиционны. Традиционен и сам слушатель, ради которого они творят и благодаря которому они существуют как певцы. Существенно важным здесь остается то, что певец создает свой собственный текст, даже исходя из правил традиции, из ее формульных законов. Существенно и то, что у каждого устного текста есть свой автор, что этого певца знает его конкретный род. Проблема «автора и

текста» в устной поэзии, о которой не утихают дискуссии европейских ученых, для казахских ученых здесь не содержит особой актуальности. Но эта проблема авторства поднимается даже в «Сказителе» А.Б. Лорда, вероятно исходившем только из европейских научных установок.

В монографии нами показано, что традиционный повтор, как любое символическое явление, начиная с ассонанса и аллитерации, доходит до самых широко известных повторов мировых сюжетов и мотивов («кочующих» повторяющиеся сюжетов, общих мест – loci communes), которых в казахстанике касались Г. Потанин, Е. Турсунов, Р. Бердибаев, а в наше – М. Байлы [Байлы, 2: 215]. Совершенно сходные образно-стилистические обороты в устной поэзии кочевников, живущих в разных, самых отдаленных друг от друга, местах и временах, приводили в свое время в изумление Ч.Ч. Валиханова. А что же тогда говорить о мировых перекличках, отправляющих исследовательский взгляд к генетической истории древнейших народов?

В национальной тюркской устно-поэтической традиции и проблема авторства, и проблемы литературного заимствования могут решаться посредством исследования эпической формулы и первичных трансформаций – суггестивных и заклинательных форм. Вот почему для понимания семантики эпического повтора в национальной системе важно изучать его виды, функции и структуры, роль эпической формулы и традиционной поэтической техники, проясняющих подлинный смысл и идею устного речи певца. Здесь мы, безусловно, исходим из установок А.Б. Лорда о том, что «формула выражает существенную, основную идею («essential idea») произведения» [Lord A. https://folklore.elpub.ru/jour/article/download/142/135].

Эту закономерность отметил в свое время и исследователь Ж.Ж. Бектуров: «Эпитеты, указывая обычно на устойчивые признаки слов-понятий в образной формуле, одновременно содержали эмоционально-оценочный момент, отмечая наиболее важные, ценные или особенные качества предмета», то есть мы имеем дело с конкретикой – с описаниями, характеристиками и функциями предметов и явлений [Бектуров, 1989: 50].

Для уяснения скрытого, «второго», смысла слушателем певец использует богатейшую звуковую поэтическую технику. Такова одна из ее разновидностей – звуковая распределительная техника, выделяющая важные существенные смыслы жырау в процессе использования им правил твердости и мягкости слов.

И в устной теории Пэрри-Лорда, и в достижениях современных казахских ученых мы открыли большие перспективы и новые конструктивные подходы в исследовании фольклора, эпоса и устной

поэзии жырау. Эти методы и приемы мы также используем и в нашем «Поэтическом Словаре частотности формульных единиц языка жырау XV-XVIII вв.».

Автор монографии выражает глубокую признательность профессору Казахского Национального университета имени аль-Фараби доктору филологических наук Н. Ж. Шаймерденовой за все ценные советы и за практическую помощь в организации научных мероприятий в рамках исследовательского проекта.

втор монографии благодарит первого руководителя Института Языкознания имени А. Байтурсынова, к.ф.н., А. М. Фазылжанову за предоставленную возможность благотворно поработать под сенью Института с их бесценным фондом и библиотекой, где была успешно завершена первая часть данной научной монографии.

Автор монографии благодарит молодых ученых, участников настоящего проекта, сотрудников Института Языкознания имени А. Байтурсынова, проявивших особенно активное участие в подготовке «Поэтического Словаря частотности формульных единиц языка жырау XV–XVIII вв.».

Автор выражает свою признательность ассистенту по организационно-техническим вопросам проекта Тургенбаевой А. Ш.

Автор выражает свое уважение своему первому научному руководителю, доктору филологических наук, профессору и писателю Жаксылыкову Аслану Жамелевичу за прочтение настоящей монографии в рукописи, за конструктивные замечания и критику.

Автор благодарит руководителя научно-исследовательского Центра казахского фольклора и литературы имени Жамбыла Жабаева – доктора филологических наук, профессора Мауленова Алмасбека Аныкбекулы. На базе этого Центра была проведена заключительная часть научного исследования. Монография «Поэтический текст в обряде и ритуале: генезис, формы, функции (на материале произведений жырау XV-XVIII веков» подготовлена в рамках научного проекта «Исследование художественно-определительной системы, «формульной стилистики» и грамматики поэзии жырау XV–XVIII вв. Частотный словарь» (по Программе грантового финансирования научных и научно-технических проектов на 2021–2023 годы Министерством образования и науки Республики Казахстан), [ИРН AP09261377]. Поэтому настоящее издание осуществлено благодаря поддержке МНВО РК, выделившему грант на научные исследования поэзии жырау. Автор выражает свою признательность этой организации.

Ұлжан Нахатқызы ЖАНБЕРШИЕВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
профессор

Ұлжан Нахатқызы Жанбершиева 1954 жылы 25 қаңтарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы №171 Ғ. Мұратбаев атындағы орта мектепті 1971 жылы бітіріп, Н.В. Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі.

Бала күнінен баурап алған сөз өнері оның ғылыми-зерттеу жұмысымен ерте айналысуға жол салды. Студент кезінде Республикалық ғылыми конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

1975-1983 жылдары Қызылорда қаласындағы №171 Ғ.Мұратбаев атындағы қазақ орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарған.

1983 жылдың қыркүйегінен бастап бүгінгі күнге дейін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор қызметін атқарып келеді. Соның ішінде 16 жыл кафедра меңгерушісі, 4 жыл декан қызметінде болған.

1988-1990 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аспирантурасында оқыған. 1990 жылдың 14 желтоқсанында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Тұрмағамбет Ізтілеуовтің ақындық мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1990-1996 жылдары «Қазақ әдебиеті және араб тілі» кафедрасының меңгерушісі, 2000-2005 жылдары сырттай білім беру және қайта мамандандыру институтының деканы қызметін атқарған.

2007-2013 жылдары «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының меңгерушісі болады.

1997 жылы ҚР Жоғары аттестациялау комиссиясының шешімімен «доцент» ғылыми атағы беріледі.

2007 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Ғылыми Кеңесінің шешімімен Ұ.Н.Жанбершиеваға академиялық профессор атағы беріледі.

2022 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Ғылыми Кеңесінің шешішімен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілді.

Марапаттары:

1. 1997 жылы Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі»;
2. 2014 жылы «Қорқат Ата атындағы «Алтын медалімен»;

3. 2017 жылы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен;

4. 2024 жылы Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен;

5. 2025 жылы ҚР Президенті Жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталған.

Филология ғылымдарының кандидаты Ұ.Жанбершиева университеттің Ғылыми Кеңесіне мүше, Сыр өңіріндегі білімнің қара шаңырағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің дамуы мен өркендеуіне ерекше үлес қосып келе жатқан ұстаз, ғалым.

Ұ. Жанбершиева – 200-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. 2022-2023 жылдары Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің тапсырмасы бойынша екі ғылыми жобаға мүше болып, ғылыми жұмыстар орындады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде екі монография, екі әдістемелік оқу құралдарының авторы болды.

Ұ. Жанбершиеваның ғылыми еңбектерінің ішінде 3 монография, жеке авторлығымен 2 монография, 17 еңбек авторлар ұжымымен бірге ғылыми-көпшілік сипатындағы монографиялар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары

Монографиялар, оқу-әдістемелік құрал, әдеби зерттеулер:

1. Ұ.Жанбершиева Т. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің әдеби мұрасы – Алматы: Арыс, 2013-336 бет. Монография.

2. Ұ.Жанбершиева. Тал жібектей таза сөздің тарланы. – Қызылорда: Тұмар, 2002-226 бет. Монография

3. Ұ.Жанбершиева, А.Оразова. Сыр сүлейлері шығармаларындағы хат өлеңдер. – Қызылорда. Тұмар, 2015 – 146б. Әдеби зерттеу.

4.Ұ.Жанбершиева. Сыр сүлейлерінің мысал өлеңдері. – Қызылорда: Жиенай, 2016-140б. Әдеби зерттеу.

5.Ұ.Жанбершиева, А.Әбілов. Сыр руханияты. Қызылорда: Тұмар, 2013-172б. Әдеби зерттеу.

6.Ұ.Жанбершиева, Г.Оралова, А.Айтбаева Сыр сүлейлері шығармаларындағы ақындық дәстүр. Қызылорда, Қорқыт Ата атындағы университет, 2019-224б. Монография.

7.Ұ.Жанбершиева, А.Айтбаева Қазақ әдебиетінен эссе жазудың әдістемесі және үлгілері. Қызылорда: Көкжиек 2017-137б.

8. Ұ.Жанбершиева, Г.Оралова Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Қызылорда: Тұмар, 2006, 180б (көмекші оқу құралы)

9. Ұ.Жанбершиева, Г.Оралова Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет және XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда: Тұмар, 2013-416б. (оқу құралы).

10. Г.Оралова, Ұ.Жанбершиева, ЖСыдықова, А.Төлебаева Сыр өңірінің киелі орындары мен ислам құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері. – Қызылорда: Тұмар, 2024-328б. Ұжымдық монография.

11. Г.Оралова, Ұ.Жанбершиева, А.Төлебаева. Сыр сүлейлері шығармаларындағы діни-ағартушылық идея.-Қызылорда: Тұмар, 2024-248б. Ұжымдық әдістемелік көмекші құрал.

12. Ұ.Жанбершиева, Г.Оралова. Сыр сүлейлеріндегі Шығыстық дәстүр.-Қызылорда: Тұмар, 2026-360б.

13. Жанбершиева Ұ.Н., Камишева Г.А., Оралова Г.С. Сыр сүлейлері және шығыс поэзиясы. Монография – Қызылорда: Тұмар, 2025. -356 б.

Ғылыми мақалалары:

1. Т.Ізтілеуов дастандарындағы фольклорлық сарын. "Алаш мұрасы және Тәуелсіз Қазақстан" атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Қызылорда, 2017 ж, - 102 б.

2. К.Келмембет батырдың көркем әдебиеттегі көрінісі. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері. – Астана: Университет, 2018 ж.

3. Т.Ізтілеуов шығармаларындағы мұң-шер өлеңдер. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. №1 (49), 2018 ж.

4. Ілияс мұрасы және алаштану мәселелері. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған, 2018 ж. https://zhetysu.edu.kz/wp-content/uploads/2021/03/2-2018.pdf

5. І.Жансүгіров "Құлагер" поэмасындағы аңшы орны. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Талдықорған, 2018 ж. https://zhetysu.edu.kz/wp-content/uploads/2021/03/2-2018.pdf

6. С.Сейфуллин "Сыр сандық" өлеңіндегі нағыз достыққа тән қасиеттер. – Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Талдықорған, 2018 ж. https://zhetysu.edu.kz/wp-content/uploads/2021/03/2-2018.pdf

7. Сыр сүлейлерінің хат өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі. ҚМУ-дың Хабаршысы. №1 (50), 2018 ж.

https://korkyt.kz/vestnik/Docs/%D0%92%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%B8%D0%BA%20%D0%9A%D0%93%D0%A3%20%D0%B8%D0%BC%20%D0%9A%D0%BE%D1%80%D0%BA%D1%8B%D1%82%20%D0%90%D1%82%D0%B0%20%E2%84%96%201(50)%202018.pdf

8. Т.Ізтілеуовтің «Тұтқын қыз» дастанындағы фантастикалық сарын. Қорқыт ата атындағы ҚУ Хабаршысы. №2 (57), 2021 ж. https://korkyt.kz/vestnik/Docs/ijbgfd.pdf

9. Хорезмидің «Мухаббатнамасы» Сырда туған. Хабаршы. АЛПУ, - Алматы,№1 (71), 2020 ж.

10. Абай – қазақ халқының ақыл-ой айнасы. Алматы, ҚазҰПУ, Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, №3 (73) 2020, 221-226 бб. https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7804.34

11. Жыраулар – азаттық жаршысы. Алматы, ҚазҰПУ, Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, №2(72) 2020, 294-300 бб. https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.46

12. Сыр сүлейлері шығармаларындағы жоқтау өлеңдер. ҚМУ Хабаршы, 2021 ж, №2 (55).

13. Қ.Ерімбет толғау-термелеріндегі ғибраттық ойлар. Алматы. ҚазҰПУ, Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, № 4(74) 2021. https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.37

14. Қазақ поэзиясындағы Абылай хан бейнесі, Қорқыт Ата атындағы ҚУ Хабаршысы, №3 (58) 2021 https://doi.org/10.52081/bkaku.2021.v58.i3.082

15. Сыр бойында туған аңыздардың ұлттық сананы жаңғыртудағы маңызы. (ағылшын тілінде). М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. «Керуен» ғылыми журналы. – Алматы, 2022 ж. №3, 76б.

16. *Сыр өңіріндегі киелі нысандар жайлы аңыздар.* Евразия гуманитарлық институты «Хабаршысы». Астана, 2022 ж, №4.

17. Сыр сүлейлері шығармаларындағы символдық бейне. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. «Керуен» ғылыми журналы. – Алматы, 2023 ж. №1 (78). 135-148 бб.

18. Сыр сүлейлерін оқыту әдістемесі. ҚазҰПУ «Педагогика» хабаршысы, - Алматы, 2023 ж, №3, 178-198 бб.

19. Сыр сүлейі Т.Ізтілеуов шығармаларындағы әдеби бейненің сомдалуы. ҚазҰПУ «Педагогика және психология» хабаршысы, - Алматы, 2023 ж, №4, 131-143 бб.

20. Сыр сүлейлерінің (Тұрмағамбет, Қаңлы Жүсіп, Шораяқтың Омары) мысал өлеңдеріндегі шығыстық дәстүр. – Астана, Еуразия гуманитарлық университетінің Хабаршысы, №4 (145), 2023 ж, 211-225 бб.

21.Жанбершиева Ұ.Н., Төлебаева А.Т., Оралова Г.С. Қарасақал Ерімбеттің «Әбу Шашма» дастаны: исламдық дүниетаным және әділдік қағидаты// Ясауи университетінің хабаршысы. - №3 (137), -2025. –Б.129-143 https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.239

22. Оралова Г.С., Жанбершиева Ұ.Н., Төлебаева А.Т. Ислам тақырыбындағы жырлардың (рубай, ғазал) дидактикалықфилософиялық сипаты// Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. - №3 (152), - 2025. –Б.234-247.https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-234-247.

XX ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілі Т.Ізтілеуов-шығыстық дәстүрлі тақырыптарды өз заманына сай жырлаған ерекше дарын иесі. Тұрмағамбеттің ақындық мұрасы ғылыми тұрғыдан жүйеленіп берілген. Ақын өмір сүрген дәуірінің шындығын, халықтың тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық қайшылықтар мен әлеуметтік жағдайды жырлаған шығармалары жанрлық, тақырыптық тұрғыда талданды.

Әлемдік әдебиет ағымы және ұлттық әдеби-мәдени байланыстар Тұрмағамбет ақынның шығыс классиктерімен үндестігі ашып көрсетілді. Еңбекте дәстүр және жаңашылдық фольклордан бастап, жыраулық поэзия, шығыстық дәстүрдің Сыр сүлейлеріндегі көрінісі тарих талқысынан өткен, халықтың ой-санасы, эстетикалық талғамы, ұлттық тіл байлығы арқылы көрініс тапқан.

Импровизатор ақынның өлең-толғаулары, айтыстары, мысалдары, дастандарына ғылыми баға беріп, ақынның өзіндік қырын ашып, шығармалары әдеби-теориялық, методологиялық тұрғыда талданады.

Ұ. Жанбершиева. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің әдеби мұрасы – Алматы: Арыс, 2013-336 бет. Монография.

Жыраулар поэзиясы-ақындық поэзияның ең көне түрі. Сыр өңірі ақындарының дәстүрлі поэзиясын сөз еткенде, жыраулар да термешілер де, ақындар да болғандығы мәлім. Елге танымал болып, «сүлей» деген атқан ие болған суырып салма өнердің майталмандары да аз емес. Ұрпаққа ұлағат етіп қалдырған терең толғау, эпикалық жырлар, ойнақы терме, аталы өсиеттер, ақыл-нақыл сөздер қалдырған таланттар көп болған. Сыр елінде аты мәлім жүзге тарта айтулы ақын-жыраулар болған. Дәстүр төңірегінде топтасқан ауызша да жазбаша да өлең шығарып, шешендік, қиссалы сюжетті жырлар, айтыс, толғау үлгілерін ұстаған. Табиғи дарын иесі, тума талант Сыр сүлейлері деген атқа ие болған ақындар қазақ әдебиеті деген үлкен өнерде өзіндік орнын алған.

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихында белгілі орны бар Сыр сүлейлері өсиет, ақыл-нақыл айтудан бастап, ағартушылық бағытқа келген, сонымен қатар кеңестік жаңа тұрмысқа да үлес қосқан. Сыр сүлейлері жырлаған адамгершілік, ар-ізет, иман-моралистік пікірлер қазіргі заман талабымен үндес.

Ұ. Жанбершиева. Тал жібектей таза сөздің тарланы. – Қызылорда: Тұмар, 2002-226 бет. Монография

XIX-XX ғасырларда Сыр өңірінде өмір сүріп, Сыр сүлейлері атанған Т.Ізтілеуов, Ш.Омаров, Базар жырау, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Қ.Баймағамбетов, Қарасақал Ерімбет т.б. ақын-жыраулардың арнау

хаттары, жазбаша айтыстары, хат өлеңдерінің қалыптасуы мен дамуы сөз болған. Хат өлеңдердің тақырыптық көрінісі айқындалып, өзіндік ерекшеліктері сипатталады. Хат жанрының сипаты, хат айтыстардағы даралық сипат, жазылу стилі, ұлттық дүниетаным, Сыр сүлейлері хат өлеңдерінің тақырыптық көрінісі ашылады.

Хат өлеңдерінің Сыр елінде қалыптасуы мен даму жолдары, тақырыптық, жанрлық, проблемалық ерекшеліктері сипатталады.

Сыр сүлейлерінің хат арқылы жазба әдебиеттегі орны жүйеленген бұл еңбек қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосады.

Ұ. Жанбершиева. Сыр сүлейлері шығармаларындағы хат өлеңдер. – Қызылорда. Тұмар, 2015 – 146б. Әдеби зерттеу.

Сыр сүлейлері деп аталатын өнер тарландарының мысал өлеңдерін мысал айтыстары, мысал дастандары – халқымыздың рухани дүниетанымын толықтыратын құндылықтар. Сыр сүлейлері мысал өлеңдерінің көркемдік тәсіл, мазмұндық бірлігі қарастырылған. Мысал өлеңдердегі дүниетаным, ғибраттық ойлар, гуманистік, саяси идеяға негізделген. XIX-XX ғасырларда Сыр елінде өмір сүрген ақын-жыраулардың мысалдарын мысал өлең, мысал айтыс, мысал әңгіме деп бөліп, мысал арқылы әдебиеттің ұлттық сипатын, халқымыздың әдет-ғұрып, салт-санасының көрінісін, рухани дүниесі ашылады. Сыр сүлейлері мысалдарын өсиеттік үлгідегі, аңыздық үлгідегі, шығыстық үлгідегі деп бөліп, ой қозғалды.

Ұ. Жанбершиева. Сыр сүлейлерінің мысал өлеңдері. – Қызылорда: Жиенай, 2016-140б. Әдеби зерттеу.

Еліміздің өткені мен бүгінінің сабақтастығы тарихы мен географиясы, орналасқан орны, киелі атануы мен исламдық құндылықтары қазіргі таңда зерттеудің танымдық жаңа бағыттарына айналып отыр.

Сыр еліндегі киелі деп аталатын орындарға байланысты аңыз, әпсаналардың шығуы ислам мәдениетінің ықпалы, тарихи процестегі маңызы сөз болады. Сыр елінде өмір сүріп, шығармаларымен елге танымал тұлғалардың шығармаларындағы ислам діні тағылымдарының көрінісі қарастырылады. Ұлттық, жалпыазаматтық ортақ, эстетикалық, көркемдік ойлау ұлағаты сараланатын бұл еңбекте ақындар шығармаларындағы киелі жерлер ұғымы мен ислами поэзия желісінде жырлап, философиялық, дидактикалық, теологиялық құндылықтарына назар аударылған. Фольклорлық танымдық ойлардың Сыр еліндегі киелі орындарын талдау арқылы, ұлттық әдебиетіміздегі ислами мәселелердің әдеби дамуындағы маңызына дәйектемелер келтіріп, талданады.

Ерекше бағаланатын тарихи орындар, тарихи тұлғаларға байланысты аңыздар, археологиялық ескерткіштер т.с.с. деректер беріледі. Мұсылман мәдениетінің Сыр сүлейлеріне ықпалы және ислам құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері игілікті құндылықтарға негізделеді.

Оралова Г., Жанбершиева Ұ., Сыдықова Ж., Төлебаева А. Сыр өңірінің киелі орындары мен ислам құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері. – Қызылорда: Тұмар, 2024-328б. Ұжымдық монография.

Сыр сүлейлері шығармаларындағы діни-ағартушылық идеяны әдеби таным тұрғысынан меңгертудегі озық технологияны игерудің тиімді жолдары қарастырылған. Сыр сүлейлерінің діни-ағартушылық идеяларын оқытудың заманауи тәсілдері сөз болады. Ұрпақ санасында адамгершілік дағды қалыптастыру, ұлттық рухты сақтап қалу көзделген.

Базар жырау мен Т.Ізтілеуов дастандарындағы діни-ағартушылық иедяны модульдік жүйемен оқытуға талдамалар жасалған. Қ.Ерімбет, Ш.Омаров, Қаңлы Жүсіп, С.Бекшентайұлы шығармаларындағы дидактикалық идеяны танытуда проблемалық оқыту жолдары ұсынылған. Бүгінгі цифрландыру мен ЖИ-ді игеруде тест сұрақтары мен білім алушының өзіндік жұмыстары да қамтылған.

Оралова Г., Жанбершиева Ұ., Төлебаева А. Сыр сүлейлері шығармаларындағы діни-ағартушылық идея.-Қызылорда: Тұмар, 2024-248б. Ұжымдық әдістемелік көмекші құрал.

Сыр сүлейлері Т.Ізтілеуов, Ш.Омаров, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Базар жырау, С.Бекшентайұлы, М.Дабылұлы т.б. ақындар поэзиясындағы Шығыстық үлгі, Шығыстық дәстүр сөз болды. Қазақ поэзиясы мен Шығыстық ұқсас мотивтер, сарындық қайталаулар, сабақтастық айқындалады. Ойды айқындай түсетін шығыстық ғазалдар, рубаяттар, төрттағандар, қасида, бәйіт, мухаммас, хикмет арқылы Сыр сүлейлерінің ойлау тәсіліне тұжырым жасалып, дәйектемелер арқылы салыстырылады.

Шығыстық классикалық үлгідегі поэзияның ықпалы, үндестік, әдеб-мәдени байланыстар туралы әлемдік қолданыстағы тұжырымдарға сүйендік. Шығыс поэзиясының тарихи-мәдени, саяси-әдеби маңызы және мұсылман мәдениетінің Сыр сүлейлеріне ықпалын қазіргі заман тұрғысынан зерттеп танытқан болдық.

Ұлттық сананы жаңғыртуда ұлттық құндылықтар ерекше маңызға ие. Сыр сүлейлері поэзиясындағы шығыстық үлгіні айқындай түсудің маңызы елеулі болып отыр.

Жанбершиева Ұ., Камшева Г., Оралова Г. Сыр сүлейлері және шығыс поэзиясы – Қызылорда: Тұмар, 2025-356б. Ұжымдық монография.



Зылиха Тұрарқызы ЖАНТАСОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент

Зылиха Тұрарқызы Жантасова 1973 жылы 28 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласы, Ащысай кентінде дүниеге келген.

1991 жылы Ордабасы ауданының Қызылжар ауылындағы орта мектепті күміс медальмен бітірген. 1992-1996 жылдары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің филология факультетінде білім алып, үздік дипломмен тәмамдаған.

2007 жылы «Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шешімімен әдебиеттану мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді.

З.Т. Жантасова – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы, әдебиеттанушы ғалым. Оның ғылыми-педагогикалық және шығармашылық қызметінің негізгі бағыттары – қазақ әдебиеті, фольклортану, көркем проза, әдеби сын және рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау.

Еңбек жолын 2000 жылы Қайнар аймақаралық университетінің Шымкент филиалында оқытушы болып бастады. 2006 жылы Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінде филология кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарды. 2009 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушылық және ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысты. 2014 жылы аталған университеттің Абайтану ғылыми-зерттеу орталығында доцент болды.

2015 жылы «Қызмет» қоғамдық газетінің бас редакторы қызметін атқарды. 2016-2019 жылдары Отырар облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының ғылыми хатшысы болып еңбек етіп, көптеген әдеби-мәдени іс-шаралардың ұйымдастырушысы әрі модераторы болды.

2020-2022 жылдары Шымкент университетінің «Филология» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2024-2025 жылдары Ж.А. Ташенев университетінде кафедра меңгерушісі болды. 2026 жылдан бері осы университеттің ғалым хатшысы қызметін атқаруда.

З.Т. Жантасова – 3 оқу құралының, 50-ден астам ғылыми мақаланың авторы. Ғылыми еңбектерінде қазақ әдебиетінің тарихы, шығыс әдебиеті дәстүрінің қазақ дастандарына ықпалы, әдеби процес мәселелері кеңінен қарастырылады.

Жазушының көркем шығармалары оқырман қауымға кеңінен танымал. Оның қаламынан туған «Сағыныш» (2004), «Жанымның жаз ғұмыры» (2011), «Тағдыр биі» (2019), «Мейірім мұнарасы» (2023) кітаптары жарық көрді. «Тағдыр биі» кітабы 2023 жылы қырғыз тіліне аударылып басылып шықты. Әңгімелері өзбек, қырғыз және түрік тілдеріне аударылған.

З.Т. Жантасова әдебиет пен мәдениетті насихаттау ісіне де белсене қатысып келеді. «Хан ТВ» телеарнасында авторлық әдеби-танымдық бағдарламалардың жүргізушісі

«Мейірім мұнарасы», «Бір кітап – бір тарих» жобалары арқылы ұлттық әдебиетті, кітап оқу мәдениетін және рухани құндылықтарды дәріптеуге үлес қосты.

Ғылыми-педагогикалық және шығармашылық еңбегі жоғары бағаланып, 2010 жылы көркем проза мен ғылымдағы жетістіктері үшін облыс әкімінің стипендиясына ие болды. 2012 жылы мәдениет пен өнер саласының дамуына қосқан үлесі үшін «Жылдың үздік жазушысы» номинациясымен марапатталды.

Зылиха Тұрарқызы Жантасова – ғылым мен әдебиеттің дамуына өз үлесін қосып келе жатқан әдебиеттанушы ғалым, жазушы ,журналист.

Ол – 50-ден аса ғылыми мақала, соның ішінде 1 монография, 3 оқу құралының авторы. Бірнеше халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасады.

Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы –Шымкент -2019 -120 б Жантасова З.Т. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы: Оқу құралы–Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2019.- 120 б.

Қазіргі қазақ поэзиясы Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, Шымкент. 2020 -158 бет

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ прозасының даму ерекшеліктері – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2022. – 179б.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

Мәдениет саласының үздігі. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі Куәлік № 4608. 09.10.2024 ж

"Фархад-Шырын» дастанының бір нұсқасы Ташкент облысындағы қазақтар арасынан табылды. 1968 жылы Ташкенттің Низами атындағы мемлекеттік педагогика университеті ұйымдастырған экспедиция кезінде экспедиция жетекшісі Қыдырәлі Саттаров Ташкент облысы, Бостандық ауданы, Ғазалкент кентінде тұратын жыршы әрі ақын Әбдәзім Ахметовтен «Фархад-Шырын» дастанын жазып алған. Ел ішінде жырау деп атағы шыққан Ә.Ахметовтың бұл дастаны Ташкент облысының қазақтарына кең жайылған. Жыр 4924 жолдан тұрады.

З.Т. Жантасова. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы – Шымкент -2019 -120 б Жантасова З.Т. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы: Оқу құралы–Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2019.-120 б.

Әбдәзім Ахметов жырлаған «Фархад-Шырын» романдық эпосының қазақ версиясы Науаиы шығармасы негізінде алынып, алайда фольклорлық сарында жырланған халықтық шығарма. Бұл шығарманың ауыз әдебиеті үлгісінде жырлануына бір жағы өзбек бахшиларының ел ішінде жырланған фольклорлық «Фархад-Ширин» дастанының да әсері болғандығы байқалады.

З.Т. Жантасова. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы – Шымкент -2019 -120 б Жантасова З.Т. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы: Оқу құралы–Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2019.-120 б.

Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны Физули нұсқасына жақын болғанымен (Физули де сопылық әдебиеттің өкілдерінің бірі), Мәжнүннің даланы кезіп, жартаспен, желмен жанғырықпен айтысып, өз махаббатын өлі табиғаттан да қызғануы, Ләйлінің түнде отырып шам мен көбелекке муңын айтуы сияқты эпизодтар қазақтың дәстүрлі әдебиетінде қолданылатын эпитеттерден гөрі сопылық әдебиетке көбірек келетіндігі байқалып тұрады.

З.Т. Жантасова. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы – Шымкент -2019 -120 б Жантасова З.Т. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы: Оқу құралы–Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2019.-120 б.

Шығыс дастандары қазақ жерінде айтыла бастағаннан бастап, қазақ ауыз әдебиетінің заңдылықтарын өзіне қабылдады. Соның негізінде шығыстық дастандар бұрынғы батырлық, не ғашықтық жырлардың қалыпты формаларына түсіп, ендігі жерде қазақтың

жыраулық үлгіде айтылатын жыр қалыбында иленіп барып, дүниеге келді. Себебі, олар таза парсылық не арабтық өлең түрінде бәйтпен немесе хамсамен жырланатын болса, оны қазақ тыңдаушы қауымының қабылдауы екіталай-тын. Өйткені, дала философиясының қала мәдениетінен айырмашылығы бар.

Эпикалық жырдың мазмұндық даму жолына үңіліп, оның ерекшелігін зерделесек, онда оның әрбір қоғамның өзіне тән әлеуметтік құрылысына, мәдениетіне, философиялық ой-түйіні мен көзқарасына, талап-тілектері мен тәжірибесіне орай дамитынын көреміз. Әрбір қоғамдық орта өзінің болмысы мен идеологиялық формасын сақтай отырып, сырттан кірген дүниелерді сол қалыпқа салып, ақыры өзінің төл мәдениетіне сіңіріп жіберіп отырады.

Сол кездегі қиссашыл ақындар өздері оқыған ортағасырлық парсы мен анадолы түріктерінің әдебиетіндегі ертегілер мен діни аңыздарды немесе Шығыс шайырларының шығарған поэмаларын қазақша жырлап шыққан. Ортағасырлық Шығыс әдебиетінде жарыса жырланған «хамса» жанры мен жазба әдебиетте негізі берік қаланған нәзирагөйлік жанрында улы ақындар Низами, Дехлеви, Науаидің классикалық шығармаларын дәл сол қалпында қазақ әдебиетінде қайта жырлаған ақындар да болған жоқ. «Хамса» жанрындағы сол ақындардың шығармаларының тек кейбірін ғана жеке-жеке алып жырлаған ақындарымыз бар. Мысалы, Ақылбек Сабалұлы «Таһир-Зуһраны» жырласа, Әбдәзім Ахметов «Фархад-Шырынды», Еркеғали Есенжолов пен Шәкәрім «Ләйлі-Мәжнүн» дастандарын жырлаған. Осылайша жазба әдебиетке көшіп жатқан кезеңде, бұл шығармалар бір жағынан қазақы фольклорлық қорымызды дәлдәтырып жатты.

З.Т. Жантасова. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы – Шымкент -2019 -120 б Жантасова З.Т. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы: Оқу құралы. – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2019.-120 б.

Шығыстық дастандарда шығыстық сюжеттер мен мотивтер жиі ұшырасқанымен, жырдың баяндалу түрі қазақтың қара өлең формасында келеді. Кезінде Низами, Дехлеви, Науаи сияқты Шығыстың атақты шайырлары жарыса жырлаған «Хамса» жанры, немесе құрылысы жағынан қазақтың қара өлеңіне келетін «рубаи», көрші өзбек халқының поэзиясында көп қолданылатын бәйт сияқты өлең формалары қазақтың халық шығармаларында ұшыраспайды. Тіпті, Шығыстан келген жырлардың өзі жалпы мазмұны мен сюжетін сақтап қалса да, өлең формаларын сақтай алмаған. XIX ғасырда қазақтың жазба әдебиетінің өзінде бұрыннан жыраулар мен ақындар қалыптастырып кеткен қара өлең формасының негізі мен

ықпалының өте күшті болғандығын көреміз. Бұл дәстүрге қазақ әдебиетінде алғашқы жаңалықтарды әкелген ұлы ақын Абай мен оның кемеңгер ақын інісі Шәкәрім болды.

З.Т. Жантасова. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы – Шымкент -2019 -120 б Жантасова З.Т. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы: Оқу құралы–Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2019.-120 б.

Көркем шығармаларда үнемі желі болып жүретін «ұлттық мүдде», «ұлттық рух» қазақ өмірі мен өнерінің мәңгі көкейкесті мәселесі. Ал жазушы М.Байғұттың шығармасы ең алдымен сол ұлттық сипаттарының молдығымен ерекшеленеді. Соның бірі «Түркілер төрі Түркістан» атты эссе кітабы. Қаламгер бұл прозалық туындысында Ұлы Жібек жолы бойында жатқан киелі Түркістан өңірінің тарихын, табиғатын, даласы мен тауларын, ұлан даланың ұлы тұлғаларын арқау ете отырып, Елдос Елжанұлы атты кейіпкер атынан эссе жанрымен баяндайды.

З.Т. Жантасова. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы – Шымкент -2019 -120 б Жантасова З.Т. Қазақ дастандарындағы Шығыс әдебиеті дәстүрінің ықпалы: Оқу құралы–Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2019.-120 б.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен, Тұранда Ер Түрігім туып өскен,- деп отты ақын Мағжан жырламақшы шығармада Түркістанның мыңдаған жылдық тарихымен бірге, осы аймақтағы киелі Қазығұрт, қасиетті Қаратау, Арыс пен Кентау, Отырар мен Созақ, Сайрам, Шырайлы Шымкент, Қазақ хандығының астанасы – Түркістан секілді Оңтүстік өлкеміздің құт мекендері мен кенттері тарихи деректер негізінде жүйелі, шұрайлы тілмен баяндалған.

З.Т. Жантасова. Тәуелсіздік жылдардағы қазақ прозасының даму ерекшеліктері. – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2022. – 179б.

«Аршакие» жианғына ертеректе және тәуелсіздік кезеңде жазылған әңгімелері еніпті. «Шығарма», «Асқазаны ауыратын адамдар», «Белесебет пен байлық», «Қажылықтың қабылдануы», «Қош бол, кітап», «Аршакие» атты жаңа туындыларымен бірге «Жоғалған жұрнақ» әңгімесі енгізілген. «Жұрнақ көке жынданып кетіпті» деген хабарды біз көктемгі каникул кезінде естідік. Әңгіменің құлақ күйі осылай басталады.Оқырман көкейінде неге? Деген сұрақ пен әңгіме сюжеті өз иіріміне тартып әкете береді.Әңгіме ауаны қайғылы сарынға құрылған. Әңгімеде назар аударатын көркемдік детальбар. Ол Қамбар ата кесенесінің сыртында жататын ақшылтым тас. «Таста тамыр жоқ»

деген нақылды ескерсек «Тас» сөзі қашанда мейірімсіздік, қатыгездік, қатқылдықтың ұғымын береді. Тас, тасбауыр, тасжүрек сияқты сөз тіркестері бары белгілі. Кейіпкер Жұрнақта осындай тасбауыр, тасжүрек қоғамға кезболды. Соның құрбанына айналды. Жұрнақтың тазалауысын тастың жалтырап айналаға сәуле шашуы кейіпкердің адамнан көрген қатыгездік пен қорлығын сәл деболса еріткендей. Ең қайран қалдырғаны Жұрнақ қайтыс болған түні солақшылтым тастың қарайып кетуі. Жаны жоқ тастың өзі қайғыдан қарайып кеткендей болса, онда, Жұрнақ секілді талай жас өскіннің өмірін өскікке айналдырып жіберген зұлымдық иелерінің жүрегі қарайып ар сотына түсіп жатпасына кім кепіл. «Қарауыта қоңырайған Қазығұрттың көлбеп жататын жоталы жоны шорт кесіліп түскендей» деген бейнелі орамда суреткерлік терең ой бар. Жұрнақсыз жаңа сөз туындамайтыны секілді, атадан балаға өтіп келе жатқан қазақи рух, сабақтастық, үндестік, ұлттық намыс жойылып кетуге шақ қалғанда, сол рухты қайта тірілткен Желтоқсан көтерілісі. Қарауыта қоңырайған Қазығұрт тауы бейнелі түрде «Қазақ ұлты» деп түсінсек, ал оның шорт кесіліп түскен жоны қыршынынан қиылған, алаңға шыққан – қазақ жастары. М.Байғұт жай қарапайым кейіпкер болмысы арқылы үлкен қоғамдық мәселелерді қозғап Адам,Қоғам,Уақыт деген ірі философиялық категорияларға биік интелектуалдық тұрғысынан өзінше келеді. Суреткер адамгершілік өлшемімен келіп, адами асыл мұраттарды жоғары көтереді. Сол негізде қоғамның қасиеті мен қасіретін шебер көркем тілмен жеткізеді.

З.Т. Жантасова. Тәуелсіздік жылдардағы қазақ прозасының даму ерекшеліктері. – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2022. – 179б.

«Жас ақын қыздарымыздың өлеңдеріне баға беріңізші» деген ұсынысқа ұзақ ойландым. Ақын қыздарға бағаны халық берер. Бірақ, әдебиетші деп қолқа салғасын қашқақтамай, мен де аз ғана пікір білдіргенді жөн көрдім. Әдеби процесті бағамдау барысында өлең өлкесінде оқырман қалыптастырып үлгерген алты қыздың шығармашылығына тоқталмақпын. Олар: Ақбота Бейбітбек, Мақпал Төребек, Арайлым Мұратәлиева, Салтанат Айдарбекова, Салтанат Мадияркызы, Сезім Мергенбай.

З.Т. Жантасова. Қазіргі қазақ поэзиясы. – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, Шымкент. 2020 -158 бет

«Апа, қызың өзгеге ұқсамайды» дейтін өлеңінде Ақбота анасына сыр ақтара келе, өз ұстанымына беріктігін, яғни қазақ қызына тән адалдықты бәрінен биік қоятынын аңғартады.

«Апа, қызың өзгеге ұқсамайды,
Жеңілді деп санама жықса қайғы.

Атына кір келтірсе – оңбағаны,

Ол ұятты өлімнен құп санайды». Міне, осы шумақ жаңағы сөзімізге дәлел.

Өленге, өмірге деген құштарлық. Қазақ қызына жарасты қайсарлық. Маған бұдан да қатты ұнағаны – «Жақсыға маңайында қарауыл көп» дегені. Иә, Дарқан Даланың даналығын таныған ақылды уәж.

«Жаулығыңды сен қалай қадірлесең, Өленімнен ғұмырлық табылды мән». Өмірін өленге арнағысы келген ақынның адал ниеті.

«Мама,
Кешірімді алдында қателігім,
Тағдырдың жөтелі – мұң.
Жұмсақтығың шығар-ау – аналығың,
Қаталдығың шығар-ау – әкелігің.

Міне, тағдыр. Тағдырдың қиын өткелегінде, отбасы тауқыметін көтерген қайран біздің аналар! Анасымен сырласа келе, әке парызын, әке тәрбиесін аңсау. Кінә артпау.

«Жұрт бақытты болады деп санайды
әкеден аумайтын қыздарды».

Ақбота ішкі сезімін, мұңын, күйзелісін жайып салуға құмбыл емес. Бірақ, өзі таңдаған өлең-өмірде ол кейде мүмкін де болмай қалатын сынайлы. Ол анасын да, даласын да дұғаға қосады. Ауылдан қалалықтарға мейірімнен сарқыт тасиды. Індет жайлап жатқанда «тыныштықтың қызуы көтерілді, күнде тұйық неғайбыл елжіреуі» деп елеңдейді.

З.Т. Жантасова. Қазіргі қазақ поэзиясы. – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2020. – 158 бет

Мақпал Төребектің жырларымен жас ақындар жинағынан таныстық. Оның «Көке» деген өленінде сол жанның момындығы, мейірімділігі әдемі суреттеледі.

«Тектіден болсам – әкемнің қаны,
Ақылды болсам – анамнан.
Бақытты болсам, ол сенің арқаң
Мейірбан болып жаралған».

Мақпалдың бұл өленін оқығанда, Есенғали Раушановтың Көркембай ақсағының «құлыным, құлыным» деген үні құлағыма келеді. «Көке» өлені адамды мейірімді көрсетеді, мейірімді болуға шақырады. Мақпал «Көк терезе» өленінде өткен күннің естелігін, балалығы қалған

көк терезелі үйді іздеп барады. Үйдің жаңа иесінің сөзі ақынды тағы да сағыныш боп мазалайды. Мақпалдың өлеңдері оқиғаны керім суреттейді. «Көз алдымда көктем кетіп барады», «Қатігездік құшақтайды кей түні, Құшақтайды кейде мені кешірім»

З.Т. Жантасова. Қазіргі қазақ поэзиясы. – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2025.

Жек көремін қарашаның аяғын...

Мына мендей киналды-ау деп жаныңыз,

Өзімді емес, өзгені де аядым, – деп жырлапты. Өзінен гөрі өзгенің қамын, мұңын көбірек жырлайтын ақын жанының толғанысы.

«Өмірімнен өлеңімнің өмірі ұзақ болса» деген тілегін сұхбатынан түйгенмін. Кітапханадағы түрлі іс-шараларға келгенде қоштаспай кетіп қалатын. «Сау болыңыз» десем үндемейтін. Қоштасуды жаны қаламайды екен ғой... Қоштаспастан мәңгілікке кетіп қалды. Қара күзде емес, көктемде. Үйіндегі ет жақындарымен де қоштаспастан, күлімсіреп «күтіңдер, жазылып келемін» деп кетіпті ауруханаға.

Сәрсенбек ағаның жазбаларының көпшілігі менің қолымда. Аманаттай сезіндім. Қызына жазбаларын қайтарып беріп тұрып, еш жерде жарияланбаған өлеңдері, дүниедегі, бәлкім ең соңғы толғаныстары оқырманымен қауышса екен деп тіледім. Жақында ғана баспадан шыққан «Қырғауыл қонған жидетал» атты кітабындағы Тәкен Әлімқұлов жайында жазылған мына жолдар ойыма оралды. «Тіршілік кешуінде шекесі шылқымаған, төрге озбаған Тәкен Әлімқұлов ақтық сөзінде өзі аманаттағандай Баба Атада апасының қасындағы тым-тырыс бір төмпешікке айналған. Текке емес, әрине, Ана тіліне, өз анасына махаббатымен мәңгі жасап, мағищатынан мойын оздырмаққа...» Тәкен арқылы өзін айтыпты ғой.

Көп оқитын. Парасатты пайымдары ойлантады. Ағаларына еркелей жүріп, өз ойын еркін айтып салатын. Жастардың шығармаларын да ерінбей екшей біліп, пікірін ауызша да, жазбаша да білдіретін. Өзгенің жақсылығына да керемет қуанатын. Әркімнің жақсысы өз бойына құт деп құттықтаушы еді.

Мен тәуелсіз елдің ақынымын деп ерекше айтатын. Еркіндікті қалағанымен, өзіндік ішкі мәдениеті, өзін іштей қадағалайтын қағидаты бар еді.

Бітімі бөлекшелеу ақынды жоғалту жүрегіне өкініш ұялатады, тамағына өксік тірейді. Алайда, Сізді ақынның өз жырлары жұбатып алады

З.Т. Жантасова. Қазіргі қазақ поэзиясы. – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2025.

Ардақты ағасының оң бағасын алған Сәрсенбек Сахабат түркітанудағы орыс-қазақ араласынан туған сөздердің шығу тарихы туралы құнды зерттеулер жүргізіп, түркітану танымын толықтырған зерделі зерттеуші. Ол «Мешіт пен шіркеу түркілері» атты зерттеуінде: «Отаршылдық ілімі тюркологиядағы толғақты мәселенің бірі – Лев Гумилевтің «Шіркеу халықтары» теориясы мен оған қарадай еліктеп-солықтаған «Мешіт халықтары». Сондай-ақ, қашпаған қашардың уызы – Қазар қағанаты мен Үйғыр қағанаты. Мұның ешбірі де Түркі бірлігіне қызмет ете алмайтын көкжасық жорамал. Русь версиясында Қазарға бүлік әкелген иудейлер. Оның ізін ала атышулы қанқұйлы Шыңғыс хан мен оның «моңғолдары» басып кірген.

Шыңғыс қаған ешқандай да хан емес. Орысша ойланып-толғанатын тарихи көксауаттың басы осы. Өйткені, хан лауазымын тұңғыш ұлы Жошыдан бастап өзінен кейінгілер иеленген. Демек, қағанның лауазымын төмендетіп жерге ұру. Қасақана ма, білместікпен бе…

Қағанат – ерен елдіктің, діни бірегейліктің тәмсілі. Сондықтан өз басым аурорустік империяның баламасы дегенге келіспеймін. Қағанатқа бірнеше елдің бірігуі табиғи заңдылық. Империя да тап солай. Енді бұл екеуінің айырмасына жүгінсек империя өз айналасын христиан дініне күштейді, ал, қағанат жат діннің озбырлығынан азаттаған өз кеңістігінде басқа елдің дінімен, ана тілімен санасып, мәмілемен қатар өмір сүре береді һәм өз діні тәңіршілдікті ұстанады..» десе, ал, «Отаршыл ағартушылығы» атты зерттеу еңбегінде орыс пен қазақ арасындағы алауыздық салдарынан туындаған атаулар мәселесін саралайды.

З.Т. Жантасова. Қазіргі қазақ поэзиясы. – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2025.

«Шыңғыс лақабының дұрыс нұсқасы – Жеңіс, яғни Жеңімпаз қаған. Мұны қазақ білмегенімен Батыс Ауропаның ілкі қағантанушылары түгелімен біледі. Оларда «Дженгис». Қағанның теонимдік «ғ» карпін қолданбайтын елдерде «каанға» айналуы айтыла беретін сингармонизм заңдылығы. Ата-анасының құлағына айқайлап қойған есімі – Темір. Темуцзинге айналғаны (қазақша Темүжін) «р» қарпінен құры алақан қытай сауатының құдіреті. Тему-цзинь – Темур царевич, по прозванию Киот (Н.Я.Бичурин).

Міне, сізге көрінгеннің көксауаты мен жасық ақылына жетектескеннің пайдасы. Қытай «ж» қарпі орнына «чж» дифтонгын қолданады, «р» қарпін мүлдем білмейді. Одан орыс филологиясы сыпыра көшіреді, осылайша мағына алшақтығы туындайды. Ал, енді Шыңғыс қағанның тегі «түркі ме, моңғол ма?» деп жүргендер айтсыншы. Бұл араға қазақ атын тықпалаудың басы артық. Ол заманда

жоқ, қолданысқа енбеген атауға қалай күштемексіз. Мәселе қазақтың Түркі, ал, түркінің Ғұн мұрагері, ғұмыржалғастығы екенінде. Түркітануды бүгінгі атымызға лайық Қазақтануға айналдырайық (Өзбекәлі Жәнібеков термині) деп жүргеніміздің себебі де осы» деп Шыңғыс ханның ұлтын саудалай бастаған мына заманның бас қатырғыш сұрақтарына өз жауабын береді.

Түркітану ғылымы зерттеуде біржақтылықты қаламайтын сала. Бұған келгенде тарих, этнография, тіл білімі саласында керемет бай қазыналы біліміңіз болмаса, онда тындыратыныңыз мәз болмас. Сәрсенбек ағаның көне түркілердің мәдениеті мен пайда болу тарихына, өркендеуіне қызыққанын өткенін түгелдеуге ұмтылған ұлт перзентінің қадамы деуге келеді.

З.Т. Жантасова. Қазіргі қазақ поэзиясы. – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2025.

[1] Бертельс Е.Э. Роман об Александре и его главные версии на Востоке. - М-Л.:1948; Конрад Н.И Запад и Восток.- М.:1966; Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана.- М.:1983; Бартольд В.В. Тюрки. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. - Алматы: Жалын, 1993; Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник 14 в. «Гулистан» С.Сараи и его язык.- А.:1975

Жестокая, бескомпромиссная деятельность полпредов СССР, строителей социализма, новых ницшеанцев, по локоть в крови шагавших по горам трупов, ломавших и крушивших «национальные дома» сотен этносов и народов, говорила только об одном — их бесповоротной уверенности в победе светлого будущего, которое искупит и оправдает все. Каждодневная жизнь национальной творческой интеллигенции в республиках СССР проходила на фоне этой грозной, нередко гибельной деятельности легионов полпредов и уполномоченных создаваемого социально-политического монстра, особенно бдительно следивших за каждым шагом писателей и мастеров искусства в регионах и краях, всегда подозреваемых в уклонизме и буржуазном национализме, а то и шпионской деятельности. Читая книгу «Неизвестное в наследии Мухтара Ауэзова», мы не должны забывать, что писатель практически каждый день ожидал повторного ареста и не сомневался в том, что рано или поздно это произойдет. У него не было никаких иллюзий насчет подоплеки истинной деятельности властей и карательных органов советской державы по наведению порядка в стране и борьбе с «родимыми пятнами капитализма и феодализма». К числу наивных и несведущих романтиков революции его никак нельзя отнести. Вместе с тем с годами, особенно в пятидесятых годах в его

сознании стала укрепляться ощущение, что социализм в советской стране победил окончательно, и этот строй утвердился надолго. Многие детали и штрихи из выступлений М.О. Ауэзова на различных обсуждениях его произведений дают основание делать такой вывод.

Материалы книги «Неизвестное в наследии Мухтара Ауэзова», в том числе драматические страницы, связанные с обсуждениями пьесы «Хан Кене», романа «Абай», [6, 159–194 с.; 247–282], показывают, какими рискованными были эти обсуждения, поскольку выступления некоторых критиков граничили с политическими обвинениями или фактически были таковыми. Они свидетельствует о том, что жизнь Мухтара Ауэзова практически до последнего года была пронизана тревогой и беспокойством за свою свободу.

Из материалов Международной конференции: Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. — Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 175 б. (18 с.) ISBN 9965-30-389-4

Құралай Темірбекқызы ЖАНҰЗАҚОВА
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Құралай Темірбекқызы Жанұзақова 1972 жылы 22 қарашада Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1980-1990 жж. Қызылорда қаласы №253 қазақ орта мектебінде білім алды.

1990 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1995 жылы үздік бітірді.

1993-1995 жылдары Алматы қаласындағы № 93 мектеп-лицейінде оқытушы болып еңбек жолын бастады.

1995-1999 жылдары Қазақ ұлттық университетінің аспирантура бөлімінде оқыды. 1999 жылы «Оралхан Бөкеев прозасындағы романтизм» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

2000-2003 жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығында дарынды балаларды оқыту мен дамытудың педагогикалық инновациялық технологиялары лабораториясының меңгерушісі қызметін атқарды.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында 2003 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін қызмет етіп келеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2010 жылғы 26 наурыздағы шешімімен әдебиеттану мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді.

2010 жылы «Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі» (XX ғасырдың екінші жартысы) атты докторлық диссертациясын қорғады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы шешімімен филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді.

2015 жылы ҚР БҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын алды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2019 жылғы 20 ақпандағы шешімімен әдебиеттану мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

Әдеби-ғылыми бағыты. Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиеттану; әдебиет теориясы; мифопоэтика; әдеби процесс және ағым-бағыттар, көркем мәтіндегі психологизм,

Қ.Т. Жанұзақова – 100-ге жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. «Әдебиет теориясы» (2015), «Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі» (2010), «Қазақ романтизмінің поэтикасы» (2015) атты зерттеу еңбектерінде қазақ әдебиетіндегі романтизмнің теориясы мен тарихы, әдебиеттану ғылымындағы көркемдік әдіс пен ағым-бағыттар мәселесі қарастырылды. Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы, қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті теориялық мәселелері бойынша көп жылдар бойы ізденіп келеді. Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда 5 ғылыми мақаласы жарық көрді. Халықаралық, республикалық, аймақтық деңгейдегі конференция, форум, дөңгелек үстел, сұхбаттарға қатысып, алыс-жақын шетелдерде ғылыми-теориялық мақалалары жарияланды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен сандық білім беру ресурстарын дайындауға қатысты. Университеттегі көп жылғы ұстаздық қызметінде дәріс оқу, әдебиеттану мен әдебиет теориясы бойынша оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу, білім беру бағдарламаларын жетілдіру жұмыстарымен қатар, студенттер мен жас зерттеушілердің ғылыми ізденісіне бағыт-бағдар беріп, педагог-мамандарды даярлауға үлкен үлес қосып келеді.

Басты ғылыми еңбектері:

1)Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі. Монография. Алматы, ИП «Есенбекова», 2010. - 448 б.

2)Қазақ романтизмінің поэтикасы. Монография. – Алматы: «Бекқожанова А.Г», 2015. - 224 б.

3)Әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Оқулық. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. - 292 б.

4)Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. Абай атындағы ҚазҰПУжанындағы Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің БҒМ «Білім тобы» мамандықтары бойынша ОӘБ ұсынған (№1 хаттама, 23 қаңтар 2015 ж.). – Алматы: Мерей, 2015. – 276 б.

5)Цифровые образовательные ресурсы по предмету «Казахская литература». ЭЕМ-ға арналған бағдарлама. ҚР Әділет министрлігінің авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі № 1281, 8 шілде 2014. - Алматы: Bilim Media Group, 2014. Серия - ИС 0012588.

6)Әдебиеттануға кіріспе. ЭЕМ-ге арналған бағдарлама-электрондық оқулық / Жанұзақова Қ. // ҚР Әділет министрлігінің авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі №1703. 10 тамыз 2016 ж. Серия ИС-005545.

7)Әдебиет теориясы. ЭЕМ-ге арналған бағдарлама-электрондық оқулық / Жанұзақова Қ. // ҚР авторлық құқықпен қорғалатын

обьектілерге құқықтарды мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлігі №56995. 21 сәуір 2025 ж. Серия ИС-005545.

Марапаттары:

2014 жылы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін мерейтойлық «Құрмет белгісі» медалімен марапатталды.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті ректорының, салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының алғыс хаттары мен медалі (2020, 2022), 2024 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен, тіл саясатын дамытуға ерекше үлес қосқаны және тілдерді дамыту саласын жетілдіруге белсенді атсалысқаны үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (2024 ж., куәлік № 00130) марапатталған.

2024 жылы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне 80 жыл толуына орай «Университеттің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Әдебиеттің қалыптасу, даму тарихында түрлі көркемдік әдістер мен әдеби ағым-бағыттардың болуы, қатар өмір сүруі – заңды құбылыс. Әдеби үдеріс аясында түрліше әдеби ағым-бағыттардың қанаттаса, жарыса дами отырып, бірде иықтас жүріп, бірде өз үстемдігін көрсетуі – әдебиеттің қоғамдық, рухани өмірдегі басымдығын, ұлттық әдебиетіміздің көркемдік ізденіс, өсу, толысу және толыққанды даму үстінде екенін танытады.

Қ.Т. Жанұзақова. Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі. Монография. – Алматы: ИП «Есенбекова», 2010. - 24 б.

Әдеби бағыттар мен ағымдар – әдебиеттану ғылымындағы күрделі әрі өзекті мәселелердің бірі. Әдебиеттің даму бағыттары, көркемдік таным арналары әдіс мәселесімен тығыз ұштасатыны мәлім. Өткен күн мұраларын бүгінгі күн биігінен қайта таразылаған тұста көркемдік әдістер, әдеби бағыт пен ағымдар мәселелері жан-жақты талқылауды, терең зерттеуді қажет етеді.

Қ.Т. Жанұзақова. Қазақ романтизмінің поэтикасы. Монография. - Алматы: «Бекқожанова А.Г», 2015. – 3 б.

Қазақ әдебиетіндегі түрлі ағымдар мен бағыттардың, көркемдік ізденістердің зерттелуіне көп көңіл бөліп жүрген ғалым Т. Кәкішұлы романтизмнің көп жылдар бойы өзіне лайықты бағасын ала алмай келе

жатқанын орынды көрсетеді: «Саясаттанған танымымыздың осы қысас қисынын енді түзетіп, қазақ әдебиетіндегі романтикалық суреттеу әдісін өзіндік бет-келбеті бар бір ағым, бағыт ретінде қарастыру қажет. «Қазақ романтизмі» деген атаудан үрікпей, оның ерекшелігін ашып, өзіміздің ұлттық таным-біліктің өресін көрсетуге тиіспіз. Міне, сонда ғана біз өзіміздің эстетикалық түсінік-танымымыз арқылы рухани байлығымыздың қадір-қасиетін аңғарамыз». Сондықтан қазақ романтизмінің поэтикасын қарастыру бүгінгі әдебиеттану алдына қойған өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осы жайттарды ескере отырып, кітаптың атауын «Қазақ романтизмінің поэтикасы» деуді жөн көрдік.

Ұсынылған монография қазақ әдебиетіндегі романтизм құбылысының көркемдік ерекшеліктерін қарастырады. Еңбекте романтизмнің көркемдік-эстетикалық мәнін айқындауға, оны қазақ топырағында туындатқан себеп-салдарларды іздеуге, теориялық негіздемелерін тиянақтауға ден қойылды.

Қ.Т. Жанұзақова. Қазақ романтизмінің поэтикасы. Монография. - Алматы: «Бекқожанова А.Г», 2015. – 4 б.

Романтикалық көңіл-күй суреткердің әлемге ерекше көзқарасынан, адам рухының асқақ сәттерінен, жалпы адамзаттық құндылықтардан тамыр тартып жатады. Ол – сұлулыққа, жаныңды жадыратар жақсылыққа тебіреніп, немқұрайлы қарай алмау. Сол себепті романтикалық шығармаларда эмоционалдық-экспрессивтік реңктің молдығы, жазушының бағалаушылық қатынасы, адамның өзінің ішкі әлемінде қалуы айқын көрінеді.

Қ.Т. Жанұзақова. Қазақ романтизмінің поэтикасы. Монография. - Алматы: «Бекқожанова А.Г», 2015. – 47 б.

Қазақ романтиктері адам жаны мен жүрегінің сұлулығын бейнелей отырып, әлеуметтік қарым-қатынастардағы қатыгездіктің табиғатын ашып көрсетті. Әдебиетте еркіндікті, тәуелсіздікті аңсау сарынын күшейтті. Өмірдегі адамдық қасиеттердің зор қоғамдық мәнін, поэтикалық шығармашылықтағы қызметін көрсете білді.

Қ.Т. Жанұзақова. Қазақ романтизмінің поэтикасы. Монография. - Алматы: «Бекқожанова А.Г», 2015. – 50 б.

Романтизмнің пайда болуын тек төңкеріс алдындағы қоғамдық санамен ғана байланыстыру мәселеге тым үстірт қарау болмақ. Көркемдік сана ұлттық ойдың оянуында, оташылдыққа қарсы күресте айқынырақ көрінеді. Қазақ романтизмнің ұлттық ерекшеліктері халықтық дүниетаныммен, әдебиетте көркем бейнеленетін ұлттың

болмыс-бітімінің даралығы мен психологиялық ерекшеліктермен, әдебиеттегі адам туралы таным-түсінікпен, жеке тұлға концепциясымен тығыз байланысты. Қазақ романтизмінің ұлттық сипаты әдебиеттегі адам туралы таным-түсінікпен, жеке тұлға концепциясынан тамыр тартады.

Қ.Т. Жанұзақова. Қазақ романтизмінің поэтикасы. Монография. - Алматы: «Бекқожанова А.Г», 2015. – 51 б.

Өзіне дейінгі романтизм дәстүрін жалғастыра дамытқан М. Жұмабаевтың романтикалық дүниетанымына XX ғасырдың басындағы дүбірлі оқиғалар, өтпелі кезеңдегі ұлттық сананың оянуы әсер етті. М. Жұмабаев - қазақ өлеңіне Абайдан кейін өзгеріс жасаған реформатор ақын. Абай дәстүрін жалғастырып, жаңғыртып, әдебиетте ешкімге ұқсамайтын өзінің дара жолын салған Мағжан қазақ өлеңіне айрықша романтикалық ажар қосты.

XX ғасыр басындағы өтпелі дәуірдің орасан өзгерістерін, жаңа заманды түсіне алмаған М. Жұмабаевтың көркемдік дүниетанымы күрделі. Сондықтан табиғатынан романтик, сыршыл суреткердің шығармашылығын, кереғарлыққа толы өмірі мен өлімін аңызға айналдырған қатал уақыттың аясында талдау заңды.

Қ.Т. Жанұзақова. Қазақ романтизмінің поэтикасы. Монография. - Алматы: «Бекқожанова А.Г», 2015. – 99 б.

Көркемөнер - өмір шындығының сәулесі. Күрделі, озық шығарма - суреткер талантының туындысы ғана емес, қоғам қажеттілігінің де жемісі. Жазушының, ақынның қоғамдық тұлғасы мен кескін-келбетін оның білім-білігі, дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесі айқындайды. Өмірдегі белсенділік қана жазушының қоғамдық процестерді терең, жан-жақты тануын қамтамасыз етеді.

Қ.Т. Жанұзақова. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Алматы: Мерей, 2015. – 12 б.

Әр жазушыға тән өзгеше стиль мен дүниетаным бірлігі болады. Суреткер шығармашылық даралығын айқындауда нақты бір жанр сипаты, тақырып, объект ортақтығы елеулі роль атқармақ. Суреткер айналасындағы нәрсені сол қалпында жалаң қабылдап қана қоймай, дүние тынысын мейлінше терең бейнелей отырып, оның жасырын жұмбақ сырына бойлап, мән-мағынасын ашады. Суреткердің шығармашылық әрекеті арқылы көркемдік әлемі түзіледі.

Қ.Т. Жанұзақова.Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Алматы: Мерей, 2015. – 13 б.

Әдебиет теориясы – әдебиеттану ғылымының жетекші және іргелі салаларының бірі. Әдебиет теориясын меңгеру әлемдік әдеби үдеріс пен әдебиет дамуының ерекшеліктері мен заңдылықтарын, әдеби шығарманың күрделі табиғатын, құрылымы мен құрылысын, көркем мәтінді талдау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, әдебиет теориясынан еңбек жазудың қиындығы мәлім. Әдебиет теориясы – әлемдік әдебиеттанудың ғылымының жетістіктеріне, осы уақытқа дейінгі әдеби-теориялық ой-пікірлерге сүйеніп, уақыттың дамуы барысында жаңа пікірлермен, теориялық толғамдармен байып, үнемі толығып отыратын ғылым. Сондықтан бұл оқулықта мүмкін болатын ауқымында әдебиет теориясындағы соңғы жаңалықтармен, өзекті мәселелермен таныстырып, қазіргі таңдағы ғылыми ағымдар туралы дерек беруді де көздедік.


Қ.Т. Жанұзақова. Әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Оқулық. - Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. -3 б.

Қазақ әдебиеттану ғылымының, оның ішінде әдебиет теориясының өркен жаюына өлшеусіз үлес қосқан ғалым - З.Қабдолов. Әдебиет сүйер қауымның эстетикалық талғамын тәрбиелеуде З.Қабдоловтың «Сөз өнері» атты зерттеу кітабының атқарған ролі орасан зор. Ол алғаш рет 1970 жылы «Әдебиет теориясының негіздері», кейіннен 1976 жылы «Сөз өнері» деген атпен жарияланды. Үлкен қоғамдық сұранысқа ие болған кітап кейін бірнеше рет толықтырылып басылды. Ұзақ жылдар бойы студенттердің қолынан түспей жүрген оқулық-монографияда әдебиеттің теориялық мәселелері қасаң қағида түрінде ұсынылмай, суреткердің шеберлік мәселесімен, әдеби шығармашылық психологиясымен сабақтастықта қарастырылған. Сонымен бірге теориялық іргелі зерттеуде жалпы шығармашылық өнердің қыр-сыры, нәзік иірімдері мен құпия қалтарысы туралы сыр толғайды, теориялық мәселелерді қазақ әдебиетінің мысалдары негізінде көркем тілмен терең талдайды. Ғалымның өзі бұл турасында 1976 жылы жарияланған «Сөз өнерінде» былай дейді: «Кітаптың атын да затына лайық «Сөз өнері» деп, үйреншікті үлгіден гөрі біраз өзгертіп алуды жөн көрдік. Дәл осылай атау осы кітаптың мазмұнына сай келеді. Өйткені, бұл кітапта әдеттегідей теориялық қағидалар қалыптастырудан гөрі сөз өнерінің әрі қиын, әрі қызық құпиялары хақында жалпы жұртпен кеңесу, еркін сырласу жағы басым». Әдебиеттанушылар мен әдебиет сүйер қауым тарапынан жоғары баға алған кітап «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы» пәндерін оқытудың жаксы дәстүрін қалыптастыруға мұрындық болды.

Қ.Т. Жанұзақова. Әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Оқулық. - Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. - 18 б.

Әдебиет пен өнердің халықтығы мәселесінің эстетикалық мәні зор. Көркемөнердің халықтығы – нақты-тарихи категория дейміз, өйткені оның мазмұны тарихи алғышарттармен қалыптасқан. Шынайы өнер туындысының басты қасиеті – көркемдік, сұлулық. Дүниені, өмір құбылыстарын көркемдік пен сұлулық заңы тұрғысынан бейнелейтін суреткер сол өмір құбылыстарының ұлт өміріндегі тарихи маңызын жалпыадамзаттық биіктен де бағалайды. Мысалы: Мұқағали Мақатаев поэзиясының халықтың ұлттық ой-санасымен, тағдырымен тамырластығы терең болғандықтан оның өмір құбылыстарын биік адамгершілік идеялар тұрғысынан бейнелеу шеберлігіне негізделген танымдық, көркемдік мәні де де ерекше зор. Оның өлеңдеріндегі халықтың адамгершілік-рухани әлемі жалпы адам баласына тән сипаттармен үндесіп, ар-ұят, адалдық, достық, махаббат, әділдік, т.б. арқау болған мәселелер уақыт озып, қоғамдық құндылықтар ауысса да, мәңгілік мәнін жоймайды.

Қ.Т. Жанұзақова. Әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Оқулық. - Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. - 45 б.



Жансая Жанғазыұлы ЖАРЫЛҒАПОВ
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Жансая Жанғазыұлы Жарылғапов 1975 жылы қазіргі Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Ақтау ауылында туған. 1991 жылы Ақтау орта мектебін медальмен бітіріп шыққан. 1991 жылы Жезқазған педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі. 1993 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне ауысып, оны 1996 жылы тәмамдайды.

Қызметтік жолын 1996 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы болып бастаған. 2000 жылы «70-80-жылдар қазақ прозасындағы адам концепциясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 2005 жылы доцент ғылыми атағы берілді. 2005-2006 жылдары аталған университетте қазақ әдебиеті және теория кафедрасының меңгерушісі болды. 2006-2009 жылдар аралығында докторантураның күндізгі бөлімінде оқыды. 2009 жылы «Қазақ прозасындағы әдеби ағымдар және көркемдік әдіс» тақырыбында академик Рымғали Нұрғалидың жетекшілігімен докторлық диссертация қорғаған.

Қазір Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры. «Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы» журналының бас редакторы, университет жанындағы «Қазақ халқының рухани мұрасын зерттеу» институтының директоры. Қарағанды облысының ономастикалық комиссиясының мүшесі.

200-ден астам ғылыми мақалалары, жеке авторлығымен 9 кітабы жарық көрген. Атап айтқанда, «Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығын оқыту мәселелері» (1997) атты оқу-әдістемелік құралының, «XX ғасыр соңындағы қазақ прозасының идеялық-эстетикалық мәселелері» (2003), «Қазіргі қазақ әдебиеті» (2016), «Әдебиет теориясы» (2017) атты оқу құралдарының, «Әдеби ағымдар теориясы» (2024), «Жанр және көркемдік әдіс» (2025) оқулықтарының, «Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер» (2009), «Ұлттық прозадағы әдеби ағымдар типологиясы» (2011), «Қазақ прозасы: модернизм және постмодернизм» (2015) атты монографиялардың авторы.

Ж.Жарылғаповтың жетекшілігімен мынадай кітаптар шықты:

«Қасым тағылымы. 1,2 том. (2021); «Қасым Аманжолов: библиографиялық көрсеткіш» (2021); «Ағыбай батыр: тарихи тұлға және көркем образ» (2023); «Болмысы бөлек Бөкетов» (2025).

Ғылыми мақалалары алыс және жақын шетелдерде, атап айтқанда Чехия, Польша, Болгария, Бразилия, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан т.б. басылымдарында жарияланған. Ресей Федерациясы (Уфа), Қытай (Пекин) мемлекеттерінің шақыртуымен қазіргі әлемдік және ұлттық әдебиет байланыстары туралы бірнеше рет лекциялар оқыған.

Жетістіктері мен марапаттары:

- «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері (2010, 2025);
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым мен техниканың дамуына айрықша үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері (2013);
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қорының ғылым мен техника саласындағы сыйлығының лауреаты (2014);
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ҚР Президентінің Алғысы (2016);
- «Қазақстан республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі (2020);
- ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгіс (2024);
- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Күлтегін» медалі (2024).

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Айнала дүниені, қоршаған ортаны, әлемді, болмыстың түрлі категорияларын танып-білу үшін ең әуелі адамды танып-білу керек. Бұл сауал ежелгі дәуірлерден бері адамзат қоғамының алдында тұрды, тұра бермек. Яғни, адамтану – аяқталмаған процесс. Адам болмысының таным көкжиегі кеңіген сайын бұл аса күрделі мәселенің беймәлім қырларын, жұмбақ сырларын ашу ұмтылысы күшейіп отырады.

Әдебиеттің пәні – адам болғандықтан, оның сыртқы дүниемен байланысы, рухани-психологиялық табиғаты, адамгершілік сапасы және басқа да қасиеттерін бейнелеп көрсетудің сан ғасырлық тәжірибесі бар. Әйтсе де, қоғам алға жылжып, уақыт өзгерген сайын танылуы қиын жаратылыс - адам турасында жаңа білімдер жинақталады, өзіндік жаңашыл көзқарастар туады.

Өнердің, оның ішінде әдебиеттің қоғамдық санадағы ролі өлшеусіз екені хақ. Сол қоғамды жасақтаушы адам тұлғасын, оның ішкі дүниесін,

ой әлемін, барша жұмбақты болмысын зерделеумен әдебиеттің ізгі миссиясы айқындалады. Сөз өнері, сонымен қатар, адам болмысын зерттеп қана қоймай, жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуына, рухани игіліктерді бойына жинақтауға ықпал ететіндігімен ерекшеленетіні де рас. Осы міндеттерді шешуде, көркем шығармаға айналдырудағы жазушының шығармашылық машығы мен суреткерлік бағытын, дүниетаным өзектерін зерделеу, жалпы адам болмысы турасындағы көркемдік-философиялық концепциясын айқындау маңызы әдебиеттану ғылымының алдындағы жауапкершілікті іс.

Қаламгерлер қай уақытта да көркем шығарманың рухани-эстетикалық қуат-күшін арттыру мақсатымен өзіне дейінгі айтыла қоймаған мәселені, айтылып кеткеннің өзінде, таныс тақырып ауқымында бөлекше ой түюге, оны өзіндік танымы тұрғысынан зерделеуге ұмтылатыны хақ.

Жатсыну сияқты философиялық категория – экзистенциализмнің күрделі концепцияларының бірі. Философияның да ғылыми мәселесі ретінде жатсыну көп жылдар бойы маркстік-лениндік ілімге қарсы қойылып, тек бір жақты түсініктердің ауқымында қалып қойды. Бүгінгі дәуірде, әлемдік мәдениеттердің интеграциясы күшейген шақта, рухани ықпалдардың төркінін танып, өрісін барлау ғылым алдындағы маңызды істердің бірі екені анық.

Жалғыздық қасіреті, адам болмысындағы жатсыну – әлемдегі жазушылар мен ғалымдардың кейінгі уақытта назарын аударып келе жатқан ауқымды мәселе. Біздің ғылымда бұл проблема көп уақыт дұрыс бағаланбай келген кезең - жалпы дүниетанымдық мәселеге тек материалистік тұрғыдан келу үстем болып тұрған кеңестік дәуірге дөп келеді.

Кеңестік жүйедегі жеке адамның еркі мен бостандығының шектелуі қоғамның бүкіл саласында жатсынуды тереңдетіп жіберді. Сананың тұйықталуы, адамның адамдық түпкі негізден, яғни өз-өзінен, өзінің ұлттық тегінен, тарихынан, әдет-ғұрпынан жатсынуына әкеп тіреді. Мұның бәрі қоғамдық қайшылықтардың барған үстіне ұлғая беруіне түрткі болды.

Міне, осы мәселелер әдебиетімізде қаншалықты көрініс тапты, адамның қоғамнан, оның түрлі салаларынан ғана емес, адамның өз-өзінен, әлемнен, қоршаған болмыстан жатсынуы бүгінгі күнгі біздің ғылыми тұрғыдан зерттеуге бет алған нысандарымыз. Жатсыну экзистенциалистік танымның күрделі ойларының бірі болғандықтан, біз бұл мәселені жалпы экзистенциалистік категорияларға сай қарастырамыз.

Ж.Ж. Жарылғапов. XX ғасыр соңындағы қазақ прозасының идеялық-эстетикалық мәселелері. Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. -176 б.

Бүгінгі таңда бүкіләлемдік көркем ой дамуындағы гуманистік және ұлттық өлшемдердің, тарихи-рухани өмірдегі көркем шығармашылықтың адам тұлғасын қалыптастырудағы орнын қайта бағамдау мәселесі өз-өзінен күн тәртібіне шығып отыр. Сондықтан біз ұлттық әдебиетімізді, оның идеялық-көркемдік бағыттарын, жалпы поэтикалық мәселелерін әлемдік әдебиет контексінде қарауға мәжбүрміз. Осы тұрғыда бүкіләлемдік көркем ой қол жеткізген межелерді саралай отырып, қоғам мен рухани өмірдегі жаңашылдықтардың әдебиетімізде бой көрсетуін анықтау арқылы ұлттық көркемдік дамудың нақты көрсеткіштерін айғақтай аламыз. Әдебиетті зерттеу барысында шығармашылық үдерістің қос мәнін: әдебиет дамуындағы жаһандық құбылыстар мен ұлттық әдебиеттер арасындағы ортақ тенденцияларды және нақты бір дәуір мен нақты бір ел әдебиетіндегі қайталанбайтын ерекшеліктерді үнемі қаперде ұстау аса қажет. Адамзат архаикалық-ұжымдық, фольклорлық-поэтикалық ойлаудан авторлық ойға, жеке сана көріністеріне дейінгі динамикалық даму жолында бірнеше сатылардан өтуі арқылы көркемдік танымның ең күрделі формаларына қол жеткізе алды. Әлемдік әдебиеттің тарихи даму жолында өзіндік орын алатын қазақ әдебиеті де рухани өркендеудің адам баласы жүріп өткен белестерін бағындыра отырып, көркемдік дамудың биік сатысына көтерілді.

Ұлттық топырақта пайда болған әрбір жаңа жанрды сол ұлт өнерінің даму логикасынан шығарып барып әлемдік көркемдік өріспен сабақтастыру – ең өнікті, әрі дұрыс жол. Сондықтан да әдіс пен ағым сынды күрделі әдеби-теориялық категориялардың табиғатын тану үшін, оны жанр эволюциясымен байланыстыру үшін әдебиеттің жалпы даму заңдылықтарына, әлемдік әдебиеттегі бағыттар мен ағымдардың пайда болуы мен бірін-бірі ауыстыруындағы ұқсас құбылыстарға назар аудармасқа болмайды. Адамзат баласының көркемдік дамуындағы ең ірі белестері болған классицизм, ағартушылық, сентиментализм, романтизм, реализм, модернизм сияқты бағыттар мен ағымдардың алмасулары – әдебиеттің сатылап дамуындағы ортақ заңдылықтар көрсеткіші. Әдебиет дамуының сатыларына сәйкес пайда болған бағыттар мен ағымдар көркем ойдың түрлі арнада дамуына, әдебиет функциясының күрделенуіне әкелді. Қандай ұлттың әдебиеті мен өнері болсын тек қана өзінің ішкі мүмкіндіктерімен тұйықталып, басқа ұлттардың әдебиетіне қатыссыз, жеке-дара дами алмайтыны сияқты өзіндік ұзақ даму жолы бар қазақ әдебиеті де басқа елдердің мәдениетімен белсенді қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде жаңа стимулдар қалыптасты. Ондай ықпалдастықтар ұлтымыздың бай фольклоры және поэзиялық құндылықтарымен бірге өрілуінің нәтижесінде кәсіби ұлттық прозамыздың дүниеге келуін жылдамдатты.

Ең бастысы, жаңа формамен бірге сырткы елдердің әдебиетінде дамып үлгерген бағыттар мен ағымдардың эстетикасы мен бейнелеу элементтері келді. Озық көркемдік-эстетикалық тәжірибелерді шығармашылық тұрғыдан игеруде әдеби аударманың зор тарихи ролі болды. Нәтижесінде әдеби қатынастарға да өзгерістер еніп, ұлттық сөз өнерінің шығыстық байланысымен бірге батыстық бұтағы да дамуға мүмкіндік алды.

Ж.Ж. Жарылгапов. Қазақ прозасы : ағымдар мен әдістер. Монография. –Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2009. – 400 б.

Көркемдік дамудың түгел кезеңіне бірде теория болмайтыны белгілі. Эстетикалық ұстанымдардың ауысуына сәйкес теориялық жаңа концепциялар туып, ескі тұжырымдамалар терістеліп те отырады. Қазіргі заманғы әдебиет теориясы идеологиялық талаптардан тәуелсіз, еркін әрі пәнаралық байланыстарға негізделген тың көзқарастарға ойсқаны анық. Мұндай үрдіс алуан түрлі мектептердің бой көтеруіне, ғылыми саралаудың соны жолдарына бастары анық. Демек эстетикалық дамуды талдап-таразылайтын ғылымдағы плюрализмге жол ашық.

Уақыт өте келе, әдебиеттану ғылымының динамикасына сәйкес бұрынғы қолданыстағы әдіснамалық тұрғылар, зерттеу әдістемелері өзектілігін жоғалтты.Нақты бір әдіснаманың үстемдігі көркем шығармашылық болмысын қарастыратын ғылымның жан-жақты дамуына кепілдік бере алмайтынына да көз жеткізіп отырмыз. Зерттеу тәсілдері мен әдістерінің күрделенуіне, ақпараттық алмасулардың жеделдеуіне сәйкес әр тараптағы ізденістер қажет. Сондықтан да әдебиет теориясындағы жанр, көркемдік әдіс, әдеби ағым, поэтика сынды т.б. мәселелерін зерттеу мен оқытуда жеке-жеке еңбектер керек. Теориялық поэтика қарастыратын барлық нысанды бір оқулыққа топтастыру бүгінгі күннің талаптарына толық жауап бере алмайды.

Соңғы жылдары қазақ әдебиетін зерттеу, оқытудың ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік бағытын түбегейлі, жаңаша қалыптау ісі қолға алынды. Сондай мәселенің бірі – қазақ әдебиетінің даму жолында қалыптасқан және сырткы әсерлерден пайда болған әдеби ағымдарды жаңаша көзқараспен ғылыми тұрғыдан салмақтай отырып, әдебиеттегі ағымдардың эстетикалық-философиялық сипаты, көркемдік ерекшеліктері хақында жүйелі және ғылыми мағлұматтармен қамтамасыз ету.

Көркемөнердегі қандай да болсын бағыт, ағымдар өзіне дейінгі шығармашылықтағы философиялық негіздер мен көркемдік-эстетикалық принциптерді қайта қарау негізінде туып отырды. Әлемдік әдебиет контексінде модернизм эстетикалық доктрина ретінде алдыңғы дәуірлердің рухани құндылықтары мен дүниетанымдық қырларын

жаңаша (французша «moderne» сөзінің «жаңа», «жаңашыл» ұғымын беретінін ұмытпайық) парықтаудан барып дүниеге келді.

Ұлттық әдебиеттегі модернизмнің иедеялық көркемдік сипаттары мынадай ерекшеліктермен көрінді:

• Жазушылар үшін нақты өмір шындығын танытудан гөрі өмір туралы таным-көзқарастар маңызды болды. Олар адам мен әлем қарым-қатынастарын байыптауда заттар мен құбылыстардың эмпирикасынан тыс мазмұнға да көңіл аударды;

• Ұлттық прозамыздағы модернистік ағымды құраған жазушыларда өмірді, өмір шындығын хаос, абсурд дүниесі ретінде суреттеу басымдық иеленді;

• Әдебиетке жатсыну сынды күрделі философиялық мәселенің енгізілуі адам тұлғасын иррационалдық тұрғыдан көрсетуге себеп болды. Прозада адам бейнесін социумнан ажыраған, тегінен, айналасынан, қоғамнан жатсынған кейіпкерлер арқылы бейнелеу үрдісі байқалды;

• Модернистік әдебиеттің «сана ағымы» концепциясына иек артуы, прозалық шығармалардың құрылымдық жүйесіне бірқатар өзгешеліктер алып келді. Автордың субъективті позициясынан өрістейтін толассыз ой ағындары мен кейіпкердің күрделі монологтары сюжет ролін мейлінше төмендетті. Сана ағымы поэтикасына сәйкес шығарманың композициялық бітімінде, образдар мінездері мен әрекеттерінде логикадан тыс бұрылыстар, шартты суреттер белең алып отырды;

• Шындықты субъективті тұрғыдан игеру туындылардағы әдеби ойын элементтерінің айқын көрініс беруінен аңғарылады;

Модернизм рационалистік ойлау стереотиптерді батыл түрде бұза алғандығының айғағы – миф пен мифологиялық реминисценциялар кең түрде пайдаланыла бастады. Шығармашылықта архетип-кейіпкерлер, мифологизм элементтері, аңыздық сюжеттердің адам болмысының қарама-қайшылықты табиғатын ашу үшін, бүгінгі күннің рухани мәселеріне тереңдеу үшін қолданылуы неомифологизм ағымын қалыптастырды.

Ж.Ж. Жарылғапов. Әдеби ағымдар теориясы. Оқулық. – Қарағанды: Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы, 2024. – 181 б.



Баян Өмірбекқызы Жолдасбекова
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Баян Өмірбекқызы Жолдасбекова 1962 жылдың 1 наурызында Мәскеу қаласында дүниеге келген. 1983 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша үздік аяқтады. Филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің деканы. ҚР ҰҒА академигі. «Гдосса» көпбағытты инновациялық орталығының директоры.

2002 жылы «И.П. Шухов эпикалық прозасының көркемдік ерекшеліктері» атты тақырыпта кандидаттық диссертация ҚР БҒМ М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты жанындағы Диссертациалық кеңесінің Д.53.34.01 мәжілісінде қорғап, «филология ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесі берілді.

2006 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Диссертациалық кеңестің Д 14А.02.22 мәжілісінде «XX ғасырдың 20-70 жылдарындағы Қазақстанның орыс эпикалық прозасы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғалып, «филология ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесі берілді.

2012 жылы ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, 2024 жылы ҚР ҰҒА академигі болып сайланды. ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімінің сарапшау тобының мүшесі.

Баян Өмірбекқызының отыз бес жыл ғылыми-педагогикалық тәжірибесі бар, ғылым және білім аясындағы әкімшілік жетекшіліктен де тәжірибесі мол. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология факультетінің деканы және Ғылыми кеңесінің төрайымы.

2008 жылдан 2020 жылға дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінің орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды. 2020 жылдың қыркүйегінен бері филология факультетінің деканы.

Баян Өмірбекқызы Жолдасбекованың 300-ден аса ғылыми еңбектері, соның ішінде 19 оқу құралы және 12 монография жарық көрді. Сонымен қатар бірнеше дәрістік курстарды дайындады: «Орыс филологиясы» мамандығының 2 курс студенттеріне арналған «XVII-XVIII ғғ. шетел әдебиетінің тарихы», «Орыс филологиясы»

мамандығының 3 курс студенттеріне арналған «XX ғасырдағы шетел әдебиетінің тарихы», «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студентетріне арналған «XX ғасырдағы шетел әдебиетінің тарихы»; «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс студенттеріне арналған «XVII-XVIII ғғ. Шетел әдебиетінің тарихы», Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне арналған «XX ғасырдағы орыс әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс студенттеріне арналған «XIX ғасырдағы шетел әдебиеті», «Орыс филологиясы» мамандығының студенттеріне арналған «XX ғасырдағы шетел әдебиетінің тарихы», «Орыс филологиясы» және «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандықтарына арналған мамандандырылған курстар.

1. Жұмыс тәжірибесі:

- 1983-1988 жж. тағылымгер-зерттеуші, аспирант – Абая атындағы ҚазПИ орыс және шетел әдебиеті кафедрасы;
- 1988-1992 жж. орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – №90 орта мектеп, Алматы қ.; кіші ғылыми қызметкер – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты;
- 1992-1998 жж. – Кадр бөлімінің басшысы, Ұлттық «Интурист Қазақстан» компаниясы;
- 1998-2000 жж. – Кеңесші – ҚР Мәжіліс Аппаратының халықаралық байланыс бөлімі;
- 2000-2003 жж. ректор – Әлем әдебиеті және журналистика университеті; Халықаралық байланыстар мен тілдер бойынша
- 2003-2007 жж. проректор – Д. Қонаев атындағы университет;
- 2003 ж. доцент, докторант, орыс және әлем әдебиеті кафедрасы; профессор – теория, әлем әдебиеті және фольклористика, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
- 2008-2011 жж. – орыс және әлем әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
- 2011-2020 жж. – орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
- 2020 жылдан бері – филология факультетінің деканы

2. Зерттеу қызметінің бағыттары:

- Әдебиеттану;
- Қазақстанның қазіргі әдеби үдерісі;
- Қазақстанның орыс және орыстілді әдебиеті.

3. Халықаралық қызметі:

1. Филология ғылымдарының кандидаты және докторы ғылыми дәрежесін тағайындау бойынша Санкт-Петербург мемлекеттік

университетінің диссертациялық кенесінің мүшесі. (Санкт-Петербург қаласы, Ресей)

2. Волгоград мемлекеттік университеті Хабаршысы редакциялық алқасының мүшесі (Ресей).

3. Ресей халықтар достығы университеті Хабаршысының редакциялық алқасының мүшесі (Ресей).

4. ҚазПРЯЛ вице-президенті.

5. Қос дипломды білім беру бағдарламаларының ұйымдастырушысы және координаторы:

➢ Магистратура бойынша ТМД желілік университеті («Филология», «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандықтары).

➢ Аспирантура РУДН – PhD докторантура әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті («6М011800 – Орыс тілі мен әдебиеті»).

4. Ғылыми еңбектер тізімі:

300-ден аса ғылыми еңбектері, 12 авторлық құқық туралы куәлігі бар, h-индексі - 2:

Монографиялар:

1) «Қазақстанның орыс әдебиеті». Монография.

2) «Қазақстанның орыс жазушылары». Өмірбаяндық анықтама.

3) «Қазіргі қазақтандық әдебиеттегі әлемнің ұлттық образдары». Монография.

4) «Қазіргі қазақстандық проза контекстіндегі Ю. Домбровскийдің авторлық дискурсы». Монография.

5) «Қазақстанның орыс тілді әдебиетінің антологиясы». Монография.

6) «Қазақстан әдебиетінің көркем әлемі». Компендиум.

7) «Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан әдебиеті гуманитарлық дискурсының эстетикалық көпқырлығы». Монография.

8) «Орта Азия әдебиеті контекстіндегі 1970-2000 жылдардағы Қазақстан прозасы мен поэзиясы». Монография.

9) XIX ғ. орыс классикалық прозасы нарративінің типологиясы. Монография

Оқулықтары:

1. «И.П. Шуховтың эпикалық прозасы». Бакалавриат және магистратура студенттеріне арналған оқу құралы.

2. «Қазақстанның орыс жазушылары прозасы». Бітіруші курс студенттеріне, магистраттарға, аспиранттарға және филолог-мамандарға арналған оқу құралы.

3. «XX ғасырдағы шетел әдебиеті тарихы».

4. «Орыс әдебиетінен олипмиада ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар».

5. «Антикалық әдебиет».

6. Антикалық әдебиет тарихы».

7. «XVII-XVIII ғасырлардағы шетел әдебиеті».

8. «XVII-XVIII ғасырлардағы шетел әдебиетінің тарихы».

9. «Орта ғасырлар және Қайта өрлеу дәуірінің шетел әдебиеті.

10. «Орта ғасырлар және Қайта өрлеу дәуірінің шетел әдебиетінің тарихы».

11. «XIX ғасыр шетел әдебиеті».

12. «XIX ғасыр шетел әдебиетінің тарихы».

13. «XX ғасыр шетел әдебиеті».

14. «XX ғасыр шетел әдебиетінің тарихы».

15. Мәдениеттер диалогы контекстіндегі тілдердің үштұғырлығы

16. А. Куприн прозасының нарратив концепті

Жоғары импакт-факторы бар басылымдарда жарық көрген мақалалары:

1. A literary text as a portal to ethno culture (based on the material from a novel by A. Zhaksylykov «Singing Stones» (Художественный текст как портал в лингвокультуру (на материале романа А. Жаксылыкова «Поющие камни») – Journal of language and literature (Jll) Vol. 5. No. 2. ISSN: 2078-0303. Журнал Scopus базасына енген. Issue ID: JLL14V5N2.

2. «Время» в славянском мировидении: когнитивно-дискурсивное описание. - Journal of language and literature (Jll) Vol. 5. No. 2. ISSN: 2078-0303. Журнал Scopus базасына енген. Issue ID: JLL14V5N2

3. Гуманитарный дискурс в современной интеллектуально-философской прозе Казахстана. – Bulleten d'Eurotalent-FidJip. 2015, №4. Editions du JIPTO, France.

4. История, современное состояние и перспективы развития русскоязычной литературы Казахстана. Bulleten d'Eurotalent-FidJip. 2015, №4. Editions du JIPTO, France.

5. Dialogic Orientation of Discourse in Contemporary Kazakh Novel. – The Social Sciences 10 (6): 1337-1342, 2015 ISSN: 1818-5800 Журнал Scopus базасына енген. © Medwell Journals, 2015.

6. "Anti-soviet" intertext in the art cycle of a. zhaksylykov "the dreams of evils". – Journal of Language and Literature, АЗЕРБАЙДЖАН, басылым: Progress Polygraphic Services LLC. – №7. 2016. Журнал Scopus базасына енген.

7. Plug-In Constructions as Means of Expressing Modus' Meanings in Fiction Discourse. – Current Science, ИНДИЯ, 2017. – №6 Журнал Scopus базасына енген.

8. «Гуманитарный дискурс прозы о военном детстве в современной русской и казахской литературе». – Current Science, ИНДИЯ, 2017. Журнал Scopus базасына енген.

9. Совершенствование профессиональной компетентности студентов в рамках дидактического потенциала цифровых технологий. - Известия вузов. Технология текстильной промышленности, РОССИЯ, издательство: Издание Ивановского государственного политехнического университета, № 3, 2019 (Scopus)

10. E-learning asa factor of gualiti assurance of professional training of future teachers of Russian language and literature. - For active and invaluable participation during the condust 5th internationalconferense on "Digital texnologies in education, scienseandindustry – 2020" (DTESI 2020, IITU, 14-16 september, 2020 (Scopus)

11. The Structure of the Literary Problem in the Formation of the Local Text Substrate - MEDIA WATCH Volume XI | Number III | ISSN 0976-0911 | September 202 (Scopus)

12. Anthropological Approach to Project Activities for the Professional Identity Formation of a Teacher in a Bilingual Environment. Baigunakova, Ainur S.,Zholdasbekova, B. U.,Begalieva, S. B.,Yanrong, Gao Journal of Siberian Federal University - Humanities and Social SciencesOpen source preview, 2025, 18(9), страницы 1718–1731

12. *Corpus explica-tion of semantics of the dichotomous concept "Life – Death" in the Russian linguistic picture of the world.* Lyi, Siqi,Polyakova, Elena V.,Zholdasbekova, B. U. Russian Language StudiesOpen source preview, 2024, 22(1), страницы 91–102

13. Semiotics of Bbjects in a Modern Kazakhstani Story. Tileubay, Gulbanu K.,Zholdasbekova, B. U.,Tattymbetova, K. O. RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and SemanticsOpen source preview, 2024, 15(4), страницы 1390–1402

14. The epistemological aspect of conceptual sphere in the artistic world of A.P. Chekhov. Tuimebayev, Zhanseit K.,Zholdasbekova, B. U.,Tattymbetova, K. O.,Shanayev, Ruslan U.,Lomova, Elena. RUDN Journal of Studies in Literature and JournalismOpen source preview, 2023, 28(3), страницы 490–497

15. Research on Language Migration and Russian Teaching Practice in the Acquisition of Russian Preposition Structure by Chinese Students. Gao, Yanrong,Kassymova, R. T.,Zholdasbekova, B. U.,Bayanbayeva, Zhadyra A.,Tattymbetova, K. O.

Eurasian Journal of Applied LinguisticsOpen source preview, 2023, 9(1), страницы 83–95

16. Mythologism of Modern Kazakhstani Prose: Lexico-Semantic Aspect. Shanayev, Ruslan U.,Zholdasbekova, B. U.,Kakilbayeva, Inkar T.,Kovalenko, A. G.,Bayanbayeva, Zhadyra A.

RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and SemanticsOpen source preview, 2023, 14(1), страницы 208–230

17. Linguodidactic potential of semiotically heterogeneous texts in teaching Russian to Kazakh schoolchildren. Zhapparkulova, Karlygash N.,Tuimebayev, Zhanseit K.,Zholdasbekova, B. U. Russian Language StudiesOpen source preview, 2022, 20(4), страницы 500–514

18. Didactic possibilities of multimedia in teaching social and humanitarian disciplines. Mizanbekov, S. K.,Zhapparkulova, Karlygash N.,Tattimbetova, Zh H.O.,Zholdasbekova, B. U.,Kovalenko, A. G. Izvestiya Vysshikh Uchebnykh Zavedenii, Seriya Teknologiya Tekstil'noi PromyshlennostiOpen source preview, 2020, 390(6), страницы 292–295

19. Increasing the efficiency of training future specialists in the process of using electronic training format. Mizanbekov, S. K.,Zhapparkulova, Karlygash N.,Tattimbetova, Zh H.O.,Zholdasbekova, B. U.,Aleksandrova, Oksana Ivanovna. Izvestiya Vysshikh Uchebnykh Zavedenii, Seriya Teknologiya Tekstil'noi PromyshlennostiOpen source preview, 2020, 390(6), страницы 287–291

20. Improvement of professional competence of students within the didactic potential of digital technologies. Mizanbekov, S. K.,Zholdasbekova, B. U.,Bayanbayeva, Zhadyra A.,Savchits, N. E.,Ismailova, Sh A. Izvestiya Vysshikh Uchebnykh Zavedenii, Seriya Teknologiya Tekstil'noi PromyshlennostiOpen source preview, 2020, 390(6), страницы 279–282.

21. Intertexts of fairy tales by Nikolai Verevochkin "Draw Me a Golden Heart". Zholdasbekova, B. U., Shanayev, Ruslan U. RUDN Journal of Studies in Literature and JournalismOpen source preview, 2019, 24(4), страницы 625–632

22. Modern means of information technologies as a tool for forming professional and communicative competence of future specialists. Mizanbekov, S. K.,Zholdasbekova, B. U.,Zhapparkulova, Karlygash N.,Tattimbetova, Zh H.O. Izvestiya Vysshikh Uchebnykh Zavedenii, Seriya Teknologiya Tekstil'noi PromyshlennostiOpen source preview, 2018, 378 2018-January(6), страницы 321–323

23. The specifics of the art autobiography genre. Ibrayeva, Danara,Salkhanova, Zhanat Khamarovna,Zholdasbekova, B. U.,Bayanbayeva, Zhadyra A.OpcionOpen source preview, 2018, 34(85), страницы 126–151

24. The author in esthetic activity and the functional text (On the basis of V. Mikhaylov's narrative ("The chronicle of the great jute"). Ainabekova, Gulzhan, Bayanbayeva, Zhadyra A.,Zholdasbekova, B. U.,Zhaksylykov, Aslan Zhamelevich. OpcionOpen source preview, 2018, 34(85), страницы 63–86

5. Марапаттары:

- «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2014 ж.;
- «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы», 2008 ж., 2014;

- «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 75 жыл», 2009 ж.;
- «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалі, 2014 ж.;
- «Ерең еңбегі үшін» медалі, 2019 ж.;
- ҚР Президенті, ҚР Білім және ғылым Министрлігі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Ресей халықтар достығы университеті, Беларусь Республикасының жазушылар одағының марапаттау қағаздары мен алғыс хаттары;
- Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалі – 2021 ж.;
- Ғылым мен техниканың дамуына ерекше үлес қосқан ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендиясы, 2022 ж.;
- «Құрмет» ордені, 2024 ж.

Береке Дәулетханқызы ЖҰМАҚАЕВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Береке Дәулетханқызы Жұмақаева 1965 жылы 15 маусым Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Атасу кентінде дүниеге келген. Әкесі – Дәулетхан Жұмақаев (1931 -1986), анасы Рымбала Белдібекқызы (1936-1988) есепші- бухгалтер болып еңбек еткен. Б.Дәулетханқызы еңбек жолын орта мектептен бастаған. 1984 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, 1988 жылы оқу орнын үздік дипломмен бітірген. 1988-90 жылдары ауыл мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып еңбек етеді. Осы жылдары университеттің «Хабаршы» ғылыми журналының жауапты редакторы, университеттің ғалым хатшысы қызметтерін қоса атқарады.

1990-1993 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты жанындағы аспирантурада оқып бітіреді. 2003 жылы ҚР ҰҒА академигі С.С.Қирабаевтың жетекшілігімен 13.00.02 – Оқыту теориясы мен әдістемесі мамандығы бойынша «Абай Құнанбаев шығармаларын қазақ мектептерінің 5-8 сыныптарында оқыту әдістемесі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды (2003 ж), 2003 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты (ғылыми атағы); 2008 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты (мамандығы: 13.00.02-оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі) ғылыми дәрежесі беріледі. 1993 жылдан 2018 жылдар аралығы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде алдымен аға оқытушы, доцент, профессор м.а. болып ширек ғасыр еңбек етеді: 2006-2011 ж. филология факультетінің педагогикалық практиға жетекшісі, 2008-2013 ж. ҚызПУ Хабаршысы ғылыми журналдың жауапты редакторы, 2010-2012 жж. университет ғылыми кеңесінің бас хатшысы, 2015 жылдан «Еңлік» студенттер театрының жетекшісі. Университеттің оқу-әдістемелік Кеңесінің мүшесі. Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша оқу әдістемелік бірлестік мүшесі. Б.Д.Жұмақаева – Республикалық «2014 жылдың ЖОО үздік әдіскері» байқауының жүлдегері; 2017 жылдың «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегері.

2018 жылдан Сүлейман Демирель атындағы университеттің профессоры болып еңбек етуде.

Б.Д.Жұмақаевның әдістеме саласында 300-ден аса ғылыми еңбектері, бірнеше оқулық, монография, оқу құралдарының авторы, «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша 5-11 сыныптарға арналған сандық білім беру ресурстарында, BilimLand қосымшаларында еңбектері бар.

«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі оқу құралы РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша ОӘБ грифімен жарық көрген. Уәкілетті орган ұсынатын басылымдардағы мақалалары – 35, Шетелдік ғылыми журналдарда 8, Скопус не Jstore базалардағы журналдарда –5 мақаласы жарияланған. Әдіскер-ғалымның еңбектері Жоғары және орта кәсіптік білім беру оқу орындарының дәріс беру курстарында және ғылыми зерттеулерде кеңінен қолданылып келеді. Абай мектептері желісіндегі «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған мектептерге арналған үлгілік бағдарлама (5-9-сыныптарға және 10-11 сыныптарға арналған /2020 ж) Негізгі орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектептерінің» 5-9 – сыныптары мен 10-11 сыныптарға арналған «Абайтану» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары (2020 ж.) қолданымда.

Б.Жұмақаева еңбектері ішінде 10 кітап оның жеке авторлығымен жарық көрген, 2 еңбек - авторлар ұжымымен берге шығарған ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатындағы монографиялар мен оқулықтар, оқу құралдары. Соларың қатарынан Б.Жұмақаеваның жеке авторлығымен соңғы бес жылда (2024-2025 жылдары) жарық көрген 6 (алты) еңбегін көрсеттік:

1. Жұмақаева Б.Д. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Жоғары оқу орындарына арналған. Оқу құралы – Алматы: СДУ Press, 2024. 224 бет.

2. New technologies in teaching literature: Monograph/ Almaty: TOO «Lantar books», 2024. -162 pages.

3. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық –Жұмақаева Б.Д./ Алматы: ЖШС «Лантар books», 2024. –333 бет. (ISBN 978-601-224-734-3)

4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. ТЕОРИЯ,ТӘЖІРИБЕ, ИННОВАЦИЯ. Оқу құралы. –Алматы, «Дарын» баспасы 2025. – 342 бет.

5. Қазақ әдебиетін функционалды оқыту. Монография. Алматы: «ASAU» баспасы, 2025. -288 бет.

6. Көңіл назы. Арнау, толғау, айтыс, беташар, сын, очерк, әңгіме драма, естеліктер мен эссе толғамдар. Алматы, «ASAU» баспасы, 2025, - 412 бет.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Оқыту – адамзат өркениетімен бірге жасасып келе жатқан мәңгілік мәселе. Қоғам өзгерген сайын оның мақсаты, мазмұны мен әдісі де жаңарып отырады. Сондықтан білім беру ісінде өзгенің тәжірибесін сол

қалпында көшіру емес, ұлттық болмыс пен тарихи тәжірибені заман сұранысымен ұштастыру маңызды. Тамырынан ажыраған жаңашылдықтың ғұмыры қысқа. Сол себепті әлемдік білім кеңістігіне ұмтылған тұста біз үшін басты мәселе – білім берудің сыртқы пішінін емес, ұлттық рух пен зияткерлік әлеуетті сақтайтын мазмұнын орнықтыру. Бұл ретте әдебиет пәнінің миссиясы ерекше. Әдебиет – өнер пәні, адамтану пәні, сонымен қатар, әдебиет – жан-жақты да терең ойлантатын пән. Әдебиет – адам болмысы мен қоғам табиғатын танытатын рухани зертхана. Ол дайын қағидаларды жаттатудан гөрі, ойлауға, пайымдауға, таңдауға және бағалауға үйретеді. Көркем шығарманы тану кейде күрделі формуланы шешуден де қиын: мұнда оқырман мәтінді ғана емес, адам тағдырын, заман келбетін, идеялар қақтығысын саралайды. Сондықтан әдебиет оқушыны біліммен қаруландырып қана қоймай, дүниеге өз көзімен қарайтын, азаматтық ұстанымы берік, ойы дербес тұлға қалыптастырады.

Б. Жұмақаева. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Теория, тәжірибе, инновация. Оқу құралы. –Алматы, «Дарын» баспасы 2025. – 20 бет.

Проблемалық сұрақ көбіне жағдаятқа қатысты туындайды. Барлық тақырыпта проблемалық сұрақ туғызу мақсат емес. Дегенмен проблемалық сұрақ теориялық материалды оқушының ой елегінде қорытып, өміртанымына қатысты пайымдауға мүмкіндік береді. Мәселен, С.Торайғыровтың «Кім жазықты?» романының атауының өзі проблемалық сұрақтан басталады. М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының кейіпкері сезім, сана сарабында «неге?» деген сауалды өзіне он сегіз рет қояды. Ал ол оқушылар үшін де проблемалық сұрақ емес пе?! Мәселен, «неліктен Баян екі жастың өліміне себепкер болды?», «Неліктен ауыр қазадан кейін басын бәйгеге тігіп, жорыққа аттанады?», «Неліктен автор тарихи адам өміріндегі осы бір оқиғаны шығармасына арқау еткен?», Неліктен автор поэма басында «Әдемі өткенді ойлап айнымасам, Сұм өмір күшті уын аяды ма?» деп сауал тастайды?! «Ол өткен тарихтың қандай болмысы туралы толғанады?», «Автор өткен тарихтың қандай идеяларын әдемі деп есептейді? Нені жоқтайды?», «Осы шығарма оқиғасы мен авторлық толғанысында қандай байланыс бар?», «Неліктен шығарма кейіпкері өзіне жауабы сан қилы сұрақ қояды?» деген мың-сан проблемалық сауалдарды туындата беруге болады.

Б. Жұмақаева. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Алматы: ЖШС «Лантар books», 2024. – 45 бет.

– Иә, апай мүмкін, ниеті дұрыстары да бар шығар. Бірақ, қараңызшы қазір кім көп?! Хиджап киетіндер, жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай таптап келеді. Тіпті кейбірі қара жамылып алады. Біздің бір құрбымыз болатын. «Маған қара жарасады. Қара кисем бетім аппақ, өзім арық көрінемін» дейтін. Сол сияқты мода көріп жүретіндер де бар. Так что, апай, өз бақытым үшін істеген ісімді қате демеймін, – деді.

Тағы да үнсіз қалдым. Айтарым жоқтығынан емес, айтқанмен пайдасы жоғын білдім. Иә, қазақ әйелін бақытты қыламыз деген ұранмен келіп, ұлттық болмысымызды өзгерткен, ал бүгінде «Өзіңді ойла! Өзің үшін өмір сүр» дейтін насихат қан-ділімізге әбден сіңіп бара жатқан соң, бірденеге дей қою қиын. Палата бұрышындағы сәби кереуетіне жақындап, тастанды баланың бетіне үңілдім. Жата-жата басы да жалпая түскендей. Маған қарап күліп қояды тағы. Қандай сүйкімді бала! Қара көзі, момақан жүзі жүректі елжіретеді. Ендігі тағдырың не болар?! Байғұс-ай, сенің шешең неден жазып, неден жаңылды екен?! Қазіргі жай-күні қандай екен?! Бірақ сенің анаң әлдекайда адал, аярлыққа жетпеген шығар деген ой келді.

Б. Жұмақаева. Көңіл назы.(Арнау, толғау, айтыс, беташар, сын, очерк, әңгіме драма, естеліктер мен эссе толғамдар). Алматы, «ASAU» баспасы, 2025, - 276 бет.

Әдебиет – тек оқиғаларды баяндау емес, автордың әлемге деген көзқарасын жеткізетін құрал. Бірақ шынайы көркем шығармада бұл көзқарас оқырманға тікелей емес, көркемдік құралдар арқылы беріледі. Автордың басты мақсаты – оқырманды дайын тұжырымға жетелеу емес, оны өз бетінше ойлануға итермелеу. Жазушы шынайы өмірдің бейнесін ұсынғанымен, оны өзінің субъективті көзқарасы арқылы өңдеп, әдеби шындыққа айналдырады. Сонымен көркем шығармада автор көзқарасы кейіпкердің сөзі мен әрекеті арқылы береді дедік. Ал оның шығармадағы көрінісі қандай? Ал «Атау кередегі» Тағанның «НЕГЕ БІЗ ОСЫ…» деген толғаныстарында автордың тотолитарлы жүйе қалыптастырған өліара шаққа өзгерген қазақ қоғамына, адам болмысына деген ой түйіндері ғана емес, ұстанымдары да көрінетіні айқын. Тіпті шығарма кейіпкерлеріне есім сайлағанда да автор идеясы анық. Оның негізгі кейіпкерлері – Таған, Ерік, Айна үштігі қазақ қоғамының да бет-бейнесі іспетті. Ерік – қандай да бір ұлтық құндылық, саяси көзқарас дегендерден ада, ерікті, менмендік пен тоғышарлыққа бет қойған бөгде жан. Оның осындай болуының негізі де шығармадан сыналап ашылады. Ал таған деген сөздің мәні – таяныш, тірек деген ұғымды білдереді. Мәселен, ошақтың да үш тағаны болады, сол арқылы қара қазан тең салмақ түсіріп нық орнайды. Шығармадағы Таған образы – ділі мен діңін саяси-әлеуметтік дауылдарға алдырып, тасқынға шайдырған

кешегі қазақтың өз сипаты, (ішкілікпен суарылған) өзгерген ұлттық қалпын көрсетеді. Тағанды өз болмысына оралту арқылы қазақтың да тамыры бекіп, бұрынғы қалпына келер ме екен деген автордың ойы қылаң береді. Ал әйелге автор Айна деген атау беру арқылы ұлттың негізі – әйел, ол біздің болашағымыздың айнасы деген ойды меңзейтіндей. Шығармада шалдың утопиялық иедясының өнімі саналатын Қозы мен Баян да осындай мән-мағына үстейді.

Б. Жұмақаева. Қазақ әдебиетін функционалды оқыту. Монография. Алматы: «ASAU» баспасы, 2025. 226-бет.

Тұрсын Құдакелдіұлы ЖҰРТБАЙ,

Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай 1951 жылы 15 тамызда Семей (қазіргі Абай) облысы, Абай ауданының Шаған ауылында туған.

Қызметтік өмір кезеңдері: 1958-1964 жылдары Қызылтастыбұлақ, Екіаша, Башкөл (Бескарағай ауданы) бастауыш және орталау мектептерінде оқыған. 1962-1963 жылы әкесі Құдакелді Жұртбайұлымен бірге Дегелең атом полигонында тұрды. 1963-1968 жылдары Абай ауданының Шаған ауылындағы Кеңес Одағының Батыры Ж.Молдағалиев атындағы орта мектепте оқып, бітірді. 1968-1969 жылдары Абай ауданына қарасты «Қызылту» кеңшарының №3 бөлімшесінде бухгалтер-есепші болды. 1969-1974 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің журналистика факультетінде оқып, бітірді. 1974-1976 жылдары Алматы облыстық "Жетісу" газетінің тілшісі. 1976-1980 жылдары "Білім және еңбек" (қазіргі "Зерде") журналының әдеби қызметкері, редакция меңгерушісі. 1979-1980 жылдары одақтық ғылыми-көпшілік "Техника молодежи" журналының Қазақстандағы тілшісі міндетін қоса атқарды. 1980-1990 жылдары "Жұлдыз" журналының сын бөлімінің әдеби қызметкері, содан кейін ретімен: поэзия, очерк және публицистика, сын, проза, бөлімдерінің меңгерушісі (1998 жылға дейін еңбек шартымен бас редактордың кеңесшісі). 1982-1992 жылдар аралығында СССР Жазушылар Одағының Сын кеңесінің мүшесі болды. 1984-1998 жылдары «Жұлдыз» журналының редакция алқасының мүшесі. 1984-2026 жылдар аралығында Қазақстан Жазушылар Одағының Басқарма мүшесі. 1984 жылы Москвада өткен жас жазушылардың Бүкілодақтық кеңесіне қатысты. 1987-1991 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағының жанындағы Праволық комиссияның төрағасы (қоғамдық негізде). 1990-1992 жылдары ҰҒА-ның ұсынысымен М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының М.Әуезов мұраларын зерттеу бөліміне (мұражай-үйіне) аға ғылыми қызметкерлікке шақырылды. 1990-1991 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде дәріс оқыды. 1991-1996 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының жанындағы Сыншылар мен әдебиет зерттеушілері Ассоциясының президенті (қоғамдық негізде). 1991-2001 жылдары Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетінің филология және журналистика факультеттерінің аға оқытушысы. 1992-1996 жылдары М.Әуезов мұраларын зерттеу бөлімінің (мұражай-үйінің) меңгерушісі.1992-1997 жылдар аралығында М.О.Әуезов Халықаралық қайырымдылық қорының президенті; 1992-1998 «Ақиқат» журналының ғылыми кеңесшісі қызметін үйлестіре атқарды. 1996-1998 жылдары ҚР ҰҒА-ның "М.Әуезов үйі" Ғылыми-мәдени орталығының директоры.

1998-2001 жылдары Әдебиет және өнер институтының докторанты, аға ғылыми қызметкері. 1999-2001 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының аға оқытушысы, 1999-2001 жылдары "Қазақ газеттері" ашық акционерлік қоғамының ғылыми кеңесші редакторы қызметтерін үйлестіре атқарды. 2001-2018 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры. 2018 жылдан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы "Отырар кітапханасы" ғылыми орталығының Бас ғылыми қызметкері. 2006, 2008 (наурыз – шілде айлары аралығында) және 2013, 2018 (қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында) жылдары Пекиндегі Орталық Мемлекеттік Ұлттар университетінде қазақ мәдениетінің тарихы, қазақ әдебиетінің тарихы, шығармашылық психологиясы, абайтану, әуезовтану дәрістері бойынша дәріс берді. 2001-2011 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы докторлық диссертация қорғау жөніндегі мамандандырылған ғылыми Кеңестің мүшесі болды.

Ғылыми атақ-лауазымдары: 1992 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының мамандандырылған ғылыми Кеңесінде «Бейуақ» монографиясының негізінде «М.Әуезовтің «Қилы заман» және «Қараш-Қараш» повестеріндегі тарихи және көркемдік шындық» атты тақырыпта дайындалған автореферaттық баяндамасының негізінде (ғылыми жетекші – филология ғылымдарының докторы, профессор М.Мырзахметов) филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді. 2000 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының мамандандырылған ғылыми Кеңесінде «Бесігіңді түзе!..» монографиясының негізінде «М.Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі» деген тақырыпта филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация (ғылыми кеңесші – ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.С.Қирабаев) қорғады. 2001 жылы ЖАК-тың шешімімен «Әдебиеттану» мамандығы бойынша «доцент»; 2001 жылы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің ғылыми Кеңесінің шешімімен «Еуразия Ұлттық университетінің профессоры»; 2002 жылы ЖАК-тың шешімімен «Әдебиеттану» мамандығы бойынша «профессор»; 2010 жылы Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайланды. 2015 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» – атағы берілді. Пекин Мемлекеттік Орталық Ұлттар университетінің (Пекин, 2013), Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университетінің (2011) құрметті профессоры.

Шығармашылық жетістіктері үшін:

1992 жылы «Бейуақ» монографиясына Қазақстан Жазушылар одағының Ш.Құдайбердіұлы атындағы халықаралық "Алаш" сыйлығы; 1995 жылы екі томдық «Дулыға» тарихи әфсанасына І.Жансүгіров атындағы республикалық әдеби сыйлығы; 2010 жылы түрік дүниесі мәдениеті мен ғылымын насихаттағаны үшін мемлекетаралық «Түріксой» қауымдастығының сыйлығы – берілді. 1999, 2000, 2020 ж.ж. Қазақстан Республикасы Президентінің әдебиет пен мәдениет саласындағы стипендиаты.

Марапаттары:

1996 жылы екі ел арасындағы мәдени байланыстарды нығайтқаны үшін Пакистан Республикасын Президентінің Құрмет Грамотасымен; 1997 жылы мәдени байланыстарды нығайтқаны үшін ЮНЕСКО-ның Құрмет Грамотасымен; 2001 жылы (тамыз) «Қазақстан ғылымына сіңірген зор еңбегі үшін» Құрмет белгісімен; 2001 жылы (желтоқсан) ҚР Ғылым және Білім министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға қосқан зор үлесі үшін» Грамотасымен; 2001 жылы (желтоқсан) «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен; 2004 жылы Ресейдің Муниципальдық академиясының Төралқасының шешімімен «М.Шолоховтың туғанына 100 жыл» ескерткіш медалімен; 2007 жылы «Астанаға 10 жыл» мерекелік медалімен; 2007 жылы Жоғары оқу орындары Ассоциясының А.Байтұрсынов атындағы саңлақ авторларға берілетін «Алтын медалімен»; 2011 және 2018 жылдары «Үздік ғылыми жетістігі мен сіңірген еңбегі үшін» Күлтегін» төсбелгісімен; 2011 жылы (желтоқсан) «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен; 2011 жылы Жоғары оқу орындары Ассоциясының А.Байтұрсынов атындағы саңлақ авторларға берілетін «Күміс медалімен»; 2017 жылы «Астанаға 20 жыл» мерекелік медалімен; 2020, 2024 жылдары «Түріксой» қауымдастығының халықаралық «Абай медалімен» – марапатталды. 2021 жылы «Парасат» орденімен марапатталды. Шығыс Қазақстан облысы Абай (2001) және Үржар (2017) аудандарының «Құрметті азаматы».

Еңбектері: 130-дан аса басылымның, соның ішінде 50-ден астам көркем және деректі шығармалардың, әдеби зерттеу кітаптарының, 40-дан астам ғылыми, ғылыми-көпшілік монографияларының, сондай-ақ 1 500-ден астам әдеби-сын, зерттеу мақалаларының авторы, соның ішіндегі негізгілері:

Көркем шығармалар мен әдеби-сын бағытындағы жинақтар: "Замандасым, сырласым" (1976, публицистика), "Қоңыр қаз" (поэзия,1978), "Жүрегімде жұмыр жер" (поэзия, 1980), "Бескарагер" (повестер, 1982), "Дара тұлға", деректі хикая, (1984), "Жер – бесік",

роман-новелла мен повесть, әңгімелер (1985), «Абай алдында», балаларға арналған кітапша (1987),"Бабочка под снегом", (орыс тілінде, 1990), "Талант Калибека" (1992) орыс тілінде), "Кетбұға" (1996, 2005, Пекин, Ұлттар баспасы), "Болашақтың бәйтерегі" (2007), «Қар астындағы көбелек» (2008,2024), «Бір туыс жусан» (2009), «Қалибек Қуанышбаев», деректі хикая, (2009), «Шығармалар», 1-2 том, (2011), «Далеки и близкие» (роман-новелла, орыс тілінде, 2012), «Жансар. Әсселер мен естеліктер, (2020), «Түйешінің қызы» (2023), Сыңар қанат. Өлеңдер мен дастандар, аудармалар (2026, Фолиант).

Ғылыми, ғылыми-көпшілік басылымдары: "Бейуақ", монография, салыстырмалы әдеби талдау, 1-кітап (1990), "Дулыға", Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар, 1-2 кітап (1994, қайта басылымы – 2007), "Бесігіңді түзе!", ғылыми талдау-эссе, (1997), "Талқы", тарихи-деректі талдау (1997), "Мухтар Омарханович Ауэзов", тарихи-өмірбаяндық очерк (түрік, орыс тілдерінде, Анкара, 1997), "Күйесің, жүрек…сүйесің!", Абай: «Жан бастандығы» немесе рухани тәуелсіздік мәселесі, монография, салыстырмалы-әдеби талдау (2001, қайта басылымы – 2006, 2020), "Бесігіңді аяла!", М.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны, монография (2002), "Құнанбай", тарихи және әдеби тұлға, салыстырмалы талдау (2004, қайта басылымы, 2020), "Сүре сөз", ғылыми публицистикалар, (2005), «Бейуақ». «Қилы заман» трагедиялық романындағы тарихи құжаттарға талдау, қайта басылымы – Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 7-том, 2010), «Ұраным – Алаш!..", түрме әфсанасы, (Жегі», 1-кітап, 2008; «Тез», 2-кітап, 2011; «Талқы», 3-кітап 2012), «Бұзылған бесік!...», «Хан Кене» пьесасы негізінде XIX – XX ғ.ғ. тариихи құжаттарға талдау, Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 16-том 2010), Ғылыми-көпшілік шығармалары. 1-2 том, (2011), «Акинак» литературно-историческое исследование. Книге первая, (2012), «Мықан ағашы», Қазақ ертегілеріндегі әсіреәфсаналық (мифтік) сана мен көркем ойлау жүйесі, (2013, Пекин), «Мәңгілік аңсар», ұлттық идея және әдебиет, зерттеулер мен мақалалар (2013), «Біртұтас алаш идеясы», зерттеулер, (2014), толықтырылып басылуы – 2016), «Жолы болған жолаушы», ғылыми экспедиция күнделіктері, (2014, толықтырылып басылуы 2016), «Акинак», литературно-историческое исследование, в двух томах, на русск. яз., (2015), «Боль моя, гордость моя – Алаш!..», трилогия, на русск. яз., (2015), «Время чести». Книга вторая, Безвременье. трагедия восстания в Семиречье (Литературно-историческое исследование повести М.Ауэзова «Лихая година» (2016); Книга третья. Сборник архивных материалов о национально-освободительном восстании 1916 года, (2016), и переиздание 2019 г.), «Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXII том. "Күйесің, жүрек… сүйесің!", Абай: «Жан бостандығы» немесе рухани тәуелсіздік мәселесі,

монография, салыстырмалы талдау (2017), «Ғылым сақабасы», Қ.Халиди: ғылыми өмірбаяны, монография (2018), «Жолы болған жолаушы», *ғылыми экспедиция күнделіктері, толықтырылып қайта* басылуы, (2019), «Ұраным – Алаш!..», Түрме әфсанасы. «Жегі», 1-кітап, «Тез» екінші кітап, «Талқы», үшінші кітап (2019), «Рух сұлтандары» (2020), «Түрік әлеміне ортақ тұлға» М.Жұмабаев. Авторлық, ұжымдық жинақ (2020), «Еңбек сүйген өмір» (2024).

Абайдың өмірі мен шығапмашылығына арналған 8 кітаптан тұратын: «Кешегі өткен би Құнанбай...» (...қандай еді: тарихи және әдеби тұлға), монография, (2020), «Соқтықпалы, соқпақсыз заманда өсті...», филофоиялық-ғылыми толғау, монография, (2020), «Білмей мұны жазған жоқ», мәтінтанулық зерттеулер: «Мұны: жазған ойланып», 1-кітап; 2. «Ойда бардан толғанып...», 2-кітап, (2020), «Ол боламын демеңдер...». Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер.((2020).

2024-2026 жылдары жарық көріп, сандық есепке алынған ғылыми-көпшілік және зерттеу еңбектердің тізімі: 1.«Ол боламын демеңдер...» (Абай шығармаларының текстологиясы) Зерттеу. – Алматы: Атамұра, 2024. – 208 бет.; 2.Дәрілқарап (Абайдың рух әлемі: әдеби-салыстырмалы талдау) – Алматы: Атамұра, 2024. – 192 бет; 3.Түйешінің қызы. Әңгімелер, повесть. – Қарағанды: «Qasym» баспа үйі, 2024. – 174 бет; 4.Қар астындағы көбелек. Роман-хикаят. – Қарағанды: «Qasym» баспа үйі, 2024. – 414 бет; 5.Болашақтың бәйтерегі: әңгімелер мен хикаяттар. Қ.Қазекеұлы. Тағдыр тәпсірлері. Алғысөз. 1-кітап. – Алматы: Атамұра баспасы, 2024. – 160 бет; 6.Болашақтың бәйтерегі: әңгімелер мен хикаяттар. Қ.Қазекеұлы. Тағдыр тәпсірлері. Алғысөз. 2-кітап. – Алматы: Атамұра баспасы, 2024. – 256 бет; 7.Әлкей Марғұлан. Еңбек сүйген өмір. (Академик Әлкей Марғұлан туралы «Тілше» мен Күнделік» негізінде жазылған эпистолярлық эссе!). А.Байханов. Ұлтына адал перзент. Алғысөз. – Алматы: «Aitmahambet» баспасы, 2024. – 138 бет; 8.Құнанбай немесе жәбір сұлтаны. Тарихи және әдеби тұлға. Екі кітаптан тұрады. 1-кітап -Алматы: Атамұра, 2024. -256 бет; 9. Құнанбай немесе жәбір сұлтаны. Тарихи және әдеби тұлға. Екі кітаптан тұрады. 2-кітап -Алматы: Атамұра, 2024. -240 бет; 10. Дулыға. Тарихи әфсаналар. 1-кітап: 1-том -Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2024. -275 бет; 11. Дулыға. Тарихи әфсаналар. 2-кітап: 1-том -Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2024. -275 бет; 12. Тарихи әфсаналар. 3-кітап: 1-том -Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2024. -275 бет; 13. Дулыға. Тарихи әфсаналар. 4-кітап: 1-том -Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2024. -272 бет; 14. Абай (Соқтықпалы, соқпақсыз өткен өмір). Өмірбаян. – Алматы: Атамұра 2024. – 240 бет; 15. «Күйесің, жүрек... сүйесің!» (Абай: «Жан бостандығы...» немесе рухани тәуелсіздік). – Алматы: Атамұра, 2024. – 320 бет; 16. Бесігіңді

түзе. Хамса-бестаған. Толғау-әфсаналар (екі кітаптан тұрады) 1 кітап. – Алматы: Атамұра, 2024. – 192 бет; 17. Жұртбай Т. Бесігіңді түзе. Хамса-бестаған. Толғау-әфсаналар (екі кітаптан тұрады) 2 кітап. – Алматы: Атамұра, 2024. – 224 бет; 18. «Бесігіңді ая!...» (Ойтолғау: құпия құжаттар мен тағдырлы деректер). (екі кітаптан тұрады) Бірінші кітап. – Алматы: Атамұра, 2024. – 304 бет; 19.«Бесігіңді ая!...» (Ойтолғау: құпия құжаттар мен тағдырлы деректер). (екі кітаптан тұрады) Екінші кітап. – Алматы: Атамұра, 2024. – 256 бет; 20. «Бесігіңді аяла!...» (Түрме талқысы) (Екі кітаптан тұрады) Бірінші кітап. – Алматы: Атамұра, 2024. – 304 бет; 21. Жұртбай Т. «Бесігіңді аяла!...» (Түрме талқысы) (Екі кітаптан тұрады) Бірінші кітап. – Алматы: Атамұра, 2024. – 224 бет; Кекті бесік, текті бесік Тарихи әфсаналар, (2026, «Ата» баспасы), «Өлгендермен өмір сүрем. Естеліктер. 1-2-3 кітап. (2026, Ата баспасы)

Жоғары оқу орындрының филология және тарих факультеттірінің бакалаврлары мен магистранттарына, докторанттарына арналған арнайы курстық дәрістер: 1. Сөз мәдениеті. Жалпы курс бойынша типтік оқу бағдарламасы. (2001). 2. Әдеби шығармашылық. Магистранттарға арналған арнайы курс бағдарламасы. (2002); 3. Абайтану оқулығы. Профессор Т.Жұртбайдың абайтануға арналған қосымша оқулық құралы (Пекин, 2012); 4.Халық ауыз әдебиеті – тарихи дерек ретінде (Пекин, 2018); 5. Сұлу сөз. Бакалаврлерге, магистранттарға, докторанттарға арналған дәріс бағдарламары. (Пекин, 2018); 6. Профессор Т.Жұртбайдың дәрістері. Халық ауыз әдебиеті – тарихи дерек ретінде. Арнайы курс. (Нұрсұлтан, 2020, 2021); 7. Бейнет сусыны» Сұлу сөздің» жүйесі: бағдарламалар мен дәрістер.(Нұрсұлтан, 2020).

2001-2024 жылдар аралығында профессор Т.Жұртбайдың жетекшілігімен құрастырылып, ғылыми түсініктемелері жазылып, баспадан шыққан еңбектердің тізімі: 1.Нарманбет "Кер заман" (2004); 2."Жетінші қазына" (2004); 3.Х.Болғамбаев Шығармалары. Тағылымдары" (2005); 4.Т.Қоңыров, „Теңеулер табиғаты" (2005); 5.Х.Тәкежанов „Қазақтың салт-дәстүрлері" (2005);6. Ә.Марғұлан „Саят құстары" (2005, 2014); 7.Ноғайбай „Елім үшін кектімін" (2007); 8.Б.Бафин „Тарихи шежіре" (2007); 9.И.Нұрахмет „Ұлыстық әдебиеттен – ұлттық әдебиетке" (2005); 10.С.Кенжеахметұлы „Қазақтың салт-дәстүрлері" (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, 2004); 11.„Қазақтың дархан дастарханы" (қазақ, орыс тілдерінде, 2006); 12. „Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы" (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, 2007); 13.Қ.Сартқожаұлы „Түркі жазуының генезисі" (2007); 14. Н.Ахметбеков „Өлеңдері мен дастандары" (2007); 15.«Алаш ақиықтары» ғылыми басылым (2007); 16-26. Қ.Мұқамедханов 10 томдық ғылыми басылым (2004-2011), 27-32.С.Бегалин. 6 томдық шығармалар жинағы (2007); 33-36. «Қазақ ұлт-азаттық көтеріліснің тарихы» атты 30 томдықтың 7, 11-

16 томдарын (2007, 2008, 2009); 37. «Түркі дүниесіне ортақ тұлға (ағартушы, ақын, аудармашы, публицист Мағжан Жұмабаев (Алматы, Анкара, 2019); 38-43. М.Әуезов. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы (1997-2000,1-5 тт.); 44-47: Алаш-қозғалысы – Движения алаш. Профессор Т.Жұртбайдың авторлық басылымы. Алаш ісінің сотының тергеу материалдары. Құжаттар, тергеу сұрақтары мен жауаптар, сот хаттамалары, тәргіленген хаттар – Авторское издания профессора Т.К.Журтбая. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Документы, допросы и ответы, синхронные переводы, материалы судов. Конфискованные письма (Трехтомные сборник документов. 2011), Дополненные переиздания (2017-2018); 44-54: «Қазақ қолжазбалары (біздің дәуірімізге дейінгі X ғ. Бастап XXI ғ. дейін)». 10 томдық ғылыми жоба. 1/.«Ежелгі көне қытай жазбаларындағы түркілік әдеби үлгілер» атты 58 автор қамтылған туындылардың (түп нұсқадан жолма-жол аударған Е.Сыламханұлы) әдеби аудармасын жасады, 1 том, 2011; 2/.Майтри симит ном бітік (Maitrisimit nom ditik), Құмыл нұсқасы, 1067 жыл.Факсимилие, транскрипция, жолма-жол аударма, еркін аударма. 2012, 5-6 том, 3/. Софы Аллаяр. Сәбәт-ул әжизни. (Әлсіздердің тірегі). Мәснауи дастан. Факсимилие, транскрипция, жолма-жол аударма, көркем аударма (Т.Жүсіп, С.Нұржан). 2012; 55-59. Т.Жұртбай. „Ғылым сақабасы", монография (2018). Құрбанғали Халиди. Шығыстың бес тарихы («Тауарих-и хамса-и шарқи») XIX ғ.: факсимиле, аударма, сөздік, ғылыми түсініктер. 4 том. шағатай тілінен қазақ тіліне аудару, өзара салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу, араб, парсы, түркі тілдеріндегі мәтіндерге түсініктер жасау, халықаралық латын қарпіне (International Phonetic Alphabet) транскипциялап, аударып, түсініктер: 1 том. «Тауарих-и хамса-и шарқи» 1 бөлім. Факсимиле, жолма жол аударма, аударма, түсінік. Көлемі 25 б.т (2018, Қазақ энциклопедиясы); 2 том, «Тауарих-и хамса-и шарқи» 2 бөлім. Факсимиле, жолма жол аударма, аударма, түсінік. Көлемі 25 б.т. (2019, Қазақ энциклопедиясы), 3 том. «Тауарих-и хамса-и шарқи» 3 бөлім, Факсимиле, жолма жол аударма, аударма, түсінік. Көлемі 25 б.т. (2025, Фолиант), 4 том. «Тауарих-и хамса-и шарқи», 4 бөлім, Факсимиле, жолма жол аударма, аударма, ғылыми түсінік. Көлемі 25 б.т (2026, Фолиант), 5 том. «Тауарих-и хамса-и шарқи», 5 бөлім. Факсимиле , жолма жол аударма, аударма, сөздік қоры, ғылыми түсінік. Көлемі 25 б.т. (2026, Фолиант)

Профессор Т.Жұртбай қатысқан халықаралық ғылыми сипозиумдар мен конференцияларға (Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Россия, Монғолия, Қытай, Токио, Иран, Каир, Венгрия, Чехия, Словакия) қатысып, баяндамалар жасады..

Жазушы-ғалымның ғылыми-шығармашылық өмірі туралы бакалаврлық, магистрлік диссертациялар қорғалған. Шығармашылығы туралы қазақ, ағылшын тілдерінде монография жазылды.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Ашығын айтайын, сөз өнерінің дертіне қатысты тағдыр маңдайға бұйырған талай тауқымет пен сүйініштi-күйініштi күйді өткердік қой. Алайда, дәл осы жинақтың етек-жеңін жинақтау барысындағыдай сезімнің жанкешті қыстығуын бастан кешкен жоқ екенбіз. Өйткені, әр өлең, мейлі сәтсіз де, әлсіз де болсын, бәрібір, сонау бір ұмытылған бұла күндердің ыстық-суығын, мейірім-қайырымын, жетімдік бөзексу мен өршелене ұмтылған намыстың талшықтары көз алдын қамап, жүйкені шүйкеледі. Кей кездері бір өлеңнің еске түскен әсерімен бір күн толғатып жүруге тура келді. Себебі, олардың әр жолына менің жетімсіреп өскен жетім көңілімнің таты жұғып қалыпты.

Жұртбай. Т. Сыңар қанат. Өлеңдер, дастандар, аудармалар. "Абай жолы" кітапханасы, Фолиант, 2026.3-бет.

Ойымды көркем жеткізе алатындай жазу қабілетін бергені үшін тағдырыма мың да бір ризамын... Анық түсіндіріп бере алмаймын. Соның белгісіндей боп отыз жас емес, жиырма тоғыз жасыма дейін қағазға түскен осынау дүниелер қалыпты. Балаңдық та, албырттық та, әр сәкке алып ұшқан қиял да, арылмайтын аңсардың да ыстық табы сақталыпты. Тіпті, өмірлік шындықтың өзі өзгеше бір иіріммен өрнек тауыпты... Тіршіліктің тынысы тынып қалатындай, ділгір күндерде 25-26 жаста жазылған «Жер – бесік» атты роман-новелламның қаусырмасында маған еті жақын алаш ұрпақтарының жандүние жанталасы, Шәкәрім мен Мағжанның жан азабы, алашқа деген жиырма бес жасар жігіттің аңсары жатыр. Сондықтан да, «Жеті ұлым бір бөлек, Ертөстігім бір бөлек» дегендей, өзге елу кітабым бір бөлек те, «Болашақтың бәйтерегі» бір бөлек сияқты көрінеді де тұрады. Өкініштісі, тура отыз жаста жазылған «Қар астындағы көбелек» атты роман-хикаяттың «Беті тілінген тарғыл тастар» мен «Жол шетіндегі бала» атты білімдері сол кездегі әдеби-шектеу қысымының себебінен жазылмай қалып еді. Әлі де жанымды сыздатады. Жазуын жазармын-ау, бірақ, сол бір сезім сызатының уыты қайтып қалмаса нетті.

Жұртбай Т. Болашақтың бәйтерегі. Әңгімелер мен хикаяттар. Алғысөз. 2007, Қайнар. 3-бет.

Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолына арналған эссе-зерттеу бағытындағы «Бесігіңді ұмытпа!..» деген үш кітаптан тұратын бұл көлемді еңбек – елу жылдан астамғы үздіксіз де табанды

ізденісінің нәтижесі болып табылады. 1-кітап: «Бесігіңді түзе – сол еңбектің бірінші бөлімі.

Эссе-зеттеудің мазмұны ондағы тараулардың: Тамыр мен тағдыр (Туған орта, балалық, жастық шақ, алғашқы махаббат, алаш қозғалысы), «Ажалың – биік қабақ, ақ сұр қыздан» («Еңлік-Кебек» трагедиясының жазылу тарихы, тарихи және көркемдік шындық), «Біз әлі шикі жұртпыз» («Жас алаш», «Талап» үйірмелеріндегі қайраткерлік қызметі және публицистикалық туындыларындағы көтерілген ұлттық мәселелер), «Жауыздың қолында бір ойыншық» («Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі Ғазиза мен Ақанның прототиптері кімде және олардың өмірлік деректері), «Көз жасың өртеп барады» («Мұхтардың жастық кешуі, яғный, «Сөніп жану» әңгімесіндегі қалыңдық кім?), («Тентек күндердің таңбасы» немесе «Қыр әңгімелеріндегі» оқиғалардың өмірлік негіздері), «Көңілім сүйген кісіге тиемін» («Үйлену» әңгімесіндегі авторлық «мен»), «Іштегі ыстық сезім» («Кінәмшіл бойжеткен» мен «Қаралы сұлу» өмірде болған ба?), «Кімді іздеп өмір сүрем», («Қаракөз» пьесасындағы Сырым Мен Қаракөздің прототиптері кімдер?), «Тұқымын сезген жүзіқара» («Көксерек» хикаяты қалай жазылды?), «Кімсің сен?» (Түрмеден шыққаннан кейінгі өмір талқысы), «Сүйсе де тістеп сүйіп әдеттенген» («Түнгі сарын» пьесасындағы сылқым келіншек Жұзтайлақ), «Тимейсің, тіл емізіп күнелтесің...» («Айман-Шолпан»: Көтібар батыр және апалы-сіңілі арулар кімдер?), «Шымшып көруге болатын өз өмірі» («Қасеннің құбылыстары» әңгімесіндегі алаш зиялысының өмірлік деректері) – деген аттарынан-ақ анық та қанық аңғарылады.

2-кітап: «Бесігіңді ая!..» атты екінші кітапқа М.Әуезовтің жеке басына қияметтік тағдыр «сыйлаған» және ұлтымыздың тарихындағы ең талмалы тұстардағы трагедиялық оқиғаларға арналған, жазушының көзі тірісінде жариялауға тиым салынған «Қилы заман», «Хан Кене», «Қараш-Қараш» оқиғасы хикаяттарындағы көркем оқиғалардың астарындағы тарихи шындық пен авторды сергелдеңге салған салған идеологиялық қысымдар салыстырыла талданған.

3-кітап: «Бесігіңді аяла!..» (Түрме талқысы)– М.Әуезовтің талмауытты, құғын мен сүргінде өткен тағдыр талқысына арналған. « Бесігіңді аяла!..» – жазушы-ғалым Мұхтар Әуезовтің қырық жылға созылған қудаланды (1917-1961) өмірі мен шығармашылық тағдыры, тұлғалар талқысы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің архивіндегі «аса құпия құжаттармен», сирек деректермен, өзара жазысқан хаттармен жарыстырыла талданып, кеңестік жазалау жүйесінің рухани тәуелділікке жүгіндіру мақсатында жүргізілген идеологиялық қысым саясатын жүйелі түрде талдайды. Үшінші кітаптың ішкі мазмұны, ондағы: Талыс (Аңғарту), Бірінші бөлім: Талқы. Бірінші тарау: Түрме

талқысы («Әдебиеттен орынын іздеген Әуезов), Екінші тарау: Заман талқысы («Оталған ормандағы аман қалған ағаштар»), Үшінші тарау: Тұлғалар талқысы («Лағынет қамытын алу»), Төртінші тарау: Тобырлар талқысы (немесе Кенесары кергісі), Бесінші тарау: Керазулар кергісі (немесе «Абайдың атын бетқап етіп жамылған...»), Алтыншы тарау: Пәңгінің талқысы («Ең сорлы өзімшіл...күншіл күйік...бақытсыз...»), Жетінші тарау: Қызылөңеш талқы («Жеке басыма аяусыз зорлық көрсетіп отыр»),Сегізінші тарау: Тылсым талқы («Тірідей теріңді сыпырудың жолын...»), Тоғызыншы тарау: Сүлделер сүргісі («... романының көзін жоюға ұмтылған»), Оныншы тарау: Күйініп...сүйіне алмаған өмір («Мұхтардың өлім күйі») – деген тарау аттарынан толық ашылады.

Қорыта айтқанда, «Бесігіңді ұмытпа!..» атты бұл үштаған (трилогия) – жазушы-ғалымның өмір бойғы жанкешті ізденісінің нәтижесі болып табылады.

Жұртбай Т. 1.«Бесігіңді түзе!..». Хамса-бестаған; 2.«Бесігіңді ая!...», 3.«Бесігіңді аяла!...» (Түрме талқысы) – Алматы: Атамұра, 2024.

Бұл шығарма кеңес өкіметінің идеологиялық қыспағы тұсында 1987-1992 жылдары аралығында жазылды. Сондықтан да, империяға деген ішкі қызыл «Дулығаның» жасырын бір ішкі желісі сияқты етіп алынып еді. Тәуелсіздіктің тұсында соның барлығы басы артық кіжіну сияқты көрінуі мүмкін. Оқырманы ауысып үлгерген ұрпақтың солай түйсінуі – табиғи. Бірақ та, біз қайта басылым барысында қолжазбаға қол тигізбедік. Өйткені, үлкен империялардың пиғылы мен өктемдік саясаты, ғылымдағы астамшылықтар, әділетсіз пайымдаулар қазір де толастаған жоқ, керісінше, ғаламдастырудың ырқымен бұрынғыдан да екпінін үстемелеп барады. Сондықтан да, сана мен таным, пайым мен парық талғамы ауысқан кейінгі толқын сол бір империялық астамшылықтың дертінен айықпаған оқымыстылардың әккі пікірлерін назарына іле жүрсе екен – деген ниетте болдық. Бұл ұстанымның бір кілтипаны, соңғы ширек ғасырда осында барынша батым болжал айтып, дәлелдеуге ұмтылған кейбір тарихи деректерді растайтын, Арқайым мен Батай, Берел мен Шілікті қорғаны сияқты мәдени қазба жәдігерлер туралы дәлелді деректер ғылыми айналымға түссе де, оның қадір-қасиеті мен маңызын білсек те, ол пайымдаулар қолжазбаның әуелгі ауанын бұрып әкететін болғандықтан да, каперге алмадық. Өкініштi, әрине. Иә, шығармашылықтың өзіне тән осындай өзіндік қатаң ішкі талаптары ар. Біз соған бағындық.

Жұртбай Т. Дулыға. Тарихи әфсаналар. Қайта басылымына алғысөз. 1-2 кітап (1994,2007, 2018, 2021),

«Күйесің, жүрек... сүйесің!» (Абай: «Жан бостандығы...» немесе рухани тәуелсіздік) атты монографияның басты мақсаты мен мазмұныны оның мынадай тарау аттарынан-ақ аңғаруға болады. «Қайғы шығар ілімнен...» (Ой қайрағы)Бірінші бөлімі: «Күйесің, жүрек, күйесің...». 1. «Түзетпек едім заманды...» (Абай және отарлау саясаты). 2. «Өз қолыңнан кеткен соң енді өз еркің...» (Абай және рухани бостандық мәселесі). 3. «Өңкей жалған мақтанмен, шынның бетін бояйды...» (Абай және жалған намыс, орынсыз мақтан мәселесі). 4. «Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге...» (Абай және идеологиялық тәуелсіздік мәселесі).5. «Өзімдікі дей алмай өз малыңды...» (Абай және экономикалық тәуелсіздік мәселесі).6. «Бас-басыңа би болған өңкей киқым...» (Абай және тәуелді билік мәселесі). 7. «Қу тілмен қулық сауға заңы құрсын...» (Абай және дәстүр мен тәуелді заң мсәселелері). 8. «Адамды сүй, Алланың хикметін сез...» (Абай және діни таным мәселелері). 9. «Иман ізде!...» (Абай және шоқындыру саясаты). 10. «Саудасы – ар мен иманы...» (Абай және «әулие әкейлердің» миссионерлік ілімі). 11. «Ойында жоқ олардың шариғатқа шаласы...» (Абай және шоқындыру мектептері). 12. «Кәпір көздің дүниеде араны үлкен...» (Абай және православиелік жазалау саясаты). Екінші бөлім: «Дүниеде нені сүйесің?...». 13. «Көңілде – қайғы, қалың зар, айтатұғын сөзім бар...» (Абай және Ницше). 14. «Ата-анаға көз қуаныш...» (Абай және баланың еркін тәрбиесі). 15. «Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап...» (Абай және толық адам мәселесі). 16. «Бұл сөзімде жалған жоқ...» (Абай және ұлттық намыс мәселесі). 17. «Жылы жүрек суынды, жара түсті...» (Абай және Гете). 18. «Мұны жазған кісінің атын білме, сөзін біл...» (Абай және исламияттағы жәдиттік бағыт). 19. «Өз сөзім – өзімдікі...» (Абай және Монтень). 20. «Ойлы адамға дүниеде түк қызық жоқ...» (Абай және көне қытай философиясындағы өлім мәселесі)

Жұртбай Т.«Күйесің, жүрек... сүйесің!» (Абай: «Жан бостандығы...» немесе рухани тәуелсіздік). – Алматы: Атамұра, 2024. – 320 бет;

Абайдың заманы мен тарихи процесстерге, Абайдың жеке өмірі мен кейбір оқиғаларға, әсіресе, әке мен бала арасындағы қарама-қарсылық туралы әсіре пікірлерге, Абай түрлі қарым-қатынаста болған өмірлік тұлғаларға қатысты қалыптасқан көзқарастарға өзгеше бір өлшеммен қарауға тура келеді. «Балы тамған жас қамыстай» (Абай) қаулап келе жатқан жас қауымның рухани қажеттілігіне қарай, Абайдың еш әсірелеусіз және бұрмалаусыз нақты өмірбаянын жаңғырта баяндау талпынысы, сондай сұраныстан туып отырғыны анық. Сол мақсат орайында, ынталы буынға әлде бір дәме артып, Абайдың: «Азат басың болсын құл, Қолдан келмес іске ұмтыл», – деп нықтап айтқан сөзін толық жауапкершілікпен түсіне отырып, әр деректі тірнектеп жиып, қиюын қиыстырып, бүрмесін жазып, жөнімен жөргеп, ырықтан тыс кіріспес іске кірісуге тура келді. Әйтпесе, Абайдың өмірі мен шығармашылық жолын зерттеуде, жалпы қазақ жұрты үшін, сол арқылы, дүние ынтызарлары үшін Мұхтар Әуезов «Бас абайтанушы» болып қала береді. Мұхтар Әуезовтің еңбегін ешқандай да академиялық тұрғыдағы өмірбаян айырбастай да алмайды, оның орынын толтыра да алмайды.

Т.Жұртбай. Абай (Соқтықпалы, соқпақсыз өткен өмір), Өмірбаян/ Атамұра. 2024 б.

Ең басты мақсат: Абай шығармаларындағы әр «түйін сөзді» – әр ұғымды (терминді) өзінің әу бастағы түпкі мағынасында түсіне отырып; сол арқылы сол ұғымның Абай қолданған уақытындағы мағынасын ашу; сол ұғымды қалыптасқан нақты бір тарихи жағдайларға байланысты қолдануға мәжбүр еткен тарихи-танымдық себептерді анықтау; сол себептердің кейінгі кезеңдегі тарихи-рухани дамуға тигізген салдары мен зардабын саралау; сол зардаптар мен сартаптардың екпінімен заман ырқына бейімделе қолданылған ұғымдардың астарын түйсіну; түйсікке қонған сол аңғарды бізден бұрын да түсінуге тырысқан ғұлама адамдардың жеке түсініктермен салыстыра отырып – сол түсінген жайларды бүгінгі ұғымға үйлестіре пайымдау.

Сонымен қатар мұнда, сөз иесінің бұрынғы Абай және оның көзқарасы туралы еңбектеріндеткеткен мәтқапы ойларының олқылықтарын толтыру, кей пікірлерін қайталап тәкірәлау, кейбір әттегенайларының әптігін басу мүддесі де көзделді.

Әрине, әдепті оның ішінде ішкі әдепті сақтау да керек, бірақ кейде, айтпауға болмайтын сөз болады. Мәселенки, өзге емес тура осы «Дәрілқарап» (Дәр-ул Харб) ұғымының тура және астарлы мағынасын нақтылап таратпасақ та, «дәрілқарап (Дәр-ул Харб)» жағдайында өмір сүрген қазақ қоғамындағы рухани қайшылықтар мен жан бостандығы

туралы төрт кітап жазыппыз. Сол тұста, осы сөзді «соғыс жағдайында өмір сүрген қоғам» немесе «төтенше әскери-жазалау жағдайында өмір сүрген қоғам» – «мир войны» деген терминдік ұғымды қолдануды орынсыз деп санағанымыз рас еді. Бұл терминді қолдансақ, онда қазақ ұлты: Ресейдің бодандығында үш жүз алпыс жыл бойы соғыс жағдайында өмір сүрді – деген сұрапыл тұжырымды дәлелдеуге тура келетін. Ал, ол кезде қазақ қоғамы бұл терминнің тура және астарлы мағынасын түсінуге мүлдем дайын емес еді.

Жұртбай Т. Дәрілқарап. (Абайдың рух әлемі: әдеби-салыстырмалы талдау). Атамұра. 2024.

Исламның ойлау жүйесі мен дүниетанымының поэтикалық құрылымын (калам), фәлсафалық қисынын (логикасын), діни заңнамалық дәлелін (фиқһ-Fiqh) түсінбей Абайды түсінуге ұмтылу – қиянат. Соның ішіндегі ең бастысы – анығын білмей сөзді, сөз тіркесін қуып Абайды түсіндіруге тырысу зарар ғайри (g`a`утіуа), күпірлік (діннен безгендік) болмақ. Бұл – ислами ар-ожданға, таза рухқа (Wa-la`gayruhi) жасалған қастандықпен пара-пар мутазилиттік көзқарас. Сондықтан да, қазаққа Абайды танытамын, түсіндіремін деп білгенімсіп: Жаратқанның тегіне қатысты «уәжіп» (wa`cib), «мүмкін» (mumkin), «мүмкін емес» (mumtani) деген Жаратқан иемнің заттық (d`at) болмысын танытатын ең түбірлі сөздерді орынды-орынсыз қолдану да мәтқапылық. Сонымен қатар, нақты шешуші мағынасы бар танымдық діни терминдерді жалпы мағынасы ортақ ауыспалы сөз тіркесі есебінде қолданып, қопсыта көпірту – мәселені шешуге жол бастамайды.

Әлқисса, мақсатымызды осылай: Абайдың ислами ойлау жүйесі мен дүниетанымын, поэтикалық құрылымын (калам), фәлсафалық қисынын (логикасын), діни заңнамалық дәлелін (фиқһ-Fiqh), шешуші мағынасы бар танымдық терминдер арқыл сатылап түсіндіру – деп түйіп тұрып тұжырымдасақ та, сол міндетті орындау орайындағы осынау бір тізгін қағар сәтте айтарым, бұл қияметтік құбылыс біз де тәубамызға келтірді. Ақыл-ойдың жан кешуі барысында біз өзіміздің де ойлау, түйсіну, түсіну қабілетіміздің және сауатымыздың, Абайша айтқанда, «біздің (де) ақылымыздың өлшеулі» екенін сезіндік. Соған қарамастан, исламдағы, оның ішінде калам іліміндегі ең маңызды мәселе – Жаратқанның сифаты мен хикметіне байланысты еркімізден тыс – Шариғат, Тариқат, Мағрифат, Хақиқат туралы сөз қозғауға мәжбүр болып отырмыз. Оған мәжбүрлеп отырған Абай өлеңдері мен оның «Отыз сегізінші», «Қырық бірінші, «Қырық үшінші» сөздері. Осыдан *ширек ғасыр* бұрын «Күйесің, жүрек... Сүйесің!..» және «Соқтықпалы, соқпақсыз заманда өсті...» [2-3] атты «жан бостандығы» туралы тәфсірімізді тәмәмдағанда: «Отыз сегізінші сөздің» кілтін

таптым. Бірақ оны тарата талдауға сауатым, білім өрем жетпейді. Сондықтан да, енді Абайдың таным көзқарасы туралы сөз қозғамаймын, осы арадан тоқталамын», – деп өзіме-өзім пәтуә жасаппын.

Жұртбай Т. Толық адам. Хақ және Жалғыз. Бірінші кітап. (Абайдың сыртқы (zahir) әлемі: әдеби-салыстырмалы рисала; «... Бір кемел». Екінші кітап. (Абайдың ішкі (батин) әлемі: әдеби-салыстырмалы рисала), Атамұра. 2024.

1917 жылы шілде-тамыз айларының өліарасында Жалпылқазақтық I құрылтай шақырылып, «Алаш» партиясы тарих сахнасына шықты. Діни басқарма мемлекеттік құрылымнан тыс мекеме деп танылды. Алаштың ұлттық идеясы бес түрлі тұжырымға негізделді.

Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Бесінші, түпкі мақсат: Қазақ елінің өзінің қоғамдық ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Даму сатысында тығырыққа тіреліп, жан дауысы тамаққа тығылып, арпалысқа түскен шағында заманалар толқыны аударылып түсті.

Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш!..», Түрме әфсанасы. Жегі. 1 кіт. «Елшежіре, (2009-2011 және 2026. 1-3 кітап).

Қазақстанның ұлттық тәуелсіздігін тарихи тұрғыдан баянды етуде жазба мұралардың маңызы ерекше. Ол мұраларда елдік идеямыздың қалыптасуының тарихи даму жолы көрініс береді. Көне түркіден бастап бүгінгі күнге дейінгі өзінің рухани әлемінде 16 жазу үлгісінде жазба мұра қалдырған қазақ ұлтының тарихи, әдеби-мәдени жәдігерлері осы уақытқа дейін ғылыми тұрғыдан жинастырылып, жүйеленіп, сипаттама берілген жоқ, қазақ тіліне де тұтастай аударылмай келді.

Осы реттен алғанда «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы іргелі зерттеулер бағдарламасына жүзеге асырылып отырған «Қазақ қолжазбалары» деген шартты атаумен нысанаға алып отырған тақырыбы ғылым мен мұрағаттану тұрғысынан алғанда аса құнды зерттеу болып табылады. Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне, әдеби үлгілеріне қатысты архив деректерін жинастыру мақсатында Ресейдің 64 мұрағаты мен кітапханаларының сирек қорларында болып, құнды деректер іздестірді. Сондай-ақ Египет, Иран, Қытай, Монғолия, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінің де мұрағаттарында болды. Жекелеген ғалымдар Сирия, Германия, Украина, Болгария, Венгрия сияқты бірқатар елдердің ғылыми орындарымен байланыс жасап, мағлұматтар алысты. Он томдық басылым жобасының мақсаты – қазақ руханиятының қайнар көзі болып табылатын, өзінің ұзақ тарихында 16 қаріпті қабылдаған көне түркі дәуірінен бастау алатын қазақ жазуының, қазақ жазба және әдеби тілінің алғашқы үлгілерінен бастап XXI ғасырға дейінгі аралықта біртұтас қазақ мәдениетін қамтитын қолжазба деректерді жинақтап, ұлттық рухани мұраларды ғылыми жүйеге түсіру, сол арқылы қазақтың ғылыми-көркем ойлау жүйесінің қалыптасу жолын көрсету болып табылады. Бұл жалпы қазақ тарихына қатысты барлық саладағы зерттеулерге түпнұсқалық негіз қалайды және қазақ жазба мәдениетінің ежелден қалыптасып, үнемі даму, толысу, кезеңінде болғанын дәлелдейді. Ең бастысы, көшпелілердің көркем ойлау жүйесінің, бүгінгі қазақ тілі мен жазба әдебиетінің қалыптасу жолын көрсетеді. Мұндай басылым ТМД елдерінде жекелеген жинақтар болмаса, арнайы жүйеге түсіріліп, жүзеге асқан емес.

Жорбаның негізгі міндеті – қазақ жазуының көне үлгілері болып табылатын 16 әріп кестесін және сол қаріпте жазылған әр мемлекеттің (негізінен Қазақстанның, Ұлыбританияның, Германияның, Францияның, Ресейдің, Қытайдың, Түркияның, Арабтың, Иранның, Өзбекстанның) арихивтеріндегі жазба мұраларды жинақтап, ғылыми көшірмесін жасап, аударып, ғылыми түсініктер беру, баспаға дайындау, жариялау.

Жұртбай Т. Көнедегі көркем ойдың ұйытқысы Немесе неге «Бірі кетті – Батысқа, бірі кетті – Шығысқа ...»). Ежелгі грек, көне қытай жазбаларындағы түркілік әдеби үлгілер. «Қазақ қолжазбалары» (б.д.д. X ғ. бастап – XX ғ. дейін). 10 томдық басылым. Бірінші том. Алғысөз. Алматы, Елшежіре, 2011, 456 б., 3-4 беттер.

«Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының күре тамырлы мақсаты ретінде алдыға қойылып отырған: сирек қолжазбалар мен кітаптардың ғылыми тұрғыдан іздестірілуі, жинақталуы, ғылыми-

библиографиялық сипаттамасы, түпнұсқалық ғылыми көшірме, түпнұсқалардың жолма-жол тәржімалануы, мәтіннің әдеби тілмен аударылуы, факсимиле, транскрипция, түпнұсқадағы жазу үлгісі мен мәтіні бұлдыр сөздер мен атауларға, есімдерге берілетін түсініктер, баспалардың сол түпнұсқалық мәтінді қатар жарыстыра отырып басылымға дайындау, мәтіннің мағынасын ашатын қалыпқа түсіру (макет жасау) мен безендіру сияқты аса күрделі ауқымды ғылыми жұмыстар мен қоса оны жүзеге асыратын қаржылық шараларды шешу болып табылады. Осы түйткілдердің барлығына кездескен, соған қарамастан ғылыми орталықтың ғалым-тәржімашыларының он бес жылға жуық көз нұрын сорған шырағына айналған басылымның бірі, қазақ тарихына қатысты аса құнды жәдігердің авторы Құрбанғали Халидидің «Тарих-и жарида-и жадида» – «Жаңа тарих жазбалары» (1889 [1]) және «Тауарих-и хамса-и шарки» – «Шығыстың бес-тарихы» (1910 [2]) атты еңбектері болып табылады «Тауарих-и хамса-и шаркидің» – «Шығыстың бес-тарихының» ілгерідегі басылымдарға кірмей қалған тұстарын толықтырып: қолжазба, кітаби нұсқа, транскрипция, салыстырмалы аудармалар арқылы жарыстырыла берілген бұл ғылыми басылымның мақсаты мен міндеті, тәржіма тәжірибелері, сондай-ақ, каллиографиялық, орфографиялық, орфоэпиялық, топографялық, мәтіндік, мағыналық ажыратып-оқу ерекшеліктері, осымен бірге Қ.Халидидің өзі талап еткен, мәтінді шығыстық сөз өнері талабына сәйкес оқудын: ишаралық, ықтималдық, терістеу: 'ибара, ишара, иқтида, дәләлә және танкир әдіс-тәсілдері қолданылған тәржіманын тәжірибелері туралы шағын шолу мен аңғартпа бере кетуді парыз санадық. Өйткені, бұл тәржімалық тәжірибе –шығыстық қолжазбаларды оқып, аудару барысында өзіндік септігін тигізер деген үміттен дәмеліміз.

Қолжазбаны бүгінгі күннің әдеби талабына сай аудару мақсатында, тәржімашы, мәтіндік тәфсірлердің құрылымы мен мағынасын ажырату барысында Құрбанғали Халиди талап етіп қойған осы 4 түрлі тәсілді ұстанып, сол «әдісті» үрдіс етті. Қолжазбаның мәтінін мазмұнына сай ажырату үшін осы 4 тәсілді мазмұндық кестеге салып: күрделі және сүйретпелі мәтіндерді мазмұнына қарай жіктеді; тиісті тыныс белгілерін қойып барып, оны бірыңғай баяндау мәнеріне түсірді; сөйлемдерді мағыналық тәфсірлеу мен талдау ырғағына келтірді; жалғастырыла баяндалған лықсымалы не қарама-қарсы ойлардың арасы ажыратылды, бірыңғай ырғақта қолданылатын сөйлем мен екінші сөйлемнің, не бір ой мен екінші мазмұндағы ойдың аяқталып, үшінші тіркестің басталатын тұстарына, оның мазмұнын ашатын, сөйлемді ажырататын, мағынаны демеп, үстейтін – үстеу, демеулік жалғау, қаратпа сөз, шылау, жалғау, демеулік сөз, нүкте, үтір, тырнақша, сызықша, абзац, т.б. тілдік, емілелік,

мағыналық белгілер мен сөздер қосылды. Жалпы мазмұнын барынша түсінікті және бірыңғай лекте жатық жеткізу үшін сол сөздің, не сөйлемнің мағынасына сай ғылыми қазақы ұғымдарды пайдаланып, мәтіннің ішкі құрылымын және мағыналық астарын барынша бүгінгі қолданыстағы ұғымдармен жеңілдете аударуды мақсат етті.

Бұл ретте, лықсымалы ырғақты мәтіндердің арасын ажыратқанда, міндетті түрде, сөйлемдердің орынын ауыстыруға мәжбүр боласың. Онсыз мәтіндердің ұғымдары шатасып кетеді. Мәтіндердің толық мағынасы ашылмайды. Мысалы, шұбалаңқы сөйлемді қазақ тілінің заңдылығына байланысты бір етістікке бағындыру үшін сөйлем құрылымы өзгертілді.

Жұртбай Т. Тәржіманның тәфсір тәжірибесі (Құрбанғали Халидидің жазба мұраларын аудару және жариялау барысындағы ғылыми тәжірибелер мен түйткілді мәселелер туралы).



Берік Мырзалыұлы ЖҮСІПОВ

(07. 03. 1970) — Қызылорда облысы Арал ауданының Ақбасты елді мекенінде туған. Жалағаш ауданындағы № 202 орта мектепті (1987), Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын (1987–1995) бітірген. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде (2008–2010) сырттай оқыған. Фольклортанушы, этномузыкатанушы, этнограф, эпик жыршы, әнші, домбырашы.

Алматыдағы Ж. Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінде мұғалім (1995–1996), консерваторияда оқытушы (1996–1998), аға оқытушы (1998–2000), Халық әні кафедрасының меңгерушісі (2000-2003), «Жетісу» АҚ-да (2003–2005), «Тайқазантехносервис» ЖШС-де (2005–2008) менеджер, «Кентавр» газетінде жауапты хатшы (2008), Қызылорда облыстық мәдениет басқармасының басшысы (2008–2013), «Қазақстан халқының рухани даму қоры» АҚ-ның вице-президенті (2013), ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру және жұршылықпен іс-қимыл жасау бөлімінің консультанты (2015-2016), «Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры (2017 2019), «Алматы қаласы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық офисі» ЖШС-нің бас менеджері (2019–2021), директордың орынбасары (2021–2022), ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетіне қарасты «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры қызметтерін атқарған. Бүгінде ҚР Ұлттық орталық музейінің «Антропология және этнология» бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, И. Арабаев атындағы Қырғызстан мемлекеттік университеті жанындағы мемлекеттік тілдер институтының классикалық докторантурасының тәлібі. Тақырыбы: «Эпическое сказительство: проблемы живого исполнительства и импровизаций (на материале казахских героических эпосов "Бегей-батыр" и "Камбар-батыр")». Ғылыми кеңесшісі — филология ғылымдарының докторы, профессор К. Абакиров.

Қазақ радиосының Алтын қорында «Мирас», «Кәнекей, тілім, сөйлеші» атты 100-ге тарта авторлық бағдарламалары (2006–2008) сақталған. Германия, Бельгия, Қытай, Нидерланды корольдігі, Түркия,

Америка, Иран, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінде дәріс-концерттер өткізген. Республикалық «Жігер» (Алматы, 1988), «Шарк Тораналары» (Самарқан, 2001), «Түрік дүниясы ұзандары» (Анкара, 2000) фестивальдерінің, Иранда (Тегеран, 2005, 2010), Пазырықта өткен (Алтай, 2004) қайчылардың халықаралық конкурстарының жеңімпазы. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты (2000), халықаралық ТҮРІКСОЙ-дың «Мұрагер» сыйлығының (2000) иегері. ҚР Президентінің (2012), РФ Мәдениет министрінің (2011) Құрмет грамоталарымен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған, «Құрмет» орденінің кавалері (2019), Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Құрметті профессоры (2021), Қызылорда облысының Арал, Жалағаш аудандарының Құрметті азаматы (2021), Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі (2022), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2025). Филология ғылымдарының кандидаты (1999), өнертану мамандығы бойынша доцент (ЖАК, 2001).

«Мырзастағы жыр мектебі» (1991), «Жиделі Байсын күйлері» (2000) «Күретамыр», «Жырдария», «Ойтұмар» (2009), Сүлейлер» (2010), «Адырна» (2011), «Эпикалық жыршылық дәстүр: репродуктив-туындатпа, креатив-шығармашылық егіз қосарлану мәселесі» (2019), «Эпикалық жыршылық: жанды орындау және импровизация» (2022), «Жағалбайлы: «Қыз Жібек» лиро-эпосының тарихи негізі» (2025) атты зерттеу, эссе, монографиялардың, 300-ге тарта ғылыми, танымдық, теориялық, тарихи, этнографиялық, әдістемелік бағыттағы мақалалардың авторы. «Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр» (2003), «Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармалары» (2007), «Базар жырау Оңдасұлы шығармалары» (2008), «Құлан Алдабергенұлы шығармалары» (2010), «Ұзақбай Қараманов шығармалары» (2018), «Жәнібек Кәрменов шығармалары» (2019) ғылыми басылымдарының құрастырушысы, жауапты шығарушысы әрі жауапты редакторы. «Маңғыстаудың музыкалық мұралары» (2007), «Сыр сүлейін сұрасан» (2008), «Қайталанбас дауыстар» (қазақ, орыс тілінде, 2011), «Қазақстандағы этностардың музыкалық мұралары» (қазақ, орыс, ағылшын тілінде, 2015) музыкалық антологияларының авторы. Ғылыми, танымдық, көркем қойылымды «Жырау» (2011), «Қаһарман» (2014), «Ақшатауды асқақтатқан асыл рух» (2013) фильм-портрет жобаларының жетекшісі, төрт сериялы халықаралық жоба — «Қорқыт» телехикаясының (2024) тарих, музыка, этнография жөніндегі ғылыми кеңесшісі, сценарист, түркі мемлекеттері арасында Қорқыт образының тұңғыш экрандалуына еңбек сіңірген маман. Оның шығармашылығынан Т. Момбекұлы сыр-сұхбат түрінде «Жаратқан, жар болғайсың» (2011) атты кітап жазған.

Зерттеулерінің басым бағыты ретінде эпикалық жыршылық дәстүрдегі «эпос техникасы» мәселесіне, оның теориясына, авторлық және ауызекі музыкалық фольклор, халық ауыз әдебиеті мен музыканың бірлігі, сондай-ақ, ғылыми-танымдық мақалаларында бірнеше саланың жайы қатар қамтылатынын айтуға болады. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде бастап, консерваторияның бірінші курс студенті кезінде күрмеген алғашқы ғылыми-танымдық жұмысы «Мырзастағы жыр мектебі» [*Жүсіпов Б.* Мырзастағы жыр мектебі. — Алматы: Рауан-Демеу, 1992] — Сыр бойының жыршылық дәстүріндегі шағын ауқымды өлкелік мәселеге арналған. Мұнда өзіндік дәстүрі, аутушылық ерекшеліктері, репертуарлық айырмашылығы айқын аймақтық жыршылық мектептің қалыптасу, жалғасу, даму жолдары, жеткізуші өкілдері жөніндегі деректер; дәстүр, жыршылық орта, ұстаз бен шәкірт арақатынасы сөз болады.

Консерваторияны бітіретін жылы дипломдық жұмыс есебінде жазылып, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің ҰҒА М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылып, редакция алқасында З. Ахметов, Р. Бердібай, С. Қирабаев, С. Қасқабасов, З. Қоспақов, Ш. Ыбыраев, Б. Абылқасым сияқты белгілі ғалымдар, сондай-ақ жауапты шығарушы профессор Ш. Ыбыраев болған Жиделі Байсынның бір саласы — Сыр бойының күйлеріне арналған тұңғыш оқу құралы «Жиделі Байсын күйлері» — осы ынғайдағы күй зерттеу тәжірибесінің де тырнақалдысы болды [*Жүсіпов Б.* Жиделі Байсын күйлері. — Алматы: Ғылым, 2000]. Жас ғалымның Сыр бойындағы күйтану саласын түтелге жуық қамтыған бастамалы еңбегіне О. Ә. Нұрмағамбетова, Б. И. Қарақұлов, А.С.Сейдімбек сияқты профессорлар оң пікір білдірді.

Автор күй мұралары сақталған Төремұрат, Тәппет, Көнек, Бекпенбет, Әлшекей, Әкімгерей, Досжан, Жанаберген, Нартай, Мұзарап, Шыналы, Төлеген, Исламбек, Үсен, Мырза, Жалдыбай, Қазанғаптың дәстүрлерін жалғастырушы домбырашылардан жеткен екі жүзден астам шығармаларды анықтап, таңдаулы 58 нұсқасын ноталап, ғылыми айналымға еңдіріп, белгісіз болып келген тоқсанға тарта ілгергі және кейінгі күйші-домбырашылардың есімдерін тіктеді. «Алтын ғасырдың» соңғы кезеңі — XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезін қамтыған бұл еңбектегі ғылыми айналымға түскен күйшілердің ғұмырбаяны, зерттеушінің өзіндік пайымдаулары арқылы тосын тәсілдермен талданған күй аңыздары жүйесі, күйдің өз шежіресі, оны мәдени құбылыс ретінде қарастыру жөнінде ойлары өзектілігімен құнды. Кітаптың алғы сөзін жазған академик Р. Бердібай мен музыкатанушы Т. Әсемқұлов бұл еңбекті «...қазақ музыка зерттеуінде етек ала бастаған жаңа, үлкен үрдістің белгісі» ретінде бағалады.

Үзінділері ӘӨИ шығарған эпостық жырларды мерзімдеу мәселесіне арналған ұжымдық жинаққа енген [«*Жүсіпов Б.* Қыз Жібек // Қазақ текстологиясы: эпостық жырларды мерзімдеу (датировка) мәселелері. Ұжымдық монография. — Алматы : Әдебиет әлемі, 2017. — 258–343-бб.] «Қыз Жібек» лиро-эпосы нұсқаларын салыстыра, салғастыра зерттей отырып, шынайы тарих пен эпикалық таным негізінде тың пайымдар жасаған «Махаббат мұнарасы» ғылыми-танымдық эссесінің толық нұсқасы «Адырна» журналында жарияланды [*Жүсіпов Б.* Тұлпар ізі жоғалмас. Тарихи эссе // Адырна. — 2017. — № 2, № 3, № 4]. Зерттеу қазақ елінің кереге жайып, шаңырақ көтеруіне елеулі үлестерін қосқан Жағалбайлы мен Шекті тайпасы, олардың басынан өткен шытырман тарих, үркіншілік, ел жайсаңдары хақында. Автор шынайы махаббат сезімінің белгісіне, аққу-адалдық өлшеміне айналған қос ғашық пен солар шыққан этникалық тарихтың құнды дереккөзі «Қыз Жібек» лиро-эпосы нұсқаларындағы мәліметтерді салыстыру арқылы терең зерделеген.

Іргелі зерттеулерінің бірі — «Сүлейлер» [*Жүсіпов Б.* Сүлейлер: Монография (Сыр өңіріндегі жыраулық-жыршылық үрдістің материалдары негізінде). — Алматы : Arna-b, 2010. — 232 б.] монографиясын «Мәдениет» журналы да жариялады [*Жүсіпов Б.* Сүлейлер. Сыр бойындағы жыраулық-жыршылық үрдістің материалдары негізінде // Мәдениет. — 2010. — № 1–10]. Кандидаттық диссертация деңгейінде жазылып (Тақырыбы «Сыр бойының жыраулық-жыршылық дәстүрі», жетекшісі академик Р. Бердібай), ежелгі жыраулық дәстүр, сүлейлерінің шығармашылығы (XIX–XX ғғ), эпикалық жыршылық құбылыстың өткені, бүгіні, қоғамдағы үлесі-салмағы, қызметі, дәстүрдің реликтілік сипаты, сүлейлер поэзиясының табиғаты, жыр дестелеріндегі көркем кестелер, жыр айтудың эволюциялық үдерісі, өнерпаздық типтер, олардың қызметі, көмей жырдың шығу тегі, аспаптар генезисі, бурдон құбылысы, көне мұраттар, қоғамдық мүдделер, кескіндеме өнеріндегі суреттеу тәсілдері арқылы толықтыра жіктелген лириканың түрлері, жыршының танымдық бейнесі, дәстүрдің жеке тұлғадағы келбеті, ұстаз бен шәкірттің жалғастығы, тыңдаушы мен айтушының арақатынасы, жыршылық өнердің бүгінгі жағдаятына қатысты қадау тақырыптар, тың пайымдар, өлкенің тұтас мәдени келбетіндегі танымдық, заманауи мәселелер әдеби, музыкалық фольклор материалдарының негізінде зерделеген монографиясы мамандар тарапынан жаңалықты еңбек ретінде жоғары бағаланған.

Ерекше тың тақырыпты күрделі зерттеулері қатарында ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған «Эпикалық

жыршылық: жанды орындау және импровизация» монографиясын атауға болады [*Жүсіпов Б. М.* Эпикалық жыршылық: жанды орындау және импровизация. Монография. — Алматы : Arna, 2022. — 476 б.; — Алматы : Abai baspasy ЖШС, 2022. — 352 б.]. ҚР ҰҒА академигі С. Қасқабасов пен ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі К. Матыжановтар пікір жазған монография қазақ эпостану ғылымы кенже зерттеген сала — эпос техникасының жасақталуы мен жанды ортада тіршілік етуі; жыршылық вариациядағы біріктіруші және ыдыратушы факторлар; жыршылық орта, жыршылық типологиясы, жыр мәтіндерінің вариациялану қуаты; мәтіннің музыкалық баянындағы формулдылық және оның вариацияланууы сияқты күрделі мәселелерді қарастырған. Жырды жанды айту сәтінде пайда болатын туындатпа, шығармашылық егіз қосарлану үдерісінің импровизация жасап, вариациялау барысында мәтін мен музыкада көрініс табуы мен оның толайым эпикалық шығармашылыққа әсер етуінің техникалық, тәжірибелік әмбебап белгілері эпикалық жыршылық құбылысы сақталған халықтардың дәстүрімен салыстыра, салғастыра зерделенеді. Қазақ ғылымының тәжірибесіне әлемдік фольклортанудағы озық әдістемелерді енгізу арқылы эпикалық жыршылық дәстүр тарихында соны теория қалыптастырған зерттеуде «Бегей батыр» жырының Жақсылық Елеусінов, «Қамбар батырдың» Қалдаш Сәдіров орындаған версиялары мен варианттары талданған.

Сөйтіп, бір жырдың әр айтушының жырлауында, тіпті бір жыршының айтуында өзгеріске ұшырап, әркелкі айтылу құбылысы эпос мұрасы жинала бастаған бастапқы кезеңдерде-ақ зерттеушілердің назарына ілінгенімен, бұл бағытты Батыс фольклортанушылары жемісті дамытып әкеткенімен, кеңес дәуіріндегі орыс зерттеушілері, онымен бірге өзге КСРО халықтарының фольклортанушылары идеологиялық мақсаттан туындаған «тарихи мектеп» ағымының шылауы мен шырмауында жүріп, аталмыш мәселелерді жырдың тарихи поэтикасы, көркемдік ерекшелігі сияқты мәселелердің тасасында қалдырған заманауи эпостану ғылымының күрделі әрі өзекті мәселесі Б. Жүсіповтің зерттеуі арқылы тұғыш рет толымды шешімін табады.

Автордың еңбектеріндегі ой-пікір, тұжырымдар: «Ерімбет шайырдың ағартушылығы исламдағы күрделі мәселелер мен шариғат шарттарын жыр-уағыз арқылы айта отырып, халықтың көзін ашып, көкірегін ояту мәселелеріне негізделген. Бұл жерде ескеретін бір жайт: халыққа жаппай тегін білім беру — ағартушылық идеологияның да, кешегі большевиктік-кеңестік идеологияның да мәдени бағдарламасының желі-қазығы Француз Ағарту дәуірінің доктриналарына сүйенетіндігі. Ал діни-ағартушылық бағыт жәдит тұрғысынан қарастырғанда дінді жаңа заманға бейімдеп, кітаби үрдіс арқылы

еуропалық білім үлгісі негізінде уағыздауды жақтайды». *Жүсіпов Б.* Күретамыр. Әдеби толғамдар мен зерттеулер. — Алматы : Arna-b, 2009. — 3–24-бб.

«Жалпы, ұлттық әдебиеттің тарихын көктей шолып өткеннің өзінде, қазақ әдебиетінде стильдік дәстүрмен қатар, стильдік даму үдерісі үнемі жүріп отырғанын аңғару қиын емес. Әдебиетімізде ауызша поэзияға тән нормативтік эстетика мен тұрақтанған формул-клишелерден жасақталған мызғымас әдеби қағидаларға қоса, дара стиль қалыптастыру ұмтылысы үнемі бой көрсетіп отырады. Бұл ыңғай алдымен Орхон-Енисей бітіктеріндегі авторы айқын жазба ескерткіштерде байқалып, XIV–XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында күшейе түсті, XIX ғасырдағы әнші-ақындар шығармашылығында авторлық поэзия түрінде және зар заман кезінде өзгеше қырымен танылды. Шәңгерейдің жырларында сыршылдық кейіпте, Дулаттың поэзиясында әлеуметтік мұң-зар бейнесінде көрініп, ақыры Абайдың дара ақындық стилі түрінде негізделді». *Жүсіпов Б.* Күретамыр. Әдеби толғамдар мен зерттеулер. — Алматы : Arna-b, 2009. — 25–78-бб.

«Халпе немесе қазақы сөз қолданысымыздағы кәлпе — арабтың халифа деген сөзінен шығады. Түп мағынасы (этимологиясы) — орынбасар (ізбасар) деген ұғымды білдіреді. Пір немесе ишан жоқ жерде кәлпе солардың тапсырмасын іске асырып отыратын белгілі бір өлкедегі уәкіл қызметін атқарған. Ишаны жоқ ауылда сол ишандардың кәлпесі пірдің атынан оның сөзін, ілімін тарату бағытында әрекет ете береді. Ал ишан (ишон) — Орта Азия халықтары арасында сопылық ілімдегі рухани жол — тарихат мектебінің жолбасшысы мен піріне (ұстазға) қолданылған парсы сөзі. Бүгінгі ұғымымыздағы діни мағынасына емес, нақты аудармасына бағатын болсақ, қадуілгі тіл заңындағы есімдік, яғни бірінші, екінші жақтағы «мен», «сен» ұғымы сияқты, үшінші жақта айтылатын «ол» деген сөздің ишарасы». *Алдабергенұлы Қ.* Асылмын әлі күнге танылмаған / Құраст.: Б. Жүсіпов. — Алматы : Arna-b, 2011. — 3–16-бб.

«Қазақ халқының тарихи-әлеуметтік, әдеби-мәдени кеңістігінде Сыр бойының алатын орны ерекше. Ежелгі дәуірдегі тарихи мұраларды айтпағанда, кейінгі Қазақ хандығы тұсынан жеткен ұлттық құндылықтарға осы аймақта жасаған этнобірлестіктердің қосқан үлесі қомақты. Өйткені, көне Сыр өзенінің жағалауы қазақ тарихының маңызды, әрі ажырамас бөлігі. Осынау өлкеде байырғы «Жібек жолы» өркениетінің сан ғасырлық ізі күні бүгінге дейін сайрап жатыр. Бұл — Дешті Қыпшақ, Оғыз, Мәуереннахр, Хорезм мәдениетінің түйіскен жері, кейінгітүркілік қазақтың Орталық, Оңтүстік және Батыс өңірі дәстүрін байланыстыратын Әму — Сыр — Арқа әдеби-транзиттік

аймақ». *Ізтілеуұлы Т.* Шығармалары / Құраст.: Б. Жүсіпов. — Алматы : Дешті Қыпшақ, 2007. — 8–58-бб.

«Ақын үшін қастерлі мақсат – әлеумет торынан шығып, қиялында болса да бір сәт азат махаббатты жырлау. Осы жырдың түйінін жасайтын қорытынды тін – халықтық әдеппен астасып жатқан әйел бейнесі, оның жүріс-тұрысы мен киім киісін бейнелейтін этнографиялық сипаттағы ерекше сурет. Сұлулықтың ишарасы, әрі айқын белгісі ретінде әйелдің жүріс-тұрыс, қимыл әрекетін негізгі қасиет, сұлулықтың басты өлшемі ретінде жырлау, биік талғамдық өре дәрежесіне көтере марапаттау – барша сөз иелерінің жырына арқау болған. Дәстүрлі қоғамда қыз балаға қойылатын талғамдық талаптың бастысы – жүріс-тұрыс. Сондықтан да бұл әлем мәдениетіндегі бейнелеу тәсілдерінің бәріне ортақ жалпыадамзаттық сұлулық өлшемі. Сыртқы жүріс-тұрыс адамның ішкі жан дүниесінің көшірмесін бере алатын үйлесім мен жарасымның бірлігі болып табылмақ». *Маханов Ә.* Жұдырықтай жұмыр жер: Өлеңдер / Құраст.: Б. Жүсіпов. — Алматы, 2006. — 12–42-бб.

«Қыз Жібек» лиро-эпосының тарихи дәуірін анықтауда қол артуға болатын ерекше маңызды бір куәлік — жырдағы жер-су атаулары. Бүгінгі фольклортану ғылымы бәтуаласқан байлам бойынша, эпостағы географиялық атаулардың тарихи дәуір шындығын анықтай түсуге тигізетін көмегі орасан... Жырдың өн бойында Төлеген мен Жібектің шыққан руларынан бастап, бір заманда байтақ өлкені алып жатқан елдің қоныс-өрістері аталады. Солардың көпшілігінің жырдың әр нұсқасында қайталанып отыруы бұл мекендердің сол заманда ноғай — қазақ қоғамында белгілі бір орны болғанын меңзейді. Жайықтың өре басынан құярлық сағасына дейінгі жазира дала жыр кейіпкерлерінің атақонысы, яғни этногеографиялық шегі екені анық байқалады». Жүсіпов Б. Жағалбайлы: «Қыз Жібек» лиро-эпосының тарихи негізі. — Алматы : Arna-b, 2025. — 260 бет.

«Сана бір-біріне қайшы келетін ырғақ пен бейырғақ деп аталатын ерекше күштерден тұрады. Кемел сананың ерекшелігі – кереғар сияқты болып көрінетін дүниелерді біріктіру, үйлестіру, сөйтіп, ажарлы дүние жасау мақсатына негізделуінде. Адамның ойы да алып ағаштың тамыры сияқты, өзінен-өзі өрбіп тұруға бейім көптеген пікірлерді туғыза береді. Ал осы сан алуан пікірлердің көзі оның қоғамдағы алатын орны мен атқаратын қызметіне тікелей тәуелді екенін пенде атаулы ескере бермейтіні несі?» *Жүсіпов Б.* Сүлейлер: Монография (Сыр өңіріндегі жыраулық-жыршылық үрдістің материалдары негізінде). — Алматы : Arna-b, 2010. — 232 бет.

«Эпикалық білімге қол жеткізу және жырлаған сайын жырды қайтадан тудырғандай етіп, бүтін мәтіндік бітім жасау қабілеті

эпикалық дәстүрде бар ауызша — вербалдық формулдар қорының көмегімен жасақталады. Ал сол формулдар кезі келгенде формулдық стиль және эпикалық сюжет желісінің негізін құрайтын эпикалық тақырыптар қорын түзуге септеседі. Формул ұғымы, негізінде, стилистикалық стереотип-клише ретінде фольклортану ғылымында бұрын да болған». *Жүсіпов Б. М.* Эпикалық жыршылық: жанды орындау және импровизация. Монография. — Алматы : Arna, 2022. — 476 б.

«Қазақстанда тұратын диаспоралардың музыкалық өнерінің бай әрі әралуан жиынтығын тарихи-мәдени және әлеуметтік кең аяда алып зерттеу ісін бұл этникалық анклавтардың құрылу тарихының негізгі кезеңдерін, тарихи қалыптасқан жағдайды, диаспоралардың тарихи отандарымен, сондай-ақ оларды қабылдаған елдің тарихымен байланысын, елдегі миграциялық белсенділіктің жаңа үрдістерін білмей тұрып жүргізу әсте мүмкін емес». *Жүсіпов Б.* Қазақстандағы этностардың музыкалық мұралары: Музыкалық антология. — Алматы : «Musical culture of Kazakstan», 2015.



Қадыр Өтегенұлы Жүсіп

Қадыр Өтегенұлы Жүсіп – әдебиеттанушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, журналистер одағының мүшесі Қазақстанның құрметті жазушысы, ҚР Педогогика ғылымы академиясының құрметті академигі, Қаспий өңірі академиясының академигі, Атырау облысының құрметті азаматы, Атырау қаласының құрметті азаматы.

Қадыр Өтегенұлы Жүсіп (Юсупов) 1937 жылы 10 қаңтарда, Атырау облысы Гурьев қаласында дүниеге келді. Қаланың Жамбыл атындағы орта мектебін тәмамдап, 1961 жылы Гурьев мемлекеттік педагогика институтын бітіргеннен кейін, қаладағы Абай атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі (1961-1967),Алтынсарин атындағы орта мектеп директорының орынбасары (1967-1970) №2 мектеп-интернатта аға тәрбиеші (1970-1973), Облыстық халық творчествосы үйінің директоры (1973-1975) №7 М.Әуезов атындағы (1975-78), №19 Қ.Сәтбаев атындағы (1978-82) мектептерде директор болды.

1982 жылы Гурьев педагогика институтына қазақ әдебиеті пәнінен дәріс беру үшін жұмысқа шақырылады. Мұнда бастауыш білім және бала тәрбиесі факультетінде, кейіннен жаңадан ашылған қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде қазақ әдебиеті, балалар әдебиеті, XYIII-XIX ғасыр, Кеңес дәуірі әдебиетінен, әдебиет теориясы пәндерінен дәріс оқиды.

1984 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық мемлекеттік университетінің филология факультетіне ғылыми ізденуші болып тіркеледі. 1988 жылы «Жұмекен Нәжімеденовтің лирикасы» атты тақырыптың кандидаттық диссертациясын қорғайды.(1988 ж)

Қ.Жүсіп Жұмекен шығармашылығы бойынша ізденісін жалғастырды. 1996 жылы «Ж.Нәжімеденовтің ақындығы» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғап, филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. 1998 жылы Қазақстан республикасы ЖАК-тің шешімімен профессор ғылыми атағы берілді.

Қадыр Өтегенұлы 1988-2003 жылға дейін 15 жыл бойына қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, Зейнолла Қабдолов атындағы ғылыми-зерттеу орталығының директоры (2003-2013) Әбіш Кекілбайұлы атындағы ғылыми-зерттеу орталығының директоры (2016-2023) Қазір Әдебиеттану ғылыми зерттеу орталығының директоры болып жұмысын жалғастыруда.

Қадыр Өтегенұлы ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша әдебиет ғылымы саласындағы (3 млн. теңгелік) жобаны жүзеге асырып, «Батыс Қазақстан өлкесінің суырыпсалма ақындары мен жыраулары» атты ғылыми еңбек жариялады. 2007-2012 жылдар бойынша «Аджип» компаниясымен келісім-шартқа отырып, құны 5 млн. теңгелік ғылыми жобаны орындап, жоба бойынша (авторлар ұжымымен) үш кітап жариялады: «Атырау облысының жер-су атаулары», «Мұнай және газ терминологиясының қысқаша түсіндірме сөздігі», «Балық шаруашылығы терминологиясының қысқаша түсіндірме сөздігі».

Ол 1989 жылдың қазанынан 1990 жылдың мамыр айына дейін Облыстық «Қазық тілі қоғамы» төрағалығына сайланды. Ол Атырау қаласындағы ылғи орыс бала-бақшаларында қазақ топтарын құруды, таза орыс мектептерінде қазақ кластарын ашуды ұйымдастырды. Бұл жұмыстар облыста қазақ тілін қолдану аясын кеңейтуде зор роль атқарды.

Қ.Өтегенұлы Жүсіптің 300-ге тарта ғылыми мақалалары және төмендегі монгрфиялары мен мақалалар жинағы жарық көрді:

1. Жұмекен Нәжмеденовтің ақындығы Алматы: Ғылыми баспасы, 1995- 236 бет

2. Жазушы.Ғалым.Ұстаз (З.Қабдолов туралы монография) Алматы, Арыс, 1997,157 бет

3.Таңғажайып Бейбарыс (тарихи эссе), Алматы, Арыс,2000ж, 73 бет

4. «Шың мен шыңырау» (Ә.Кекілбаевтың прозасы туралы монография), Алматы, Арыс 2000ж, 130 бет

5. «Алмас жыр» (Махамбет Өтемісұлы туралы монография), Атырау, Ақ Жайық баспасы 136 бет.

6. Әдебиеттануға кіріспе (оқулық), Атырау: Ағатай -2006- 240 бет

7. Әдеби толғамдар (мақалалар жинағы) Ақтөбе Полигрфия ЖШС 2004-205 бет

8. Түгелденген тұлғалар (мақалалар жинағы) Атырау: Атырау университеті -2007 – 160 бет

9. «Жылдар сыры» (мақалалар жинағы) – Атырау: Атырау-Ақпарат, 2021 -417 бет

10. Қазақ романсының патшасы (Илья Жақановтың шығармашылығы монография), Қарағанды, 2023 – 246 бет

11. Парасат салтанаты – (ойлар, толғаныстар) Атырау, Атырау-Ақпарат -2024 – 405 бет

Қадыр Өтегенұлы облыстық мекемелер бойынша қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Ол – «Аманат» партиясының мүшесі. Облыстық «Сахара» газетінің ақылдастар алқасының құрамының мүшесі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғылыми кеңесінің мүшесі (2003-2024 ж.ж.)

Қадыр Өтегенұлының ғылыми-педагогикалық еңбегі жоғары бағаланып, ол «Білім беру ісінің озық қызметкері» белгісі (1987), «Еңбек ардагері» (1987), «Егемендіктің 10 жылдығы» (2001), "Ерен еңбегі үшін" медалі (2005), "Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін" белгісі (2005), «Ы.Алтынсарин» атындағы төсбелгісі (2006), Қазақстанның Құрметті Журналисі (2007), «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері» (2010), «Егемендіктіктің 25 жылдығы» (2015), «Парасат» ордені (2017), «А.Байтұрсынов» медалі (2020), Жеңістің 75,80 жылдығына арналған (2020-2025ж) медальдарымен, «А.Байтұрсынов» (2022) орденімен марапатталған.

Қазір «Батыс өңірі жазушыларының шығармашылығын зерттеу» ғылыми-зерттеу орталығын басқарады.

ОЙЛАР. ПІКІРЛЕР. ТҰЖЫРЫМДАР

Қабен – қазақ әдебиетінде орны бөлекше бейне. Әдебиет әлемінде талай қаһармандар тұлғасы жасалған. Олардың қай-қайсысы да әртүрлі жағдайларда әрекет үстінде көрінеді. Қабен де тосын шырғаландар тұсында шешімді қимылымен әралуан тұлғалар галереясы қатарын толықтыра түскені даусыз. Бұл бейне – жаңа айшық-бедерімен, ішкі бай мазмұнымен барынша бағалы. Егемендік алып, еліміз өз алдына орда тіккен бүгінгі шақта біздің абзал азаматтарымыз дәл осы Қабен сияқты бірегей күш-құдіретке ие болса игі. Қабен бейнесі ерлік істерге үлгі.

Қ.Жүсіп. Жазушы.Ғалым.Ұстаз. Монография. Алматы: Арыс 1997. – 53бет

Сонымен, қаламгер ретінде Зейнолла Қабдолов - әрі жазушы, әрі ғалым. Ол бүкіл шығармашылық ғұмырында осы егіз арнада еңбек етіп келеді. Бірі - өн бойынан өнген сөз өнері сұлулығының өзі болса, бірі – сөз өнерін зерттейтін, зерделейтін, қисын тудыратын, оның болмысы мен бітімін саралайтын әділ қазылық, сыншылық. Жазушы-ғалым әдеби өнердің де, ғылыми танымның да шеберлік биігіне тел шыққан. Ешкімге ұқсамайтын өз ғимаратын - өз шаңырағын көтерген.

Ал, шеберлік тағылымы шексіз. Өзінше бір әлем кеңістігі сияқты, бірер талпыныспен оның шет-шегін жете шамалау мүмкін емес. Өнер ізденісінің дайын қалыбы жоқ, өнер ырыздығын санаға сіңіру үшін де оның тек өрең жеткен әдіптерін сағалайсың. Әйтеуір бәрінің басы айқын бір бастау-түйіні бар. Ол - әрине, тіл тылсымын қаламгердің қалай игергені және оны қаншалықты дәрежеде сенің өзіңнің сезіне білгенің. Біршама танымдық деп біздің тоқпейілдік жасап жататынымыз осы. Шындығында қалай танымдық, гәп – сонда.

Қ.Жүсіп Жазушы.Ғалым.Ұстаз. Монография. Алматы: Арыс 1997. – 150 бет.

Лениндік сыйлықтың лауреаты, литвалық Эдуардас Межелайтис өзінің «Ночные бабочки» («Түнгі көбелектер») деген поэзия толғанысы туралы күнделігінде «Мен оқушыға барлығын түсінікті етемін деп ұзақ уақытқа дейін қателесіп келіппін. Оған творчестволық ойлауға мүмкіндік берейік тағы, өз шығармаларымыздың ортақтас авторы қылайық» [16] деген болатын. Межелайтистің осы шақыруына Жұмекен өлеңдері бірден-бір үн қосып тұр.

Заман ілгері озып, техникалық революция дәуірінде өміріміз, қарым-қатынасымыз күрделілене түскен сайын біздің идеялық қаруымыз да күрделіленуде. Уақыт самарқау жылжуды қолдамайды, оның талабына сай ырғақ, өзгеше мәнер, нақышты іздеп табу – ең басты, ардақты борыш екенін әр қаламгер айқын ұғынатын шақ туды. Оқушыны өз шығармасына ортақтастыру яғни шығарма шешімін анықтауды оқушының өзіне қалдыру үлкен шеберлікті керек ететін қиын шығармашылық жол. Жұмекен осы күрделі қиындықты игеруге құлаш ұрды. Осы жолда ұзақ жылдар бойына талмай ізденіп, тамаша табысқа жетті.

Жұмекеннің шығармашылық жаратылысы – Велимир Хлебников, Борис Пастернак, Леонид Мартынов, Андрей Вознесенский сияқты орыс ақындарының шығармашылық табиғатымен туыстас.

Шынында да, оның өлеңдерін салғаннан желдіртіп оқып, бірден түсіну оңай емес. Ақынның ой астарына қайта-қайта үңіліп қараған абзал. Оның оқушысына ұсынбақ болған идеясы ақшырая қарап, айқай салмай, өлең сөздерінің жықпыл-жықпылдарында асқан шыдамдылықпен жасырынып тұрады. Түсінігі өте жеңіл өлең, бейнелеп айтсақ, «үп» еткен желден жұлынып ұша жөнелетін қаңбақ сияқты. Жұмекен өлеңдерінің салмағы оған қарама-қарсы, өзі айтқандай:

Тамырларым – тереңде,
Бұтақтарым – биікте.

Иә, Жұмекен жырларының тамыры тереңде. Оны түсіне білу керек. Ақынның қат-қабат иіріміндегі поэтикалық нәзік те көркем кестелерін көріп, түйсініп ұға білу үшін өте сезімталдық, интеллектілік керек.

Қ.Жүсіп Жұмекен Нәжмеденовтың ақындығы. Монография. Алматы: 1995. -228 бет

"Тасбақаның шөбі" әңгімесіндегі нұсқалы ой – идеяны бағамдайықшы. Қаламгер аңғартуынша: "Адамзат өмірінде адам үшін жасалған зәредей жақсы іс ешқашан өлмейді". Ол адам баласы қоғамында бір белгі боп, бір белгісіз толқын боп өмір сүреді. Қандай да бір адамның аты белгілі болсын-болмасын, атқарған игі ісі ешқашан өшпейді. Жақсылық боп алдынан шығады. Өзіне шарапаты тимесе, ұрпағына тиеді. Ең кішкене, ең қарапайым адам өмірге қосқан осындай үлесі үшін мақтануы керек. Адамға жақсылық әкелетін – "тасбақаның шөбі" сияқты сенім-нанымдар емес; оның өмірде істегені, атқарғаны, жақсы пиғылы, мәндай тері. Өмірді сақтайтын, тіршілік тұғыры болатын – қарапайым, елеусіз адамдардың еңбегі. Міне, шығарманың түбірлі айтпағы осы.

Қ.Жүсіп Шың мен шыңырау.Монография. – Алматы: Арыс. 2000ж 38 бет

Әбіш Кекілбайұлының "Аңыздың ақыры" романы – терең психологиялық зерделеден туған шығарма. Тарихи тақырыпты қозғап, ата-бабаларымыздың өткен өмірінен елес бергенмен, роман түп-тура қазіргі күнмен де үндесіп жатыр. Романдағыдай адам өмірінде кездесетін алуан құбылыстар, күрделі ішкі ой-толғаныстар, адами психологиялық әрекеттер, қарым-қатынастар бүгінгі заман адамдарының бойында да бар. Ал бір айырмашылық – екі дәуір адамдарының өмір сүру амал-тәсілдерінің өзгешелігінде. Махаббат сезімі ешқашан жоғалмақ емес, махаббат қай кезде де кіршіксіз таза күйінде қалады. Бірақ адамның бұл қасиетті сезімі кілең зорлықтан зардап шегумен, аяққа тапталумен келеді. Өткен мен бүгінгінің байланыстылығының бір тіні осында.

Қ. Жүсіп: Шың мен шыңырау. Монография. – Алматы: Арыс, 2000ж 99 бет

Махамбет – батыр әрі жырау. Жыраудың батырлық туралы, жорық туралы ұрандата шақырған жырларының бәрі – саф алтын, мөлдір гауһар екенін білгеніміз жөн. Өлеңдердегі бір сөздің немесе сөйлемнің бір тармағының басы артығы жоқ. Бәрі табиғи қиындасқан, бір-бірімен біріккен, сыналасқан.Ақынның ғимараттың кірпіші шебер қаланған кабырғасындай әрбір жыры – халықтың жүрегінде сақталған, мәңгі

өшпейтін ескерткіш іспетті. Тасқа қашалып жазылған сөз бір замандарда тас тозып мүжілген шағында, жел, жауын-шашын, боран-дауылдың әсерінен құмға айналып кетсе, жүректе сақталған сөз заман зауалы да ала алмайтын планета ғұмырындай берік болады. Жүрекке қашалған сөз – мәңгілікке суарылған сөз.

Қ.Жүсіп.Алмас жыр. Монография.- Атырау 2003.- 58бет

«Білім негізі – бірінші сыныпта» деген дұрыс тұжырым. Бұрын «Білім негізі – бастауышта» деп ұрандатқанмен, ол ұран күйінде қалды. Ұрандату бастауыш сыныптар үшін ешбір өзгеріс берген жоқ. Асылы, құрғақ ұрандату тұрақты әдетімізге айналғандығын мойындағанымыз дұрыс шығар. Енді күрт іске көшу қажет. Мәселені «бірінші сыныпта» шешкен дұрыс.

«...Бірінші сынып – өзінен жоғары барлық сыныптардың іргетасы. 11 қабатты тұрғын үй ғимаратының іргетасын құрылысшылар бір қабатты үйдікіндей емес, 11 есе берік, мықты етіп құяды ғой. Бірінші сыныпта да дәл сондай». Іргетастың осалдығынан көп қабатты үйдің опырылып құлап жатқанын көз алдымызға елестетіп көрейікші. Құрылысшының жауапсыздығынан көптеген тұрғындардың опат болғаны трагедия емес пе? Ал, білім ғимараты – рухани ғимараттың құлау зардабы жүздеген жылдарға кететін өлшемі ұзақ трагедия.

Қ.Жүсіп.Әдеби толғамдар. Мақалалар. – Ақтөбе. А-Полиграфия ЖШС -2004. 138 бет.

И.Жақанов зерттеулерінің бірқатарын әңгімеге тиек ете отырып, өз ой пікірлерімізді де білдірдік. Оның басқа да зерттеу жазбалары мол. Эссе-жазбаларының аттарын атап өткен жөн: «Дәукеннің әні», «Ауқат әнші», «Таңжарбайдың әні», «Қара ат», «Бестоспа», «Әлима», «Мәриам туралы ән», «Айтжан-ай», «Долана-ай», «Маңғыстаумен қоштасу», «Әмірхан», «Гүлжансары» және т.б. Барлығы – қырық шамалы. Әрбіреуі қазақ өнерінің бір-бір тарихы деуге болады. Бұлардың бәрі Жақановтың ізденімпаздық еңбегінің нәтижелері. Осыншама мол дүниенің өнер тарихында алатын орны ерекше. Бұлардың бәрін жинақтай келе, мынадай қорытынды түйіндер жасаймыз:

біріншіден, мәдени өміріміздің әрі мен нәрі болып бағаланатын әндерге және олардың авторларына байланысты халық арасында теріс түсіндіріліп жүрген жайлар тарихи деректерге негізделіп түзетілді, түсініксіз жайлар нақтыланды;

екіншіден, халық арасына тараған көптеген әндердің авторлары анықталып, олардың нақты өмір деректері белгілі болды;

үшіншіден, уақыттың қалың қабаттарында қалып жоғалып бара жатқан әндерді дүниеге жарқырата қайта алып келіп, елдің рухани игілігіне айналдырды;

төртіншіден, барлық шындықтарға жету жолында көмекке келген елдің нұрлы жүректі өнерпаздарының бар екендігіне көз жеткізіп, олардың есімдерін көркем мәдени өміріміздің тарихына енгізді;

бесіншіден, «Ел іші – өнер кеніші» деген мақалдың шындығына көз жеткізіп, халық санасының түкпірінен әлде де белгісіз болып қалған өнердің сөніп бара жатқан сәулелерін жарқын нұрға айналдырды;

алтыншыдан, ән сияқты өнер туындысының мәтіндерін жер шалғайлығына, уақыт тіндерінің ұзап, ұмытылып кетулеріне байланысты құбылып, өзгеріп отыратынына көз жеткізді;

жетіншіден, өнер адамдарының тағдырларына байланысты халыққа жұмбақ болып келген әр түрлі аймақтардағы рулар арасындағы тайталас тарихи оқиғалардың беттері ашылып, жария етілді;

сегізіншіден, халық әндері де, халық композиторларының әндері де бір кездегі саяси жағдайлардың қаруына айналып, сөздері бұрмаланып айтылған кездер болғандығына көз жеткізілді;

тоғызыншыдан, халық әндері де, халық композиторларының әндері де музыка өнерінің жаңа туған жанрларының ең қажетті саздық материалы бола білген және өткен заман музыкасынан қазіргі кез музыкалық саздарының дәстүрлік байланысының мысалдарын келтірді.

Қ.Жүсіп.Қазақ романсының патшасы.Монография. – Қарағанды. 2023 -74 бет.



ШӘКІР ИБРАЕВ

Шәкір (Шакимашрип) Ибрайұлы Ибраев 1950 жылы 31 желтоқсанда Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бестам ауылында дүниеге келген. Шымкент облысы, Кентау қаласы, Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті 1968 жылы үздік бітірген. 1968–1973 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыған. 1974–1976 жылдары КСРО Ғылым академиясы М.Горький атындағы Дүниежүзі әдебиет институтының ізденушісі ретінде ғылыми тәжірибеден өткен. 1976–1979 жылдары КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының Таяу және Орта шығыс халықтарының әдебиеті бөлімінде аспирантурантураны бітіріп, кандидаттық диссертациясын «Қорқыт ата кітабының» поэтикасын түркі халықтарының эпосымен салыстыра зерттеу» деген тақырыпта қорғаған (Мәскеу, 1979). Докторлық диссертациясы «Қазақтың батырлық эпосының поэтикасы» деген тақырыпта қорғаған (1993). 1997 жылдан профессор.

Еңбек жолында Әл-Фараби атындағы мемлекеттік университетінің доценті, ҚР ҒҚолжазба орталығының жетекшісі (1989–1995), М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры (1995–2001), Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенті, Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры қызметтерін атқарды. Түркі мемлекеттерінің бірлесіп құрған Түркі академиясының тұңғыш құрушысы және Президенті лауазымына (2010–2014) тағайындалды.

Ғылыми жұмыстарын жалғастыру үшін Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің және Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-дің профессоры қызметін атқарып келе жатыр.

Ш. Ибрайұлы «Құрмет» (2009), «Парасат» (2024) ордендерінің иегері. Әр жылдарда ҚР Президентінің және ҚР Білім және ғылым министрлігінің медальдарымен марапатталған. Халықаралық Шығыстану Ассоциациясы (Мәскеу, 1990) және Халықаралық фольклор комитетінің мүшесі (Мәскеу, 1992). «Түрік дүниесіне қызмет» атағын

(Анкара, 2006), Қазақстан ҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығын, «Европалық сапа мен ғылымға қосқан үлесі үшін» медалін (Оксфорд, 2008) алған.

Ш. Ибрайұлының алғашқы ғылыми мақалалары КСРО ҒА Шығыстану институтының ұжымдық монографияларында және жинақтарында жарық көрді. Ал М.Горький атындағы Дүниежүзі әдебиеті институтының ұжымдық монографиясында жазған көлемді мақаласында тұңғыш рет фольклортануда жүйелі-аналитикалық зерттеу әдіс-тәсілі қолданылды (Художественно-определительная система героического и романического эпоса тюркоязычных народов // Типология и взаимосвязи фольклора народов СССР. Москва: НАука, 1980). Сол уақыттан бері жазған монографияларында және ғылыми мақалаларында қазақ және түркі халықтарының фольклорына және әдебиетіне арналған іргелі ғылыми сипаттағы еңбектері үздіксізжарық көріп келе жатыр. Олардың бастау көзінде Ш. Ибрайұлының профессор Х.Г. Короглының жетекшілігімен жазылған Қорқыт және «Қорқыт ата кітабына» арналған зерттеулері академиялық бағытта қалыптасуға негіз болды. Бұл бастама ғалымның ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің тілін де игеруіне ықпал етті.

Ш. Ибрайұлының ерекше ден қойған саласы – қазақ және түркі эпостарының тарихи поэтикасы мен құрылымдық жүйесінің мәселелері (Эпос әлемі. Алматы: Ғылым, 1993. 294 б.). бұл бағыттағы зерттеулері түрік тіліне де аударылып, бірнеше рет қайта басылып шықты (Destan yapısı: kazak destanlarında insan, zaman ve mekan. Ankara: Atatürk Kültü Merkezi Baskanlıgı, 1998. 318 s.). Сондай-ақ орыс тілінде жарық көрген «Оғыз эпосының поэтикасы» (Алматы: Ғылым, 1997) атты кітабы да Түркия ғалымдарының қызығушылығын оятты (Oğuz kahramanlık destanının poetikası. Istanbul: Ötüken Neşryat, 2025).

Ш. Ибрайұлының «Қазақтың ғұрыптық фольклоры» (Нұр-Сұлтан: 2021. 254 б.) монографиясы салт-дәстүрге және түрлі наным-сенімдерге қатысты қазақ фольклорының түрлерін тұтастай жинақтаған еңбек. Ғұрыптық фольклордың (обрядовый фольклор) жанрларын бірыңғай жүйелеу ісі осы монографияда жүзеге асты. Бұл арқылы қазақ фольклорының ғылыми базасын жасау жұмысы қолға алынды. Монография түрік тіліне де (Kazak Rıtual Folkloru. Ankara: Altındağ, 2025. 188 s.), сондай-ақ қырғыз тіліне де (Казак салттык фольклору. Бишкек: «Улуу Тоолар» басмасы, 2025. 244 б.) аударылды.

Ш. Ибрайұлының соңғы жылдардағы ерекше ден қойған мәселесі – Абайдың шығармашылығы мен ақындық психологиясына қатысты өзекті тақырыптағы зерттеу ісімен байланысты. Бұл жұмыстардың мақсаты – заманауи әлемдік әдебиеттану ғылымында маңызды рөл атқарып отырған феноменологиялық зерттеу әдіс-тәсілінің ізденістеріне сай Абайдың ақындық тұлғасын және шығармашылық әрекетін психоаналитикалық және экзистенционалдық аспектіде жаңа қырынан

қарастыру. Абай поэзиясының көпқабатты мәні және құрылымдық жүйесі ақын психологиясының қыр-сырымен астасып жатқан құбылыс. Мұның себебіне үңілу үшін әдебиеттану ғылымының да заманауи ұстанымдары өзгеруі тиіс. «Абай феномені» (Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. 240 б.) және «Абайдың ақындық бейнесі» (Түркістан, 2023. 144 б.) кітаптарында Абай поэзиясын осы тұрғыдан қарастыру көзделген.

Ш. Ибрайұлының еңбектері түрік дүниесіне кеңінен танымал. Оның 50-ден астам халықаралық форумдарда, симпозиумдарда, конференцияларда жасаған баяндамалары, түрлі мемлекеттерде жарық көрген кітаптары мен мақалалары ғылыми жұртшылықтың ілтипатына ие болып келе жатыр.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Көркем шығарманы жүйе ретінде қарастыру оның түрлі құрамдас бөліктерін бір-бірінен байланыссыз алып, сол арқылы бүкіл шығармаға қатысты біржақты қорытындылар жасаудан сақтандырады. Мұнан шығарманың жекелеген бөлшектерін қарастыруымыз керек деген ұғым тумауға тиіс. Керісінше, жан-жақты, тұтас, мейлінше толық қарастыруымыз қажет. Жүйелі талдаудың мақсты да осында. Алайда зерттеп отырған объектіміздің текстегі иерархиялық орнын, өзгелермен ара қатысын, өзінен жоғары деңгейлерге бағынышты екендігін естен шығаруға болмайды. Анығырақ айтқанда бүтіннің нақтылы бір бөлшегі ретінде анықтауымыз керек. Өкінішке орай, эпикалық шығармалардың шығу дәуіріне байланысты айтылған ой-пікірлердің көбі жер-су, кісі аттарының ұқсас аталуына, кейбір түсініктердің, эпос оқиғасының тарихи оқиғалармен шамалас болуына қарай негізделіп келе жатыр. Бірақ бұл жеткіліксіз.

Жеткіліксіз болатыны – шығарманың өзі тұтас тұрған құрылымдық жүйе екендігі және оның өзгеру үстінде болатыны назардан тыс қалған. Зерттеуші өзіне қажетті, өз көзқарасына ғана сәйкес келетін жекелеген бөлшекті алады да, оны бүтіннен бөліп тастайды. Мұндай жағдайда нені дәлелдегіміз келеді, қалай дәлелдегіміз келеді – бәрі де біздің субъективті ой-пікірімізге қызмет етеді. Мәселен, көне түсініктер, этнонимдік, топонимдік атаулар мен ұғымдар, мифтік, аңыздық желілер іс жүзінде дара өмір сүріп келіп, бергі замандарда да эпосқа арқау бола беруі мүмкін ғой. Тіптен XVIII-XIX ғасырлардағы тарихи жырлардан да мұндай өзгешеліктерді ұшыратуға болады.

Ибраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. 53-б.

Ауызша дәстүр ең алдымен шығарманың айтылу мезгілі және ортасына қарай қалыпты өлшемге түсіріледі. Атап айтқанда, шығарманы жарату, жаңғырту, уақыт жағынан бір-бірінен бөлінбейтін, бірдей мөлшерде жүзеге асатын шығармашылық акт. Шығарманың тууына бір бөлек, орындалуына бір бөлек уақыт қарастырылмайды. Айтушы ауызша айтудың мезгілдік шарттарына тәуелді. Мәтінді белгілі бір логикалық паузаға дейін (эпизодты аяқтау, өлеңнен қара сөзге ауысу т.б.) үзуге болмайды. Бұл айтушы шеберлігіне сын болатын жағдай. Себебі ауызша шығарашылық тыңдаушылардың көз алдында өтеді.

Тыңдаушылар ортасы – фольклорлық шығарманың жаратылатын, пайда болатын, айтылатын, қайталанатын жері. Фольклордың бар болуы оны керегіне жаратушы қауымға тікелей тәуелді.

Фольклор поэтикасымен дәстүрі бұл жағдаймен біте қайнасып жатыр. Шығарманың идеялық-көркемдік мәні, сюжеттік құрамы, композициялық құрылымы, тілдік-стильдік кестесі ауызша дәстүрдің талабына сай болуы тиіс. Ал бұл өз кезегінде шектеулі уақытқа (бірден жадынан шығарып айту немесе жаңғырту) және тыңдаушылар ортасына сәйкес түзіледі.

Ибраев Ш. Қазақтың ғұрыптық фольклоры. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. 28-б.

Абайды қинаған мәселе өлеңдерінің қалай жазылатыны, өзгелерге қалай әсер ететіні, оқырманның қалай көңілін табатыны емес. Өлең – оның жан-дүниесін күйзелткен, сыртқа шықпасына қоймаған психологиялық үдерістерінің нәтижесі. Өлең жазу – әрі оны мазалаған, әрі оны қанағаттандырған, «ауыр ойды көтеріп ауырған жанның» жанына шипа болған рухани азығы. Шығармашылыққа ұстаным (установка) қойып, белгіленген бағдарламадан шығуды мақсат етпегені, өлең табиғи қажеттіліктің себеп-салдарлы өтеуі екені – Абай тұлғасында қайталанбайтын құбылыс.

Ибраев Ш. Абай феномені. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. 23-б.

Абайдың оқырман туралы ойы, өлеңнің мазмұны, әлеуметтік жүгі, өлең жазудағы мақсат, қиыннан қиыстырған сөз, саудаға салынбайтын сөз айту миссиясы, надан жұрт сияқты өзара байланыстағы тақырыптық бірліктер ойлаудың біртұтас бағытына біріктірілген. Осы үдеріске қарай бұл бірліктер бірін-бірі толықтыратын, бірін айту арқылы келесісіне өтетін психологиялық ахуалдың сындарлы белгісіне айналған. Ахуал осы бірліктермен үздіксіз байланыстағы континуумдық ұғымдар ретінде көңіл-күйдің, мақсатты әрекеттің, өз ісін қорытындылаудың нәтижесі қатары саналады.

Осыған орай мәселенің эстетикалық қуаты да айшықталып шығады. Себебі осы тақырыптық бірліктерді өзара өрелестіру өлең жазудың өзегіне айналады. Бұларды жалғасып жатқан ой мен сезімнің бірыңғай ағымына біріктіру – эстетикалық өрісте ғана жүзеге асатын іс болып шығады.

Ибраев Ш. Абайдың ақындық бейнесі. – Түркістан: «Тұран» баспасы, 2023. 31-б.

Иманғазинов Мұратбек Мұбырақханұлы

Филология ғылымдарының докторы, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры, Иманғазинов Мұратбек Мұбырақханұлы, Алматы облысы, Алакөл ауданы, Тоқжайлау (бұрынғы Дзержинск) ауылында 1964 жылы 4 ақпанда дүниеге келді.

1971-1981 жылдары Үшбұлақ орта мектеп оқушысы. 1982-1984 жылдары Кеңес Одағы қарулы күштері қатарында. Алғашқы еңбек жолын1984-1986 жылдары құрылыста жұмысшы болып бастаған.

1986 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне түсіп, 1991 жылы үздік дипломмен аяқтаған. 1991 жылы Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров әдеби музейінің ғылыми қызметкері, ал 1992 жылдан бастап Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы болып қызмет атқарады.

1995-1998 жылдары ҚазҰУ-нің аспиранты. 1998 жылы «Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық лабораториясы (прозалық туындылары негізінде» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады (ғылыми жетекшісі ф.ғ.д., профессор Т.Кәкішұлы). 2001 жылдан қазақ филологиясы кафедрасының доценті. 2000-2002 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің докторанты. 2008 жылы "Қазақ және антика әдебиеттеріндегі сюжеттік үндестіктер" атты докторлық диссертация қорғады (ғылыми кеңесшісі ф.ғ.д., профессор Т.Кәкішұлы). 2008 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Республикалық грантына ие болып, «ЖОО үздік оқытушы-2008» төс белгі алған.

1998 жылы Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі болып қабылданды. 2025 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі болып қабылданды.

Қазір «Ілиястану» ғылыми –практикалық орталығының меңгерушісі.

Алты іргелі еңбек пен 100-ге тарта ғылыми, әдеби-публицистикалық ғылыми мақалалардың авторы.

Негізгі еңбектері:

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік оқу орталығының ұсынысымен жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық, оқу құралы, монографиялар:

1 Жан қайығын жарға ұрдым – кітап, Алматы, Жазушы. - 1994 жылы жарық көрді – Ілияс Жансүгіровтің өзін көрген замандастары мен ғалым-зерттеушілердің естелігі мен зерттеулері топтастырылған.

2 Ілияс прозасындағы дәуір дидары – оқулық, Талдықорған. - 2000 жылы жарық көрді - Ілияс Жансүгіровтің проза, публицистикалық көркем туындыларының поэтикасы мен көркемдік ерекшелігі талданған.

3 Ілияс Жансүгіров. Монография.

Алматы, "Қазақ университеті". - 2004,218-б - Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық өмірі мен көркем туындыларының поэтикасы жан-жақты талданған.

4 Антика әдебиеті. Монография. – Талдықорған: ЖМУ баспасы, 2006. – 22 б.т. – Көне европалық 1200 жылдық әдеби болмысы мен тарихы зерттелген.

5 Антика әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми Кеңесінің ұсынысымен Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы баспасы шығарды, 2008. – 370 б. – Көне Грекия мен Рим әдебиетінің әлем әдебиетіндегі орны және оның көне қазақ әдебиетімен үндестігі, байланыстары жөніндегі оқу құралы, ЖОО филология мен журналистика мамандықтарына арналған.

6 Ілияс Жансүгіровтің таңдамалы шығармалар жинағының 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 томдарының жауапты шығарушысы, редколлегия мүшесі, Алматы, Қазығұрт баспасы, 2005-2011 ж.ж. - Ілияс Жансүгіровтің әр жанрдағы көркем туындылары қаламгердің эволюциялық өсу мен хронологиялық даму ерекшелігі арқылы берілген.

7 **Ілияс Жансүгіровтің таңдамалы шығармалар жинағының** 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20 томдарының жауапты шығарушысы, редколлегия мүшесі, Алматы, „Жазушы", „Ай-ару" баспасы, 2020 жылдары - Ілияс Жансүгіровтің әр жанрдағы көркем туындылары мен зерттеулердің авторы.



КАЖИАКБАРОВА РАУШАН БАТЫРШАҚЫЗЫ

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Раушан Кажиакбарова Батыршақызы – әдебиеттану саласында зерттеу жұмыстарын жүргізіп келе жатқан әдебиетші ғалым.

Кажиакбарова Раушан Батыршақызы 1975 жылы Өзбекстан Республикасы, Жызақ облысы, Гагарин қаласында дүниеге келген. 1992 жылы Шымкент қаласындағы №51 орта мектепті алтын медальмен бітірген. 1996 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген. Еңбек жолын 1996 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасында аға лаборант қызметінен бастап, оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметтерін, 2004-2005 оқу жылында филология факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ізденушісі болып, филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Ергөбектің жетекшілігімен «С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» романының шығармашылық тарихы» деген тақырыптағы кандидаттық диссертацияны 2000 жылы 25 желтоқсанда Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін беру жөніндегі К.14.44.03 диссертациялық кеңесінде қорғадым. 2003 жылы ҚР Жоғары аттестациялық комиссиясының қорытындысы бойынша доцент ғылыми атағын алған. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің талантты жас ғалымдар үшін ұйымдастырған конкурсына қатысып, мемлекеттік ғылыми стипендия иегері болған. Ізденуші ретінде қазақ әдебиетіне байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеді. 100-ден аса ғылыми мақалалар мен еңбектерім жарияланған. Ғылыми еңбектер қазақ әдебиетінің тарихы, қазіргі қазақ прозасы мәселелеріне, қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылығын талдауға арналған. «С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» романының шығармашылық тарихы» (2002 жыл), «Қазіргі әдеби процесс» (2003 жыл), «1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті» (2004

жыл), «Қазіргі қазақ прозасы» (2006 жыл), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (2007 жыл), «Балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту әдістемесі» (5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы студенттеріне арналған оқу құралы, 2016 жыл), «Қазақ тілі» (1-бөлім, 2021), «Қазақ тілі» (2-бөлім, 2022) деген еңбектері жарық көрген.

Р.Б.Кажиакбарованың 2002 жылы жарық көрген «С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» романының шығармашылық тарихы» атты монографиясы жазушы С.Мұқановтың тарихи тұлға – Балуан Шолақ Баймырзаұлының өмір жолына арналған шығармасының жазылу тарихына, шығармашылық шеберхана мәселелеріне негізделген. Еңбекте шығармадағы көркем бейнелер мен түптұлға мәселесінің арақатынасына тарихи таным тұрғысынан талдау жасалған. XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген, үш жүзге аты мәлім танымал тұлға Балуан Шолақ Баймырзаұлының тарихи тұлғасы мен өмірлік деректерге архив құжаттары негізінде талдау жасалған еңбекте жазушының шығармашылық шеберханасына талдау жасап, қолжазбамен жұмыс жүргізе отырып, қолжазба мен баспа нұсқасындағы саясатқа байланысты жасалған өзгерістерді ашып көрсеткен. Жазушының шығармащылық шеберханасының сырын ашып көрсеткен, белгілі бір шығарманың жазылу тарихын зерттеу, бір жазушының творчестволық лабораториясын жалпылай алып зерттеу, жалпы көркем шығармашылық психологиясын зерттеу мәселелерін қарастырған моногра-фиялық еңбекте архивте сақталған қолжазбаның маңызды тарихи құжат ретіндегі ерекшелігіне сараптау жасалып, жазушы қолжазбасы шығармашылық ой аңғарын ашатын дерек көзі ретінде қарастырылған. Әдеби шығармашылық – жазушының өмір тарихымен ұштасып жатқан процесс. Қаламгердің тарихи тақырыпты өзіндік игеріп, өмірлік деректі өз дүниетанымы тұрғысында баяндап, мұрат тұтқан образ арқылы көркем шығарма жазып, өз концепциясын білдіргенін, тарихи тұлғаның өмірін қазақ халқының тіршілігімен сабақтастыра тарихи және көркемдік шындық арасындағы ара қатынасты ашып көрсетеді.

Жазушының жеке архивінде сақталған эпистолярлық мұра – хаттар «Балуан Шолақ» туындысының жауынгерлерге Отан қорғау жолында рухани жәрдемші болғанын, сондай-ақ оқырман қауымға рухани серік бола білгеніне талдау жасай отырып, творчестволық процестің бір саласы болып табылатын эпистолярлық мұра – хаттардың шығармашылық психологиясын қарастырудағы өзіндік маңызын саралап көрсеткен. «Балуан Шолақ» шығармасының жазылу тарихы тұрғысынан жазушының бала жасында көрген, естіген-білген өмір оқиғаларын көркем шығармада кейіпкерді тұлғалайтын жинақталған

көркемдік шындық ретінде пайдаланғанына деректер негізінде талдау жасалған еңбектің ғылыми-танымдық маңызы бар.

Жоғары оқу орнының бакалаврлық оқу сатысына қазіргі қазақ әдебиеті тарихының негізгі, таңдауы бойынша оқытылатын курстарына арналып жазылған «Қазіргі қазақ прозасы» атты оқу құралында қазақ прозасының Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкеев, Дулат Исабеков, Әнуар Әлімжанов, Шерхан Мұртаза сынды өкілдерінің прозалық шығармаларына идеялық, теориялық тұрғыдан талдау жасалған.

Р.Б.Кажиакбарованың «Қазақ тілі» атты оқу-әдістемелік құралы қазақ тілінің коммуникативтік бағытын жүзеге асыру бағытына арналған. Қазақ тілін оқытудың В1 деңгейіне лайықталып дайындалған еңбекте әдістемелік бағытта ЖОО-да қазақ тілін қарым қатынас құралы деңгейіне айналдыру дағдыларын қалыптастыру бағытында тапсырмалар қамтылған. Еңбек – коммуникативтік құзіреттілік – тілдік (лингвистикалық), әлеуметтік-лингвистикалық, дискурстық, мәдени-лингвистикалық, кәсіби білік-дағдыларды қалыптастыруға бағытталып, ЖОО-ның, педагогикалық колледжінің студенттері мен жалпы көпшілік қауымға арналған.

Жоғары оқу орнының бакалаврлық оқу сатысына қазіргі қазақ әдебиеті тарихының негізгі, таңдауы бойынша оқытылатын курстарына арналып жазылған «Қазіргі қазақ әдебиеті» атты оқу-әдістемелік құралда қазіргі қазақ әдебиетінің даму сипатындағы ерекшеліктеріне шолу жасалып, көрнекті өкілдерінің шығармашылығына талдау жасалып, жанрлық тұрғыдан жүйеленген.



Карбозов Ерхан Карбозұлы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ассистент-профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Карбозов Ерхан Карбозұлы 1976 жылы дүниеге келген. 1992 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында №105 орта мектепбін біреді. 1994 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, 1999 жылы филолог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандығын алып шыққан. 1999-2001 жылдары осы университеттің магистратурасында, 2001-2003 жылдары Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасында аспирантурада оқыды.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 2004-2005 жылдары «Адамар» баспасында әдебиет бөлімінің редакторы қызметін атқарды.

2005 жылдың шілде айында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Т.Ізтілеуов шығармашылығындағы адамгершілік мәселелер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған.

2005 жылдың қыркүйек айында филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушылық қызметке орналасады. 2008-2010 жылдары факультет деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 2015-2017 жылдары факультеттің деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. 2010-2015, 2017-2019 жылдары кафедра меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды. 2019 жылдан бастап қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарып келеді.

Әдеби-ғылыми бағыттары: Қазақ әдебиетінің тарихы, жыраулар поэзиясы, тұрмағамбеттану.

Негізгі ғылыми нәтижелері:

Карбозов Ерхан Карбозұлының 55 ғылыми мақаласы ғылыми-теориялық конференциялардың материалында және ғылыми-көпшілік басылымдарда жарық көрген. «Қазақ әдебиеті» атты анықтамалық сөздіктің редакторы (2005), «Т.Ізтілеуов шығармалары» атты көп томдық жинақтың 5 томының (2007), «Разақ Мыңжановтың шығармалары» (2019) кітабының редакторы әрі жауапты шығарушысы, «Т.Ізтілеуұлының ақындық шеберлігі» (2011), «Мәдениетаралық коммуникация және аударма мәселелері» (2013) атты оқу құралдарының авторы.

Карбозов Е.К. Т.Ізтілеуұлының ақындық шеберлігі. Оқу құралы. - Алматы: «Қазақ университеті», -2011 ж. -97 б.

Карбозов Е.К., Жұмаділова М.Н. Мәдениетаралық коммуникация және аударма мәселелері. Оқу құралы. -Алматы: «Қазақ университеті», -2013 ж. -112 б.

Е.Карбозовтың әдеби мұраны жинап, құрастырып және насихаттап, ел игілігіне үлес қосқан.

1. Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы, «Аруна», -2007 ж. 573 б.

2. Т. Ізтілеуұлы шығармалары. 1-том. -Алматы: «Жазушы», -2007 ж. -305 б.

3. Т. Ізтілеуұлы шығармалары. 2-том. -Алматы: «Жазушы», -2007 ж. -323 б.

4. Т. Ізтілеуұлы шығармалары. 3-том. -Алматы: «Жазушы», -2007 ж. -395 б.

5. Т. Ізтілеуұлы шығармалары. 4-том. -Алматы, «Жазушы», -2007 ж. -385 б.

6. Т. Ізтілеуұлы. Зерттеулер. 5-том. -Алматы, -2021 ж. 307 б.

7. Разақ (Әбдіразақ) Мыңжанұлы шығармалары. -Алматы: «Үш қиян», -2016 ж. -364 б.

Марапаттары:

Фараби университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының «Абай ілімін дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 2025 ж. Куәлік №14

ОЙЛАР , ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Т.Ізтілеуұлы туындыларында, негізінен, жалпы адамдық, азаматтық мәселелер, оның ішінде уақыт пен адам, қоғам, бейбітшілік мәселелері, ғылым-білімнің, діннің адам өміріндегі алатын орны туралы жырланды.

Қазіргі қоғамда батысқа еліктеген ұрпақтың бабалар ұлағатына енжар қарауы белең алған тұста әдебиеттегі ғылым-білімге деген ізденістердің сөз етілуі қаншалық орынды болса, заманының кеменгері бола білген Тұрмағамбет секілді сөз кестесін зерлей өрнектеген алып ақынның ғылым мен білімді насихаттайтын өлеңдері сол қоғамның өзекті мәселесі болғаны анық.

Халық ауыз әдебиетінен сусындаған қазақ қаламгерлерінің кейбірі XIX ғасырдан бастап шығыс тілдерін меңгеріп, шығыстың бай қазынасымен таныса отырып, өз халқына жеткізуді мұрат тұтты. Сол арқылы қазақ әдебиетіне жаңа әдеби жанрлар келе бастады. Бұхарада ілім алып, шығыс тілдерін жетік меңгерген Т.Ізтілеуұлы поэзиясы да жаңа әдеби жанрлармен толысты. Дәстүрлі қазақ поэзиясында

бұрыннан келе жатқан арнау, толғау, терме, айтыс жанрларына қоса Шығыс әдебиеті өрнектерінен бәйіт, рубай, мысал, нақлият, қисса, хикая, дастан жанрларын қазақ сөз өрнегіне бейімдеп, қазақ әдебиеті жанрын байытты деуге болады. Қазіргі таңда бұл жанрлар тамырын Шығыс әдебиетінен алғанмен, қазақ әдебиетіне сіңісіп, қазақтың төл туындысына айналып кеткен.

Карбозов Е. Т.Ізтілеуұлының ақындық шеберлігі. Оқу құралы. - Алматы: «Қазақ университеті», -2011 ж. 11-19 беттер

КАРИМОВА ГУЛЬМИРА САРСЕМХАНҚЫЗЫ

Алматы облысы Талғар ауданында №12 ЖББ мектебін үздік бітірген.1995-1999 жылдар арасында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алып, үздік дипломмен аяқтаған. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша (2011-2013); Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Ph.D докторантурасын 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 2016 жылы бітірген. «Қазіргі қазақ драматургиясы және оны оқыту әдістемесі» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. Философия докторы (Ph.D), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры.

Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин», «Білім беру саласының үздігі», «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері", Абай университетінің медалдарының иегері, «Ғылым үздігі", НААР Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі орталығының «Үздік эксперті».

Әдебиеттанушы, әдіскер. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазіргі қазақ әдебиеті; драматургия, әлем әдебиеті, қазіргі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, пәнаралық зерттеу.

Еңбек жолы: Гульмира Сарсемханқызы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің С.Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасында қызмет етеді. Әр жылдары Ұлттық бірыңғай тестілеуде ҚР БҒМ-ның өкілі, Мемлекеттік аралық бақылауға және жоғары оқу орындарын аттестациялауға арналған НААР Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі орталығының сарапшысы, Алматы қаласы Білім басқармасы «Алматы Дарыны» орталығының тұрақты қазылар алқасының мүшесі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті және Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің диссертациялық кенесінің мүшесі, RumeliDA Uluslararsi Dil Akademisi журналының редкол.мүшесі.

Гульмира Сарсемханқызы – «Қазіргі қазақ драматургиясысының көркемдік кеңістігі» тақырыбындағы монографияның, драмалық терминдер сөздігінің, 6 мектеп оқулығының, 2 мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдың, 2 электронды оқулықтың, Әлем әдебиеті оқулығының, 150-ден астам ғылыми –танымдық мақалалардың авторы. ҚР Ғылым Комитеті қаржыландыратын «Қазақ көшпелілерінің өміріндегі жылқының рөлі және оның ұлттық әдебиеттегі көркем репрезентациялануы» (2021-2024жж.) атты гранттық жобасын

орындауға қатысты. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «Қазақ көшпелілерінің өміріндегі жылқының рөлі және оның ұлттық әдебиеттегі көркем репрезентациялануы» атты ұжымдық монография мен «Қазақ әдебиетіндегі жылқы образының менталдық мәні» атты оқу құралы дайындалып, көпшіліктің пайдалануына ұсынылды.

Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландыратын «Қазіргі білім беру үдерісінде мектепте әлем әдебиеті үлгілерін оқыту» (2023) атты гранттық жобасында жетекшілік жасап, зерттеу нәтижесінде мектеп оқушыларына арналған «Әлем әдебиеті мектепте» атты оқу құралы мен библиографиялық көрсеткішті дайындады.

Гульмира Сарсемханқызының ҚР БжҒМ ұсынған оқулықтары:

1. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 6 - сыныбына арналған //Қазақстан Респ.білім және ғылым министрлігі ұсынған. – Алматы: «Атамұра» баспасы,2019. Таралымы 40 000 дана;

2. Қазақ тілі оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 6 - сынып мұғалімдеріне арналған //Қазақстан Респ.білім және ғылым министрлігі ұсынған. – Алматы: «Атамұра» баспасы,2019. Таралымы 2 000 дана;

3. Қазақ тілі мен әдебиеті.Жалпы білім беретін орыс мектептерінің 9-сыныбына арналған//Қазақстан Респ.білім және ғылым министрлігі ұсынған. –Алматы: «Мектеп» баспасы,2019.Таралымы 25 000 дана;

4. Қазақ тілі мен әдебиті. Жалпы білім беретін орыс мектептерінің 10- сыныбына арналған //Қазақстан Респ.білім және ғылым министрлігі ұсынған. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2019. Таралымы 40 000 дана;

5. Драмалық терминдер сөздігі - Алматы: Атамұра баспасы, 2019, - 64 бет.100 дана;

6. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 6- сыныбына арналған - Алматы: Атамұра баспасы, 2019;

ЖОО-ға арналған іргелі ғылыми еңбектері:

1.Қазақ көшпелілерінің өміріндегі жылқының рөлі және оның ұлттық әдебиеттегі көркем репрезентациялануы. Ұжымдық монография. -Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 424 б.

2. Әлем әдебиеті мектепте. – Алматы: ЖШС «Толғанай Т» баспасы, 2024. 108 б.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Драматург Р.Отарбаевтың екі тарихи драмасына ортақ нәрсе – драманың бүкіл бітімінде негізгі екі қаһарманның (Бейбарыс сұлтан мен Жәңгір хан) сырын ашуда екі тартыс арнасын қатар өрбітуі: бірі – олардың арпалысы, әрекеті болса; екіншісі – өзімен-өзі иштей айтысып,

толғануы. Тарихи драмаларда өмірлік деректі игеру және көркемдік қиял арқылы бейнелеу драматургтан асқан шеберлікті қажет етеді. Нақтылы деректі өзгертіп алу, сюжет логикасына, характер табиғатына сәйкес келуі керек. Драмада автор идеясы мен көркемдік шешім арасында алшақтық бар секілді. Автордың реформатор Жәңгір бейнесін жаңа қырынан танытып, шынайы бейнесін танытқысы келгені түсінікті. Яғни, біз Махамбет жырлары арқылы білетін «айыр құйрық шаян емес», халқына деген зор сүйіспеншілікпен өмір сүрген жан екенін, перзенттік сезімін, елге деген сезімін қазақ балаларын оқытып, ғылымға итермелеуі, түрлі өнер түрлерін меңгертуі арқылы көрсеткен. Бірақ, Жәңгірдің позициясы, бейнесі толық ашылмағандай әсер қалдырады. Шығарманың басында ақ шаңқан киіз үйінің ішінде ойға бөгіп, қайын атасы Қарауылқожаның да келгенін жақтырмаған Жәңгірді, императордың тәж кию тойына барып келгеннен кейін де ауыл ақсақалдары мен билерін қабылдағысы келмей, қабылдаса да екіұшты, түсініксіз жауап берген Жәңгір бейнесі де кездесіп отырады. Оның өз мақсатын іске асыру жолында қандай батыл әрекеттерге барғандығы айтылмай, солғындау беріледі. Тіпті тартыс, әрекеттен гөрі монологқа көбірек орын беретін секілді. Мүмкін бұған жоғарыда айтып өткеніміздей, Жәңгір хан бейнесін тек қисық айнадан көру принципі де әсер еткен болар деп топшылаймыз.

Каримова Г. «Р. Отарбаев драмаларының көркемдік әлемі» атты мақала Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филолгия сериясы, 2019 №2.

Бағын проза жанрында сынап, шыңдап көрген, көркемдік шарты қатал, тартысты жанрға үлкен дайындықпен келген драматургтің бірі – Серік Асылбекұлы. Драматургтің ерекшелігі – дәл өз тұсындағы көкейтесті әлеуметтік қайшылықтарды айқын көріп, жан-жақты бейнелейтіндігінде. Әрбір адамның көкейінде сайрап жатқан қоғамымыздың індетіне айнала бастаған проблемаларды тауып, талдап, толғай білсе, әрине, ол шығарма оқырман мен көрерменнің үдесінен шыға алатыны белгілі. «Қазіргі драматургияда әр түрлі шығармашылық ізденіс, барлау жүріп жатыр. Негізінен ұлттық фольклор үлгілерін арқау етіп, еуропалық классикадан үйрене жүріп ер жеткен жанр, қазақ драматургиясындағы бағдар – дәуір адамының, жаңа тұрпатты қаһармандардың сан тұлғасын жасау проблемасы», – деген Р.Нұрғали сөзі осыған сай келеді.

Каримова Г. «Асылбекұлы драмаларының поэтикасы» атты мақала // «Қазақ әдебиеті» газеті, 2017, 27 ақпан.

Драматург С.Асылбекұлының қай драмасын алсақ та, көтерген мәселесі маңызды. Автор драмаларында дәуір өзгерісінің адам санасындағы әсері мен көрінісі айрықша жарқырап көрінеді. «Желтоқсан желі» атты алты кейіпкерден ғана тұратын, екі бөлімді драмасының да көтерген жүгі салмақты. Салмақты дейтініміз – драма оқиғасы Тәуелсіз Қазақ елінің тарихындағы ең бір қасіретті, ең бір елеулі күн – 1986 жылдың 18 желтоқсанында өтеді. Желтоқсан оқиғасы драмалық желі болып тартылған. Бір қарағанда, драманың құрылымы «үш бірлік» ережесіне бағынған XVII ғасырдағы классицизм дәстүрімен жазылғандай әсер етеді.

Каримова Г. «Асылбекұлы драмаларының поэтикасы» атты мақала // «Қазақ әдебиеті» газеті, 2017, 27 ақпан.

Талантты прозашы, драматург С.Асылбекұлы пьесаларының төмендегідей поэтикалық ерекшеліктері айқын аңғарылады: біріншіден, оның пьесалары тек автордың өз көзімен көрген, құлағымен естіген, жан дүниесінен өткізген осы қазіргі заманның шындықтарынан алынып жазылған; екіншіден, бұл шығармалардағы персонаждардың характері барынша дараланған, олар тіршілікте қоян-қолтық араласып жүрген таныстарымыз секілді өз бейнелеріне ғана тән мінез-құлықтарымен, іс-әрекеттерімен, жүріс-тұрыстарымен көзімізге жылы ұшырап қоя береді; үшіншіден, С.Асылбекұлы драмаларының тілі барынша халықшыл, онда бұл халықтың сөйлеу тілінің қабат-қабат лексикалық қорының байлықтары мен сан қырлы интонациялық ырғақтарына дейін айқын көрінеді және бұл шығармаларда әлемдік классикалық драматургияның биік мәдениеті бар.

Бұндай көркемдік ерекшеліктер оның жоғарыда біз айтқан туындыларымен қатар қазіргі күндегі М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында қойылып жүрген, (осы мақаланың көлемі көтермегендіктен талдауға енбей қалған) өзінің шынайылығымен Алматы көрермендерінің ықыласына бөленген «Империядағы кеш» драмасына да тән.

Каримова Г. «Асылбекұлы драмаларының поэтикасы» атты мақала // «Қазақ әдебиеті» газеті, 2017, 27 ақпан.

Мектеп бағдарламасында көріктеуіш құралдарды оқыту тәсілдерін жаңарту мен жетілдіру үшін тіл біліміндегі көріктеуіш құралдар категориясына байланысты теориялық және танымдық білімді меңгеру қажет болады, сонда ғана педагог пен оқушы арасында тығыз, саналы қарым-қатынас орнатылады. Осы тұжырымдардың орта білім беру жүйесі үшін айрықша өзектілерімен педагог танысып білсе, бұл проблемаға қатысты өз білімін арттыра түссе, сондай-ақ ізденістер жолында болса, онда қазақ тілі мен әдебиетіне арналған оқулықтардағы мәтіндер айналасында тілдің образды бейнелі құралдарының түр-түрін

меңгертуге бағытталған жаңа әдістемелік амал-тәсілдерді толық мәнінде қалыптастыруға болады.

Каримова Г. «Орта мектепте лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері» атты мақала
Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы
«Педагогика ғылымдары» сериясы, 2022 № 1 (73).

Қазақ драматургиясының қалыптасу кезеңіндегі тарихи ғұмырнамалық драмалардың орны ерекше. Қазақ әдебиетінің классик жазушысы М.Әуезов ұлы ақын Абай Құнанбаевтың ғұмырнамасын толық, жан-жақты, кеңінен зерттеп жазды. Осындай зерттеулердің нәтижесінда драматург ұлы Абайдың ақындығы мен ғұмырнамасына арналған «Абай» трагедиясын, «Абай» либреттосын, «Абай» кинодрамасын, «Абай» сценарийін жазды. М.Әуезовтің ұлы ақын өмірінің төңірегінде бір тақырыпты - Абай тақырыбын драмалық әр түрлі жанрда (трагедия, либретто, кино, көркем сценарий) арнайы мақсатпен, шығармашылықпен көркем бейнелеуі жазушының әдебиет тарихына қосқан мұрасы.

Каримова Г.«М.Әуезовтің тарихи-ғұмырнамалық драмаларындағы Абай бейнесі» атты мақала
Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы
«Филология ғылымдары» сериясы, 2020 №1(71).

Әлем әдебиетін білу – туған әдебиетіміздің тұғырын бағамдауға, төл өнеріміздің өрісін кеңейтуге, әдебиетіміздің әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Өркениет құндылықтарын игеру, әлемдік рухани кеңістікке кіру бағытында бүгінде елімізде атқарылып жатқан игілікті шаралардың қатарында 2018 жылы құрылған «Мазмұндама» қоғамдық қоры баспасының еңбегін айтуға болады *(жоба жетекшісі – Шыңғыс Мұқан).* Жасыратыны жоқ, біз тәуелсіздік алғанға дейін әлем әдебиетін орыс тілі арқылы танып, аударып, оқып келдік. Бүгінде батыс, шығыс халықтарының тілін жетік меңгерген білімді жас мамандардың арқасында әлем әдебиетінің үздік туындылары түпнұсқадан аударылып, ел игілігіне ұсынылып жатқаны көңіл қуантады. Олар әлемдік бестселлер кітаптарды айтпағанның өзінде, елімізде ең алғаш болып саммари және non-fiction кітаптарды шығарып, таратушылар ретінде де көп еңбек жасап жатыр. Ел игілігі үшін қызмет етіп жатқан аталған жобаның алға қойған мақсат-мұраттары да, идеясы да айқын, қажетті әрі тиімді.

Каримова Г. «Әлем әдебиеті мұраларының аударылу жайы» атты мақала Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы
«Филология ғылымдары сериясы» 2024 № 3 (74).



Каримсакова Бактигул Абдимухановна 1969 жылдың 6 ақпанында Түркістан облысы, Жетісай қаласында ұстаздар отбасында дүниеге келген. Әкесі Әбдімүкан (1941–2005) саналы ғұмырын білім беру саласына арнап, қырық жыл бойы ұстаздық қызмет атқарған. Отбасындағы тәлім-тәрбие мен білімге деген құрмет болашақ ғалымның ғылым мен педагогика жолын таңдауына негіз болды.

1987–1992 жылдар аралығында М. О. Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында білім алды.

Еңбек жолын 1992 жылы Жетісай қаласындағы №2 Ш. Уәлиханов атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде бастады. 1992–1999 жылдары аталған білім ордасында жемісті қызмет атқарып, шәкірттері облыстық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары атанды.

2000–2004 жылдары Ақтау қаласындағы №13 гимназия мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс берді. Осы кезеңде оқыту үсіндегі жаңашыл әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, білім сапасын арттыруға үлес қосты. 2002 жылы облыстық деңгейде өткен «Жаңа буын оқулықтарының берілу жайы» тақырыбындағы іс-шараға қатысып, тәжірибелік баяндамалар жасады. 2003 жылы белгілі педагог Қ. Айтқалиевтің қатысуымен ұйымдастырылған республикалық ашық сабақтарға қатысып, Қ. Айтқалиев атындағы атаулы мектептің мүшесі болды. Оқушылары облыстық және республикалық ғылыми жоба байқауларының жүлдегерлері атанды.

2004–2010 жылдары Маңғыстау «Болашақ» институтының «Жалпы білім беру пәндері» кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарды. Институт қабырғасында тәлімгерлік және ғылыми-педагогикалық қызметімен ерекшеленіп, 2005 жылы «Жыл куратары – 2005» байқауының жеңімпазы атанды. Сонымен қатар 2006–2009 жылдар аралығында институттың «Үздік оқытушы» байқауында бірнеше мәрте жеңіске жетті.

2009 жылы «Қазақ әдебиетіндегі әнші-ақындар мен күйшілер бейнесі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми жұмыстың жетекшісі – профессор Р. Тұрысбек. Сол жылы институттың «Ғылыми-зерттеу және халықаралық қатынастар орталығының» меңгерушісі қызметін атқарды.

2010–2013 жылдары Астана қаласындағы «Тұран–Астана» университетінде доцент қызметінде жұмыс жасап, жоғары білім беру жүйесінде ғылыми-педагогикалық тәжірибесін жалғастырды.

2013 жылдан бері Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасында қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы қызметін атқарып келеді. Университетте әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы, қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі пәндерінен дәріс оқып, практикалық сабақтар жүргізеді.

Бактигул Абдимухановна – қазақ әдебиеттану ғылымына өзіндік үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі. Оның ғылыми зерттеулері қазақ әдебиетіндегі өнер адамдарының бейнесін, көркемдік-эстетикалық таным мәселелерін, әдеби үдерістегі рухани құндылықтарды саралауға бағытталған. Көп жылғы ғылыми ізденістерінің нәтижесінде бірнеше монографиялары жарық көрді. Атап айтқанда, «Қазақ әдебиетіндегі әнші-ақындар мен күйшілер бейнесі» (2015), «Көк сандық» (2020), «Қазіргі қазақ прозасындағы өнер мұраты мен өнерпаз бейнесінің көркемдік-рухани арналары» (2023), «Өмірі өнермен өрнектелген кейіпкерлер әлемі» (2025) атты ғылыми еңбектері әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелерді қамтиды.

Ғалымның 150-ден астам ғылыми мақалалары халықаралық және республикалық ғылыми басылымдарда жарияланған. Сонымен қатар бірқатар мақалалары халықаралық жоғары импакт-факторлы Thomson Reuters және Scopus базасына енген ғылыми журналдарда жарық көрді.

Б. А. Каримсакова ғылыми-зерттеу еңбектерімен қатар, қазақ тілінде жазылған оқу құралдары мен оқулықтардың авторы ретінде де танымал. Оның авторлығымен «Кәсіби қазақ тілі» (2014), «XX ғасыр басындағы демократ-ағартушылық бағыттағы әдебиет» (2019), «Қазіргі қазақ әдебиеті (1960–2000 жж.)» (2021), «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» (2022), «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі» (2022), «Қазақ тілін оқытудың коммуникативтік әдістемесі» (2024), «Морфологияны оқыту әдіснамасы» (2025), «Синтаксисті оқыту әдістемесі» (2026), «Қазақ тілін оқыту әдістемесі және заманауи педагогикалық технологиялар» (2026) атты оқу құралдары мен еңбектері жарық көрді.

Ғылыми-педагогикалық қызметі үшін бірқатар марапаттарға ие болған. Атап айтқанда:

– 2019 жылы ҚР ЖОО қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медалімен» марапатталды;

– 2022 жылы Ш. Есенов атындағы университет ректорының Алғыс хатын иеленді;

– 2023 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды;

– 2023 жылы ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Алғыс хатын алды.

Бақтыгүл Әбдімұханқызының ғылыми-педагогикалық қызметі ұлттық білім мен ғылым саласының дамуына, қазақ әдебиеті мен тіл білімінің өзекті мәселелерін зерттеуге бағытталған тағылымды еңбек жолымен ерекшеленеді.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Өнер – адамзат руханиятының ең биік көріністерінің бірі. Ол халықтың дүниетанымын, эстетикалық талғамын, тарихи жадын және мәдени болмысын танытатын маңызды құндылық болып табылады. Қазақ халқының рухани мәдениетінде өнер ұғымы тек әсемдік әлемімен ғана шектелмей, ұлттық болмыс пен өмірлік тәжірибенің көркем көрінісі ретінде қалыптасты.

Каримсакова Б. Қазақ әдебиетіндегі әнші-ақындар мен күйшілер бейнесі. Монография. Ақтау, 2015.

Қазақ әдебиетіндегі өнер адамдарының бейнесі – әдеби үдерістегі маңызды тақырыптардың бірі. Әсіресе әнші-ақындар мен күйшілер тұлғасы арқылы халықтың рухани әлемі, тарихи кезең шындығы, ұлттық мінез бен мәдени танымы кеңінен ашылады. Өнер иелерінің көркем бейнесі әдебиетте тек жеке тұлға ретінде ғана емес, ұлт руханиятының символы дәрежесінде көрініс табады.

Көркем шығармадағы өнер мұраты адам өмірімен, халық тағдырымен, рухани құндылықтармен сабақтасып жатады. Осы тұрғыдан алғанда, өнер тақырыбы қаламгерлер үшін эстетикалық әрі философиялық ой-толғамдардың негізгі арқауына айналған. Абайдың өнерді жан азығы ретінде бағалауы мен С. Мұқановтың көркем өнердің халық болмысын танытудағы қызметі туралы пікірлері өнер табиғатының қоғамдық-рухани мәнін айқындай түседі.

Қазақ прозасында әнші-ақындар мен күйшілер бейнесінің сомдалуы ұлттық әдебиеттің көркемдік ізденістерін жаңа деңгейге көтерді. Бұл бағыттағы алғашқы көркем үлгілер С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов, С. Мұқанов шығармаларында көрініс тауып, кейінгі әдеби процесте дәстүрлі жалғастыққа ұласты. Қаламгерлер өнер адамдарының ішкі жан дүниесін, шығармашылық болмысын, қоғаммен байланысын терең психологиялық және көркемдік тұрғыдан бейнелей білді.

Каримсакова Б. Көк сандық. Монография. Ақтау, 2020.

Т.Әлімқұлов шығармашылығына негіз болған өмір құбылыстарының үлкен бір арнасы – күй мен күйші өмірі. Қазақ халқының дәстүрлі ұлттық құндылықтарының бірі болып табылатын күй жанры мен күйшілердің жазушы шығармаларына арқау болуы тегіннен емес. Жазушы күйшілікті үлкен өнер ретінде жоғары бағалаған. Т.Әлімқұлов шығармаларын, соның ішінде өнер тақырыбына арналған туындыларын жинақтап бастырушы П. Пәрімбекованың айтуынша, жазушы күй тыңдаудан әсте жалықпаған. Көбіне «Қаратау шертпелерін» тыңдайтын болған. Тәкен: «Мен қабілетім жетсе, сөзден гөрі ұзақ жасайтын күй шығарар едім. Бәлкім, күйші боп кетер едім», - деп жазады.

Каримсакова Б. Қазіргі қазақ прозасындағы өнер мұраты мен өнерпаз бейнесінің көркемдік-рухани арналары, Монография. Алматы, 2023.

Ән – қазақтың маңдайына берген асыл сыйы. Ән – қазақтың қайғысы, дерті, мұңы-шері. Ән – қазақтың сағынышы, жүрек қылын шертетін сезімі, жан сыры, қуанышы. Ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқан қазақтың әнінде өткен уақыттың белгісі жатыр... Қазақтың әні – ұлтпен бірге біте қайнасып жатқан, біртұтас ажырамас дүние. Дауылды, боранды уақыттардан да, аласапыран жылдардан да, етігімен қан кешкен азапты кезеңнен де ұлтпен бірге жалғасып келеді және жалғасып кете береді. Біздің қарастырып отырған ақындарымыз ән табиғаты туралы да аз қалам тартпаған. Қ. Бекхожин «Баянауыл әуендері» өлеңінде Баянауылдың әсем табиғатын суреттей келе, ол жерден Бұхар жырау жырлап өткенін, Жаяу Мұса әнімен Шорманды шенеп, осы жерде алысып өткенін жырлайды.

Каримсакова Б. Өмірі өнермен өрнектелген кейіпкерлер әлемі, Монография. Ақтау, 2025

АЙЖАН КАРТАЕВА

Айжан Маратбеккызы Картаева 1975 жылы 23 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Шілікті ауылында дүниеге келген. А.М.Картаева 1992-1996 жылдары Өскемен қаласы, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті, 1996-1998 жылдары Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранты, 1998-2003 жылдары Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы, 2003-2006 жылдары С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, 2006-2011 жылдары доценті, 2011-2015 қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, 2015-2017 жж. қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, 2017-2019 жылдары С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының меңгерушісі, 2020 жылдан С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетіндегі «Абайтану» ғылыми-зерттеу институтының директоры.

2002 жылы «Абай мұрасы Әуезов шығармашылығында» («Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде)» тақырыбында кандидаттық диссертация, 2010 жылы «Абай мен М.Әуезов әлеміндегі рухани сабақтастық» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор М.Мырзахметұлы.

А.Картаева - әдебиеттану, абайтану, әуезовтану, Шығыс Қазақтан өнірінің әдеби мұралары саласында 300-ден аса ғылыми-әдістемелік еңбек пен ғылыми-танымдық мақалалардың авторы.

РҚ БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің Оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған «Абайтану», «М.Әуезов және абайтану мәселелері», «Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» атты оқулықтарының авторы. Еліміздегі қазақ тілі мен әдебиетін терендетіп оқытатын желілік «Абай мектептерінің» 5-9, 10-11 сыныптарына арналған «Абайтану» оқу бағдарламаларының, Шығыс Қазақстан облысының 5-8 сыныптарына арналған «Абайтану» аймақтық бағдарламасының, «Мұғалім» кітабының авторларының бірі.

Картаева А. көптеген филолог, педагог мамандар әзірледі. Оның ғылыми жетекшілігімен 2 PhD доктор, 300-ден артық магистрлік диссертациялар қорғалды. «Шығыс Қазақстанның әдеби және лингвистикалық туризмінің аймақтық интеграциясы: топонимдердің этимологиясы мен мекендік аңыздарды цифрландыру» атты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен (2025-2027 жж.) гранттық жобаның жетекшісі.

А.Картаеваның монографиялары, оқулықтары, оқу құралдары:

Абай мұрасы «Абай жолы» роман-эпопеясында. – Алматы: Ы.Алтынсарин ат. Қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 2005.- 146 б.

Абай мен Әуезов шығармашылығындағы үндестік. Оқу құралы. - Өскемен: Рудный Алтай, 2007. – 152 б.

Абай мұрасы «Абай жолы» роман-эпопеясында: оқу құралы / А. М. Қартаева. – Өскемен, 2005. - 146 б.

Картаева А.М. Абай мен Мұхтар Әуезов: рухани сабақтастық пен көркемдік тұтастық. (монография). - Алматы: Жания Полиграф, 2010. – 380 б.

«Білімдіден шыққан сөз...» Академик Зәки Ахметовтің ой-толғамдары. Құрастырған А.Картаева. - Өскемен: MediASoft, 2013. – 93 б.

Абайтану дәрістері (Оқу құралы). - Алматы: Асыл кітап, 2013, - 192 б.

Мұхтар Әуезовтің шығармашылық әлемі (Оқу құралы). - Алматы: Асыл кітап, 2013, - 192 б.

Абайтану және Әуезовтану дәрістері (Оқулық). - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2015. – 290 б.

Абайтану (Оқу құралы). - Алматы: Эверо, 2015. – 272 б.

Әдеби өлкетану (Оқу құралы). - С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел», 2016. – 166 б.

Абайтану негіздері (Оқу құралы). - Өскемен: С.Аманжолов ат. ШҚМУ «Берел», 2017. – 232 б.

Абайдың толық адам ілімін оқыту (Оқу құралы). - Өскемен: С.Аманжолов ат. ШҚМУ «Берел», 2020. – 150 б.

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLI том / Абай мен Мұхтар Әуезов әлеміндегі рухани сабақтастық (Монография). - Алматы: Қазақ университеті, 2020 – 382 б.

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. L том / Абайдың сөз өрнектері М.Әуезов әңгімелерінде (Таңдамалы еңбектер). - Алматы: Қазақ университеті, 2021 – 240 б. – Б. 205-225.

Абайдың «толық адам» тағылымы (монография). - Алматы: Қазақстан Жазушылар одағы, 2024. – 256 б.

М.Әуезов және абайтану мәселелері (Оқулық). - Алматы: Эверо, 2023. – 216 б.

Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану (Монография). - Өскемен: Қазақстан-Американдық Еркін университеті, 2016. – 96 б.

Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері (Оқулық). – Алматы: Эверо, 2025. - 152 б.

Қазіргі қазақ әдебиетін оқыту (Оқу құралы). - Өскемен: С.Аманжолов ат. ШҚМУ «Берел», 2020. – 290 б.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

- ҚР БҒМ Ғылыми мәселелерді шешуге белсенді қатысатын, ғылымды дамытуға елеулі үлес қосқан талантты жастарға арналған 2006-2008 жж. мемлекеттік ғылыми шәкіртақысының иегері;

- ҚР БҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы-2012», ҚР БҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы-2023», гранттарының иегері;

- Мемлекеттік «Ерен Еңбегі үшін» медалі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 13 қазандағы Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды.

- Халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және дала данышпаны, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойларына арналған іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қосқан үлесі үшін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғысхатымен марапатталған (2021).

- ҚР білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері (2025).

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

М.Әуезовтің бүкіл ғылыми-шығармашылық ғұмырында Абай тақырыбы басты орын алғаны белгілі. Абай – Әуезов қолындағы шамшырақ. М.Әуезов жазушы болғанымен, ұлы ақынға рухани жағынан жақын. Абай оған идеал, рухани пірі, ұстазы болып кеткен. Ақынның бай тілін меңгеруде рухани мұраның қалыптасуындағы Абайды зерттеп тануы, бүгінгі таңда Мұхтартану саласына жол ашты. Бұлардың өміріндегі сабақтастық туған топырақ, кіндік қан тамырымен ұштасып жатыр.

М.Әуезовтің Абай шығармаларын жаттап сауат ашуы, ол шығармалар туған орта мен шындықты бала жасынан көріп, біліп өсуі болашақ романға негіз салған алғашқы әсер деуге болады. Жазушы ұлы ақынның көп өлеңдерінің қандай себеппен туып, кімдерге арналғанынан да жастай таныс еді. «Абай жолында» суреттелген оқиғалар мен кейіпкерлер іс-әрекеті де көбінше жазушының құлағына ерте сіңген әңгімелер желісіне құрылды. М.Әуезов өзінің шығармашылық негізінде Абай поэзиясының шығу тарихы, туу жағдайларын зерттеу мақсатын ұстанған. Әрине, ақын өмірін оның шығармашылығынан бөліп қарау мүмкін емес.

Абай мұрасы «Абай жолы» роман-эпопеясында. Монография. – Алматы: Ы.Алтынсарин ат. Қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 2005.- 156-б.

Абай мен Әуезов мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі. Бұл күндері Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтің есімдері ұлттық санасезімде мәңгі аталатын ұлы тұлғаларға айналды. Дана Абайды қазақ халқының рухани ұстазы ретінде тануымыз ұлы ақынның өз мұрасы арқылы ғана емес, сонымен бірге әлемдік көркем ойдың алтын қазынасына айналған М.Әуезовтің тарихи эпопеясы арқылы жүзеге асты. Бұл ретте ең бірінші тілге тиек етеріміз – Мұхтар әлемінің Абай әлемімен рухани сабақтастық мәселесі. М.Әуезовтің бүкіл ғылыми-шығармашылық ұмырында Абай тақырыбы басты орын алатыны белгілі. М.Әуезов жазушы болғанымен, ұлы ақынға рухани жағынан жақын.

Мұхтар Әуезов шығармашылығының ең негізгі өзек еткен арнасы, рухани ұстазы Абай тағлымында жатыр. Алып мұхиттан сусындаған Мұхтарға Абай тақырыбы оның өмірінің мағынасы мен мәніне айналды. Бес жасынан атасы Әуездің Абай өлеңдерін жаттатып, санасына мәңгілікке сіңіргені ақынға деген құрметінің алғашқы бастамасы еді. Жастайынан Абай мұрасына қанығып, ақын шығармаларының құдіретін сезініп өсті.

М.Әуезовтің тер төгіп сарыла ізденген, ұзақ уақыт бойына шұғылданған тақырыптарының ең бастысы, негізгісі – халқымыздың ұлы ақыны Абайдың өмірі, шығармашылығы және ақындық қызметі. Бұл тақырып оның шығармашылық өмірінің өрісті өзегіне, жазушылық еңбегінің мағынасы мен мақсатына айналды. Жазушының өз мәлімдеуіне сүйенер болсақ, Абай жөнінде жазу ойы он тоғыз жасында-ақ асқарлы арманына айналған. Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеп жинау, оның шығармаларын бастырып шығару және ұлы ақынның тұлғасын көркем әдебиетке мүсіндеу ісімен М.Әуезов отыз жылдан аса уақыт бойына шұғылданды. Бұл салада оның сіңірген еңбегі мейлінше мол әрі жемісті. Яғни М.Әуезов Абай тұлғасын әдебиетте екі жақты ғылыми әрі көркемдік тұрғыдан сомдап жасады. Абайды алдымен ғылыми тұрғыдан зерттесе, кейіннен ақынға арнап көркем туындылар «Абай» трагедиясы мен «Абай жолы» роман-эпопеясын жазды.

Абай мен Мұхтар Әуезов: рухани сабақтастық пен көркемдік тұтастық. Монография. – Алматы, 2010. – 3-б, 197-б, 360-б.

М.Әуезовтің артында қалдырған мол мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын маңызды рухани игіліктерге қосылады. Себебі жазушының алғашқы әңгімелерінің өзі кезінде әлемдік деңгейге көтерілген еді. М. Әуезовтің алғаш әңгімелері мен повестерін жазған тұста-ақ оның

суреткерлік шеберлігі еуропалық деңгейдегі жазушы деген бағаға ие болғаны бүгінгі жұртшылыққа белгілі.

20-30 жылдары жазған прозалық шығармалары ұлттық әдебиетімізде жаңашылдықтың жаршысы болды. Сан алуан ұлттық рухани игіліктерімізді жаңғыртып, екшеп, жаңа түрмен алдымызға әкелді. Жазушы туындыларында сомдалатын кейіпкерлер өмірі, олардың портреттері мен характерлері, ішкі психологиясы, табиғат құбылысын адам көңіліне лайықтап суреттеу шеберлігі қаламгердің қас дарынын танытады. Әуезов прозасына тән ерекшеліктер мынадай: пейзаж бен адам психологиясы астасып жатады, оқиға желісі реалистік дәлдікпен беріледі, көркем шығармадағы кейіпкерлер психологизмі терең жарасыммен сипатталады. Қай кезеңде, қай туындысын алсақ та, Әуезов әңгімелерінің тақырыбы мәңгілік мәселені қозғайды. Қазақ халқының өткен тарихын қозғап, ел тұрмысының шынайы болмысын баяндап, адамдар тағдырының шындығын суреттейді.

Абай мұрасынан нәр алып сусындаған, ақын дәстүрін бойына сіңіріп өскен М. Әуезов оған рухани жағынан өте жақын болып кеткен. Абай мұрасы Әуезовтің шығармаларында көрініп, өзгеше үйлесімдікпен жалғасып, келісімді тұтастықпен түрленіп отырады. Әуезовтің әр шығармасында Абай поэзиясының, ақын қарасөздері әсерінің іздері сайрап жатады. «Менің тілімде Абай тілінің өрнек, бояуы бар», – деп М. Әуезовтің өзі айтқандай, жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай мұрасы көрініс беріп, прозалық туындыларында ақынның тіл өрнегі, ой желісі молынан кездесіп, әр шығармасында ұшырасып отырады.

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLI том / Абай мен Мұхтар Әуезов әлеміндегі рухани сабақтастық (Монография). - Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 112-113-б.

Абай өз шығармаларында адам болудың талап-тілектерін атап, өзінің гуманистік танымы тұрғысынан жастардың адамшылық негіздері, бойға ұялатар қасиеттері қандай болмақ деген ойға ерекше көңіл бөледі. Ақын шығармаларында өзекті желідей созылып, ғұмыр бойы танытуға ұмтылған, өмір бойы шарқ ұрып іздегені - толық адам.

Абай шығармашылығының алтын арқауында Адам, адамға деген махаббат, ізгілік қасиеті тұрады. Ұлы ақын нағыз Адам, «толық» Адам қандай болу керек деген мәңгілік сұраққа жауап іздейді, әрі соған жауап береді де. Ақын поэзиясындағы «үш сүю» - үш асыл қазына:

1. Алланы сүю, оның «хикметін сезіну», тәнірі үшін «махаббат қыла» сүю, «Алланы жаннан тәтті» сүю.

2. «Әділетті сүю, оны Алланың хикметі деп сүю».

3. Адамды, бүкіл адамзатты сүю. Оны жай сүю емес, хақ жолы деп сүю, яғни Алла махаббатпен жаратқан Адамды сүю.

Абайдағы толық адам – жан-жақты дамыған, рухани жетілген, кемеліне келген адам. Ойшыл ақын адамның рухани жағынан кемелденіп жетілу жолында толық адам ұғымын адамшылық сатысының ең жоғарғы басқышына қояды. Толық адам – Абайдың армандаған, аңсаған мұрат-мақсаттарының ең биік қол жетпес асқар шыңы. Толық адам ғана нұрлы ақылдың иесі бола алмақ.

Шығыстан да, Батыстан да мол ілім жиған Абай адамзат биігінде өз ой-танымын, пәлсапалық ойын қорытып шығарды. Атап айтсақ, әл-Фарабидің философиялық ілімдерінің бастауы, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Ясауидің моральдық философиясы, Бақырғани Сүлейменнің сопылық ілімінің негіздері арқылы өзінің қазақ жерінде «толық адам» ілімін қалыптастырды.

Абай мұрасы - адамды рухани тұрғыдан байытып, санасына сәуле түсіретін асыл қазына. Ақынның адам, өмір, қоғам, заман мәселелерін арқау еткен шығармалары тек имандылықты, адамгершілікті насихаттайды. Ақын өлеңдері мен қарасөздерінде адам атаулының бойына рухани тәрбие, ізгілік дәнін егуге тырысты. «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» сияқты жамандық атаулыдан жирентіп, оның орнына «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» атты асыл қасиеттерді жас буынның бойына сіңіруді көздеді.

Абайдың «толық адам» тағылымы (монография). - Алматы: Қазақстан Жазушылар одағы, 2024. – 41-42 бб.



АЛМА КЕНЖЕҚОЖАЕВА
Педагогика ғылымдарының магистрі,
кіші ғылыми қызметкер
Алматы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абай ғылыми-зерттеу институты

Алма Кенжекожаева 1998 жылы 18 ақпанда дүниеге келген. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың ортасында өмір сүрген белгілі ақын, термеші, айтыскер Кенжекожаның шөбересі.

А. Кенжекожаева еңбек жолын 2022 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы және университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері болып бастады. 2015-2019 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқыды. Педагогика ғылымдарының магистрі. Қазіргі таңда аталмыш университеттің филология факультетінде «8D02304 – Әдебиеттану» мамандығының 3-курс докторанты. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: абайтану; қазақ әдебиеті; әлем әдебиеті; әдебиет және өнер; әдебиет және тарих; әдебиет және дәстүрлі мәдениет; жазушы сөбегі; пәнаралық зерттеу.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 2022-2024 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы, университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер, 2024 жылдан бастап бүгінге дейін Абай ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер.

А. Кенжекожаева – 20-дан аса ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. А. Кенжекожаеваның жеке авторлығымен және авторлар ұжымымен соңғы бес жылда (2021-2025 жылдары) жарияланған 10 (он) еңбегін көрсеттік:

1) Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептегі білім туралы ұстанымдары // Bulletin of the Karaganda University. – 2021. – № 4(104). – Б. 30-36.

2) Поэтикалық дәстүр және шығармашылық үндестік // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 4(192). – Б. 142-155.

3) «Абайтану» ғылымы және қытай қазақтарының Абайды тануы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2024. – № 1. – Б. 200-212.

4) Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде) // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2026. – № 1. – Б. 192-201.

5) Абай мен Мұқағали шығармашылығындағы лирикалық үндестік // Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі. Төртінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 10 тамыз, 2023 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Қырғызбаева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – 254 б.

6) Абайдың «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңіндегі мән-мағына поэтикасы // «Қазақ прозасының даму тарихы мен әдебиеттанудағы жаңа бағыттар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 185 б.

7) Өлең ішіндегі өнер сипаты (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде) // «Қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 169 б.

8) Танымдық мәні зор еңбек. Әдеби сын. Бірінші кітап / Құрастырған Л. Мұсалы. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – 160 б. / Абай институтының «Әдеби сын» сериялық басылымы.

9) Шығармашылық психологиясы туралы бағалы еңбек. Әдеби сын. Екінші кітап / Құрастырған С. Құлбарақ. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – 161 б. / Абай институтының «Әдеби сын» сериялық басылымы.

10) Тарихи деректер негізінде жүйеленген құнды еңбек// «Профессор Жанғара Дәдебаев және әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 8 желтоқсан, 2023 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л. Мұсалы, Ұ. Байлиева, Б. Даутова, А. Кенжекожаева, А. Муратова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2024. – 149 б.

А. Кенжекожаева әдеби мұраны жинау, зерттеу және насихаттау, елдің игілігіне ұсыну ісіне елеулі үлес қосып келеді:

1) Абайдың кісілік кодексі / Құрастырған, жалпы ред. басқарған Ж. Дәдебаев; электрондық басылым ретінде дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжекожаева. – Алматы: Абай институты, 2023. – 8 б.

2) Профессор Жанғара Дәдебаев және әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 8 желтоқсан, 2023 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л. Мұсалы, Ұ. Байлиева, Б. Даутова,

А. Кенжекожаева, А. Муратова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2024. – 149 б.

3)«Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы және ілімі» атты бесінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 9 тамыз, 2024 жыл / құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л. Мұсалы, Б. Даутова, А. Кенжекожаева, Е. Елдос. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2024. – 216 б.

4)Адамзаттың Айтматовы: монография / Д. Ысқақұлы; Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев; баспаға дайындағандар: Б. Даутова,
Г. Ыбырайқызы, А. Кенжекожаева. – Алматы: Абай институты, 2023. – 204 б.

5)Баламасы жоқ баянды байлық: баяндамалар / Жауапты редакторы Л. Мұсалы; электронды басыл. дайынд.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжекожаева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2025. – 37 б.

6)Дәдебаев Ж. Қазақ-қырғыз шығармашылық зиялылары. Ойлар мен толғаныстар / Жауапты шығ. А. Кенжекожаева; электрондық басылымды дайындағандар: Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай институты, 2025. – 167 б.

7)Абай. Кісілік кодекс / Құрастырған, жалпы ред. басқарған Ж. Дәдебаев; электрондық басылымды дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжекожаева; көркем безендірген А. Кенжекожаева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2025. – 41 б. Электрондық басылым.

8)«Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі» атты алтыншы халықаралық конференция материалдары. Алматы, 31 қазан, 2025 жыл / Құрастырған және электрондық басылымды дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжекожаева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2026. – 170 б.

9)«Тұрмағамбет Ізтілеуұлы мұрасын зерттеудегі өзекті мәселелер мен заманауи ғылыми парадигмалар» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 6 ақпан, 2026 жыл / Құрастырғандар: Е.М. Солтанаева, Г. Даутова, Б. Баязитов, А. Тойбазар; электрондық басылымды дайындаған: А. Кенжекожаева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2026. – 372 б.

10)Абай. Кісілік кодекс / Құрастырған, жалпы ред. басқарған Ж. Дәдебаев; баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжекожаева; көркем безендірген А. Кенжекожаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2026. – 44 б.

Поэзия туындысын оқып отырғанда өлеңде бұрын кездеспеген не аз ұшырасатын жаңа сөз, жаңа образ не жаңаша сөз құраулар көзге тез түсетіні белгілі. Бұл – табиғи нәрсе. Өйткені қоғам өміріне енген әртүрлі жаңалықтар жаңа сөз, жаңа образдарды да ала келеді. Сонымен қатар оқушы көркем шығармадан әрдайым жаңалық күтеді, адамның жан жүйесі жаңаша сезімді аңсайды.

Мұсалы Л.Ж., Кенжеқожаева А.М., Балтоғаева Ж.Е.
Поэтикалық дәстүр және шығармашылық үндестік
// ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы.
– 2023. – № 4(192). – 146-бет.

Абай өзінің өршіл, озық идеялы поэзиялары мен ғақлиялары арқылы тұтас ұлтымызға сарқылмас мол білім, асыл қазына тастады. Ол қазақтың халық тілінен әдеби тілін қалай жасау керектігін, халықтық қорды қалай пайдалану дұрыс болатынын көрсетті... Абайға дейін қазақта дәл тақырыпқа құрылған өлең болмайтын, ол бізге поэзияның түп-тұқымға, түрге, тарауға бөлінетінін ашып берді. Қазақ поэзиясына сатира ұғымы және сатира өлең Абаймен кірді. Реалистік поэзияның жақсы үлгілерін молынан жаратты. Абай жаңа поэзияның биік мақсаты, міндеті – халыққа қызмет ету, адамды қайта тәрбиелейтін және қоғамды қайта құруға көмегі тиетін жаңалыққа шақыру деп білді, білімге, аянбай оқуға ұмтылу ғана жас ұрпақтың қолын жақсы өмірге жеткізеді деп қарады. Ол шығармаларының өн-бойында осыны жырлады, әрі өзі іс-жүзінде орындап, өшпес өнеге жасады.

Сейсенқұлұлы Ө., Кенжеқожаева А.М., Төлеубаева К.А.
«Абайтану» ғылымы және қытай қазақтарының
Абайды тануы // Еуразия
гуманитарлық институтының
Хабаршысы. – 2024. – № 1. – 203-204 беттер.

Абай Құнанбайұлының өлеңдері және олардың тілі, стилі, көркемдік жүйесі, авторлық дүниетанымы мен көзқарасы бүгінгі әдебиеттану ғылымында, тіл білімінде өзектілігін жоймаған, белсенді зерттелу үдерісіндегі мәселе екенін білеміз. Сонымен қатар ақын шығармаларының мазмұны мен мәнін, өлеңдеріндегі әр сөздің орынды қолданылуын және автордың өз оқырманына ұсынған астарлы ойын қабылдау үшін тыңдаушы да сана тереңдігіне ие болуы әрі мәтінді ұғу, түсіну шеберлігін жете меңгерген, шығармашылық үдеріске ой тұрғысынан ене алатын оқырман болуы шарт.

Кенжекожаева А.
Абайдың «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңіндегі мән-мағына поэтикасы // «Қазақ прозасының даму тарихы мен әдебиеттанудағы жаңа бағыттар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 35-бет.

Өлең ішінде өлең туралы жырлау – шығармашылық пен ақыл-ой құндылығы түйіскен, аталмыш өнер айналасындағы әлеуметтің танымы мен бағытын және сөз өнерінің тыңдаушыға әсер ететін эстетикалық, танымдық, ақпараттық т.б. мол қасиетінен бөлек, аксиологиялық сипатының түп мақсатын танығаң ақынға ғана тән. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңіндегі мән-мағына мен авторлық идея, ақынға тән шығармашылық стиль жігі өзара үйлесімде біз атап өткен тұжырым шарттарын толық игеріп тұр.

Кенжекожаева А. Өлең ішіндегі өнер сипаты (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде) // «Қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 46-бет.

Көркем шығарма тудырушы, яғни ақынның өз мәтінін және мәтін ішіндегі мағынаны өзіндік интерпретация, дүниетаным мен шығармашылық тәжірибесі негізінде сол көркем мәтін ішінде зерттеуі, талдауы тыңдаушыға немесе зерттеушіге авторлық түпкі ойды тануға мүмкіндік беретін құнды дерек деп түсінеміз.

Кенжекожаева А.М., Жусанбаева С.Б. Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде) // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2026. – № 1. – Б. 192-201.

Абай Құнанбаевтың шығармашылығы қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алады. Оның поэзиясы ауызша дәстүрлі әдебиеттен жаңа типтегі жазбаша көркем мәдениетке өтпелі кезең болды. Онда ұлттық поэтикалық дәстүр элементтері мен қазақ әдебиетінің ішкі эволюциясына, сондай-ақ шығыс, орыс және еуропалық мәдени ойдың әсеріне негізделген инновациялық көркемдік қағидалар органикалық түрде біріктірілген.

Абай поэтикасы – дәстүрлі жанрлар, ырғақты-интонациялық модельдер мен халық поэзиясының бейнесі көрініс тауып, жаңа философиялық мазмұн алатын көркемдік құралдардың күрделі жүйесі.

Сонымен қатар ақын лирикалық ойлаудың түбегейлі жаңа формаларын енгізіп, жеке авторлық сананың рөлін күшейтеді, аналитикалық, философиялық және поэтикалық тұжырымның психологиялық тереңдігін дамытады.

Кенжекожаева А. Абай поэтикасындағы дәстүр мен жаңашылдық сипаты // «Тұрмағамбет Ізтілеуұлы мұрасын зерттеудегі өзекті мәселелер мен заманауи ғылыми парадигмалар» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2026. – 292-бет.

Керімбекова Баян Дәулетханқызы

Б.Д. Керімбекова 1980 жылы 20 қыркүйекте дүниеге келген.

1997-2001 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқыды. 2001-2003 жылдары аталған университеттің «Қазақ әдебиеті» мамандығының магистратурасын, 2007 жылы аспирантурасын аяқтады.

2009 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ф.ғ.д., профессор Зинол- Ғабден Бисенғалидың жетекшілігімен «Ф.Оңғарсынова поэмаларындағы идеялық-көркемдік ізденістер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған.

2021 жылы «Тіл және әдебиет» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді.

Ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, әдебиеттегі жаңа жанрлар;

Еңбек жолының басты кезеңдері:

2003-2004 жж. Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кентіндегі Д. Қонаев орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;

2008-2009жж. Алматы қаласық № 1 Педогтік колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі;

2009 жылдан қазіргі уақытқа дейін SDU университетінің профессоры;

2018 жылдан бері аталған университеттің «Сөз өнері» ғылыми зерттеу орталығының директоры.

Б.Д. Керімбекова – жүзден аса ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. Сонымен қатар Баян Керімбекова – жаңартылған бағдарлама негізінде жазылған жалпы білім беретін мектептерге арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының (5, 6, 7,9 сыныптар), мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдың авторы. Аталған сыныптар бойынша хрестоматиялардың құрастырушысы.

Баян Дәулетханқызының Scopus – ғылыми өлшемді деректер базасына кіретін басылымдарда педагогика, оқыту әдістемесі бойынша бірнеше мақалалары жарияланған.

Негізгі еңбектері:

1. Поэма жанрын талдау жолдары. – Алматы: С. Демирель университеті, 2011.

2. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқу құралы– Астана: Фолиант, 2017ж.

3. Metınlerle Yenı Kazak Edebıyatı. (Ашур Өздемирмен бірге) Istanbul: Ferrır , 2019.

4. Ф.Оңғарсынова поэмаларындағы идеялық-көркемдік ізденістер. Монография. -Алматы: Қазақ университеті, 2019ж.

5. Әдебиет сабағында қолданылатын тапсырмалар мен ойындар. - Алматы: Дарын, 2023.

Марапаттары мен жетістіктері:

1. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» (2017ж);
2. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Алғыс хаты (2021 ж);
3. Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендианты (2026)



КЕҢЕСБАЕВА ШЫНАР СӘКЕНҚЫЗЫ

Кеңесбаева Шынар Сәкенқызы 1968 жылы 28 қарашада Семей облысы Абай ауданы Саржал ауылында дүниеге келген.

1976-1986 жылдары Саржал орта мектебінде білім алды. 1987-1992 жылдары Семей қаласындағы Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтта оқып, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білім алды.

2000 жылдан Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарып келеді.

2004-2007 жылдары аталған университет жанындағы 10.01.02 – қазақ әдебиеті мамандығы бойынша аспирантураның күндізгі бөлімінде білім алды.

2009 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Д.14.31.03 диссертациялық кеңесте филология ғылымдарының докторы, профессор А.С. Есенбетовтің ғылыми жетекшілігімен «Тәнірберген Әміреновтің әдеби мұрасы» тақырыбында 10.01.02 – қазақ әдебиеті мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

Ш.С. Кеңесбаеваның ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі бағыты – қазақ әдебиетінің тарихы, әдеби өлкетану, әдеби мұраны зерттеу, журналистика және медиа білім беру мәселелері.

Ғалымның зерттеу еңбектерінде халық ақыны Тәнірберген Әміреновтің шығармашылық ғұмырбаяны мен ақындық мұрасы алғаш рет жан-жақты сараланып, ғылыми айналымға енгізілді. Эпик ақынның өмірі мен поэзиясы мұрағат құжаттарындағы нақты деректер негізінде зерделеніп, ғылыми тұрғыдан жүйеленді.

Еңбек жолының негізгі кезеңдері: 2000 жылдан бері Шәкәрім университетінде (Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде) оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарып келеді.

2016-2021 жылдары журналистика кафедрасының меңгерушісі, 2024-2025 жылдары қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Ш.С.Кеңесбаева Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Журналистика және ақпарат» кадрларды

даярлау бағыты бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігі құрамының мүшесі.

Шынар Сәкенқызы – 100-ден астам ғылыми мақалалардың, монографиялардың, оқу және оқу-әдістемелік құралдардың авторы.

Ғылыми-зерттеу еңбектері:

1. Тәңірберген Әміренов. Шығармалары (Өлеңдер, поэмалар, айтыстар, естеліктер). – Алматы: Халықаралық жазылым агенттігі, 2009. – 324 б.;

2. Халық ақындары мұрасы. Хрестоматия (Тәңірберген Әміренов). – 2010. – Б. 241-272;

3. Тәңірберген Әміреновтің әдеби мұрасы. Монографиялық зерттеу. – Алматы: Халықаралық жазылым агенттігі, 2012. – 177 б.;

4. А.С.Еспенбетов – әдебиеттанушы ғалым. Монографиялық зерттеу. – Алматы: Халықаралық жазылым агенттігі, 2015. – 92 б.;

5. Қазіргі қазақ тілі курсы бойынша тестер жинағы. Әдістемелік-көмекші құрал. – Семей: Интеллект, 2016. – 196 б.;

6. Қазақ журналистикасының тарихы пәнінен тестер жинағы. Әдістемелік-көмекші құрал. – Семей: Интеллект, 2016. – 180 б.;

7. Т.Әміренов. Шығармалары: өлеңдер, айтыстар, поэмалар, естеліктер. Нұр-Сұлтан: – Фолиант, 2020. – 392 б.;

8. «Қазақ әдебиеті» газеті: кеше және бүгін. Оқу құралы. – Семей: Zhardem, 2022. – 111 б.;

9. Фактчекинг: журналистиканың жаңа бағыты ретінде. Оқу-әдістемелік құрал. – Семей: Zhardem, 2022. – 100 б.;

10. Профессор А.С. Еспенбетовтің ғылыми мектебі. Ғылыми жинағы. –Семей: Zhardem, 2023. – 180 б.;

11. Дуалы ауыз Доғал би. – Семей: Zhardem, 2023. – 165 б.;

12. Тәңірберген Әміреновтің шығармашылық зертханасы. Монография. – Алматы: EDP Hub (Идипи Хаб); Москва: Ай Пи Ар Медиа, 2024. – 182 б. – Мәтін: электрондық.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1. «Қазақстанның үздік ұстазы» төсбелгісі. Қазақстан педагогтар қауымдастығының білім беру ісіне қосқан үлесі үшін 2020 жылғы 12 желтоқсанда берілді. Куәлік №0630.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы. 2020 жылғы 14 желтоқсанда берілді. №0240.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Тіл жанашыры» құрмет дипломы. 2024 жылы берілді. №00101.

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі. 2026 жылғы 4 наурызда берілді. Куәлік №00394.

Біз сөз етіп отырған Тәңірберген Әміренов ақындықтың ауылына айтыскер де болып, жазбалықты да игеріп, халықтық поэзияға ден қоя әдебиетке енсе, екінші жағы туып өскен ауылының іргесінде қазақ өлеңінің құдіретін әлемге паш еткен кемеңгер Абайдың ақындық мектебінен нәр алды. Абайдың алдын көрген Көкбай, Шәкәрім, Әріп, Әсет, сондай-ақ, ақынның талантты ұрпақтары Ақылбай, Мағауия, Турағұл, Әрхамдармен қатар жүрді. Т.Әміренов әдебиетке келген кезде Абайдың аты, оның жауһар поэзиясы Шыңғыстаудан шарықтап шығып, бүкіл қазақ жеріне жайылған-ды.

Кеңесбаева Ш.С. Тәңірберген Әміреновтің әдеби мұрасы (Монография). – Алматы, 2012. – 10-бет.

***

Ал А.Еспенбетовтің зерделі зерттеушілік болмысын қарастыру – тәуелсіздік мұраттарын орнықтыру үшін, жемісті еңбек еткен ғалымның қазақ әдебиеті тарихындағы орнын айқындау үшін, жас әдебиетшілерді әдеби-сыни таным тұрғысынан тәрбиелеу үшін де аса қажет.

Сұлтанмахмұттану ғылымының тұтас бір ғасырлық тарихнамасын жасап, қордаланып қалған көкейкесті мәселелерін қарастырған ғалымның ізденістері жұмыстың басты зерттеу нысаны болып, осы ретте тың ой-тұжырымдар жасалды. Сұлтанмахмұт шығармаларын тәуелсіздік талаптары тұрғысынан жаңаша зерттеуге қатысты А.Еспенбетов айқындап берген ғылыми ұстанымдар мен тұжырымдар қазіргі ұлттық әдебиеттану ғылымының талаптары аясында қарастырылды.

Кеңесбаева Ш.С. А.С.Еспенбетов – әдебиеттанушы ғалым. Монографиялық зерттеу. – Алматы: Халықаралық жазылым агенттігі, 2015. – 3-бет.

А.Еспенбетов еңбектерінде Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығын зерттеуде орын алып келген мін-кемшіліктер, атап айтқанда, ондағы фактологияның басымдығы мен ғылыми талдаулардың орнына топшылау-жорамалдардың молдығы сөз болады. Автор Сұлтанмахмұт шығармашылығына жаңаша баға беруде ақын өміріне қатысты деректерді де орынды пайдаланады. Тәжірибелі ғалым ақынның түпнұсқа саналатын өз қолжазбаларының бізге толық жетпегенін ескере отырып, оның 1922 және 1933 жылдардағы алғашқы басылымдарын негізге алуға мәжбүр болғанын атап көрсетеді. Сонымен қатар аталған жинақтарда ақын шығармаларына ғылыми түсініктердің берілмеуіне, сондай-ақ өмірбаяндық деректер мен оның өміріндегі

кейбір қарама-қайшылықтарды ашатын дереккөздердің жұтаңдығына назар аударады.

Кеңесбаева Ш.С. Арап Еспенбетов – әдебиеттанушы ғалым. – Монографиялық зерттеу. – Алматы: Халықаралық жазылым агенттігі, 2015. – 19-бет.

***

Доғал ақсақал:

– Арбаға барып сандықты ашып, ішіндегі ораулы затты ашпай алып кел, – дейді. Жолдасы алып келген затты ораулы қалпында өз алдына қойып:

– Қарағым, тізеңді бүк, – дейді Ұлжанға.

– Қолыңды жай, кешеден бері үй иесі болмаса да соның жоқтығын білдірмедің. Екі аяғыңнан тік тұрып бізді күттің. Оныңа мың да бір рақмет, саған. Ризамын. Аты алты алашқа мағлұм ұл тап, – деп бата берген екен.

– Мынау түйіншек осы жерде қалады. Мен кеткен соң өзің ашып көрерсің. Құнанжан керегіне ұстасын, – деген екен...

Кеңесбаева Ш.С. Дуалы ауыз доғал би. – Семей: Zhardem, 2023. – 37-38 беттер.

***

Абайдың ақындық дәстүрін өз дәрежесінде дамытушы, қазақ сахарасын «дала театрына» айналдырып, дүбірлетіп өткен әнші, ақын, композитор, шежіреші Тәнірберген Әміреновтің ой-санасы мен дүниетанымы, ақындық позициясы мен идеясы, суреткерлік қарымы мен ақындық диапазоны шығармаларынан, өнерпаздық өмір жолынан айқын көрінеді.

Абай поэзиясындағы реалистік биікке ұмтылмаған ақын некен-саяқ. Т.Әміреновтің Абайдан заманы басқа, қоғамдық сипаты басқа бола тұрғанмен, ақиқат өмірді жырлауда ақын Абайға арқа сүйейді. Абайға ұқсап өз дәуірінің шындығын, қоғамдық құбылыстарды шынайылықпен беруге тырысты. Өмір құбылыстарын шыншылдықпен бейнелеу ақын шығармашылығындағы сыншылдық сипатының өрістеуіне жол ашты. Ол айналасындағы кемшіліктерді, адамдардың мінез-құлқындағы кереғарлықты сынағанда халқын надандықтан арылтуға, рухани дамудың ізгі жолына салуға ұмтылды. Осы бағыт Т.Әміреновті ағартушылық бағытқа әкелді.

Кеңесбаева Ш.С. Тәнірберген Әміреновтің шығармашылық зертханасы. Монография. – Алматы: EDP Hub (Идипи Хаб); Москва: Ай Пи Ар Медиа, 2024. – 14-15-беттер.



Кушкимбаева Айнур Серикбаевна
PhD., қауымдастырылған профессор
(Қ.Жұбанов ат. АӨУ.,
Қазақ әдебиеті кафедрасы)

1971 жылы 29 қазанда Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданына қарасты Аққөл ауылында дүниеге келген.

1988 жылы – Аққөл орта мектебін бітірді.

1993 жылы Х. Досмұхамедов атындағы (бұрынғы – Атырау пединституты) Атырау университетін бітіріп, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын алды.

Еңбек жолын 1993-2009 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы №21 қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасады.

2009 жылдан бастап Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында әдіскер болып жұмыс атқарды.

2010-2012 жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында магистратурада оқып, «гуманитарлық ғылымдар магистрі».

2012-2014 жылдары Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты, ғылыми кеңесші, ф.ғ.д., профессор А.О. Тымболова.

2015 жылы «М.Әуезовтің тілдік тұлғасы (драмалық шығармалары негізінде)» атты тақырыпта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – докторлық диссертациясын қорғады.

2022-2024 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған АР № 13268850 «М. Әуезовтің тілдік тұлғаға оқыту аспектілері білім беру жүйесінде» ғылыми жобасының жетекшісі

Бүгінгі таңда – қауымдастырылған профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Қазақ әдебиеті кафедрасында жұмыс жасайды.

Әдеби-ғылыми бағыты: қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, Когнитивтік әдебиеттану, Драмалық шығармалардағы коммуникативтік жүйелер қазіргі әдеби үдеріс, т.т.

Ғылыми мектебі – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Негізгі ғылыми нәтижелері: Барлығы – 50-ге жуық ғылыми-көпшілік, танымдық бағыттағы жарияланымдары бар, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда – 10, Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда - 6, басқа ғылыми басылымдарда –20, монография – 1, авторлас – 6 оқу құралы.

Халықаралық конференция, форум, дөңгелек үстел, сұхбаттарға қатысты.

Әдеби-ғылыми мақалалары алыс-жақын шетелдерде (Франция, Түркия, Германия, Польша, т.т.) жарияланды.

Қауымдастырылған профессор А.С. Кушкимбаеваның кейінгі жылдары жарық көрген бірқатар еңбектері төмендегіше берілді:

1. «Жаңартылған білім беру – қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында» Оқу - әдістемелік құрал, Қарағанды, «Medet Group», 2021, -132 бет.

2. «Қазақша үйренеміз» Оқу-әдістемелік құрал Стамбул, Түркия, 2019, -229 бет.

3. «Мифопоэтика» Оқу құралы. РОӘК Хаттама №3, 15.03.2022 ж. Ақтөбе, ЛитерА, 2022, 216 б

4. «Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті-модульдік технологиялары» Оқу құралы. Қарағанды, «Medet Group», 2024, -132 бет. РОӘК Хаттама № 3 13.11.2022 ж. Кушкимбаева А.С., Тәнірбергенова Г.К.,

5. «М. Әуезовтің тілдік тұлғасын білім беру жүйесінде оқыту аспектілері» оқу-әдістемелік құралы (Авторлық куәлік № 51019, 2024 жылғы 4 қараша, Кушкимбаева А.С., Тымболова А.О.).

6. Мұхтар Әуезовтің драматургиялық дискурсы және тілдік тұлға (өңделіп, толықтырылып басылуы) Баспаға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ғылыми кеңесі ұсынған (№ 7 хаттама, 28.01.2025 жыл)

7. The language personality of Mukhtar Auezov https://en.esapub.com/2024/09/the-language-personality-of-mukhtar.html

Марапаттары:

2023 жылғы «ЖОО үздік оқытушысы» атағының иегері Астана, 2024 ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігі

2024 жылы Медаль «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігі, куәлік №00789 21.09.2024 ж.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

«...М. Әуезовтің тілдік тұлға ретіндегі айрықша қасиеті – тыңдаушысының ой-санасын «сөз қуаты арқылы қозғай» алатын әсерлілігі. Оның драмалық шығармаларында кейіпкерлер аузына «мәні терең, бояуы қанық» сөздерді сала білуі, дүниетанымының кеңдігі,

ұлттық шеңберден шығып, адамзаттық деңгейге көтерілуі, сонымен қатар тілдің дамуына қосқан зор үлесі мен шығармаларының әлі күнге дейін ұлттық игілік ретінде қызмет етіп келе жатқаны – оның тілдік тұлға феноменіне айналғанының айқын дәлелі». **(МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫ ЖӘНЕ ТІЛДІК ТҰЛҒА *(өңделіп, толықтырылып басылуы) монография.* – Ақтөбе: Принт баспасы, 2025. 10- бет.)**

«М. Әуезовтің драмалық шығармаларын талдай отырып, оның қазақ халқына тән шешендік өнерді терең меңгергеніне көз жеткізуге болады. «Еңлік-Кебек» және «Абай» трагедияларындағы кейіпкерлердің тартыс пен даудағы ұтымды сөздері мен ұшқыр ойлары автордың ойлау мәдениеті мен көркемдік шеберлігін жоғары деңгейде меңгергенін айқын көрсетеді.

Сонымен қатар, М. Әуезовтің тілдік тұлғасының әлеуметтік-этникалық ерекшелігі оның драмалық шығармаларында анық байқалады. Әр пьесасында көрініс табатын әлеуметшілдік идеясы суреткердің қоғам бірлігі мен тәуелсіздігі туралы терең ойларын бейнелейді. Бұл идеялар оның туындыларының негізгі өзегін құрап, ұлттық және адамзаттық құндылықтарымен астасып жатады.

Тілдік тұлға құрылымын айқындайтын жеке-даралық параметрі оның тек өзіне тән авторлық қолтаңбасы арқылы көрініс табады. Бұл идеялық көзқарасы мен ерекше сөз саптауынан анық байқалады. Вербальды-семантикалық деңгейде тілдік тұлғаның дәстүрлі тілді меңгеру деңгейі бағаланады. Бұл деңгейге автордың өзіндік сөз қолданысы, түрлі образдарды қолдану ерекшелігі, тілдік тәсілдер мен олардың жаңалығы, сондай-ақ мағыналық айырмашылықтары кіреді.

Аталған деңгейде автордың ерекше жекелік метафоралары, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер және фразеологизмдерді қолдану сипаты маңызды рөл атқарады. Осы элементтерді талдау арқылы автордың тілдік тұлғасының даралығын тереңірек түсінуге болады.

Тұлғаның белгілі бір лексикалық бірліктерді таңдауы оның рухани әлемінің көрінісін танытып, тілдік құзіретін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, М. Әуезовтің шығармаларындағы кірме сөздерді қолдану ерекшелігін, көп мағыналы сөздерден өзіндік мағына таңдауын және жеке ассоциацияларының жүйесін қалыптастыруын зерттеу маңызды болып табылады.

Тілдік тұлғаны зерттеу барысында оның дүниетаным мазмұны негізгі аспектілердің бірі ретінде қарастырылады. Әсіресе, ауызша диалогта мінез кейде шашыраңқы көрінгенімен, уақыт өте келе жинақталып, біртұтас жүйеге айналады. Бұл дискурстың басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады...».

(МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫ ЖӘНЕ ТІЛДІК ТҰЛҒА *(өңделіп, толықтырылып басылуы)* Монография. – Ақтөбе: Принт баспасы, 2025. 14,15 - беттер)

«Дала сотының тамаша үлгілерін сахнаға шығарып, билердің даналыққа толы шешімдерін көркем сөзбен жеткізген Әуезов ұтқыр ойдың шебері – шешен ретінде де танылды. Ол кейіпкерлерінің жан дүниесін терең түсініп, психологиялық болмысын шынайы әрі әсерлі етіп суреттеген шебер психолог. Оның философиялық ой-толғамдары мен психологиялық, теологиялық білімдерге негізделген шығармалары бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ.

Әуезовті сөзден тұлға жасай білген суреткер әрі көркемсөз шебері деп тану орынды. Оның шығармалары ұлттық болмысты, рухани байлықты және тәуелсіздікке деген ұмтылысты көркемдік биік деңгейде бейнелейді. Сонымен бірге, ел бірлігі мен ұлттың болашағы туралы терең ойлайтын саясаткер, халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған абыз ретінде де оның тұлғасы ерекше көрінеді.

Әуезовтің тілдік тұлғасы – шынайы ұлттық рухтың, терең білім мен көркемдік шеберліктің үйлесімін көрсететін бірегей құбылыс. Оның шығармаларын әр оқыған сайын жаңа қырларын ашуға мүмкіндік беретін бай рухани мұрасы оны келешек ұрпақ үшін мәңгілік құндылық ретінде танытады. Мұхтар Әуезовтің тілдік тұлғасы осындай жан-жақты мәртебеге лайық екеніне толық дәлел бар».

(МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫ ЖӘНЕ ТІЛДІК ТҰЛҒА *(өңделіп, толықтырылып басылуы)* Монография. – Ақтөбе: Принт баспасы, 2025. 270, 271 - беттер)

«Мифтік фольклор – өз аясында фольклор дәуірін қамтып, фольклормен бірге «өмір сүретін», жанаса байланыста болатын ерекше жанр. Поэтикалық бернелеудің астарына тұнған мифтік аркау фольклорға өзек бола отырып, мифопоэтикалық жүйе құрайды. Осылайша мифопоэтика фольклордың ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырыла отырып, онымен бірге дамиды да. Фольклор мен мифологияның тығыз байланыстылығы сонда – мифтік наным-сенім санатына кіріп, ежелгі таным сатысына кіретін ұғым-түсініктер белгілі бір шекке келгенде (мифологиядан фольклорға өту шегі), сұрыптаудан, айқындаудан өтіп жинақталып, қалыптасқан үлгіде екшеліп, фольклорлық шығармаларға өзек болады. Сол себепті мифофольклорды тарихи құбылыс ретінде қарастырсақ, біріншіден, ол – мифтік танымға негізделген поэтикалық жүйесі бар шығармалар реті болса, екіншіден – сол мифтік танымға тиемелденіліп, сол ұғым-түсініктердің басқа фольклорлық шығармалардың өн бойында уәжділіктен туындайтын

немесе тарихи үдеріс пен қоғамдық ой-сананың даму арнасының шиеленісінен келіп шығатын үлкен құбылыс».

(Кушкимбаева А.С., Абдуллина А.Б., Мифопоэтика. Оқу құралы. – Ақтөбе:Литер-А баспасы, 2022. – 215 бет, 14-бет)

«Қазақтың ұлттық таным көкжиегінде мифологияның алар орны зор дейтін болсақ, ол ғылым саласы ретінде бүгінгі таңда енді-енді бойын тіктеп келе жатыр. Біз бүгінгі ғылым арнасында мифологияны, соның ішінде дербес ғылым саласы ретінде танып, оған жаңаша көзқарас танытып отырғандықтан, түп тамырында үш бірліктің жатқанын айта кетуіміз жөн. Олар: наным, дін, философия. Осы аталған тұжырымдарды таратып айтар болсақ, адам баласы дүниеге алғаш келіп, оң мен солын енді танып, қоғам мен табиғатқа өзінше бейімделе бастаған кезде, жеке көзқарасын бекітті. Яғни табиғат пен адамның өзара бірлігін, ажырамас дихотомиялық күш екенін өздері-ақ бағамдап берді.

С.Қондыбайдың пікірінше, бүгінгі жаусыз қоғамның көзсіз батырлары болып жүрген, яғни соңғы он жыл ішінде «тарихи негізсіз», тіпті карабайыр, ұшқалақ дүниелердің туындағанын, соның салдарынан мынадай кемшіліктердің шыққанын айтады: «қазақтың мифологиясына, рухани болмысына қатысты мәселелердің қазақтың бірнеше мың жылдық тарихынан тыс, өзара сәйкесе бермейтін, оқшау факт түрінде қарастыруы» Сондықтан тарихи сараптың өтпей, уақыт көшінің елегінен сүзгіленбей келген қазақ мифологиясы бүгінгі күнде тек бетпердесі өзгеріп тұруында бір себеп бар. Өйткені қанша ғасыр бойы халықтың бар затын жоқ қылған кереғар саясат қазақ мәдениетін түбегейлі өзгертті, тамырына балта шапты. Сол себептен қазақ мифологиясы жан-жаққа бытырап, тарамданып, тарауланып кетті. Оларды біріктіретін бір ортақ күш, ортақ мәміле болған емес. Өйткені әр ғылым сол мифологияны өз жүйесінде кісенмен ұстап отырғандай болды. Мәдениеттану, тілтану, әлеуметтану, діntану, психология, этнография, тарих секілді ғылым салаларын алар болсақ, әр ғылым саласы мифологияны өзінше түсіндірді. Сол ғылыми ауқымнан шығара алмады. Тәуелсіздікке дейін, тіпті тәуелсіздіктен кейін де керзамандық (кеңестік) аура өз күшін әлсіретпеді»

(Кушкимбаева А.С., Абдуллина А.Б., Мифопоэтика. Оқу құралы. – Ақтөбе:Литер-А баспасы, 2022. – 215 бет, 15-бет).

«Қазақ мифологиясы жүйесінде символдық мәнге болған «жылқы» бейнесі өзіндік белгісіне сәйкес түрлі сипатқа және қимыл-қасиетке ие. Жылқы малының қазақ халқы үшін ерен ерекшелігін айтып жатудың қажеттігі жоқ деп ойлаймыз. Ал мифологияда «жылқы» мәселесін қарағанда, оның түркілік негізіне бойлаймыз. Өйткені қазақ

мифологиясының бастау арнасында түркілік таным бар деп есептеп, түп-тамырын арғыдан іздейміз. Ғылымдағы қағидалар бойынша, ең алдымен атты ең бірінші қолға үйретіп, соған сәйкес жөн-доралғыларды тудырған үндіевропалықтар болып табылады. Түркілер солардан үйренген деп топшылайды.

Түркілер үшін ат - әр адамның жан серігі, ең жақын жолдасы болып есептеліп, аттың иесі қайтыс болса, оның атын да сол үшін құрбан етіп, бірге жерлейтін болған. Мұндағы басты идея – келесі дүниеде арғымаққа мініп жүреді деген ой. Ежелгі түсінік бойынша, ең ескі танымда көсемдерімен қоса, оның әйелдерін де өлтіріп (егер бірнеше әйелі болса), қоса көметін болған».

(Кушкимбаева А.С., Абдуллина А.Б., Мифопоэтика. Оқу құралы. – Ақтөбе:Литер-А баспасы, 2022. – 215 бет, 15-бет).

«Әдебиеттегі мотив ұғымы өте тар аяда қарастырылғанмен, ол сюжет құрауда, композициялық желіге тартылғанда өте мол әсер ететінін айту керек. Осы мақсатта мотивті деталь, штрих секілді ұғымдармен салыстыруға келмейді, себебі бұлар бір-біріне формасы жағынан ұқсас болғанмен, мотивтің алатын орны – оның бірнеше оқиғаға, бірнеше сюжетке ортақ болуында, тек ортақ болып қоймай, тұтас бір жүйе қалыптастыруында. Мотив сюжеттің ішінде өмір сүреді десек, мотивтілікті өзгермелі, әрқашан даму үстінде тұратын тұр деп айтқанымыз жөн болар. Мотивтіліктің даму әрекетіне «көшпелі сюжеттердің» де әсер ететінін айтуға болады. Кейбір мотивтер бірнеше халықтар фольклорында да кездеседі».

(Кушкимбаева А.С., Абдуллина А.Б., Мифопоэтика. Оқу құралы. – Ақтөбе: Литер-А баспасы, 2022. – 215 бет, 104-бет).

«Білім беру және оқыту теориясының әдіснамалық негізі – таным теориясы, оқушы тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілім болып табылады. Бұл теория білім беру және оқытуды арнайы ұйымдастырылатын іс-әрекет ретінде қарастырады. Білім беру және оқыту теориясының оқушыларды оқыту мәселесіндегі талаптарының бірі – танымдық белсенділік пен саналылық. Бұл талаптың орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды.

Оқушылардың белсенділік танымдық іс-әрекетінің көздейтін мұддесі – білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі

оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Осыдан келіп, оқыту барысында оқушының іс-әрекетінде танымдық белсенділікті қалыптастыру талабы туындайды. Танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Танымдық белсенділік – оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған жаңа материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейту үшін өздігінен кітап оқып, бақылау тәжірибе жасау сияқты жұмыстар жасауы қажет. Өйткені, өтілген материалдарды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни, оқушының белсенділігі оқу үрдісінің барлық кезеңінде орын алуы қажет.

(Кушкимбаева А.С., Тәнірбергенова Г.К., Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті - модульдік технологиялары. Оқу құралы. -Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2024. – 132 бет, 10-б.)

«Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым-қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғары таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсенділендіруге танымдық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді. Балалардың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес-алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе, баланың логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.

Әрбір қимыл дамып қалыптасудың белгілі бір кезеңінде ғана болып, тек өзіне ғана тән рөлді атқарады. Өзіндік әрекеттің үшінші компонентіне танымдық оқу әрекеті жатады. Өзіндік әрекет арқылы жүзеге асырылатын танымдық оқу әрекетінің түпкі мақсаты – тұлғаны қалыптастыру. Өзіндік жұмысқа бейімделу өзіндік танымдық әрекетті қажетсінуді тудырады. Оның белгілеріне: білімді қажетсіну, білімді ғана емес оны игеру жолын тереңірек меңгеруге құштарлық, оқу материалына сын көзбен қарау, бір мәселе бойынша өз көзқарасының болуы, өз бетінше ойлау, өзінің тіршілік әрекеті және ары қарай білімін көтеру үшін жаңа білім алуға ұмтылуы жатады»

(Кушкимбаева А.С., Тәнірбергенова Г.К., Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті - модульдік технологиялары. Оқу құралы. -Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2024. – 132 бет, 22-б.)



КЫЯХМЕТОВА ШАРА АСЕТОВНА
Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Кыяхметова Шара Асетовна 1961 жылы 25 наурызда Алматы облысы, Алакөл ауданы, Обуховка ауылында мұғалім отбасында дүниеге келген.

1968-1978 жылдары Алматы облысы, Алакөл ауданы, Қызылащы орта мектебінде оқып, үздік аяқтады.

1984-1991жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқыды.

1993 жылы І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында ғылыми-педагогикалық еңбек жолын бастады. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында оқытушы, аға оқытушы (2001), доцент (2009), қауымдастырылған профессор (2018), Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы меңгерушісі (2021ж.б.) қызметтерін атқарып келеді.

1999-2000 оқу жылында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылыми-зерттеу тағылымдамасынан өтті.

2001 жылы «Қазақ лирикасындағы табиғат және тағдыр» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атағын алды.

Университеттегі көп жылғы ұстаздық қызметінде дәріс беру, оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу, білім беру бағдарламаларын жетілдіру бағытында тынбай еңбек етуде.

Кыяхметова - Ш. «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» пәні мен «Мағжантану», «Ілиястану», «Жетісу әдебиеті», «Заманауи сабақтарды жоспарлау», «Білім берудегі инновация» атты таңдау курстарының авторы.

Әдеби-ғылыми бағыты: қазақ әдебистінің тарихы, алаш әдебиеті тарихы, әдебиет теориясы, көркем шығарма поэтикасы, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі Ілиястану, Жетісу өлкесі әдебиеті тарихы және аймақтық әдебиеттану мәселелері.

Алаш жүгін арқалаған ақын-жазушылардың шығармашылық мұрасы негізінде ғасыр басындағы әдебиеттің дамуының негізгі бағыты туралы жаңа теориялық түсініктердің қалыптасуын, қарастырылып отырған кезеңнің әдеби-көркемдік даму барысын белгілі бір дәрежеде

зерделейтін әртүрлі көзқарастарды, ағартушылықпен қатар, азаматтық сарын, ұлттық рух алып келген қаламгерлер шығармашылығының қазақ әдебиетін дамытудағы қызметін, өзінен кейінгі әдебиеттің дамуына тигізген ықпалын зерделейді. Алаш дәуірі әдебиетінің қазақ көркем сөзін дамытудағы ерекше кезең екендігін пайымдайды.

XX ғасыр басындағы әдеби дамудың көркемдік ағыстары мен басты бағыттары негізінде Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығын қарастырады. Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық өмірбаяны, сөз өнерін игеру жолындағы алғашқы ізденістері, қоғамдық және мемлекеттік қызметтері, поэзиялық шығармалары, поэмалар жазуы, прозаның дамуына қосқан үлесі, драматургиясы, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жариялап, зерттеуі, аудармашылық және журналистік қызметі, публицистикалық еңбектері, әртүрлі өнер саласына ат салысуы, қаламгер шығармашылығының зерттелуі мәселелерін қарастырады.

Негізгі ғылыми нәтижелері: 150-ден астам ғылыми-көпшілік мақаланың, 4 монографияның, 6 оқу құралының, 2 оқулықтың авторы және 9 ғылыми жинақты құрастырушы.

Монографиялар: «Ілияс Жансүгіровтің рухани әлемі» (2019), «Жетісудың әдеби шежіресі» (2020), «Ілияс Жансүгіров шығармаларының ономастикалық сипаты» (2025), «Қазақ әдебиетіндегі шығармашылық сабақтастық: әдеби орта мен дәстүр» (2025).

Оқу құралдары: «Туған өлке әдебиеті» (1996), «Жетісу әдебиеті» (2005), «Өлең өрімі» (2005), «Тест тапсырмалары» (2006), «Қазақ лирикасы» (2009), «Ілияс Жансүгіров шығармаларын жаңаша оқыту» (2018).

Оқулықтар: «Алаш дәуірі әдебиеті» (2023) «Ілиястану» (2023).

Жинақтар, библиографиялық көрсеткіш және энциклопедия: «Ақынның қызыр ие жолдасы бар» (2008), «Аңызға бергісіз ғұмыр» (2019), «Дария кеуде тау мүсін» (2019), «Ілияс тағылымы» (2019), «Ілиястану ілімдері» (2019), «Архивтік құжаттар жинағы», «Ілияс Жансүгіровтің жарияланбаған туындылары», «Ілияс Жансүгіров» (библиографиялық көрсеткіш) (2019), «Ілияс Жансүгіров» (энциклопедия) (2019). «Ілияс әлемі» сайтының автор-жасақтаушысы.

Марапаттары: «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2016), «Ілияс Жансүгіров» (2016), «Ерен еңбегі үшін» (2021), «Жетісу университетіне - 50 жыл» (2022), «Ана тілін дамытқаны үшін» (2025) төсбелгілерінің және республикалық, облыстық деңгейдегі Құрмет грамоталарының иегері.

Қыяхметова Ш.А. - **«ЖОО – ның Үздік оқытушысы»** (2023) конкурсының жеңімпазы. 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық

қаржыландыру конкурсының «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: XXI ғасыр контексінде» тақырыбындағы **жоба жетекшісі**.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Әлем көркін бейнелеуде әр кезеңнің қайталанбас келбеті қашан да өз дәуірінің өзекті ағымдарымен, негізгі даму тенденцияларымен тығыз байланыста ашылады. Олар адамның табиғаттан ешқашан тыс тұрамайтынын, оның бір бөлшегі екенін, сондықтан табиғат тағдыры – уақыт тағдыры, адам тағдыры – екенін ерекше әдістер арқылы оқушысына әсерлі түрде жеткізеді. Ілияс ақын ұлттық ұғымымызға тән сөздерді поэтикалық құрал ретінде пайдаланып, өлеңдерінің ұлттық сипатын тереңдетті. Әлеуметтік-рухани аласапыран өмір шындығын қазақ тұрмысына жақын етіп, ұлттық образдар арқылы жеткізді. Ақын қолданысында табиғат құбылыстары образ деңгейінде бейнеленді, яғни табиғат әлемін образды мүсіндеу дәстүрі өркендеді. Заман лебіне орай жаңа сипаттағы поэтикалық бейнелеу тәсілдері пайда болды.

Ілиястың жыр-дастандары еселеген екпінімен, асау арынымен, алапат ағынымен, қазақ тілінің жауһарларын жарқырата, емін-еркін қолдануымен, тұтқиылдан сөз жасап жіберу шеберлігімен, ұлттық тіл бояуының, құдіретін соншалық табиғи, соншама ағыл-тегіл қолдануымен, соның нәтижесінде, ұлттық рухты мейлінше кемел жеткізуімен ықпал жасады. Сөйтіп, талант тіршілігінің алғы шарты көркемдік екенін дәлелдеген тасқынды шеберлігімен қазақтың жазба поэзиясына айтарлықтай үлес қосқан.

Қыяхметова Ш. Ілияс Жансүгіровтің рухани әлемі. Монография. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы.- 2019.-30-бет.

Қазақ әдебиетінің алаштық кезеңі көркемдік ізденістердің, жаңалықтардың алуан түрлілігімен, әдеби өмірдің күрделілігімен, қарқындылығымен ерекшеленетін өте маңызды тұсты қамтиды. Ғасырлар тоғысындағы түрлі саяси-әлеуметтік мәселелер сол кездегі әдебиеттің дамуына із қалдырды, ағартушылық-демократиялық идеялар мен көзқарастар әдебиеттің табиғатына айқын әсер етті. Әдебиеттің рухы үстем шығып, әріден жалғасқан әдеби үрдістің сан соқпақты даму жолдарын түйістіре бастады. Бұл кезең, ең алдымен, ұлттық рухының беріктігімен, елдік, мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылған ой-мақсаттардың айқын, нақты көрінуімен ерекшеленеді. Қазақ әдебиеті тарихындағы ояну, өрлеу, жан-жақты даму, кемелдену уақыты да осы тұсқа жатады.

Қандай да бір ойшыл дарындарға ортақ қасиет тек өзі өмір сүрген дәуір шындығын дөп басып, тани біліп қана қоймай, болашақты да тура болжай білудің уақытпен, тарихпен кіндіктестігі деп танысақ, олар өздерінің алдында қандай міндет тұрғанын терең түсіне білді, яғни ұлттың азаттығы үшін рухани күрес туын көтерген мемлекеттік дәрежедегі қайраткерлер болып қана қойған жоқ, сонымен қатар, туған елінің озық ойлы, жан-жақты білімді ел қатарына жетуін аңсап, осы мақсатты орындау жолында аянбай тер төкті.

Кыяхметова Ш. Алаш дәуірі әдебиеті. Оқулық. – Талдықорған: «Pixel» баспасы.- 2023. – 25-бет.

«Құлагер» поэмасы жалпы қазақ поэзиясына тән дастандық дәстүрді онан әрі дамытып, сюжеттік желіні шытырман оқиғалармен емес, өмірлік реалистік шындықпен байытып, кейіпкерлерін характер дәрежесіне көтеріп, образдық сипат жасауда көркемдік шеберлік көрсетіп, қазақ поэзиясында үлкен белес жасады.

«Құлагер» поэмасындағы ақын жаңашылдығы – заманның қат-қабат шындығын молынан қамтыған эпикалық кеңдігінде, шабыттылығында ғана емес, дәуір шындығының қайшылықтарын терең әлеуметтік талдау арқылы бейнелеуінде, кейіпкер табиғатының әлеуметтік-индивидуалдық негіздерін психологиялық талдау арқылы танытуында. Образдылық пен сұлулық, тазалық пен арамдық, түлейлік пен іңкәрлік бетпе-бет келгенде, трагедияның қара бұлты қоюланатыны романтикалық асқақтықпен, реалистік дәлдікпен суреттелген. «Күйші» поэмасының жаңашылдығы дегенде кейіпкер табиғатын асқан шеберлікпен танытуын, қазақ поэзиясында психологиялық талдау тәсілін әлем әдебиеті биігіне көтеруін айтуға болады.

Кыяхметова Ш. Ілиястану. Оқулық. – Талдықорған: «Pixel» баспасы.- 2023. – 6 - бет.

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ КӘПҰЛЫ

Дәулеткерей Кәпұлы 1977 жылы 9 тамызда дүниеге келген. Ақын, айтыскер, әдебиеттанушы ғалым, PhD доктор. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты.

1995-1999 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде, 2000-2002 жылдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистратурасында, 2012-2015 жылдары осы университеттің докторантурасында білім алған.

Еңбек жолын Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы болып бастады (1999-2005). Кейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және оқытушы, Астана қаласы әкімдігі Мәдениет басқармасының қызметкері, «Алтын тамыр» әдеби-танымдық журналының шеф-редакторы, «Фолиант» баспасы директорының орынбасары, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті директорының орынбасары қызметтерін атқарды. Қазіргі уақытта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы және Астана қаласы әкімдігінің «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» МКҚК «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды музей кешенінің директоры.

Дәулеткерей Кәпұлы – қазіргі қазақ поэзиясы мен айтыс өнерінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол Иса Байзақовтың 100 жылдығына арналған республикалық айтыстың, Моңғолияның Баян-Өлгий аймағының 60 жылдығына арналған халықаралық айтыстың, Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған халықаралық айтыстың, Дәулетбай батырдың 300 жылдығына арналған республикалық айтыстың, Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдығына арналған республикалық айтыстың бас жүлдегері атанды.

Сонымен қатар Мәскеуде өткен қазақ ақындары айтысының жеңімпазы, Бішкек қаласында өткен Ұлы Жеңіжоқ ақынға арналған халықаралық айтыстың I дәрежелі лауреаты болды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 10 жылдығына, Кенесары Қасымұлының 200 жылдығына, Қашаған Күржіманұлы атындағы республикалық айтыстарға қатысып, жүлделі бірінші орындарды иеленді.

Поэзия саласында да елеулі табыстарға жетті. 2000 жылы «Жұлдыз» журналы жариялаған А. Ыбыраев атындағы республикалық

мүшәйраның бас жүлдесін, халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің Гран-приін, Аягөз ауданының 80 жылдығына арналған республикалық жазба ақындар мүшәйрасының бас жүлдесін иеленді. «Ұлытау ұлағаты – Үлт тарихы» республикалық мүшәйрасының жеңімпазы, «Азаттық аясында» республикалық мүшәйрасының жүлдегері.

Негізгі шығармалары

Ақынның өлеңдері «Жыр тәңірі», «Өленге әркімнің-ақ бар таласы», «Жас ақындар жырларының антологиясы», «Байбесік тұмалары», «Тәуелсіздіктің нұрлы таңы», «Шабыт», «Жидебай», «Жанартау», «Азаттық таңындағы азат жыр», «Дорог небесных вехи (Жемчужная поэзия)» (Мәскеу), «Antologia de la poesia kazajia contemporanea» (Испания), «Yeni qazax seiri antologiası» (Әзербайжан), «Жыр маржаны» атты қазақ поэзиясының көптомдық антологияларында жарияланған.

Жеке кітаптары:

«Сүтті іңір» (2007);

«Бүлдірген ағып түскенше» (2011);

«Шертолғақ» (2013);

«Бөрісырғақ» (2014);

«Терісбұрау» (2017);

«Balbaldıñ Zarı – El llanto del balbal» («Балбалдың зары») (2022, қазақ және испан тілдерінде);

«Üşüyən Küçələr» («Тоңғақ көшелер») (2024, әзербайжан тілінде).

Ғылыми еңбектері:

«Сегіз сері Шақшақовтың әдеби мұрасы» (2004). «Гауһартас» жинағын құрастырушы. – Астана: «Елорда» баспасы.

«Ақыт қажы Үлімжіұлының әдеби мұрасы» ғылыми-зерттеу жинағы (2015). – Астана: «Фолиант» баспасы.

«Ақыт Үлімжіұлының қазақ әдебиетіндегі орны» // З. Ахметовтің ғылыми зерттеулері және қазіргі әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана, 2013. – 166–170-бб.

«Ақыт қажы шығармашылығының зерттелуі» // Түркі дүниесі: рухани мұра және бүгінгі мәдениет. Халықаралық симпозиум материалдары. – Астана, 2014. – 271–276-бб.

«Ақыт – Алашшыл идея жаршысы» // Профессор Отарәлі Бүркіт және тіл білімі мәселелері. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал, 2014. – 75–79-бб.

«Ақыт ақынның шығармашылық тағдыры» // Абай және әлемдік өркениет. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Семей, 2015. – 55–64-бб.

«Қалам, сия – көз жасы (Ақыт Үлімжіұлының шығармашылық тұлғасы)». Монография. – 2018.

KAPULY, Dauletkerey, SAGYNADİN, Gulnaz, KHAVAY, Karlygash. "Akhit Ülimjioğlu'nun Eserleri ve Edebî Folkloristik Entegrasyon". Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, 114 (Haziran 2025), s. 455-466. https://doi.org/10.60163/tkhcbya.1483722

Құрастырушы және зерттеушілік қызметі

Сегіз сері Бахрамұлының мұрасын жинақтап, «Гауһартас» атты кітап етіп жариялады. Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қаһарманы Оспан батыр Ісләмұлы туралы танымдық кітапты құрастырып шығарды. Сонымен қатар ақын-драматург Ерлан Асқаровтың «Жүрекжарды», «Арманымның ақ құсы», «Шығыс жұлдыздары» (екі томдық), Шәкен Әбеновтің «Шыңғыстау» кітаптарын құрастырды.

Түркияның Адана (Тарсус) қаласында өткен түркі халықтарының VIII халықаралық «Қараджаолан» поэзия фестивалінің лауреаты.

Марапаттары мен қоғамдық қызметі

Екі дүркін мемлекеттік стипендия иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты. Астана қаласының 10 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мерекелік медальдарымен марапатталған. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жоғары дәрежелі медалінің иегері. Моңғолия Демократиялық партиясының «Азаттық» орденімен наградталған.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық айтыс ақындары мен жыршы-термешілер одағының мүшесі.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қай халықтың болсын дарынды, талантты туған ұлдары өзі туып-өскен ұлтының, өзі өмір сүрген кезеңінің саяси, мәдени, экономикалық және әлеуметтік жағдайынан тысқары тұра алмайды. Егер ол қаламгер болса, егер ол қас талант болса, онда ол, сол өзі өмір сүрген дәуірдің бет-бейнесін бедерлеп таска басып, өшпестей шегелеп кетеді. Бұл зиялыларға, зиялылыққа тән қасиет болса керек. Бірақ та халықтың әр тобының кәсібі мен нәсібіне қарай зиялылары болады. Қазір біздің ұғымда тек билік иелері, елдің тұтқасын ұстағандар немесе ақынжазушылар ғана зиялы болу керек деген жаңсақ пікір бар. Бұл мүлдем дұрыс емес. Зиялы деп кәсіби білімі өте жоғары, ұлт-ұлысын жанындай сүйетін, иманына берік, тіл мен ділін ардақтайтын, сын сағатта, басына іс түскенде де елін-жерін сатпайтын, табанды адамды

айтамыз. Осы өлшемге салғанда да біз Ақыт қажының нақ зиялы, алашшыл адам екеніне көзіміз жете түседі. Ақыт қажыны алашшыл һәм алашшыл идея жаршысы дегенде біз нені айтып, нені меңзеп отырмыз. Біз алашшыл дегенде XX ғасырдың басқы ширегіндегі қазақ жерінде пайда болған «Алашорда» өкілдері – қазақ халқының біртуар ұлдары Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы қатарлы көсемдердің салған жолы, көтерген идеясын қуаттаушы, солардың ізбасары деп отырғанымыз жоқ. Жалпы қазақтық, бірлік, біртұтастық идеясын насихаттап, соған халқын үндеп, соған өзінің көркем ойы мен кестелі тілін қалай пайдаланғаны тұрғысынан айтып отырмыз. Демек, алашшыл дегеніміз шын зиялылық болмақ. Осы тұрғыдан келгенде, аталған алаш көсемдерін Ақыт қажы білмесе де, оларды көрмесе де, ақыл-кеңес алмаса да солардың ой-арманымен астасатын идеялы өлең-жырларының аз емес екендігі қайран қалдырады. Бұл тақырып Ақыт шығармаларының өзегі, негізгі арқауы болған. Сондықтан да ол еш уақытта жалғандыққа бой алдырып, айналасындағы қоғамда болып жатқан оқиғаларды айналып өтпеген, дер кезінде, дәл уақытында қаз-қалпында, ақиқатты айналдырмай, көркем тілмен нақты жеткізіп көрсетіп отырған. Тіпті ол шындықты өлең-жырға қосып қана қоймай, жол көрсетіп, көсемдік танытады.

Кәпұлы Д. Қалам, сия – көз жасы. – Астана: Фолиант, 2018. – 69-70-бб.

Ақыттың ұлт мүддесін, жер тағдырын қызғыштай қорып, бозторғайдай шырылдап, «масадай ызыңдап», қажетті жерінде айға қарап ұлыған көк бөрідей озаңдап беймаза күй кеше күйіне күніренуі арғы зар заман ақындарын айтпағанның өзінде, XVIII-XIX ғасырдың тоғысында толғаған Мәшүр Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды қайталанбас тұлғалармен қапталдасады. Әсіресе бұл бірлік олардың елдікті жоқтаған, ел бірлігін көксеген, азаттықты аңсаған жырларында айқын танылады.

Кәпұлы Д. Қалам, сия – көз жасы. – Астана: Фолиант, 2018. – 91-92-б.

Ақыттың мұңы – елдің мұңы, аз ғана қазағының екіге жарылуы. Олардың ертеңгі болашағының бұлыңғырлығы. Бір қазақтың бір қазанға сыймай босуы. Жалпы, Ақыт жырларында елдікті ту еткен, қазақты бірлікке үндеген азаматтық сарын басым. Осындай тарихи кезеңде өмір сүрген ақынның ең әуелгі үйрену бұлағы – әрине, халықтық жырлар мен қазақ халқының жылдар бойы қалыптасқан, ауыздан ауызға тарап жеткен бай ауыз әдебиеті. XV-XVIII ғасырлардағы бүгінгі таңда әдебиеттану ғылымында «Зар заман

әдебиеті» деп үкіленіп жүрген халық жыраулары мен ақындары болғаны даусыз. Біріншіден, Ақыт XX ғасырдың басында өмір сүрді. Бұл кезеңде Қытайдағы қазақтар мен Қазақстан арасындағы шекара мүлдем жабық болса да, Әсет Найманбайұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Жүсіпбекқожа Шайқысіләмұлы, Зият Шәкерімұлы секілді көрнекті ақындардың Қытай жеріне өтуі екі ел арасындағы әдеби рухани байланыстың тереңдеуіне жол ашады. Бұл адамдар тек өздері ғана қоныс аударған жоқ. Сонымен қатар Қазақстандағы қалыптаса бастаған жаңа мизам әдебиеті мен бай ауыз әдебиетінің үлгілерін, халықтық жырларды ала келді. Әсіресе Қазақстанда аты айтылуға тыйым салынған Мағжан Жұмабайұлы, Шәкерім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатұлы секілді алашшыл ақындардың әдеби мұрасы аты аталған қаламгерлермен бірге Шынжаңдағы қазақтарға жеткені мәлім (Оспан батыр Кеңестен Алтайға келген Алаш өкілі Райымжан Мәрсековпен кездескен деген ел аузында әңгіме бар).

Кәпұлы Д. Қалам, сия – көз жасы. – Астана: Фолиант, 2018. – 95-96-б.

Ақыт мұраларында шығыстық шайырлардың ізімен жазылған жыр дастандар, назымдар өте көп. Ол Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.), Мұхамед Құнапия, Смағұл қатарлы исламдық ірі тұлғалар өмірінен тарихи жырлар жазады әрі «Ғадыл ханның үкімі», «Мұса пайғамбардың мойындауы», «Мұсаның Қызырға жолдас болуы», «Ескендір Зұлқарнайын» тектес жиырмадан астам назиралық дастан жазған. Егер «Ескендір Зұлқарнайынды» Абайдың да жырлағанын еске алсақ, Ақыт ақынның бұл тұста Абаймен жарысқа түскендігін бағамдау қиын емес. Жалпы, Ақыт тақырыбында қалам тербеген сыншы ғалымдардың барлығы дерлік Абай мен Ақыттың рухани байланысы жайында қалам тербейді. Жоғарыда айтып өткен зерттеушілердің барлығы әуелі осы тақырыпты сөз етеді. Демек, Абай жырларының үлгісінде жазылған 55 назым кім-кімді де бейжай қалдырмаса керек.

Кәпұлы Д. Қалам, сия – көз жасы. – Астана: Фолиант, 2018. – 101-102-б.

Уақыт өзгерді, ұрпақ ауысады, заман мың құбылады, бірақ формалық жағынан сәл өзгешелеу болмаса, жалпы адамзатқа тән мінез-құлық, өмір сүру заңдылығы, күрес тәсілі, даму, дағдарыс сипаттары сол қалпында қалады. Осы бір ортақ заңдылықтың заңғар биігінен сөйлей берген адамның ой желісі – барлық уақытта халықтың, әрбір ұрпақтың рухани азығы, дүниенің игілігі болмақ. Сонау Гомерден бастап... көне, орта, жаңа дәуірлерде өмір сүрген кез келген халықтың кемеңгер

перзенттерінің еңбектерін ешқайсымыз жат көрмейтініміз сондықтан. Абай да, міне, осындай биіктен сөйлеген адам.

Кәпұлы Д. Қалам, сия – көз жасы. – Астана: Фолиант, 2018. – 102-103-б.

Қазақ халқы басынан өткерген сан қилы тағдыры секілді әдебиеті де тағдырдың талай азабын басынан кешірді. Адамзаттың алтын бесігі, түркінің түп отаны аталған Алтай тауы да заманалардың құйын-дауылында төрт мемлекеттің талқысында қалды. Қазақстан Алтайының соңғы ауылы Аршаты мен бүгінде Ресейдің Қосағаш ауданына қарасты Жазотыр ауылының арасы, атпен тура тартсаңыз, жетпіс-ақ шақырым екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмес. Екі ауылдағы аталас ағайынның арасын бөлген – мемлекеттік шекараның сызығы ғана. Жиырмасыншы ғасырдың басында ғана Қаратай болысы атанып, Әбдікерімдей алашшыл азаматтың құзыретіне қарасты екі ауыл қауындай қақ жарылып, Таңырықтай ақынды ел-жұрттың мұң-зарымен шерлендірген уақытқа өкпеңді айтқың да келеді. Қазақтың қаншама ақынының өлеңіне өзек болған, бірқыдыру жазушыларының ойына тамызық болған қайран Алтай, Хан Алтай! Төр Алтайдың қазақтары жайлы әңгіме басталса, әулие ақын Ақыт қажы, жаужүрек Оспан батыр бастаған, шаһид кешкен қаншама арысымыздың аруағына тағзым етерсің?! Тағы да еркіндік аңсаған басасау қазағымның Алтайдың күнгейі мен теріскейін мекендеген шақтарына қатар ойысасың да отырасың ойға шомып...

Кәпұлы Д. Қалам, сия – көз жасы. – Астана: Фолиант, 2018. – 3-б.



БАҒДАТ КӘРІБОЗҰЛЫ
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының, Қазақстанның Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Бағдат Кәрібозұлы 1956 жылы 18 мамырда Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген. 1963-1966 жылдарда №100 Кеңтүп, 1967-1973 жылдар аралығында №92 Құмжиек орта мектептерінде оқыған. 1975-1979 жылдарда Қызылорда педагогикалық институтында оқып, оны қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша үздік бітірген. Студент Б.Кәрібозұлы 1978-79 жылдары Лениндік стипендиант атанды. 1979-1985 жылдарда Қызылорда пединститутында оқытушы қызметін атқарғаннан кейін Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында 1985-1988 жылдар аралығында аспирантурада, 1994-1997 жылдары докторантурада оқыды.

Кәрібозұлы Бағдат 1989-1994, 1998-2000 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде филология факультетінің деканы, 2000-2002 жылдары филология, тарих және өнер институтының директоры, 2002-2008 жылдарда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде тәрбие жұмыстары, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор қызметтерін атқарған. Қазір «Қорқыттану» ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері.

1988 жылы академик Зейнолла Қабдоловтың ғылыми жетекшілігімен «Қазақ совет лирикасының жанрлық сипаты» тақырыбында кандидаттық, 1997 жылы «Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған.

Ол – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жазушылар Одағының, Журналистер Одағының мүшесі. Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі.

Б.Кәрібозұлы 2009-2011 жылдар аралығында Қызылордадан республикалық ғылыми-танымдық «Базар жырау» журналын шығарды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жанындағы 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау

(6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті) бағытында философия докторы (PhD) бейіні бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы (2022 ж.).

Ол әдебиеттану ғылымы, қазақ поэзиясының жанрлық, ұлттық сипаты, өлке тарихы, ел өміріндегі тұлғалар туралы жан-жақты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Б.Кәрібозұлының жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2011-2013 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы негізінде «Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларының әдеби, мәдени, тілдік, тарихи және танымдық сипаты» тақырыбында, 2018-2020 жылдары «Сыр сүлейлері шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық және ұлттық сипаттарының «Мәңгілік Ел» рухында жырлануы» тақырыбында, 2021-2023 жылдары «Базар жырау шығармаларының жанрлық сипаты мен көркемдік ерекшеліктері» тақырыбындағы ғылыми жобалары жүзеге асырылды. Аталған жұмыстар бойынша зерттеулер Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жанындағы «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты базасында жүргізілді.

Б.Кәрібозұлының басшылығымен «Менің Отаным-Қазақстан» сериясы бойынша «Сырдария» (Астана: Фолиант, 2011), «Қазалы», (Астана: Фолиант, 2013), «Қызылорда» (Астана: Фолиант, 2015), «Жанақорған» (Астана: Фолиант, 2015), «Қармақшы» (Астана: Фолиант, 2018), Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына орай Қазалы ауданы материалдары негізінде Б.Кәрібозұлы, Н.Мыңжасовтың авторлығымен «Отан үшін от кешкендер» (Астана: Фолиант, 2015) кітаптары жазылды. Қорқыттану бағытында ғалымдармен кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, «Қорқыт Ата туралы аңыздар мен әңгімелер» (Астана: Фолиант, 2018) хрестоматиялық жинақ шығарылды.

2 ғылым кандидатын, 2 PhD, 45 магистр дайындаған.

Ғылыми еңбектері: **«Қазақ совет лирикалық поэзиясының жанрлық спецификасы» (А, 1989); «Қайран сөз» (А, 1997); «Сырлы сөз сипаты» (А, 1997); «Өркениетке өріс» (Қызылорда, 2001); «Беталыс» (А, 2005); «Ынсап» (А, 2006); «Сыр елі ақын-жырауларының 200 томдық антологиялық жинағы» (Астана, 2006-2009); «Дидар» (А, 2007); «Ыждағат» (Астана, 2009); «Ераға» (А.2010); «Ырыс» (Астана, 2009); «Сырдария», (Астана, 2011); «Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана» (Алматы, 2012); «Қазалы» (Астана, 2013); «Қызылорда» (Астана, 2015); «Жанақорған» (Астана, 2015); «Отан үшін от кешкендер» (Астана, 2015); «Нағи Ілиясов атындағы ауыл және Ө» ТС (Астана, 2017); «Қармақшы», (Астана, 2018); «Қазақ жәдитшілдігі (Сыр бойы материалдары негізінде)» (Алматы, 2018); «Сыр сүлейлері шығармаларындағы ұлттық дүниетаным сипаты» (Алматы, 2018); «Сыр сүлейлері**

шығармаларының ұлттық, тәлім-тәрбиелік тағылымы» (Алматы, 2019); «Сыр сүлейлері шығармаларының ұлттық сипаты. Ауыстыру» (Алматы, 2020); «Сыр сүлейлерінің әдеби мұрасы» монография (Алматы, 2020); «Базар жыраудың әдеби мұрасы» (Қызылорда, 2021), Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы. I-том Жанқожа батыр (Нұр-Сұлтан, 2021), Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы. II-том Аңыздар мен әңгімелер (Нұр-Сұлтан, 2022), Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы. III-том Қиссалар мен дастандар (Астана, 2023), Ғазиз жүрек. - Қызылорда: Тұмар, 2024, Ұстаз ұлағаты. - Қызылорда: ASU, 2025, Ізденіс іздері. - Қызылорда: Жиенай, 2026.

«Қазақ совет лирикалық поэзиясының жанрлық спецификасы» еңбегі – **лирика жанрының табиғатын, оның ішкі мазмұны мен формалық ерекшеліктерін кешенді зерттейді. Зерттеу жұмысы қазақ поэзиясының сол кезеңдегі даму белестерін жан-жақты сараптайды. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы лирика поэзиясының теориялық негіздерін жүйелеуге қосқан сүбелі үлес болып саналады.**

«Қайран сөз», «Сырлы сөз сипаты», «Өркениетке өріс», «Беталыс» еңбектерінде **қазақ сөз өнерінің көркемдік-эстетикалық қуаты, поэзияның ұлттық рух қалыптастырудағы орны кеңінен талданады. Сөз табиғатына қатысты тұжырымдар жасалып, сөзді жай қатынас құралы емес, халықтың рухани коды, тарихи жадтың көрінісі деп таныды. Аталған зерттеулерде сөз мәдениеті, көркем ойлау, поэтикалық таным мәселелері терең философиялық пайыммен сабақтасып жатыр.**

«Ынсап» – **қаламгердің өмірбаяндық деректері, ол жайлы жазылған мақалалар, құттықтаулар, сондай-ақ ғалымның соңғы жылдары жарық көрген мақалаларының жинағы.**

«Дидар» – **Қызылорда мемлекеттік университетінің жанынан құрылған «Дидар» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің гастрольдік сапарлары жайлы мол мағлұматтар мен қызықты ой-толғамдар айтылған естелік кітап.**

«Ыждағат» – **әр жылдарда жарық көрген Сыр елінен шыққан тарихи тұлғалар жайында жазылған публицистикалық мақалалары мен есселері топтастырылған жинақ.**

«Ырыс» – **«Сырлы сөз монографиясы» мен ғалымның әр жылдары жарық көрген мақалалары топтастырылған ғылыми еңбек.**

«Қазақ жәдитшілдігі (Сыр бойы материалдары негізінде)» **атты еңбегі ұлттық ағартушылық, жаңашылдық қозғалыс пен жәдитшілдіктің аймақтық ерекшеліктерін зерттеген іргелі монография болып табылады. Зерттеу жұмысы Сыр өңіріндегі жәдиттік-ағартушылық идеялардың қалыптасуы мен дамуына арналған.**

«Сыр сүлейлері шығармаларының ұлттық, тәлім-тәрбиелік тағылымы» **еңбегінде Сыр сүлейлері шығармаларында тәлім-тәрбиелік мәні зор тағылым ойлар ғылыми педагогикалық тұрғыдан зерделенген.**

«Сыр сүлейлерінің әдеби мұрасы» – **қазақ әдебиетінің інжу-маржаны саналатын Сыр бойы жыраулары мен ақындарының шығармашылығын терең ғылыми тұрғыдан зерттеуге бағытталған. Кітапта Сыр сүлейлерінің (Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар сынды ақындар мен жыраулар) көркемдік әлемі, ұлттық сипаты мен шығармашылық мұрасы жан-жақты талданған.**

«Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы» – **Сыр өңірінде ғасырдан-ғасырға жеткен аңыз-әңгімелер мен тарихи дастандар, жырлар тоатастырылған көптомдық жинақ.**

«Ғазиз жүрек» – **автордың кісілік қарым-қатынас, достық пен сүйіспеншілік, қуаныш пен қайғы, жеңіс пен жеңіліс туралы эссе-толғаныстары, ғылыми мақалалары жинақталған еңбек. Сонымен бірге, сүйген жары Салтанат Арон-Рашидқызының күнделік-жазбалары мен достары, бауырлары мен шәкірттерінің естеліктері топтастырылған.**

«Ұстаз ұлағаты» - **академик Зейнолла Қабдоловтың әдебиет теориясына қатысты толғаулары мен пікірлерін талдауға, З.Қабдоловтың адами қасиеттерін жан-жақты ашуға, шығармашылық, ғалымдық портретін жасауға бағытталған ғылым еңбек.**

«Ізденіс іздері» – **автордың ғылыми еңбектері мен мақалалары, әдебиеттану ғылымына қатысты ой-толғамдары мен пікірлері жинақталған еңбек.**

Б.Кәрібозұлы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» (1995), «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2006), Облыс әкімінің Құрмет грамотасы (2006), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісі (2007), Облыс әкімінің стипендиаты (2008), «Құрмет» ордені (2009), «Үздік оқытушы» ҚР бойынша (2012), «Ел ардақтысы» медалі (2013), «Элита» медалі (2013), «Үздік оқытушы» университет бойынша (2013), Қазақстан Республикасының Президентінің «Алғыс хаты» (2015), «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (2015), Қазалы ауданының құрметті азаматы (2016), «А.Байтұрсынұлы атындағы Алтын медаль» (2017), М.Дүйсенов атындағы медаль (2018), «Қызылорда қаласына 200 жыл» мерекелік медалі (2018), «Қармақшы ауданына 90 жыл» мерекелік медалі (2018), Қорқыт Ата атындағы ҚМУ «Үздік түлек медалі» (2019), Қызылорда қаласының құрметті азаматы (2021), «Парасат» орденінің иегері (2022), Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Құрметті профессоры (2022).



ӘДІЛЕТ ҚАБЫЛОВ

ҚАБЫЛОВ Әділет Дыбысұлы – педагог, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты (2004), доцент (2011). Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры. Қазақстан Журналистер одағының (2017) мүшесі. Ақтау қаласының Құрметті азаматы.

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі бағыттары: қазақ әдебиеті, әдебиет теориясы, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі, сатира теориясы, ирония поэтикасы, әбіштану.

Ә.Қабылов 1961 жылы 11 қаңтарда Маңғыстау облысы Форт-Шевченко қаласында дүниеге келген. 1968-1978 жылдары А.Е.Баутин атындағы (қазіргі Ж.Мыңбаев атындағы) орта мектепте оқыған. Еңбек жолын «Маңғыстаубалықтоңазытуфлоты» басқармасында бастап, кеме жөндеуші, сантехник, автотранспорт кәсіпорнында жүргізуші болып істеген. 1979-1981 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери қызметте болды. 1982-1986 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетінде оқып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша үздік белгімен бітірген.

1986-1988 жылдары Қарақия ауданы Қарақұдық орта мектебінде мұғалім, 1988-1995 жылдары Форт-Шевченко қаласы С.М.Киров атындағы (қазіргі Е.Өмірбаев атындағы) орта мектепте мұғалім, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1995-2001 жылдары Ақтау қаласындағы №11 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді.

2001-2004 жылдары Маңғыстау облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында тілдер кабинетінің меңгерушісі, институт директорының ғылым жөніндегі орынбасары болды. 2004 жылдан Ш.Есенов атындағы КМТИУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болды. 2013 жылдан бері профессор.

Университетте әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы, қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі пәндерінен дәріс оқып, практикалық сабақтар жүргізеді. «Әбіштану», «Зиялылық және қарым-қатынас мәдениеті», «Тіл мәдениеті және шешендік өнер» оқу курстарының бағдарламасын жасап, оқу процесіне енгізді.

Ә.Қабылов – «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері. Еңбектегі жетістіктері үшін ҚР БҒМ Құрмет грамоталарымен (1993, 1997, 2015,

2020), ҚР БҒМ «Ы.Алтынсарин» (2011), «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2024) төсбелгілерімен, ЖОО Қауымдастығының «А.Байтұрсынов» алтын медалімен (2020), Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Ана тілі» айрықша белгісімен (2020) марапатталған. ҚР БҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» (2012), Маңғыстау облысының әкімінің «Жыл адамы» (2016) атақтарының иегері.

Ә.Қабылов – отандық және шетелдік ғылыми басылымдар мен жинақтарда жарияланған 250-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 2023-2025 жылдары ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде» тақырыбында ғылыми жоба орындалды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде» деген атпен ұжымдық монография мен «Әбіштану» оқу құралы әзірленіп, оқу процесіне ұсынылды. «Әбіштану» курсын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында мұғалімдер біліктілігін жетілдіру курсының бағдарламасы әзірленіп, республикалық реестрге енділді.

Ә.Қабылов – 6 монография мен бірнеше оқу және оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Оның «Оспанхан Әубәкіровтің сатирасы» (2007), «Кәусар. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы күлкі құбылыстары» (2013), «М.Мағауин прозасындағы ирония» (2020), «Әбіш Кекілбаевтың ақындық әлемі» (2023), «Қазақ прозасындағы ирония: дәстүр және даму үрдісі» (2022), «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде» (2025) монографиялары мен «Әдебиет сабақтары» (2008), «Салт-дәстүр және қазақ тілін оқыту» (2013), «Әдебиеттануға кіріспе» (2010), «Әдебиет теориясы» (2012), «Сатира поэтикасы» (2012), «М.Мағауин прозасындағы ирониянның стильдік қызметі» (2010), «Әдебиетті оқыту әдістемесі» (2014), «Қазақ тілінің лексикасын оқыту» (2017), «Әбіштану» (2025) т.б. оқу құралдары, «Киелі мекен, құтты орда», «Обитель науки и знания» (2011), «Өткенге құрметпен, келешекке нық сеніммен. With respect for the past, with confidence for the future» (2021) деректі-публицистикалық еңбектері жарық көрген.

Республикалық және облыстық баспасөзде білім мен тәрбие, рухани даму мәселелерін көтерген көптеген мақалалары жарияланған. Көркем аудармамен де айналысып, ағайынды Гриммдердің «Ертегілерін», Дж. Д.Сэлинджердің әңгімелері мен «Фрэнни мен Зуи» повесін, А.Конан Дойлдың «Жоғалған әлем» романын, Джек Лондонның «Ақ Азу» повесін қазақ тіліне аударған.

... Оспанхан – әдебиеттегі әзілдің кілтін тапқан, күлкінің құпиясын меңгерген қаламгер. Ол тірліктегі түрлі нюанстарды айрықша жағдайда, тосын тәсілмен, қызықты қырларымен өзінше өрнектейді. Сөйтіп оқырманның жадын жаңғыртып, жанын жадыратады.

Сатиралық кейіпкердің сырткы түрі мен ішкі психологиясын, мінез-құлқын кескіндеуде тілдің өткірлігі мен уыттылығы көздеген нысанасын дәл түйреп жатады. Автор, әсіресе, күлкі етілер жайды баяндауда қарапайым сөздердің өзін ұтымды қолданады. Оның теңеулері тосындығымен, өткір де ойнақылығымен, суреттілігімен тінті етеді. Ол құбылысты бірте-бірте күшейте суреттеп, образды үстемелете ашып отыруға шебер. Суреттеп отырған құбылыстың кесірлі жақтарын неғұрлым тереңірек көрсетіп, күлкіні өткірлеу үшін бейнелі сөз түйдектерін үдете, үстемелете қолданып отырады. Мұндай тәсіл шығарманың сатиралық мақсатына лайық образдың болмысын бірте-бірте аша түсуге кең мүмкіндік береді.

...Оспанхан жазба әдебиетімізде қазақ тілінің байлығын, күші мен оралымдылығын сатирик-юморист ретінде жаңа бір қырынан көрсетіп берді. Шынын айту керек, оған дейін өмір шындығын күлкілі түрде көркемдікпен бейнелеуде ана тіліміздің шексіз мүмкіндігін ешкім де мұншалықты деңгейде көрсете алған жоқ. Бұлай дегенде біз оның қазақ тілінің сатиралық-юморлық шығарма туғызудағы кең тынысы мен кемел болмысына тереңірек бойлағанын айтпақпыз. Өзі ізденіспен ілгерілей отырып, әзіл әдебиетті көркемдік-стильдік тұрғыдан дамытуда қарымдылық танытты. Ол сатира тілі, юмор тілі дегеннің жалпы көркем әдебиет тілі бола тұра, өзіндік қолданыс-қарымымен, оралым-орайымен ерекшеленетіндігін паш етті. Оспанхан тілі – жас сатириктер мен юмористер үшін үлкен мектеп, оңтайлы оқулық.

...Оспанханның күлкісі – қоғамдағы қойыртпақтар мен мінездегі міндерді күлкінің күшімен безбендегенде оның байыбына бойлатып, астарлы ишарамен болмысына үңілтетін ойлы күлкі, парасатты пайымның күлкісі. Оған бос әңгімешілдік, дидактикаға бой ұрып құрғақ ақыл айту, әсіре қаралау мен даттау, "ойбайшылдық" пен "айғайшылдық" жат. Сатира үшін ең бастысы – құбылысты күлкі тілімен айшықтап көрсетіп, оқырманға ой салу. Сатира серкесі оқырманын қалайда күлдіртуді емес, күле отырып, сол сықақталар жайлардың мәнін түсінуін, сөйтіп одан аулақ болуын мақсат етеді. Шығармаларын оқып шыққаннан кейін, рахаттанып бір күліп (немесе күле отырып оқып шығып): "бұнысымен нені айтпақ болды екен?" – деп ойлануың хақ. Күлкінің байыбына барып, төркініне үңілгенде өмірдегі

олқылықтардың өңін танып, автордың сықақшылық позициясын түсінесің. Сықақталушы объектіден айналаңдағыларды, таныстарыңды, кейде өзіңді де көргендей боласың. Сөйтесің де ұяласың, ондай жағдайдан бой тартып, сабаңа түсесің. Оның шығармаларын оқып болғаннан кейін де сол сурет, ситуация, образдар есіңе түсіп күлдіреді, тіксінтеді, сақтандырады.

Қабылов Ә. Оспанхан Әубәкіровтың сатирасы. Монография. Алматы, 2007

* * *

Ирония жеке жазушылардың даралық стиліндегі автордың дүниетанымы мен эстетикасына байланысты өрнектелетін мазмұндық категория ретінде де қарастырылады. Персонаждардың бейнесін жасаудағы ирониянын стилистикалық және концептуальдық типтерінің қатынасын саралау арқылы ирониялық қолданыстардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері айқындауға болады. Қазіргі ғылымдағы басымдық бағыт алып отырған антропоцентристік тенденцияларға орай, адам психологиясындағы, философиялық танымы мен эстетикалық талғамындағы күрделі құбылыстарды бейнелеуде суреткердің дара стиліндегі маңызды стиль түзуші құрауыштардың қатарында ирония да өзіндік роль атқарады.

...М.Мағауиннің «Көк мұнар» арқылы кезінде қазақ романының құрылымына алып келген жаңалығы – автордың қазіргі заман мен тарихты сабақтастыра бейнелеу ерекшелігі болатын. Шығарманың композициялық құрылымындағы мұндай ерекшелік автордың көркемдік ұстанымына қызмет етеді. Өйткені, композиция автор ойының «коды», «кілті» болып табылады. Осы «кілт» арқылы шығармадағы сюжеттік арнаның да, сондай-ақ концептуальдық тұжырымның да белгілі бір арқауы шешіліп отырады.

Қабылов Ә. М.Мағауин прозасындағы ирония. Монография. Ақтау, 2022.

* * *

...Сатиралық шығармалардағы күлкі элементтерінің арасалмағын саралағанда, олардағы сатира мен ирония ауқымында ирониялық айтылымдардың да өзіндік орнын аңғаруға болады. Ирония мұндай мәтіндерде күлкі тудыру қызметінен гөрі көбінесе сатиралық немесе юморлық қолданыстарға өзіндік мән үстеп, күлкіні өткірлеу мақсатында қолданылатынын байқаймыз. Ирония авторлық баяндауда да, сондай-ақ кейіпкер сөздерінде де молынан ұшырасады. Оларда жеке ирониялық

колданыс болумен қатар, сатиралық немесе юморлық бейнелеудегі ирониялық мән үстейтін сипаттарын да айтуға болады. А.Тоқмағамбетов, Ш.Смаханұлы, Ү.Уайдин, М.Рәш секілді көрнекті сатирик жазушылардың сатиралық әңгімелері мен фельетондарында иронияның бағалаушылық, сыншылдық қасиеті айқын байқалады. Мұндай шығармаларда ирониянын авторлық баға берудің, сыни көзқарасты танытудың, қайшылықтарды ашудың құралы ретіндегі объективтілік пен талдаушылық қасиеттерін айқын көруге болады.

Қабылов Ә. Қазақ прозасындағы ирония: дәстүр және даму үрдісі. Монография. Ақтау, 2022.

...Ақын өлеңдеріндегі сыншылдық пафос, азаматтық пайым, парасатты талдаушылық көркем бейнелеу мен сыршыл толғаулар арнасында үйлесім тауып отырады. Өмір туралы толғамдары мен адами ұмырдың ньюанстары автордың интеллектуалдық поэзиясының өзегін құрайды. Реалистік бейнелеу аясында ретіне қарай кейде романтикалық леп те, эмоционалдық шалқу да, ирониялық пайым да өріс алып отырады. Сөйте тұра, Ә.Кекілбаев поэзиясы ақынның азаматтық тұлғасының, адамдық болмысының айнасындай, сабырлы да байсалды, ойшыл да пайымшыл қалпынан танбайды.

...Осынау жазушылықтың белсенді әрі өнімді қызметінде ол *(Ә.Кекілбаев)* әдебиетке ақын болып қадам басқан болмысынан айныған жоқ. Оның қара сөздерінің өзі өлең секілді ұйқасып келіп, ұлттық ділмарлық-шешендік дәстүрді жалпыадамзаттық сөз өнерінің үздік үлгілерімен сабақтастыра, байыта отырып, өз сөзін айта алды. Суреткердің ақындық әлемінің шынайылығы мен шырайлылығының бүкіл шығармашылығына ықпал-әсерінің мәні осында.

Қабылов Ә. Әбіш Кекілбаевтың ақындық әлемі. Монография. Алматы, 2023.

* * *

...Кекілбаев феномені тарих пен бүгінгі заманды сәтімен сабақтастырып, тіршіліктің күрделі мәселелерін философиялық тұрғыдан терең талдауымен, өзіндік көркемдікпен суреттеп, өткеннің сабағын алға тарта отырып пайымдауымен ерекшеленеді. Жазушы өткен дәуір жаңғырығы мен қазіргі заман тынысын көркемдік қисынмен үйлестіріп, суреткерлік қуатпен тіршіліктің терең философиясына үңілтеді. Оның шығармаларында уақыт сырын, адамдар тіршілігін суреттеудегі талдаушылық, зерттеушілік пафос өзіндік поэтикалық өрнекпен келісті шырай алып отырады. Қаламгер адам өмірінің қайсыбір жақтарын жалаң көрсетіп қоймай, оның ішкі механизмдеріне барлау жасайды, жақсылық пен жамандықтың тылсым сырларын бейнелей отырып, оқырманды олардың туу себептерін, тамыр тартар бастаулары мен даму өрісін анықтауға ұмтылдырады.

...Ә.Кекілбаевтың сан қырлы суреткерлік шеберлігінің, өмір құбылыстарын көркем зерделеуіндегі ойшылдық әлеуетінің аукымында да халықтың күлкі мәдениетінің кәусар тұмасынан тұшынып, қазіргі әдебиеттің өрелі өрнектерімен жасандыра білген қаламгердің интеллектуальды күлкісі өзіндік болмысымен ерекшеленеді. Яғни, сөз өнерінің ұтырлы құралдарының бірі – күлкімен көмкерілетін әдеби амал-тәсілдер жазушы шеберлігінің бір қыры болып табылады. Қаламгердің алғашқы шығармаларынан бастап ойлы да оралымды, астарлы да асқақ күлкінің сан алуан көріністерін көптеп кездестіреміз. Шығармаларының өн бойында кейде шымырлап жайылып, кейде шамырқана тасып отыратын сатира мен юмор элементтері көркем мәтіндегі бейнеленер жайлар мен аңғартылар ойларға ұтырлы мән үстеп тұратыны ақиқат.

Қабылов Ә. Кәусар. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы күлкі құбылыстары. Монография. Алматы, 2013.

* * *

...Әбіш Кекілбаевтың шығармашылық мұрасы қоғамдық сананы жаңғырту идеясының өрісін кеңейтіп, тарихи тәжірибені бүгінгі күннің құндылықтарымен сабақтастыратын мәдени платформаға айналды. Оның шығармашылығы адам мен қоғам, уақыт пен жауапкершілік, тіл мен ойлау мәдениетінің үйлесімін биік эстетикалық деңгейде түзе отырып, ұлттық болмыстың ғана емес, адамзат қауымының заманауи моделі бола алады. Осылайша Ә.Кекілбаев тек әдеби канонның көрнекті өкілі ғана емес, қоғамдық ойлауды тәртіпке келтіріп, ортақ бағдар беретін интеллектуалдық бедер ретінде танылады; сол себептен де қоғамдық сананы жаңғырту міндеті идеологиялық ұраннан гөрі көркем сөз арқылы іске асатын мәдени реконфигурация екеніне назар аудартып пайымдау жөн деп білеміз.

...Ә.Кекілбаев шығармашылығы – қоғамдық сананың жаңғыруының маңызды рухани-идеялық қайнары. Оның шығармалары мен философиялық ой-пайымдары ұлттық жадыны жаңғыртып, қазіргі заман талабына сай рухани бағдар береді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, Ә.Кекілбаев мұрасы қоғамдық сананың негізгі арналарын – тарихи жадыны сақтау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және рухани жаңғыруға бейімделу өлшемдерін тоғыстырады. Сондықтан оның еңбектерін қоғамдық сана дамуының теориялық та, практикалық та үлгісі ретінде қарастыруға болады.

Қабылов Ә., Сөйлемез О., Қамарова Н., Шоқай М. Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде. Монография. Алматы, 2025.

Айбар Қабыкенұлы ҚАДЫРОВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Қадыров Айбар Кабыкенұлы 1960 жылдың 6 желтоқсанында Семей облысы, Абай ауданы, Саржал ауылында дүниеге келген. А.К.Қадыров 1978 жылы Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтына түсіп, 1982 жылы аталған институтты бітірді. Сол жылы Кеңес одағы қарулы күштері қатарына алынды. 1984 жылы Абай ауданы, Саржал ауылдық орта мектебінде мұғалім болып еңбек жолын бастады. 1985-1991 жылдар аралығында А.К.Қадыров Тельман атындағы совхозда комсомол ұйымының хатшысы, Абай аудандық комсомол ұйымында ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1991-1996 жылдары Семей педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы болып еңбек етті. 1996-1999 жылдары Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып, 1999 жылы «Ш.Әбеновтың әдеби мұрасы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын қорғады. 2011 жылдың желтоқсанында қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алды.

2000-2004 жылдар аралығында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде аға оқытушы және «Шәкәрімтану ғылыми зерттеу орталығының директоры қызметтерін атқарды. 2004 жылдан бастап Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде әлеуметтік-гуманитарлық институты директорының орынбасары, гуманитарлық-заң факультет деканы орынбасары,деканы.2013 жылдан бастап қазақ филологиясы факультетінің деканы қызметін атқарып келді. Сол жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталған.

Барлық жауапты орындарда ол өзін жоғары мектептің жүйесі мен ерекшеліктерін терең меңгерген, түрлі педагогикалық мәселелерді шеше алатын білікті маман ретінде көрсеті. 2015 жылы «ҚР жоғары оқу орнындарының үздік оқытушысы» грантының иегері атанды.

Қазақ әдебиеті тарихын, Абайдың ақындық айналасын, өңірлік ақын жазушылардың шығармашылығын зерттеуде А.К.Қадыровтың сіңірген еңбегі мол. Белгілі ақын Шәкір Әбеновтың шығармашылығын зерттеудегі еңбегі айрықша. Ш.Әбеновтың өмірбаяны және оның шығармаларын жан-жақты зерттеп , зерделеп арнайы талдау жасады, алғаш ретғылыми айналымға түсірді. Кеңестік кезеңдегі цензура саясатқа жат деп танып жарыққа шықпай келген шығармаларын баспадан шығарды.Қазақ елінің көмескі сүрлеуінен нақты тарихынан сыр шертетін «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Кейпін батыр», «Таңшебер-Жапал», «Тоқтамыс» пен халықтың басынан өткен толып жатқан

әлеуметтік теңсіздікті, қоғамдық қайшылықтарды көрсететін "Ортақ арал", "Ана махаббаты", "Патша мен байғыз", "Қорқыт қобызы" атты әр түрлі аңызға құрылған поэмалары – қазақ халқының рухани мәдениетінің бір саласы, өткен өмір шежіресі, көне замандағы қилы күндер хикаясының деректі белгісі болатын шығармаларына да ғылыми талдау жасалып , жарыққа шығарылды.

Жоғары білімберудің инновациялық тұжырымдамасы шеңберінде жастардың білікті маман болып шығуына, Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда студенттерді тәрбиелеудегі еңбегі ерекше.

А.Қ.Қадыровтың жетекшілігімен қазақ әдебиеттану ғылымындағы тың, өзекті тақырыбына арналған 30 дан аса магистрлік жұмыстар қорғалды.

Қалалық, облыстық, республикалық жалпы білім беру ұйымдарымен тығыз байланыс жасап кездесулер, олимпиадалар, байқаулар өткізіп келеді. 2015, 2016, 2017 жылдары дәстүрлі өткізіліп келе жатқан жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы республикалық Абай оқулары байқауының қазылар алқасының төрағасы болды.

Айбар Қабыкенұлының 100 – ден астам ғылыми мақалалары, оның ішінде «Ақындық әлем» атты монографиясы, «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Батыс Еуропа әдебиеті» атты оқу құралдары жарыққа шықты. Абайдың 175 мерейтойлық басылым «Абай әлемі» кітаптар топтамасының «Абай» I, II томдарының, «Шәкір Әбенов» I, II томдарының құрастырушысы.

Бұл еңбектердің елімізде жастардың ұлттық таным, елдік сезімін көтеруде ықпалы зор.

Өңірдің қоғамдық маңызды бірқатар мәселелеріне араласып белсенділік көрсеткені үшін бірнеше рет облыс, қала әкімінің, университет ректоры тарапынан «Шәкәрім» медалімен және мақтау қағаздарымен, алғыс хаттармен марапатталған, 2024 жылы Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталған.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік республикалық қорық мұражайының «Абай» медалімен, Халықаралық қазақ тілі қоғамының «Елім деп соғар жүрегім» белгісімен, Абай ауданының «Ел алғысы» медалімен марапатталған.

Абай облысы өміріндегі әлеуметтік-қоғамдық, саяси-мәдени іс-шараларға белсене араласып, аймақтағы тұрақтылықтың сақталуына, рухани дамуына өз үлесін қосып келеді.

Айбар Қабыкенұлы Қадыровтың еңбектері

В рейтинговых научных изданиях (с импакт-фактором):

1. Duration as a semantic constituent of the category of aspectuality of the English language Journal of language and literature. Vol.6.No.2, May, 20157. Baku-2015

2.Features and problems of implementation of trilingual system in the secondary school in Kazakhstan.

24 March 2020, Номер статьи 090051st International Conference on Business Technology for a Sustainable Environmental System, BTSES 2020;

Монография: Ақындық әлем. –Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті.-Семей, «Зияткер» ҚК РБО -2016.-254б.

Оқу құралы: Қазақ әдебиеті тарихы (1941-1960 жылдар)1916 ж.

В изданиях, включенных в перечень Комитета:

1. Шәкір Әбеновтың «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» поэмасы М. Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университетінің хабаршысы, №3. – 2015.

2. Шәкір Әбеновтың ақындық тұлғасы. – ПМУ Хабаршысы №1, 2013.

3. Кейпін батыр. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы №2 (36), 2011 ж. Вестник

Мақалалар

1. Еңселі мектептің талантты шәкірті. – Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына арналған «Абай мұрасы және әлемдік руханият» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары.Семей -2020.

2. Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушылардың бірегейлі Шәкір Ақын. – Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына арналған «Абай мұрасы және әлемдік руханият» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Семей, 2020.

3. Абайдың ақындық дәстүрі және ақын Т. Әміренов. -Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына арналған «Абай мұрасы және әлемдік руханият» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Семей -2020ж.

4. Т.Кеңесбаев «Қанден» әңгімесі. – Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына арналған «Абай мұрасы және әлемдік руханият» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Семей -2020ж.

5. Зейнолла Сәніктің «Сергелдең»романындағы тарихи шыңдықтың көркемдік шешімі. – Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына арналған «Абай мұрасы және әлемдік руханият» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Семей -2020ж.

6. М.Мырзахметұлы және Абайтанудың жаңа белестері. – Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына арналған «Абай мұрасы және әлемдік руханият» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары.Семей -2020ж.

1. Орта мектептің 11сыныбында М. Әуезовтың өмірі мен шығармашылығын модульдік технология арқылы оқыту.

Шәкәрім атындағы СМУ. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы,профессор А.С. Еспенбетовтің 70 жылдығына арналған «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану мәселелері: бүгіні, болашағы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Семей 2015ж.

2. Факультет тарихынан сыр. Семей өңірінде педагог мамандар дайындаудың 80жылдығына арналған арнайы нөмір. Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. Ғылыми журнал №3(03)2014ж

3. «Ұстаз.Ғалым.Азамат.» Кітап. Ғалым келбеті.Семей 2015ж.130-134беттер

4. Ғалым келбеті Шәкәрім атындағы СМУ. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы,профессор А.С.Еспенбетовтың 70жылдығына арналған «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану мәселелері: бүгіні, болашағы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Семей 2015ж.

5. А. Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасы мен Ш. Әбеновтың «Кейпін батыр» поэмасындағы үндестік

Шәкәрім атындағы СМУ. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы,профессор А.С.Еспенбетовтың 70жылдығына арналған «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану мәселелері: бүгіні, болашағы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Семей 2015ж.

6. Ертіс өңірі газеті. Шығыс Қазақстан обылысы, Семей қаласы-Тағылымы мол кітап, Семей 2015ж.

7. Ертіс өңірі газеті. Шығыс Қазақстан обылысы, Семей қаласы-Семей жерінің сөз сарайы, Семей 2015ж.

8. Дидар газеті. Шығыс Қазақстан обылыстық газеті –Елбасы ел тілегін ескереді деп ойлаймыз, Өскемен 2015ж.

9. Семей таңы газеті. Шығыс Қазақстан обылысы, Семей қаласы-Ғалым келбеті, Семей 2015ж.

10. Ертіс өңірі газеті. Шығыс Қазақстан обылысы, Семей қаласы-Факультет тарихынан сыр, Семей 2014ж

12. Тарих тағылымы және қаламгер. «Адамзаттың Абайы:әдеби мұрасы және абайтану мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.Семей 2015ж

13. «Әуезов шығармаларындағы «намыс»концептісінің қолданылу ерекшеліктері». «Адамзаттың Абайы: әдеби мұрасы және абайтану мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Семей 2015ж

14. Ш. Әбеновтың аңыздары негізінде жазылған поэмалары Абай мұражайының хабаршысы . Ғылыми-танымдық журнал. №1(02) 2011ж.

15. Ғалым келбеті. Шәкәрім атындағы СМУ. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы,профессор А.С.Еспенбетовтың 70жылдығына арналған «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану мәселелері: бүгіні, болашағы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Семей 2015ж.

16. Өнер саңлағы . «Қазақ» газеті және ұлттық баспасөздің қалыптасуы. республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары 2013ж. 20-21ақпан

17. Шәкір Абенов поэмаларының көркемдік ерекшелігі. Шәкәрім атындағы СМУ. Қоғамдық, жаратылыс, техникалық және гуманитарлық ғылымдар бойынша студенттердің XV ғылыми конференциясының материалдары. 21-28 қараша 2011ж.

18. Абай сөзі – ғасырлардың азығы . «Қазақ» газеті және ұлттық баспасөздің қалыптасуы. республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары 2013ж. 20-21ақпан

19. «Шәкір-ақын» Абай мұражайының хабаршысы. Ғылыми-танымдық журнал. №2(03) 2011ж.

20. А.Байтұрсынов өлеңдерінің ерекшелігі. «Ш. Құдайбердіұлы – шежіретанудың негізін қалаушы» республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 17-18мамыр. Семей-2012ж

21. Ш. Әбенов поэмаларының көркемдік ерекшелігі «Ш. Құдайбердіұлы – шежіретанудың негізін қалаушы» республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 17-18мамыр. Семей-2012ж

22. Алаш азаматы – зерделі ғалым. Алаш мұраты және мемлекеттік тіл атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 18 қараша.Өскемен,2011ж.

23. Асағам еді, асылым еді. Сағым-ғұмыр. Кітап. Семей 2011ж

24 Ертіс өңірі газеті. Шығыс Қазақстан обылысы, Семей қаласы-Білікті ғалым,білімді ұстаз., Семей 2012ж.наурыз.

25. Ертіс өңірі газеті. Шығыс Қазақстан обылысы, Семей қаласы-Семей жерінің сөз сарайы, Семей 2015ж.

26. Дидар газеті. Шығыс Қазақстан обылыстық газеті –Елбасы ел тілегін ескереді деп ойлаймыз, Өскемен 2015ж.

27 Ертіс өңірі газеті. Шығыс Қазақстан обылысы, Семей қаласы-Факультет тарихынан сыр, Семей 2014ж.

20. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериясы. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылған кітап «Шыңғыстау», Ш. Әбенов. Шәкір ақын- ф.ғ.к., профессор Қадыров А.Қ.Астана 2011ж.5-26 беттер.

21. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериясы. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылған кітап «Шыңғыстау», Ш. Әбенов. Шәкір ақын- ф.ғ.к., профессор Қадыров А.Қ. .Астана 2011ж.499-бет.

22. Тарих тағылымы және қаламгер. «Адамзаттың Абайы: әдеби мұрасы және абайтану мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.Семей 2015ж.

23. «Әуезов шығармаларындағы «намыс»концептісінің қолданылу ерекшеліктері». «Адамзаттың Абайы:әдеби мұрасы және абайтану мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.Семей 2015ж.

24. «Ұстаз. Ғалым. Азамат.» Кітап. Ғалым келбеті.Семей 2015ж.130-134беттер.

25. Шығыс Қазақстан обылысының әкімдігі. Алаш мұрат және мемлекеттік тіл, республикалық ғылыми –тәжірибелік конференция, Семей 2011ж.

26. Абай әлемі .175 жылдық. Мерейтойлық басылым. Шәкір Әбенов шығармалары. 2 том.Мақала.5- 115 беттер. Фалиант баспасы.2020.

27. Абай үлгісіндегі эпик ақын.Ұлт тағылымы. Ғылыми – педагогикалық басылым.2010 .№4.306-311беттер.

28. Тәңірберген Әміренов поэзиясы.Шұғыла. Монголия қазақтарының тәуелсіз әдеби-көркем, ғылыми ,танымдық журналы.2023. № 3.103-113 беттер.

29. Әрі ақын, әрі сазгер,әрі күйші. Мақала .«Әнім мен күйім-халқыма сыйым»кітап.«PRINTMASTER»полиграфиялық орталық. 2016.5-10 беттер.

30. Шәкір ақын. Мақала. Қазақ әдебиеті газеті. 29. 05.2026.



ҚАЗЫБЕК ГҮЛМИРА ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ

Қазыбек Гүлмира Құдайбергенқызы 1968 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданында дүниеге келген. Қазыбек Гүлмира Құдайбергенқызы 1985 жылы Алматы қаласындағы С.М. Киров атындағы №12 қазақ орта мектебін бітірген. 1985-1990 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінің студенті. Филология факультетін үздік аяқтағаннан кейін бірден оқытушылық қызметке қалдырылды. 1996 жылы мерзімді баспасөзде жарияланған ғылыми мақалалары үшін ең жас ғалым ретінде Халықаралық Жамбыл сыйлығының лауреаты атағына ие болды. 1999 жылы "А.В.Васильев – қазақ ауыз әдебиетін жинаушы, жариялаушы және зерттеуші" деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 2002-2004 оқу жылдары талантты жас ғалымдарға тағайындалатын Мемлекеттік стипендияның иегері.

Ғылыми зерттеулері мен оқу-әдістемелік жұмыстарының негізгі бағыттары – ауыз әдебиеті мәселелері мен аударма тарихының теориясы мен тәжірибесі. Г.Қ.Қазыбек алты оқу құралының, жеті әдістемелік құралдың, бес типтік бағдарламаның авторы. Оның жүзден астам ғылыми мақалалары жарық көрген.

Т. Шевченко атындағы украиналық "Жетісу ағарту" мәдени орталығынан, М. О. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік драма театрынан, мәдениет және ақпарат министрі М. Құл-Мұхаммедтен, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қорынан, "Өрлеу" Біліктілікті Арттыру Ұлттық орталығынан, Ресей Ғылым Академиясынан алғыс хаттар алды, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, С. Мәуленов атындағы қор, П. Лумумба атындағы РУДН ректоры, Алматы қаласы әкімдігі, Талдықорған қаласы әкімдігінің арнайы алғыс хаттарымен марапатталған.

1999 жылы "Теоретические проблемы художественного перевода" атты оқу құралы , 2001 жылы профессор Қ.Алпысбаевпен бірге "Қазақ аудармасының теориясы мен тәжірибесі" атты оқу құралын шығарды. 1990 жылдан факультет студенттерінің педагогикалық тәжірибесіне жетекшілік жасайды. Алматы қаласындағы М. Базарбаев атындағы №138 гимназиясының әкімшілігі тарапынан студенттердің практикасын

шебер ұйымдастырғаны үшін бірнеше рет мақтау қағазымен марапатталды. Факультеттің қоғамдық істеріне белсене араласады.

2003 жылы Г.Қ.Қазыбектің жетекшілігімен дайындалған студенттердің ғылыми жобалары студенттерің республикалық ғылыми-теориялық конференцияларында бірінші және екінші орындарды иеленді. ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен өткен "Абай оқулары" және "Әуезов оқуларына" қатысты.

1996-2001 жылдары факультеттегі кәсіподақ қоғамының және әдістемелік кеңестің белсенді мүшесі. 2002-2003 жылдары студенттердің ғылыми жұмыстарының төрайымы қызметін атқарды.

2003-2013 жылдар аралығында филология факультеті деканының оқу ісі және әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары , ал 2013-2014 жж. факультет деканы қызметін абыроймен атқарған.

2014 жылдан бастап шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының профессоры лауазымын атқарып келеді. Scopus журналдарында үш ғылыми мақаласы жарияланды.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1. Халықаралық Жамбыл сыйлығының лауреаты. 1996 жыл
2. Талантты жас ғалымдарға тағайындалатын шәкіртақы иегері. 2002 жыл.
3. "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" .2013 жыл
4. Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Акакдемиясының академигі. 2014 жыл
5. Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі 2014 жыл
6. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Ерен еңбегі үшін» медалі .2024 жыл

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қазақ әдебиетінің тарихында, әсіресе ауыз әдебиеті тарихында А.Васильевтің аудармалары, сөз жоқ, елеулі орын алады. Қазақтың әдебиеті мен әдеби тілінің даму жолдарын баяндайтын тарихи құжаттардың қатарындағы бұл да бір көз тартарлық елеулі ескерткіш. А.Васильевтің аудармалары түпнұсқаның тілдік, стильдік ерекшеліктерін ескере отырып, оның көркемдік, идеялық қасиеттерін толық жеткізе білді, әрі қазақша жатық етіп шығарды. Олай дейтініміз, Васильев ғасыр басында жасаған аударма үлгілерінің кейбіреуі қазірге дейін орыс тіліне сол қалпында аударылып келеді.

А.В.Васильев аудармашы ретінде әдебиеттану ғылымында кеңірек зерттеліп, сол арқылы оның әдеби мұралары архивтерден, кітапхана қоймасынан жарыққа шығып, халыққа кең танылуы қажет. Өйткені,

Васильевтің жинаушылық, зерттеушілік қарымы сияқты аудармашылық қызметі де лайықты бағасын ала қойған жоқ.

Қазыбек Г. Мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 29-бет.

Зейнолла Қабдолов – әрі жазушы, әрі ғалым, әрі аудармашы. Ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Жүсіптің : "З. Қабдоловтың шеберлік тағылымы шексіз. Өзінше бір әлем кеңістігі сияқты бірер талпыныспен оның шет-шегін жете шамалау мүмкін емес. Өнер ізденісінің дайын қалыбы жоқ, өнер ырыздығын санаңа сіңіру үшін де оның тек өрең жеткен әріптерін сағалайсың",- деген пікірі Зейнолла Қабдоловтың шығармашылығына берілген ең жоғары баға деп есептейміз.

Қазыбек Г. Әдеби аударма көркі. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 59-бет

Ақиық ақын М.Мақатаевты орыс тілді оқырмандар да классик деп атауы үшін аударманың атқарар рөлі де өте зор. Себебі, А.С.Пушкин айтқандай, аудармашылар мәдениетті бір тілден екінші тілге тасымалдайтын почта аттары. Көбінесе өзге тілдерге орыс тіліндегі нұсқасы пайдалану арқылы аударылады. Орыс тіліндегі қателіктер, көркемдігі нашар аударма нұсқаларды пайдалану негізінде өзге ұлт өкілдері ақын даралығын, қайталанбас талантын өз дәрежесінде тани алмайды.

М.Мақатаев поэзиясын орыс тіліне әр кездері О. Жанайдаров, М. Курганцев, Ю. Александров, Л. Шашковалар аударған. Аудармаларын жинақтарда және мерзімді баспасөздерде жариялаған.

М.Мақатаев поэзиясын орыс тіліне біршама жақсы аударғандардың бірі деп ақын, әдебиеттанушы, философ Ж.Баймұхаметовті айта аламыз.

Қазыбек Г. Көкшетау Мемлекеттік унмверситетінің хабаршысы. Филологиясы сериясы. 2016 жыл. №4.

О.Жанайдаров ұлы ақын Абайдың да шығармаларын орыс тіліне аударып жүрген аудармашылардың бірі екендігі де белгілі. Бұл туралы филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Көшенова «Великий Абай в новом прочтении» деген мақаласында О.Жанайдаров жасаған аудармаға жоғары баға береді: «Для литературных кругов Казахстана, для широкой общественности не прошла незамеченной публикация в журнале «Нива» стихов Абая в переводе Орынбая Жанайдарова. Работа над переводами произведений великого мастера слова, мыслителя и философа началась для Орынбая Жанайдарова еще четверть века назад. И потому нынешнюю публикацию переводов Абая можно расценить,

как серьезную заявку маститого переводчика, как значимое и выдающееся достижение в истории переводов Абая, попытку нового, более глубокого и объемного, полновесного прочтения наследия великого мыслителя».

О.Жанайдаровтың аудармалары өзіне тән ерекшелігімен, түпнұсқадағы автордың стилі мен ырғағын дәл беруімен ерекшеленеді.

Қазыбек Г. «Аударматану мен компаративистиканы оқыту мен зерттеудің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференция материалдары. 25 қараша, 2016 жыл.

Аударма теоретигі А.В.Федоровтың: «Аударманың қайта жасаудан, мазмұндамадан және сол сияқты әр түрлі «бейімделулерден» (адаптациялардан) айырмашылығы дәлдікте және толықтықта»,- айтылған осы пікірі аударманың рөлін айқындай түседі.

Ал болашақ аудармашыларға айтарымыз, ешуақытта аудару кезінде М.Әуезовтің мына бір пікірін ұмытпасаңыздар екен: «Тек дәл аудару ғана үлкен жазушының тіл, стиль, сөйлем ерекшеліктерін бере алатын болады, бұл жөніндегі дәл аудару дегенді мен сөйлеміне сөйлем орай етіп аудару деп түсінемін. Сондықтан да, сөйлемдер бөлшектенбеуі керек».

Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы. Филология сериясы. № 3/2017

A.Zhaksylykov's is member of commission in literary competitions conducted in country. He is one of the honest researchers who evaluates fairly the disadvantages and successes of young translator's work.

Translator doesn't translate every text, he translates only the texts he likes, which holds philosophical meaning. Translated versions are easy to read. He keeps the style, the main meaning of origin. Sometimes you can see that he uses translation units very successfully. Translator theoretic K.Chukovskii's view seems like it was addressed to A.Zhamelovich's translations: "Inspiration in translation is fruitful when it doesn't disserve from origin".

As well translation theorists confesses him as mastered translator. Nowadays it's hard to say that we have enough translators who knows two languages fluently. Investigating A.Zhaksylykos' translations giving concrete examples in their disadvantages and successes is a noble cause for future.

Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал..№6 (42) 2016.

The comparative analysis of English, Russian, and Kazakh technical translations shows clear patterns in how scientific meaning is preserved,

adapted, or slightly changed across languages. It becomes clear that the methods of conveying content dependnot only on terminological accuracy, but also on the characteristics of scientific text construction in each language. Literal translation is most common for technical terms and definitions in the Russian language because it ensures consistency in scientific discourse. The Kazakh translation, on the contrary,freely reworks the phrase, using modulation and semantic adaptation and thus achieving a rhythm that is natural for the Kazakh language. As a result, the same elements of the source text are transmitted in different ways. These differences are clearly illustrated in two diagrams. Figure 1 presents the distribution of translation strategies in Russian technical texts, where literal translation makes up 50%, modulation and transposition 20%, while semantic adaptation are less frequent at 10% .

Мұхтар Қазыбек шығармашылығы

Мұхтар Қазыбек 1951 жылы 24 қаңтарда қазіргі Түркістан облысы, Түлкібас ауданында туған. 1973 ж. Абай атындағы ҚазПИ-дің филология факультетін бітіріп, екі жылдай Түлкібас ауданында мұғалім болып істеген. 1976-1996 жылдары республикалық «Қазақстан» баспасында редактор, аға редактор, ғылыми-көпшілік әдебиеттер редакциясының меңгерушісі болып қызмет етті. 1996-1999 жылдары республикалық «Санат» баспасының бас редакторы, сондай-ақ М.Х. Дулати қоғамдық қорының атқарушы директоры қызметтерін атқарды.

Кәсіби баспагер, жазушы-ғалым, аудармашы. Халқымызға әл-Фарабиден кейін оралған, Шығыс өркениетінің бастауында З. Бабырмен қатар тұрған қазақ тарихының атасы М.Х. Дулатидің әдеби мұрасымен елімізді алғаш қауыштырды. 1999 ж. ЮНЕСКО шеңберінде М.Х. Дулатидің 500 жылдық мерейтойын Үндістанда атап өтуге орай Қазақстан делегациясын ұйымдастырды. Тараздағы М.Х. Дулати ескерткіші түбінен алынған топырақты Кашмирдегі «Мазар-и салатин» қабірстанында жатқан ұлы ойшылдың басына апарып салып, ал бабамыздың қабірінен алынған топырақты Таразға алып келу рәсіміне атсалысты.

Делегация атсалысқан іс-шаралар екі елдің (ТарМУ, Дели, Кашмир) университеттері арасында мәдени, гуманитарлық байланыс орнатуға жол ашты. 1999 ж. «Санат» баспасынан М. Х.Дулатидің «Тарих-и Рашидиін» орыс тілінде басып шығарды. Үш жыл отырып, М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашидиін» орыс тілінен қазақ тіліне аударып, 2003 жылы оқырманға ұсынды. Мұнымен де шектеліп қалмай «Тарих-и Рашидидің» 18 ғасырда көшірілген душанбелік (парсы тіліндегі) нұсқасын тәжік профессоры, ғалым-жазушы А. Нуралиевпен бірлесіп 2004 жылдан 2015 жыл аралығында 11 жыл уақыт сарп етіп, ана тілімізге аударып шықты. Аударманы мемлекет қайраткері Ө.Байгелді: «Қазақ тілінде жазылғандай оқылады, бұдан артық аудару мүмкін емес» деп бағалады.

М.Х.Дулатидің шығармашылығына арналған:

1. «Тарих-и Рашиди» өлең үзіктері(2022),
2. «Ғалам таныған ғұлама» (2023),
3. «Тарих-и Рашиди», «Таным мен талғам»,
4. «М.Х.Дулати. Халықаралық энциклопедия» құрылымын түзді (40 ғылым саласын қамтиды) М.Х.Дулати мұрасына қатысты 120 б.т. еңбек жариялады.

1997 ж. Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағын» көне түрік тілінен аудартып "Қазақстан" баспасынан шығарды. Сондай-ақ:

1)"Құпия кеңестер" (Ғ.Маймақовпен бірге,1999),

2) "Қазақтың би-шешендері (Н.Төреқұловпен бірге,1993),

3) "Бәйдібек: аңыз бен ақиқат" (2006),

4) "Дауылда туған дарын" (2011, Қ.Сарымолдаев туралы),

5) "Қойбек би" (2019),

6) "Қазақ әдебиетіндегі табиғат лирикалары" (2024), Р.Қазыбекпен бірге) атты зерттеу кітаптары жарық көрген.

«Қойбек би» деген деректі фильм түсірді. «Дариға-дәурен», «Замана тарланбоздары», «Қаламгер қолбасшы кітаптары баспада.

Б.Момышұлының Ғылым академиясында 1944 ж. оқыған әңгіме-дәрістерінің стенограммасын «Психология войны» (1990), оны толықтырып қазақша аударып «Қанмен жазылған кітап» (кітап аттары Баукеңнің сөздерінен алынды) деген атпен 1991 жылы жариялады, бұл кітаптар елді елең еткізген ерекше оқиға болды.

Олжас Сүлейменовтың "Атам заманғы түркілерін" (2011) ана тілімізде сөйлетті.

1. «Наурыз.жаңғырған салт-дәстүр»(1991)

2. «Қайраткер Қабылбек Сарымолдаев» (2011)

3. «Әз Төле би» (2013)

4. «Сыпатай батыр» (2013)

5. Асанбай Асқаров: Қайраткер. Ғалым.Жазушы.(2014)

6. «Сыпатай батыр Әлібекұлы» (2014)

7. «Балуан Шолақ Баймырзаұлы» (2014)

8. Қайраткер Сұлтан Сманқұлов(2015)

9. «Темірбек Қожакеев. Ұстаз.Ғалым. Қайраткер» (2016),

10. Турар Рыскулов. "Материалы частного совещания националов. Архивные материалы" (2019)

11. «Жауғаш батыр» (2023) т.б. жинақтарының құрастырушы-авторы.

Аударма еңбектері:

1) И. Артоболевский, И. Кобринский «Адам және робот» (1983),

2) Ю.И. Карахан «Шахмат – ғажайып ойын» (1985),

3) В.А. Шаталов «Ғарыш жолы -қиын жол» (1987),

4) М. Барманқұлов. Армысың, Алатау, есенбісің Эверест.(1984)

Тілімізді дамыту мақсатында үш бірдей сөздік жазды:

1. «Русско-казахский словарь» (1993),

2. «Русско-казахско-немецкий разговорник» (1995),

3. «Русско -казахский разговорник для работников торговли» (1995),

Республикалық баспасөз беттерінде 100-ден астам материалдары жарық көрді. Еліміздің кітап басу мәдениетін дамытуға зор үлес қосты.

Алматыдағы 137 және115 қазақ мектептерін (1986-1988ж.ж.), 129 қазақ бала бақшасын (1987 ж.) ашуға тікелей ұйытқы болды.

Марапаттары:

1) КСРО Халық шаруашылығы көрмесінің қола медалі (1985)

2) КСРО Баспа ісінің үздігі (1990)

3) ҚР Баспасөз және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен (1995)

4) ҚР Ұлттық кітапхананың «Кітап мәдениетіне қосқан зор үлесі үшін» медалі(2025)

Мұхтар Қазыбек – елімізге танымал жазушы-баспагер, зерттеуші. Ол осы уақытқа шейін толық ашылмай жатқан архив құжаттарын ғылыми айналымға қосып, ұлттың жадыны жаңғырту бағытында жемісті еңбек етіп келе жатқан зерттеуші қаламгер. Оның Мәскеу, Президент және Орталық мемлекеттік архивтерінен, Республикалық ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорынан алған құжаттар негізінде тарихи тұлғаларға, солардың ішінде Т.Рысқұлов, Қ.Сарымолдаев сияқты саяси репрессия құрбаны болған қайраткерлерге арналған «Құпия кеңестер» (1999, Т.Рысқұлов), «Дауылда туған дарын» (2011, Қ.Сарымолдаев) және т.б. еңбектері – қазақ тарихындағы саяси ақтаңдақтарды ашуға қосылған сүбелі үлес.

Жазушы-ғалымның қазақ тарихының атасы, Шығыс өркениетінің бастауында тұрған М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты классикалық еңбегін 14 жылдай уақытын сарп етіп, орыс және парсы тілдерінен аударып, оқырмандарға ұсынуы тұтас бір дәуірдің мағлұматтарын халқымызға қайта алып келген тарихи құбылыс болды. Бұл аудармалардың ана тілімізде жазылғандай көркемдік деңгейі өте жоғары, түсіндірмелері мен ғылыми аппараты тағылымды етіп жасалған іргелі еңбек ретінде бағалануда. «Ғалам таныған ғұлама» (2023), «Тарих-и Рашиди»: таным мен талғам немесе ғылымдағы оттауизм» деген еңбектердің авторы.

Қаламгер шығармашылығының тағы бір саласы «Бауыржантану» ғылымына арналады. Ол Б.Момышұлының архивтік мұраларын «Психология войны» деген атпен орыс тілінде (1990), «Қанмен жазылған кітап» деген атпен қазақ тіліне аударып (1991), қалың оқырманның игілігіне ұсынды. М.Қазыбек аударма саласында М.Х. Дулати, Б.Момышұлы еңбектерімен қатар О.Сүлейменовтің «Атамзаманғы түркілер», ғарышкер В.Шаталовтың «Ғарыш жолы – қиын жол» атты еңбектерін қазақшалады (2011).

Батырдың ақыл-ойға төңкеріс жасайтын бұл еңбектерін өзіміздің Қарулы күштеріміз, сондай-ақ Израиль, Түркия, АҚШ әскерлері оқу құралы ретінде қолданады. Аталмыш еңбектерді ғылыми айналымға алғаш енгізген де – М.Қазыбек.

Оның ұланғайыр еңбегінің ендігі бір бөлімі қазақтың бишешендеріне арналады. Жазушы Н.Төрекұловпен бірге (1993) 200-ден

аса би-шешендердің артарында қалған мұраларын жинатыстырған. Қылмыссыз қоғамдық ортаны қалыптастыруға күш салған, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете білген Қойбек би туралы жазған эссе кітабының орны бір бөлек. Билер институтының тарихи ролін ашып, зерделеді.

Тіл дамыту саласында үш бірдей сөздік шығарды.

М.Қазыбектің қоғамдық жұмыстарының өзі бір бөлек. 1986-1988 жылдарыдағы қиын кезеңде Алматы қаласында қазақша мектеп, балабақша ашуға ат салысты, көптеген мектептерде кездесулерге қатысып, ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп отырады. Конференцияда М.Қазыбектің шығармашылығы жан-жақты сараланатын болады.

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551)- Қазақ-Үнді мәдени,тарихи,дипломатиялық қарым-қатынастар тарихының бастауында тұрған мемлекет қайраткері, ұлы ойшыл, қаламгер. Мұхаммед Хайдар Дулати--орта ғасырлық шығыс өркениетінің дамуының бастауында Захираддин Мұхаммед Бабырмен қатар тұрған ұлы реформатор,қайраткер,жазушы,мақын, ғұлама ғалым.Ұлы ғұламаны біз осылай танып,оның адамзат тарихындағы орнын осылай бағалауға тиісміз.

Ұлы ойшыл, оқымысты, тарихшы һәм жазушы, колбасшы,мемлекет қайраткері Мұхаммед Хайдар Дулатидің есімі мен мұрасы ата жұртына XX ғасырдың аяғында барып тым кеш оралды.

Мұхаммед Хайдар Дулати.Тарих-и Рашиди.//Мұхтар Қазыбек.Адамзат ақыл-ойының алыбы.//.А.,2015, 3-б.

Қазақ хандығы ордасының құрылуы тарих ғылымының ең өзекті де,өткір де ділгір мәселелерінің бірі болып табылатындықтан,бұл мәселеде ең алдымен тарихи деректерге, жазбаларға, нұсқаларға, жәдігерлерге иек арту қажет. Бізге жеткен мұсылман тарихшыларының еңбектерінің ішінде ең сенімді тарихи дерек көзі-М.Х.Дулатидің

"Тарих-и Рашиди" атты дүние жүзі ғалымдарына мәлім классикалық еңбегі осы мәселеге дерек көз бола алады. Бұл күні бүгінге дейін Қазақ ордасының құрылуына арнайы тоқталған аса маңызды мәдени жәдігер болып саналады. Көптеген тарихшылардың таласты,екі ұшты пайымдауларының дәйексіздігін "Тарих-и Рашиди" бұлтарыссыз дәлелдей алады.

Мұхаммед Хайдар Дулати.Тарих-и Рашиди.//Мұхтар Қазыбек. Адамзат ақыл-ойының алыбы //.А.,2015,14-б.

"Тарих-и Рашидидің" көркемдік тұрғыдан ең зор жетістігі --қазақ қаламгерлері ішінде тұңғыш рет ұлы мемлекет қайраткерлерінің саяси,адами,кісілік портреттерін жасай білуінде жатыр деуіміз керек. Өйткені біздің әдебиетімізде ірі мемлекет,ірі талант,ұлы тұлғалар бейнелері бұрын жасалынған жоқ болатын. Дулати образ жасауда із қалдырды,өнеге ұсынды,шығармашылық көкжиекті кеңейте түсті. "Тарих -и Рашидидің" поэтикалық қуаты мен эпикалық кең тынысын,көркемдік әлемінің байлығын баса айту да зерттеушінің парызы. "Тарих-и Рашидиде" тұтас бір эпопеялық кезең -эпикалық тұрғыдан көркем де бейнелі етіп сипатталған деуіміз керек, бұған ешкім дау айтпаса керек.

Мұхаммед Хайдар Дулати.Тарих -и Рашиди. // Мұхтар Қазыбек.Адамзат ақыл-ойының алыбы.//.Ал.,2015 ж.,30-б.

Би-шешендер институтының өміршең болу себебі-- ең алдымен тікелей қоғам қажеттілігіне, қоғам сұранысына байланысты еді.

Билер барлық кезде қазақ қоғамының, мемлекетіміздің басты, белді тірегі болды. Ел билеудің төменгі буынынан хандық билікке дейінгі барлық сатыларда билер ат салысты.Билерді даулы істерге қатысты мәселелерді қараумен қатар, оның қызмет аясын қоғамның барлық саласымен байланыста қарау -- билер институтының қызметін барынша тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.Сондықтан би ұғымының табиғаты негізінен билік жүйесіне қатысты болып келеді. Билер хандық билік деңгейіне дейінгі билік жүйесін құрайтын дала демократиясының айқын көрінісі. Әйтпесе билерге тартыс-таласты,дау-шарды шешетін тұлға ретінде ғана қарап, олардың қоғамның ең түйткілді, тағдырлы мәселелеріне белсене атсалысып келгенін назардан тыс қалдырар едік.

Билер қоғамда әділдікті, имандылықты, гуманистік қатынастар әдебін қалыптастырушы, құқықтық нормаларды орнықтырушы, қоғамдық сананы жаңғыртушы миссия атқарған прогресшіл қайраткерлер. Билер қоғамды сауықтырушы ұлы күш те болды. Қазақ даласында түрменің, абақытының, милицияның ,соттың, прокуратураның, қазіргі тілмен айтқанда күштік құрылымдардың болмауы ең алдымен билердің қоғамдағы тұтқалы орнын айқын көрсетеді. Соты, милициясы, түрмесі жоқ,алайда құқықтық қатынастарды билер сотымен әділ шешіп отыратын халық екен деп ұлы даланы саяхаттаған шет жұрттың таңданатындайы бар. Ілгері дамыған елдерде адамдар арасындағы,заңды ұйымдар арасындағы қарым-қатынастар заңмен реттелініп отырса,тұз халқында дала заңымен жөнге, қалыпқа салынып отырған.

Қазақ билер институты қалыптастырып, өмірге енгізіп, дәстүрлі сипат алып орныққан жоралғыларының өміршеңдігі заңнан да мықты

болып келетіні шын мәнінде кісіні қайран қалдырады. Қазақтардың әлемдегі ең гуманист халық болып қалыптасуы --алдымен осы билер институтының қызметінің, тәлім--тәрбиесінің нәтижесі деп білуіміз қажет.

Билер шешендік өнерді жетік игерген халқымыздың құқықтық, тілдік мәдениетін дамытушы шығармашыл тұлға. Ш.Уәлиханов "Сот реформасы" деген еңбегінде:"

Билер соты, елу жыл бойғы орыс саясатының әсеріне қарамастан, бізге дейінгі жүздеген, бәлкім мыңдаған жылдар бұрын қандай болса,сол қалпында қалды"-деп тұжырым жасауында терең тарихи мән бар.

Шоқан орыстың мировой судьясы мен ең дамыған деген ағылшынның сот жүйесін мысалға келтіре отырып, билер сотының артықшылығын салыстырып көрсете келе, билер сотын батыл түрде орыстың мировой судьясынан да, ағылшынның сот жүйесінен де жоғары қояды. Қойбек би (1830-1910) қазақ билерінің өміршең дәстүрін жалғастырушы, қылмыссыз қоғамдық ортаны қалыптастыру жолында орасан зор жұмыс атқарып кеткен тарихи тұлға.Ол халқының қамын жеп, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында таулы жерде, терең шатқалдың табанында ағыны қатты,тулап ағып жатқан Дәубаба өзеніне бағалық салып,биікте жатқан Ақсай жотасына канал қазып, тусырап жатқан жерлерге су шығарып, егін егуге елді жұмылдырды, сөйтіп егіншілікпен айналысуға ұйытқы болды.35 км. созылған канал бойына 400- деп астам шаңырақты қоныстандырды.

Мұхтар Қазыбек.Қойбек би.А.,2019 ж., 4-5,12- б.б.

Дулати ақын болғандықтан оның шығармасының поэтикалық сипаты да бөлек, оған лиризм тән; жазушы болғандықтан образды ойлауы да бейнелі де бедерлі, көркем де сұлу; ғұлама ғалым болғандықтан тарихи, өмірлік деректерді, материалдарды дәлме-дәл беруі де мүлдем соны; қолбасшы болғандықтан да майданды,ұрыс барысын, бетпе-бет шайқастарды сипаттауы,суреттеуі ерекше әдемі; өнер-білімнің барлық түрлерін игерген адам болғандықтан жазған туындысының қамтыған масштабы тым ауқымды, эпикалық сипатта, сондықтан бұл шығарма ("Тарих-и Рашиди") тарихи, танымдық,әдеби көркем мемуарлық туынды, нағыз энциклопедиялық сипаттағы еңбек болып табылады.

Мұхтар Қазыбек. Ғалам таныған ғұлама.А.,2023, 162-б.

М.Қашқари ғұмыр сүрген заман мен одан кейінгі кезеңдерде де қазақ ақындарының поэзиялық дәстүрінің,ақындық шеберліктерінің осал еместігін аңғаруға болады. Өйткені М.Қашқари авторлары

аталмаған соншама мол жырларды мысал ретінде жиі келтіріп отыруы жай нәрсе де емес,оқырман айызын қандырарлықтай дәлелдер келтіріп,түйіндеп тастауы кездейсоқ та емес. Қалай алып қарасаңыз да Қашқари қазіргі тілмен айтқанда,ғылыми стильді толық меңгерген,ойын,тұжырымдарын ғылыми тұрғыда талдап,орнықты да дәйекті қорытынды түие білетін ірі интеллект, психолог, философ, лингвист, ақын жанды ғалым, жазушылық қарым-қабілеті өте мықты қаламгер ретінде танылып отырады.

Мұхтар Қазыбек, Райгүл Қазыбек. Қазақ әдебиетіндегі табиғат лирикалары. "Дарын баспасы" ,А.,2024 ж.,30-б.



Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ

ҚАЙЫРБЕКОВ Әділғазы Жақсылықұлы. 1955 жылдың 10 қаңтарында Абай облысы (бұрынғы Семей облысы) Ақсуат ауданының Қожағелді ауылында туған. Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепті 1972 жылы, қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың филология факультетін 1978 жылы бітірген.

Әділғазы Қайырбеков – ақын, әдебиет зерттеушісі, әдебиет сыншысы, белгілі ғалым, журналист, қоғам қайраткері. Қазақстанның құрметті жазушысы (28.04.2026). Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (22.03.1999). Филология ғылымдарының кандидаты (2004). Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма мүшесі (2000), Поэзия кеңесінің төрағасы (2010), ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының мүшесі (2025). Халықаралық ақындар ПЕН клубының (Poets International Pen Club) басқарма мүшесі (2025), ҚР Мәдениет қайраткері (№1953). Әдебиеттану маманы. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет және дәстүрлі мәдениет; мұқановтану, мүсіреповтану; музейтану.

ЕҢБЕК ЖОЛЫ: Алматыдағы Сәбит Мұқановтың әдеби-мемориалдық музей-үйінде экскурсовод болып еңбек жолын бастаған (1978–1979), Қазақ телевизиясының Жастар редакциясында редактор (1979–1981), «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде Мәдениет және Әдебиет бөлімдерінің тілшісі, меңгерушісі, редакциялық алқа мүшесі (1981–1991), ҚР Парламентінің «Халық Кеңесі» газетінде Руханият бөлімінің меңгерушісі (1991–1996), Еларалық «Қазақ Елі» газеті бас редакторының бірінші орынбасары – «Шалқар» қосымшасының редакторы (1996–1999), «Қазақ Энциклопедиясы» Бас редакциясының жетекші маманы (1999–2000), Алматыдағы С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешенінің директоры (2000–2023), Музей кешенінің аға ғылыми қызметкері (2023 2026), Музей кешенінің ғылыми бөлім жетекшісі (2026 жылдан).

МАРАПАТТАРЫ: Республикалық «Жігер» фестивалінің дипломанты (1980); Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Грамотасымен (12.02.1987), ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық

келісім министрлігінің Құрмет Грамотасымен (15.12.2001), Алматы қаласы Әкімінің Құрмет Грамотасымен (11.09.2009) марапатталған. «Құрмет» орденімен (ҚР Президентінің Жарлығы, 16.10.2023, №43953); «Ерен еңбегі үшін» медалімен (ҚР Президентінің Жарлығы, 03.12.2015, №9023); «10 жыл Астана» (ҚР Президентінің Жарлығы, 2008, №20824), «ҚР Тәуелсіздігіне – 25 жыл» (ҚР Президентінің Жарлығы, 29.11.2016, №23326), «ҚР Тәуелсіздігіне – 30 жыл» (ҚР Президентінің Жарлығы, 02.12.2021, №13788) мерекелік медальдарымен, ТҮРКСОЙ-дың «Тоқтоғұл Сатылғанов –150 жыл» мерейтойлық медалімен, Республикалық Мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері кәсіптік одағының «Құрмет белгісі» медалі (№074; 20.02.2015 ж.), Монғолияның Баян Өлгей аймақтық Хұралының шешімімен «Баян Өлгей аймағының «Құрмет» төсбелгісімен» марапатталды (26.11.2023).

ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ:

- «Саға».Эссе, әдеби сын-зерт., ой-толғам. Астана: «Фолиант», 2003.– 294 б.

- «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясы: ізденістер, проблемалар» (1991–2001): филол.ғыл.канд. ...дис. / Ә.Қайырбеков; ғылыми жетекші С.С.Қирабаев. Алматы: «Комплекс», 2004. – 154 б.

- «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясы: ізденістер, проблемалар» (1991–2001): филол.ғыл.канд. ...автореф. / Ә.Қайырбеков; ғылыми жетекші С.С.Қирабаев. Алматы: «Комплекс», 2004. – 28 б.

- «Ардақүрең». Эссе, әдеби сын-зерттеу, сыр-сұхбат, ой-толғам. Алматы: «Дәуір», 2008. – 400 б.

- «Лирика» тарауы. Он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы». 10-том. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. «Мәдени мұра» бағдарламасы. «ҚАЗақпарат» баспасы, Алматы.– 2005–2008 жж.

- *«Тәуелсіздік және қазақ поэзиясы». Зерттеу кітабы. Алматы: «TST Company», 2011.– 216 б.*

- «Тұлғалар тағылымы: Сәбит пен Ғабит». Эсселер, ғылыми-зерттеу мақалалар, ой-толғам, сыр-сұхбат. Алматы: «Айғаным», 2014. – 285 б.

- 10 томдық шығармалар жинағы. Алматы: «TST Company», 2014;

- «Ғабит Мүсірепов кім?», Әдеби-танымдық кітап. Алматы: «Мазмұндама», 2023.– 92 б.

- «Көк дәптер». Мақалалар, сыр-сұхбат, ой-толғам. Алматы: «Үш Қиян», 2025. – 272 б.

- «Әділғазы Қайырбеков. Библиографиялық көрсеткіш»: ҚР Ұлттық кітапханасы. Көрсеткіш он бес тараудан тұрады: I. Кітаптары және ғылыми еңбектері; II. Өлеңдері, балладалары, поэмалары; III. Өлең сөздеріне жазылған әндер; IV. Прозалық шығармалары; V. Мақалалары, очерктері; VI. Әдеби-сын мақалалары; VII. Аудармалары; VIII. Сөйлеген сөздері, сұхбаттары, ой-пікірлері; IX. Ә. Қайырбековтің алған

сұхбаттары; X. Ақынның құрастыруымен шыққан басылымдар; XI. Ақынның қатысуымен шыққан және пікір жазған басылымдар; XII. Өмірі мен шығармашылығы туралы; XIII. Марапаттары; XIV. Орыс және өзге тілдегі жарияланымдары; XV. Әртүрлі ғылыми конференцияларда жасаған баян-дамалары, дөңгелек үстелде, әдеби кештерде сөйлеген сөздері. Құраст. М.К.Әбілова. Алматы. – 2025. – 192 б.

- «Қоңыр әуен». Жыр кітабы (Өлеңдер, балладалар, поэмалар). Астана: «Фолиант», 2025. – 360 б. («Абай жолы» кітапханасы).

- «Сары дәптер» (Менің хатханам – Моя письмотека». Хаттар жинағы. – Алматы: «Үш Қиян», 2025.– 328 б.

* * *

Әділғазы Қайырбеков Республикалық жыр мүшайраларының бірнеше мәрте жүлдегері. «Мағжан көктемі–2017» Республикалық өнер фестивалінің 1-орын иегері. Өлеңдері «Екімыңжылдық дала жыры» (2000), «Жыр маржаны» – 10 томдық қазақ поэзиясының антологиясы (2014), 3 томдық «Антология современной казахской литературы» (Москва, 2014, 3-том) кітаптарына енген.

ОЙ-ТОЛҒАМДАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

* * *

... «Өткен жылы жарық көрген «Сөз сиқыры» атты жыр туралы кітабында Қ.Мырзалиев поэзияның қазіргі тыныс-деміне зерделілік дүрбісімен үңілген. Ақиқаттан ақық жырлар қашауды мұрат тұтатын ақынның бұл тағы бір қыры. Қай кезеңде болмасын тұлғалы суреткерлер өздері өмір сүретін қоғамдағы әдеби процеске сыншылдық көзқараспен қараған ғой. Осы нышанды Қ.Мырзалиевтен де байқаймыз. Өзінен бұрынғы, тұстас, кейінгі буын ақындардың өлең өрісіндегі ізденіс, жетістік, кемшіліктері сараланған әр жылдарда жазылған сын мақалаларын ұтымды, шебер жүйелеп, топтастырған. Объективті және субъективті ойларының қайшылығы болуы да заңды сияқты. ... Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Қадыр Мырзалиевтің жеке өлеңдері, жыр жинақтары жөнінде тарқатылар ойлар алуан. Ал, ақынның сәтті теңеу, метафора, эпитет, образды сөздері қаншама! Осының бәрі тұтасып келгенде күрделі де қызықты сырлы әлем құрайды. Жырларындағы дархан даланың кешегісі мен бүгінгісі, мезгіл мақамдарынан биік тұрған уақыт рухы, қазақ халқының ұлттық этнографиясы мен психологиялық күйлерінен тамыр алған

интернационалдық, гуманистік сипат аса шырайлы, шуақты, жарқын. Әу бастан-ақ оның творчествосына тән қасиет – тапқырлық. Тақырып таңдаудан бастап ой тамшыларындағы дәлдікке дейін мұқият болуды қадағалайды. «Қызды гүлге теңеген бірінші ақын, әрине, данышпан. Ал, оны қайталау данышпандық емес, сорлылық» дейді ол. Тың, тосын, соны ой оралымдарының молдығы жағынан оның творчествосы қазіргі қазақ поэзиясында айрықша көңіл аударады».

Ә.Қайырбеков. «Он томдық шығармалар жинағы». Эсселер, әдебисын зерттеу, мақалалар, ой-толғам. 7-том. TST Company, 2014, Алматы. – 352 б.

* * *

... Жазатын адамға тақырыптың ұшы-қиыры жоқ сияқты. Бірінен-бірі туындайды. Бірінен-бірі өтеді. Өткенге үңілсең – тарих, бүгінге көз жіберсең – шежіре, ертеңге қиял дүрбісін бағыттасаң – фантастика. Қалағаныңды таңда да түп-тегін қопарып, егжей-тегжейлі ақтар. Қалай оңай, ә? Қалай қиын, ә? Оңай да емес, қиын да емес. Оңай десең, қиын болатынына бәс тігемін, қиын десең, оңайлай түсетініне күмәнданбаймын. Өйткені, қиындықты сезіне отырып соған саналы түрде барудан асқан ғаламат ештеңе де жоқ. «Азабымның көремін рахатын» депті ғой Қадыр. Оны айту үшін ғұмыр керек, көз майыңды тауысып, сарыла, іздене, еңбектене өткізген жылдар керек. Ал, шығармашылық еңбектің үздіксіз процесс екендігін ешкім жоққа шығармаса да, оның әйтеуір столдан екі елі ажырамай, бұрқыратып жазып тастаумен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Осындайда, ойыма көп нәрсенің оралатыны бар. Бәрін айтып жатудың қажеті жоқ. Тілге тиек болсын дегендіктен шығар. Оқушы кезімде М.Мағауиннің «Әйел махаббаты» атты әңгімесін «Жұлдыз» журналынан оқығанмын. Сенсеңіз, ағыл-тегіл жылап отырып бітірдім. Сондай қатты әсерді Медеу Сәрсекеевтің «Жетінші толқынын» оқығанда да бастан кештім. Кейінірек Сайын Мұратбековтың «Отау үй» әңгімесі де жан-дүниемді алай-түлей етті. Сол бір балаң әсеріме қазір өзім қатты таң қаламын, әрі соны әлі күнге дейін қадірлейтінімді, шаң жуытқым келмейтінін де байқаймын. Жазушы өзі үшін емес, оқырман үшін, ақиқатты айтқанда, халық үшін жазады ғой. Ал, оқырман талғамының деңгейі анау Алатаудың қарлы-қарсыз шың-жоталары тәрізді. Бірде биік, бірде аласа. Биік дүниеге аласа өредегінің бойы қайдан жетсін. Сондай-ақ, төмендегі бұлақ күлкісін шың басында тұрған жаужүрек қайдан естісін. Бұл қайшылық жазушыны ақтап ала алмайды.

Кеше ғана бір өлең жаздым. Кешкісін, қараңғылық әбден қоюланып, айналаны түн тұмшалай бастаған кезде есік алдына шығып темекімді сорып отырғанмын. Әлде қалай көзім есік жарығынан сыртқа түскен сәулеге түсті, сол кезде бір бала мысық әлгіге таңырқағандай қарап тұрды да, алдыңғы аяғын созып олай-бұлай қармап ұстауға тырысты. Қарап отырып күлкім келді де, күлкімді тежеп ойға шомдым. Менің де кейбір тірлігім осыған ұқсас. Үстелге ұмтылдым. Айналасы жарты сағатта өлең дүниеге келді. Бәлкім, біреуге ұнар-ұнамас. Өзіме қадірлі, қымбат. Бір нәрсемді жоғалтып алғандай, бір жоғалтқанымды тауып алғандаймын. Бұл өлеңге өзек болар тақырыпты тұтқиыл тапқандығым сонша, ол туралы ойланбаппын да. Өлеңнің аты да белгісіз... Бәлкім, «Бала мысық ойнайды сәулеменен»...

23.07. 1984 ж.

Ә.Қайырбеков. «Он томдық шығармалар жинағы». Эсселер, әдебисын зерттеу, мақалалар, ой-толғам. 9-том. TST Сотрапу, 2014, Алматы. – 352 б.

* * *

... «Заманға қарап Абайды, // Абайға қарап өзімді // Аяймын...». Жұмекен Нәжімеденовтің өлеңдерін қайта бір қарап, оқып отырғанымда осынау жолдар тоқ ұрғандай әсер етті. Қандай қарапайым айтылған қуатты сөз! Өзін жеке алып қарағанда, өлең жолдарына да ұқсамайды. Досына сыр ақтарып отырып, егіліп отырып айтқан сияқты. Поэзиясы терең де қуатты ғой Жұмекеннің. Образға орап, астарлап айтып, тұспалмен түсіндіруге бейім еді ғой. Мына жолдардан да соны байқаймыз. Жұмекеннің «Қызғалдақ туралы балладасын» жиі есіме аламын. Ертерек жазылған өлеңі ғой. Өзіміз сияқты, жалаң аяқ кезінде, Алматының о шеті мен бұ шетіне көшіп-қонып жүрген кезінде жазылса керек. Адам тағдырына алғаш аянышпен қарауы сияқты сезіледі маған. «Көп жұлдыздың ішіндегі Айымсың, // Көп қарағай ішіндегі қайыңсың, // Көп қуаныш ішіндегі уайымсың...» дейтін өлең жолдарын да іштей қайталап жүремін. Жұмекеннің «Ашық аспан» атты кітабына «Қазақ әдебиеті» газетінде 1983 жылы рецензиям шықты. Бәлкім, мұны ол көзі тірісінде өз творчествосы туралы соңғы рецензия ретінде қабылдамаған шығар, көп ұзамай көз жұмарын білмеді ғой. Сондағы пікірлерімнен айныған емеспін. Қысқа ғана болса да, сол мақалада менің Жұмекен поэзиясына деген махаббатым бар. Сондай-ақ, оны Жұмекен оқып, талантына тәжім жасайтын бір адамның барын біліп кеткеніне қуанамын. Абайды да, Жұмекенді де, ...өзімді де аяймын! 21.05.1985 ж.

Ә.Қайырбеков. «Он томдық шығармалар жинағы». Эсселер, әдебисын зерттеу, мақалалар, ой-толғам. 9-том. TST Company, 2014, Алматы. – 352 б.

* * *

... Музейлерден тоқтап тұрған сағаттарды талай көрдік. Қабырға сағаты ма, қол сағаты ма – мейлі, бәрібір, әйтеуір бір жылы, бір күні тоқтаған. Кейбірі сол музейдің иесінің жүрегінің тоқтаған сәтін көрсетіп тұруы да мүмкін. Тек сағат емес, сол музейдегі әрбір зат, әрбір экспонат осындай бір уақыт бөлшегінде қозғалыссыз, қимылсыз тұрып қалғандай әсер қалдырады. Ал осы қимыл-қозғалыссыз қалған заттарға тіл бітіру, тарих мінбесінен сөйлету, шежіре шерткізу, бұл экспонаттарды бүлінуден, қолды болудан қорғау, сақтау, келер ұрпақ тәрбиесіне қызмет еткізу – оңай шаруа емес. Музей қызметкерлері әрбір экспонатқа жәй бір көненің көзі, ескінің ескерткіш-белгісі деп қана қарамай, оның өне-бойындағы құпияға қанығып, тылсымды түсініп, тереңнен сыр тарта алса ғана мақсат орындалмақ. Қазір есіме түсіп отыр, бір жерден оқығанмын: «Мемориалдық музей» деген сөз – «Аялда, қас қағым сәт!» деген сөз. Қысқа айтылса да нұсқа айтылған. Ал енді осы қас қағым сәтті аялдату және оны мәңгілік мезеттің мән-мағынасын білдіретін сәтке айналдырып ұстап тұру – сол музейдің ғылыми қызметкерлерінің, музейдің экспозициясын жасаушылардың, музей қорын қалыптастырушылардың, сақтаушылардың, келушілерді музеймен таныстырушылардың – баршамыздың міндетіміз. Музейдің мәдени, ғылыми, ағарту мекемесі ретіндегі қызметі де әлгі "қас қағым сәтті" қаншалықты сәтімен аялдатып, ұстап тұра алғандығына байланысты. Кеше ғана ғасыр ауысты, мыңжылдықтар шекарасынан өттік, оны айтасыз, заман өзгерді, қоғам өзгерді. Ой-санамызда күрделі сілкіністер өтті, ұлттық мәдениетіміздің құндылықтарына көзқарастар өзгерді. Жоғарыда айтқанымыздай, ұлттық тәрбие құралының бірі болып саналатын әдеби-мемориалдық музейлеріміздің де экспозициялары жаңартылып, экспонаттары бұрын ішке бүгіп келген тың мазмұндарын аша бастады.

Ә.Қайырбеков. «Тұлғалар тағылымы: Сәбит пен Ғабит». Эсселер, ғылыми зерттеу, мақалалар, ой-толғам, сыр-сұхбат. «Айғаным». Алматы. – 286 б.

* * *

«Алтын қалам» деп аталатын балладам бар. Студенттік жылдарда жазған «Жыр жазбаймын» атты өлеңімде де Мұқағали рухына тәу етемін. Осы орайда, Мұқағали туралы 1980 жылы Қазақ телевизиясында

бір сағаттық телехабар жасағанымды айта кеткім келеді. «Құрдастар» жастар редакциясының басшылары Құсман Игісінов пен Фатима Бегенбаева бір күні шақырып алып, Мұқағали туралы «Арай» бағдарламасына хабар дайындайсың, сценарийін жазуға кіріс деді. Мұқағалидыі қайталап оқып, мұқият әзірлендім. Хабарымды ақын Фариза Оңғарсынова жүргізді. Сценарийімнен еш ауытқыған жоқ. Телехабарға абыз ақын Әбділда Тәжібаев,

Мұқағалидың мектептегі парталас досы Әбдіке Асанов (Нарынқолда ұзақ жылдар мектеп директоры болған), ақынның жары Лашын Әзімжанова қатысты. Театр институтының студенті Ерік Асқаров пен Қыздар педагогикалық институтының студенті Жібек ақынның өлеңдерін кезекпе-кезек жатқа оқыды. Хабар өзім ойлағандай өте сәтті шықты. Бірақ, телеэкраннан бір-ақ рет көрсетілді де, алынып тасталды. «Алтын қорда» да қалған жоқ. Оның себебі, сценарий бойынша, әңгіменің соңында жүргізуші Ф.Оңғарсынова Мұқағалидың өзіне арнаған «Фариза, Фаризажан, Фариза қыз» атты өлеңін алғаш рет оқыды. Бұл бүкіл әңгіменің керемет түйіні еді. Алайда, жоғарыдағылар «хабарды жүргізуші өзін-өзі насихаттап отыр» деп, бұра тартқан. Ал, шын мәнінде бұл өлең бірінші рет эфирге шықты, тұңғыш рет жария болды. Осының өзі қолдау табуға тиіс еді. Керісінше, биліктегілер сол жолы Мұқағалиға тағы да қиянат жасады. Келесі бір қымбатты сәт: ақынның парталас досы Әбдіке Асанов хабарға: «Мынау Мұқағали екеуміздің бала кезімізде ауылға келген фотографқа бір серкеш беріп түскен суретіміз еді» деп шеті әбден сарғайған фотосуретті әкелген еді. Оны ірі көлемде, бүкіл экранды алғызып, көрсеттік. Сол жолы фотографқа беретін тиын-тебендері болмаған соң, өзара ақылдасып, Мұқағали үйіндегі серкешті мүйізінен сүйреп, бақыртып алып келіпті. Осы бір қызық деталь да хабардың шырайын ашып тұрған еді. Ал, Мұқағалиға алғаш қамқорлық жасап, өлеңдерін жариялатып, рухани демеу беріп, Алматыға шақырған Әбділда Тәжібаевтың естелігі қандай құнды еді. Өкінішке орай, ол кезде қазіргі кездегідей телеэкраннан қолма-қол көшіріп жазып алатындай мүмкіндік жоқ еді ғой. Тек қолымда сарғайған сценарийім ғана әлі күнге дейін сақтаулы...

Ә.Қайырбеков. «Көк дәптер». Мақалалар, сыр-сұхбат, ой-толғам. «Үш Қиян». Алматы. 2025. – 272 б.

Моб.: 87014075549, E-mail: adilgazy.k@mail.ru



ӘЛМИРА ҚАЛИЕВА

Қалиева Альмира Қайыртайқызы 1980 жылы 9 маусымда Абай облысы Аягөз ауданы Ақши ауылында дүниеге келген. 1997 жылы Ақши орта мектебін аяқтаған соң Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің гуманитарлық факультетіне оқуға түсіп, 2001 жылы "Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы" мамандығын алып шықты. Осы жылдары ғылыми, танымдық мақалалары мен эсселері облыстық газет беттерінде жариялана бастады. 2005 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің магистратурасын "Әдебиет теориясы" мамандануы бойынша үздік аяқтап, "Филология магистрі" академиялық дәрежесіне ие болды.

2004-2005 жылдары Алматы қаржы-экономикалық және құқықтық колледжінде оқытушы, 2005-2007 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология факультетінің әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасында аға лаборант болып жұмыс істеді. 2007-2009 жылдары аталған кафедраның оқытушылық қызметіне ауысты. 2009-2010 жылдары С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті Мемлекеттік тілді дамыту басқармасында аудармашы маман болып жұмыс істеді.

2010 жылы филол.ғ.д., профессор Б.Қ.Майтановтың жетекшілігімен «Шығармашылық тұлғаны суреттеудегі психологизм» (мамандығы: «10.01.08 – Әдебиет теориясы; мәтінтану») тақырыбында диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. 2010-2012 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет бөлімінің аға ғылыми қызметкері, 2012-2016 жылдары Институттың ғалым хатшысы қызметтерін атқарды. 2016 жылдан бастап Ә.Қ.Қалиева – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары.

Біліктілікті арттыру бағытында Санкт-Петербургтегі РҒА Орыс әдебиеті институтында, Мәскеудегі РҒА А.М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтында ғылыми тағылымдамадан және тәжірибе алмасу курсынан (2016), Ресей халықтар достығы университетінің біліктілікті арттыру курстарынан (2018, 2021), Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының

«Жобаларды басқару» семинарынан (2019), Назарбаев Университетінің Academic Leadership Institute бағдарламасы мен оның шетелдік модулі аясында Ұлыбританияның Кардифф, Бат, Рединг университеттеріндегі оқу курсынан (2023), сондай-ақ Сочи мемлекеттік университетінің біліктілікті арттыру курсынан (2024) өтті.

Ғылыми бағыты: әдебиет теориясы, әуезовтану, поэтика, когнитивтік поэтика және әдеби процесс. Ә.Қалиева – 2 еңбектің (авторлық монографиялар), 1 академиялық сөздіктің (Г.Сәулембекпен бірге), 150-ден астам ғылыми мақаланың авторы. Сонымен бірге 2011 жылдан бастап жарық көрген бірнеше ұжымдық монографияның авторларының бірі.

2018-2020 жылдарға арналған «Қазақстан әдебиеті мен өнеріндегі «Мәңгілік Ел» концепті» нысаналы бағдарламасының қосалқы жетекшісі, 2021-2023 жылдарға арналған «Қазіргі әдебиеттану және когнитивтік парадигма» тақырыбында гранттық жобаның жетекшісі болды. 2026-2028 жылдарға арналған BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» іргелі зерттеу бағдарламасының ғылыми жетекшісі. Көркем психологизм, Абайдың этнопоэтикасы, әдебиеттану терминдерінің жаңа сөздігі бағыттарындағы еңбектері ғылыми-педагогикалық айналымда қолданысқа енген.

Ә.Қалиеваның жетекшілігімен 1 PhD дайындықтан өтіп, диссертация қорғады.

Негізгі еңбектері:

1. Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм: монография. – Алматы : З. Сейітжанова ИП, 2012. – 200 б.

2. XXI ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі / Г. Сәулембек. – Алматы : Servis Press, 2024. – 296 б.

3. Абай этнопоэтикасы (метафоратанушылық негізде) : ғылыми-танымдық еңбек. – Семей : Кудайбергенов, 2024. – 206 б.

4. Шығармашылық тұлғаны зерттеудегі кешенді ыңғай жөнінде // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. – № 2 (110). – Б. 232–235.

5. М.О. Әуезов әңгіме-повестеріндегі тәуелсіздік идеясы және көркемдік ізденістер // Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. 2-кітап. – Алматы : Signet Print, 2010. – Б. 157–180.

6. М. Әуезовтің кеңес тақырыбындағы очерктері // М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында өткен «М. Әуезов оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, 23 қыркүйек 2010 ж. – Алматы, 2010.

7. Бүгінгі драма және заман // XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001–2011 жж.) : ұжымдық монография. – Алматы : Арда, 2011. – Б. 184–203.

8. М.О. Әуезовтің қоғамдық қызметі // М.О. Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны : ұжымдық монография. – Алматы : Evo Press, 2014. – Б. 98–138.

9. Қазақстанның қазіргі драматургиясы // Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар : ұжымдық монография. – Алматы : Evo Press, 2014. – Б. 516–544.

10. Қазақстандағы қазіргі орыс әдебиеті // Керуен. – 2017. – № 2 (53). – Б. 49–54.

11. Думан Рамазан // Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар : ұжымдық монография. – Алматы, [жылы көрсетілмеген]. – Б. 480–494.

12. Қазіргі қазақ прозасының даму үрдістері // Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуеті : ұжымдық монография. – Алматы : Print express, 2017. – Б. 474–485.

13. Казахская проза периода Независимости // Нёман. – 2019. – № 9. – С. 123–127.

14. Жаңа қазақстандық романдардағы тарих репрезентациясы // Культурная память как духовный ресурс национальной идеи «Мәңгілік Ел» в современном изобразительном искусстве и архитектуре Казахстана : коллективная монография. – Алматы : Литера-М, 2022. – С. 159–181.

15. Ұлттық прозаның жаңа буыны // Жаңа қазақ әдебиеті. Дарынды жастардың шығармашылық жетістіктері : ұжымдық монография. – Алматы : Evo Press, 2024. – Б. 265–285.

Жетістіктері мен наградалары:

- 2013 жылы ғылымдағы жетістіктерім үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендиясының» иегері атанды.

- 2018 жылы ҚР Білім және ғылым министрінің «Алғысын» алды;

- 2018 жылы ҚР Білім және ғылым министрінің «Құрмет» грамотасын алды;

- 2023 жылы ҚР Ғылым жіне жоғары білім министрлігінің «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісіне ие болды.

- 2024 жылы – Түрксой халықаралық ұйымының Әуезов медалімен марапатталды.

- 2023 жылдың 23 қаңтарынан Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі.

- 2026 жылдың 28 ақпанында Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясының Узеир Гаджибейли атындағы медалімен марапатталды.

- 2026 жылдың 18 наурызында МИЦВА қауымдастығының Морис Симашко атындағы медалімен марапатталды.



Қалқабаева Сәлима Әбдіраманқызы филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)

1961 жылы 25 қарашада Түркістан облысы Толеби ауданына қарасты Тасарық ауылында дүниеге келген.

1969-1979 жылдары туған ауылындағы Т. Тоғысбаев атындағы орта мектепте білім алды.

1980-1985 жылдар аралығында Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыды.

Еңбек жолын 1985 жылы Шымкент қаласындағы Т. Рысқұлов атындағы №25 қазақ орта мектебінде мұғалім болып бастады.

1990-1994 жылдар аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ әдебиеті мамандығы бойынша аспиранты болды.

1995 жылы «Ә. Нұршайықов шығармаларындағы адамгершілік ізденістер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

1995-1997 жылдары Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында әдебиет теориясы бөлімінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді.

1998 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушылық қызметке кірісті. 1998-2003 жылдары қазақ тілі кафедрасында аға оқытушы, 2003–2005 жылдары Қоркем аударма теориясы және әдеби шығармашылық кафедрасында доцент міндетін атқарды. 2005 жылы әдебиеттану мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алды. 2005-2006 жылдары университеттің докторлық диссертацияға ізденушілік кезеңінде болды. 2006-2011 жылдары Әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасында доцент болып қызмет етті. 2011-2012 оқу жылынан бастап қазіргі уақытқа дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультеті, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында қауымдастырылған профессор қызметін атқарып келеді.

Ғылыми-шығармашылық еңбектері:

Сәлима Әбдіраманқызы Қалқабаева мектеп қабырғасында оқып жүрген кезден-ақ өлең, шағын мақалалар жаза бастап, өзінің әдебиетке қызығушылығын танытты. Алғашқы мақалалары мен өлеңдері республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде,

«Балдырған» журналында және аудандық «Илич жолы» (қазіргі «Төлеби туы») газеттерінің бетінде жарияланып жүрді.

Студенттік жылдары өлеңдері «Қарағанды университеті», «Орталық Қазақстан», «Оңтүстік Қазақстан», «Ленинші жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде жарияланып тұрған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аспирантурасына түскеннен кейін ғылымға ден қойып, ғылыми зерттеу жұмысымен айналысты.

С.Ә. Қалқабаеваның республикалық басылымдарда төмендегідей ғылыми еңбектері мен әдістемелік-оқу құралдары жарық көрді:

1. Ә.Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер. Монография. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2004. – 168 б.

2. Көркем шығарма поэтикасы. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2019. – 234 б.

3. Көркем шығарма поэтикасы. Монография. 2-басылым. – Алматы: «Қазақ университеті», 2021. – 257 б.

4. Әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Оқу құралы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2021. – 288 б.

5. Әдебиеттану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2022. – 282 б.

6. Әдебиеттану пәні бойынша тест жинағы. (қосалқы автор: Әбдікұлова Р.) – Алматы: «Қазақ университеті», 2019. – 90 б.

7. «Қазақ тілінде ресми-іс қағаздар үлгілерін оқыту». Оқу-әдістемелік құралы. (қосалқы автор: Қарабаева Х.) – Алматы: Қазақ университеті», 1999. – 79 б.

8. Қазақша-жапонша тілдескіш. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2002. – 72 б.

9. Қазақ тілі сабақтары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2003. – 55 б.

10. Махаббат – мәңгі ертегі. Әдеби жүздесу. Әдістемелік оқу-тәрбие құралы. – Алматы: «Ой-сана», 2012. – 47 б.

11. Әдеби жүздесу. Әзілхан Нұршайықов. Әдістемелік оқу-тәрбие құралы. Алматы: «Ой-сана». 2015. – 44 б.

12. Әдеби жүздесу. Исраил Сапарбай. Әдістемелік оқу-тәрбие құралы. Алматы: «Ой-сана», 2015. – 52 б.

С.Ә. Қалқабаеваның ғылыми және әдеби мақалалары бірнеше кітаптар мен жинақтарда жарияланған. Атап айтқанда, «Майтанов әлемі» (2013), «Әйгілі Әзаға» (2012), «Өнегелі өмір. Ә. Нұршайықов» (2012), «Қазақстан ғалымдары. Энциклопедия» (2013), «Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы» (2014), «Сыр сандық» (2016), т.б.

Ғалымның ғылыми мақалалары Web of Science, Scopus базасында, ҚР БжҒМ Бақылау комитеті бекіткен басылымдарда, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық, ғылыми-методологиялық

конференция материалдарында жарияланған. Оларда әдебиеттану ғылымының әр түрлі мәселелері, көркем шығарма поэтикасы, қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа ізденістер, қазақ әдебиетті мен тілін оқытудың әдістемелік жайлары сөз етіледі.

Мерзімді басылымдарда да көптеген әдеби мақалалары жарияланған. Атап айтқанда, «Адамдықтан туындаған ерлік жайын сөз еткен», «Әзекеңнің кейіпкерлері», «Менің Әуезовім роман-эссесі және деректілік», «Қазақ әдебиетінің бір бұтағы», «Поэтика саласын зерелеген ғалым», «Батырдың шығармашылық тұлғасы», «Ғалым танымының көкжиегі», «Әзілхан Нұршайықов жан сарайы көрікті тұлға еді», «Заманасөз жайын зерделеген», «Болмысы дара Байтанаев», «Теңіздің дәмі тамшыдан», «Тәлімді ұстаз, білімді ғалым», «Қос тұлғаның құрметі», «Жанртанудағы жаңа еңбек», «Алдында ағаң болған қандай жақсы», «Әдебиет құнарын шәкіртіне сіңіре білген ұстаз», т.б. көптеген мақалалары әдебиеттану ғылымының түрлі мәселелерін қамтиды.

Бүгінгі таңда ғалымның «Көркем шығарма поэтикасы», «Әдебиеттанудың теориялық мәселелері», «Әдебиеттану негіздері» атты оқу құралдары, бірнеше әдістемелік-оқу құралдары мен тест жинақтары ЖОО-ның оқу үдерісінде, базалық және мамандану пәндерінде кеңінен қолданылып келеді.

Марапаттары:

1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. «Ерен еңбегі үшін» медалі. Куәлік № 0537. Ректор Ж.Қ. Түймебаев. Қараша 2021 жыл.

2. ҚР ЖҒжЖБМ-нің «Құрмет грамотасы». Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытуға елеулі үлес қоса отырып, өркендеу жолында атқарған абыройлы еңбегі мен адал қызметі үшін. Министр С. Нұрбек. Астана қаласы, 2022 жылғы желтоқсан.

3. ЕҰУ. «Құрмет грамотасы» Әзілхан Нұршайықов шығармашылығын насихаттағаны үшін. Басқарма төрағасы-ректор Е.Б. Сыдықов. № 02-3717., 13.12.2022 ж., Астана қаласы.

4. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті. «Құрмет грамотасы». Басқарма төрағасы-ректор Н.О. Дулатбеков. Қарағанды, 2021.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Ә. Нұршайықов шығармаларының кейіпкерлерін барлап қарасақ, олардың табиғи болмысы мығым, рухы асқақ, мақсат-мұраты айқын, сенімге берік болып келеді. Жазушының сүйікті де кесек сомдаған кейіпкері Б. Момышұлының бір өзінен-ақ осы қасиеттердің бәрі табылып жатады. Ал Әділжан мен Хамзаны алсақ, бірі – заңғар, екіншісі

– мүгедек болса да өмірге құштар, еңбексүйгіш, ерік-жігері мықты жандар. М.Ғабдуллин, М. Мәметова, Ы. Сүлейменов, М. Қайырбаевтар, майдандас достарының образдары отаншылдығымен ерекшеленеді. Не жайында, кім туралы жазса да деректі материалдарға сүйене отырып, адам жанының тылсым тұстарын ашудың түйінін тарқата білген жазушы шығармалары – танымдық тұрғыдан құнды да өнегелі дүниелер.

Қалқабаева С. Әзілхан Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер. Монография. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2004. – 69-бет.

Ә.Нұршайықов – естелік, күнделік хат жанрларын көркем проза деңгейіне көтерген жазушы. «Қаламгер және оның достары» эпистолярлық романы, «Өткелдер» роман-естелігі, әдебиетші қауым күнделік-эпопея деп баға беріп жүрген «Өмір өрнектері» атты әдеби күнделіктері бұған дәлел. Қарапайым өмірлік деректерден мәнді дүние тудыра білетін еңбекқор қаламгердің әскери, тұрмыстық және әдеби күнделіктері өмірінің соңғы жылдарында жеке кітап болып жарық көріп жатты.

«Естелік жазуға ерекше шеберлік қажет. Өз заманының шындығын жан-жақты қамтып жазған шынайы естеліктің көркем шығармадан еш кемдігі жоқ. Егер көркем шығарманы жазғанда шындықты әдемілеу үшін «түрлі-түсті бояулар» жағылса, шындыққа ондай бояу-сояудың қажеті жоқ. Шындық өзінің табиғи қалпында сұлу. Ал оқиғаны, кейіпкерді табиғи болмысымен көрсете алатын шығарма – естелік», – деп айтқан жазушының сөзінен естелік жанрына ерекше ден қойғандығын көреміз.

1985 жылы қазақтың ұлы жазушылары М.Әуезов пен С.Мұқанов туралы «Екі естелікті» жазса, 2000 жылы Әзілхан Нұршайықов әдебиетімізге бір емес, қатарынан екі тың туындысын алып келді. «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романы мен автордың өзі «әдеби күнделіктер» деп атаған «Өмір өрнектерінің» бірінші кітабын оқырманға ұсынды.

Қалқабаева С. Көркем шығарма поэтикасы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 16-бет.

Әдеби шығарма – күрделі әлем. Ол – қаламгердің дара көркем ойлауынан туындаған өмірдің шынайы көркем бейнесі. Сол әсемдікті жасауда қаламгер суреттеудің қаншама амал-тәсілдерін қолданып, көркем шығармаға танымдық, көркемдік-эстетикалық қасиеттер дарытып, өнер туындысына айналдырады. Әдеби шығарманың табиғатын тануда тақырып пен идея, композициялық құрылым, мазмұн мен пішін бірлігі, образ бен образдылық, жинақтау мен даралау, тип пен

характер, бейнелеудің құралдары, баяндау мен көркем тіл сияқты суреткер шеберлігін танытатын мәселелерді жеке-жеке талдап барып ғана айтқан ой-пікірлер мен пайымдаулар логикалық дәлелді болмақ. Әдеби шығарманы зерттеумен жаңадан айналыса бастаған ізденуші студентке ғылымдағы теориялық білім мен ғылыми анықтамаларға сүйенудің пайдасы мол. Ол зерттеліп отырған саладағы жүйелі білім, заңдылықтар мен қағидалар, идеялар мен ғылыми көзқарастар туралы жалпы түсінік беріп, ғылыми білімді ұйымдастырады, объективті және субъективті ойды дұрыс өрбітуге жәрдем етеді. Теориялық білім жеке тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеп, ғылыми ізденісті қуаттандыра түседі. Әдеби шығарманы теориялық негізге сүйене отырып талдап оқу студенттің шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, сол оқыған туындысы негізінде ой-тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға жетелейді.

Қалқабаева С. Көркем шығарма поэтикасы. Монография. 2-ші басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 244-бет.

Әдебиет туралы ғылымның ең басты мәселесі – образ және образдылық. Өйткені көркем образдың табиғаты көп қырлы, мағыналық аясы кең. Образ тек шындықты бейнелеп қана қоймай, оны жинақтайды. Образдың мақсаты – көркем тілмен кез келген жансыз құбылысқа, затқа, дерексіз ұғымдарға да жан бітіру, сөйлету, сурет салу. Әдебиет теориясында образ деген ұғымның екі түрлі мағынасы бар: 1) көркем бейне, кейіпкер, тип, яғни адам образы. Оған заттық сипат тән. 2) суретті сөз, сөзбен салынған сурет, яғни образдылық. Оған бейзаттық тән. Образдылық – суретті, бейнелі сөз. Осы екеуінің де туындауына өмірлік құбылыстар мен объективтік шындықтар ықпал ететіні, бастау алар негіз болып табылатындығы анық.

Көркем образ – көркемдік таным мен шығармашылық ойлаудың нәтижесі. Көркем образ шындықты ғана бейнелеп қоймайды, ойдан шығару барысында өзгертілген басқа әлем жасайды. Бұндай көркемдік тәсіл әдеби образдың жалпылық мағынасын арттыру үшін қажет. Әдеби образдың жалпылық сипатына қоса, жалқылық (даралық) жағы да бар. Образдың жалпылық жағы – белгілі бір топқа ортақ қасиеттермен танылса, ал даралығы – сол образға тән көркемдік ерекшеліктермен айқындалып тұрады.

Қалқабаева С. Әдебиеттану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті», 2022. – 89-90 беттер.

Оқырман шығарма мәнін образ арқылы таниды. Ежелгі адамның дүние мен өзін тану формасын мифтен, мифтік образдардан көреміз. Мифолог ғалымдардың айтуынша, «Миф – адамның болмысты, өзін

қоршаған ортадағы өмірдің мәнін тануға ұмтылудағы бірінші бастау көз боп табылады». Мифологияны адамның дүниені образды түрде игерудің, шығармашылық қабілеттерін көрсетудің ең алғашқы формасы деп те түсінеміз. Мифологияда діннің, моральдың, өнер мен ғылымның да алғашқы элементтері біріктірілгендіктен (синкреттелген) ондағы психологиялық ойларды заттардың бастапқы қасиеттері ретінде қабылдайды. Ежелгі адамның барлық психикалық процестері архетип деп аталатын ұжымдық бейсаналық күйінде болды. Санаға ене отырып, алғашқы бейне (образ) мазмұнды сипаттамаға ие болады.

Қалқабаева С. Әдебиеттану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 115-бет.

Лирикаға тән қасиет – өмір құбылыстарын терең эмоционалдықпен, сезімталдықпен қабылдап, соған сәйкес әсерлі, тартымды, көркем етіп бейнелеу. Лирикалық шығарманың күші, қуаттылығы адамның көңіл-күйін, өмірдегі жай құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасып жатады. Адамның жан-сезімін, көңіл-күйін сыршылдықпен айтып жеткізудің ұтымдылығы өмір құбылыстарын, табиғатты, ондағы әсемдікті ерекше сезімталдықпен қабылдаудан, эстетикалық таным кеңдігінен туындайды.

Лирика – шындықты адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығарманың түрі. Лирикада адамның жеке басына тән көңіл-күйі нәзік те психологиялық тебіреніспен суреттеледі. Лирикада адам санасының ерекше сәттері – әсерленуі, сезімі, эмоциясы, көңіл қалауы, көркем қиялы бірінші орынға шығады. Лирикада ішкі әлем толғаныстары бірде ашық, бірде мойындау, енді бірде шер тарқату не толғау түрінде берілуі мүмкін. Осындай ерекшеліктерінен лирикада медитативтік сипаттың бар екендігін байқаймыз.

Қалқабаева С. Әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Оқу құралы. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2021. – 202-бет.



Ақжол Батырұлы Қалшабек

Ақжол Батырұлы Қалшабек 1965 жылы 30 қарашада қазіргі Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Еңбекші ауылында дүниеге келген.

1983 жылы Фогелевка (қазіргі Рабат) ауылында А.Жданов атындағы орта мектепті бітірген.

1984-1986 жылдары қазіргі Ресейдің Томскі қаласында Кеңес армиясының қатарында әскери борышын өтеді.

1992 жылы Шымкент педагогикалық институтының көркем сурет графика, 1998 жылы Қ. А. Иасауи атындағы қазақ-түрік университетінің филология факультетін бітірген.

Еңбек жолын ОҚО, Қазығұрт ауданындағы «Еңбекші» сегіз жылдық мектебінде мұғалім болудан бастады. Кейінгі жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының Шымкент филиалында, М.Х.Дулати ат. Тараз мемлекеттік университетінде, Тараз мемлкеттік педагогикалық институттарында оқытушы, доцент болып қызмет атқарды.

2005 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының ғылыми жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесінде «Аскар Сүлейменов шығармашылығындағы көркемдік ізденістер» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2011 жылдан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде қызмет етіп келеді. 2018 жылдан аталмыш университеттегі «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығында аға ғылыми қызметкер, 2026 жылдан бастап қайта құрылған «Абайтану және Мұхтартану» ғылыми орталығының басшысы қызметін атқаруда.

А.Қалшабектің авторлығымен 2016 жылы РОӘК-тің құптауымен «Фолиант» баспасынан «Әдебиеттану ғылымына кіріспе» атты оқулық, 2021 жылы «Абай. Китаб тасдиқ» атты монография, «Елдік сұлбасы немесе ұлттық рух жайлы толғаныс» атты публицистикалық еңбектер жинағы, 2023 жылы «Әуезов һәм Абай» атты екі томдық ғылыми басылым жарық көрген. Сондай-ақ, 2025 жылы «Абай. Мүрсейіт

Бікіұлының қолжазбаларына сүйеніп жасалған транскрипция» (45 б.т.) атты еңбегі жарық көрді. Қазіргі таңда 100 жуық ғылыми мақалалардың авторы.

А.Қалшабектің айналысатын негізгі ғылыми бағыттары: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, мұхтартану, айбайтану салалары.

А.Қалшабек 2018 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин», 2023 жылы «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен марапатталған.



Нағбду Қамарова

Қамарова Нағбду Сұлтансихқызы 1972 жылы 12 желтоқсанда Маңғыстау облысы Форт-Шевченко қаласында дүниеге келген. 1990 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) филология факультетіне оқуға түсіп, осы оқу орнын 1995 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген.

Н.С. Қамарова 1995 жылы еңбек жолын Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінен (қазіргі Ш.Есенов атындағы КМТИУ-ден) бастап күні бүгінге дейін аталмыш университетте еңбек етіп келеді. 18.08.09.1995-01.11.1997 – Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің (АқтМУ) оқытушысы; 01.11.1997- 01.12.2000 – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің (ҚазҰУ) күндізгі бөлім аспиранты; 04.01.2001 – филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі үшін кандидаттық диссертация қорғаған. Диссертация тақырыбы: «Қазіргі қазақ олеңіндегі психологизм». 09.02.2001 – 03.02.2006 – Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің (АқтМУ) аға оқытушысы, доценті; 03.02.2006 – 12.05.2014 – Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің (КМТИУ) тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры. 12.05.2014 жылдан бастап бүтінге дейін Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті «Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры. Еңбек өтілі – 31 жыл.

Нағбду Қамарова Есенов университетінде 31 жылдан бері абыройлы қызмет етіп келеді. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған филология сериясы журналдарының рецензенті, гуманитарлық бағыттағы бірнеше шетел журналдарының редакциялық алқа мүшесі, Ш.Есенов атындағы КТИУ ішкі нормативтік құжаттардың сапасын тексерстін комиссия мүшесі. ҚР ЖОО студенттерінің республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсына (2023, 2024, 2026 жж.), шетелде өткен халықаралық конференция конкурсына (2022, 2023, 2024 ж.), қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша өткен республикалық олимпиадаға (2025 ж.) жетекшілік еткен студенттері (Г.А.Баймбетова,

А.А. Бисенова, А.Амангелдиева, І.Қилыбаева, А.Шапхатова, А.Ермекбай); магистранттары (А.Кайыпбаева, П.Айынова) жүлделі орындардан көрінді.

Н.Қамарова – ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсында жеңіске жеткен «Фариза Оңғарсынова шығармаларының поэтикасы» (2021) атты ғылыми жобасының жетекшісі (Грант №09562328). 2018 жылдан бері Ғылым комитеті қаржыландыратын әр түрлі ғылыми жобалардың орындаушысы ретінде сәтті жұмыстар атқаруда.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2025 жылғы 08 қазандағы №1812 бұйрығы негізінде Есенов университеті қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Нағбду Сұлтансиқызы Қамароваға 60200 – Тіл және әдебиет ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: әдебиет теориясы, қазақ әдебиеті, қазақ поэзиясы, көркем мәтіннің зерделенуі, әдебиет және дәстүрлі мәдениет, пәнаралық зерттеу.

Марапаттары: Қоғамдағы белсенділігі мен қайырымдылығы үшін «Сауап» медалімен (2008), Маңғыстау облысының қалыптасуына және дамуына қосқан үлесі үшін Маңғыстау облысы әкімдігінің «Маңғыстау облысына 35 жыл» төс белгісімен (2008), ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің Құрметті Қызметкері» белгісімен (2009), ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен (2011), ҚР Білім және ғылым министрлігі жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ыбырай Алтынсарин» белгісімен (2011), «Ш.Есенов» төсбелгісімен (2021), ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Алғыс хатымен (2020, 2022), ҚР ІІМ «Қазақстан полициясына 30 жыл» төсбелгісімен (2022), Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2024) төс белгімен, бірнеше мәрте Маңғыстау облысы әкімінің, ҚР Журналистер Одағының Алғыс хаттарымен марапатталған.

Еңбектері: Н.С. Қамарованың 200-ге жуық ғылыми мақалалары мен баяндама мәтіндері ҚР БҒМ БҒСБК бекіткен басылымдарда және республикалық, халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында жарияланды. Scopus, Web of Science базасына тіркелген индексі жоғары журналдарда бірнеше мақаласы жарияланды. ҚР БҒМ бекіткен оқулықтың және бірнеше авторлық оқулықтар мен оқу құралдарының,

бірнеше монографияның, ғылыми жинақтардың авторы, жиырмаға жуық ғылыми-педагогикалық туындыларға авторлық куәліктері және жүзден астам біліктілігін арттыру куәліктері мен сертификаттары бар. Жүзден астам ғылыми, сексеннен астам публицистикалық мақалалардың, көптеген әдеби-көркем шығармалардың, «Қазақ өлеңдеріндегі психологизм», «Өлеңдегі сезім нақыштары», «Фариза Оңғарсынова шығармаларының поэтикасы», «Медет Дүйсеновтің қаламгерлік қырлары» атты монографиялардың, «Қазақ өлеңінің табиғаты», «Жоғары оқу орнында қазақ әдебиетін «Мәңгілік ел» идеясы арқылы оқыту (қазақ тарихи романдары негізінде)», «Қазақ әдеби сынының тарихы», «Қазақ лирикалық поэзиясы», «Фаризатану» және т.б. оқу құралдарының және бірнеше оқу-әдістемелік құралдардың авторы.

Н.С.Қамарованың педагогтік, ғылыми-әдістемелік әлеуеті жоғары, азаматтық ұстанымы берік.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Фариза әлемі – таңғажайып әлем. Ол – тегеуірінді, қуатты, сәулелі поэзия әлемі. Ақын поэзиясын түсіне оқыған әр оқырман осынау әлемнен өзіне керегін алады. Бірі жанына жылу, сүйеніш тапса, екіншісі қуаттанып, серпілері сөзсіз. Бірінің жаны жадыраса, енді бірінің көңіл күйі астан-кестең болады. Адуынды поэзия бірін жылатса, бірін жұбатады. Сондықтан Фариза ақынды қазақ әдебиетіндегі қайталанбас құбылыс деп атаймыз.

Қамарова Н. Фариза Оңғарсынова шығармаларының поэтикасы. Монография. Алматы: «Арыс» баспасы, 2021. – 288 б. – (272-бет)

Фариза – әйел жанының суретшісі, әйелдің бар құпиясын өлеңге түсірген психолог, әйел жанын тамыршыдай тап басып, әр түрлі сәттегі көңіл құбылыстарын дәл бере алған ақын. Әйел жанын әйел түсінеді, әйел адам ғана жаза алады. Фаризаға дейінгі де, Фаризадан кейінгі де ақын қыздар дәл Фариза ақын биігіне көтеріле қойған жоқ. Фариза сияқты қазақ поэзиясында әйелдер галлереясын жасай алған жоқ.

Қамарова Н. Фариза Оңғарсынова шығармаларының поэтикасы. Монография. Алматы: «Арыс» баспасы, 2021. – 288 б. – (276-бет)

Қазіргі заман әдебиетінде фольклорлық элементтер рөлі шығарманың көркемдік идеялық концепциясының мазмұнын байытып қана қоймайды, халықты адамгершілік рухта тәрбиелеуде де үлкен маңызға ие. Фариза ақын поэзиясынан фольклоризм, фольклор мен

ақын өлеңдеріндегі тақырып, идея, көркемдік шешім төңірегіндегі үрдістер, әдеби сабақтастық анық көрінеді

Қазақ әдебиеті тарихында ақын шығармашылығы фольклорлық жанрлармен тек идеялық, композициялық жағынан ғана емес, стильдік жағынан да үндес екеніне көз жеткізуге болады. Фольклорлық мотивтер ақын Ф.Оңғарсынова қолтаңбасына тән төлтума сипатты білдіреді. Ақын шығармашылығынан фольклорлық өрнектердің небір үлгілерін кездестіруге болады.

Қамарова Н. Фариза Оңғарсынова шығармаларының поэтикасы. Монография. Алматы: «Арыс» баспасы, 2021. – 288 б. – (20-бет)

Ф.Оңғарсынова публицистикасында қоғамдағы мәселелергеназар аударды. Сын мақалалары, очерктері адамдардың іс-әрекетіндегі проблемаларға арналды. Фариза мақалаларынан халықтың тыныс-тіршілігіне, болашағына ойлана қараған байыпты публицистің қоғамдық-саяси көзқарасын анық көруге болады.

Қамарова Н. Фариза Оңғарсынова шығармаларының поэтикасы. Монография. Алматы: «Арыс» баспасы, 2021. – 288 б. – (275-бет)

Бүгінгі қазақ әдебиетінің сыршыл поэзиясындағы қанат жайып келе жатқан психологизм сипаттары, қазақ ақындарының өзіндік ізденістері мен жаңашыл бастамалары – аға ұрпақтан бастау алған дәстүр жалғастығы.

Қамарова Н. Қазақ өлеңдеріндегі психологизм. Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 214 б. – (7-бет



ҚАМЗАБЕКҰЛЫ ДИХАН
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

1966 жылы 19 маусымда Түркістан облысы Түлкібас ауданы Келтемашат ауылында туған. 1990 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институты «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын үздік бітірген.

1994 жылы ҚР ҰҒА әдебиет және өнер институтындағы диссертациялық кеңесте «С.Сәдуақасұлының әдеби мұрасы» атты тақырыпта (10.01.02) кандидаттық, 2003 жылы «Әдеби-тарихи процесс: ағымдар, концепциялар (ағартушылық кезең)» атты тақырыпта (10.01.02.) докторлық диссертация қорғады. ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі (2012), академигі (2017).

1990-1996 жылдары Қазақстан Ұлттық ғылым академиясы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер, 1996-2000 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (ЕҰУ) қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 2000-2001 жылдары аға ғылыми қызметкері, 2001-2004 жылдары Қазақ ұлттық музыка академиясы тіл және әдебиет кафедрасының меңгерушісі, 2004-2005 жылдары ЕҰУ Гуманитарлық институтының директоры, 2005-2006 жылдары ЕҰУ оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры, 2006-2008 жылдары ЕҰУ «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, 2008-2011 жылдары - ЕҰУ оқу-әдістемелік жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, 2011-2012 жылдары - стартегиялық даму және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жөніндегі проректор, 2012-2022 жылдары - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, 2022-2023 жылдары – «Егемен Қазақстан» ЖШС бас директоры, 2023 жылдан қазірге дейін «Қазақ газеттері» (құрамында «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» т.б. 11 газет-журнал бар) ЖШС бас директоры.

Сондай-ақ 1994-1995 жылдары Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында, 1995-1996 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде, әр жылдары «Ана тілі», «Жас алаш», «Астана ақшамы» газеттері мен «Қазақстан музейлері», «Тіл және қоғам» журнал-альманағында қосымша қызмет атқарып, «Қазақтан» ТВ «Күмбез» хабарын жүргізген. Ұзақ жыл «ЕҰУ

Хабаршысы: гуманитарлық серия» ғылыми журналының жауапты редакторы болған.

Кітаптары мен оқу құралдары: «Смағұл Садуақасұлы» (1996), «Руханият» (1997), «Алаш және әдебиет» (2002), «Ағартушылық және әдебиет» (2003), «Пайым» (2004), «Тіл саясаты: ғылым және тәжірибе» (телавторлармен, 2006), «Алаштың рухани тұғыры» (2008), «Смағұл Садуақасов» (2009), «Түркістан алқасы» (2011), «Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік» (телавторлармен, 2012), «Жұрт» (2012), «Алаш қозғалысы» (телавтормен, 2014), «Алаш – темірқазық» (2015), «Ой алаңы» (2016), «Алаш арқауы» (2017), «Түркі алқасы» (2021), «Елшіл жол» (2026), «Байып» (2026). Сонымен қатар Ж.Аймауытұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Сәдуақасұлы, Х.Болғанбай, С.Ғылмани сынды қайраткерлердің шығармалар жинағын даярлап, алғысөз-түсініктерімен жариялады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы көптомдықтары мен тұлғалық энциклопедиясын әзірлеуге қатысты. 250 ғылыми, 600-ден аса танымдық мақаласы жарық көрді. 3 деректі фильм сценарийінің авторы («Қазақтың Қошкесі», «Бата», «Көздің қарашығындай»).

Қатынасқан ғылыми жобалары: «Еуразияшылдық – жаһандану жағдайында Қазақстан және онымен шектес елдердің өркениетті даму негізі: тарихи-этнографиялық және теориялық аспект» (2004-2006), «Мемлекеттік тіл – Қазақстан Республикасында рухани жедел жаңарудың негізі» (2006-2012) т.б.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі 10.01.02-қазақ әдебиеті, 10.01.07-салыстырмалы әдебиеттану мамандықтары бойынша Д.14.31.03 Диссертациялық кеңесінің төрағасы (2008-2010), филология ғылымдары бойынша PhD Диссертациялық кеңес төрағасы (2012 жылдан). ҚР Мемлекеттік сыйлық беру жөніндегі комиссияның мүшесі (2008 жылдан).

ҚР Премьер-министрі жанындағы Мемлекеттік тілді одан әрі дамыту жөніндегі үкіметтік комиссиясының мүшесі (2006-2008). Республикалық Ономастика комиссиясының ғалым-хатшысы (2000-2002), мүшесі (2005-2012). Астана қаласы Ономастика комиссиясының мүшесі (1997-2002), Қоғамдық кеңесінің мүшесі (2019-2022). Қазақстан халқы ассамблеясы Астана қаласы кіші ассамблеясының мүшесі (2003-2005), ҚХА ғылыми-сараптау кеңесінің мүшесі (2023-2026). Халықаралық қазақ тілі мен әдебиеті пәні олимпиадасы комиссиясының мүшесі, төрағасы (2005-2016), ҚР БҒМ бақылау және қадағалау Комитетінің филология саласы бойынша сарапшысы (2004-2008). Астана қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі (2019-2022). «Отандастар қоры» Ғылыми ақылдастар кеңесінің мүшесі (2019-2020). «Amanat» партиясы саяси кеңесінің мүшесі (2022-2026). Төрт мәрте ҚР Президенттігіне үміткердің мемлекеттік тілді еркін білуін анықтайтын

Лингвистикалық комиссияның мүшесі (2005, 2011, 2015, 2022). Ұлттық құрылтай мүшесі (2022-2026). Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңестің мүшесі (2023-2024). Геральдика мәселелері жөніндегі республикалық комиссия мүшесі (2023 жылдан), Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қоғамдық кеңесінің мүшесі (2024-2025).

Әр жылдары Бейжің Ұлттар университетінде (Қытай), Милан Амвозина мәдениет орталығында (Италия), Хангук шет тілдер университетінде (Корея), Ғази университетінде, Қажы Байрам Уәли университетінде, Эскишехир университетінде, Эрджиес университетінде (Түркия), Самарқанд халықаралық туризм және «Жібек жолы» мәдени мұрасы университетінде (Өзбекстан), Баку мемлекеттік университетінде (Әзербайжан), Беларусь ұлттық техникалық университетінде, Түрікменстан мемлекеттік мәдениет институтында, Қазан федералдық университетінде, Башқұрт мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінен дәріс оқыған.

ҚР Президенті стипендиясының (1994-2000, 2006-2008), Журналистер одағының С.Қожанұлы атындағы сыйлығының (1996), ҚР Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының (2000), ҚР БҒМ «Ы. Алтынсарин» (2005), «ҚР Конституциясына – 10 жыл» (2005), «Астана – 10 жыл» (2008), «Тәуелсіздікке – 25 жыл» (2017) мерекелік медальдерінің иегері. ҚР Президентінің Алғыс хатын алған (2005, 2011, 2016, 2022, 2026). ҚР ЖОО «Үздік оқытушы-2007» атағын иеленген. «Құрмет» орденімен (2009), Ш.Уәлиханов сыйлығымен (2014), «Парасат» (2018), III дәрежелі «Барыс» (2022), II дәрежелі «Барыс» (2026) орденімен марапатталған.

«Смағұл Садуақасұлы», «Смағұл Садуақасов» атты монографиялары көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, жазушы, журналист, жаңашыл идеолог С.Садуақасұлының (1900-1933) өмірі мен шығармашылығына, XX ғасырдың басы мен 20-30 жылдарындағы елдік рухани ізашар жобаларды жүзеге асырудағы табандылығына, Алаш зиялыларымен қарым-қатынасына, ұлт баспасөзін, білім жүйесін қалыптастырып дамытуға қосқан үлесіне, тоталитарлық сыңаржақ жүйемен күресіне, бұрын жарияланбаған мұраларының көркемдік, мәтіндік ерекшелігіне арналған. Екі мәрте басылуы жаңа табылған деректермен толықтырылуына байланысты.

«Руханият», «Пайым», «Алаш арқауы», «Байып» - әр жылдары жарық көрген ғылыми, танымдық зерттеулер мен мақалалар топтамасы. Бұл еңбектер негізінен Алаш кезеңінің ірі оқиғаларына, тұлғаларына, ұйымдары мен баспасөзіне, рухани сабақтастығына, мәтінтану мен эпистолярлық мұра ерекшелігіне, тарих мен әдебиеттану, әлеуметтік-мәдени бағыт-бағдар туралы зиялылардың ой-пайымдарына қатысты.

Осы заманның кейбір мәселелерін Алаш талғамымен, түсінігімен, парасатымен қарау да көрініс тапқан.

«Алаш және әдебиет», «Алаштың рухани тұғыры» монографиялары мен **«Ағартушылық және әдебиет»** оқулығы – ұлт әдебиетіндегі Алаш кезеңін айқындау мен оның елдің рухани тарихындағы орнын бағалаудың кешенді ғылыми, ғылыми-әдістемелік тұжырымдамасы. Автор Бастапқы ағартушылық, Негізгі (Алаш) ағартушылық, Инерциялық ағартушылық кезеңдерін дәлелдей отырып, Алаш тұлғаларының шығармашылық, әдеби-мәдени тұлғалық ерекшелігін, тұжырымдамалармен ағымдарды бағамдайды. Әлемдегі, түркі дүниесіндегі ізденістермен, бастамалармен салыстырады. Оқулықта Алаш ағартушылығы басталуы мен түйықталуы бар айрықша құбылыс екені зерделенеді. Бұл еңбекте қазақ ағартушылығының туу, қалыптасу, даму жолдары әлем ағартушылығының контексінде көрсетілген.

«Тіл саясаты: ғылым және тәжірибе» (телавторлармен) – Тәуелсіздіктің негізігі атрибуттарының бірі - мемлекеттік тілдің қолданыс аясын ғылым, білім, мәдениет, елдік саяси қызмет бағытында саралаңдыру хақындағы ой-толғамдар. Алаш кезеңі ізденістерін, ұсыныстарын, жобаларын қалың оқырманға, қоғамға таныстырудың жөні.

«Түркістан алқасы», «Түркі алқасы» - отандық тарихымыздың жарқын беті Түркістан мұраты, жәдитшілдік және Алаш ұғымдарын талдауға арналған. Түркі алқасының басты сипаты – ағартушылық, имандылық және азаттық. Бұл еңбекте түркі халықтары ағартушылығының туу, қалыптасу, даму жолдары зерттелінген. Осы өреде әдебиеттегі елшілдік сарынға әсер берген жәдитшілдік, милләтшілдік, жаһаттастығы құбылысының сипаты қарастырылған. Автор *Исмайыл Ғаспыралының (Гаспринский) тарихи мәні ерекше* «Орыс мұсылмандығы», «Орыс-Шығыс келісімі» мұрасын тұңғыш рет түпнұсқадан (орыс тілі) қазақ тіліне өзі аударып, қосымша бөлімде ұсынған.

«Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік» (телавторлармен) атты монографияда дәстүрді ментальдік пен көркемдік-шығармашылық сананың ерекшелігі, байланысы, өрістеуі қарастырылған. Әдебиеттану мен көркемдік ойлаудағы осы мәселе әлем және түркі дүниесі мұраларымен салыстырылған.

«Жұрт» - Тәуелсіздік жылдары ұлт руханияты мен тарихын, рәмізді ұғым-түсініктер мен тұлғаларды зерделеген автордың ой-толғамдары. Баспасөз бетінде саралаған өткеннің сабағы мен бүгіннің өзекті мәселесі жөніндегі мақалалары. Елдік пен тәуелсіздік

құндылықтарына бейжай қарамайтын замандастарымыздың ұлт, ұждан, ұрпақ туралы ойы, түсінігі, танымы, талғамы байыпталған.

«Алаш қозғалысы» (телавтормен) – ұлт-азаттық Алаш қозғалысы, Алаш қайраткерлері, Алаш ұстанымы, қағидаты, мемлекеттік, елдік, кәсіби құжаттары, мәдениеті, баспасөзі, ұйымдары, түрлі байланысы туралы анықтамалық.

«Алаш – темірқазық», «Ой алаңы» - Алаш қозғалысы, Алаш тұлғалары, Алаш мәдениеті, Алаш баспасөзі, Алаш ұйымдары т.б. туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ғалымның сұхбаттары. Сонымен бірге автордың ғылыми жұмыс барысында көрнекті тұлғалармен, Алаш ұрпағымен дидарласу, пікірлесу, сырласу үдерістері.

«Елшіл жол» жинағына ғалымның соңғы жылдары баспасөзде жарық көрген мақалалары, елдік мінберден айтқан пікірлері, әлеуметтік желіде жариялаған пайымдары еніп отыр. Мұнда әділетті Қазақстанның елшілдік, мемлекетшілдік, идеологиялық құндылықтары зерделенеді.



Кәкен Қамзин

1949 жылы 13 маусымда қазіргі Жетісу облысы, Алакол ауданы, Қарлығаш ауылында дүниеге келген. Әкесі Қайсанов Қамза – Үшқайың колхозының жылқышысы, шешесі Шәмшібану Жұмаділова сол ұжымшардың әртүрлі жұмыстарын атқарды. Осы жерде айта кеткен жөн, болашақ қаламгер, журналистика теоретигі Кәкеннің әкесі Қамза қазақтың алғашқы халықаралық журналисі, белгілі жазушы Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжановтың «Синие горы» («Көгілдір таулар») романындағы жылқышы Хамзаның прототипі. Жас баланың өмір жолынан адаспауына, жігерлі, азаматтық мамандық таңдауына ауылдасы Ә.Т. Әлімжановтың әнгесі, мектептегі ұстазы Т. Дөнепбаевтың сабақтары, туған нағашысы Ш. Жұмаділовтің жанашырлығы, әпкесі Р. Әбілмәжінова мен жездесі С. Жақсыбаевтың қамқорлығы үлкен демеу болды.

Кәкен Қамзаұлы 1964 жылға дейін Фурманов атындағы сегізжілдық мектепте оқыды, одан кейін Алматыдағы №9 қазақ орта мектеп-интернатына қабылданды. Орта мектепті аяқтағаннан кейін екі жыл «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жұмыс істеді. 1968 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, осы жоғары оқу орнын 1973 жылы үздік бітіріп шықты. Жазушының шығармашылық жолы университет қабырғасында басталды, алғашы тырнақалдысы – «Жүлдыздар жылай ма?» әңгімесі «Лениншіл жас» газетіне жарияға шықты. Жас қаламгердің аяқ алысына кезінде қазақ әдебиетінің классигі Ғ.М. Мүсірепов назар аударды. Одан кейінгі жылдары онын проза саласындағызденістеріне дарынды соз шеберлері Р. Тоқтаров, С. Әшімбаев жоғары баға берді.

Диплом қорғағаннан кейін Мемлекеттік комиссия ұйғарымымен ол Қазақ КСР Телевизия және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитеттіне қызметке жіберілді. Бірталай жыл «Жазушы» баспасында редакторлық жұмыс істеді, қазақтың көрнекті жазушыларының шығармаларын жарыққа шығаруға ат салысты. Баспа басшылары С. Мұратбековтің, М. Мағауиннің үлгі-онегесін көрді, көкірегінс түйді. Одан кейінгі жылдары «Алматы ақшамы» газетінде, «Парасат»

журналында оған редактор, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы міндеттері жүктелді. К. Қамзин – ұстаздық жұмысқа ауысқанға дейін «Қазақ мемлекеті» қоғамдық-саяси газеті бас редакторының бірінші орынбасары. 1994 жылы ол оқытушылық жұмысқа қабылданды, ғылым саласына бет бұрды. Оның Абайдың досы – Е.П. Михаэлистің редакторлығына арналған кандидаттық диссертациясы ғылыми жұртшылық тарапынан жылы қабылданды. Профессор К. Қамзин – 80-нен астам ғылыми мақала авторы, оның ізденістерімен Германия, Қытай Канада, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Монғолия, Ресей, Украина, Англия зиятты жұртшылығы таныс. Оның масс медиа теориясының ұлттық негіздері, масс медиа жанрларының модельдері, журналистика ғылымының жаратылыстану пәндерімен сабақтастығы, цифрлық технология әдістері, туралы еңбектері ҚазҰУ хабаршысы, Журналистика сериясына жүйелі жарияланып тұрады. Танымал ғалымның мақалалары имакт-факторы жоғары халықаралық ғылыми журналдарда жарық көруде. Сонымен қатар ол бір топ ғалымдармен бірге 3 томдық «Қазақ журналистикасы» (2008) атты іргелі еңбекті жазып, жарыққа шығарды. 2009 жылы филология ғылымдарының кандидаты К. Қамзиннің «Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі» атты монографиясы жарық көрді. Ғалым-педагог 2010 жылы «Қазақ публицистикасы жанрларының эволюциясы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады.

Оның журналистиканың заманалы проблемаларына арналған көлемді мақалалары «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Ана тілі», «Қазақстан-Zaman», «Ұлт Times», «Мысль» басылымдарында ұдайы жарияға шығады. Педагог К. Қамзинге 2009 жылы «Жыл оқытушысы» атағы берілді, жазушы К. Қамзин 2008 жылы «ZER-SU» корпорациясының қаламгерлерге арналған халықаралық Гран-приін жеңіп алды. Ізденімпаз тұлға туралы «Қазақстан», «Абай» телевизия арналары көлемді деректі фильм де шығарды. Жазушының осы кезге дейін үш көркем дүниесі баспа жүзін көрді. Аз болса да саз жазатын көркемсөз шеберінің әңгімелері әлеуметтік желілерде, мерзімді басылымдарда жүйелі жарияланып тұрады.

Ғалым, жазушы болашақ журналистерді, эссеистерді теориялық және практикалық жағынан шыңдауға көп көңіл бөліп келеді. Ол 2012 ж. «Журналистика негіздері», «Талдамалы журналистика» атты екі оқу құралын, «Е.П. Михаэлистің журналистік және әлеуметтік қызметі» атты монографиясын жарыққа шығарды, Англияда, Польшада, ҚХР-да тағлымдамадан өтіп, сертификат алды. Танымал ғалым, жазушы туралы мәліметтер «Қазақстан ғалымдары» (2013), «Қазақ әдебиеттанушылары» (2013) энциклопедиялық анықтамалықтарына енді. Белгілі қаламгер, педагог-ғалым 2024 жылы ҚазҰУ 90 жылдығына орай әл-

Фараби алтын медалімен марапатталды. Профессор туралы көлемді танымдық дүние 2016 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Аманат» жинағының IY томында жарияланды. 2015 ж. оның жетекшілігімен М. Саудбаев, 2019 ж. З. Буенбаева PhD докторлық диссертацияларын сәтті қорғап шықты. Ф.ғ.д., профессор К. Қамзин аға оқытушы Б, Әліқожамен бірлесіп «Көсемсөз панорамасындағы заман палитрасы» оқу құралын (2016 ж.) және жеке өзі 2017 ж. «Қазақ публицистикасының эволюциясы» оқу құралын «Қазақ университеті» баспасынан шығарды. Соңғы оқу құралы жалпы университет байқауында үшінші орынға ие болды. К. Қамзин – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қаламгердің шығармашылық ізденісінің нәтижесі ретінде 2019 жылы жарық көрген «Біздің ауылдың жігіттері» атты повестер мен әңгімелер жинағын айтуға болады.

ЖОЛАМАН ТАУБАЙҰЛЫ ҚОБЛАНОВ

Қобланов Жоламан Таубайұлы 1964 жылы 20 мамырда дүниеге келген. Әкесі Таубай Қобланов (1926-1999) ауыл шаруашылығында қызметтер атқарған. Соғыс ардагері.

Ж. Қобланов 1982-1989 жылдары Т.Г. Шевченко атындағы Нүкіс мемлекеттік университетінде оқыды. Еңбек жолын 1989 жылы педагогикалық училищесінде оқытушы болып бастады. Филология ғылымдарының кандидаты (1994), доцент (2011), Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры (2013), ҚР БҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері (2014), Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (2024). Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: ежелгі және хандық дәуір әдебиеті; шығыс халықтарының әдебиеті, шетел әдебиетінің тарихы; абайтану; қазіргі әдеби процесс.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1989-1991 жылдары педагогикалық училищеде оқытушы, 1991-1996 жылдары Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқытушы, 1997-1999 жылдары Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1999-2007 жылдары Алматы «Қайнар» университетінің Ақтау филиалындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында доцент, кафедра меңгерушісі, 2007-2008 жылдары Маңғыстау «Болашақ» инситутының доценті, 2008 жылдан осы уақытқа дейін Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасында доцент, профессор.

1992-1994 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеттің аспирантурасында ізденуші болып, 1994 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясындағы фольклорлық негіздер» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады (ғылыми жетекшілері профессор С.Ордалиев пен профессор Т.Кәкішев). Ж.Т.Қобланов – қазақ әдебиеттануына айтулы үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі. Осы бағыттағы көп жылғы зерттеулерінің қорытындысы ретінде 2012 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясының кейбір мәселелері», 2015 жылы «Фольклор – источник вдохновения», 2016 жылы «Жемчужина народного наследия», 2022 жылы «Ұлттық драматургиядағы фольклорлық негіздер» атты ғылыми монографияларын жарыққа шығарды. Сонымен қатар 200-дан аса ғылыми мақалалары халықаралық, республикалық басылымдарда, бірнеше мақаласы халықаралық жоғары импактфакторлы журналдарда

(Thomson Reuters және Scopus) жарияланды. «SCI-ARTICLE.RU» және «Проблемы современной науки и образования» т.б. халықаралық ғылыми журналдарының редколлегия мүшесі, Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі.

Ж.Т.Қобланов – ғылыми еңбектермен қатар қазақ тілінде тұңғыш жазылған бірнеше оқу құралдары мен оқулықтардың да авторы. Атап айтқанда, 2001 жылы «Фолиант» баспасынан «Шығыс әдебиетінің тарихы», 2004 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Шетел әдебиеті тарихы» оқулықтары, 2008 жылы ҚР БжҒ министрлігі ұсынысымен *кәсіптік білім беретін* колледждерге «Кәсіптік білім» сериясында «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы, 2010 жылы республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің шешімімен шыққан «Шетел әдебиеті тарихы» оқу құралы, 2011 жылы ҚР БжҒ министрлігі жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандықтарына негізгі оқулық ретінде бекітіп, «Дәуір» баспасынан жариялаған «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы, 2012 жылы республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің шешімімен шыққан «Шетел әдебиеті тарихы» оқу құралы, 2012 жылы ҚР БжҒ министрлігі ұсынысымен «Кәсіптік білім» сериясында «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы `(2-басылым), «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы» оқу құралы (РОӘК), 2013 жылы «Антикалық әдебиет» (РОӘК) және «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Антикалық әдебиет», «Шетел әдебиеті тарихы», «Абай: дәстүр және жаңашылдық» пәндерінен дайындаған электронды оқулықтары мен «Әдебиеттану ғылымындағы мектептер», «Абайтану» курстарына арналған оқу-әдістемелік нұсқаулықтары, 2015 жылы «Шығыс әдебиетінің тарихы» (РОӘК), «Антика әдебиеті» (2-басылым), «Шетел әдебиетінің тарихы» (ҚРҒжБМ) (3-басылымы) 3 томдық оқулықтары, 2015 жылы «NUR-PRESS» баспасынан жарық көрген «Антикалық әдебиет»`(3-басылым), «Шығыс әдебиетінің тарихы» (2-басылым) оқу құралдары, 2020 жылы «Лантар-Трэйд» баспасынан шыққан «Шетел әдебиетінің тарихы» (ҚРҒжБМ) (4-басылымы) 3 томдық оқулықтары.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1. Оқулықтар мен оқу құралдарын жазудағы көп жылғы еңбегі үшін ҚР ЖОО Қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынов атындағы қола медалі (2016).

2. «Қазақстан Республикасы Прокуратурасына 25 жыл» медалі (2016).

3. ҚР ЖОО Қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медалі (2019).

4. Маңғыстау облысы әкімдігінің «Жыл ғалымы» атағы (2019).

5. Ш.Есенов атындағы КТИУ-дің «Шахмардан Есенов» медалі (2023).

6. ҚР БҒМ «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі (2024).

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Латын тіліндегі «антика» (antiguus) сөзі «ежелгі» деген мағынаны білдіреді. Бірақ осы атаудың тек ғана грек-рим әдебиеттеріне қатысты қолданылуы оншалықты дұрыс емес, өйткені, өркениет пен мәдениеттің негізгі бесігі - Шығыс елдері болған. Алғашқы әдеби ескерткіштер алдын Мысыр, Парсы, Қытай, Үндістан, Бабыл (Вавилония) сияқты мемлекеттерде туғандығы даусыз. Сондықтан грек-рим қоғамы, өнері мен әдебиетіне қатысты қолданылып келе жатқан «антика» сөзін тек Еуропа тарихына ғана байланысты деп қарағанымыз жөн. Еуропа елдері өздерінің мәдени даму жолында грек-рим мәдениетімен тығыз қарым-қатынаста болғандығы себепті де осы халықтар жасаған рухани байлықтарды «ең ежелгі» деп таныған. Шындығында да, грек әдебиеті - тәуелсіз түрде пайда болған әдебиет. Грек халқы адам санасы туғызуы мүмкін болған рухани құндылықтар дәнін өз қолымен шашып, одан мол өнім алды. Қазіргі дәуір әдебиетіндегі көркемдік формалар мен әдіс-тәсілдердің көпшілігі грек халқы еңбегінің жемісі.

Қобланов Ж. Шетел әдебиетінің тарихы. Оқулық. 1-кітап. – Алматы: «Лантер-Трейд», 2020. – 3-бет.

Грек әдебиеті қауымдық құрылыстың күйреуі, таптық қоғамның пайда болуы кезеңінде туды және оның гүлденген дәуірі демократиялық қалалар, құлиеленуші мемлекеттер яғни полистік басқару жылдарын өз ішіне алады. Рим әдебиетінің дамыған, толысқан дәуірі полистік жүйенің құлдыраған, жеке билік негізіндегі құлиеленуші империялық мемлекеттің пайда болған кезінен басталады.

Қобланов Ж. Шетел әдебиетінің тарихы. Оқулық. 2-кітап. – Алматы: «Лантер-Трейд», 2020. – 4-бет.

Цицеронның шешендік туындыларында оның өте талантты сөз шебері болғандығын байқаймыз. Цицерон өзінің шешендік сөздерінің кіріспе бөлімінде, әсіресе көбірек қолданатын көтеріңкі рухтағы асқақ көріністер, жан-жүрегінді шымырлата құдайларға қарап айтылатын әсерлі сөздер, әділеттік пен еркіндік шарапатына оқылатын дұғалар мен мадақтаулар, шындығында да тыңдаушыларға күшті әсер етіп, істің шешен пайдасына шешілуіне жағдай жасайды. Оның шешендік сөздерінде күрделі әдіспен бірге қарапайым көріністер мен жай суреттер де араласып келеді. Шешендік сөздің ішінде маңызды сөздердің әзіл-

қалжыңмен ауысып отыратындығын жиі кездестіреміз. Бір сарында айтылған сөздермен тыңдаушыны жалықтырып алмау үшін көтеріңкі әдісті азайтып, сот ісіне қатысы бар адамдардың мінездемелерін беру, бұрынғы данышпандар туралы бірер қызықты әңгімелерді еске түсіре кету, қажет болса кейбір тұрмыстық, драмалық оқиғаларды айтып өту немесе орнына қарай қандай да бір даналық сөзді, мақал яки сықақ әңгімені пайдалана салу – Цицеронның ең сүйікті әдісі.

Қобланов Ж. Шетел әдебиетінің тарихы. Оқулық. 2-кітап. – Алматы: «Лантер-Трейд», 2020. – 53-бет.

Грек әдебиетінің барша жанрлары сияқты, трагедияның да сюжеттері негізінен мифологиялық аңыздардан алынған. Алғашқы кезеңдерде бұл сюжеттер тек Дионис туралы аңыздарға қатысты болды, кейін ақындар басқа аңыздар жинағынан да пайдалана бастады. Бірақ сонымен бірге, трагедия шеберлері сюжет таңдағандарында тек заман талаптарына сай келетін мифтерді ғана алып, мүмкіндігі болса оларды өңдеп, солардың жәрдемінде өздері жасап жатқан дәуірдің маңызды мәселелерін шешуге ұмтылып отырған. Мифологиялық қаһармандардың күресі мен іс-қимылдары сол дәуірдегі көрермендерге парасат пен әдептіліктің үлгісі, қоғамдық моральдің биік шыңы болған; міне осы аңыз қаһармандарының әрекеттері негізінде трагедияшы өз замандастарын жоғары адамгершілік, отанға адалдық, адамдық борыш идеяларында тәрбиелеуді мақсат қылған.

Қобланов Ж. Ұлттық драматургиядағы фольклорлық негіздер. Монография. – Алматы: «NUR-PRESS», 2022. – 12-бет.

Ой мен сөз бірлігін сақтау үшін нақтылы тақырып, талдауға ден қойған жөн. Айталық, Қасым Әуезов 1925-1926 жылдары қарақалпақ халқының «Таң нұры» атты труппасы үшін «Тілек жолында» («Сайеке батыр») атты пьесасын жазды. Шымбай өнірінде болған ұлт-азаттық көтеріліс - ақ патшаның содырлы әрекетіне, әділетсіздігіне қарсы күрес. Пьеса сол кездің өзінде-ақ халықтық драма деп дұрыс бағаланды. Ол орынды да еді. Өйткені, пьесаның басынан аяғына дейін халықтың ой-арманы, мүдде-мақсаты белгілі бір идеяға негізделеді. Бұған пьесадағы негізгі тұлға Сайеке батырдың халық арманын жүзеге асыру жолындағы іс-әрекеттері толық дәлел. Ақиқаты, сол, ел еркіндігі жолындағы күрес қарақалпақ драматургиясында ғана емес, күллі Шығыс халықтарында, әдеби-мәдени өмірде маңызды тақырыпқа айналды. Мысалы, аталмыш тақырып туысқан қазақ халқының әдебиетінде де жан-жақты көрініс тапқанын атап айтар едік. Мұхтар Әуезовтің «Түнгі сарын», Бейімбет Майлиннің «Жалбыр», Ғабит Мүсіреповтің «Аманкелді», Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» т.б. шығармаларында азаттық үшін алысқан ел

ерлері, теңдік жолындағы халық толқулары, ең негізгісі – тәуелсіздікке ұмтылған қалың бұқара бірлік арқылы тірлікке, бостандыққа қол жеткізетініне толық сенімділігі көркем, шебер тілмен суреттелінеді. Бұған 1920 жылдары сахналанған қойылымдарды еске алсақ, көп жағдайға қанығамыз. Сондай-ақ, бауырлас халықтардың қаламгерлері, атап айтқанда Айбектің «Қасиетті қан», Б.Кербабаевтың «Шешуші қадам», А.Тоқамбаевтың «Таң алдында», Б.Халимовтың «Найзағай» т.б. шығармаларында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің сыры кең көлемде баяндалды.

Қобланов Ж. Ұлттық драматургиядағы фольклорлық негіздер. Монография. – Алматы: «NUR-PRESS», 2022. – 31-бет.

Қай кезде де фольклор әлемдік драматургияның қалыптасуында, дамуында үлкен маңызға ие болып келгендігі бізге мәлім. Ол тек қана таусылмас материал кені болып қалмай, сонымен бірге драма жанрындағы жаңалықтың қайнар көзі де болды. Фольклорлық дәстүрдің әрқандай биік шыңға көтерілген әйгілі классик-драмашылардың қай-қайсысының да осы дәрежеге жетуіне себепші болғандығы белгілі.

Қобланов Ж. Ұлттық драматургиядағы фольклорлық негіздер. Монография. – Алматы: «NUR-PRESS», 2022. – 65-бет.

Сайлаухан Қажыбекұлы ҚОЖАҒҰЛОВ

Қожағұлов Сайлаухан Қажыбекұлы 1960 жылы 24 қаңтарда дүниеге келген. Әкесі Қожағұлов Қажыбек (1923 - 1986) озат шопан, анасы Нұғымарова Бану –үй шаруасындағы 7 бала тәрбиелеп өсірген ана

Қожағұлов Сайлаухан Қажыбекұлы 1977 жылы Абай облысы, Абай ауданындағы Құндызды орта мектебін, 1986 жылы Семей педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1986 жылы ауыл мектебінің мұғалімі болып бастады. 1986- 1991 жылдар аралығында Жетісу облысы Қаратал ауданы Жамбыл атындағы орта мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі қызметтері атқарған.

2000 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясы «Әдебиет және өнер институтының» диссертациялық кеңесінде «Әсет Найманбайұлының ақындық мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған.

80-нен астам зерттеу мақалалары республикалық ғылыми басылымдарда, 2016 жылы 2 мақаласы «Скопус», 2019 жылы 1 мақаласы «Томсен Ройтер» базасындағы, Түркия, Қытай, Ресей, Украина елдеріндегі халықаралық журналдарда, жарияланған.

2003 жылы «Қазақ тарихы» баспасынан «Әсет ақын» монографиясы, 2015 жылы «Әдебиет теориясы», «Шешендік өнер» пәндерінен дәрістер жинағы, 2016 жылы «Өлеңнің айшық-ажары» оқу құралы, 2012 жылы магистратура бағдарламасына сай "Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" оқу әдістемелік құралын, 2017 жылы «Абайдай арттағыға сөз қалдырған» монографиясы, 2022 жылы "Қазақ поэзиясындағы гуманистік идеялар" (докторант М.Тұмабаевамен бірге) 2023 жылы «Асыл арқау», 2024 жылы "Жетісудың ақындық жыраулық дәстүрі" монографиялары жарық көрген,

Ғалымдық - ұстаздық қызметінде «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы», «Шешендік өнер», «Абайтану», "Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" тәрізді күрделі әдебиет курстарын, орта мектепке арналған «Жетісу әдебиеті», бағдарламасын, «Жетісу әдебиеті» оқулық-хрестоматиясын, "Жетісудың жыраулық-ақындық дәстүрі" монографияларын жазған. «Жетісу әдебиеті», «Әсеттану» таңдау курстарының, магистранттарға арнап «Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері», «Қазақ әдебитетін кезеңдерге бөлудің теориялық негіздері» курстарының оқу-әдістемелік кешенін жасаған.

1995 жылдан бүгінгі күнге дейін облыс мектептері ұстаздарына «Абайтанудан біліктілікті жетілдіру» авторлық курсын жүргізеді.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1991 жылдан бастап І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде қызмет істейді.

Оқытушы, аға оқытушы, деканның тәрбие ісі, оқу ісі жөніндегі орынбасары, тарих-филология факультетінің деканы, қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған.

С.Қажыбекұлы–100-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. С.Қажыбекұлының ғылыми еңбектері ішінде 5 кітап оның жеке авторлығымен жарық көрген, ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатындағы монографиялар мен оқулықтар, оқу құралдары.

С.Қажыбекұлының авторлығымен жарық көрген еңбектері:

1) Әсет ақын: монография. – Алматы: Қазақ тарихы, 2000. – 438 б.;

2) Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері: Оқу әдістемелік құрал./С.Қожағұл-Талдықорған: 2012.-143 бет.

3) Абайдай арттағыға сөз қалдырған. Монография /С. Қожағұлов – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2017. – 150 б.

4) Асыл арқау. Монография /С. Қожағұлов – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,2023.– 150 б. Баспаға І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесі ұсынған (хаттама №7 28.02. 2019)

5) Қазақ поэзиясындағы гуманистік идеялар. Оқу құралы. «Жетісу университеті» баспасы. Талдықорған – 2022. – 156 б

6) **Жетісудың жыраулық-ақындық дәстүрі:** монография/ Қожағұл С. – Талдықорған, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2024. –120 б.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

Республикалық «Аманат» партиясының, 3 мәрте облыс әкімінің, облыстық Мәдениет, Тілдерді дамыту, Білім басқармаларының құрмет грамоталарымен марапатталған.

2020 жылы Абай мұрасын зерттеуге қосқан үлесі үшін «Қазақстанның құрметті профессоры» атағын алған.

2016 жылы жылы ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін, 2018 жылы «Ілияс Жансүгіров» төсбелгісімен, 2020 жылы «Ерен еңбегі үшін», 2023 жылы Әсет ақын мұрасын зерттеуге қосқан үлесі үшін" Үржар ауданы мәслихатының шешімімен "Абырой" төсбелгілерімен марапатталған.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы мен ауыз әдебиетінің байланысын сөз еткенде арнайы қарастырылуға тиіс проблемалардың ең негізгісі-көркемдік құралдар. Әсет шығармаларының тілі көркем, айшықты, ажарлы, сықырлы. Алашқа аты шыққан Әсет ақын - өз

халқының сол телегей-теңіз бай қазынасын молынан көркем пайдалана білген суреткер. Әсеттің өлең, дастан, айтыс-қағыстарындағы көркемдік бояудың қанықтығы, өрнек, айшық нақыстылығы, сыртқы сымбаты, көркемдік сапасы, өрнекті ойлары ақын талантының таразысы. Әсет ақын туындылары - оның екінші өмірі, шығармаларындағы өмір, заман жайлы, өнер-білім турасындағы - ақындық-азаматтық тұжырымдамасы, көп сыр, дерек көздерін аңғартатын рухани мұрасы.

Қожағұл С. Әсет ақын: монография. – Алматы: Қазақ тарихы, 2000. – 435 б

Қазақ әдебиетінің тарихын тұңғыш рет жүйелі түрде зерттеген ғалым Б.Кенжебайұлының ғылыми концепциялары ғалымның зерттеушілік қолтаңбасымен ерекшеленіп, қазақ әдебиеті тарихын шынайы ғылыми қалыпқа түсіріп, бұрын-соңды зерттеушілер тарапынан зерделенбеген соны да жүйелі ой–пікірлерімен әдебиеттану ғылымына зор ілгерлеушілік әкелді. Көне дәуірдің көркем мұрасын зерттеп танытуда, әдебиет тарихының даму жолын саралауда қаншалықты мол табыстарға қол жеткізгенін және сол арқылы ел әдебиетінің тарихи кезеңдерін ғылыми тұрғыда жүйелеп, үрдісін жаңа деңгейге көтерген батыл ғылыми тұжырымдарға барған зерттеуші ғалымның ғылыми концепцияларының, зерттеу принциптерінің өміршеңдігі мен шынайы ақиқаттығы, ғылыми көзқарасының айқын бағыты, мазмұны бағасын жоймас құнды рухани мұра екені сөзсіз.

Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері: Оқу әдістемелік құрал./С.Қожағұл-Талдықорған: 2012.-14 бет.

Абайдың қазақ қалпын толғаған өлеңдерінің үлгісі XX ғасыр ақындарының лирикасында да қоғам өміріне, қазақ тұрмысы мен әлеуметтік теңсіздік тақырыбына ойысты. Қазақ қоғамының сол кездегі мешеулігін жай ғана сынауды мұсе тұтпаған Әсет ақын да алдымен сол мешеуліктің себептерін саралауға, ынтымақсыз қазақ бай, мырзаларының бедел-бейнесіне объективті баға беруге ұмтылады. Бұл бағытта да ақын өлеңдерінде Абайдың сыншыл реалистік дәстүрінің ізі айқын көрінеді.

Абайдай арттағыға сөз қалдырған. Монография /С. Қожағұлов – Талдықорған. Жетісу университеті,2017.–55 б.



НҰРБОЛ ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ
PhD
Алматы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Нұрбол Құдайбергенов 1989 жылдың 28 тамызында дүниеге келген. 2007 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Филология факультетіне «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2011 жылы оны үздік бітірін шықты. 2012-2014 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторантура және магистратура институтында «Әдебиеттану» мамандығы бойынша білім алып, «Гуманитарлық ғылымдар магистрі» біліктілігі мен академиялық дәрежесін алды. 2015-2018 жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада оқыды. 2020 жылы «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, PhD дәрежесін алды.

Нұрбол Құдайбергенов 2013 жылы Адам Мицкиевич университетінде (Познань, Польша) және 2016 жылы Гази университетінде (Анкара, Түркия) ғылыми тағылымдамадан өткен. Сонымен қатар, Мәскеу, Санкт-Петербург, Токио, Баку, Бейжің қалаларындағы институттар мен университеттерге ғылыми іссапармен барып, тәжірибе жинақтаған.

Еңбек жолын 2011 жылы республикалық қоғамдық-саяси «Жас қазақ» газетінің журналисі болып бастады. 2012 жылдан бүгінге дейін М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер болып істеді. Сонымен қатар, 2013-2017 жылдарда институттың Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы болды. 2017-2019 жылдарда Ұлттық аударма бюросының редакторы болып қызмет атқарды. 2023 жылдан бері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы әрі 2 докторанттың ғылыми жетекшісі. 2024-2025 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде аға оқытушы болып істеді. 2025 жылдың тамызынан бері М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Астана қаласындағы өкілі болып жұмыс істейді.

Н.Құдайбергенов 50-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 2022-2024 жылдары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша «Балалар әдебиетінің пәнаралық аспектілерін кешенді зерттеу» деген гранттық жоба орындалды. Аталмыш жоба аясында балалар әдебиетінің педагогикалық, психологиялық, әлеуметтанулық және лингвистикалық қырлары талдау нысанына алынып, он құндылыққа қатысты үздік шығармалар топтастырылды.

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазіргі қазақ әдебиеті; балалар әдебиеті; аксиология; академиялық жазылым; көркем мәтінді зерттеу әдістері; модернизм;

Н.Құдайбергенов Жүсіпбек Аймауытұлының шығармаларының толық академиялық жинағының жекелеген томдарын құрастырушы әрі жауапты редакторы, «Классикалық зерттеулер» сериясымен шыққан әдебиеттану мен өнертану ғылымдарындағы 34 томдық таңдамалы ғылыми еңбектер жинағының 3 томының (сын, драматургия, ежелгі дәуір әдебиеті) жауапты шығарушысы, Әдебиет және өнер институтынан шыққан 10-нан астам ұжымдық монографияның тараулар авторы. Ол «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында шыққан В.Фромкиннің «Тіл біліміне кіріспе» оқулығының әдеби редакторы, М.Райан мен Дж.Ривкиннің «Әдебиет теориясы» антологиясының ғылыми редакторы. Сонымен қатар, Қазақстан ашық университетіндегі (openu.kz) «Әдебиет теориясы» деп аталатын онлайн курстың авторы. Курс американдық ғалым Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» («Literary Theory») деген еңбегіне сүйене отырып жазылған. 2026 жылы «Қазіргі қазақ прозасындағы адамзаттық құндылықтар» деген монографиясы жарық көрді. Сонымен қатар, мынадай ұжымдық монографиялардың тарауларының авторы:

1. «Тәуелсіздік дәуір әдебиетіндегі ұлттық және жалпыадамдық парадигма» (2014);
2. «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар» (2017);
3. «Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуеті (тәуелсіздік дәуірдегі проза)» (2017);
4. «Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер» (2020);
5. «Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму үрдістері» (2021);
6. «Қазіргі поэзиядағы модификация: стиль, ырғақ, форма» (2024);
7. «Жаңа қазақ әдебиеті (дарынды жастардың шығармашылық жетістіктері» (2024);
8. Балалар әдебиетінің пәнаралық аспектілері» (2024).

9. «Әлем әдебиетінің даму контексіндегі қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістері: көркемдік ағым-бағыттар» (2025).

Марапаттары:

1. Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің Алғыс хаты (2024)

2. Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің Құрмет грамотасы (2025)

3. «Алтын барыс» төсбелгісі (2023)

4. Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж.К.Тоқаевтың Алғыс хаты (2023)

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Адамзаттық құндылықтардың әдебиетіміздегі генезисі ежелгі дәуірлердегі халықтық проза үлгілеріне, ауызша әдеби мұраларына барып тіреледі. Бұл қазақтың құндылықтар жүйесі негізінен сөз арқылы қалыптанғанын білдіреді. Ұлы Далада еуропалық үлгідегі философиялық-аксиологиялық мектептер болмағанымен, әлемді табиғатпен етене байланыста қарастыратын бірегей аксиологиялық-поэтикалық жүйе орныққаны, ауызша мұралардың халықтың құқықтық, этикалық, әлеуметтік және эстетикалық, тіпті діни құндылықтарының да қалыптасуына негіз болғаны байқалады. Сондай-ақ құндылықтарды қалыптастырушы, таратушы элита рөлін қазақ халқында сөз ұстаған шешендер мен ділмарлар атқарған. Бұл ерекшелік халықтың менталды болмысына айрықша ықпал еткен әрі әлемді ұғымдық тұрғыда нақты қабылдаудан гөрі образды түрде қабылдауға бейім еткен.

Қазақ әдебиетінің тарихында адамзаттық құндылықтар бір сәтке толас таппағаны айқындалды. Орхон-Енисей жазба екерткіштерінде – елдік пен ерлік, әл-Фараби заманында – қайырымдылық, Қорқыт ата өмір сүрген шақта – өмір, Абай мұрасында – «толық адам», Алаш арыстары өмір сүрген кезеңде – «ар ілімі», советтік дәуірде – «достық» концепциялары айрықша әспеттелді. Моральдық реттеушілік қызметі аса жоғары мұндай құндылықтардың өзгеріске ұшырауына тарихи-әлеуметтік, қоғамдық факторлардың әсер-ықпалы орасан болды. Ал кейбір адамзаттық құндылықтардың тарихтың ұзын-ырғасында статикалық қалпын сақтағаны және оның мәні қазіргі уақытқа дейін азаймағаны байқалады. Ерлік, еркіндік, адалдық, намыс, ел құндылықтарының үнемі алғы санаттан көрініп отыруын біз қазақ халқының тұрмысының ерекшелігінен туған құбылыс деп есептейміз. Дала салтының қауіп-қатері мол тіршілігі мен тарихтың қай кезеңінде де ел мен жерді қорғау үшін болған шайқастардың бәрі руханият әлемінде із қалдырып, қаһармандық культінің биік қойылуына негіз

болды. Сонымен бірге «обал мен сауап», «бейнет пен зейнет», «кінә мен күнә», «ұят» ұғым-құндылықтарының халық танымынан тұрақты орын тепкені анықталды. Дала заңдылығы үстем болған қазақ қоғамында ресми бекітілген құқықтық ережелерге қарағанда, жоғарыда аталған бейресми институттар – адамзаттық құндылықтардың әсер-күші әлдеқайда басым түсіп отырған. Аталған ерекшеліктер қазақ халқының құндылықтар жүйесінде экономикалық-материалдық құндылықтарға қарағанда, этикалық, эстетикалық құндылықтардың басым болғанын көрсетеді.

Құдайбергенов Н. Қазіргі қазақ прозасындағы адамзаттық құндылықтар. Монография. – Алматы: «Қазына». 2026. – 231-233-беттер.

Қазіргі әдеби шығармашылықтың өзегінде тұлға тұр. Бұл өз кезегінде индивидуалдық құндылықтардың үстем болуына түрткі болды. Дәстүрлі әдебиеттегі көркем туындыларда кейіпкерлердің құндылықтары ұжымдық қатынастар аясында танылатын болса, бүгінде оның мәні өзгерді; кейіпкердің рухани-адамгершілік мұраттары, құндылықтық бағдары, күйініш-сүйініші негізінен өзінің ішкі толғаныстарын ақтарумен, логикаға сыя бермейтін иррационалдық құбылыстарға иек артумен өлшенетін болды. Аталған көркемдік құбылыс әдебиетте жанрлық, формалық ерекшеліктерді туғызды. Ендігі ретте эстетикалық детальдің дені тұлға төңірегіне топтасып, адамның болмысы тұлға мен оның жан дүниесі, тұлға мен тарихи кезең, тұлға мен әлеуметтік ситуация, тұлға мен табиғат байланыстары негізінде ашылатын болды. Объективті шындықтан гөрі субъективті шындыққа көбірек мән артылуы, айнала болмыстағы шындықтан гөрі тұлғаның ішкі ой толғаныстары мен сезімдік арпалыстарына баса мән берілуі әдеби-поэтикалық тұрғыдан сюжеттің рөлін мейлінше төмендетіп, шығармадағы кейіпкерлер санының азаюына түрткі болды. Бұл объективті шындықтың бұлдыр боп қалады дегенді білдірмейді, қайта жекелеген кейіпкерлердің санасында, жан-дүниесінде орын алған сезімдер мен ойлар аласапыраны арқылы қоғамның бейнесі мейлінше шынайы ашылады. Мысалы, «Соңғы парыз» романында негізінен Жәдігер, Бәкизат, Әзім бейнелері арқылы, «Парасат майданында» екіге жарылған бір адамның бастан кешкендері арқылы тұтас дәуірдің бет-бейнесі ашылады. Қаламгерлер қоғамдық жүйедегі һәм табиғаттағы теңгерімнің бұзылуына жекелеген адамдардың теріс мінездері кесір болғанын әртүрлі әдеби-көркемдік тәсілдер арқылы ашып береді. Бұл орайда әсіресе түс көру, ішкі монолог, мифтік сарындардың рөлі үлкен. Әдебиеттегі аталмыш поэтикалық-көркемдік мәнер-машық өз дәуірінің аса өзекті проблематикасын жеріне жеткізе көрсету үшін, сондай-ақ

кейіпкер-адам-адамзат болмысының қарама-қайшылығын, оның жан дүниесі мен санасындағы ағыстардың шиеленісін тереңірек таныту үшін қолданылады. Бұл да белгілі бір деңгейде шығармадағы динамизмнің күшеюіне, қақтығыстар астарының тереңдеуіне, сол арқылы шығарманың көркемдік қуатының артып, кейіпкер болмысының, құндылықтық бағдарының айқындалуына қызмет етеді.

Құдайбергенов Н. Қазіргі қазақ прозасындағы адамзаттық құндылықтар. Монография. – Алматы: «Қазына». 2026. – 115-116-беттер.

Қазақ балалар поэзиясындағы модификациялық құбылыстар соңғы жүз жыл бойына үздіксіз жүзеге асып келе жатқанын байқауға болады. XX ғасырдың алғашқы ширегінде Абай поэзиясын үлгі тұтқан бір топ қаламгерлер қазақтың ауыз әдебиетінің шеңберінде дамып келген балалар поэзиясына соны ырғақтық жүйелер сыйлап, формалық, стильдік тұрғыдан түрлендіре түсті. Осы орайда, сан-салалы балалар фольклоры жазба балалар поэзиясының толысуына, сапалық деңгейінің өсуіне жол ашты. Тіпті осы күнге дейін жазба балалар поэзиясы фольклордың алтын арқауынан біржола қол үзіп кете қойған жоқ. Қайта балаларға арналған ауызша мұралардан нәр алып, оларды жаңаша жаңғыртып, ырғақтық, дыбыстық, интонациялық, мелодикалық тұрғыдан байытып келеді. Балалар фольклоры мен жазба балалар поэзиясындағы басты айырмашылық олардың ырғақтық жүйесінен көрінеді. Әдетте, ауыз әдебиетіндегі өлең-жырлардың бунақтар реті мейлінше тұрақты әрі ырғақ жүйесі, негізінен, әуенге құрылатын болса, жазба поэзияда аталмыш бунақтық тәртіп өзгеріп, ырғақ жүйесі сөйлеу мәнеріне қарай ойысты. Ендігі ретте өлең-жырдағы әуеннен гөрі ой мен сезім, екпін мен үн алға шықты. Бір жағынан, бұл қазақ руханиятындағы тыңдауға негізделген мәдениеттің орнына көзбен көріп оқуға сүйенген мәдени-эстетикалық платформаның орныгуын көрсетеді. Дегенмен, бұл балалар фольклорында сөйлеу мәнеріне жақын үлгілер болған жоқ дегенді білдірмейді. Әдетте, ауыз әдебиетіндегі қаламақ, сұрамақ сынды кейбір жанрларда сөйлеу мәнері басым болып келеді. Бұл тұрғыдан алғанда, балаларға арналған ауыз әдебиетінің үлгілері кейінгі жазба балалар поэзиясының ғана емес, жалпы қазақ поэзиясының ұстазы болғанын айту парыз.

Балалар поэзиясындағы модификация мәселелерін зерделегенде, ең алдымен, бүлдіршіндерге арналған өлең-жырлардың ырғақтық, интонациялық жүйесіне әсер ететін көркемдік тәсілдердің қызметін бағамдау қажет деп есептейміз. Осы орайда, өлеңнің синтаксистік-морфологиялық жүйесі ғана емес, орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық, дыбыстық жүйесі де өлеңнің ырғақ жүйесін дамытып,

түрлендіре түсуге түрткі болатынын аңғарамыз. Каламбур, қайталау, анафора, эпифора, логогриф, окказионализм, диалог т.б. тәсілдер соның айғағы бола алады. Аталмыш тәсілдер өлеңнің интонациялық-мелодикалық үйлесімін күшейтіп, ырғақ жүйесіне жаңа мән үстейді. Сөйтіп, баланың ойы мен сезімін қозғап, таным көкжиегін кеңейтеді. Олардың бірқатары ауыз әдебиетінің үлгілерінде кездесе қоймайды немесе жаңа мән арқалап, түрленіп көрінеді.

Екіншіден, қазақ поэзиясындағы ырғақтық, стильдік һәм формалық трансформациялардың табиғатын тану үшін өлең өлшемдеріне мән беру керек деп ойлаймыз. Себебі, силлабикалық өлең жүйесіне жататын қазақ поэзиясындағы кез келген жаңа құбылыс оның буын жүйесінен көрініс табады. Балалар фольклорынан жеткен 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 буынды өлшемдер балалар әдебиетінің соңғы бір ғасырлық тарихында едәуір құбылып, түрленіп үлгерді. Әдеби эксперименттерге батыл барған қаламгерлер аталмыш өлшемдерді пайдалана отырып қазақ балалар поэзиясының ырғақтық, интонациялық, мелодикалық жүйесін байытты. Тіпті балалар поэзиясынан 1, 2, 3, 13, 14, 15, 16 буынды өлшемдермен жазылған өлең-жырларды кездестіруге болады. Қазақ балалар поэзиясындағы модификация мәселелерін өлең өлшемдері тұрғысынан сөз еткенде, олардың екі түрлі бағытта жүзеге асқанын байқауға болады. Біріншіден, дәстүрлі өлшемдермен жазылған өлең жолдары бірнеше тармаққа жіктеліп, әр сөз бен сөз тіркесіне ерекше екпін түсіру дәстүрі орнықты. Екіншіден, буын саны әртүрлі өлшемдерді еркін сабақтастыра отырып өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесін байыту дәстүрі орныққанын айтуға болады. Осылайша, ақындар өлеңнің ырғақ жүйесін құбылтып, түрлендіріп, белгілі бір сөздер мен сөз тіркестеріне ерекше екпін түсіріп, эмоциялық, семантикалық салмағын арттыруды көздейді.

Н.Құдайбергенов. Балалар поэзиясының құрылымдық трансформациясы // Қазіргі поэзиядағы модификация: стиль, ырғақ, форма: Ұжымдық монография. – Алматы: «Қазына», 2024. – 225-227-беттер.

Қазақ әдебиетінде модернистік айшықтар XX ғасырдың басында-ақ көрініс тапқанын ғалымдарымыз бір ауыздан мойындайды және олар М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Ерубаев, С.Сейфуллин сынды ақын-жазушылардың шығармаларында модернистік әдебиетке тән белгілер барын айтады. XX ғасырдың басындағы аласапыран тұста саяси-әлеуметтік жағдаяттың өзі қазақтың ақын-жазушыларын модернистік поэтиканың мүмкіндіктеріне қол созуға итермелеген сияқты. Жұртты жырмен оятпақ болған арыстар ағартушылық идеяларын жеткізу жолында дәстүрлі машық-мәнерге мүлде

ұқсамайтын жаңаша түр тауып, әртүрлі әдеби эксперименттерге барды. Көркемдік-эстетикалық платформаны, әдеби-көркемдік Темірказықты анықтауға деген ұмтылыстың күшейген тұсы да осы кезең болатын. Алайда, 20-жылдардың басында құрылған КСРО-ның билігі күшейіп, 30-жылдардың басында өнердегі көркемдік-эстетикалық ағым-бағыттарды, мектептер мен қозғалыстарды шектеуге көшті. 1934 жылы социалистік реализм КСРО-ның ресми эстетикалық идеологиясы болып бекігеннен кейін модернистік сарында қалам тербейтін қаламгерлердің жолы жабылып, өздері құғынға ұшырады. Себебі, КСРО модернизмді социалистік реализмге қарсы көркемдік жүйе деп танып, антиканон санады. Бұл, бір жағынан, социалистік реализмнің іргесін бекітіп, көркемдік ұстанымдарын күшейте түсу үшін де қажет болды. Ал модернизмге әдеби ағымнан гөрі «өзге», «жау» – Батыстың зиянды идеологиялық арнасы деп қарау басым болды.

Социалистік реализмнің шындыққа деген қатынасы, көркемдік туралы қағидаттары әсіре идеологияның шеңберінен шыға алмай, өнер туралы түсініктер қасақана саяси сипат алды. «Социалистік реализм модернизмдегідей жеке кейіпкердің ой ағысы мен сана күресінің арасындағы арпалысқа түсіп жатпайды» [10, 19] деген Б.Қанарбаваның пікірі орынды. Себебі, социалистік реализмнің өзіндік принциптері бар. Жалпы, реализм дегеніміз – объективті шындықты ту етіп, өмірді, табиғатты, адамды, оқиғаларды қаз-қалпында суреттейтін, бастау негізі О.Конттың позитивистік идеяларынан нәр алып жатқан ағым. Позитивизм көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын, өлшемге сыятын, тәжірибеде сынап көруге келетін дүниелерді ғана шындық деп қабылдады және оның аясынан тыс, рационалды сана шеңберіне сыймайтын дүниенің бәрін діни не метафизикалық шалдыр-шатпақ деп теріс айналды. Сондықтан да, социалистік реализм метафизикадан түбегейлі бас тартты, дінге қарсы шықты немесе діни қайраткерлерді жағымсыз бейнеде суреттеді. Қоғамдық қатынастардың бәрінің түп-өзегінде таптық қайшылықтар мен экономикалық шарттар жататынын басшылыққа алатын марксистік идеология өнердің құбыласына айналды. Шығарманың тақырыбы, идеясы, сюжеті, кейіпкерлер жүйесі т.б. сынды көркемдік элементтердің бәрі шынайы өнер қағидаттарының шеңберінде емес, бай мен кедейдің күресі, езілген таптың мүддесі деген ұрандардың аясында бағамдалып, өнер туындысының социалистік шындықты арқау еткендігіне баса назар аударылды. Өнерге өмірдегі советтік-социалистік шындықтың сәулесі ретінде қарау басым болды. Шығармадағы кейіпкерлер жүйесі жағымды және жағымсыз деп бөлініп, жағымды кейіпкерді еңбек адамы, партияға қарсы шықпайтын, өзіне жүктелген міндетті мінсіз орындайтын, байларға қарсы күресетін адам ретінде суреттеу басым болды. Типтендіру тәсілі арқылы жалпыға

тән ортақ бейне жасалып, оның сыртқы өмірін, айнала тіршілігін суреттеуге мән берілді де, жекелеген адамдардың ішкі күйініш-сүйініші, уайым-қайғысы, арман-аңсары, ешкімнің басында жоқ ерекше жағдаяттары терең ашылған жоқ. Әдебиетті осындай идеологиялық тар шеңбермен шектеу өмірдің шынайы бейнесін толыққанды ашып беруге жарамайтын еді.

Н.Құдайбергенов. Қазіргі қазақ поэзиясындағы модернистік айшықтар // Әлем әдебиетінің даму контексіндегі қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістері: көркемдік ағым-бағыттар: Ұжымдық монография. – Алматы: Service Press, 2025. – 148-149-беттер.



БЕКЗАДА ШАКИЗАДАЕВНА ҚОЖЕКЕЕВА
Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

1961 жылы 25 сәуірде Шымкент қаласында дүниеге келген. 1978 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы №216 Қ.Сатбаев атындағы орта мектепті бітірді. 1981-1983 жылы Алматы қаласындағы республикалық медицина училищесін, 1999 - 2003 жылдары «Дарын» әлеуметтік - гуманитарлық институтын үздік дипломмен тамамдады.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1999 -2003 жылдары Алматы қаласы №74, №158 мектептерінде Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, 2003-2008 жылдары «Дарын» әлеуметтік институтында оқытушы, аға оқытушы, 2008 жылдан Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде оқытушы. Филология ғылымдарының кандидаты (2010), қауымдастырылған профессор (2017). 2018 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым қызметі комитеті қаржыландырған 2022-2024 жж «Ұлттық әдебиеттегі алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы» атты гранттық жобасының жоба орындаушысы. 2008-2011 жылдан бері факультет бойынша, одан кейін Қазақ әдебиеті кафедрасы бойынша практикаға жауапты, Кәсіподақ ұйымының кафедра бойынша жауапты төрайымы.

Әдеби-ғылыми бағыты: Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; қазақ әдеби сынының тарихы; қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.

Негізгі ғылыми нәтижелері: «Заманның түрін естіңіз» атты өлеңдер жинағының құрастырушысы, «Асан Барманбекұлы» және «Асан Барманбекұлының ақындық тұлғасы», «Жамбыл поэзиясындағы авторлық ауызша әдебиет дәстүрі», «Ұлттық әдебиеттегі алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы» атты монографиялары және «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы: зар заман әдебиеті», «Қазіргі қазақ драматургиясы» атты оқу құралдары жарыққа шықты. «Қазақ әдебиетінен тапсырмалар жинағы» атты оқу құралын, «Әдеби процесс және жанрлардың дамуы» жинағының құрастырушысы болды. 2 электронды оқулығы және уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 30 мақала, Скопус базасында 3 ғылыми мақаласы жарық көрді. Басқа да басылымдар мен конференциялар жинақтарында, симпозиумдарда 200 ден астам мақалалары жарияланды.

Марапаттары: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін мерейтойлық «Құрмет

белгісі» медалімен марапатталған (Куәлік №317. Алматы, 2014 ж.) Қоғамдық марапаттар мен атақтар жөніндегі Республикалық Кеңес марапат алқасының 2018 жылғы 18 мамырдағы №134 бұйрығы бойынша «Білім беру саласының үздігі», Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін мерейтойлық «Құрмет белгісі» (2024), «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі (2026).

Студенттердің теориялық білімін практика барысында ұтымды ұштастыра білгені және Білім беру жүйесінде шығармашылық тұлға қалыптастырудағы еңбегі үшін №158, №123, №140 мектептерінің алғыс хаты,

ҚазМемҚызПУ ғылыми әлеуетін дамытқаны үшін Алғыс хатпен (2013), Университеттің дамуына қосқан зор үлесі мен белсенді қызметі үшін ректордың Алғыс хаты (2021, 2023, 2024, 2026), Алматы қаласы Білім басқармасы қалалық бөлім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми әдістемелік орталығының атынан Алматы ұстазы конкурсын ұйымдастыру мен өткізуге қосқан үлесі үшін Директордың Алғыс хаты (2023)

Ұстаздар күніне орай Алматы қаласы, Алмалы ауданы әкімі атынан білім беру жүйесіндегі көп жылдық еңбегі үшін Алғыс хат (2023) ҚР жоғары білім және ғылым саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін Министрдің Алғыс хаты (2024), Оқу-әдістемелік ісіндегі шеберліктері мен жетістіктері үшін Алматы қаласы, Алмалы ауданының Әкімінің – Алғыс хаты (2024), Университеттің 80 жылдық тойының қарсаңында «Менторлық мәселелер және шешу жолдары» дөңгелек үстелге қатысып, кәсіби міндеттерін адал атқарғаны үшін Ректордың Алғыс хаты (2024).

Алматы қаласы, А.Байтұрсынұлы музей-үйімен тығыз байланыста болып, қолдау көрсеткені үшін Алғыс хаты (2026)

«Университет-мектеп: сенімді сеіктес» атты әдістемелік семинарына белсенді қатысқаны үшін Алғыс хат (2026).

Республикалық «Мақатаев оқулары» конкурсында қазылық еткені үшін «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының Алғыс хаты (2026)

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

Ақын жанының айқайы – елдің тәуелсіздігі жолындағы ащы айқай болатын. Бұл сипаттарды өмірдің ақиқатына салған ақын оны шығарманың мазмұнына айналдырып, мазмұн мен түрдің үйлесімін жасай білді. Мұны жай ғана баяндап қоймай әдеби көркемдеу құралдары арқылы, образды сөздердің үстімен көрсетуге тырысты. Ол үшін бір оқиғаны беруде бірнеше көркемдіктерді қатар пайдаланып нағыз көркем сөзшебері екенін танытты.Әсіресе елдің экономикалық өзгеріске ап

дегеннен үйреніп кете алмай тосын дүниедей қарауы ақын ойымен дәл де анық сипатталады. Базар саясатының, нарық заманның қулығы мен тапшылығы қарапайым халықтың күйзелісіне әкелгенін біледі. Бірақ бұл құбылыс ақындар шығармашылығына үлкен серпілісті, тың тақырыптар мен суретті, әдемі көркемдікті, тілдік, троптық өзгешеліктерді әкелді. Соның бәрінде де ақынның психологиялық ой иірімдеріне түсіп кетуіне, сезіміне, әсер етіп, көңіл күйіне айтарлықтай салмақ түскенін байқаймыз. Басқа барлық ақындар сияқты Асан Барманбекұлы да өзінің алдындағы ақындардан үйренуге ден қойған, сол ақындардың жолын жалғастырушы екендігі басы ашық айқын дүние.

(Кожекеева Б. Асан Барманбекұлы. Монография. – Алматы: «Бекқожанова А.Г.» баспаханасы. 2013, – 224 бет. 206-207 б.)

XIX ғасырдағы әдеби дамуда авторлық ауызша әдебиет ықпалды шығармашылық өріс түзді. Жаңа көркемдік беталыстарды жатсынбай, еркін шығармашылықпен сіңіріп жаңғыру, түлеу үдерісінде түпбастау арналарын, төлтума сипаттарын, дәстүрлі рухани кеңістігін бұзбай сақтады. Авторлық ауызша әдебиеттің ұлт тарихындағы ағартушылық бағыттағы ықпалды өріс; азаматтық, азаттық күрес поэзиясы аумағындағы арна түзген ағыстары әдеби мұра құндылығында тарихи мәнге ие болып қалды.

XIX ғасырда жанрлық көптүрлілiктегі жасампаз бұл әдеби бағыт жаңа жазба әдебиеттің басты даму негіздерінің бірі болды.

(Мәдібаева Қ.Қ., Қожекеева Б. Жамбыл поэзиясындағы авторлық ауызша әдебиет дәстүрі. Монография. Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2018 – 185 бет. 179 б.)

Тәуелсіздік жылдар драматургиясындағы дәстүрлік сипаттың нығаюы – қағидалылықты жоққа шығарудың бір әдісінің өзі болып табылады. Әдеби сана сезімнің қарқын алу кезеңдерінде жанр шығармашылық жаңаруға деген талпыныспен ұстап тұрады және онымен қоймай, оны үнемі жаңартып отырады. Осы бастамалардың екіұштылығымен танылған жанр, қарама-қайшы болса да, өте маңызды әдеби шығармашылықтың белгісіне айналады.

Тарихи сананың сілкініп-серпілген тұсында оның жықпыл-жықпылында жасырын тыныстап жатқан бағзы бейнелердің немесе қағазға хатталып әйтпесе ауызша жеткен, этностың жан-жүрегіне жақын, киелі, қасиетті ұғымдардың бүтінгі болмыспен шарпысуының әдебиет әлемінде бедерленуі – қызық құбылыс.

(Қожекеева Б.Ш., Сейсенбиева Э.С. Қазіргі қазақ драматургиясы: Оқу құралы. Алматы баспасы. 2019 – 160 б. 8 б)

Бұрынғы жыраулар поэзиясымен үндесіп жататын өршілрухпен қатар зар заман ақындарының шығармаларында сары уайымға салыну, қайғы – мұңға берілу сарынының байқалуы да заңды құбылыс. Бұл жердегі ақырзаман – әлемет апат, жер бетіндегі нәрсенің тып-типыл болуы емес, отаршылдықтыі уысына мықтап түскен ұлттың күйреуі сипатындағы ақырзаман.

Зар заман ақындары отаршылдықтың белең алуынан бастап қайраткерлік биікке көтерілді. Ақындар бар қажыр қайратын жұртының санасын оятуға жұмсады. Олар ел басына төніп келе жатқан қатерді, зорлық-зомбылықты, алдын-ала түсініп, одан келер зардаптарды күнілгері тайға таңба басқандай айтып берді. Отаршылдардың ойранына жол ашқан өз халқының кейбір жандайшаптарын аяусыз сынға алды, кей тұста ел бірлігінің келмеске кетіп бара жатқанына қынжылып, өздерінің өткір сөздерімен түйреп өтті. Зар заманның бүкпесіз баяндалған оқиғаларын кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды.

(Қожекеева Б.Ш. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы: Зар заман әдебиеті: оқу құралы. – Алматы, Онон, 2015. – 158 б. 21 б.)

XX ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметінде ұлттық, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздік алып беру мен отаршылдық құндылықтан азаттық алу жолындағы күресінде көмектесуге ұмтылды, әрбір адамның және әрбір халықтың жеке өз бостандығына құқығы мен бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізу сияқты жалпыадамзаттық қазыналар үшін күресті. Қазақ зиялылары 1905 жылдан бастап осы мақсатта дала өмірінде қызу қызмет жүргізді. Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшыныстыояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Қазақ зиялыларының барша қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады. Ұлттық «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің, «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен басқа да баспасөз беттерінде олар тек білім ғана өркениетті дүниеге жол ашады, қазақтардың ұлт ретінде сақталуына көмектеседі деп, қазақ халқын білім алуға шақырды. Тіл мен әдебиетті дамыту ерекше бөліп көрсетілді.

(Ұлттық әдебиеттегі алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2024. - 320 бет.)

ҚОНАЕВ ДИАР АСҚАРҰЛЫ

Ата-анасы:

– Қонаев Асқар Меңдіахметұлы (1929-1999), көрнекті ғалым-металлург және ғылымды ұйымдастырушы, 1974 – 1986 жылдар аралығында Қазақстан Ғылым академиясының президенті, КСРО Ғылым академиясының және Қазақстан Ғылым академиясының академигі, техникалық ғылымдардың докторы, профессор, Республиканың еңбек сіңірген қызметкері, КСРО және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты.

- Әуезова Ләйла Мұхтарқызы (1929-1993), ірі тарихшы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің әдеби-мемориалдық мүзейін ұйымдастырушы және 1963 - 1993 жылдарда осы музей директоры болған.

Диар Асқарұлы Қонаев 1961 жылғы 5 ақпанда Алматы қаласында дүниеге келген. Қ.И. Сәтбаев атындағы №56 орта мектепті аяқтап, 1978 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, оқуын үздік тәмамдаған. 1983 – 1987 жж. осы филология факультетінде орыс және шетел әдебиеті кафедрасында тағылымгер-зерттеуші болып жұмыс істеген және «әдебиет теориясы» мамандығы бойынша аспирантурада оқыған. 1988 жылы «М.О. Әуезов және орыс әдебиетінің көркем тәжірибесін шығармашылық тұрғыдан игеру» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

1987-1998 жж. Республикалық Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының М.О. Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеу бөлімінде кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді.

1998 жылғы қыркүйектен бастап бөлім меңгерушісі, 2000 жылғы сәуірден бастап жетекші ғылыми қызметкер, кейін бас ғылыми қызметкер болды. 2000 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Әуезов үйі» Ғылыми-мәдени орталығының директоры лауазымына тағайындалды.

ҚР тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Диар Қонаев қазақ әдебиетінің классигі М.О. Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеуге қатысты өзінің көптеген еңбектері мен мақалаларын жариялады.

1992 жылы Алматыда «Рауан» баспасында Д.Қонаевтың «Мұхтар Әуезов және орыс әдебиеті» монографиясы жарық көрді.

Бұл еңбекте орыс классикалық әдебиетінің М.О. Әуезов шығармашылығына тигізген әсеріне талдау жасалған. Кітапта қазақ жазушысының өз замандастары – орыс мәдениетінің көрнекті өкілдерімен тығыз шығармашылық ынтымақтасудың мысалдары келтірілген, бұл байланыстардың өзіндік ерекшелігі, бір бірінің шығармашылығын байытудағы рөлі көрсетілген.

Д.Қонаевтың ғылыми-зерттеу жұмысының басты бағыты - М.О. Әуезовтің шығармашылық мұрасын жинау, зерттеу, жариялау және насихаттау, бұл орайда қазақ әдебиеті дүниежүзілік әдебиетпен өзара байланыста қарастырылады.

2011 жылы М.О. Әуезовтің 50 томдық толық академиялық шығармалар жинағын жарыққа шығару жұмысы аяқталды («Жібек жолы», Алматы қ., жоба жетекшісі Д. Қонаев), бұл жинақта М.О. Әуезовтің барынша мол көлемдегі шығармашылық және ғылыми мұрасын құрайтын бұрын жарияланбаған архивтік материалдардың, хаттардың, белгісіз қолжазбалардың, нобайлардың, қойын дәптердегі жазбалардың, баяндамалардың, түрлі формдар мен пікірталастарда сөйлеген сөздерінің, дәрістерінің, пікірлерінің өте көп саны қамтылған.

Д. Қонаев бөлім-музей қызметкерлерімен бірге М.О. Әуезовтің шығармашылығы бойынша көптеген монографияларды жазуға белсене қатысқан, атап айтқанда:

«М.О. Әуэзовтің өмірі мен шығармашылығының жылнамасы» (Алматы, «Ғылым», 1997 ж., 63 б.т.), бұл Мұхтар Әуезовтің сан қырлы көркем, ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметін зерттеу үшін ең толық және құнды көзі.

«М.О. Әуезов шығармашылығы бойынша библиографиялық көрсеткіш» 2005 және 2009 жж. 3 рет шығарылды, жалпы көлемі 75 б.т. болды. Бұл көрсеткіш М.О. Әуэзовтің жарияланған шығармаларының, оның өмірі мен шығармашылығына арналған қазақ және орыс тілдеріндегі, сондай-ақ әлем халықтарының басқа тілдерінде жазылған зерттеулер туралы библиографиялық мәліметтердің ең толық тізбесі.

Д. Қонаев «М.О. Әуезов замандастарының естеліктерінде» атты кітап дайындады (Алматы, «Жазушы», 1997 ж.), бұл жинаққа замандас жазушылардың, оны жақын танитын, қызметтес болған адамдардың, оның әдеби мұрасын зерттеген ғалымдардың естеліктері енгізілген.

2005 жылы «Жібек жолы» баспасынан жарыққа «Белгісіз Әуезов» атты кітап шықты (Құрастырған: Д.Қонаев, Р.Әбдіғұлов)

2008 жылы Д. Қонаев «Мұхтар Әуезов және Алматы» атты кітабын дайындап, баспаға тапсырды, бұл кітапта ұлы қазақ

жазушысының Алматыда тұрған кезіндегі өмірі мен шығармашылығы сипатталған.

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңде «Әуезов үйі» ҒМО бірнеше ұжымдық монография дайындап, жарыққа шығарды: «Ұлттық қайта өркендеу процесіндегі қазақтардың этномәдени дәстүрлері және олардың М.Әуезов шығармашылығындағы көрінісі» (Алматы, 2004), «М.О. Әуезовтің 20–30-жылдардағы көркем-эстетикалық ізденістері» (Алматы, 2006), «Мұхтар Әуезов және қазіргі қазақ әдебиеті» (Алматы, 2009), «М.О. Әуезов шығармашылығындағы тәуелсіздік идеясы» (Алматы, 2011). Бұл монографияларды жазуға Д. Қонаев белсенді қатысты, олардың әрқайсысында ол жазған көлемді мақалалар бар.

Монографиялар:

1. «Мұхтар Әуезов және орыс әдебиеті» (монография), «Рауан», Алматы, 1993 ж.

2. «Мұхтар Әуезов және әдебиеттердің өзара байланысы» (монография), Алматы, 2021 ж.

Кітаптар:

1. «Мәңгі құндылықтар жасампазы» (М.М. Әуезовпен бірлескен автор). Төрт тілде: ағылшынша, французша, қазақша, орысша. «Жібек жолы», Алматы, 1997 ж.

2. М.О. Әуезов. Туыстар мен жақындарға жазылған хаттар, Алматы, «Білім», 1997 ж.

3. «М. Әуезов. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы күнтізбе». «Жібек жолы», 1997 ж. (құрастырушы).

4. Л.М. Әуезова. «Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихының мәселелері», (құрастырушы және алғысөз авторы), «Санат», Алматы, 1997 ж.

5. «Мұхтар Әуезов әлемі», (құрастырушы, редакция алқасының мүшесі), «Жазушы», Алматы, 1997 ж.

6. «Фотоальбом «Казақтар. Халық келбеті», (Алғысөз авторы, құрастырушы, түсініктемелер), «Комплекс», Алматы, 2001 ж.

7. «Шағала» Ернар Әуезов. (жауапты редактор), Алматы, «Жібек жолы», 2003 ж.

8. «Әуезов әлемі». Алғысөз авторы, құрастырушы, редактор. Алматы, «МКА», 2004 ж., 212 б.

9. «Қазақ әдебиетінің классикасы». (Редакция алқасының мүшесі, 4 мақаланың авторы), Алматы, 2009 ж.

10. «Мұхтар Әуезов». Энциклопедия. «Атамұра», Алматы. 2011 ж. (Бас редакция алқасының мүшесі және 42 мақаланың авторы).

11. «Мұхтар Әуезовтің мемориалдық музей-үйі». (Мәтін авторы). Буклет, Алматы, «Кредо», 2011 ж.

12. «Мұхтар Әуезовтің мемориалдық музей-үйі». Құрастырушы және алғысөз авторы. «Signet print», 2013 ж.

13. «Мұхтар Әуезов кітапханасы». (Редакция алқасының мүшесі және басылымға жауапты), Қарағанды, 2015 ж.

14. Гүлзия Пірәлі «Мұхтар Әуезов Ленинградта» (Редакция алқасының мүшесі және басылымға жауапты), «Елтаным», Алматы, 2015 ж.

15. «Өнегелі өмір» сериясы. «Мұхтар Әуезов» (Редакция алқасының мүшесі және құрастырушылардың бірі), «Қазақ университеті», Алматы, 2017 ж.

16. «Өнегелі өмір» сериясы. «Асқар Қонаев» (Редакция алқасының мүшесі және құрастырушылардың бірі), «Қазақ университеті», Алматы, 2019 ж.

17. «XVII Әуезов оқулары», Алматы, «Brand book», 2020 ж. (Редакция алқасының мүшесі).

18. «М.О. Әуезовтің Қазақстандағы әдебиеттану және әдеби сынның дамуы мен қалыптасуындағы ролі», Алматы, «Brand book», 2020 ж. (Жауапты редактор, редакция алқасының мүшесі).

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

«1940 жылдардың соңы – 1950 жылдардың басы аралығында сыни ізденістерде екі бағыт болғаны туралы тұжырымдама жасауға болады, бұл - «қылмыстық-әшкерелеу бағыты», ол іс жүзіндегі фактілерді бұрмалауға және мәтіндермен үстіртін танысуға негізделген, «М. Әуезовтің буржуазиялық-ұлтшылдық көзқарасының» таптық тамырын ашуға бет алған; және әдебиеттанудың әдістемелік қағидаттарына сүйенетін және Абай Құнанбайұлы туралы романдар циклінің көркем әлемін тануға, суреткердің кеңестік және әлемдік әдебиет тарихындағы орнын зерттеуге, оның жазушылық дарынының әртүрлі қырларын ашуға мүмкіндік беретін объективті, нағыз ғылыми бағыт».

(Д.Қонаев. «М.О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы орыс әдеби сынында». «М.О.Әуезов шығармашылығындағы этно-мәдени дәстүрлер» монографиясынан. – Алматы, 2004. – 110-б.)

«М.О. Әуезовтің әдебиеттану және сыни мақалалары жайлы сөз қозғай отырып, біз оны биік мәдениет үлгісі, дәлдігінің арқасында тұрақты сыни тұжырым, көз алдында қазақ мәдениетінің үш кезеңі өткен ақылды әрі зерек куәгердің ерекше құнды айғағы ретінде зерттейміз.

Жазушы өз мақалалары арқылы тек замандастарына емес, бізге де, бүгінгі адамдарға да үндеу тастаған. Оның ескірмейтін ойлары уақыт

өте келе күнгірттенген жоқ, біздің XXI ғасырда да маңызды әрі өзекті болып қала береді.

Соңғы жылдары ғалымдардың әдебиет туралы ғылымның тарихын, атап айтқанда М.О. Әуезовтің әдебиеттанудағы мұрасын зерделеуге жиі назар аударуы бұл бағытта зерттеу тереңдігімен бірге жазушыны әдебиеттануда қызықтыратын тақырыптарды барынша толық қамту қажеттігін көрсетіп тұр.

Тап осы әдебиеттануға арналған зерттеулерінде М.О. Әуезов қазақ қоғамының рухани өміріне қатысты өзінің салмақты әрі өзіндік ерекше мәнді сөздерін айтты».

(Д.Қонаев. «М.О. Әуезовтің ғылыми еңбектеріндегі қазақ-орыс әдеби байланыстарын зерттеу мәселелері». «М.О.Әуезов және қазіргі қазақ әдебиеті» кітабында, Алматы, «Арда», 2009, с.356)

«XX ғасырдың басында ағартушылық пен білімге деген асқақ құштарлық бүкіл далаға тарады. Бұған Абай шығармашылығы, оның өлеңдері мен әндерінің баурап алатын, жаңғыртушы күші ерекше ықпал етті, Абайдың, кейін Шәкәрімнің де философиялық өсиеттерінің айрықша зияткерлік қуаты олардың ізбасарларының рухани ізденістерінің қарқынын айқындады. Сондай-ақ өздерінің халық тағдыры үшін тарихи маңызы зор ерекше жауапкершілігін және оның нәтижесін терең сезінуіне әсер етті. Құрамынан Мұхтар Әуезов шыққан атақты Шыңғыстау мектебінің негізін қалаушылардың қызметі мол жемісін берді. Жиырмасыншы жылдар Қазақстанның қоғамдық өмірінде атақты тұлғалардың есімдерімен айшықталған ренессанстық дәуір болды.

Олардың іс-әрекеттерінің үйлесімділігі айқын байқалады. Олар бірін бірі толықтыра отырып, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының, ғылыми және техникалық практиканың маңызды салаларын бірге игерді. Өздері Отан деп таныған, олардан азаматтық іс-әрекет талап еткен туған жерінде жаңа рухани-шығармашылық және қоғамдық-саяси ахуалды бірлесіп қалыптастырды.

А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, М.Жұмабаев, Ж.Досмұхамедов, С.Асфендияров, І.Жансүгіров, Қ.Жұбанов. Сондай-ақ ағартушылардың, публицистердің, ғалымдардың, қоғам және саясат қайраткерлерінің жүздеген есімдері. Бүкіл түркі әлеміне ықпал еткен зиялы қауымның жарқын шоғыры. Бұл уақыт жағынан қысқа болса да, ерекше жарқын өрлеу кезеңі болды. Кейінгі қуғын-сүргіннің қанды дауылында сол өрлеуді дайындағандардың көбі қаза тапты. Олар қаза тапқанымен, із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ. Олардың әрқайсысы өз қызметінде сан қырлы әрі нәтижелі болды, өмірінің басынан аяғына дейін бәрі де ортақ ұлы мақсатқа – Қазақстанның тәуелсіздігіне қызмет

етуге арналды. Оларға ең жоғары дәрежеде жарқын романтизм тән еді. Ол құғын-сүргін жағдайында да сақталды, бірақ енді қайғылы құрбандық сипатында көрінді».

(Д.Қонаев. «XX ғасырдың 40-жылдары - 50-жылдардың басындағы шығармашылықтың жаңа шыңдары». «М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны» кітабында, Алматы, «Evo press», 2014, 254-б.)

«М.О.Әуезов атап көрсеткендей, әдебиеттердің өзара байланысында ұлттық әдебиеттегі шығармалар жайлы жетекші сыншылардың пікірі аса маңызды мәнге ие. Ұлттық жазушылардың шығармаларын орталық басылым беттерінде білікті талдау мен бағалау авторлардың шығармашылық ізденісіне ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қатар оқырмандардың жоғары эстетикалық талғамдарын қалыптастырады, шығармашылық тәжірибе алмасуды жандандырады, авторлардың өзге әдебиет жетістіктерімен кеңінен танысуына, оның маңызды шығармашылық мәселелерін айқындай түсуге көмегін тигізеді.

М.О.Әуезов бұл бағыттағы жетекші сыншылардың үлесіне қосыла отырып, жалпыодақтық әдеби дамудың белсенділігі үшін көркем сынның басым болуын қолдайды.

Ол ұлттық республикаларда Ордубады, Айни, Айбек, Кербабаев сияқты т.б. романдары бүтін бір том болатын жазушылар бар және белгілі журнал беттерінде олардың шығармашылығын сипаттайтын мақалалар мен сыни зерттеулер жазуға тұрады деп санайды.

М.О.Әуезов шығармашылық дәстүрлердің дамуы мен баюы және қазақ, орыс, әлем классикасының шығармашылық тәжірибені меңгеруі – өзара байланысты құбылыс деген пікірге келеді».

(Д.Қонаев. «Мұхтар Әуезов және орыс әдебиеті», «ТМД елдері ғалымдарының М.О.Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеу мәселелері. Ұжымдық монография. – Алматы, 2017. – с. 71.)

«Мұхтар Әуезовтің шығармашылық жолын бастауы, оның алғашқы туындылары және «Қилы заман» повесін жазу кезеңі ірі тарихи өзгерістер мен әлеуметтік бетбұрыстар дәуірімен тұспа-тұс келді, бұл оқиғалардың көбіне өзі де тікелей қатысқан болатын. Бұл жағдай оның шығармашылығында толық көрініс тапты.

1920-жылдар әдебиетінде кеңінен сипатталған тарихи тақырыпқа деген қызығушылық ұлттық сананың өсуімен, халықтың тарихтағы өз орнын айқындауға ұмтылысымен, сондай-ақ азаттық жолында күрескен алдыңғы буын өкілдерінің дәстүрлерімен сабақтастықты сезінуге деген талпыныспен байланысты болды. Мұхтар Әуезовтің өзін «анықтама-адам» деп атауы да тегін емес, өйткені ол өз ғұмырында үш қоғамдық формацияны бастан өткерді.

Көркем түйіндеме жасай отырып, Мұхтар Әуезов шынайы өмірдің ең кең тараған, жиі кездесетін жағдайларын іріктеп алады да, оларды тарихи ахуалды қайта жаңғыртуға, бейнелер мен мінездерді құруға қажет фактілермен толықтырады».

(Д.Қонаев «Абай жолы» роман-эпопеясын орыс тіліне көркем аудармалау мәселелері» (М.О.Әуезов пен Л.С.Соболевтің арасындағы хаттарға негізделген). «М.О.Әуезовтің шығармашылық мұрасындағы белгісіз материалдарды зерттеу, жүйелеу, жариялау мәселелері» кітабында, «Print express», Алматы, 2017, 101-б.)

«М.О.Әуезов шығармашылығының түркі халықтар әдебиеттерінің дамуына ықпалы жайлы тақырып практикалық тұрғыдан қызықты және пайдалы, мұнда КСРО халықтарының түркі тілді әдебиеттеріне қазақ жазушысының шығармашылығы тигізген нәтижелі идеялық-эстетикалық әсерінің рөлі ерекше орынға ие. Ұлттық көркем әдебиеттегі М.О.Әуезов дәстүрлері мен түркі әлемінің жарқын өкілдерінің қазақ әдебиетінің классигінен үйреніп, сабақ алуы бауырлас халықтардың көптеген әдебиеттанушыларының назарынан тыс қалған жоқ.

Бұған мұқият жинақталып, шебер пайдаланылған архивтік-құжаттық материалдардың мол дереккөздер базасы ықпал етті, олардың ғылыми-дәлелдік күші қаламгердің шығармашылық зертханасына қатысты белгілі бір мәселелер төңірегіндегі ой-толғамдар барысында айқын көрінеді.

Зерттеушілер жекелеген халықтар әдебиеттерінің өзара ықпалын олардың қоғамдық-экономикалық алғышарттарымен дұрыс байланыстыра отырып, Орталық Азия мен Кавказ халықтарының көркем-мәдени өмірінен алынған мысалдарды келтіріп, бұл құбылыстардың бірлігін шығармашылық өзара байытудың ажырамас шарты деп санады.

М.Әуезов шығармаларына тән айқын ұлттық рухты атап көрсете отырып, зерттеу авторлары жазушының өзіне ғана тән қайталанбас стилінің дара ұлттық болмысын табуға ұмтылған көркемдік-эстетикалық ізденістері аясында оның талантының осы ажырамас қасиетінің терең тамырларын ашып көрсетуге талпынды».

(Д.Қонаев «Мұхтар Әуезов және түркі халықтар әдебиеттері». «М.О.Әуезов шығармашылығын мәдениеттер диалогы аясында зерттеу» кітабында, Алматы, «Evo press», 2024, 162-б.)

Туған жеріне, оның мәдениетіне, салттары мен дәстүрлеріне деген ерекше көзқарасы – бұл отанын сүюінің аса маңызды сипаты. Бұл кез келген ұлтты әншейін индивидтер жиыны емес, нағыз ұлт ететін мәдени-геникалық кодтың негізі. Өткен ғасыр жазушылары отанға деген сүйіспеншілікті көптеп жырлаған, олардың ішінде еліміздің

игілігіне айналған М.О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын ерекше атап өткен жөн.

М.Әуезовтің жоғары кәсіби академиялық зерттеулері фольклорды, түркі халықтар әдебиеттерінің тарихын зерделеуде, тіл білімінде, эстетикада, философияда, құқықтануда, сондай-ақ театр өнерінің, кино, музыкалық және пластика өнерінің тарихында жаңа бағыттар пайда болуына себепші болды.

(Д.Қонаев. «Мұхтар Әуезовтің әлемдік әдебиеттанудағы шығармашылық мұрасы». «Әуезовтану тарихы» кітабында, Алматы, «Evo press», 2025, 203-б.)



Қорғанбеков Болат Сағынбекұлы,
Филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының
профессоры

Өмірбаяны:

1964 жылы 16 наурызда Қызылорда облысының Төменарық ауылында дүниеге келген. Ауылындағы № 53 Кеңестер Одағының батыры А.Д.Романов атындағы қазақ орта мектебіне барып, оны 1981 жылы бітірген соң, жоғары оқу орнына түсе алмай, ауылда ашылған аудандық СКТУ (СПТУ) филиалында оқыды. 1982-1984 жылдары Германиядағы Кеңес әскерлерінің құрамында әскери борышын атқарып келген соң, туған ауылында құрылыс жұмысшысы болып істеді. Осы кезеңде аудандық және облыстық газеттерде өлеңдерінің топтамалары жарияланды. 1985-1990 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыды. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысты. Студент кезінде республикалық газет-журналдарда өлең топтамалары, мақалалары жарық көрді. «Алматы», «Алатау» телеарналарынан бірнеше рет өлең оқыды. 1986 жылы Жазушылар Одағының жыл қорытындысында санаулы жас ақын-жазушылар қатарында есімі аталды. 1990 жылы ҚазМу мен ҚарМу арасында өткен және Алматы қалалық студенттер айтысына қатысты. Қазір әбден өркендеп дамыған Тәуелсіздік кезең айтысының қалыптасуына үлес қосты.

1991 жылы Алматы қалалық атқару комитетінің жанынын құрылған Тіл үйрету орталығында оқытушы болды. 1991-1992 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімінде аға лаборант болып қызмет атқарды. 1992-1999 жылдары Өзбекстан республикасындағы Ғ.Ғұлам атындағы Гүлістан мемлекеттік университетінде оқытушы, аға оқытушы, декан орынбасары, кафедра меңгерушісі болып қызметтер істеді. Өзбекстанның Гүлістан қаласында Облыстық қазақ мәдени орталығымен бірігіп, Гүлістан мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы факультетіндегі мамандықтар санын және студенттер санын көбейтуге, орта мектепте қазақ сыныбын ашуға, бұл сыныпты оқулықпен жабдықтауға, Өзбекстандағы қазақ жастарының жыр мүшайрасын өткізуге ат салысты. Өзбекстан қазақтарының республикалық айтыстарына қатысты. 1995 жылы

Гүлістан қаласында Абайдың 150 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырды. 1998 жылдың маусым айында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанындағы диссертациялық кеңесте академик Р.Бердібайдың жетекшілігімен «Шора батыр» жырының ұлттық нұсқалары (генезис, тұтастану, тарихилық мәселелері)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1999-2008 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында әуелі аға оқытушы, кейін доцент болды. Сонымен бірге, университет сенатының және университет жанындағы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы қызметтерін қатар атқарды. Қазақ әдебиеті кафедрасының құрметті меңгерушісі болған академик Р.Бердібайдың қасында атқарушы меңгеруші болды. Академик Р.Бердібай басқарған «Халық университетінің» заңды жалғасы ретінде қызмет атқарған Түркістан қаласындағы академик дәрістерінің өтуіне жәрдемдесті. Студенттер мен мектеп оқушылары арасында абайтану оқуларының өтуін бірнеше рет республикалық, облыстық, аудандық көлемде ұйымдастырып, әкімшілік тарапынан мақтау қағаздарымен марапатталды. Мектеп оқушылары арасында жыл сайын өтетін «Ясауитану» байқауын ұйымдастырушылар қатарында 25 жылдан астам уақыт қызмет етті. 2007-2012 жылдары «Әзірет сұлтан» қорық-мұражайының жанынан құрылған ғылыми топтың құрамында Қожа Ахмет Ясауи өмірі мен шығармашылығын, мәдениетін зерттеумен айналысты.

2008-2010 жылдары Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент бөлімінің қазақ әдебиеті кафедрасында доцент міндетін атқарушы болды. 2010-2011 жылдары Халықаралық гуманитарлы-техникалық университеттің қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы болып дәріс берді. 2010-2015 жылдары «Сырдария» университетінің доценті болды. 2015 жылдан 2019 жылға дейін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, 2019 жылдан қазірге дейін профессоры болып қызмет атқаруда. ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен 2017 жылдың 13 шілдесінде қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алды.

Өзінің тұрақты жұмысымен қатар, Астана қаласы бойынша Дін мәселелері жөніндегі Ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі, «Астана қаласының Дін проблемаларын зерттеу орталығы» ЖШС Орталығының сарапшылар кеңесінің мүшесі ретінде де қызметтер атқарды. Республикалық телеарналарда жиі хабарға түсіп, Шығыс мәдениеті мен әдебиеті, ұлт руханияты жөнінде сөз сөйледі. ҚР Жазушылар Одағының

мүшесі. Өлең-жырлары республикалық басылымдарда жарық көрген. Сол еңбектері ескеріліп, ҚР Президентінің және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің алғыс хаттарын алды.

Негізгі ғылыми бағыты:

Қазақ және түркі халықтары фольклоры, Шығыс классикалық әдебиеті, ежелгі түркі әдебиеті, жыраулар поэзиясы, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, әдебиет теориясы.

Негізгі ғылыми нәтижелері:

Осы кезге дейін 10 мемлекеттік ғылыми жобаға қатысты. 4 монографиясы, 2 оқулығы, 3 оқу құралы, 200-ге жуық ғылыми мақалалары шықты. 4 ұжымдық монографияның телавторы. 4 ғылыми, 2 ғылыми-көпшілік жинақ, 2 хрестоматия құрастырды. Ағылшын, орыс, түрік, татар, өзбек тілдерінде жарық көрген 20-ға жуық мақалалары, Scopus базасында шыққан 4 мақаласы, 3 хирша-индексі бар. Екі оқулығы Түркияда жарияланған. Олар бүгінде Түркияның жоғары оқу орындарында кең қолданыста. Сондай-ақ Түркияда шыққан бір ғылыми жинағы да бар. Қазақ әдебиеті мен мәдениеті жайлы қалам тартқан түрік ғалымдарымның көбі үнемі сол еңбектеріне сілтеме жасайды. Б.Қорғанбековтің ғылыми шығармашылығы жайлы республика ғалымдары ғана емес, ТМД елдерінің ғалымдары да жазды. Қазірге дейін бір докторлық (PhD), 15 магистрлік диссертацияға жетекшілік жасап, сәтті қорғатты.

Монографиялары:

1.Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» және қазақ фольклоры. Зерттеу. Астана: Нұра-Астана, 2011. – 208 бет (үш рет қайта басылды).

2.«Шора батыр» эпосы: нұсқалары, генезисі, тарихилығы. Астана: Фолиант, 2014. – 304 бет (екі рет қайта басылды).

3.Абай дүниетанымы және қазіргі қоғамдағы діннің рөлі. – т. 1. Қорғанбеков Б. Абайдың сопылық поэзиясы. Монография. – Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021. – 270 бет.

4.Қазақ әлеміндегі Қожа Ахмет Ясауи: Монография, зерттеулер. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір»,2025. – 368 бет.

Ұжымдық монографиялары:

1.Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi (құрастырушылар Ә.Қ.Муминов, С.Моллақанағатұлы, Б.Қорғанбек, М.Ж.Садықбеков, Ж.М.Нұрбеков). Алматы: Эффект, 2009, 8-35. – 200 б.

2.Халық әдебиетіндегі тарих көріністері. Қазақ фольклорының тарихилығы. 1 том. Монография. – Алматы: ТОО «НВ Принт», 2016. – 340 бет (телавторлар – С.Қасқабасов, Т.Әлбеков, С.Сәкен).

3.Слово – образ – речь: гранифилологического анализа литературного произведения. Монография. Москва: 2017. - (соавторы – К.Р.Нургалиева, Р.С.Турусбек,...).

4.Түркі халықтарының қаһармандық эпосының салыстырмалы типологиясы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Қазына» баспасы, 2024. – 336 бет (телавторлар - Қ.Алпысбаева, П.Әуесбаева, Н.Елесбай, Т.Әкімова).

Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазып, баспаға дайындаған ғылыми жинақтары:

1.Бабалар сөзі: Көп томдық. Шора батыр. 7 том. (Құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Б.Қорғанбеков). Астана: Фолиант, 2002. – 425 бет.

2.Бабалар сөзі: Көп томдық. Шора батыр. 45 том. (Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған Б.Қорғанбеков). Астана: Фолиант, 2006. – 461 бет.

3.Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар (құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Б.Қорғанбеков). Алматы: Эффект, 2009. – 152 б (үш рет қайта басылды).

4.Kazak destanları V: Şora Batır / Haz.: Bolat Korganbekov; Türkiye Türkçesine aktaran: İsmail Turan Kallimci. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2010. – 209 s.

Құрастырып, алғы сөзін жазып, баспаға дайындаған ғылыми-көпшілік жинақтары:

1.Ақтың оты өшер ме... / құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған Б.Қорғанбеков. Алматы: «Орхон» баспа үйі, 2011. – 152 бет.

2.Бижан Қ Мұра: зерттеу, ғылыми және көпшілік мақалалар, естеліктер, арнаулар / құрастырып, баспаға дайындағандар: Б.С.Қорғанбеков, Б.Есімсейітов, Н.Мәтбек. – Астана: ҚПА, 2015. – 152 бет.

Оқулықтары:

1.Kazak edebiyatı I. Kazak Folkloru ve Sovyet Dönemi Öncesi Kazak Edebiyatı. Stanbul: IQ Sanat Yayıncilik, 2007. – 432 s. (телавторлар – Кенан Коч, Алмагүл Исина).

2.Kazak edebiyatı II. Sovyet Dönemi ve Bağımsızlıktan Sonraki Kazak Edebiyatı. Stanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2007. – 345 s. (телавторлар – Кенан Коч, Алмагүл Исина).

Оқу құралдары:

1.Жыраулық поэзия ерекшеліктері. Оқу құралы. Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018. – 168 бет.

2.Хандық дәуір әдебиеті. Оқу құралы. Алматы, Эверо, 2021. – 200 бет (екі рет қайта басылды).

3.Шығыс халықтарының көне әдебиеті. Оқу құралы. – Шымкент: Шымкент университеті баспаханасы, 2025. – 316 бет (телавтор – Е.Б.Акиндыков).

Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазып, баспаға дайындаған хрестоматиялары:

1.Ән-өлең. Хрестоматия. Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018. – 306 б. (екі рет қайта басылды).

2.XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: хрестоматия / құраст. Б.С. Қорғанбеков (жауапты шығарушы), К. Орынжай, Қ. Кәрібай. – Алматы: Эверо, 2021. – 311 бет.

Scopus базасында шыққан мақалалары:

1. Common measure-patterns of ancient Turkic literature in teaching B.Kenzhebaiuly's research "The strukturem" // Journal of language and literature. May 30, 2016. Dol: 10.7813/jll.2016, 140-145. Телавторлар – М.Шайхыстамова, Қ.Ергөбек, Д.Ислам, М.Бүркітбаева.

2. Modern Internet Epostolary in Information and Media Discourse // Iejme – Matematics Education (Нидерландия). 2016, Vol. 11. No. 5, 1305-1319 Телавторлар –М.Б.Тоқтағазин, Р.С.Тұрысбек, А.А.Үсен, Р.А.Нұртазина, А.А.Храджючка.

3. Concept «teacher» in language consciousness of students of philological faculty // XLinguae (Словакия). 2019, Volume 12, Issue 3, June 2019, ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X, 45-54. Телавторлар – Ф.И.Габдуллина, В.Ф.Макарова, Р.А.Закиров, Г.Ф.Каюмов.

4.Exploring Topics and Sentiment in the English Version of Yassawi's Divan-i Hikmet: A Text Mining Approach // Theory and Practice in Language Studies 2022, 12(12), страницы 2678-2686. Телавторлар – Ж.А.Сүлейменова, Р.Әбілхамитқызы, В.А.Yskak.

Марапаттары:

–11.04.2018 ж. Университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға белсене қатысқаны және студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына баулығаны үшін «Ғылым қызметкерлері күніне» орай Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының алғыс хаты.

– 02.05.2019 ж. 7 мамыр – Қазақстан Республикасының отан қорғаушылар күніне орай және жоғары білім жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі үшін Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Құрмет грамотасы.

– 09.04.2021 ж. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және дала даңышпаны, әлемнің екіншіұстазы ӘбуНасыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойларына арналған іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қосқан үлкен үлесі үшін ҚР Президентінің алғыс хаты.

– 24.03.2024 ж. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті білім мен ғылымды дамытуға қосқан айрықша үлесі үшін «Лев Гумилев» медалі.

– 26.03.2024 ж. Халықаралық қазақ тілі қоғамының мәртебелі белгісі (куәлік № 40),

– 12.06.2024 ж. ҚР ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі (куәлік № 00510).

– 21.05.2026 ж. 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күні мерекесіне орай, Еліміздің мәдениет саласының дамуына қосып келе жатқан зор үлесі мен еселі еңбегі үшін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің алғыс хаты.

Зерттеу нысанынан туған қорытынды ойлары, пікірлері, тұжырымдары:

Қазақ қаһармандық эпосының эволюциялық даму кезеңдері мен генетикалық бастауларын айқындауда М. Әуезов ұсынған концепцияның методологиялық маңызы жоғары. Аталмыш теория батырлық жырлардың негізін тұрмыс-салт фольклорынан, оның ішінде жоқтау жанрынан бастау алатынын негіздейді. Орыс фольклортану мектебі өкілдерінің бұл тұжырымға балама көзқарастар ұсыну әрекеттеріне қарамастан, қазақ эпосының мәтіндік құрылымы мен мазмұндық *архитектоникасы М. Әуезов пайымдауларын қуаттайды.* Қазақ қаһармандық жырларының басты поэтикалық ерекшелігі эпикалық шындықтың эмпирикалық өмір шындығына мейлінше жақындатылуынан көрінеді. Шығармалардағы мифологиялық немесе ғажайып элементтердің өзі логикалық себеп-салдар заңдылықтарына бағынып, реалды құбылыстарға жақындатыла *сипатталады. Эпостың* мұндай когнитивтік сипаты оның айрықша тарихилық деңгейін айғақтайды.

Эпикалық мұра мен жыраулар поэзиясындағы баяндық формулалық құрылымдардың ортақтығы халықтың ұжымдық жадының тұрақтылығын, трансляциялық қуатын айқындайды. Бұл құбылыс тарихи ақпаратты семантикалық деңгейде сақтаудың және киелі наным-сенімдер жүйесімен сабақтастырудың ішкі тетігі қызметін атқарады.

Қазақ эпосының әлеуметтік-функционалдық аукымы өзге өнер түрлері мен көркем жанрлардан көш ілгері тұр. Оның пассионарлық сананы қалыптастырудағы, мемлекетшілдік пен отансүйгістік құндылықтарды орнықтырудағы дидактикалық әлеуеті пәнаралық зерттеулерге жол ашты, ғылыми қызығушылықты арттырды. Осы себепті қазақ эпосы тек филологиялық нысан шеңберінде қалмай, ұлттық бірегейлікті сақтаудың стратегиялық саласы ретінде бағаланады. Эпосты зерттеумен өзге, тіпті жаратылыстану ғылымдары өкілдерінің айналысып кетуының басты себебі осында. Қазақ

эпостануын ғылыми еңбек қана емес, ұлт ұйыстырушылық жолдағы қоғамдық қызмет деп те қараған жөн. Жекелеген эпикалық мұралардың тәрбиелік, танымдық ықпалынан сескенген патшалық отарлау әкімшілігі мен кеңестік тоталитарлық идеология оларды жинауға, зерттеуге және жариялауға цензуралық шектеулер қойды, тыйым да салды.

***

Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен қазақ фольклорының өміршеңдік табиғаты, дидактикалық мәні өзара тығыз байланысқан. «Диуани хикмет» рухани кемелденудің, яғни хал ілімінің теориялық-метафизикалық негізін құраса, қазақ фольклоры осы ілімнің әлеуметтік ортада прагматикалық тұрғыдан орнығуына қажетті институционалдық алғышарттарды қамтамасыз етті. Осы орайда суверенді географиялық кеңістікті білдіретін «макан», әлеуметтік-саяси тұрақтылықты танытатын «заман», ортақ құндылықтар төңірегіндегі біртұтас қауым ретіндегі «ихуан» және легитимді мемлекеттік басқару институтына деген құрметті бекітетін «рабт-и султан» ұғымдары қоғамдық тұғыр ретінде қалыптасты.

Хикметтердің көшпелі субстратта пайда болуы оның ауызша және жазбаша фольклорлық дәстүрмен синтезделуін тездетті. Қазақ өлеңінің негізгі архитектоникалық пішіндері саналатын қара өлең мен жыр үлгісі хикметтердің де негізгі метрикалық өлшемдеріне айналды.

Әзірет Сұлтан кесенесі жай ғана сәулет өнерінің туындысы деңгейінде қалмайды. Ол хал ілімінің мазмұнын, рухани кемелдену сатыларын каллиграфиялық жазулар, композициялық экспликация және интерьер, символикалық артефактілер арқылы танытатын семиотикалық кешен сипатына да ие.

***

Ұлттық идеологиялық парадигманы сыртқы факторлардан іздеудің немесе жасанды идеалдық мұрат, иллюзиялық модельдер жасаумен өзөзімізді жұбатудың методологиялық қисыны жоқ. Қазақ мақалмәтелдері аксиологиялық тұрғыдан толық қалыптасқан ұлттық идеологиялық базаны құрайды. Қазіргі қоғамда бұл концептілерді вербалды деңгейде түсіну мен мағынасын ашу үдерісі әлсірегендіктен, оны қалпына келтірудің жалғыз тетігі ретінде Абайдың Алланы, адамзатты, әділетті сүюді негіздейтін «үш сүю» философиялық концепциясын толық түсінуіміз және игеруіміз керек.

***

Абай мұрасындағы сопылық сарын мазмұндық және эволюциялық даму тұрғысынан үш деңгейлі құрылымнан тұрады. Оның алғашқы сатысы шәкірт кезіндегі Шығыс классикалық поэзиясына еліктеу үлгілеріндегі формалдық-стилистік ізденістермен сипатталса, екінші кезеңі 1890 жылдардан кейінгі экзистенциалдық-діни лирикадағы иланы ғашықтықты жырлау үрдісімен ерекшеленеді. Ал 1896 жылдардан кейінгі соңғы кезең «жүрек культін» алдыңғы орынға шығарып, Ясауи мектебі мен төл рухани құндылықтардың мазмұндық синтезін жасаған өлеңдері мен қара сөздерінен көрініс тапты. Ақынның соңғы кезеңдегі сопылық туындылары қазіргі қоғамның рухани-моральдық дағдарыстарын еңсеруде қолданбалы-прагматикалық мәнге ие.

***

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті хронологиялық шеңберінің тарлығына қарамастан, қоғамдық-атқарымдық сипаты жағынан барынша күрделі сипат алды. Ұлттық деңгейдегі идеяларды ту еткен авторлармен қатар, белгілі бір өңірлермен шектелген локальді әдеби мектептердің қалыптасуы әдебиеттану ғылымына «ел ақындары» терминін енгізу қажеттілігін туындатты. Бұл дәуірдегі әдеби-қоғамдық ой-сана бірнеше ірі ағымдарға жіктелді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Әбубәкір Кердері шығармашылығы дәстүрлі діни мазмұн мен ағартушылық идеялардың синтезінен тұрады. Ал сыртқы саяси-діни ықпалдардың нәтижесінде пайда болған қадымшылық пен жәдидшілік ағымдары көркем әдебиетте өзіндік із қалдырды. Накышбандия тариқатына негізделген деуге болатын қадымшыл бағыт өкілдері (Молда Мәди Меркішұлы, Молда Мұса Байзақұлы) схоластикалық оқу жүйесін қорғап, ол саладағы жаңашылдыққа қарсы тұрды. Сонымен бірге шариғатқа негізделген мемлекет құру мен материалдық байлықты құндылық дәрежесіне көтеруді насихаттады.

Мысырдағы «Салафия» қозғалысының ықпалымен қалыптасқан жәдидшілік бағыты болса, схоластикаға қарсы шығып, пән сабақтарын енгізуді және дінге модернистік тұрғыдан қарауды көздеді. Дегенмен, олардың ортақ түркілік тіл ретінде ортағасырлық шағатай тілін таңдауы бұл бағыттың да ескішілдіктен толық арыла алмағанын көрсетеді.

Діни догмалардан тыс, қоғамдық дамуды таза зайырлы контексте, еуропалық білім мен ғылым негізінде қарастырған батыстық-демократиялық ағым өкілдері қатарында Спандияр Көбеев, Сәбит Дөнентаев, Тайыр Жомартбаевтарды айтуға болады. Олармен қатар,

ислам құндылықтарын терең меңгергенімен, дінді саяси тұғырнамаға айналдырмай, шығыстық сюжеттер негізінде халықтың сауаттылығын көтеруді мақсат тұтқан «кітаби ақындар» (Ақыт қажы, Ақылбек Сабалұлы, Жүсіпбек Шайхысыламұлы) тобы қалыптасты.

Бұл ағымдардан Алашорда идеясын көтерген зиялылардың концептуалдық ұстанымы оқшау тұрады. Алаш өкілдері дін мен зайырлы ғылымды ұлт дамуының маңызды тетігі ретінде танығанымен, басты басымдықты тек білім, өнер үйренумен шектемей, дербес мемлекет құру мен ұлттық болмысты сақтап қалудың стратегиялық міндеттеріне бағыттады.



СӘМЕН ҚҰЛБАРАҚ

1956 жылы 15 тамызда Арал қаласында қызметкер отбасында дүниеге келген. 1963-1973 жылдары Арал қаласындағы №86, №220 орта мектептерде орта білім алып, 1973-1977 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының филология факультетін бітірген.

1977-1988 жылдары Арал ауданы Қарағерең орта мектебінде, Арал қаласындағы №177 орта мектепте, Арал ауданы Қосжар орталау мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

1988 жылы отбасы жағдайына байланысты Жамбыл қаласына қоныс аударып, 1988-1991 жылдары Завод аудандық оқу бөлімінде әдіскер, ЖЖФЗ «Фосфорщик» газетінде редактордың орынбасары, Жамбыл ауданы Жасөркен ауылындағы М. Әуезов атындағы орталау мектебінде мұғалім болды.

1991 жылдың қыркүйек айында Жамбыл педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына оқытушы қызметіне қабылданып, содан осы кезге дейін Жамбыл педагогика институтында, Тараз мемлекеттік университетінде, Қайнар университетінде, А. Ясауи атындағы ХҚТУ Тараз институтында, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан, проректор, кафедра профессоры, «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры жұмыстарын атқарды. 2003 жылы Жамбыл облысы Әкімдігі ішкі саясат департаменті директорының орынбасары қызметінде болды.

Қазіргі уақытта М.Х. Дулати университетінің «Дулатитану және өнір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығында бас ғылыми қызметкер, «Журналистика және филология» кафедрасының профессоры қызметтерін атқарады.

1994 жылы ҚР ҮҒА М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесінде филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Т. Ахтановтың драмтургиясы»

тақырыбында филология ғылымдарының докторы, профессор М. Атымовтың ғылыми жетекшілігімен кандидаттық, 2006 жылы Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінде филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін академик Р. Нұрғалидың ғылыми кеңесшілігімен «Т. Ахтановтың жазушылық шеберлігі (прозасы бойынша)» докторлық диссертациясын қорғады. 2011 жылдың мамыр айындағы ҚР БжҒМ Бақылау комитеті Президиумы шешімімен профессор ғылыми атағы берілді. 2 ғылым кандидатының диссертациялық жұмысының жетекшісі болды.

ҚР Жазушылар одағының мүшесі, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалінің, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», А. Байтұрсынұлы төсбелгілерінің, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Дулати» төсбелгісінің, Жамбыл облысының «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің, ҚР Президентінің Алғыс хатының (2019, 2026) иегері, Аймақтық Менеджмент Академиясының академигі.

Профессор С. Құлбарақтың авторлығымен шыққан кітаптар:

1. Құлбараков С. Тахауи Ахтанов шығармашылығы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ баспаханасы, 2004 ж. – 174 б.

2. Құлбарақ С. Тахауи Ахтановтың көркемдік әлемі: прозасы мен драматургиясы: Монография. – Алматы: Экономика, 2013. – 366 б. (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығының шешімімен)

3. Құлбарақ С. Ұлттық рух және поэзия. Зерттеу, ой-толғам. Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2016. – 112 б. («Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді)

4. Дулатитану белестері. Ғылыми жинақ. / Құраст. С.Құлбарақ. – Тараз: «Сенім» баспасы, 2018. – 320 б.

5. Құлбарақ С. Уақыт және әдебиет. Әдеби зерттеулер, ой-толғамдар. – Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2021. – 308 б.

6. Құлбарақ С. Әдеби бейне және оның жасалу жолдары. Көмекші оқу құралы. – Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2021. – 91 б.

7. Құлбарақ С. Т. Ахтановтың прозасы мен драматургиясы, Монография. Алматы, «Дарын» баспасы, 2023 – 362 б.

8. Құлбарақ С. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати: монография-эссе / Құлбарақ Сәмен. – Алматы: Дарын, 2024. – 265 б.

9. Құлбарақ С. Тараз толғамдары: әдеби талдаулар мен толғамдар. / Құлбарақ Сәмен. – Алматы, «KEMEL KITAP» баспасы, 2025. – 294 б.

10. Құлбарақ С. Байзақ батырдың ақырғы күндері: хикаят, аңыз желісі, әңгіме / Құлбарақ Сәмен. – Алматы: «KEMEL KITAP» баспасы, 2025. – 135 б.

11. Құлбарақ С. Суреткер: Әдеби ой-толғам / Сәмен Құлбарақ: - Алматы: «KEMEL KITAP» баспасы, 2025. – 214 б.

Ғалымның Web of Science, Scopus базасына кіретін журналдарда 3 мақаласы, ҚР БҒССҚК ұсынған журналдарда соңғы 5 жылда 10 мақаласы шыққан. Халықаралық, республикалық конференцияларда баяндамалар жасап келеді. 3 ғылыми жобаға орындаушы ретінде қатысқан.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Соғыстан кейінгі жылдар әдебиетін Тахауи Ахтановсыз көзге елестету мүмкін емес. Ол әдебиеттің барлық саласында шығармашылық ізденісін танытты. Өлең де жазды, әдеби сынмен, көркем аудармамен айналысты. Драматургияда қалам тартты. Ұлттық прозаны жаңа тынысты шығармаларымен өрістетті. Мәдениет, өнер тақырыбында мақала-эсселерін жазды.

Дегенмен, Т. Ахтановтың көркем прозасы оның басты шығармашылық келбеті болып саналады. Әдебиетке өз тұстарындай соғыс тақырыбын меншіктей келген ол «Қаһарлы күндер» романымен ұлттық прозаға жаңалық әкелді. Автордың өзі межелегендей, соғыс сұрапылын жалаң суреттеу емес, сол шайқастың бел ортасындағы қарапайым адамдардың жан дүниесін, қалыптасуы мен бекуін, характерін ашу көркемдік нысанасына айналды. Өктем идеологияның ықпалынан шама-шарқынша алыстап, шынайылыққа бетбұрыс жасады. Реалистік әдебиет дәстүрін психологизм арнасымен тереңдетті. Бұл көркем сапа жазушының әңгімелері мен повестерінде кеңінен көрініп, кейін «Боран», «Шырағың сөнбесін» романдарының стильдік ерекшелігіне айналды.

Құлбарақ С. Тахауи Ахтановтың прозасы мен драматургиясы: Монография / С.Құлбарақ. – Алматы: Дарын, 2023. – 351 б.; 5-б.

Қайраттың өлеңдері көлемі жағынан да, саны жағынан да көп емес. Көркемдік жағы да соншалықты дараланып, ерекшеленіп тұрған жоқ. Кейде осындай көркемдік шарттылықтардың бәрін кейін ысырып, бұрын-соңды айтылмаған тың мазмұнның, шырқыраған шындықтың алға шығатыны бар. Қайрат өлеңдері аз да болса осындай сипаттарымен ерекшеленеді. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезіндегі биліктің өктемшілдігін, кеңестік түрме көрінісін, кейбір тергеушілердің адамшылықтан жұрдай қатыгездігін, неше түрлі құйтыркы әрекеттерді жиренбей пайдаланатын аярлығын әшкерелеген алғашқы туындылардың қатарында Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков өлеңдері болды. Оның туындыларынан әділетсіздікке бас иігісі келмеген

Ұлттық рух жасыны жарқырап тұрды. Сондықтан да Қайраттың өлеңдері саны мен көлемі жағынан шағын болғанмен, уақыт шындығын тануда зерттелуі, айтылуы тиіс деп білеміз.

Құлбарақ С. Ұлттық рух және поэзия: Зерттеу, ой-толғам. / Сәмен Құлбарақ. Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2016. - 112 б.; 21-б.

Белсенділіктің, кейде тым әсіребелсенділіктің бел ортасында жігерлі жас Әбділда да жүрді.

1931 жылдың жазынан 1933 жылдың күзіне дейін Қарсақбайда болып, «Қызыл кеңші» деген газетті шығарып, қайнаған өмірдің тәжірибесінен өтеді. Әсіресе, әйгілі ғалым, биік парасат пен мәдениеттің иесі Қаныш Сәтбаевпен кездесіп, сырға толы талай әдемі күндерді бірге өткізуі жас ақынның жан дүниесіне айрықша әсер қалдырады. Бұл жөнінде кейін «Ағалар» деген поэмасының бірінші бөлімінде сағынышпен жырлайды.

Әйтсе де, мына шындықты мойындауымыз керек: табиғи дарыны мол, екпіні күшті, бірақ кеңестік тар шеңберден шыға алмаған, таза әдебиеттің не екенін, шынайы көркем шығарманың қандай болу керектігін әлі терең түсінбеген Әбділданың кеудесінде жаңа от маздатып, әлем әдебиетінің жауһарларына мойын бұрғызған, сана-сезіміне бетбұрыс жасаған 30-жылдары Мұхтар Әуезов болды.

Құлбарақ С. Уақыт және әдебиет. Әдеби зерттеулер, ой-толғамдар. – Алматы: ТОО Лантер Трейд, 2021. – 308 б.; 85-б.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің жазушылық дарыны «Тарих-и Рашиди» кітабынан жақсы танылады. Автор оқиғаны баяндауда тіл көркемдігіне айрықша көңіл аударып, түрлі эпитеттер мен теңеулерді, өзге де метафоралық қолданыстарды кеңінен пайдаланады. Жазушының баяндау формасының қазіргі прозалық шығармалардағы баяндау формасынан үлкен айырмашылығы бар. Жазу стилінен ортағасырлық шығарманың дәстүрлі үлгісі көрініс береді. Оқиғаны баяндауда кейіпкерлердің психологиялық жай-күйлері мен портреттерін, мезгілмекен орнын, табиғаи құбылысын суреттеуге көңіл аударады.

Құлбарақ С. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати: монографиялық эссе. / Құлбарақ Сәмен. – Алматы: Дарын, 2024. – 265 б.; 52-б.

Қасиетті Тараз аймағы – бұрыннан ақындық дәстүрі бай өнір. Қазақтың жыраулық өнеріндегі құбылыс, Жамбылдың өзі кезінде аса жоғары құрметтеп, батасын алған Майкөт Сандыбайұлының ақындық мұрасы қандай! Тау селіндей құйылған жырынан халықтың ауызша сөз өнерінің небір тамаша үлгісі мен көркемдігін, екпін-әуезін танисың. Ал оның жыршылық өнері өз алдына үлкен мектеп болған.

Сол Майекеңмен жалғасқан халық шығармашылығында дара орны бар Жамбыл мен Кененді, Қуандық пен Оракбайды, Сарбас пен Қылышыбайды, Мақан мен Әлменді, Бармақ пен Сауытбекті, Өзібек пен Қошанды, Үлбике мен Жаңылдықты, Қаракожа мен Төрекожаны, Кенжекожа мен Жақсыбай Жантөбетовті, Әлмен қыз бен Әлмейінді, Дәурен сал мен Аша елінің алты салын қоссаңыз, ұланғайыр ақындық дәстүр алдыңыздан шығады.

Құлбарақ С. Тараз толғамдары: әдеби талдаулар мен толғамдар: / Құлбарақ Сәмен. – Алматы, «KEMEL KITAP» баспасы, 2025. – 294 б.: 3-б.

XX ғасырдың 50-жылдары әдеби сынмен белсенді айналысуы, шын мәнінде, үйрену, толысу мектебі болды. Сын білім мен мінезді, сергектікті қажет етеді. Т. Ахтановтан бұл қасиеттер табылып жатты.

Жас қаламгердің сыншылдық өнерінің бастауында М. Әуезовтің шығармашылық тәжірибесі тұрды.

Құлбарақ С. Суреткер: Әдеби ой-толғам / Сәмен Құлбарақ: Алматы: , «KEMEL KITAP» баспасы, 2025. – 214 б.; 10

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ

АНЫҚТАМАЛЫҚ
1-КІТАП

ISBN 978-601-361-916-3

9 786013 619163

Басылуға 13.08.2026 қол қойылды
Пішіні 60x84/16.
Көлемі15,8.
Таралымы 500 экз.
Тапсырыс № 025792

ТОО "ЛАНТАР BOOKS"
Тел.: +7 702 251 02 17
e-mail: lantarbaspasy@gmail.com